- Understanding of the role and meaning of the use of the historical material in education on mathematics and realization of its functions;
- Availability of deep and solid knowledge on mathematics history;
- Possession of technology of arrangement of the educational process with the use of historical material;
- Ability to apply the existing knowledge in non-standard situations;
- Striving to achieve the remarkable results and qualities in pedagogical activity on the basis of the use of the historical material;
- Capacity for reflex on of the process and the results of pedagogical activity.

The historical mathematics competence assumes availability of knowledge and work experience with the historical mathematics material within the frames of the educational process, which allows to achieve the highest level in implementation of the individual activity on its basis.

Reference materials

1. *The state program of the development of education and science in the RoK2016 - 2019.*–Astana,-57page.
2. *A.K.Markova Psychology of professionalism.* – M., 1996.-308 page
3. *N.D.Khmel' Theoretical basis of the professional training for the teachers* – Almaty Gylym, 1998. – 319 page
4. *B.T.Kenzhebekov University студенттерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориясы мен практикасы (monography)*– Astana,2001.-275 б.
5. *G.Zh.Menlibekova Social competency, nature, structure and content // Kazakh High School - 2001.-№4-5 – pages 153-159.*
6. *S.I.Ferkho Formation of professional competency of the teachers on use of digital educational editions in the educational process: auto abstract ...candidate of pedagogic sciences-Almaty 2004. -24 page*
7. *M.V.Semenova Pedagogical conditions of formation of the professional competence of future teachers in high schools: thesis candidate of pedagogic sciences: 13.00.08. - Karaganda 2005-162 pages*
8. *Turgynbayeva B.A. Development of creative skills of teachers: theory and practice. - Almaty, 2005. - page174.*

ОҚУШЫЛАРДЫҢ БЕЛСЕНДІ ОҚЫЛЫМ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУЫНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Түйін. Бұл мақалада қазақ тілі пәнін оқылым бөлімі бойынша оқытудың маңыздылығы айтылып, оқылым бойынша қалыптастырылатын дағдалар сипатталады. Сонымен қатар, белсенді оқылым дағдыны қалыптастыруда белсенді әдістерді қандай мақсатта, қалай қолданылуы керек әдістемесі ұсынылады.

Түйінді сөздер: белсенді оқылым, дағды, түсіну үшін оқу, егжей-тегжей оқу, мәтін түрлері, белсенді әдістер

Summary. This article describes the importance of learning in the reading. Section of the Kazakh language and describes the skills that will develop at the reading process. At the same time, the methodology of using active methods in formulating active reading skills is presented.

Key words. active reading, skills, learning objectives, reading for understanding, of text, active methods.

Қазіргі кезде табысты болу үшін оқушыларға білім қандай қажет болса, дағды да сондай қажет деген ойдың жақтастары көбейіп келеді. Бұл оқушылардың ақпаратты есте сақтап, алған білімдерін ұғынуын, түсінуін және әртүрлі салада қолдана білуін талап етеді. Білімді дәл осылай қолдану оқушыларға «XXI ғасыр дағдысы» деп жиі айтылып жүрген кең ауқымды құзыреттілікті меңгеруге мүмкіндік береді. Осы арада, XXI ғасыр дағдысы дегеніміз не? деген сауал туындайды. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы әзірлеген ұзырреттерді анықтау және іріктеу жобасының шеңберінде жасалған құрылым негізінде, құзырет «жай ғана білім мен дағдыдан анағұрлым күрделі. Ол белгілі бір жағдайларда психологиялық ресурстарды оның ішінде дағдылар мен өмірлік ұстанымдарын жұмылдыра және соған сүйене отырып, күрделі міндеттерді шеше білу қабілетін қамтиды [1.8-бет].

Жаңартылған оқу бағдарламаларында оқушылардың бойында қалыптастыру көзделетін шығармашылық және сын тұрғыдан ойлау, қарым-қатынас жасау қабілеті, өзгелердің мәдениетіне және көзқарастарына құрметпен қарау, жауапкершілік, денсаулық, достық және айналадағыларға қамқорлық көрсету, сын тұрғысынан ойлау, білімді шығармашылық тұрғысынан қабылдау қабілеті, мәселелерді шешу қабілеті, ғылыми -зерттеу дағдылары, өарым-қатынас дағдылары, жеке және топпен жұмыс жасай алу қабілеті, АКТ саласындағы дағдылар сынды құндылықтар анықталды.

Жаңартылған білім беру мазмұнындағы бағдарлама бойынша «Қазақ тілі» пәнін функционалдық-коммуникативтік тұрғыдан оқытуға назар аударылып, төрт дағдыға негізделген. Қазақ тілінде тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым коммуникативтік дағдыларын жағдаятқа сай дұрыс қолдана білуді дамытады.

Коммуникативтік тәсіл екі немесе одан көп адамдардың сөйлесу арқылы қарым- қатынас жасау үдерісінде ақпарат беру және хабарлау, білім, білік және дағдылармен алмасуы болып табылады. Коммуникативтік тәсілдің нәтижесі тіл арқылы қарым-қатынас жасауға қабілеттілік, яғни тілдік және сөйлеу нормаларын дұрыс пайдаланып, қарым-қатынас жағдайына сай тиімді қатынас тәртібін таңдай отырып, түрлі жағдайларда қарым-қатынас әрекетінің басқа қатысушыларымен ой бөлісу және пікір алмасуға қабілеттілік болып табылады. Коммуникативтік тәсілге сәйкес ұйымдастырылған оқу үдерісі қарым-қатынас дағдыларын және шынайы қарым-қатынас жағдайларына сәйкес жұптық, топтық жұмыстар жұмыс тәртібін қалыптастыруға ықпал ететін тапсырмаларды қамтуы тиіс [1.8-бет].

Осы орайда, Қазіргі оқу – білім алушының өз біліміне деген жауапкершілігіне негізделгенін баса айту маңызды. Белсенді оқу – оқушының мұғалімді енжар тыңдап қана қоймай, белсенді жұмысқа тартылуын көздейтін оқыту және оқу әдістерінің бірі болып табылады. Бұл тәсілдер оқу үдерісі жаттығудың алдында емес, оны орындау барысында жүзеге асырылатын құбылыс.

Бұл өзара әрекеттестіктің ерекшелігі мыналардан тұрады:

- білім субъектілерінің бір мағыналық кеңістікке келуі;
- күрделі мәселелер өрісінде шешілетін тапсырмаларды бірігіп көтеру, яғни бірыңғай шығармашылық кеңістікке қосылу;
- тапсырмаларды шешуді жүзеге асыратын әдістер мен құралдарды таңдауда келісушілік;
- жақын эмоциялық жағдайларда жағымды күйге бірге түсуі, тапсырмаларды қабылдау мен жүзеге асыруда бойда болатын үндес сезімдерді бастан кешуі.

Белсе білім беруде оқу үдерісінде барлық оқушы таным үрдісіне тартылатындай болып ұйымдастырылуы тиіс, олардың осыған байланысты не біледі, нені ойлайды түсінуге және түзетуге мүмкіндігі болуы тиіс. Таным үдерісінде оқушылардың біріккен іс-әрекеті, әркім өзінің жеке-дара үлесін қосатын, оқу материалдарын меңгеруді білдіреді, білімдерін, идеяларын, іс-әрекет тәсілдерін алмасу жүргізіледі. Яғни мейірімділік пен өзара бір-біріне қолдау көрсету аясында болады, ол тек қана жаңа білім алуға мүмкіндік беріп қоймайды, таным әрекетінің өзін де дамытады. Осы орайда, Қытайдың мына бір нақыл сөзі еріксіз ойға оралады: «Маған айтсаң – мен ұмытып қаламын; маған көрсетсең – менің есімде қалуы мүмкін; өзіме жасат – мен үйренемін».

Ал оқылымның өзі белсенді және бейтарап оқылып болып екі бөлінеді.

Бейтарап оқылым – оқушылар мәтінге сыни талдау жасауды мақсат етпей, өзінің қызығушылығын қанағаттандыру үшін оқу. Мұғалім оқушыларды өз қызығушылығын қанағаттандыру үшін бейтарап оқылымды қолдануға түрткі бола білгені дұрыс, алайда сыныпта басты назарда белсенді оқылым тұруы қажет. Белсенді оқылым – тілді оқытудың негізгі элементтерінің бірі. Мұндай оқылым барысында оқушы өзінің сыни талдау дағдыларын дамыту мен жетілдіру үшін мәтінмен жұмыс істеудің әртүрлі кезеңдерінде бірқатар әдіс-тәсілдерді қолданады. Белсенді оқылымды олар мәтінді игеру үшін, оқығанын терең түсіну үшін және сыни талдау дағдыларын жетілдіру үшін пайдалана алады. Тиімдісі мұғалім оқушылардың белсенді оқылымын дамытуға көңіл аударуы тиіс.

Оқылым әдіс-тәсілдері үш кезеңді қамтиды:

Оқылым алдындағы кезеңде – оқушылар мәтін мазмұнын терең ұғу үшін, сонымен қатар, оқылымды барынша тиімді қолдануға көмектесу үшін суреттерді, тақырып атауларын және басқа да элементтерді қалай пайдалану керектігін үйренеді. Бұл әдетте оқылым кезінде қолдау көрсетуді қажет ететін жас оқырмандар үшін оларға еске салғыш ретінде немесе оқылым дағдыларын дамытуға арналған жаттығуларды қолдануға көмектесу үшін анағұрлым маңызды. Өйткені оқушылардың дағдылары нығайып, олар бұл әдіс-тәсілдерді өз бетінше орындай бастаған сайын қолдау көрсету азайтылуы тиіс.

Оқылым барысында – оқушылар маңызды ақпаратты қажет емес бөліктерінен қалай ажырату керектігін, соның ішінде оқу жылдамдығын қалай арттырып, бейтаныс сөздердің мәнін қалай ажырату керектігін үйренеді.

Оқылымнан кейінгі кезеңде – оқушылардан қайталап оқуды, белгілі бір ақпаратты табуы және қорытындылауды сұрауға болады [1.28-бет]. Бұл олардың оқыған мәтінін шолуға, ой елегінен өткізуге және өз ойларын тұжырымдауға мүмкіндік береді. Бұны бір-бірінен тәуелсіз түрде, шағын топтарда немесе тұтас сыныппен істеуге болады.

Оқылым бөлімінің ішкі дағдылары төмендегідей болып келеді.

Мазмұнын түсіну үшін оқу немесе көз жүгіртіп оқу – мәтіндегі жалпы идеяны түсіну үшін тез оқып шығу.

Нақты ақпараттарды табу үшін оқу – мәтін ішіндегі ақпараттарды тауып алу үшін оқу, яғни ол үшін тұтас мәтінді түсініп оқу, мазмұнын білу маңызды емес. Мысалы, мәтіннен қажет пайыздық көрсеткіштерді, жылдарды немесе қажетті сөздерді тауып алу.

Егжей-тегжей түрде оқу – әрбір сөздің мағынасын түсіну үшін мәтінді сөзбе-сөз оқу. Мысалы, келісімшарттағы талаптарды немесе нұсқауларды түсіну үшін сөзбе-сөз оқимыз.

Сөз мағынасын контексттен ажырату – мәтін ішіндегі таныс емес сөздің мағынасын болжау үшін, оның айналасындағы сөздер мен сөйлемге назар аудару.

Мәтін құрылымын түсіну – Мәтін құрылымының ұйымдастырылуын түсіну. Мысалы, кіріспе бөлім, негізгі бөлім, қорытынды бөлім.

Болжай білу – оқылым тапсырмасы алдында қолданылатын тәсіл. Оқушылар мәтінді оқымас бұрын оның мазмұны мен көтеретін мәселесі жөнінде ойланып, талқылап көреді. Ол үшін олар мәтін тақырыбына, оған берілген суретке қарап болжай отырып, сол тақырыпта өз білімдерін қолданады. Бұл тәсіл мәтінді оңай түсінуге көмектеседі.

Мәтін түрлерін ажырата білу – әр мәтіннің өзіне тән ерекшелігін, ұйымдастырылуын, стилін ажырата білу. Мәтін түрлері: хат, мақала, жарнама, әңгімелер, поэма, құттықтау қағазы, ақпараттық брошюра, үнпарақ (листовка), хабарландыру, т.б.

Экстенсивті оқылым – үлкен көлемді мақала немесе шығармаларды (роман, әңгіме) оқу

Интенсивті оқылым – мәтіндегі сөйлемдердің грамматикалық құрылымын, белгілі бір тақырыпқа арналған сөздерді талқылау үшін оқу. Мұндағы мақсат оқушылардың тілді дұрыс қолдана білудегі білімін арттыру.

Осы дағдыларды қалыптастыруда қолданылатын белсенді оқылым тәсілдерін тізіп көрейін.

«Бастапқы танысу» әдісі - құрылымы мен мазмұнын түсіну үшін тақырыбын, тараушаларын, фотосуреттер берілген жазбаларды және т.б. зерделеуді көздейді.

Мысалы: мәтінді оқырдың алдында оқушыларға тақырыбын беріңіздер де, олардан ассоциация жүргізуді сұраңыз, яғни тақырыпты оқыған кезде олардың ойына не келгенін айтады. Оқушылар өздерінің ассоциацияларының негізінде мәтін не туралы болады деп ойлайтынын талқыға салады.

«Болжау» әдісі мазмұны қандай болатынын және қандай сөздік қор қолданылатынын болжау үшін тақырып, автор туралы бұған дейінгі білімдері пайдаланылады.

Мысалы: оқушылар мәтіннің бір бөлігін оқып болғаннан кейін, олардың ойларынша әрі қарай не болатынын болжайды. Оқушылар оқылған мәтінде келтірілген, өз болжамдарына негіз болған ойларға сүйене отырып, өз болжамдарын дәлелдеулері тиіс.

«Танысу үшін оқу және сканерлеу» әдісі – бұл тәсіл мәтіннің негізгі идеясын, стилі мен құрылымын анықтау үшін, мәтінді тез көз жүгіртіп оқып шығуды көздейді. Бұл тәсілді болжамдарды дәлелдеу үшін пайдалануға болады.

Мысалы: мәтінді оқырдың алдында оқушылар өздерінің қандай негізгі ақпарат іздейтіндерін анықтап алулары керек. Олар қандай тірек сөздердің мәтіндегі сол ақпаратты меңзейтініне назар аударуы тиіс. Оқушылар тірек сөздерді іздей отырып, мәтінді жылдам оқып шығады. Оларды тапқан жағдайда, өздерінің іздегені осы ақпарат па екенін тексеру үшін оқушылар тиісті бөлімді оқып шығады.

«Мәнмәтінге қарап болжам жасау» әдісі оқушылардың таныс емес сөздердің мағынасын анықтау үшін мәтіндегі ишаралар мен бұған дейінгі білімдерін пайдалануын көздейді.

Мысалы: осы тәсілді тексеру үшін мұғалім оқушыларға ойдан шығарылған сөзі бар сөйлем ұсынады, мысалы, «Гелаклаф» сынып қалғандықтан маған жолдың қалған бөлігін жаяу жүріп өтуге тура келді». Оқушылар қалған сөздерге қарап, бұл сөздің не мағына беруі мүмкін екенін анықтауға тырысады. Бұл жағдайда сөйлеп тұрған адам бұның алдында жаяу болмай, бірдені мініп келе жатқандықтан, олар мұны көліктің бір түрі деп ұйғаруы мүмкін, сондықтан бастапқыда «велосипед», «автобус» немесе «автомобиль» деген болжамдар ұсынылуы мүмкін. Барынша нақты болжам жасау үшін оқушылар мәтіндегі қосымша ақпаратқа назар аударуы тиіс.

«Басқа сөздермен айту» әдісі белгілі бір ойды бірдей уақыт өткен сайын басқа сөздермен айтуды білдіреді.

Мысалы: оқушылар өздері жаңа ғана үйренген нәрсені қорытады. Жаттығуды күрделі және қызықты етіп өткізу мақсатында оны бейімдеуге болады, мысалы, өзінің үйренгендерін екі сөйлеммен болмаса он немесе одан да аз сөзбен қорытындылау [2.104-бет].

Мұғалімдер қандай да бір тапсырманы әзірлер алдында оның мақсаты мен одан күтілетін нәтижені ескеруі тиіс, мысалы, «Сіз кітап оқу дағдыларыңды дамытасыз ба, әлде оларды тестілейсіз бе?», «Сіз қабылдау қабілетіңді немесе даму әдіс-тәсілдеріңді меңгертесіз бе?» Бұл оқушылардың дағдыларыңды дамытуға көмектесетін тиісті жаттығуға негіз болмақ.

Оқуға арналған мәтінді таңдау барысында мұғалімдер төмендегілерді ескере отырып, өздерінің оқушыларға лайықты материалдарды таңдап отырғанына сенімді болулары тиіс:

- Мазмұны: Ойлап көріңіз, зерделенетін нысан оқушылардың жасы мен тәжірибесіне сай келе ме.

- Сөздік қорды байыту: Ойлаңыз, тиісті күрделілік деңгейімен қамтамасыз еткен жағдайда, шығарма тілі сіздің оқушыларыңызға түсінікті ме. Олардың бұрыннан білетін сөздеріне қосымша бірнеше жаңа сөз ұсынатын мәтін барлық оқушылардың сөздік қорын байытатын болады.

- Ұйымдастыру: Хронологиялық мәтіндер оқушылардың ілесуіне жеңіл. Логикалық жағынан дұрыс құрылмаған мәтіннің мазмұны дұрыс

қабылданбайды, сол себепті де егер оқушылар мәтіннің мазмұнымен және онда қолданылатын сөздермен таныс болмаған жағдайда, оларға лайықсыз болуы мүмкін.

- Визуалды көмек: Суреттер мен диаграммалар бейтаныс сөздерді түсінуге көмектесетін визуалды мәнмәтін бола алады.

- Өзектілігі: Жасы кіші оқушыларға өзекті тақырыпта жазылған қысқа мәтіндерді өңдеу оңай болуы мүмкін, ал жасы үлкен оқушыларға қажет емес материал қамтылған ұзын мәтіндер пайдалы болуы мүмкін. Бұл оқушыларға өзекті және өзекті емес ақпаратты ажырату үшін өзінің оқылым дағдысын дамытуға арналған әдіс-тәсілдерді қалыптастыруға мүмкіндік береді [2.112-бет].

Нақты айтқанда, оқылымға арналаған сабақ құрылымы төмендегідей көрініс табуы тиіс.

Оқылым алдындағы тапсырма: мәтін тақырыбын ашуға бағытталған тапсырмалар, сөздердің мәнін ашу, мәтін мазмұнын болжауға байланысты сұрақтар қою.

Оқылым тапсырмасы: әртүрлі оқылым дағдыларын дамытуға арналған тапсырмалар (сұрақтар). Алғашқы тапсырмалар жалпы мазмұнын түсінуге бағытталса, кейінгі тапсырмалар нақты ақпаратты табуға арналады. .

Оқылымнан кейінгі тапсырма: мәтінде көтерілген мәселеге, ақпараттарға байланысты талқылау сұрақтары. Мұндағы сұрақтар олар үйренген жаңа сөздерді, мәтінде кездестірген сөздерді қолдана отырып, жауап бере алатындай ұйымдастырылуы қажет. Сонымен қатар, сұрақтар оқушылардың өмірлік тәжірибесімен де байланысып, өз көзқарастарын білдіруге мүмкіндік бере алатындай құрылуы керек.

Қолданылған әдебиеттер:

1. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, МАН, Астана, 2017, 60 бет.

2. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, Үлестірмелі материалдар, 2017 жыл, 294 бет

ОСМАН ИМПЕРИЯСЫ МЕН ТҮРКІСТАН ӨЛКЕСІНІҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕЛЕРІНДЕГІ САБАҚТАСТЫҚ

Түйін. Аталмыш мақалада XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы Осман империясы мен Түркістан өлкесі территориясындағы білім беру салаларының даму тарихы және сол жерлерде мекендеген түркі халықтарындағы оқыту жүйелерінің өзара сабақтастығы баяндалады. Сонымен қатар, Түркістан өлкесіндегі медреселердің пайда болуы мен онда оқытылатын пәндердің мазмұны діни және ғылыми пәндер бойынша жүйеленеді және оның сонау Осман империясы білім жүйесімен сабақтастығы қатар сипатталып салыстырылады. Сол арқылы қазақ халқының Ресейге бодан болғанға дейінгі сауаттылық жағдайына деген көзқарастардың шындыққа жанаса бермейтін тұстары ашып көрсетіледі. Білім мазмұны мен оның тұлға дамуына ықпалы білім беру жүйесінің саяси бағытын айқындайтын көрінісі ретінде сипатталады.

Кілт сөздер: білім беру жүйесі, сабақтастық, Осман империясы, Түркістан өлкесі, білім мазмұны.

Резюме. В данной статье излагается история развития образовательных систем во второй половине XIX века и начале XX века на территориях Османской империи и Туркестанского края, а также взаимосвязь образовательных систем тюркских народов, населявшие эти края. Был проведен сравнительный анализ содержания образования и функции медрес, описывается влияние этого на формирование личности казахской интеллигенции.

Summary. This article deals with the history of educational systems in the half of XIXth century and beginning of XXth century on the territories of Osman Empire and Turkestan lands, and mutual succession of educational systems of Turkic people, inhabited these lands. The comparative analysis of education content and madrasah functions is held, its impact on personality formation of Kazakh intelligentsia is described.

Кіріспе. Бүгінгі таңда Орта Азия территориясында мекендеген түркі халықтарының өз егемендігін алып, тәуелсіз мемлекет ретінде дүниежүзілік қоғамдастыққа таныла бастауы тарих ғылымында күрделі де жауапты бетбұрыс жасауға мүмкіндік берді. Жаңа азаматтық қоғамның дүниеге келуі түркі халықтары тарихының жаңа мазмұн, соны сипат алуына кең жол ашып, мол мүмкіндіктер беріп отыр. Оның бір көрінісі ұзақ уақыт бойы бұрмаланып, бір жақты қаралып, ақиқаты айтылмаған тарихи құбылыстарды қайта ой елегінен өткізіп, шынайы бағасын беруге деген талпыныс жасалды. Қазіргі таңда, ұлттық сананың қайта жаңғырған тұсында туысқан халықтардың тарихын, әсіресе олардың мәдени-рухани өмірі беттерін объективті тұрғыдан зерттеудің қажеттігі арта түсуде.

Демократиялық бетбұрыс тарих ғылымы алдына көптеген мәселелер қойып отыр. Әсіресе рухани салада, оқу-ағарту ісінде түйінді әрі күрделі проблемалардың шешу жолдарын табуға талпыныстар жасалынып, оның түпкі себептері тарих қойнауында екендігіне назар аударылуда. Ал мұндай жағдай тарихшыларға үлкен жауапкершілік жүгін артатыны белгілі.

Халыққа білім беру саласының даму жолдары Түркі мемлекеттерінде осы уақытқа дейін біршама зерттелінген тақырыптардың бірі деуге болады. Алайда зерттеу үрдісінде әрдайым шыншылдық, ғылымилық, объективтілік принциптері қатаң сақталды деп айту қиын. Себебі, кезінде Түркістан өлкесі құрамында болған Орта Азия республикалары тарихы ондаған жылдар бойы жалпыодақтық тарих ғылымының құрамдас бөлігі деп табылып, соның даму арнасымен кете барған болатын. Бұл жағдай өзге де орыс емес ұлттар тарихы секілді түркі халқы тарихын екінші дәрежелі сипатта деп ұғуға, барлық прогрессивті оқиғалар мен құбылыстар тек орыс халқы арқасында болды деп түсінуге алып келгені белгілі. Бұқара санасына күштеп сіңірілген мұндай тар таптық, партиялық принциптерге құрылған, шамадан тыс идеологияландырылған тарих түркі халықтарының оқу ағарту ісін зерттеуге өз көлеңкесін түсірмей қойған жоқ.

"Өз бетінше дамуға мүмкіндігі жоқ деп танылған халықтар" қатарында Түркістандағы түркі халықтарының кете баруына олардың бірқатарларында (қазақтарда, қырғыздарда, түркімен және қарақалпақтарда) дәстүрлі көшпелі шаруашылық типі тілге тиек етіп алынып, 1917 жылы Қазан революциясына дейін 2% ғана сауаты бар бұратана елдің ұрпағы болып шыға келді. Көшпелі жұрттың әлемдік өркениетте алар орнын әрқашан жоққа шығарған және солай қарауға мәжбүр еткен кеңестік тарихнама түркі халықтарының сауаттылығы, олардың оқу үрдісі жайлы шынайы тарихты жазуға құлықсыз болды. Сөйтіп, ерте дәуірлерді былай қойғанда XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр басындағы өлкедегі оқу ағарту саласы тарихының "ақтандақ" беттері калындай түсті.

Кеңестік тарихнамада орыс білім беру жүйесі ғана прогрессивті деп және ол империяның шеткері аймақтарындағы жергілікті халықтардың "көзін ашқан" бірден-бір бұлақ болып қарастырылды. Ал орыс оқу жүйесінің өз кезегінде патша үкіметінің орыстандыру, шоқындыру ісінің негізгі буыны да болғаны ұмыт қалдырылды. Түркістандағы түркі халықтарының өзіндік ұлттық ерекшелігі мүлдем ескерілмеді. Өз кезегінде мұсылман оқу-орындарынан білім алғандарды сауатты да зиялы азаматтар қатарында да санамады, немесе оларды орысша білім алғандардан төмен қойып, ескі өмірді аңсаушылар қатарына еріксіз қосып көрсетті. Халыққа қажеті шамалы болса, онда неге мұсылман оқу орындары патша өкіметі қыспағына шыдас беріп, өміршендігін танытты деген сауалға жауап берілмеді. Сондай-ақ, туысқан Осман империясындағы түрік халықтарында осы тұста орын алған прогрессивті оқиғалардың Түркістан өлкесіндегі халықтар тағдырына ықпалы, бауырлас елдердің өзара түрлі салаларда, әсіресе халыққа білім беруде, ағартудағы өзара сабақтастығы мәселелері де тарих ғылымының қарауынан тыс қалды. Міне, осындай келелі мәселелерді шешу бүгінгі күннің еншісінде.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасыр басындағы түркі халықтарының негізгі дені өмір сүрген Түркістан өлкесі мен Осман мемлекетіндегі халық-ағарту саласының даму ерекшеліктерін аймақтық материалдар негізінде ашып көрсету сол тарихи кезеңдегі түркі халықтарының мәдени-әлеуметтік өмірі мен рухани даму үрдісін, ағарту жүйесіндегі прогрессивті әдіс-тәсілдерді терең ұғынуға кең жол ашады. Сондықтан да, біз алға қойған мәселені Осман мемлекеті және Түркістан өлкесі материалдары негізінде зерттеуді басты нысанға алдық.

Негізгі бөлім.

XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың басында түркі халықтары арасында жәдитшілдік қозғалыс барысы жандана түсті. Бастапқыда Қырым, Еділ бойы татарларының арасында қалыптасқан бұл қозғалыс кейіннен Орта Азиядағы барлық түркі халықтары арасында жалғасын тапты. Жәдитшілдіктің ірі өкілдері И.Гаспралы, Ш.Маржани, А.Ибрагимов, М.Абдурашидханов, М.Бехбуди, Ф.Ходжаев, т.б. қоғамдық өмірдегі рухани тоқыраушылықты сынға алды және өздерінің ағартушылық бағыттағы күрес барысын патша өкіметінің отарлық саясатына қарсы бағыттады. Жәдиттік қозғалыстың жандануы «жаңа әдісті» мұсылмандық медресе, мектептердің көптеп ашылуына алып келді.

XIX ғасырдың ортасында Қазақстан территориясында мұсылман мектептері мен медреселері ашыла бастады. 1870 ж. 16 наурыздағы ережеге сәйкес мұсылман оқу орындарына қатаң бақылау орнатылып, Н.И.Ильминскийдің жүйесі енгізілді. Бұл ереже бойынша мұсылмандық оқу орындарында орыс тілін оқыту міндетті болды және мектеп пен медреселерді ашуға орыс тілді мұғалімдер болған жағдайда ғана рұқсат берілді. Ашылған оқу орындарында балаларын оқытқысы келгендер оқу бөлімінен арнайы рұқсат куәліктерін алуға тиісті болды [1].

1877 жылы Халық-ағарту Министрлігі қазақ, башқұрт және татар мектептеріне тағайындалған инспекторларға қатысты жобаны бекітіп, онда оларға барлық дала өлкесіндегі мұсылман мектеп-медреселерін бақылау жүктелінді. Инспекторлар өзінің қарамағындағы әр мектеп-медреселердің оқу үрдісі жөнінде министрлікке мәлімдеме жазып, есеп беріп отыруға міндетті болды.

Патша үкіметінің қатаң бақылауына қарамастан қазақ даласында мұсылмандық білім беру жүйесі бойынша білім алып жатқандардың қатары жылдан-жылға көбейді. Мәселен, 1886 жылы Жетісу облыстық әскери-губернаторына келіп түскен толық емес материалдарға қарағанда облыста 7909 бала (6157 ұл, 1752 қыз) мұсылманша білім алған. Бұл балаларға 361 молда қызмет еткен [2, 160 б.].

Ауылды жерлердегі мектептер көшіп жүргендіктен сабақ жаз айларында киізүйлерде, ал қыста жер үйлерде оқытылған. Оқу мерзімі 5-8 жылға созылып, 8 бен 17 жас аралығындағы балалар дәріс алған. Бұл оқу орындарындағы басты пән құранды жатқа үйрету болғандықтан «Иманшарт», «Шариғатулиман» сияқты діни кітаптар оқытылды. Сонымен қатар көрсетілген мерзім аралығын дашәкірттер жазуды, оқуды, есеп шығаруды меңгеруге тиісті болды.

«Жаңа әдісті» жақтаушылар жаңа оқу бағдарламасына география, тарих, есеп, жаратылыстану, орыс тілі сияқты пәндерді енгізуді қажет деп тапты. Жалпы, жәдитшілер «еуропалық оқу жүйесін» оқытуды қалады. Бұл «еуропалық оқу жүйесінің» жобасын XIX ғасырдың соңында Санкт-Петербург университетінің Шығыстану факультетінің оқытушысы Хұсайын Файызханов ұсынған болатын. Ол жобасында татарлардың арасында бұл оқу жүйесіне қарсылық туындамас үшін шариат сабағы мен араб тілін де оқытуды қалдыру мәселесін қойды. Х.Файызхановтың жобасы бойынша медресе 10 сыныпты, бастапқы үш сыныбында барлық оқушылар түрік, парсы, араб, орыс тілдері мен қатар география, геометрия, каллиграфия мен оқу мәнері сабақтарын өтуге тиіс болды. Одан әрі бұл сыныптар екі топқа бөлініп, оның біріншісінде діни сабақтармен қоса әдебиет, дүниетаным, математика, астрономия, және медицинаны оқып, меңгерген дін қызметкерлерін, ал екінші топта

арнайы университетте оқуын жалғастыруды көздейтіндерді даярлау көзделінді. Сонымен қатар медресе қазына және жеке азаматтардың есептерінен қаржыландырылады деп көрсетілді [3, 199 б.].

Басқаруы жағынан Түркістан өлкесі құрамына кіргізілген қазақ облыстарында (Жетісу, Сырдария) халыққа білім беру екі бағытта дамыды: діни және зайырлы. Діни бағыттағы білімді ата-аналар қаржысымен жұмыс істейтін мектептер мен медреселер берді. Оларда оқыту араб әліппесімен жүргізілді. Мұсылман мектептері оқу орындарының бастапқы сатысы болып есептелді. Бастауыш мектептен білім алған балалар оқуларын медреселерде жалғастыра алды.

Ең бірінші кәсіби оқу мекемелері Түркістандық мұғалімдер семинариясы (1879 ж.), және Орынборлық қазақ мұғалімдер мектебі (1883 ж.) болды. Соңынан мұғалімдік семинариялар Ақтөбеде, Верныйда, Семейде, Оралда ашылды. Бұл оқу мекемелері қазан төңкерісіне дейін 300 қазақ мұғалімдерді дайындап шықты [4].

Қазақ зиялылары білім жүйесін дамытуда тек ішкі саяси құбылыстарды ғана емес, туысқан елдер тәжірибесін де ескеріп, ұтымды әдістерін біртіндеп ендіріп отырған. Сондықтан, туысқан түркі елдердің білім беру жүйелерінде өзара сабақтастық байқалады. Атап айтқанда, Осман империясында медреселер жалпы білім беру орны болғандықтан бұл жерге сыбян мектептерін бітіргендер мен Дарүл Хуффаждарда немесе жеке кісілердің үйлерінде арнайы білім алған, оқу-жазу білетін жасөспірімдер алынатын. Әйтсе де, қазақ даласындағыдай мұндай оқу орындарына қыздар қабылданбайтын еді. Сондай-ақ оқу-жазуды білмейтін ер балдар да медресеге алынбайтын. Оқушылар медреседе тұратын, сол жерде тамақтанатын болған. Сонымен қатар оларға стипендия берілген. Бұл істердің барлығы тегін орындалған.

Фатих Султан Мехмет дәуіріне дейін медреселерде сабақтардың қандай реттілікпен берілгені, бұл сабақтарда сынып немесе орта жүйесінің болып болмауы туралы нақты мәліметтер жоқ. Фатих Стамбул қаласын алған соң ол жерде Сахн-ы Семан медресесін құрғызған[5]. Бұл медреседе ислами ілімдерден басқа мүспет ілімдер де үйретілген. Осы тұста сабақтастық жақсы көрінеді. Фатих дәуірінде даярланған деп болжанған Канун-и талебе-и улум деп аталған жазбаша нұсқауда оқытушылардың дәрежесіне қарай оқытатын пәндеріне байланысты төмендегі нұсқаулар жазылған:

Ең төменгі дәрежеде болған мұғалімдер; шерх-и метали, шерх-и тавали, мутаввел, хаши-и тежрид, бір саты жоғары дәрежедегі мұғалімдер; мифтах, тағы бір саты жоғары дәрежедегі мұғалімдер; телвих, ең жоғары дәрежедегі мұғалімдер болса шерх-и адуд, кешшаф, кады, бейдави, және өздері таңдаған кітаптарын оқытады[6]. Басқаша айтқанда Фатих медреселерінде оқытылатын сабақтарды төмендегідей топтастыруға болады:

а- Діни білімдер: Илм-и Куран, Илм-и Хадис, Илм-и фыких, Акаид және тефсир сабақтары.

в- Жаратылыстану пәндері: Келам, Логика, Белагат, Лугат, Хахив, Геометрия, Математика, Басқарушылық, Илм-и Хикмет, Тарих және География[7].

Кануни Султан Сулейман Стамбул қаласында Мимар Синанға Сулеймание Мешіті мен күллиесін салдырды. Сулеймание медреселері деп аталатын бұл медреселерде ақыл ойға және іс қимылға негізделген пәндермен қатар мүспет ілімдері де үйретілуде еді. Кануни әскерлеріне қажет болған дәрігер, хирург және инженердерді даярлау үшін медицина медресесі және Дару-ш шифа, Риязят арнайы төрт медресе, сондай ақ Хадис бойынша жоғары білімден кейінгі (магистратура) деңгейінде оқытатын мамандандыру медресесі құрылды. Осылайша, мүспет ілімдердің оқытылуы Фатих медреселерінде оқытылып жатқан басқа пәндермен қатар оқытылып Сулеймание медреселерімен шоғырландырылған және ХҮІ ғасырға дейін өз маңыздылығын жоғалтпаған. Мысалы, Фатих дәуірінде қабылданған жоспарға сай Иптида-и Хариж медреселерінде керек болған жағдайда әліппиден бастап, оқу- жазуды үйреткеннен кейін Илмихал, Куран, Жазу, Төрт негізгі процесс оқытылатын болған. Содан кейін өздерінде және басқа да медреселерде «мукаддема-ты улум» деп аталатын Сарф (грамматика), Нахив (Ситаксис), Уағыз, Истикак-и Тесис ве Шерхи (геометрия), Есеп, Дебат, Логика секілді сабақтар; Сахн-и Семан медресесінде болса Келам, Фераиз, Ислам құқығы, Усул-и фыких, Тефсир, Әдебиет ... сияқты сабақтар; Сулеймание медреселерінде Медицина, Табиғат, Риязят, Хейет... сияқты сабақтар оқытылатын еді. Бұл сабақтар, әр қайсысы үшін негізге алынған бір немесе бір неше кітаптан түсіндіружолымен жүргізілетін. Сабақтар осы кітаптардың атымен аталатын болған. Бұл кітаптардың түрік тілінде немесе араб тілінде түсіндірмесі бар еді. Сабақтардың қарапайым білімдерді төменгі сатыда, күнделі білімдерді жоғарғы сатыда оқытылған.

Бұл кезеңдерде мамандар даярлау мектептері қазақстанда да жолға қойылған болатын. Ы.Алтынсариннің ұйымдастыруымен елімізде көптеген мұғалімдер семинариялары мен қыздар үшін құрылған оқу орындары жұмыс істеді. Қыздарға арналған мектептерді бітіргеннен кейін олар сауатты қыздар деген статуска ие болды. Олар аталмыш мектептерде құран мазмұнын зерделеумен қатар, отбасы тәрбиесінде қажет болатын мінез-құлық ережелері мен әдеп талаптарын оқып үйренді.

Сонымен қатар, мектептен тыс мектептен кейінгі медреселер де қызмет етті. Олардың қызметі мектептен кейінгі сатыда білім беру арқылы мемлекеттік қызметтер үшін басшылар мен мәдениет қайтаркерлерін, мұсылмандық заң-шариғат білгірлері-қарыларды даярлаумен айналысты. Мұнда білім алу 10 жылға дейін созылды. Мұндай мекемелерді бітерген мамандар Құранның ең күрделі деген ережелерін талқылап түсінуге қабілетті болулары керек болды.

Осман империясы мен Түркістан өлкесіндегі білім беру мекемелеріндегі оқыту әдістері де ұқсас болды. Атап айтқанда Осман империясының медреселерде қолданылған әдіс-тәсілдер дедуктивті түрде болған. Бұл әдістің негізін абырой атаққа бағыттап оқыту құраған. Бұл дедуктивті метод, алғашқы кезде жаттауға негізделген болатын. Ең алдымен Құранды жатқа білу, мүмкіндігінше аз Хадис үйренуі қажет еді [8]. Біраз уақыттан кейін жазу әдістері дами бастады. Сондықтан сабақ кезінде оқушылар мұғалімнің айналасында шеңбер құрып отырып сабақ тыңдайтын, қажет болған кезде жазып отыратын еді [9]. Жазып алу әдісі уақыт өте келе емле әдісімен бірге түсіндіру әдісі де дамыды. Медреселерде оқытылатын кітаптардың көшірмесінің көбеюі және оқушылардың қолдарына берілетін болғаннан кейін емле әдісі қолданыстан шыға бастады. Бұдан кейін мәтінді бір оқушы дауыстап оқиды, мұғалім қажетті түсіндірмелер жасайды, қателіктерін жөндейді. Сонымен қатар, мұғалім өзінің беріп отырған түсіндірмелерін оқушыларға жаздыртатын еді. Мұғалімдер кейде оқытқан сабақтары бойынша белгілі бір тақырыптарда талассөздер жүргізетін, нәтижесінде екі тараптың арасында төреші болып, өз пікірін айтатын еді [10]. Оқушылар медреседе алған білімдерін сол маңайдағы мешіттерде халыққа айтатын [11] немесе, дем алыс кездерінде өз білгендерін басқаларға айту мақсатында әлемнің төрт бұрышына таралып тәжірибеден өтетін болған [12].

Медреселерде сұрақ - жауап әдісі де қолданылған. Мұғалім сұрақ қойып оқушылардың жауап беруін күткені секілді, оқушылар да белгілі бір ережеге сай ұстазына сұрақ қоя алатын. Яғни, сабақтарда бір бірімен сұхбаттасуға орын берілетін еді. Сабақтар жалпы медресенің өзінде жүргізілгенімен мешіттерде де жүргізілуі мүмкін болып, өз қалауларымен кез келген кісі бұл сабақты сырттан тамашалап отыруы да мүмкін еді. Дерс-и аам, яғни халыққа арналған сабақтарды ең танымал ұстаздар жүргізетін. Жамағат шеңбер құрып ұстаздың айналасында отырып оны тыңдайтын еді. Бұл сабақтарға жүйелі түрде келіп қатысатын кісілер де болған. Сабақтар көбінесе аср намазынан кейін болғандықтан «аср сабағы» деп те айтылатын еді.

Жоғарыда қарастырылған Осман империясы мен Түркістан өлкесінің білім беру жүйелеріндегі сабақтастығының элементтерін төмендегі кестеден көруге болады:

№	Түркістан өлкесіндегі білім беру жүйесінің элементтері	Осман империясындағы білім беру жүйесінің элементтері
1	Қазақстанда халыққа білім беру екі бағытта дамыды: діни және зайырлы.	Фатих медреселерінде оқытылатын сабақтар екі бағытта оқытылды.: Діни білімдер: Жаратылыстану пәндері бағытында
2	Кәсіби оқу мекемелері пайда болды. Түркістандық мұғалімдер семинариясы (1879 ж.) және Орынборлық қазақ мұғалімдер мектебі (1883 ж.) болды. Соңынан мұғалімдік семинариялар Ақтөбеде, Верныйда, Семейде, Оралда ашылды. Мектептен кейінгі медреселер қызметі мектептен кейінгі сатыда білім беру арқылы мемлекеттік қызметтер үшін басшылар мен мәдениет қайтаркерлерін, мұсылмандық заң-шариғат білгірлері - қарыларды даярлады.	Кануни әскерлеріне қажет болған дәрігер, хирург және инженердерді даярлау үшін медицина медресесі және Дару-ш шифа, Риязят арнайы төрт медресе, сондай-ақ Хадис бойынша жоғары білімнен кейінгі (магистратура) деңгейінде оқытатын мамандандыру медреселері құрылды.
3	Оқу мерзімі 5-8 жылға созылып, 8 бен 17 жас аралығындағы балалар дәріс алған.	Бастауыш және орта білім жүйесінің ұзақтығы 6-10 жылға созылып, 8 бен 17 жас аралығындағы балалар дәріс алған.
4	Бұл оқу орындарындағы басты пән құранды жатқа үйрету болғандықтан «Иман шарт», «Шариғат ул иман» сияқты діни кітаптар оқытылды.	Құран оқыту және намазбен байланысты керекті мәліметтерді үйрету болды. Содан кейін барып жазу сабақтары бағдарламаға енгізілді. Сулеймание медреселері деп аталатын бұл медреселерде ақыл ойға және іс қимылға негізделген пәндермен қатар мүспет ілімдері де үйретілді.
5	Оқылатын пәндер: 1. Дін. 2. Ана тілі. 3. Есеп. 4. Орыс тілі. 5. Жағрафия. 6. Табиғат тану. 7.	Медреселерде «мукаддема-ты улум» деп аталатын Сарф (грамматика), Нахив (Ситаксис), Уағыз,

	Ұлттарихы. 8. Отантарихы. 9. Ашқалжәнерәсім. 10. Күй. 11. Гимнастика.	Истикак-и Тесис ве Шерхи (геометрия), Есеп, Дебат, Логика секілді сабақтар оқытылды. Сонымен қатар, Құран Кәрім Жазу (Калиграфия)(Kaligrafi) Фикх (Ғылым халі) Fıkh (İlmihal) Дәндер тарихы Сарф-ы Нахив Этика (Әдеп) Арифметика Aritmetik оқытылды.
6	Түркістан өлкесіндегі медреселердегі оқыту әдістері: сұрақ - жауап әдісі, жаттау, жазу әдістері, тыңдау, емле әдісі, түсіндіру әдісі, талассөздер, өз пікірін айту.	Осман империясында медреселерде қолданылған әдіс-тәсілдер сұрақ - жауап әдісі, дедуктивті, жаттауға негізделген әдіс, жазу әдістері, тыңдау, емле әдісі, түсіндіру әдісі, талассөздер жүргізу, өз пікірін айту.

Қазақстанда жадидизм идеологиясының кеңінен таралуы, Ресейлік түркі халықтар интеллигенциясы өкілдерінің қатынастарын күшейтіп, олардың қасырлар тоғысында қоғамның өркениеттік процесіне қосылуға мүмкіндік жасады. Жадидтер ұсынған мұсылмандық білім беру, дін мен тұрмысты реформалау, ұлттық мәдениетті дамыту талаптары түбінде түркі халықтарының рухани нығаюы мен идеологиялық негізіне айналды.

Қорытынды.

Жоғарыдағы Түркістан өлкесі мен Осман империясы білім беру жүйесінің сабақтастығын көре отырып, қазақ халқының зиялы ұрпақтарының бәрінің де білімінің негізіне алдымен мердреседен алған діни білімдер, кейіннен зиялылықты қалыптастыратын жаратылыстану бағытындағы ғылыми білімдердің тірек болғандығын аңғарамыз.

Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты халыққа жолдауында білім саласын дамытуға аса мән беріп, бәсекеге қабілетті, заманауи білімді, білікті маман даярлау үшін мықты рух пен терең білім қажеттігін атап көрсетеді. Алдыңғы қатарлы ұлттық білім беру жүйесін қалыптастырғанда ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, білімді ұрпақ – мәңгілік ел тірегі болмақ [13,б.1-3]. Қазіргі жаһандану жағдайында білім мен ғылымға аса қатал талап қойылуда. Ұлттық тіл, ұлттық сана, ұлттық намыстың жоғары болуы білімді ұрпаққа байланысты. Мұны ХХ ғасыр басындағы түркі халықтарының зиялы қауымы жақсы түсіне білген және заман талабына сай қазақ жастарының зайырлы білім алуы үшін әлеуметтік маңызды өзгерістерді жүзеге асырған. Олай болса, біз де бүгінгі күні осы білім жүйесін сабақтастықта меңгеруге көңіл аударғанымыз жөн болар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 32721-іс. 684-п
2. Қойгелдиев М. Жетісудағы Ресей билігі (XIX ғ. – 1917 ж.). – Астана, 2004.
3. Абдуллин Я.Г. Татарская просветительская мысль. – Казань, 1976.
4. Сабитов Н. Мектебы и медресе у казахов. – А., 1950.
5. Фахри Унан, Куртулушундан Гүнүмүзе Фатих Күллиесі, Түрік Тарих Қоғамы баспаханасы, Анкара 2003, 61-68 б.
6. Кенан Якупоглу, Османлы Медресе Эгитим ве Фелсефеси (Жарияланбаған докторлық диссертация), Мармара Университеті Әлеуметтік Ғылымдар Институты, Стамбул 1997, 81-82 б.
7. Фахри Унан, Куртулушундан Гүнүмүзе Фатих Күллиесі, Түрік Тарих Қоғамы баспаханасы, Анкара 2003, 337-356 б; Мехмет Сарай, Стамбул Университеті Тарихы (1453-1993), Әдебиет Факультеті баспасы, Стамбул 1996, 22-б.
8. Айқап. 1912. №7.
9. Айқап. 1912. №7.
10. Айқап. 1912. №1.
11. ҚР ОММ. 64-қ., 1-т., 3433-іс. 14, 14 артқыпарақ.
12. ҚР ОММ. 44-қ., 1-т., 24236-іс. 95,204-пп.
13. Н.Ә.Назарбаев. «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан Халқына Жолдауы. – Астана, 2014.

Ахметова М.К.

докторант PhD, Казахский университет международных отношений и мировых языков
имени Абылай хана, г. Алматы, Казахстан, e-mail: east.1970@mail.ru

КОМПЕТЕНТНОСТНЫЙ ПОДХОД В ПРОФЕССИОНАЛЬНО-ИНОЯЗЫЧНОЙ ПОДГОТОВКЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ КАДРОВ ЕСТЕСТВЕННОНАУЧНОГО ЦИКЛА

Резюме. В данной статье говорится об актуальности и эффективности использования компетентного подхода в профессионально-иноязычной подготовке педагогических кадров естественнонаучного цикла. При данном подходе важное значение приобретают профессиональные метаязыковая и метакогнитивная компетенции. Метаязыковая компетенция служит одним из показателей профессиональной контентно-отраслевой компетенции специалиста. Метакогнитивная компетенция подразумевает осознание собственного мышления, умение решать проблемы и предвидеть будущие результаты. Студент накапливает знания на своем родном языке, это происходит у него бессознательно, и сознательно воспроизводит эти знания на иностранном языке, происходит реконцептуализация мира личностью, через первичную концептуализацию знаний на родном языке. Компетентный подход в профессионально-иноязычной подготовке педагогических кадров естественнонаучного цикла формирует способность студентов к межкультурной коммуникации в специальных профессиональных, научных и деловых сферах, учитывая особенности профессионального когнитивного мышления.

Ключевые слова: компетентный подход, профессионально-иноязычная подготовка, метаязыковая компетенция, метакогнитивная компетенция, первичная концептуализация, реконцептуализация мира.

Түйін. Бұл мақалада жаратылыстану-ғылыми циклы бойынша педагогикалық мамандарды дайындаудағы кәсіби шеттілдік құзыреттілік тәсілдемесін қолдану өзектілігі мен тиімділігі жайында айтылады. Осы тәсілдемені қолдану арқылы кәсіби метатілді және метакогнитивті құзіреттілік аса маңызды мәнге ие болады. Метатілді құзіреттілік маманның кешенді-контентті кәсіби құзыреттілігінің көрінісі болып табылады. Метакогнитивті құзіреттілік өзіндік ой-пікірді түсіну, мәселелерді шешу мен болашақ нәтижелерді болжауды білдіреді. Студент білімді өзінің ана тілінде жинайды, бұл бейсаналық деңгейде болады, кейін саналы түрде аталған білімді шет тілінде айтады. Осылайша, ана тілінде білімді алғашқы концептуалдау арқылы тұлғаның әлемді реконцептуалдауы орын алады. Жаратылыстану-ғылыми циклы бойынша педагогикалық мамандарды дайындаудағы кәсіби шеттілдік құзыреттілік тәсілдемесі студенттердің кәсіби когнитивті ойлау ерекшеліктерін ескере отырып, арнайы кәсіби, ғылыми және іскерлік салалардағы мәдениетаралық қарым-қатынас қабілеттерін қалыптастырады.

Түйінді сөздер: құзыреттілік тәсілдеме, кәсіби шеттілдік дайындық, метатілді құзіреттілік, метакогнитивті құзіреттілік, алғашқы концептуалдау, әлемді реконцептуалдау.

Summary. This article deals with the relevance and effectiveness of the use of the competent approach in the professional foreign language training of pedagogical cadres of the natural science cycle. Professional metalanguage and metacognitive competences are very significant at this approach. Metalanguage competence is one of the indicators of the professional content and subject competence of a specialist. Metacognitive competence implies the awareness of one's own thinking, the ability to solve problems and to anticipate future results.

The student accumulates knowledge in his native language, this happens unconsciously, and consciously reproduces this knowledge in a foreign language; the reconceptualization of the world by a person takes place through the primary conceptualization of knowledge in his native language. Competent approach in the professional foreign language training of pedagogical cadres of the natural science cycle forms the students' ability to intercultural communication in special professional, scientific and business spheres, taking into account the peculiarities of professional cognitive thinking.

Keywords: competent approach, professional foreign language training, metalanguage competence, metacognitive competence, primary conceptualization, reconceptualization of the world.

В настоящее время происходит все большая глобализация всех сфер общественной жизни. Благодаря развитию экономических, культурных и политических связей Казахстана с другими странами, наша страна стала узнаваема на мировой арене. Происходят значительные изменения в системе образования после присоединения Казахстана к Болонскому процессу. Современное образование становится интернациональным, наши студенты и выпускники имеют большие возможности выбора вуза, не только отечественного, но также и зарубежного; работают программы по студенческой мобильности, в которых наши студенты могут принять непосредственное участие. Такая ситуация в системе образования, которая дает столько возможностей современному студенту,

также предъявляет серьезные требования современным отечественным вузам для подготовки компетентных специалистов, востребованных на рынке труда.

Языковая политика в Казахстане, политика трехязычия является этапом вхождения нашей страны в мировое сообщество. Многие граждане нашей страны понимают важность изучения языков, и особенное место уделяется английскому языку, как языку делового и международного общения. Таким образом, необходимо уделять огромное значение профессионально-иноязычной подготовке педагогических кадров.

Для дальнейшего развития экономических, культурных и политических связей нашей страны необходимы специалисты со знанием иностранного языка в различных сферах деятельности. С этой целью в Казахстане была разработана программа «Дорожная карта развития трехязычного образования на 2015-2020 годы», в соответствии с которой предметы естественнонаучного цикла предполагается изучать на английском языке, к ним относятся такие школьные предметы, как «Информатика», «Физика», «Биология» и «Химия» [1]. И, несомненно, для реализации данной программы необходимы компетентные специалисты.

Самым актуальным и эффективным в современной системе образования является компетентностный подход. Данный подход базируется на «гуманистической и культурно-ориентированной методологии, определяет в качестве целей и конечного результата образования систему компетенций» [2, с. 24]. Внедрение компетентностного подхода в систему высшего профессионального образования повысит конкурентоспособность выпускников на рынке труда, улучшит сотрудничество с работодателями, способствует пересмотру и обновлению целей, контента и методологии обучения. Необходимость подготовки квалифицированного компетентностного специалиста – одна из основных целей профессионального высшего образования. «Компетенции являются важными результатами образования и поэтому должны быть сформированы у всех обучающихся, пронизывать все предметы, проходить через все уровни образования и разрабатываться на высоком уровне» [3, с. 14]. При компетентностном подходе в иноязычном образовании необходим набор ключевых компетенций для формирования квалифицированного специалиста. Конечной целерезультативной категорией теории современного иноязычного образования, согласно Кунанбаевой С.С. является межкультурно-коммуникативная компетенция. Автор выделяет компонентный состав данной компетенции. В ее состав входят лингвокультурологическая, социальная, социокультурологическая, концептуальная, личностно-центрированная, когнитивная и коммуникативная субкомпетенции [4]. При этом ведущей является когнитивная субкомпетенция. Автор отмечает, что «сформированность когнитивной субкомпетенции проявляется в когнитивных структурах как ментальных образованиях, посредством которых человек воспринимает окружающий мир и взаимодействует с ним как обобщенный носитель естественного языка, отражая коллективное сознание, обусловленное социальным менталитетом социальных категорий общества. В условиях перехода на новый язык она обеспечивает осознанный процесс «вторичной концептуализации мира»» [4, с. 110]. Таким образом, при формировании профессионально-иноязычной компетенции специалистов естественнонаучного направления, нужно опираться на первичные знания в предметной области, и через когнитивное сознание посредством реконцептуализации происходит освоение полученных знаний на иностранном языке.

При обучении предметов естественнонаучного цикла на английском языке предполагается, что в старшем звене учащиеся школ уже имеют достаточный базовый уровень владения английским языком, поэтому продвинутый уровень позволяет им использовать английский язык для решения практических задач, таких как поиск определенной информации по своей специальности. Такой уровень имеет междисциплинарную и контентно-отраслевую направленность и оценивается по конечному результату. В данном случае большое значение приобретают профессиональные метаязыковая и метакогнитивная компетенции.

Метаязыковая компетенция – это один из важных показателей профессиональной контентно-отраслевой компетенции специалиста. Она предполагает аккумуляцию терминологических знаний и правильное уместное их использование. Для формирования метаязыковой компетенции необходим набор специализированных текстов отраслевой направленности и комплекс упражнений. Согласно Кулибаевой Д.Н. необходимы этапы - подготовительный к профессионально-ориентированному общению и этап профессионально-ориентированного общения. В соответствии с данными этапами происходит тематико-текстовое единство (ТТЕ) понятийно-когнитивного предметного содержания коммуникативных комплексов (КК), ТТЕ информационно-аккумулятивного предметного содержания, ТТЕ прагматико-репрезентирующего предметного содержания КК, ТТЕ контекстно-коммуникативного предметного содержания КК [5, с. 108]. Таким образом, контент имеет большое

значение, так как через специализированные тексты отраслевой направленности, является возможным сформировать метаязыковую компетенцию специалиста.

Метакогнитивная компетенция подразумевает осознание собственного мышления, умение решать проблемы и предвидеть будущие результаты, иметь способность к рефлексии личностного опыта для улучшения самообразования и саморазвития, быть готовым к адекватному восприятию всех изменений, которые происходят в мире и готовность анализировать полученную информацию с различных точек зрения и в различных контекстах. Для развития метакогнитивной компетенции студентов необходимо использовать, так называемые «метакогнитивные задачи». К ним, по мнению Н. П. Гончарук и Е. И. Хромовой, относятся следующие подгруппы:

- Задания с четким планом решения, которые содержат сведения о порядке и последовательности выполнения учебных действий и операций

- Задачи с самостоятельной целепостановкой и подцелью своей познавательной деятельности.

- Задачи, где нужно действовать по рекомендованному плану, сравнивать различные варианты решения одной задачи, составлять свой собственный план когнитивной деятельности.

- Задачи с различными алгоритмами решения тех или иных проблем

- Задачи с прогнозированием результатов своих действий.

- Задачи с последующим видением перспективы в изучении данного учебного материала [6].

Таким образом, студент накапливает знания на своем родном языке, это происходит у него бессознательно, и сознательно воспроизводит эти знания на иностранном языке, происходит реконцептуализация мира личностью, через первичную концептуализацию знаний на родном языке, через профессиональный метаязык происходит вторичная реконцептуализация отраслевого знаниевого блока, формируется вторичное когнитивное сознание и межъязыковая концептуализация. Компетентностный подход в профессионально-иноязычной подготовке педагогических кадров естественнонаучного цикла формирует способность студентов к межкультурной коммуникации в специальных профессиональных, научных и деловых сферах, учитывая особенности профессионального когнитивного мышления; он нацелен на развитие активной, креативной личности, будущего профессионала, готового успешно использовать лингвистические навыки в своей будущей профессиональной деятельности, владеющего специализированными компетенциями и готовым применять их в межкультурной коммуникации со своими будущими деловыми партнерами.

Список использованной литературы:

1. *Дорожная карта развития трехязычного образования на 2015-2020 годы от 13 ноября 2015 года № 1066*

2. *Кунанбаева С.С., Компетентностное моделирование профессионального иноязычного образования. – Алматы, 2014 – 203 с.*

Перспективным направлением реформирования национальной системы образования признано дистанционное обучение (ДО), которое при определенных условиях может обеспечить доступ широких слоев населения к качественному высшему образованию независимо от места проживания и условий работы, позволяет эффективно использовать педагогический и научный потенциал вузов, экономить финансовые средства, своевременно реагировать на запросы рынка труда.

В настоящее время в педагогической науке идет постоянный поиск средств, способствующих активизации самостоятельной работы студентов в условиях дистанционного обучения. Одним из таких эффективных средств является образовательный портал.

Успешность дистанционного обучения, как показывает практика, во многом зависит от эффективной его организации и качества используемого учебно-методического обеспечения. Важным компонентом учебного процесса в системе ДО является мультимедиа – курсы, которые представляют собой единый комплекс информации, расположенной на разных носителях.

При получении иноязычного образования такое обучение, основанное на активном целенаправленном использовании современных информационных коммуникационных технологий, позволяет осуществлять многоцелевые, междисциплинарные, образовательно-профессиональные программы, доступные различным слоям населения и социальным группам.

Организация самостоятельной работы студентов, находящаяся на расстоянии от учебных заведений, зависит от создания интерактивной обратной связи и оптимального выбора средств и методов ее осуществления.

Научно-теоретические основы дистанционного обучения в настоящее время хорошо разработаны в педагогической науке и практике. Это способствовало тому, что сегодня дистанционное обучение реализуется во многих казахстанских вузах.

В связи с этим реформирования системы иноязычного образования Республики Казахстан в силу своей специфики диктует необходимость более глубокого рассмотрения вопросов его интеграции, требующей разработки соответствующей системы подготовки будущих учителей иностранных языков в области применения информационных коммуникационных технологий и дистанционного обучения. Подготовка будущих учителей в условиях дистанционного обучения

создает для них возможности осознания профессиональной самореализации в открытом информационном пространстве, осмысления сущности новых информационных технологий и обеспечивает овладение методикой их использования в образовательном процессе вуза.

Важнейшим компонентом педагогического процесса является самостоятельная работа студентов при различных видах коллективной и индивидуальной учебной деятельности, без непосредственного участия преподавателя или под его руководством, выполняемая во время аудиторных и внеаудиторных занятий или дома по заданиям. Познавательная деятельность студентов в процессе выполнения самостоятельной работы является одной из форм приобщения субъекта к творческой деятельности и характеризуется высоким уровнем активности и самостоятельности.

Подготовка и оформление студентами различных учебных работ на компьютере давно является традиционной, а следующим логическим шагом должна стать разработка и освоение других методов дистанционного обучения (например, получение заданий на учебном сервере и пересылка их результатов преподавателю по электронной почте или размещение их на учебном сервере).

Использование информационных коммуникационных технологий в процессе дистанционного обучения иностранным языкам (ДОИЯ) решает многие проблемы, которые на протяжении ряда лет были характерны для образовательных учреждений СНГ, в том числе и Республики Казахстан: отсутствие общения с носителями языка, сложность приобретения аутентичной научно-публицистической литературы на иностранном языке и т.д.

Сегодня во всем мире ощущается спрос на хорошее образование по оценкам специалистов, каждый работающий будет нуждаться в получении высшего образования. За последнее десятилетие увеличилось число обучающихся по технологии дистанционного обучения, и эта тенденция постоянно растет. Дистанционное обучение позволяет учиться жителям регионов, где нет иных возможностей для профессиональной подготовки или получения качественного высшего образования, нет университета нужного профиля или преподавателей требуемого уровня квалификации.

Технология дистанционного обучения может быть определена как дидактический процесс, спроектированный с учетом принципов и особенностей ДО, реализуемый с применением различных средств обучения и позволяющий на системной основе организовать оптимальное опосредованное взаимодействие между территориально разделенными преподавателем и обучающимся с целью достижения гарантированного результата.

В основе обучения лежит активная целенаправленная самостоятельная работа обучающихся с учебными пособиями, специальной литературой, записями на аудио- и видеокассетах, компьютеризованными курсами. В процессе обучения используются различные технические средства и средства информатизации: телевидение, видеозапись, печатные пособия, компьютерные телекоммуникации и пр.

Изучая проблемы оценки состояния обучающихся в системе дистанционного обучения, необходимо учитывать психофизиологические факторы, влияющих на восприятие, усвоение, осознание и систематизацию новой информации, а также при планировании деятельности обучающегося в процессе дистанционного обучения необходимо определить предельно допустимую для него «дозу» информации.

Важнейшее условие повышения эффективности обучения – психологическая, теоретическая и практическая готовность студентов к самостоятельной работе. Поэтому от преподавателей высшей школы требуется доучивание их методами самостоятельной работы путем формирования культуры учебного труда, что позволит будущему специалисту не только адаптироваться к ВУЗовским условиям обучения, но и создаст предпосылки постоянного профессионального роста в течение всей трудовой деятельности.

Учебный процесс при дистанционном обучении включает в себя все основные формы традиционной организации учебного процесса: лекции, семинарские и практические занятия, лабораторный практикум, систему контроля, исследовательскую, самостоятельную работу студента, различные виды практик (учебную, педагогическую, производственную, профессиональную и др), направленными на теоретическую и практическую подготовку, а также контроль знаний, умений и навыков обучающихся.

Для эффективной реализации целей обучения мы пришли к выводу о широком применении, также и нетрадиционных форм и приемов организации учебных занятий, таких как групповая полемика, дискуссии, деловые и ролевые игры, метод проектов и т.д. с целенаправленным использованием видео-, аудиоматериалов и компьютерных технологий.

Организация дистанционного обучения основывается на сочетании дистанционной и традиционной (очной) форм обучения, что позволит сохранить качество очного обучения при сокращении объема аудиторных занятий и увеличении объема самостоятельной работы. Причем при такой организации учебного процесса дистанционная форма не подменяет, а дополняет традиционную (очную) форму образования.

Самостоятельная работа студентов является одним из главных резервов повышения качества обучения и подготовки будущих специалистов. Только в процессе самостоятельной работы достигаются глубокое и всестороннее осмысление научных знаний, выработка умения применять их в разнообразных жизненных ситуациях.

Качество профессиональной подготовки студентов в процессе дистанционного обучения рассматривается как совокупность сформированных в процессе дистанционного обучения знаний, умений, навыков и личностно-профессиональных характеристик, отражающих уровень развития познавательного, личностного и профессионального потенциала студентов и соответствующих требованиям, установленным государственными общеобразовательными стандартами образования.

Исследование тенденций развития и применения технологий дистанционной технологии обучения в иноязычном образовании позволяет сделать вывод о том, что процесс дистанционного обучения иностранным языком актуален и поддерживается потребностями образовательных, производственных и коммерческих структур.

Организация дистанционного обучения будет успешной при условии, если: целенаправленно будут созданы электронные пособия для дистанционного обучения, на основе ведущих идей теории учебника, учитывающего особенности учебного предмета; системно и целостно использованы в качестве технологической основы средства новых информационных технологий и массовой телекоммуникации; обеспечена обязательная компьютерная грамотность; оптимально соединены самостоятельная работа студентов и систематический контроль за их познавательной деятельностью.

Это начало решения проблемы повышения эффективности формирования компетентности студентов в сфере самостоятельной познавательной деятельности в системе дистанционного обучения. Дальнейшие перспективы могут осуществляться в развитии дистанционного обучения с применением новых информационных технологий.

Список использованных источников:

1. Скибицкий Э.Г., Холина Л.И. *Теоретические основы дистанционного обучения: Монография.* – Новосибирск: Изд. НГПУ, 2002.-136с.
2. Джалиашивили З.О. *Средства дистанционного обучения. Методика, технология, инструментарий.* – СПб.: БХВ-Петербург, 2003.-336с.
3. Полат Е.С. *Теория и практика дистанционного обучения: Учеб.пособие.* – М.: Академия, 2001.-272с
4. Полат Е.С. *Дистанционное обучение: организованные и педагогические аспекты: ИНФО, 2005.*
- Уваров А.Ю. *Компьютерная коммуникация в учебном процессе// Педагогическая информатика, 2004, №1*

Нұржан Мағжан

Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің 1-курс магистранты

ҚАЗАҚ ФУТБОЛЫНЫҢ ЖАЙ-КҮЙІ ХАҚЫНДА

***Түйін.** Мақалада еліміздегі жалпы спорт саласы, оның ішінде футболдың даму қарқыны қарастырылады. Қазақ футболының бүгінгі жай-күйі, аяқдоп спортының дамуына кедергі келтіретін жайттар мен оны реттеудегі амал-тәсілдер мен ұныстар келтіріледі. Мұнымен қоса, ойыншылардың өзіндік дайындығы моральдық, психологиялық, кәсіби, материалдық деңгейі тұрғысынан бағамдалады.*

***Резюме.** В статье рассматривается общая спортивная среда в стране, включая темпы развития футбола. Текущее состояние казахстанского футбола, проблемы, препятствующие развитию спорта, пути и средства его регулирования. Кроме того, самоокупаемость игроков оценивается с точки зрения морального, психологического, профессионального, материального уровня.*

***Summary.** The article considers the overall sports environment in the country, including the pace of football development. The current state of the kazakh football the issues that hinder the development of the sport and the ways and means of its regulation. In addition, players' self-readiness is assessed in terms of moral, psychological, professional, material level.*

Қазақстандық футболшылардың бүгінге дейін сәтсіз ойын көрсетуі, ең алдымен, олардың кәсіби шеберлігінің төмендігінен екендігі үнемі айтылады. Ойыншылардың физикалық, моральдық дайындығы еуропалық деңгейде өнер көрсететін футболшылардан әлдеқайда төмен екені талай жерде айтылып жүр. Аяқдоп шеберлерінің кәсіби деңгейін көтеру үшін елімізде заманауи базаны қалыптастыру қажет. Ал базаның қалыптаспауы ойынға кері әсерін тигізетіні айтпаса да түсінікті. «Біздегі қазіргі басты мәселе – ойыншылардың психологиялық тұрғыдан дұрыс іріктелмеуі. Ойынға қойылатын тактика бар, оның бәрін бапкер ойластырады. Ойыншылар соны орындауы керек. Ал біздің ойыншылардың деңгейі әлі бір-біріне сай емес. Қазақ футболының дамуы үшін ойыншыларымыз шетелдік құрамада ойнауы керек. Содан кейін еліміздегі стадиондарды түзету керек. Жалпы айтқанда, бюджетке қарап отырған командалардан үлкен нәтиже күтудің қажеті жоқ. Өйткені олардың бюджеті 5-6 жылға емес, бір жылға ғана жоспарланады. Ал әлем елдерінде ол 10 жылға әзірленеді. Сондықтан оларда нәтиже бар. Біздің құрамаға әлемдегі ең мықты бапкерді алып келіп қойсаң да, бірден жеңіске жете алмайды. Себебі, жаттықтырушы қанша білікті маман болса да, бәрі ойыншыға байланысты. Ал ойыншылардың деңгейі әлі көтерілер емес. Олардың деңгейін көтеру үшін инфрақұрылымды дамыту керек»[1], – дейді «Alaman.kz» ұлттық спорт порталының шеф-редакторы, спорт журналисі Руслан Меделбек. Сондай-ақ, футболшылар алаңда бір-бірімен түсінісе алмайтынын да жанкүйерлер үнемі байқап қалады. Осының әсерінен жасыл алаңда пас алмасу кезінде жіберілетін қателіктер жиі қылаң береді.

Кейбір ойындарда футболшының пас бергенін я болмаса қақпаға доп тепкенін ұғыну қиын. Онымен қоймай, ойыншылардың алаңда тым сылбыр қимылдайтыны тағы бар. Кейбір футболшылардың алдына келген допты ырқына бағындыра алмай әбігерге түсіп жүретіндігі де талай сөз болды. Ойыншылардың баяу қимылы мен жүйесіз әрекеттеріне жанкүйерлер жүйке жұқартады. Дәл қазір қазақ футболында тез қимылдайтын, керек жерден табыла білетін футболшылар ауадай қажет. Ал мұндай қасиеттерді әзірге ұлттық құрама ойыншыларының барлығынан бірдей байқау мүмкін болмай тұр. Футбол сүйер қауым қазақ футболына тән тағы бір кемшілікті атайды. Ол – ойыншылардың сәтті шабуыл ұйымдастыра алмауы. Қазақстандық футболшылардың жасыл алаңда ұйымдастыратын жүйесіз шабуылының нәтижесінде ала допты таппай қалып жататын кездері де болады. Тағы да бір атап айтатын осалдық – қорғаныстың әлсіздігі. Ойын соңына дейін шаршап қалатын ойыншылардың өз қақпаларын қорғай алмауы жанкүйерлерді талай жабырқатты.

Осынау футболдың дамуына кедергі болып отырған тағы бір жайтты ретінде Қазақстан ойыншылардың жалақысы бүгінгі футболдың деңгейіне сай келмейді. Еліміздің футболшылары алған жалақыны қанағат тұтып жүре береді. Олар ары қарай футбол деңгейін көтеруге талпынбайды. Біздің ойыншылардың шетелдік құрамаларда өнер көрсетпеуі де сондықтан. Қазір сыртта бір де бір қазақ футболшысы жоқ. Өйткені онда ойыншылар тер төгіп еңбектенуі қажет. Ал біздің футболшылар олай

жұмыс істегісі келмейді. Сонымен қатар, жаттықтырушылардың да жалақысы төмен. Табысы аз болғандықтан, олар жұмыс істегісі келмейді. Ендігі бір кемшілік – командалардың чемпионаттағы деңгейінің төмендігі. Сондай-ақ, футбол клубтарына шетелден бапкер шақырудың еш қажеті жоқ. Шетелдік бапкерлер тек өзінің пайдасы үшін, қалтасының қамы үшін ғана келеді. Олар шет мемлекетте жұмыссыз жүрген адамдар. Сондай жандарды бізде әулие тұтып, Қазақстанға алдырып, жағдайын жасап қояды. Олар біздің қазақстандық бапкерлерден артық ешнәрсе үйрете де алмайды. Онымен қоймай, олар өздерінің штабымен келеді. Жанына өзінің жақындарын жинап алып, Қазақстан футболын көтерудің орнына, төмен түсіреді. Олар бізге сол екі жылдың ішінде нәтиже көрсетуі керек. Ал біз ол нәтижені әлі де көре қойған жоқпыз.

Бапкерлер баптай алмай жүр ме? Футболшылардың кәсіби шеберлігін көтеру үшін не істеу керек? Әрине, әуелі футболшыларды баулитын бапкер мықты болуы керек. Ал бүгінгі қазақ футболшыларын кімдер дайындап жүр? Олардың алаңдағы ойынына жауапты бапкерлер қалай іріктеледі? Қазір отандық футбол клубтарының бас бапкерлерін шетелден шақыру әдетке айналғандай. Сонда Қазақстанда өз футболшыларымызды жаттықтыратын бапкерлердің болмағаны ма? Бұл сауалдың төңірегінде қанша ойлансақ та, жауап таба алмайтынымыз анық. Өйткені қазақ футболында қазақстандық бапкерлердің көзге түспегеніне көп жыл болды. Мәселен, ұлттық құрамаға шетелден бапкер алдырғандары дұрыс. Олардың тактикасы, футболға деген көзқарасы ерекше болады. Осы жерде айтып өтетін бір нәрсе бар. Ұлттық құраманың жаттықтырушысы қай кезде де еліміздегі барлық футбол клубтарының бапкерлерімен бірлесе жұмыс жасауы қажет. Қазір Қазақстанда 12 футбол клубы бар. Бірақ сол 12 клубтың жаттықтырушылары мен ұлттық құрама баспкерлерінің етене араласып, тығыз байланыс орнатқанына куә бола алмадық. Бапкерлер бірлесіп жұмыс істегенде ғана ұлттық құрама нәтижеге қол жеткізеді[2,6]. Десек те, қазақ бапкерлерінің орнын басқан шетелдік бапкерлердің келгенінен кеткені тез секілді. Қалай десек те, ұлттық құрамаға бапкер тұрақтамай тұр. Шетелден аттай қалап шақыртқан бапкерлердің көпшілігінен ешбір нәтиже шыға қоймады. Юрий Красножанға дейінгі бапкерлердің барлығы футболшыларға алаңда қорғануды ғана үйреткенін айта кеткеніміз жөн. Тек соңғы келген бапкер ғана ойыншыларды алаңда қарсыластардың қақпасына шабуыл жасауға үйреткендей. Алайда қазақ футболының өрісін кеңейту бір ғана бапкерлерге қарап тұрған жоқ. Ол үшін ойыншылар мықты болуы керек.

«Қазақ» атанған футболшы қазақ үшін ойнай ма? Исландия құрамасымен өткен ойында жасыл алаңда қазақ футболшыларының саны артқанын байқап, ішіміз бір жылып қалды. Футбол жанкүйерлері де соңғы уақытта Юрий Красножанның ұлттық құрама сапындағы қазақтардың санын көбейтуге баса назар аударып жүргендігін айтады. Бүгінде ұлттық құрама сапында Елдос Ахметов, Абзал Бейсебеков, Бауыржан Исламхан, Ұлан Қонысбаев, Бауыржан Жолшиев, Ермек Қуантаев сынды алаңда жақсы ойын өрнегін көрсетіп жүрген қазақ футбол мектебінің нағыз түлектері бар[3]. Қазақ азаматтарының Қазақстан құрамасында көптеп жүргені көңіл қуантады. Десек те, ұлттық құраманың қақпасын күзететін қақпашылар қатарында бірде бір қазақ азаматы жоқ.

Міне, қазақ футболының өркендеуіне кедергі келтіріп тұрған да осы мәселе, яғни, отандық футбол командаларында қазақ футболшыларының аздығы. Иә, сырттан легионерлер шақыру әлем елдерінің тәжірибесінде кездесетін үрдіс. Еуропадағы мықты футбол клубтарының барлығында да легионерлер бар. Алайда олар ұлттық құрамаға ең алдымен өз ұлтының, өз елінің азаматын қабылдайды. Еуропалық клубтар құрамдарына шетелдік ойыншыларды шақырғанымен, олар өз елінің жастарын ешқашан назардан тыс қалдырмайды. Ұлттық құраманың сапына шетелдіктерді алу үшін біздің еліміздегідей азаматтық әпермейді. Ал біздің елімізде шетелден келген легионер әп-сәтте «қазақ» атанып шыға келеді.

Қазақ футболын қазіргі қалпынан арылту үшін футбол клубтарындағы қазақтардың шоғырын көбейту керек[3]. Өйткені кез келген спорт түрінен жеңіске жету үшін ойыншының бойында ұлттық рух болуы тиіс. Ұлттық құрамадағы легионерлер қатарын Германиядан келген бапкер Бернд Шторк көбейте бастады. Әуелі қақпашы ретінде Андрей Сидельников және Михаил Рожков команда құрамына келді. Одан кейін ұлттық құрама сапын Марк Гурман мен Сергей Каримов толықтырды. Шетелдің үздік деген футболшыларына қомақты ақы төлеу арқылы ұлттық құрама қатарына қостық делік. Ал олардың ұлттық құрама үшін, қазақ футболы үшін аянбай тер төгетініне нық сенімдіміз бе? Сырттан келген футболшылар тек ақша үшін ғана ойын көрсетпесіне кім кепіл? Ақша үшін ғана жасыл алаңда өнер көрсететін ойыншылар азаймайынша, қазақ футболының көсегесі көгермейді. Шеттен келгендерді емес, өз елінің мақтаулы футболшысына айналар ойыншыларды ғана ұлттық құрама сапына енгізген жөн. Қазір шет мемлекеттен келген спортшылар Қазақстан азаматтығына да оңай қол жеткізеді. Бұл көптеген жанкүйердің талай жерде айтып жүрген уәжі.

Бір жылдары шеттен келген легионерлердің ұлттық құрама сапында өнер көрсетуіне депутаттар да ашық қарсылық білдірген. Сондықтан да шеттен легионер тасығанды доғару керек. Оның есесіне, ауыл спортын дамытуды қолға алған жөн. Соларға жұмсалатын қаржыны спорт мектептерінде жүрген қазақ балаларының жағдайын жақсартып, аяқдопқа мейлінше баулуға жұмсау қажет. Ауыл-ауылдағы балаларды әкелгенде ғана нағыз қазақ футболын көре аламыз. Сонда ғана нәтиже болады. Өз ұлдарымыз ойнамайынша, ешкім де біз үшін жанталасып, арамтер болмайды. Ешкім де қазақтың намысын қорғап жарытпайды. Сол себепті жергілікті футболшыларға көп көңіл бөлінуі керек. Ұлттық құрама сапында шетелден келген ойыншылар көбейіп барады. Олардың басты мақсаты – ақша алу, өзінің жағдайын жақсарту, халықаралық деңгейде көзге түсіп, басқа командаға тез ауысып кету. Бір сөзбен айтқанда, Қазақстанды жағдай жасайтын жолға айналдыру. Сондықтан да менің ойымша, құрама сапындағы ойыншылардың кем дегенде 70 пайызы қазақ азаматтары болуы керек. Бұл бас бапкерге қойылатын негізгі талап болуы тиіс. Себебі, қазақ футболын өрге сүйрейтін тек қазақ футболшылары ғана. Ұлттық құрамада тек өз ұлтына деген сүйіспеншілігі, патриоттық сезімі қалыптасқан өз еліміздің ұлдары ойнағанда ғана қазақ футболының болашағына сеніммен қарауға болады. Ал қазақ футболының болашағы жас футболшылардың қолында екені айтпаса да түсінікті. Сондықтан, елімізде ең алдымен жас балаларға арналған футбол алаңдарын көбейте түсу керек деп ойлаймын.

Әдебиеттер:

1. *Меделбек Р. Қазақ спорты хақында бір үзік сыр...// www.alaman.kz*
2. *Қауысов Б. Қазақ футболы сәтсіздікке әбден үйреніп алған сияқты// «Түркістан» халықаралық газеті, 27 тамыз 2017 ж. – 6 б.*
3. *Төтенәй Б. Дене тәрбиесі. Оқулық. – Алматы: Атамұра, 2001. – 160 б.*
4. *Төлеубеков Р.К. Қазіргі әлеуметтік мәдени ортаның жеке тұлғаның қалыптасуына ықпалы // Ұлағат. - 1999. - №2. - Б. 3-7.*

Абдукаримов Баймурат Усенович

Аға оқытушы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Өнер факультеті, «Дене тәрбиесі» кафедрасы

Абусейтов Бекахмет Зайнидинович

П.ғ.к., доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Өнер факультеті, «Дене мәдениеті» кафедрасы

ФУТБОЛШЫЛАРДЫ КҮШТІК БАҒЫТТА ДАЙЫНДАУ ӘДІСТЕМЕСІ

Түйін: Мақалада футбол ойынының өткізілген оқу-жаттығулардың өткізу әдістемелері қарастырылды. Футбол ойынының әрбір даму сатыларында футболшы азғаларының оқу-жаттығу жүйесіне бейімделуі әртүрлі жағдайларды болғаны байқалады.

Кілтті сөздер: Футбол, күш, оқу-жаттығу, бұлшық ет, шұғылдану.

Резюме: В статье обсуждается, как вести футбольную игру. На каждом этапе футбольной игры наблюдаются различные случаи адаптации футболистов к системе обучения.

Ключевые слова: Футбол, сила, обучение, мышцы, заниматься деятельностью.

Summary: The article discusses how to conduct a football game. At each stage of the football game, there are various cases of adaptation of players to the training system.

Key words: Football, strength, training, muscles, engage in activities.

Футбол алаңында ойыншы допты дұрыс қағу үшін, көзделген мақсатты дәлдеу үшін, әріптесіне допты дәл беру үшін және т.б. әрекеттерді жасау үшін күш жұмсау керек.

Күш - бұл ойыншының бұлшық ет көмегімен сыртқы кедергілерге төтеп бере алу қабілеті. Футболшы үшін негізінен аяқ күштерін дамыту қажет. Бірақ жаттығу барысында, аяқпен қатар, мойын иық, арқа, іш бұлшық еттерінің күштері дамуына назар аудару керек. Футболшы допты ұруда қағуда ұмтылыс жасауда кілт бұрылуға қажетті күштерді игеруі керек [1].

Күштің даму темпі негізінен кішкентай, және жасөспірім кездерде байқалады.

Мойын бұлшық еттерін дамытуға арналған жаттығулар

1. Бастапқы қалыптан (тұрып, немесе жатып және т.б.) басты иіп, айналдыра қозғалыс жасау. Дәл осылай, бірақ қолмен кедергі жасай отырып жасау. Мысалы ішпен жатып, қолды бастың артына қойып басты артқа, содан соң, алға мойын бұлшық еттеріне кернеу түсіре отырып жаттығу жасау.

2. Әріптеспен бір біріне қарама-қарсы тұрып, оның мойнынан ұстап, өзіне ию. Әріптесі бір аяғы алда, қарсылық жасауға ұмтылады. Содан соң рольдері алмасады.

Иық және қол бұлшық еттерін дамытуға арналған жаттығулар

1. Тірекке тұрып және жатып еңкею және шалқаю.

2. Аяқтың көмегімен және аяқтың көмегінсіз жіп бойымен өрмелеу.

3. Әріптесімен бір-біріне қарама-қарсы тұрып таяқшаны екі қолымен ұстау. Әріптесімен бірге таяқшаны ұстап бір-біріне қарсылық жасау.

4. Әріптесімен қарама-қарсы тұру. Алақандарын беттестіріп, қолдарын еңкейтіп, шалқайып кедергіге қарсы тұру.

5. Екі қолмен толтырылған допта лақтыру: төменге кеудеден, бастан асырып, арқадан, бас арқылы, алға еңкейіп аяқ арасынан.

6. Толтырылған допты қолға лақтыру.

7. Бір қолмен толтырылған допты лақтыру.

Іш бұлшық еттерін дамытуға арналған жаттығулар

1. Тірек жағдайында отырып, аяқпен түзу қайшы жағдайына келтіру.

2. Арқамен жату. Әріптесін аяғына еденге қимылдамау үшін отырғызу, денені жаймен көтеру.

3. Гимнастика қабырғасына тартылып, аяқты барынша жоғары көтеріп, жаймен төмен түсіру.

Кеуденің бұлшық еттерін дамытуға арналған жаттығулар

1. Аяқты алшақ ұстап, қолды жоғары көтеріп, үш рет солға иілу, дәл осылай оңға. Әрбір бағыт үшін 6-8 жаттығу жасау керек.

2. Тізерлеп тұрып, қолды жоғары көтеру, кеудені айналмалы қозғалысқа келтіру: оңға, солға. Әрбір бағыт үшін 6-8 рет жасау. Жаттығуды кішігірім гантель арқылы да жасауға болады.

Мойынның артына толтырылған доп, қойып, қолмен қысып, кеудені оңға солға ию.

4. Әріптесімен арқа арқылы тиіп тұрып, қолды жоғары көтеру. Қолдарымен ұстасып солға иілу, бастапқы қалыпқа келу. Дәл осылай оңға. Әрбір бағыт үшін 5-7 рет жасау.

Арқа бұлшық еттерін дамыту жаттығулары

1. Ішпен жатып, қолды жоғары көтеру. Қол мен аяқ бір мезгілде кездесетіндей етіп, артқа созу. Жаттығуды 6-8 рет жасау.

2. Ішпен жату, қол жоғары, аяқты тіреу, 5-7 рет ұмтылыс жасау.

3. Тірек түрінде жатып, қолды түзу ұстау, иілу. 5-8 рет жасау.

Аяқ бұлшық еттерін дамыту жаттығулары

1. Орташа және жоғары жылдамдықпен тауға жүгіру. Тірек аяқтарының түзу болуына ерекше назар аудару керек.

2. Құмды шұңқырда немесе терең қар, суда жүгіру.

3. Жұмсақ грунт үстінде секіру, жүгіру.

4. Аяқты түзу ұстап жүгіру. Тізе табан тіректерінің созылып, жиырылуы есебінен оң және сол аяқтарды кезекпен итеріп, жүгіру.

5. Бір аяқтап секіру. Аяқпен қуатты итерілу арқылы алға ұмтылу. Бұл кезде жүтіргендегі сияқты қолдың да жұмыс жасауын қадағалау керек. Қашықтық 15-30 м.

6. Белдің артқы бөлігіндегі бұлшық еттерді қатайту, жаттығулары. Ішпен жатып, әріптес аяғын табан тірегі арқылы ұстайды. Денені жаймен артқа иеді, жаймен басталуы қалыпқа келеді.

7. Бастапқы қалыпта тұру, қолды арқаға ұстау, отыру, тұру. 10-12 рет қайталау.

8. Бір қалыпта тұру кезекпен екі аяққа отыру 6-8 рет қайталау.

9. Отырып алға, артқа, жан-жаққа секіріс жасау.

10. Әріптесіңмен арқа арқылы қатар тұрып, барынша отыру, қолдары ұстасады. 6-8 рет қайталау.

11. Табанмен допты қысу және алға немесе жан-жақты секіру.

12. Арқамен жатып тізені кеудегі қою. Жоғарыдан лақтырылған допты аяқпен тебу. 6-8 жаттығудан кейін әріптесіңмен орын ауыстыру.

13. Негізгі тұрыстан қашықтықпен ішіне құм салынған қап, доппен жүру.

14. Аяқпен допты тебу.

15. Аяқпен допты алысқа тебу (соққы беру).

Оқытудың және жаттығудың мақсаттары. Сабактың негізгі мазмұны болып, отанды қорғауға және шығармашылық қызметке қажетті адамның жан-жақты дене дамуы мен санасының жетілуі болып саналады [2].

Бірақ футбол тәрбиесінде тәжірибесінде, жоғарғы көрсеткішті қуалып, жаттығу мен оқытудың сауықтыру бағыты шығып, тәрбиелік сипаы жоғалады. Осындай бір жақты көзқарас ереже бойынша қайғылы әрекеттерге әкеп соқтырады.

Футбол шеберлігін меңгеру тірегі болып, футболшының денсаулығының, оның жақсы дене дайындығы, жоғарғы ерік-жігер сапалары болып саналады.

Оқыту және жаттығу процесінде төмендегі талаптар шешіледі:

а) Қозғалыс дағдылары мен ерік-жігер сапалары жетіледі

б) Спортшы ағзасының функционалдық мүмкіншіліктері кеңейеді (тыныс алу, жүрек-қан тамырларының және басқа да жүйелердің)

в) Спорттық жұмыс қабілеттігін сақтау және көтеру

г) Спорт облысындағы білімін кеңейту, өзін-өзі бақылау және гигиена дағдылары бойынша сіңіру

д) Еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу, тәртіпті сақтау, белсенділік және сезімталдылық.

Осы талаптарды жаттығу барысында ретімен шешу адам ағзасының өте кең мүмкіншілігін жоғары спорттық жетістікке жету үшін толығымен пайдалануға мүмкіншілік туғызады.

Қарсылас командалардың шеберлік деңгейінің үздіксіз өсуіп отыруы футболшы дайындығының барлық жақтарына күн сайын талапты күшейтіп отыруды қажет етеді.

Футболшылардың дайындығына қойылатын талаптардың іске асыру жолында, жаттығудың педагогикалық қағидаларын және бірінші кезекте ғылыми басқарудың заңдарын қатаң түрде сақтау арқылы іске асырылады.

Футболшылардың оқыту мен жаттығу құралдары болып дене жаттығулары, гигиеналық факторлар және табиғат күші болып саналады.

Дағдыны қалыптастыру және жетілдіру дене жаттығуларын жүйелі түрде орындау барысында іске асады. Олар көпжақы, оларды таңдау, оқыту және жаттығу процесі барысында қойылады.

Дене жаттығулары күштің көбеюіне, қозғалысты үйлестіруде, жылдамдықты, төзімділікті және ептіліктің жақсаруына септігін тигізеді. Сондай-ақ жүрек-қан тамырларының қызметі, тыныс алу және ағзаның басқа да жүйелерінің, спорттық жұмыс қабілеттің, жүктемеден кейін қайта қайта келу процесінің жылдам өтуіне де септігін тигізеді. Әрбір жаттығу көп немесе аз мөлшерде кейбір

дағдылар мен сапаларға әсерін тигізеді. Сондықтан да дене жаттығулары әсер ету жағдайына қарай таңдап алынады.

Футболшылардың жаттығуындағы барлық жаттығулар шартты түрде үш топқа бөлінеді: 1) жарыстыру, 2) арнайы дайындық, 3) жалпы дайындық.

Жарыстыру жаттығулары – бұл біртұтас қозғалыс әрекеті болмаса олардың жиынтығы, ережені сақтай отырып футбол ойынындағы қозғалыстардың тұратын қимыл қозғалыстар.

Арнайы дайындық – жаттығуларына жарыс қимылдарының элементтері кіреді, олардың нұсқалары, сондай-ақ іс-әрекеттегі қозғалыс, формасы мен сипаты жағынан айтарлықтай ұқсас байқалатын қабілеттіліктер (ойын қозғалыс және комбинациялар).

Арнайы дайындық жаттығу құрамы футбол ойының мақсаттылығына қарайды. Сондай-ақ бұл жаттығулар ойынға нақты тиісті емес. Бұл жаттығулар дағдылар мен сапалардың дамуына әсер етуіне мейлінше бағытталуын қамтамасыз етеді. Өз негізінде арнайы дайындық жаттығулары арнайы дайындық және дамыту болып бөлінеді. Дайындық жаттығулары негізінен қозғалыс техникасын меңгеруде мүмкіндік туғызады. Дамыту жаттығулары дене-күш сапаларын дамыту үшін арналған.

Жалпы дайындық жаттығулары - футболшылардың жалпы дайындығына бағытталған. Оларға әртүрлі жаттығулар өзінің әсер ету жағынан арнайы дайындық дайындық жаттығуына ұқсастай, бірақ олардан өзгеше. Жалпы дайындық жаттығуларының көмегімен дене тәрбиесінің жан-жақты мақсаттары тиімді түрде және негізгі дене сапаларын, футболшылардың қозғалыс дағдыларын шешуге болады.

Футболшылардың жаттығуында қоданылатын барлық жаттығулар негізгі және көмекші болып бөлінеді.

Негізгі жаттығуларға жататындар:

- а) Қозғалыс сапаларының арнайы дамуына және жалпы жетілуіне арналған жаттығулар
- б) Допты игеру техникасын үйрету және жетілдіру жаттығулары.
- в) Тактикалық әдістерді, комбинацияларды және ойын жүйелерін үйрету және жетілдіру жаттығулары.

Көмекші жаттығуларға жататынындар:

- а) Шартты рефлексстің жаңа жүйелерінің құрылуына септігін тигізетін жалпы жетілдіру жаттығулары, негізгі қозғалыс дағдысына ағзаның функционалды мүмкіншілігінің кеңеюі
- б) Қозғалыс дағдысының қалыптасуына және ағзаның функционалды кеңеюіне септігін тигізетін басқа спорт түрінің жаттығулары.

Табиғаттың күші және гигиеналақ факторлар жаттығушылардың ағзасына жақсы әсерін тигізуге септігін тигізеді. Сондай-ақ жүктеме мен демалыстың кезектесіп алмасып отыруы, уақтылы тамақтану, ұйқы мөлшері, тұрмыс және еңбек гигиенасы маңызды роль атқарады [3].

Оқытудың және жаттығудың әдістемесі.

Оқу мен жаттығуды құру кезінде, шұғылданушылардың ерекшеліктерінен санасын меңгеретін сабақтың мүмкіншілігін ескере отырып әр түрлі әдістерді қолдану қажет.

Оқыту және жаттығу процесінде төмендегі әдістемелік топтар бізге белгілі:

1. Көрнекілік әдісі: жаттығуларды схемада көрсету, кинограмма, жарыстар мен оқу материалдарын көрсету.

2. Сөздік әдісі: әңгімелесу, түсіндіру, нұсқалар, ескертулер, сендіру, лекция, баяндама.

3. Тәжірибелік әдістемесі: жаттығулар, олардың нұсқалары (әдістердің бастапқы оқытылуы, тұтас немесе бөлшектеп), көп рет қайталау әдістемесі, кезектесіп, аралық ойын және жарыстыру әдістемесі.

Оқыту процесінде жаттықтырушының көрсетіп және түсіндіруі әдістемесі үлкен орын алады.

Көрсету арқылы жаттығудың орындалуынан мағлұмат алады. Көрсетуге бірқатар талаптар қойылады. Көрсету кезінде жаттығу барлық шұғылданушыларға анық көрінуі тиіс, сондықтан да жаттықтырушы шұғылданушыларға ыңғайлы орыны таңдайды. Жаттығуды көрсету кезінде асықпай, анық және мазмұнды, оқушылардың назарын мейлінше маңызды элементтерге аудару қажет. Допты аяқпен екпіндеп келіп соғу кезінде тірену аяғының допқа қалай қоюын анық көрсету, допты соғатын аяқтың қозғалысына сипаттама беру қажет. Нақты көрсетілсе де, әдісті бірдей меңгеру мүмкін емес. Сондықтан да көрсету түсіндірумен байланысты болуы керек. Көрсету және түсіндіру бір-бірін толықтырып отырады. Допты табанның сыртқы үстірт жағымен алып жүруді үйрету кезінде тек қана көрсету ғана жеткілікті, өйткені бұның алдында табанның ішкі жағымен алып жүруді үйреткен болатын. Дайындығы жақсы футболшылармен шұғылданғанда, өздеріне таныс материалдарға негізделген жағдайда, жаңа техникалық және тактикалық іс-әрекеттерді түсіндірудің өзі жеткілікті.

Күштің жоғарғы деңгейі жылдам қимылда тиімді әсер етеді. Шұғылданушы оны аз уақыт ішінде көрсеткен кезде, футбол тәжірибесінде допты соғу кезінде ол анық байқалады. Көп жағдайларда бұлшық еттері жақсы дамыған футболшылар, бұлшық еттері аз мөлшерде дамыған футболшыларға карағанда допты соғу біршама әлсіз болады. Бұлай болу себебі, бұлшық-ет аралығының тепе-теңдігінің бұзылуынан. Допты соққан кезде санның артқы бұлшық еттерінің қызметі жаттығудың соңында аяқ допқа тиер кезде қосылады, бұл санның алдыңғы жағындағы бұлшық еттердің артқа сермеу қызметіне кедергі жасамау үшін жасалады.

Футболшының ойын процессіндегі әрекетінде күшті қысқа уақыт ішінде көрінуі талап етіледі. Әр түрлі секіру жаттығулары (ұзындыққа екпінді келіп және бір орнынан секіру, классикалық үш дүркін секіру, биіктікке секіру және әсіресе тереңдікке секіру, адам 70-100 см биіктіктен секіріп, лезде әлде – бір қимыл жасау) жарылғыш күштің өсуіне мейлінше тиімді құрал болып есептелінеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Джероян Г.О. Футболшының тактикалық дайындығы — М., "Д және С" 1987 ж.
2. Романов В. "Жасөспірім футболшыларды дайындау— М, "Д және С" 1979
3. Романенко М.И. Футболшының шеберлігін (жүзеге асыру негіздері) М. "Д және С" 1989.
4. Чудинов В.А. Бастаушы футболшының дене тәрбиесі М., "ДжәнеС" 1986
5. Остьянов В.Н. Гадамак И.И. Бокс. Оқу мен жаттығу. Киев, Олимпиадалық әдебиет 2001 ж.
6. Футбол. Энциклопедия. М., 1998 ж
7. Дене тәрбиесінен әдістемелік нұсқаулар (II-басылым) М "Жоғары мектеп" 1993
8. Симаков В.И. Футбол. Парные тактические комбинации. М.,1975.
9. Симаков В.И. Стандартные положения в футболе. М.: ФиС,1973.
10. Хеддсрготт К.Х. Новая футбольная школа. М., 1976
11. Чанади Арпад. Футбол. Техника. М.: ФиС, 1978.
12. Чанади Арпад. Футбол. Тренировка. М.: ФиС, 1976.
13. Футбол. Учебник для вузов. Под ред. Казакова П.Н. М.:ФиС, 1976.
14. Футбол в коллективах физкультуры. Под общ. ред. Брейкина А.Д. М.: ФиС, 1979.
15. Правила игры. М., 1979.

Алшынбаев Кулалбек Ильясович

педагогика ғылымдарының кандидаты, Аймақтық әлеуметтік инновациялық университеті,
Өнер және спорт факультеті, Дене шынықтыру және әлеуметтік ғылымдар кафедрасының доценті
м.а., Шымкент қ., kulalbek@mail.ru

Сейсенбеков Ерлан Кенжебайұлы

педагогика ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Сауықтыру дене мәдениеті кафедрасының доценті,
Алматы қ., Yerlan_fks@mail.ru

Алайдаров Игілік Қантөреұлы

Аймақтық әлеуметтік инновациялық университеті, Өнер және спорт факультеті,
Дене шынықтыру және әлеуметтік ғылымдар кафедрасының аға оқытушысы,
Шымкент қ., igilik_67@mail.ru

Беков Арын Асенович

педагогика ғылымдарының магистрі, Аймақтық әлеуметтік инновациялық университеті, Өнер және спорт факультеті, Дене шынықтыру және әлеуметтік ғылымдар кафедрасының аға оқытушысы, Шымкент қ., Aryn7568@gmail.com

**БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕГІ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІН
ҰЙЫМДАСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ**

***Түйін:** аталмыш мақала Қазақстан Республикасындағы білім беру мекемелерінде «Дене шынықтыру» пәні бойынша оқу үдерісінде тәрбиелік, бұқаралық-спорттық және басқа да іс-шараларды өткізу, сапасын жоғарылату, жаңа түрлерін енгізу, сол арқылы өскелең ұрпақтың дене қасиеттерін жетілдіру жолдары туралы өзекті мәселе көтереді, балалардың дене қасиеттерін тәрбиелеумен қатар, рухани, күш-ерік, адамгершілік және т.б. қабілеттіліктерін шыңдауда зор үлесін қосады.*

***Резюме:** в данной статье поднимаются методы, пути решения острых проблем, введения новых форм, повышения и совершенствования физических качеств подрастающего поколения в учебном процессе, а также проведение воспитательных, спортивно-массовых мероприятий по предмету «Физическая культура» в учреждениях образования Республики Казахстан. Кроме того, наряду с физическими качествами, данные мероприятия совершенствуют силу и волю, морально-духовные, человеческие и другие качества подрастающего поколения.*

***Summary:** this article raises methods, ways to solve acute problems, introduce new forms, improve and improve the physical qualities of the younger generation in the learning process, and conduct educational, sports-mass activities on the subject "Physical Culture" in the educational institutions of the Republic of Kazakhstan. In addition, along with physical qualities, these activities improve the strength and will, moral and spiritual, human and other qualities of the younger generation.*

Дене тәрбиесінің мәні – мектеп оқушыларының дене тәрбиесі халықтың денсаулығы мен еңбекке қабілеттілігін арттыратын маңызды іс.

Мектеп оқушыларының дене тәрбиесі негізгі 3 шартқа тәуелді: а) оқу бағдарламасының күрделене түсуіне байланысты еңбектің қиындауы; ә) бос уақыттағы әр түрлі шаралар: сыныптағы ойындар, мәдени-шығармашылық үйірмелер; б) тұрмыстағы жаһандану. Осы шарттар оқушылардың аз қозғалысы мен отырықшы тұрғыдағы өмір салтын туғызады. Ал, дене тәрбиесі денсаулыққа оң әсер етіп, ағзаның жалпы дамуына, бұлшық еттер дамуына, тірек қимыл жүйесінің дамуына жағдай жасайды.

Спорт пен дене тәрбиесінің мектеп оқушыларының болашақтағы өмірі мен денсаулығына жағдай жасайды. Сонымен қатар, мектептен тыс әр түрлі спорттық үйірмелердің, мекемелердің де әсері мол [1]. Олар оқушылардың бос уақытын пайдалы жұмсауға, денсаулық сақтауға, зиянды қылықтар мен әдеттердің алдын алады. Қоғамдық, эстетикалық, моральдік тәрбие береді.

Дене тәрбиесінің міндеттері.

Дене тәрбиесі әр түрлі себептерге байланысты, екі жақты қарастырылады: арнайы және арнайы емес. Біріншісіне сауықтыру жаттығулары жатса, екіншісіне тәрбиелік, білім беру мәселелері жатады. Осыған сәйкес, дене тәрбиесінің міндеттері келесі топтарға жіктеледі:

Сауықтыру.

1. Денсаулықты дамыту, арқаны тік ұстау, бұлшық еттерді дамыту, тірек қимыл және жүйке жүйесін дамыту, зат алмасуды реттеу;

2. Оқушылардың өздерінің жастары мен жынысына сай, спорттық деңгейін қалыптастыру, спорттық еңбекке қабілеттілігін арттыру;

3. Денені шынықтыру, сыртқы факторға төтеп бере алу қабілетін көтеру.

Білім беру.

1. Өмірлік маңызы зор іс-әрекеттерге баулу: жүріс, жүгіру, шаңғымен жүру, аймақтың ерекшеліктеріне байланысты әрекет ету, тұрмыста және еңбекте қолданылатын қозғалыстарға біліктілікті арттыру.

2. Жаттығу техникасы мен параметрлерін білу.

3. Дененің шымыр болып, кез келген жағдайда жаттығулар орындауға қабілеттілікті арттыру.

4. Біріншіден жалпы дене тәрбиесіне, екіншіден, дене тәрбиесінің түрлері бойынша икемделуін қамтамасыз ету.

Тәрбие.

Дене тәрбиесі арқылы мектеп оқушыларының адамдық қасиеттерін дамыту, моральдік тәрбие беру, эстетикалық білім беру.

Оқушылардың дене тәрбиесі жас мөлшеріне байланысты және жалпы білім бағдарламасына сай жүргізіледі.

Дене тәрбиесін ұйымдастырудың түрлері.

Дене тәрбиесінің үнемі түрдегі сәтті нәтижесі педагогикалық ұжым мен қосымша спорт үйірмелерінің қызметкерлері, сондай-ақ, ата-аналар тарапынан көңіл бөлу нәтижесінде ғана қол жетімді болып табылады. Онда орындалатын іс-шаралар түрлерін дене шынықтыру мұғалімі ұйымдастырады [2].

Әрбір бөлімнің өзінің ерекшеліктері бар өз міндеттері болады:

Дене тәрбиесінің мектептегі бөлімі.

- аптасына 2 немесе 3 рет өткізілетін дене тәрбиесі сабақтары;

- денені шынықтыруға арналған іс-шаралар жүйесі, қоңырау кезінде және үзілістердегі дене шынықтыру мезеттері, жаттығу жұмыстары;

- қосымша дене тәрбиесі сабақтары;

- сабақтан тыс қосымша үйірмелер, топтық жарыстар, туристік серуендер; сонымен қатар, бұл мектептен тыс *спорт мектептері мен мекемелерінде* қарастырылған;

- арнайы спорт мектептері, қосымша үйірмелер, мектептер, спорттық қоғамдар, жаздық шатыржайлар, ұйымдастырылған жарыстар;

- топтық сауықтыру шаралары (таңғы гимнастика, суда жүзу, ойындар, туристік саяхаттар, т.б.), арнайы қарастырылған жаздық және қыстық шатыржайлар мен басқа да іс-шаралар;

- мәдени саябақтар мен туристік базалар ұйымдастыратын топтық ойындар, жарыстар, экскурсиялар, саяхаттар;

Отбасындағы дене тәрбиесі.

- күн тәртібіндегі жаттығулар (таңғы гимнастикалар, шынығу үдерістері);

- спорт түрлеріне байланысты арнайы жаттығулар, дене тәрбиесінен үй тапсырмаларын орындау;

- өз бетінше жүзеге асырылатын ойындар, серуендер, жанұя мүшелерімен бірге саяхаттар, демалыс күндеріндегі туристік саяхаттар;

- тұрғылықты жерде өткізіліп тұратын жанұялық жарыстар.

Дене тәрбиесімен шұғылдану екі түрде болады: міндетті және ерікті. Міндетті түрдегі дене тәрбиесіне мектептегі жоспарлы дене тәрбиесі сабағы жатады. Бұл түрлер ұйымдастырылуы жағынан мерзімді және мерзімсіз болады. Мерзімді дене тәрбиесіне мектептегі сабақтарға, біліктілігі бар ұстаздар өткізетін және өз уақыты бар арнайы үйірмелер жатады. Олардың ерекшелігі сондай, бұл сабақтар қадағаланады және бағаланады, осының арқасында сабақ әсерлі және тиімді сипат алады. Мерзімсіз дене тәрбиесі мерзімді дене тәрбиесінен уақытқа шек қойылмауы және қатысушы құрамның өзгеріп отыруына байланысты ерекшеленеді. Оған мектептегі дене шынықтыру мұғалімі мен ұжым ұйымдастырған түрлі ойындар т.б. жатады [3].

Мектептегі «дене тәрбиесі» пәні міндетті түрде бағдарламаға сай, мақсаты мен міндеттері және күтілетін нәтижелері айқындалған ретте болуы шарт. Сондай-ақ, жаттығуды топтық өткізгенімен, әр оқушыға жеке назар аударып, денсаулығына, жеке мінез-құлқына көңіл бөлінуі тиіс. Бағдарлама дәлелденген ғылыми стандартқа сай жүргізілуі керек. Мектептен тыс мекемелер осыған қосымша дене тәрбиесіне баулып, тәрбие көзіне айнала алуы қажет [4].

Дене тәрбиесінің бағдарламалары.

Дене тәрбиесі бағдарламасының тиімділігі кешендікке және жүйелілікке негізделуі тиіс. Оның әдістемесі, қызметтері тәрбие беруге және сауықтыруға, денені шынықтыруға бағытталуы керек.

Бағдарлама құруда көптеген мәселелер ескеріліп, оқушылардың жасына және контингентіне сай жаттығулар, нормативтік құжаттар бекітілген болуы қажет. Құжаттарда өткізілетін сабақтар әдістемесі анық белгіленіп, нәтижесі мен мақсаты айқындалуы қажет.

Кешенді бағдарлама.

Мектептегі дене тәрбиесінің мақсаттары мен міндеттері, күтілетін нәтижелері, күн тәртібі, ұйымдастырылуы, сауықтыруға бағытталған іс-шаралары сияқты барлық мәселелер «Жалпы орта білім беру мектептерінің I-XI сыныптарға арналған кешенді бағдарламасында» қарастырылады. Онда педагогтар оқушылардың жеке тұлға болып қалыптасуына дене тәрбиесі арқылы әсерін анықтап, оқушылардың дене тәрбиесімен шұғылдануына жасалатын жағдайларды, гигиеналық жағдайларды ойластырады [5].

Бағдарламамен дене тәрбиесі мұғалімі танысуы міндетті. Сол арқылы ол оқушыларға өткізілетін жаттығулар мен іс-шаралардың мақсат-міндеттерін біледі, арнайы ерекше жағдайларды қарастырады, жоспарлаумен, оқушылар үлгерімін бағалаумен танысады.

Кешенді бағдарлама 5 бөлімнен тұрады. Онда мектептегі міндетті сабақтан басқа, спорттық үйірмелер, арнайы топтар жаттығулары мен бағдарламалары қарастырылады.

«Сауықтыруға бағытталған дене тәрбиесінің іс-шаралары», деп аталатын бірінші бөлімі 3 топқа сәйкес жасалған: I-IV, V-VIII, IX-XI сыныптар. «Оқу гимнастикасы» мен «Ұзақ үзілістерде орындалатын жаттығулар» 3 топтың барлығына сәйкес бола береді. «Дене шынықтыру үзілістері» және «Ұзартылған күнге арналған жаттығулар» 1, 2 топтарға арналған.

«Дене тәрбиесі сабақтары», деп аталатын екінші бөлімінде он бір жылдық мектептің әр сыныбына сай жасалған бағдарлама сарамандық және теориялық түрде қарастырылған.

«Кәсіби-қолданбалы дене тәрбиесі» (3-бөлім) IX-XI сыныптарға сәйкес келеді және ол болашақ спорт мамандарына арналып немесе спорттың белгілі түріне байланысты, тереңдетілген білім беруге бағытталған. Сонымен қатар, осы бөлім келешек мамандыққа сай еңбек ауқымын белгілеп, соған сәйкес даярлық жүргізе алады (құрылысшылар, радио аппаратура жасаушылар, ауыл шаруашылық мамандары, т.б.) [6].

«Сыныптан тыс дене тәрбиесі және спортпен шұғылдану» деп аталатын 4-бөлімінде әр түрлі спорт түрлеріне спортшыларды даярлауға бағытталған (гимнастика, жеңіл атлетика, конькимен сырғанау, шаңғы, жүзу, спорттық ойындар, күрес (IX-XI сыныптар), т.б.). Бұл бөлімде әрбір спорт түріне жеке тоқталып, әрқайсысына жеке жаттығулар қарастырылған [7].

«Жалпы мектептік топтық дене тәрбиесі мен іс-шаралар» атты 5-бөлімде туристік саяхаттар, серуендер, ойындар, жарыстар, спорт мерекелері, слеттер сипатталып, жалпы мектептік және аудандық жарыстардың күнтізбелері қарастырылады.

Кешенді бағдарлама соңында екі түрлі кесте берілген. 1-кестеде 11 жылдық мектептің әр сыныбының оқушыларының қозғалыс белсенділігіне сай бағдарлама көрсетіліп, күндік, апталық, айлық, жылдық дене тәрбиесінің уақыттарының жинақталған мәліметтері ұсынылған. 2-кестеде әр сыныпқа нақты жаттығу түрлері көрсетілген (жалпы білім беретін мектептердің типтік оқу бағдарламалары кестесін қара).

Жалпы кешенді бағдарлама мектеп оқушыларының спортқа қатысуы мен дене тәрбиесімен айналысуына жағдай жасауға бағытталған:

- дене тәрбиесін тұрмыстың бір бөлшегіне айналдыру;
- оқушылардың тақырыптық білімін жоғарылату;
- сыныбы мен жасына сай жаттығулар қарастыру;
- бестік бағаның сипаттамасы, себебі, ол стандарттарға сай келуі тиіс;
- дифференциаланған талаптар.

«Дене шынықтыру» пәнінен бағдарлама.

Бұл мемлекеттік бағдарлама мектептегі бекітілген дене тәрбиесінің барлық нормаларын қарастыратын құжат болып табылады. Бағдарлама XI сыныптың өзіне сай бағдарламасын қамтиды және әр тақырыпқа сай жазылған теориялық және сарамандық бөлімдерден тұрады [8].

Жалпы білім беретін мектептердегі оқушылардың дене тәрбиесі туралы ережелері әр мектептің өзіндік жағдайлары, құрал-жабдықтары, спортзалдары және спорт алаңдары т.б. ғимараттарға байланысты ерекшеліктерімен белгіленіп, бекітіледі. Ережеде мектеп оқушыларының дене шынықтыру сабақтарында өзін-өзі алып жүру, мұғалімнің берілген тапсырмаларын орындауға, ауызша айтылған бұйрықтарын орындауға күш салу керектігі айтылады. Әр оқушы өзінің жеке

гигиенасымен қатар, жалпы гигиенаны да ұстануы керек. Берілген мектеп бағдарламасын орындау үшін, өзінің дене қуаты қасиеттерін, күшін жұмылдыра білу керек. Ережеде оқушылардың сабақтан басқа да спорттық, дене мәдениетілік іс-шараларға қатысуы туралы да айтылған. Жалпы алғанда, әрбір мектеп сондай ережені ұстануы үшін, дене шынықтыру мұғалімдері айтылған іс-шараларды өткізуге арналған оқу жылы бойы орындалатын кешендік бағдарлама жасауы керек. Ол бағдарламада мектеп оқушыларының бастауыш сыныптарынан бастап, жоғары сыныптарының оқушылары қатысатындай етіп, жас ерекшеліктерін ескеріп барып жасайды [9].

Мектептегі дене шынықтырудың түсінігі - әрбір сыныпта Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі бекіткен аптасына екі, кейінгі жағдайларда – үш рет өтетін дене мәдениеті сабақтарының өтілуінің тиістігі. Жас ерекшеліктеріне қарай, әр сыныптарда спорт түрлерінен құралған бөлімдерде – аптасына екі сағаттық сабақтар болған жағдайда – оқу жылына 68 сағат, ал аптасына үш сағаттық сабақтар болған кездерде – оқу жылына 102 сағат бөлінеді.

Сабақтардың тақырыптары спорт бөлімдеріне, жас ерекшеліктеріне, мектептің құрал-жабдықтарына байланысты жасайды. Дене шынықтыру сабақтарында жаттығуларды үйрену, спорт ойындары түрлерінің ережелерін біліп, екі жақты ойнай білу, дене мәдениетінің әліппесін білу болып саналады.

Мектептегі дене тәрбиесі – денсаулықты жақсартуды одан әрі жетілдіру үшін, дене шынықтырумен әрі қарай айналысу болып табылады. Алға қойылған міндеттерді орындауда, мысалы, оқушы өзінің дене мүсінін одан әрі жетілдіргісі келіп, жаттығудың түрлерін көбейтіп, дене мәдениеті сабақтарынан тыс қосымша айналысса немесе мектептегі спорт үйірмелеріне қатысып, өзінің денсаулығын одан әрі шынықтырса – дене тәрбиесіне жатады. Мұнда дене шынықтыру мұғалімінің осындай іс-шараларды түрлендіріп, қызықты етіп өткізуге өте ынталы болуы керек. Оқушылардың дене тәрбиесі осымен ғана шектелмейді, оған оқушының өзі қызығушылық танытып, әрі қарай жетілдіруге талпынуы тиіс, сонда ғана ол өзінің жемісін көре алады.

Сабақтардың түрлерінің барлығы кейбір жалпы заңдылықтар негізінде құралады. Оларды білу ұстазға әрбір нақтылы жағдайда білім беру және тәрбие міндеттерін дұрыс және тиімді шешуге мүмкіндік береді.

Ұстаздық тұрғыдан алғанда, жаттығулармен айналысу – сабақтардың мазмұны мен түрлерінің өзара диалектикалық байланыс сипатын айқын түсінудің маңызы зор. Оның ерекше мазмұны белсенді сарамандық қызмет болып табылады, оның өзі бірқатар дербес элементтерден тұрады: дене қимылы жаттығуларының өзі, оларды орындауға даярлық, белсенді демалыс т.б. мазмұн элементтерін белгілі дәрежеде тұрақты біріктіру әдісі жаттығу сабақтарының түрлерін құрайды. Бұған мыналар жатады: сабақ бөлімдерінің ара қатынасы, жаттығуларды орындау тәртібі, шұғылданушылардың өзара қатынасының сипаты, олардың қызметтерін ұйымдастыру әдістері т.б.

Жаттығулармен айналысу сабақтарының құрылымы белгілі дәрежеде шұғылданушылардың жұмыс қабілетінің типтік өзгерістерімен анықталады. Сабақты құру кезінде – оның үш бөлігі: даярлық, негізгі және қорытынды бөлімдерінен тұрады.

Шұғылданудың сабақтық түрлерін анықтайтын басты белгі мұнда оқу-тәрбие үдерісінің нәтижелері үшін, мемлекет пен қоғам алдында жауап беретін маман-оқытушы жетекші рөл атқарады. Сабақтар белгілі тәртіпке келтірілген кесте бойынша жүргізіледі. Сабақтық түрге шұғылданушылар құрамының және олардың жас біркелкілігінің тұрақтылығы тән.

Жаттығу сабақтары жалпы ұстаздық қағидаларға сай жүргізіледі. Олар сабаққа орай мына талаптармен нақтыланып, толықтырылады: сабақтың әсері жан-жақты: білімділік, тәрбиелік және сауықтыру міндеттеріне сай болады, оқыту мен тәрбиелеу бүкіл сабақ бойына жүзеге асырылады. Сабақтарда әдістік жасанды болмауы керек, оқу ісіне барлық шұғылданушыларды, сонымен қатар, олардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, тарту керек. Сабақтарда тек сонда ғана шешілуге тиіс нақтылы міндеттерді алға қою қажет. Сол кезде берілген білім мен үйретілген жаттығу сапалы болады.

Бағдарлама өзімен бірге оқушылардың дене қимылы дайындығы мен дене қимылы білімдерінің деңгейін, дене мәдениеті сабақтарында дене тәрбиесін ұйымдастырып, мазмұнының нормативтік талаптар жүйесін анықтайтын мемлекеттік құжат ретінде белгіленеді [10].

Осы талаптарды сапалы, тыңғылықты орындаған жағдайда оқушылардың дене дамуының жан-жақты және әсерлі болуына, жалпы дене қимылы дамуына, денсаулық негізін қалауына көп септігін тигізеді.

Бағдарлама бөлек-бөлек, өз алдына құралған, бірақ бірі-біріне мазмұны, нормативтік талаптары байланысты он бір сыныптың әрқайсысына жасалған, оқушылардың жас, жыныс ерекшеліктерін ескере дайындалған бөлімдерден, тараулардан тұрады. Әр сыныптың бағдарламасында дене

шынықтыру сабақтарын өтуге арналған оқу материалдары жасалған.

Теориялық материал деп, сабақ барысындағы теориялық мағлұматтарды айтады. Мысалы, әр сыныптың жас ерекшелігіне сай, теориялық мағлұматтардың да спорт бөлімдеріне байланысты өз қойылар талаптары әртүрлі болады. Мәселен, 1-2-3 сыныптар үшін теориялық мағлұматтарға – пайдалы жаттығуларды дұрыс орындау, гигиенасын сақтау, өтіліп жатқан тақырыптардың мәнін түсіну, жаттығуларды ажырата білу т.б. секілді болса, орта буын – 5-9 сыныптар үшін дене жаттығуларының пайдалылығы, спорт бөлімдері түрлерін ажырата білу, дене бұлшық еттерінің пайдалы өсуі, жеке бас тазалығын сақтау, темекі, наша, арақ-шараптардың денсаулыққа зияндылығы т.б. туралы әр сабақта түсіндіру керек. Жоғары буын: 10-11 сыныптар үшін, теориялық мағлұматтардың маңызы кем емес. Онда жаттығулардың орындалу техникасына, педагогикалық міндет-мақсаттарды орындауға арналған тәрбиелік жұмыстарын өткізуге т.б. қажетті мағлұматтар жасөспірімдердің дүниетанымының кеңейтіп, көптеген жаңалықтарды білуге көмектеседі.

Сарамандық материалдар әр сыныптарда жеке бөлімдерден тұрады. Онда дене қасиеттерінің дамуы, дағдылар, үйренушілік жаттығуларынан, спорт бөлімдерінен тұратын жаттығулар кешені болады. Міндетті бөлімдер ретінде жылына берілген 68, немесе қазіргі жағдайға байланысты, Үкімет қаулысы мен жергілікті органдардың шешімі бойынша – 102 сағатты шамамен, жас ерекшеліктеріне қарай бөледі. Мысалы: гимнастика – 28 (38) сағат, қозғалмалы ойындар – 24 (38) сағат, шаңғы немесе дала жарысы – 16 (26) сағат. Бұл мысал ретінде 1-3 сыныптарға арналған шамалас бөлу. 4 – сыныптан бастап 10 сағат – жеңіл атлетика бөлімі қозғалмалы ойындар немесе гимнастика бөлімі есебінен қосылады. 5 сыныптан спорттық ойындар бөлімі қосылады. Оған қозғалмалы ойындар қосымша ретінде 7 сыныпты қоса, өтіле береді де, одан кейін шамамен гимнастика – 16 (20) сағат, жеңіл атлетика – 20 (28) сағат, спорттық ойындар: футбол, волейбол, баскетбол, гандбол – 16 (34) сағат, шаңғы немесе дала жарысы – 16 (20) сағат болып бөлінеді.

Енді, мұнда айта кетер жайттар болады. Мысалы, егер де мектепте дене шынықтыру мұғалімдерінің ішінде көркем гимнастика, күрес, бокс, шығыс жекпе-жек түрлерінен мамандар болатын болса, онда 10-11 сыныптарда гимнастика, дала жарысы сабақтары есебінен ұлдарға бөлек жекпе-жек түрлері, ал қыздарға бөлек көркем гимнастика спорт бөлімдерін қосуға болады. Екінші жәйт: қанша дегенмен ауыл мектептерінде спорт залдарының, алаңдарының жоқтығы қасы. Міне, сондай жерлерде өте алмайтын спорт бөлімдерін балаларға қинап өткізбей, қолда бар құрал-жабдықтармен басқа да өзгермелі спорт бөлімдерін өткізуге бола береді. Осыған байланысты, мектептерде дене шынықтыру сабақтарында жылына берілген 68 немесе 102 сағаттар санының 30% өзгермелі бөлімдермен ауыстыруға болады. Ол деген: гимнастикадан арнайы керекті құрал-жабдықтардың жоқтығынан (гимнастикалық ағаш ат, белтемір, қоссырық, гимнастикалық шығыршықтар, гимнастикалық төсеніштер т.б.) гимнастика және жеңіл атлетика (ұзындыққа және биіктікке секіру, табақша, ядро, гранат, доп, найза лақтыру) спорт бөлімдерін қысқартуға болады. Оның есесіне, спорттық және қозғалмалы ойындары, жекпе-жек түрлері бөлімдерін көбейтуге болады. 10-11 сынып оқушылары арасында міндетті түрде ұлдарға және қыздарға дене шынықтыру сабақтарын бөлек өткізуі тиіс.

Дене шынықтыру сабақтарында спорт бөлімдерін үйреніп, ойнағаннан басқа жалпы дене қимылы дайындығы, дене қуаты қасиеттерін дамытатын, спорт бөлімдері түрлерін үйренуге арналған жаттығулар кешенін үйреніп, жетілдірген жөн.

Әдебиеттер тізімі:

1 Сейсенбеков Е.К. Білім алушының жеке дене мәдениетін тәрбиелеудің педагогикалық әдістері / Педагогика және психология. № 1. (26) 2016. – б.118-122

2 Bjelica Bojan, Joksimović Marko, Seisenbekov Yerlan, D'Onofrio Rosario, Perovic Tijana. The effects of pilates programs on motor skills and morphological characteristics of women, Ita. J. Sports Reh. Po. (2018) 5, 2. – P. 1063-1074

3 Сейсенбеков Е.К., Сержанская Е.Л., Моисеева Н.А. Формирование личной физической культуры детей посредством новых форм организации физического воспитания в учреждениях образования / Наука и жизнь Казахстана, № 1, (35) 2016, 231-233 стр.

4 Антонов О.В. Тимбилдинг с элементами пешеходного туризма как форма проведения внеурочных занятий в школе / Антонов О.В. // сборник статей IX международной научной конференции «Проблемы и перспективы развития спортивных игр и единоборств в ВУЗах», 2013 г.– Белгород-Харьков-Красноярск-Москва – 2013. С. 35-38.

5 Сейсенбеков Е.К. Спорт теориясы мен әдістемесі, Оқулық. – Астана.: ЕҰУ. Нұрлы бейне баспасы. 2013. 331 бет.

6 Ермакова Т.С., Мушкетер Радослав. Методы оздоровительного образования школьников и студентов // *Материалы X Международной научной конференции, посвященной 60-летию БГТУ им. В.Г. Шухова и 210-летию ХНПУ имени Г.С. Сковороды, Харьков. 2014. Ч.2. – 64-67 с.*

7 Сейсенбеков Е.К., Зайченко В.Н., Богданова Н. Актуальные проблемы и социальная сущность школьного спорта в процессе решения мероприятий в спортивно-массовых общеобразовательных школах // *Материалы VIII-межд. научн. конф. Современни тенденции на физическото възпитание и спорта, Софийски университет „Св. Климент Охридски“ Департамент по спорт Университетско издателство „Св. Климент Охридски“, София, 2016. – С. 51-57*

8 I. Mastrogiannis, P. Antoniou et. al. Integrating the Inducement of Cognitive Conflict into the Pedagogical Model of the Tactical Approach to Teaching Volleyball Tactics in Physical Education / *Journal of physical education and sports management. 2017. Vol. 4. No 1. June. 3 (2), - p.p. 1-24*

9 В.Е. Жабиков, Т.В. Жабакова. Педагогическое мастерство учителя физической культуры. Учебное пособие / В.Е. Жабиков, Т.В. Жабакова. – Челябинск. 2016. Изд-во ЮУГГПУ. – 195 с.

10 Сейсенбеков Е.К. Дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесі. Оқулық. Астана.: ЕҰУ баспасы. 2011. – Б. 431.

Абусейтов Бекахмет Зайнидинович

П.ғ.к., доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Өнер факультеті, «Дене мәдениеті» кафедрасы

Әбділлаев Ә. К.

ХҚТУ профессоры Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Өнер факультеті, «Дене мәдениеті» кафедрасы

МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАР ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МАҢЫЗЫ

Түйін: «Мектеп жасындағы балалардың дене шынықтырудың әлеуметтік-педагогикалық маңызы» мақаласы қазіргі заманғы қоғамның қазіргі заманғы тақырыптарының біріне арналады, себебі қарқынды дамып келе жатқан әлем дене шынықтырудың кадрларын даярлауға сапалы жаңа талаптарды ұсынады. Балалардың мектеп жасындағы дене шынықтырудың маңыздылығы - жан-жақты физикалық даму, денсаулықты нығайту және әртүрлі моториканың және дағдылардың қалыптасуына негіз қалау. Мектеп жасындағы балалардың дене шынықтыру тәрбиесінің әлеуметтік-педагогикалық құндылықтарының негізін қалаушылар мектеп жасындағы балалардың толыққанды дамуы туралы біледі, себебі бұл жалпы білім беру проблемаларын шешуге көмектеседі (адамгершілік, еңбек және эстетикалық).

Кілтті сөздер: есірткі құралдары, психотроптық заттар, эстетикалық, функционалды, үйлесімді, мотивациялық, физикалық сапа.

Резюме: Статья «Социально- педагогическое значение физического воспитания детей школьного возраста» посвящена одной из актуальных тем современного общества, так как динамично развивающийся мир предъявляет качественно новые требования к подготовке кадров физической культуры. Значение физической культуры в школьный период жизни детей заключается в создании фундамента для всестороннего физического развития, укрепления здоровья, формирования разнообразных двигательных умений и навыков. Авторы основ социально-педагогических значений физического воспитания детей школьного возраста связывают полноценное развитие детей школьного возраста, так как это облегчает решение общеобразовательных задач (нравственных, трудовых, эстетических).

Ключевые слова: наркотические средства, психотропные вещества, эстетический, функциональный, гармоничный, мотивационный, физическое качество.

Summary: The article "Socio-pedagogical significance of physical education of school-age children" is devoted to one of the actual topics of modern society, as the dynamically developing world presents qualitatively new requirements for the training of physical education personnel. The importance of physical education in the school age of children is to create a foundation for comprehensive physical development, health promotion, and the formation of a variety of skills. The authors of the foundations of the socio-pedagogical values of physical education of school-age children relate the full development of school-age children, since this facilitates the solution of general educational problems (moral, labor, and aesthetic).

Key words: drugs, psychotropic substances, aesthetic, functional, harmonious, motivational, physical quality.

Адам өміріндегі мектеп кезеңінде дене мәдениетінің маңыздылығы жан-жақты; яғни дене дамуы, денсаулықтың нығаюы, әр түрлі бейнедегі дене қозғалысы біліктілігі мен дағдыларының қалыптасуында іргетасын қалаумен қорытындыланады. Осылардың барлығы жеке тұлғаның үйлесімді үндестікте дамуы үшін объективті алғы шарттарының дамуына әкеледі. Мектеп жасындағы балалардың толыққанды дамуы, белсенді дене жаттығуларының тәжірбие жүзінде мүмкін емес.

Дене қозғалысы белсенділігінің жеткіліксіздігінен адамның өсіп келе жатқан ағзасының саулығы күрт нашарлайды, оның қорғаныс күштері әлсірейді, толыққанды дамуы қамтамасыз етілмейді. Осыларға байланысты, тәртіп бойынша табиғи даму шыңы мектеп жасындағы жоғары сынып оқушыларында болады, негізгі дене қабілеттері мен функционалдық мүмкіндіктерін осы жаста тиімді арттыруға болады. Бұл адамның барлық дене сапаларына қатынасы бойынша ең сезімтал кезең болып табылады.

Бұдан кейінірек қандайда бір дене сапасы түрлерін дамыту қиындық туындатады. Содан соң бөлек бұл шақ әр түрлі бейнедегі қозғалыс біліктілігі мен дағдыларын оқытып, үйретуде барынша қол жетімді кезең болып саналады, әр түрлі бейнедегі қозғалыс әрекеті жағдайындағы өмір жолдарындағы қозғалыстарға елеулі тездікте бейнелеуге мүмкіндік туғызады. Мектеп жасында белгілі деңгейдегі ақыл-ой және дене жұмыс қабілеттілігі дамиды, яғни тұтастай алғанда дене

тәрбиесінен теориялық оқу пәні мен міндетті білім бағдарламасын табысты меңгеруге мүмкіндік туғызады.

Дене мәдениетінің элементтері бос уақытты ұтымды пайдалануға мүмкіндік жасайтын, бос уақытты көңілді өткізуге байланысты негізгі құрал болып табылады. Наркотикалық зиянды құралдарды, психотроптық заттарды, спирттік ішімдіктерді, темекі шегу және т.б денсаулыққа жағымсыз әсер ететін бірқатар қоғамға жат, зиянды әдеттерден арылуға көмектеседі.

Қорытындылай келе, ағзаның қарқынды даму кезеңіндегі дене мәдениеті белсенділігі адамгершілік, еңбек, эстетикалық және басқа жалпы тәрбие беру міндеттерін іске асыруда елеулі жеңілдік туғызады.

Мектеп жасындағы балалар дене тәрбиесінің мақсаты балалардың өз денсаулықтарын ұзақ мерзімге сақтау және нығайту үшін дене мәдениеті құндылықтарын белсенді пайдалануға қабілетті еңбек қызметі әрекетінде жандандыру және белсенді демалысты жүйелі ұйымдастыру болып табылады. Дене мәдениеті жүйесінде сауықтыру міндеттері мына дене мүмкіндіктерін дамытудан тұрады:

1. Денсаулықты нығайту, дені сау, денесі жақсы дамыған, дұрыс дене сымбаты қалыптасқан, әр түрлі дене бұлшық ет топтары дамыған, организмнің барлық жүйесі мен олардың қызметі өз уақытында дамыған, жүйке жүйесі бекіген, сол сияқты зат алмасу үдерістерін жандандырады.

2. Әр түрлі жастағылар мен жыныстағылар үшін дене сапаларын үйлесімді үндестікте дамытуды қамтамасыз ету, кіші мектеп жасындағы жаста дене сапаларының жан-жақты дамуына назар аудару қажет, алайда қозғалыс үйлесімділігі қабілетін тәрбиелеуге, сол сияқты қозғалыс шапшаңдығына елеулі ықпал етеді. Орта мектеп жасындағыларда барлық формадағы жылдамдық қабілеттерін тәрбиелеуге барынша көп назар аударылады, сонымен бірге күш компонентінің шегіндегі күштенуінен байланыссыз, жылдамдық- күш дайындығы қосылады. Үлкен мектеп жасындағыларда жылдамдық-күш және меншікті күш қабілетін, сонымен бірге жалпы және анаэробты төзімділікті тәрбиелеу бойынша жұмыс жүргізу мақсатқа лайықты болады.

3. Сыртқы ортаның жағымсыз әсер етуіне организмнің төзімділігін арттыру. Дене тәрбие сабағын жабық спорт ғимараттарында емес, таза ауада өткізген мақсатқа лайықты болады.

4. Жалпы жұмыс қабілеттілігін арттыру және гигиеналық дағдыларды меңгеру. Мектеп оқушылары күнделікті дене жаттығуларын орындауы, су, ауа, күн, процедураларына қатысу, оқу және демалыс, ұйқы режимін сақтау, толыққұнды тамақтану. Әсіресе бұл кіші және орта мектеп жасындағы балаларға жатады, өйткені бұл кезеңде организмнің барлық жүйелерімен функциялары осы кезеңде барынша қортынды жүзеге асады. Дене қозғалысы сапалары мен жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуда дене мәдениеті бойынша білім деңгейін төмендегі тәртіппен жақсартады:

1. Өмірде маңызды қозғалыс біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыру және дамыту.

Оқушылардың қозғалыс біліктілігімен дағдыларының мына бес тобын қалыптастыру қажет (З.И.Кузнецова 1968):

- мектеп жасындағы балалар өзін кеңістікте жүру, жүгіру, жүзу, шаңғыда сырғанаудың жәрдемімен біліктілік пен дағдылар арқылы қозғалуы тиіс;

- қозғалыс кезінде өз денесінің статикалық қалпын және тұрысын басқару дағдысын меңгеру;

- доппен, секіргішпен, лентамен, гантелмен, таяқшамен әр түрлі кешенде қозғалыс қимылдарын орындау біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыру;

- дененің басқа звеноларында қозғалыс қимылдарымен үйлестікте кешенді қозғалысты орындай білу;

- өнерлеп дайындалған кедергілерден өту үшін (тіреп секіру, арқанға өрмелеу, ұзындыққа және биіктікке секіру) кешенді қозғалысты орындай білу;

2. Дене мәдениеті және спорт саласында қажетті білімді қалыптастыру.

Оқушылар мыналарды білуі тиіс:

- дене жаттығуларын орындау шарттары мен ережесін;

- дене жаттығуларын орындаудың организмнің негізгі жүйелеріне әсерін;

- дене қабілеттері мен организмнің функционалдық мүмкіндіктерін арттыруға бағытталған өздігінен орындайтын дене жаттығулар сабағын өткізу және ұйымдастыру ерекшеліктері;

- дене жаттығуларымен шұғылдану уақытындағы негізгі өзін-өзі бақылау әдістері;

- жанұядағы дене мәдениетінің рөлі;

- салауатты өмір сүру бейнесін және т.б қалыптастыруда дене мәдениеті мен спорттың рөлі.

Мектеп жасындағы балаларды дене мәдениеті арқылы тәрбиелеу жұмыстары келесі тәртіппен жүргізіледі.

1. Дене жаттығуларымен өз бетінше шұғылдану қажеттілігі мен біліктілігіне тәрбиелеу, демалыс, жаттығу, жұмыс қабілеттілігін арттыру және денсаулықты нығайту мақсатында оларды саналы түрде қолдану.

Дене мәдениеті және спорт бойынша педагог қызметінде бұл міндеттерді шешу оқушылардың өздігінен шұғылдануының қажетті алғы шартын жасауды қарастырады, ал бұл оқушылардың дене мәдениетінен сауаттылығын арттыру қажеттілігін қамтамасыз етеді; дене мәдениетіне дұрыс мотивацияны ынталандырады; өмірде маңызды қозғалыс біліктілігі мен дағдыларын дұрыс орындау техникасы негіздерін қалыптастыру; оқушыға өздігінен дене жаттығуларымен шұғылдану тәртібін дұрыс құру жүктемені мөлшерлеу, дене сапаларын тәрбиелеудің жүйелі әдісін қолдану, өз денсаулық жағдайына қарапайым өзін-өзі дене даярланғандығы деңгейін бақылауды жүзеге асыру және т.б. [1,2].

2. Адамгершілік, өнегелілік, эстетикалық және т.б. жеке тұлғалық сапаларын, оқу және жарыстық қызметіндегі өзара үйлесімді қатынаста әрекеттестік және ынтымақтастық нормаларына тәрбиелеу, балаларға психикалық үдерістерді дамытуға көмектесу.

Жоғарыда атап көрсетілген міндеттер жалпы білім беру мекемелерінде дене тәрбиесін уақытпен белгілі мемлекеттік нормативтер мен құқықтық құжаттарда ұсынылған. Мектеп жасы кезеңінде дене мәдениетін бағытты пайдалануды барлық жақтар үшін бағдарлық нұсқау рөлін атқарады. Алайда әр түрлі мектеп жасындағы балалар үшін дене мәдениетін пайдалану мүмкіндігіне, жас ерекшелігіне және дайындық деңгейіне байланысты олар нақтылануы тиіс. Мұндай нақтылану Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің нормативтік құжаттарында, балалар мен жасөспірімдер спорт мектептері мекемелерінде, жалпы білім беретін мектептер үшін дене мәдениеті бойынша күшіндегі білім беру бағдарламасында біршама нақтылап ұсынылған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Әбділлаев Ә.К, Мухамеджанов Б.Қ Омаров Б.С. Абусейтов Б.З. Дене мәдениеті және спорт педагогикасы, оқулық, Түркістан «Туран» баспаханасы. 2016. 44-74 беттер.
2. Әбділлаев Ә.К Оңалбек Ж.К Маханбет Е.Т Дене шынықтыру және спорт мамандығы бойынша пәндерді оқыту әдістемесі. оқулық, Түркістан 2016 «Туран» баспаханасы 2016. 12-48 беттер.
3. В. И. Кузнецов Тебрия и методика физической культуры. Учебник, Москва. Издательский центр «Академия» 2012. 228-330.
4. Матвеев Л.П. Теория и методика физической культуры. Учебник, Москва, Д.С 1991, 114-130 Стр.

Ақназаров Серік Баянқұлович

Доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Өнер факультеті, «Дене мәдениеті» кафедрасы

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫН ОҚУ ЖӘНЕ ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ ҮРДСІНДЕ ПАЙДАЛАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

***Түйін:** Мақалада ұлттық ойындары бабалардың тәрбие құралына айналған асыл қазынасына деген көзқарасын құрметтеуге сөз әсемдігі мен мәнерін сезінуге үйретеді. Ұрпақты батылдыққа, өжеттікке тәрбиелейді. Ендеше педагогика ғылымдар балаға ес білгеннен бастап ұлттық ойындар арқылы тәрбиелеуді жетілдіріп, мықтап қолға алудың ұсынғандығы қарастырылған.*

***Кілтті сөздер:** Педагогика, психология, философия, элеуметтік-педагогика, мақсат.*

***Резюме:** Изящество и стиль игры средство воспитания национального сокровищницу предков уважать в статье будущее отношение, учит чувствовать слово. Воспитывает поколения класса. Значит, узнав воспитания ребенка с ес через национальные игры совершенствование педагогических наук, прочно представлении бухгалтерского рук.*

***Ключевые слова:** Педагогика, психологии, философии, социальной педагогика, цель.*

***Summary:** The elegance and style of the game a means of education the national Treasury of the ancestors to respect the article the future of the relationship, learn to feel the word. Nurtures generation class. So, after learning the child's upbringing with the EU through the national games improvement of pedagogical Sciences, is firmly the view of accounting hands.*

***Key words:** Pedagogics, psychology, philosophy, social pedagogics, purpose.*

Қоғамымыздың іргетасын нығайту үшін бүгінгі жастарға үлгілі, өнегелі тәрбие беру - қазіргі міндеттердің бірі. Оқушыда жалпы адамзаттық құндылықтар мен адамның айналадағы дүниемен жеке тұлғалық қатынасын (этикалық, эстетикалық, адамгершілік тұрғысынан) тәрбиелеу мақсатын халқымыздың мәдени рухани мұрасының, салт-дәстүрінің озық үлгілерін оның бойына дарыту арқылы жүзеге асыруға болады. Осымен байланысты бағдарлама халқымызға тән әдептілік, қонақжайлық, мейірімділік, т.б. сияқты қасиеттер, табиғатқа деген қарым-қатынасындағы біздің халыққа тән ерекшеліктер. Жас ұрпақ өз халқының мәдениетімен, асыл мұраларымен ұлттық әдебиеттер арқылы танысып келеді. Халық ойынды тәрбие құралы деп таныған. Қазіргі таңда еліміздің іргетасын нығайту мақсатында жеткіншек ұрпаққа үлгілі, өнегелі тәрбие беру қоғамның алда тұрған міндеттерінің бірі болып саналады [1].

Ойынды сабақтан тыс қолдану оқушылардың ой-өрісін жетілдірумен бірге, өз халқының асыл мұраларын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білу құралы. Бірақ оны жүргізуге арналған нақты әдістемелік құралдар жоқтың қасы. Зерттеу жұмысында орыс тілінде жазылған әдебиеттер қолданылды. Соның нәтижесінде қазіргі таңда тақырыптың өзектілігі туындап отыр. Халық педагогикасының адам, отбасы, өскелең жас ұрпақты тәрбиелеу туралы арман-мақсаттарын, орныққан пікірлерін, ұсыныстарын қамтып көрсететін педагогикалық идеялар мен салт-дәстүрлері өткен мен қазіргінің арасындағы байланысты көрсетеді. Ол тарихи даму барысындағы элеуметтік мәні бар ақпаратта (білім, білік) т.б. жиналып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады. Шәкіртке адамзаттық құндылықтар, қоршаған орта және жеке тұлғалық қатынасын (этикалық, эстетикалық, рухани, адамгершілік тұрғысынан) тәрбиелеуде халқымыздың асыл қазынасының бірі ұлттық салт-дәстүрінің озық үлгілерін баланың бойына дарытуда жүзеге асыруға болады. Қазақтың қанына туа біте дарыған әдептілік, қонақжайлық, мейірімділік, кішіпейілдік, т.б. қасиеттер, адамның табиғатқа деген қарым-қатынасындағы ерекшеліктер біздің халыққа өте тән. Келер ұрпақ халқының мәдениетімен, тарихымен ұлтымыздың ауыз және жазба әдебиеттері арқылы танысып келеді. Қазақ халқы қай заманнан бері ұлттық ойындарды тәрбие құралы ретінде пайдаланған. Бүгінде ойынды сабақта қолдануда оқушылардың ой-өрісін жетілдірумен бірге, еліміздің асыл мұраларын бойына сіңіріп, кейінгі ұрпаққа жеткізе білетін құнды дүниені жадында сақтауға көмектесеміз.

Атадан балаға мирас болып келе жатқан халық педагогикасының ұрпақты тәрбиелеудегі өткен мен қазіргінің арасындағы байланыста қойған жоқ [2].

Халықтық педагогикасында өте ертеден бастау алатын ол-еңбек тәрбиесі. Ежелден жалғасып келе жатқан еңбек тәрбиесінің әдіс-тәсілдері құралы нағыз еңбек болып табылады. Еңбек адамның қалыптасуы мен тәрбиеленуінде бір ұрпақтан екінше ұрпаққа өмірлік тәжірибе береді және халықтың даму барысында шешуші рөл атқарады. Еңбек ету кезінде адамның дене, ақыл-ой, эстетикалық дамуы мен еңбек тәрбиесі қатар жүреді. Сонымен қатар халықтық педагогиканың ең бір көне түріне

жататын тиімді құралдарының бірі ол-ұлттық ойындар. Ойын арқылы бала қоршаған ортаны өз бетінше тани бастайды, жақсы-жаманды ажыратады, әсіресе баланың ақыл-ойы дамып, қиялына қанат бітіп, зердесі толығады.


Мәселен қазақ балаларына арналған ұлттық ойындар:



«Ханталапай»



«Алтын сақа»



«Ақсерек-Көксерек»



«Орамал тастамақ» т.б.



«Тоғызқұмалақ»

«Ойын – тіршіліктің нышаны, еңбекке бейімделудің белгісі, дене мәдениеті мен серугідің құралы». Қазақ халықы туғызып отырған, ойынның түрлері көп. Әрбір ойынның тәрбиелік мақсаттары болады. Мысалы: «Алтын сақа» ойыны бағдарлыққа, дәлдікке, мергендікке үйретсе, «Тоғызқұмалақ», сияқты ойындар ойлау қабілетін арттырады және «Ақсерек-Көксерек», «Орамал тастамақ» ойындары бүкіл дененің тұтас қимылдап шынығуына себеп болады. Ойынның түрлерін қауымдасып ойнау, одақтасып ойнау, жеке ойнау деп, ал мазмұнына қарай тұрмыстық ойындар, шынығу ойындары, кәсіптік ойындар, спорттық ойындар деп топтауға болады[3].

Ойын кезінде қызбалыққа салынып, дөрекі сөздер айту, ысқыру, даурығу әдептілік емес, ал жеңіске жету үшін әділетсіз шешім айту, зоршықшы төрелік жасау барып тұрған мәдениетсіздік және әдепсіздік болып табылады. Әрине ойын болған соң шаттану да қажет, бірақ шаттанудың жөні осы екен деп, орынсыз айқалау-әдепсіздік.

Баланың тәлім-тәрбиесі, іс-әрекеті ойыннан басталады, оның негізгі болашақ өмірінде жалғасын табады. Міне сондықтан да оқушының оқу әрекетіндегі белсенділігін қалыптастыру мен тәрбие ісіндегі рөлінің маңызы өте зор [4].

Бала өзін қоршаған ортаны және өмір сүріп отырған айналасындағы заттар мен құбылыстарды ойын арқылы түсініп, ұғынады. Ойын арқылы баланың танымдық қабілеті өседі. Ең алдымен бала ойын арқылы үлкендердің іс-әрекетімен танысады. Мысалы, бала ойын барысында аяқ астынан өзгертен жағдайда- «Не істеу керек?», міне, осындай әрекеттер төңірегінде ойлана бастайды. Яғни бала топ болып ойнаған кезде өзінің іс-әрекетін басқа ойыншылар түсінетіндей етіп жасауға тырысады.

В.И.Сухомлинский: «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармашылықсыз, қиялсыз толық мәніндегі ақыл-ойы парасаты ұлттық салт-сананы сіңіру арқылы байи түспек» - деген.

Ойын арқылы балалардың еңбекке деген қарым-қатынасы мен қабілеттерін арттырады. Ойынның тәрбиелік маңызы ол-баланы зеректікке, білгілікке баулитынында.

Балабақшылар мен бастауыш мектептерде ұлттық ойынды ұтымды пайдалана отырып, баланы еңбекке баулу және дене шынықтыру пәндерінде оқушылардың өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастыру шарттары теориялық тұрғыдан негізделсе, онда оқушылардың білімге деген құштарлығын арттыруға және халықтың асыл мұрасын бойына сіңіріп, ұлттық сананы қалыптастыруға болады[5].

Демек ұлттық ойындар бабалардың тәрбие құралына айналған асыл қазынасына деген көзқарасын құрметтеуге сөз әсемдігі мен мәнерін сезінуге үйретеді. Ұрпақты батылдыққа, өжеттікке тәрбиелейді. Ендеше педагогика ғылымдар балаға ес білгеннен бастап ұлттық ойындар арқылы тәрбиелеуді жетілдіріп, мықтап қолға алудың ұсынады.

А.А.Диваев «қазақ балаларының ойындары» мақаласында ер балалар мен қыздардың саз балшықтан аң жануарлардың түрлі мүсіндерін жасау, қуыршақтарына киім тігу қабілеттері көрсетіліп, «Соқыр теке», «Көк сиыр», «Бөрік жасырмақ» т.б. ойындардың мазмұнын ашады. Сондай-ақ «қырғыз жастарының көне ойындары» мақаласында, тойда, айттарда ауыл жастарының ат жастары «Қыз қуу», «Көкпар», «Аударыспақ» т.б. ойындары жайында мағлұматтар береді. Әрине бұл ойындардың дене тәрбиесінде алатын орны өзгеше, әсіресе, спорт саласында А. Диваев «Қырғыз балаларының ойыны» деген, еңбегінде ойынның бала тәрбиесіндегі рөлін айта келіп, жас өспірімдерді негізінен үш топқа бөледі:

Бір жастан жетіге дейін – нәресте, жеті жастан он бес жасқа дейін бозбала, ал он бестен отызға дейін – жігіт. Осыған орай ойындарды да сәбилер ойына деп негізінен үш топқа бөлінген, А.Диваевтың ойынды үш топқа бөлуінің себебі біріншісі ежелгі қазақ ойындары, екіншісі қозғалмалы ойындар, үшіншісі спорт ойындары. Сондай ақ А. Диваев мына мәселеге ерекше көңіл бөлген «бұл жерде менің айтарым, егер қыз баланы қолдан жасайтын қуыршақтары мен ер балалардың өздерінің балшықтан жасап алатын жылқы мен түш сияқты жануарлар мүсіні болмаса, қазақта балалар ойыншығы мүлде жоқ, ... Бірақ та антропологиялық көзқараспен қарайтын болсақ, олардың осы ұсқынсыз ойыншықтары баланың өз шығармашылық қиялымен туғандықтан құнды болып есептеледі». Шындығында балалардың өмір сүрген ортасында байланысты алған әсерлері олардың шығармашылық шабытын оятумен қатар өзін қоршаған дүниені танып білуіне мүмкіндіктің бәрі ойын арқылы іске асатыны күмән тудырмасы анық.

Осы орайда қазақтың көрнекті жазушысы М. Әуезовтің: «Біздің халқымыздың өмір кешкен ұзақ жылдарында өздер қызықтаған алуан өнері бар ғой. Ойын деген менің түсінуімше көңіл көтеру, жұрттың көзін қуантып, көңілін шаттандыру ғана емес, ойының өзінше бір ерекше мағыналары болған», -деп тұжырымдайды [6].

Қазақтың ұлттық ойындары туралы қалам тартқан ғалымдар: Е.Сағындықов, Ә.Диваев, М.Жұмабаев, М.Тәнекеев, Б.Төтенаев, М.Балғымбаев, Ә.Бүркітбаев, т.б. ұлттық ойындардың жастар үшін тәрбиелік мәні зор екенін атап өтеді.

А. Диваевтің айтуынша үшінші тобы спорттық ойын түрлеріне мыналар жатады:



«Бәйге»



«Көкпар»



«Аударыспақ»



«Арқан тарту»

Ұлттық ойындар қайрат-жігерді, байқампаздық пен сезімталдықты арттырады. Қай халықтың болмасын, оның ұлттық ойындарының белгілі бір мақсты мен әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан ерекше қасиеттері болады. Сондықтан халық арасында қалыптасқан ойындар туралы сипаттамалық жинақтар, деректер және құжаттар дұрыс зерттеу мен талдауды қажет етеді.

Ұлы бабамыз Әбу Насыр әл-Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие беру керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келекшекте оның өміріне апат әкеледі»-деген. Демек балаға ең алдымен тәрбие беріп, сонан соң ғана білім беруді қолға алуға болатыны осының дәлелі [7].

Басқа бір зерттеуші Сәкен Сейфуллин «Біздің ауылда әнді де, ертегіні де естуге болатын. Кеш құрым, ойын – сауықтар, айтыс жиі ұйымдастырылатын. Бала жастан осы әндер, айтыстар, ошақ қасында естіген осы ертегілер мен аңыздар менің санамда қалып қойды», - деп балалар ойындарын әндермен, айтыстармен байланыстыра қарастырады қазақ халқының өмірінде ойынсыз тірлік бітпеген тіпті көшіп қонуда да жастар көштің аяғын ойынға айналдырып отырған «Бұл елдің ескі бір салты бойынша, көші-қон кезінде жастар әуелі үлкендердің үйін тігісіп береді. Одан соң жетім қалған үйлерді де тігіседі. Ең соңында отау үйлерді қалдырып, ойын – сауыққа айналдырып кетеді», - деп жазған екен Ғабит Мүсірепов «Ұлпан» повесінде .

XIX ғасырдың бірінші жартысында қазақ даласында Сібірге жер аударылған поляк А. Янушкевич өзінің жазып жүрген күнделіктерінде қазақтың ойын сауығының халықтық тұрмыс-тіршілігімен, әдет-ғұрпымен қоршаған ортамен астасып жатқанын таң-тамаша еткенін сөз етеді. «Кешкісін біздің үйде бір қызық болды. Ол әр түрлі аңдар мен құстардың әсіресе, түйенің, құланның, бүркіттің дауысын айнытпай салады. Бұны одан артық айнытпай салу ешкімнің қолынан келмейді», - деп таң-тамаша болған.

Бұл еңбегімізде дене тәрбиесі пәнінің ұрпаққа білім беруде тәрбиелік мәні зор, мағынасы терең дәріс екенін, дәлелдегіміз келеді [8].

Дене тәрбиесі пәннің ұзтазы-тәжірибелі, өз ісінің шебері, шәкірттің жан дүниесін түсіне білетін психолог маман.

Ғалым С. Иманбаеваның пікірінше, патриоттық құндылық дегеніміз – елі мен туған жерін, Отанын сүю, мемлекеттің тәуелсіздігі мен бейбітшілігін, әлемдік тыныштықты сақтау үшін күресуі, өзінің ана тілін, дінін, дәстүрін бүгінгі заман талабына сай ұлттық мүдде негізінде жетілдіру, қоғамдағы ізгілік қарым-қатынасты, табиғат пен адам арасындағы мейірімділікті, ұлтаралық мәдениетті дамытуы [9].

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың 2030 – жылға арналған стратегиялық бағдарламасында «Біз өзіміздің болашағымызды, балаларымыздың болашағын қандай күйде көргіміз келеді, осыны айқындап алатын уақыт жетті» деп көрсетілген. Еліміздегі ұлттық қоғамды кемелендіру үшін ел болашағы жас ұрпақты ұлттық тағылым қағидалары негізіндегі рухтың тәлім және білім негіздерімен қаруландыруымыз қажет. Әлемде өмір сүріп жатқан қай халық болсын өзінің ұлттық рухының негізін өз ұрпағының бойына сіңіріп, құнды қасиеттерді, мінездерді қалыптастырады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сағындықов Е. «Ұлттық ойындарды оқу-тәрбие ісінде пайдалану»// Алматы, 1993ж.
2. «Ежелгі Қазақстан: Қазақстан балалар» энциклопедиясы.- Алматы: Аруна, 2002 ж.
3. Ұзақбаева С. «Тамыр терең тәрбие» //Алматы: «Ғылым», 1995. –232.
4. Несіпбаев Б.К. «Ұлт мәдениеті мен өнері», «Білім» 2003 ж.
5. Атабаев А.С. «Ұлттық ойындар- халық мұрасы», «Кітап» 2006 ж.
6. Джанабаева Р.А. «Оқушыларға патриоттық тәрбие беру» Алматы, 2003ж.
7. Иманбаева С.Т. «Оқушыларды ұлттық жасауынгерлік дәстүр арқылы баулудың педагогикалық негіздері»: 13.00.01 –Жалпы педагогика, педагогика және білім тарихы, этнопедагогика. п.ғ.к. дисс... – Алматы, 1999. –122.
8. Әлімбаев М. «Отанның орны – жүректе: Туған Қазақстан туралы толғамды ойлар» Эссе / М.Әлімбаев.- Алматы, 2000 ж.

Ахмедов А.А.

Оқытушы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті

ӘР ТҮРЛІ СПОРТ ТҮРІНЕ МАМАНДАНҒАН СПОРТШЫЛАРДЫҢ МОРФОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ

Түйін. Мақалада физиологиялық тұрғыдан алғанда әрбір дене тәрбие сабағы организмге түсетін күшті бірте-бірте арттыру негізінде құрылады. Оның негізгі мақсаттары: денені жаттықтыру және шынықтыру арқылы балалардың денсаулығын нығайту, дұрыс қимыл дағдыларын қалыптасыру, жылдамдық пен тәрбиелеу, батылдықты, табандылықты, достық, жолдастық, көпшілдік сезімін тәрбиелеу негіздері қарастырылған.

Кілтті сөздер: анатомия, спорттық морфология, спорттық физиология, спорттық медицина.

Резюме: В этой статье физиологически физическая подготовка строится на постепенном увеличении массы тела. Его основными целями являются: укрепление здоровья детей посредством физической подготовки и физической культуры, формирование правильных умственных способностей, ускорение и воспитание, культивирование мужества, настойчивости, дружбы, дружбы и чувства мира.

Ключевые слова: анатомия, спортивная морфология, спортивная физиология, спортивная медицина.

Summary: In this article physiologically, physical training is built on the gradual increase in body weight. Its main goals are: strengthening the health of children through physical training and physical education, the formation of the right mental abilities, acceleration and upbringing, cultivation of courage, perseverance, friendship, friendship and a sense of peace.

Key words: anatomy, sports morphology, sports physiology, sports medicine.

Кіріспе. дененің дамуын, сондай-ақ конституциялық ерекшеліктерін қалыптастырушы әсерлер көп. олардың ішіндегі бастылары: әлеуметтік экономикалық жағдайлар, сыртқы орта, тамақтану ерекшеліктері, бастан кешкен аурулар, денешынықтыру мен спорт. әрине дене пішіні мен конституциялық ерекшеліктерді анықтайтын көрсеткіштердің ішінде тұқымқуалай берілетіндері де аз емес. олар: бой ұзындығы, тұлға мен аяқ-қол ұзындығы, олардың көлденең өлшемдері және т.б.

Зерттеу әдістері. Баскетболшылар ұзын бойлы, сондықтан да олардың басқа құрылымдық көрсеткіштері де жоғары. Олимпиадада жеңімпаз алты команданың 72 баскетболшысының орташа бой ұзындығы 196,4 см-ді құрайды. Бұл көрсеткіш басқа қатысушылардан 11 см-ге жоғары. Бой ұзындығы командадағы ойыншылардың жүріс-тұрысына байланысты. Ең ұзындары орталықта, орташа бойлылары шабуылшыларда, одан кішілері қорғаушыларда болады. Сәйкесінше 193-187-179 см. Бой ұзындығы 2 м-ден жоғары баскетболшылар саны жыл өткен сайын жоғары топта ойнайтын командаларда көбейіп келеді.

Дене пропорциясы бойынша баскетболшылар көбінесе 47%-ы гигантты типке (аяқ қолы ұзын, кең иықты) немесе 29%-ы тейноидты типке (аяқ-қолы ұзын, қушық иықты) жатады. Баскетболшылар арасында дене пропорциясының гигантты типі осы жиілікте кездеседі (48%). Олардың ішінде ең азы паратейноидты типке (аяғы ұзын, орташа иықты – 16,8%), парагармоноидты типке (орташа аяқты, кең иықты – 15,3%) және тейноидты типке (аяғы ұзын, қушық иықты - 6%) жатады. Осыдан баскетболшылар арасында ерлердің 89%-ы, әйелдердің 71%-ы аяқтары ұзын болып келеді. Әйелдердің дене пропорциясы ерлерге қарағанда аз өзгереді [1].

Зерттеу нәтижелері. Баскетболшылардың дене тұлғасының пішіні – кең иықты, тұлғалы, жамбасы қушық болып келеді. Баскетболшылардың В.В.Бунак бойынша конституция типтері – кеуделік немесе кеуделік-бұлшық етті, Шелдон бойынша 2-(5-6), (2-4), яғни мезоморфты, аздап эктоморфты болып келеді.

Спорт түріне іріктеу кезінде алғашқы кезеңдерде ұзын бойлы жасөспірімдерді тандайды. Бірақ олардың ағзасы аздап қызметі жағынан әлсіз, өйткені жүрек-қан тамырлар жүйесінің дамуы бойдың өсуіне байланысты аздап қалып қояды, сондықтан тез шаршайды. Бұл жағдайды да ескеру қажет.

Волейболшыларда ұзын бойларымен ерекшеленеді. Олимпиадаға қатысқан жеңімпаз ойыншылардың орташа бой ұзындығы 190,8 см, ал қалған ойыншылардікі 185,5 см. Алдыңғы қатардағы ойыншылар ұзын бойлы және дене бітімінің үйлесімділіктері аздап бұзылған. Себебі жұмыс атқаратын қолдың бұлшық еттері біржақты гипертрофияға (бұлшық еттің жуандауы) ұшырайды, сколиоз және кеуде кифозы пайда болады. Спорттық іріктеу кезіндегі құрылымдық критерийлері баскетболшылар сияқты.

Футболшылар ұзын бойымен онша ерекшеленбейді. Дене өлшемдері жағынан ең ірілері – қақпашылар, орташалары – шабуылшылар. Олардың ішінде барлық конституциялық типтер кездеседі, ең жиі кездесетіні Шелдон бойынша 2-6-2 немесе 3-5-3 яғни, мезоморфты, аздап эндо немесе эктоморфты аралас. Футболшылар тотальді дене өлшемдері бойынша спортпен айналыспайтындардан айырмашылығы болмайды. Спорттық іріктеу кезінде тек дене өлшемдерін ғана емес, төзімділік, ептілік және жылдам-күш сапасының көрсеткіштерін де ескеру керек.

Талқылау. Спорттық күрес түрінде спортшыларды дене салмағы бойынша топтарға бөледі, бірақ бой ұзындығын да ескеру қажет. Бойдың ұзын болуы күресшілерге белгілі бір артықшылықтар береді, әсіресе ауыр салмақта. Бірақ бой өскен сайын салмағы артып, абсолютті бұлшық ет күші жоғарылайтынын және салыстырылмалы күштің азаятындығын ескеру қажет.

Егер күресшілерді спортпен айналыспайтындармен салыстырсақ, күресшілердің иығы кең, жамбасы қушық, қол ұзындығы қысқалау. Дене пропорциясы салмақ категориясына байланысты: бойы ұзын күресшілердің 88%-ы гигантты типке, 52 кг-ға дейінгі салмақтағы спортшылардың 69%-ы стифроидты және гипостифроидты типтерге жатады[2].

Күресшілер Шелдон бойынша дененің мезоморфты компонентіне аздап эктоморфты типке жатады. Күшті күресшілердің баллмен бағалау келесі нәтижелерді береді: 3-5-4. Бунак классификациясы бойынша күресшілердің конституциясы бұлшық етті және бұлшық етті-құрсақ типке жатады. Әртүрлі салмақтағы күресшілердің дене салмағының бұлшық етті компоненті бәрінде бірдей 48%. Жеңіл салмақтағы спортшылардың май компоненті 8,8%. Ал ауыр салмақтағы спортшыларды 15,2%-ды құрайды. Осыған байланысты дененің меншікті салмағы ауыр салмақтарда төмен, ал жеңіл салмақтарда жоғары болады.

Ауыр атлет спортшылардың бойы орташа, салмағы ауырлау, кеуде шеңбері кең, жамбасы қушық болып келеді. Дене өлшемдері мен пропорциясы салмақ категориясына байланысты өзгеріп отырады.

52 кг салмақтан 110 кг-ға дейінгі спортшылардың бой ұзындығы 153,1 см-ден 183,4 см дейін жоғарылайды. Ал кеуде шеңбері 86,8 см-ден 124,1 см-ге дейін өседі. Бой ұзындығымен байланысты қол ұзындығы осы салмақтағы категорияда онша өзгермейді, сәйкесінше 43,6 және 44,4%. Аяқтың салыстырылмалы ұзындығы 51,6%-дан 53,6%-ға жоғарылайды. Аяқтың жуандығы салмақтың өсуіне байланысты өсіп отырады.

Ауыр салмақтағы спортшылардың 47%-ның дене пропорциясы гигантты типке, 40%-ы парагормонидты типке, ал орташа салмақтағы спортшылардың 40%-ы парагормонидты, 13%-ы гигантты типке, жеңіл салмақтағы спортшылардың 59%-ы стифроидты типке, 14%-ы гипострифидты типке жатады. Сонымен барлық үш салмақтағы спортшыларға кең иықтылық тән.

Конституция типі Шелдон бойынша 3-7-1 немесе 2-7-2 болып бағаланады, яғни мезоморфты типке жатады. Әртүрлі салмақтағы спортшылардың бұлшық етті компоненті дене салмағының 50%-ын құрайды, әсіресе 100 кг-ға дейінгі салмақта оның үлкен маңызы бар. Ауыр салмақтағы спортшыларда май компоненті көбірек. Ал спортшылардың спорттық дәрежесі өскен сайын, май компоненті азая түседі.

Қазақстандағы зерттеулер бойынша жеңіл салмақтағы спортшыларда бұлшық ет дене салмағының 48,3%-ын, май ұлпасы 9%-ды құрайды, ал ауыр салмақтарда 58,4%-ды және 22,2%-ды құрайды.

Боксшылар денесінің тотальді өлшемдері олардың салмақ категориясына байланысты. Ең төменгіден жоғарғы салмақ категориясына қарай бой ұзындығы 158,5 см-ден 184,7 см-ге дейін өзгереді. Боксшыларда басқа жылдам-күш және төзімділікке негізделген спорт түрлерімен салыстырғанда аяқ-қол ұзындығы салыстырылмалы түрде жоғары болады.

51 кг салмаққа дейін дене пропорциясының 5 типі де кездеседі (гигантты, паратейноидты, парагормонидты, стифроидты, гипострифидты). 60 кг дейінгі салмақта көбі парагормонидты және гигантты типке, біразы стифроидты типке жатады. 67 кг дейін салмақта парагормонидты, гигантты тип жиі кездеседі. 75 кг дейінгі салмақта гигантты тип жиі, ал 75 кг-нан жоғары салмақта тек гигантты тип кездеседі.

Осыған байланысты боксшылар кең иықты, аяқ-қол ұзындықтары ұзын және орташа, жамбасы жалпақ немесе орташа болып келеді. Боксшыларда буын қозғалғыштығы жоғары, әсіресе шынтақ және жамбас-сан буынында. Жеңіл салмақтан ауыр салмаққа қарай абсолютті бұлшық ет күші жоғарылайды, ал салыстырылмалы күші әр 1 кг салмаққа 7,4 кг-нан 6,8 кг-ға дейін азаяды.

Спринт (қысқа қашықтыққа жүгіретіндер) спортшылардың бойы 200-400 м-ге жүгіретіндерге қарағанда қысқа болып келеді. Д.Таннердің көпжылдық зерттеулеріне сүйенсек, әртүрлі қашықтыққа жүгірушілердің тотальді өлшемдерінің ерекшеліктері келесі түрде болып келеді: ең ұзын бойлылар – кедергілі жолмен және 100 м-ге жүгірушілер (184 см), 400 м-ге жүгірушілерде орта есеппен 180 см,

800 м-ге – 178,5 см, 1500 м – 178 см, 5000 м - 173 см, ал 10 000 м-де 172 см, марафоншыларда – 167 см.

Қашықтық артқан сайын бойдың ұзындығымен қатар дене салмағы да азаяды: 401 г/см-де 320 г/см-ге дейін. 100 және 400 м-ге жүгірушілердің дене салмағы орта есеппен 70 кг-нан асады, ал марафоншыларда 4,5 кг-нан 10 кг-ға дейін аз, яғни 60-65 кг.

Жеңіл атлетикада спорттық нәтижеге дененің тотальді өлшемдері ғана емес, оның бөлімдерінің бір-бірімен арақатынасы да әсер етеді. Қысқа қашықтыққа жүгірушілер үшін аяқтың тұлғаға шаққандағы көрсеткіші жоғары болғаны тиімді. Мысалы, атақты Спринт В.Борзовтың бұл көрсеткіші 55%-ға тең, ал спринтерлерге тән орташа көрсеткіш 49%, секірушілерде – 51,5%, ал жаяу жүрушілерде – 48%. Жеңіл атлеттердің конституциясы Шелдон бойынша мезоморфты типке жатады.

Лақтырушылардың спорттық нәтижесі бұлшық ет күшімен рычаг ұзындығына байланысты екені мәлім. Сондықтан олардың бұлшық еттері жақсы дамыған, күшті болып келеді. Қол, аяқтары ұзын, иықтары мен жамбастары жалпақ.

Гимнастар орта бойлы болып келеді: 159 см-ден 165 см-ге дейін. Кеуде қуысы жақсы дамыған, әдетте тым биік не аласа бойлылар халықаралық мамандар ішінде кездесе қоймайды. Дене бітімінің ерекшеліктері: дене тұлғасы аяқ-қолдарына қарағанда қысқарырақ, аяқтары жіңішке, жамбасы тар, сан шеңбері қысқа болады. Гимнаст қыздарға да осы ерекшеліктер тән, сондықтан оны маскулинизация, яғни ерлерге тән бітім деп атайды.

Олардың конституциясы мезоморфты типке жатады: 2-6-2, 1-7-1, 2-7-2, әйелдерде – 1-4-3. Дене салмағындағы бұлшық еттің үлесі басымырақ болуына байланысты дененің меншікті салмағы жоғары.

Қорытынды. Дененің дамуын, оның пішіні мен құрылымдық ерекшеліктерін қалыптастырушы себепшарттардың ішінде дене тәрбиесі мен спорттың орны ерекше. Жүйелі жаттығу барысында әр спорт түріне тиімді дене пішіні қалыптасатыны мәлім. Оған спорттық сұрыптау да әсер етеді. Осыған байланысты біз жоғарыдағы спорт түрлерінде қалыптасатын дене бітімінің ерекшеліктеріне әртүрлі әдебиеттерден мәліметтер жинап, ұсынып отырмыз және бұл мәліметтер спорттық іріктеу кезінде басты көрсеткіштер болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұстафина Т.Қ. *Спорттық медицина. Оқу құралы Алматы, 1997. 23-27, 14-19 бет.*
2. М.Ф.Иваницкий. *Анатомия человека. ФиС. Москва 1985, 531-537 бет, 384-397 бет.*
3. *Детская спортивная медицина. // Тихвинского С.Б., Хрущева С.В. Медицина, 1991. 305-б.*
4. Гуманян Г.С., Мартиросов Э.Г. *Телосложение и спорт – М. ФиС 1976, 194-224 б.*
5. Жұмашева С.Қ. *Спорттық морфология негізіндегі тәнтану. Алматы, 1994, 114-122 бет.*
6. Дембо А.Г. *Актуальные проблемы современной спортивной медицины. –М.: ФиС, 1980.*
7. Дембо А.Г. *Врачебный контроль в спорте. –М.: Медицина, 1988.*
8. Иванов В.В. *Комплексный контроль в подготовке спортсменов. –М.: ФиС, 1987.*
9. *Спортивная медицина. Учебник. // В.Л.Карпмана. –М.: ФиС, 1987.*
10. Хрущев С.В., Круглый М.М. *Тренеру о юном спортсмене. –М.: ФиС, 1982.*
11. Шварц В.Б., Хрущев С.В. *Медико-биологические аспекты спортивной ориентации и отбора. –М.: ФиС, 1984.*

Дуйсенов Оналбек Кынабаевич

П.ғ.к., доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Өнер факультеті, «Дене мәдениеті» кафедрасы

**СПОРТТЫҚ ОЙЫНДАР МЕН ӘСКЕРИ БӨЛІМШЕЛЕРДЕ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАТЫН
ІС-ӘРЕКЕТТЕР**

***Түйін:** Спорттық ойындар түрлеріне қарай дайындаудың мақсаты, міндеттері және негізгі жақтары сараланды. Спорттық ойындар түрлеріне қарай дене тәрбиесінің негізгі мақсаты алдын-ала жоспарланған іс-әрекетінің және спорт түрлері нәтижелеріне жетуді қамтамасыз етуге кепілдік беретін белгілі бір спорттың түрі бөлімше үшін дайындық деңгейінің барынша жоғары мүмкіндігінше жетуге бағытталған спорт түрлеріне дайындалу қарастырылған.*

***Кілтті сөздер:** Педагогика, білім беру, оқытып, үйрету, бағдарлау, өздігінен дамыту, дене дайындығы, дене тәрбиесі.*

***Резюме:** Проанализированы цели, задачи и основные аспекты развития спортивных игр. Основной целью физического воспитания является подготовка видов спорта к видам спорта, которые направлены на достижение максимально возможного уровня подготовки к разделению определенных видов спорта, что обеспечивает достижение результатов запланированных видов спорта и спорта.*

***Ключевые слова:** Педагогика, образование, обучение, образование, ориентация, саморазвитие, физическая подготовка, физическое воспитание.*

***Summary:** The goals, objectives and main aspects of development of sports games are analyzed. The main goal of physical education is the preparation of sports for sports that are aimed at achieving the highest possible level of preparation for the separation of certain sports, which ensures the achievement of the results of the planned sports and sports.*

***Key words:** Pedagogy, education, training, education, orientation, self-development, physical training, physical education.*

Спорттық ойындар баскетбол, волейбол, футбол, қол добы әскери қолданбалы дене дайындығы үдерісіндегі сарбаздардың дене дайындығы мен спорттық қабілетін дамытудың әскери-спорт түрі. Бағытталған спорттық ойын түрлері әскери бөлімшелердегі сарбаздардың сергек, әрі өздері арасында ұжымдық, педагогикалық-психологиялық, анатомиялық-физиологиялық дамуының үлкен көрсеткіші. Әскери бөлімшелердегі спорт ойындары тек спорттық қабілеттерін жетілдіріп қана қоймай, сонымен қатар төмендегі ұжымдық қарым-қатынастарын жүзеге асырады. Олар әртүрлі деңгейдегі тәртіптер болу мүмкін. Спорттық ойындарда табылған жетістіктер өз әсерін басқа тәртіптік бағыныштылықтарға өзгеріс береді. Ол спорттық ойындардың жеке сарбазды ғана емес, командалық тәртіпті кұрайды. Бұл бірлескен іс-әрекеттер тек спорттық ойындар алаңында көрініс табады. Әскери бөлімшелерде ұйымдастырылған барлық шаралар бір-біріне байланыс тудырады. Тек спорт алаңдарында ғана емес, ол әскери жиналыс немесе тағы басқа ұйымдастырылған ұжымдық шаралар болу мүмкін.

Жеке құрамның жалпы жиналысы - бұл демократия, ашық дауыс беру және әріптестілік принциптеріне негізделген тәрбиелеу жұмысының бұқаралық формасы; Онда әскери қызметтің нақты сұрақтары мен мәселелері жалпы талдау және ұжымдық шешім шығару көмегімен жеке құрамның өмірі мен тұрмысына қатысты мәселелер шешіледі.

Бөлімшенің жеке құрамының жалпы жиналыстарында әскери қызметтегілер жеке сөз сөйлеулері арқылы жалпы әскери қызмет, әскери оқу, әскери тәртіп жағдайы, мәдени және спорттық-бұқаралық жұмыстар төңірегінде жеке пікірлерін білдіре алады және оларды жақсартуы үшін тілектері мен кеңестерін бере алады. Ротаның жеке құрамының жалпы жиналыстарында оқыту кезеңі үшін, әскери жарысқа қатысты ұжымдық міндеткерліктерді талдайды және бекітеді. Бөлімшедегі әскери тәртіп және ережеге бағыну мәселелері талқыланады, олардың қорытындысы шығарылады, рота активіне үміткерлер қарастырылады және бекітіледі, басқа да әскери оқу өмірі жәнет тұрмыс мәселелері де шешіледі.

Бөлімше жеке құрамының жалпы жиналысы-тәрбиелеу жұмысының ең күрделі формасы, яғни ротаның басқарма құрамы мен белсенділерінен арнайы, нақты және оны дайындау мен өткізу жөнінен әдістемелік сауатты жұмысты талап етеді.

«Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халықтарына жолдауын ұйымдастырушылық, тәрбиелік және әлеуметтік-құқықтық тұрғыдан жүзеге асыру және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері алдына қойылған міндеттерді орындау туралы» 1997 жылғы 2 желтоқсандығы Қазақстан Республикасы Қорғаныс Министрінің д-23 Директивасы талаптарына сәйкес бөлімше жеке құрамының жалпы жиналысы айына 1 реттен кем болмауы керек. Жалпы жиналыстың тақырыптары немесе күн тәртібі бөлімше командирі тарапынан жеке құрамның оқу-әскери міндеттерді шешуіне байланысты оқыту кезеңінде әскери мемлекеттік-құқықтық дайындықтың бағдарламалары мен жоспары негізінде анықталады.' Бұдан басқа жиналыс тақырыбын жоғары басшылар айқындай алады

немесе өмірдің өзінен алуы мүмкін [1,2]. Жиналыс алдына қойылған мақсаттар мен міндеттерді шешуі, жеке құрамға барынша тиімді тәрбиелік ықпал жасауы үшін, әскери ұжымда түрлі мәселелерді шешуге мүмкіндік беруі үшін, бірнеше дайындық шараларын жүргізуі керек.

Бірінші. Жиналыстың тақырыбы, мерзімі, орны және оны өткізу уақыты анықталады. Бұл мәліметтің барлығы бүкіл жеке құрамға кемінде 7-10 күн бұрын жеткізіледі.

Осы мақсатта түрлі түсті етіп безендірілген және мазмұны түсінікті етіп жазылған хабарландыру көрінетін жерге іліп қойылады. Хабарландыруда немесе жарнамада міндетті түрде мыналар көрсетілуі керек: мерзімі, жиналыстың өткізілу орны мен уақытысы, күн тәртібі және қарастырылатын мәселелердің тізімі, баяндамашының аты жөні мен баяндама тақырыбы.

Бөлімше командирлері мен белсенділері әңгімелесу барысында, ал рота старшинасы кешкі тексерулерде өткізілетін жиналысқа байланысты мәліметтерді ауызша хабарлайды, мәселелерді түсіндіреді, өткізілетін шараға жеке құрамның белсенді қатысуына жұмылдырады.

Екінші. Жиналыстың күн тәртібіндегі баяндамаға бөлінген уақыт анықталады, оны дайындау және жазу, баяндамашыға баяндаманы жазуға және оны оқуға дайындауға баяндамашыға жан-жақты көмек беру мәселелері шешіледі. Баяндама мазмұны нақты анық және тыңдаушыларға түсінікті болуы керек.

Жиналыста баяндама оқылғаннан кейін оны талдау өткізіледі және жиналыстың күн тәртібіндегі мәселелерге талдау жүргізіледі. Жиналысқа қатысушылар белсенділігін көтеру үшін бөлімшенің жауынгерлері, сержанттар, прапоршиктер мен офицерлер арасынан сөз сөйлейтіндердің бірнешеуін дайындайды. Оларға сөйлейтін сөздерінің тақырыптары үлестіріледі, қажетті анықтамалық материалдармен қамтамасыз етіледі. Бөлімше командирлері мен белсенділер сөз сөйлейтіндерге жоспар, тезис немесе толық текстті құруға көмектеседі.

Үшінші. Дайындық барысында міндетті түрде «Жиналыс жобасын» жазу керек, ол «бөлімше жеке құрамы жиналысының жалпы шешімінің» негізі болып табылады. Жоспарланған шаралардың уақыты және нақты жүргізушілердің аты жөндері белгілі болуы керек.

Төртінші. Жиналыс белсенді өтілуі үшін дайындық барысында жиналыстың регламент мәселесі шешілуі керек. Баяндаманың уақыты, сөз сөйлеу, олардың ұзақтығы, саны және үзіліс уақыттары қарастырылуы керек. Мына сұрақтарды да қарастыру керек; Жиналысты кім ашады? Жиналыстың президиумы сайлана ма әлде жиналысты төраға жүргізе ме?

Бұл мәселені шешу үшін бөлімшенің жеке құрамынан үміткерлерді ұсынатындарды алдын-ала дайындап қою керек:

- а) Жиналыс төрағасын;
- б) Жиналыс хатшысын;
- в) Президиум мүшелерін;

Бесінші. Жиналысқа дайындық кезінде оның материалдық қамтамасыз етілуі де қарастырылуы керек. Бөлме қажетті жиһаздармен, қамтамасыз етілген болуы керек. Қажет болғанда транспорттар, мәлімет таблицалары дайындалады, дыбысты күшейту және таспаға басу құралдары да қарастырылуы мүмкін.

Ережеге сәйкес жиналысқа жоғары құрылым өкілдері-штаб, басқарма, бөлім қызметтерінен өкілдер шақырылады. Бұл жағдайда қарастырылатын мәселелерге жақын адамдарды шақырған дұрыс. Мәселен, әскерлер қызметі және әскери дайындық тақырыптарын талдағанда батальон немесе бөлім штабының өкілдерін шақырған дұрыс; Әскери жарысқа байланысты ұжымдық міндеттерді қарастырғанда тәрбиелік құрылымнан тәрбие жөніндегі офицерді шақырған дұрыс, шақырылғандарға жиналыстың мерзімін, уақытын және орнын алдын-ала кем дегенде 2-3 күн бұрын хабарлау керек.

Белгіленген уақытта жиналыс басталар алдында командирдің басқаруымен жеке құрам жиналыс өткізілетін жерге келеді және өз орындарына жайғасады. Командир және жиналысқа шақырылған жоғары басшысылардың бірі келгеннен кейін, бөлімше командирлерінің бірі «Орындарыңнан тұрыңдар! Тік тұрыңдар!» деген бұйрық береді және командирге немесе, оның нұсқауымен, жоғары басшыға бөлімше жеке құрамының жалпы жиналысты өткізуге дайын екендігін баяндайды.

«Еркін тұрыңдар! Отырыңдар!» бұйрығымен, жиналысты ашатын президиумда отырушы немесе жиналыс төрағасынан басқасы өз орындарына жайғасады. Осы сәттен бастап ешқандай бұйрық берілмейді және бөлімше жеке құрамының жалпы жиналысы негізге алатын демократия принциптері іс жүзіне енеді.

Тәрбиелеу жұмысының басқа түрлері сияқты жалпы жиналыс үш құрамдас бөліктен тұрады:

- Кіріспе бөлім;
- Негізгі бөлім;

Қорытынды бөлім. Жиналысты бөлім командирлерінің бірі немесе бөлімше белсенділерінің мүшесі ашады. Жиналысты ашушы адам беделді, ойларын нақты және бәріне түсінікті етіп жеткізе алатын, тілге жатық және тыңдаушылар алдында сөз сөйлей алатын адам болуы керек.

Жиналысты ашушы қатысушыларға тізім бойынша жеке құрам санын хабарлайды, келмегендердің санын және олардың келмеу себептерін көрсетеді, жиналысқа шақырылғандардың лауазымын, әскери атағын және аты-тегін айтып шығады. Осыдан соң ол жиналысты ашу туралы мәселені дауыстауға салады. Дауыс беру ашық түрде және «ия», «жоқ», «қалыс қалу» негізінде қол көтеру арқылы жүргізіледі. Дауыс беру нәтижелері осы ұстамдарға берілген дауыстарды есептеумен анықталады. Содан соң жиналысты ашушы күн тәртібін және жиналыста қаралатын сұрақтармен таныстырады және оларды бекітуді сұрайды. Ары қарай жиналыс регламенті мәселелері талданады. Алдыңғы кезекте жиналысты не төраға не Президиум жүргізетіндігі анықталады. Бөлімше жеке құрамының жиналысының Президиумының құрамы әдетте үш адамнан тұрады: төраға, хатшы және Президиумның бір мүшесі.

Ереже бойынша бөлімше жиналысын жүргізуді бір ауыздан сайланған төрағаға ұсынады.

Жиналыс төрағасын сайлағаннан кейін, жиналысты ашушы жиналысты жүргізу үкімін өзіне алады, қатысушылардың арасына барып отырады. Жиналысты соңына дейін төраға жүргізеді. Бірінші кезекте ол хаттама жүргізу үшін жиналыс хатшысын сайлауды ұсынады, содан соң жиналыс регламентін қарастыруға кіріседі, соның ішінде баяндаманы оқу уақытысы (әдетте баяндамашы ұсынуымен қабылданады), сөз берілетіндердің және қайталап сөз сөйлетіндердің уақытысы (ереже бойынша 3-10 минутқа сәйкес), үзілістің саны мен уақытысы кіреді. Баяндамашының алдында белсендіге сөз беріледі ол алдыңғы жиналыста қаралған мәселелердің шешімінің орындалғандығын хабарлайды және қатысушылардың сұрақтарына жауап береді. Одан кейін сөз баяндамашыға беріледі. Баяндама аяқталысымен оған сұрақтар ауызша беріледі немесе жиналыс барысында бұл сұрақтарды жазбаша түрде Президиумға немесе хатшыға беріледі, ол оны жиналыс төрағасына береді. Баяндамадан кейін оны талқылау оны жазған және одан бұрын сөз алғандардың және сөйлегісі келетіндердің тарапынан жүргізіледі. Сөйлегісі келетіндердің барлығына сөз берген дұрыс. Алайда барлығына сөз беруге уақыт жетпей қалуы мүмкін. Бұл жағдайда жиналыс төрағасы дауысқа салып, пікірталасты жалғастыруды не тоқтатуды шешуді ұсынады. Дауыс беру ашық түрде, қол көтерумен жүргізіледі.

Егер жиналыстың күн тәртібінде басқа мәселелер болса, олар кезегімен талқыланады және ереже бойынша мәселе төңірегінде мәлімет берумен басталады, одан соң жиналысқа қатысушылар мәселені талқылайды.

Жиналыстың негізгі бөлімі баяндамашының қорытынды сөзімен аяқталады. Баяндамашы қорытынды сөз сөйлеуден бас тарта алады, алайда ол баяндама төңірегінде шыққан сұрақтарға, жиналыста қаралған мәселер төңірегінде сұрақтарға жауап беруге міндетті.

Жалпы жиналыстың қорытынды бөлімі жалпы жиналыстың күн тәртібі, жиналысты жүргізу бойынша хабарландырулар мен ескертпелерден шешім шығару процедурасы болып табылады.

Жиналыстың жеке құрамының алдына дайындық кезеңде жасалған «шешім жобасы» қойылады. Жобаны не төрағаның өзі, не белсенділердің бірі оқиды, жоба мәтінімен олар жинатысқа дейін таныстырылады. Бекіту процедурасынан кейін шешім жобасына қатысты ескертулер айтылады, жиналыс құрамы тарапынан ұсыныстар енгізіледі. Барлық өзгертулер, ескертулер және ұсыныстар «шешім Жобасына» енгізіледі, содан соң толықтырылған және жөнделген шешім жобасы «жалпы жиналыс шешімі» түрінде қайта бекітуге ұсынылады. Соңғы жөнделген «Жалпы жиналыс Шешімі» бөлімше жеке құрамының ашық дауыс беруімен бекітіледі. Жиналысқа шақырылғандар дауыс беру процедурасына қатыспайды.

Жиналыстың бекітілген шешімі толық мәтінмен өткізілген жиналыстың хаттамасына енгізіледі, оған жиналыстың төрағасы мен хатшысы қол қояды. Жиналыс шешімінің тараулары жауапты тұлғалар тарапынан, көрсетілген мерзімде орындалуы керек. Жиналыс шешімін орындау барысы келесі жалпы жиналыста жеке құрамға баяндалады.

Жиналыс шешімін бекіткеннен кейін төраға хабарландыру, жиналысқа қатысты ескертулер, дауысқа салынбайтын қандай болмасын ұсыныстар айтқысы келетіндерге сөз береді, Олар есепке алынған соң, жиналысты жабық деп жариялайды. Осы сәттен бастап жиналыс жабық деп есептеледі, ал жеке құрам командир бұйрығына сәйкес әрекет етеді.

Салтанатты жиналыс - бұл тәрбиелеу жұмысының Бұқаралық түрі, ол көңіл-күйге ықпал ету тәсілдерімен жеке құрамға әсер етеді, бөлімше мен бөлімде атап өтілетін шараларға салтанаттылық дарытады.

Салтанатты жиналыстар мемлекет пен Қарулы Күштердің атаулы күндерін мерекелеу үшін, бөлім мен бөлімшедегі маңызды тарихи, мемлекеттік және саяси мәні бар оқиғаларды атап өту үшін өткізіледі. Ереже бойынша, салтанатты жиналыс әскери бөлімше немесе бөлім шеңберінде өтіледі. Сирек жағдайларда, әсіресе бөлімше полк немесе бригаданың әскери ұжымының негізгі бөлімінен алшақ кеткенде, салтанатты жиналыс бөлімшеде де өтіледі.

Салтанатты жиналысты дайындау және өткізу әдістемесінің бөлімшенің жеке құрамымен өткізілетін жалпы жиналыстан айырмашылығы болады. Бұл бірнеше мәселелерге байланысты.

Біріншіден, салтанатты жиналыстың мерекелік сипаты бар және жеке құрамның көңіл-күй сезімін көтереді, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштеріне, бөлім мен бөлімшеге катыстылығына мақтан тұтады.

Екіншіден, салтанатты жиналыс жеке құрамның қызметі мен тұрмысына байланысты ұйымдастыру мәселелерін шешпейді, қорытынды жасудың формасы бола тұра, әскери қызметкерлер мен олардың жанұяларын ағартушылық, отансүйгіштік, саяси және адамгершілік тәрбиелеу міндеттерін қояды.

Ұйымдастыру және өткізу әдістемесіне қарай салтанатты жиналыс үш бөлімнен тұрады:

а) салтанатты жиналысты дайындау;

ә) оны өткізу;

б) өтілген жұмысты талдау, өткізілген шараның қорытындысын жасау және алдағы уақыттардағы міндеттерді анықтау.

Шешетін мәселелері мен міндеттері, дайындық жұмысының көлеміне қарай, бұл салтанатты жиналыстың маңызды сәті, сондықтан оған дайындықты мейлінше ерте, аз дегенде 10-15 күн бұрын бастау керек. Дайындық шарасын тиімді және толық өткізу мақсатында жиналысты жүргізу жоспары қаралады, оны тәрбиелеу және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар бойынша бөлім командирінің орынбасары басқарады, ал бөлім командирі бекітеді.

Жоспар үш бөлімнен тұрады: дайындық; салтанатты жиналысты өткізу; қорытынды жасау және ерекшеленген озаттарды көтермелеу. Салтанатты жиналысты ұйымдастыру және өткізуді тәрбиелеу және әлеуметтік-құқықтық жұмыстар жөніндегі бөлім бастығының орынбасарының жүргізгені ұйғарымды, ол шараны дайындау және өткізуге қатысты міндеттерді үлестіреді, өтілу мерзімін тағайындайды, жалпы басқаруды жүзеге асырады және жауапкершілігі барларға көмек береді. Салтанатты жиналысты дайындау және өткізудің барлық күштері мен құралдары тәрбиелеу және әлеуметтік-құқықтық жұмыс бөліміне шоғырланады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Алғашқы әскери дайындық. Өмір қауіпсіздігі негіздері. №5.2008.*
2. *Алғашқы әскери дайындық. Өмір қауіпсіздігі негіздері. №4.2007.*
3. *ҚР -ның әскери Доктринасы. 10. 02. 2000.*
4. *Проблемы воинского воспитания. Москва, 1988.*
5. *Әскери бөлімше тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру. Түрметов И. Түркістан, 2005.*
6. *А.Ә.Д. І.Аманжолов, А.Тасболатов. 10-11 сынып мектеп баспасы - 2004 жылы.*
7. *Б.Ә.Д. М. Жақсыгелдинов Аламты - 2006 жыл.*
8. *Әскери іс қазақша - орысша терминдер сөздігі.*
9. *Интернет, www.arms.ru*
10. *Қазақ совет энциклопедиясы Т-7 М.Қ.Қаратаев. Х.А.Арыстанбеков. Алматы. 1975*

Дуйсенов Оналбек Кынабаевич

П.ғ.к., доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Өнер факультеті, «Дене мәдениеті» кафедрасы

**ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРДЫҢ ТҮРЛЕРІ ЖӘНЕ ЖАСТАРДЫҢ ДЕНЕ ДАЙЫНДЫҒЫН
ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Түйін: Жастардың бойындағы ағзаның белсенді физиологиялық қайта дамуы, жетілуі байқалады, яғни жас жеткеншекті ер бала мен қыз баланың бойында дене, психикалық және өнегелі өзгерістер болады. Өз уақытысында шаралар қолданылмаса, әлеуметтік бейімдеушілік күрделенуі мүмкін. Жас ерекшелікті ескере отырып жоғарғы жүйке жүйелерінің әрекеттері өзара қарым-қатынас; психолог, дәрігер, ата – аналар, қоғамның тарапынан өз кезегінде көмектер көрсетіп отыруы тиіс екені қарастырылған.

Кілтті сөздер: Педагогика, білім беру, оқытып, үйрету, бағдарлау, өздігінен дамыту, дене дайындығы.

Резюме: Активное физиологическое развитие организма наблюдается у молодых людей, а это значит, что у юношей и девушек есть физические, психические и поведенческие изменения. Социальная адаптация может быть сложной, если не принять своевременные меры. Взаимодействие верхних нервных систем с учетом возрастных характеристик; психолог, врач, родитель и общественность по очереди.

Ключевые слова: Педагогика, образование, обучение, образование, ориентация, саморазвитие, физическая подготовка.

Summary: Active physiological development of the body is observed in young people, which means that young men and women have physical, mental and behavioral changes. Social adaptation can be difficult if you do not take timely action. Interaction of the upper nervous systems taking into account age characteristics; a psychologist, a doctor, a parent and the public in turn.

Key words: Pedagogy, education, training, education, orientation, self-development, physical training

Дене тәрбиесінің түрлерінің тиімділігін арттыру мақсатында ұзақтығы 30-40 минуттан кем болмайтын жалпы дене дайындығы бойынша апта сайын сыныптан тыс қосымша сабақтар ұйымдастырылады. Оларды мектеп мұғалімдері ғана емес, қоғамдық нұсқаушылар да жүргізе алады. Жоғары сынып оқушыларының дене және әскери-қолданбалы дайындығын жақсарту үшін сабақтан тыс уақыттарда «Өжет» әскери-спорттық ойынының, түрлі шаралары пайдаланылады.

Төменде әскер қатарындағы бастапқы жылы дене дайындығынан қойылатын талаптарды келтіре кеткенді жөн санадық. (1 Кесте.)

Кесте талаптар

1 Кесте

р/ с	Жаттығулар	Бағалар		
		үздік	жақсы	қанағат танарлық
1	Кермеде тартылу, саны	12	10	6
2	Кермеде аударылып көтерілу, саны	6	5	3
3	Қос сырықта таянып тұрып бұрыш жасау, саны	12	10	9
4	16 кг кір тасын көтеру, саны	28	24	18
5	Еркін әдіспен 100 м жүзу, мин., с.	1.50	2.5	2.35
6	5 кг – ге шаңғы жарысы, мин.	27	28	30
7	600 г гранатты лақтыру, м	40	35	30
8	3 км-ге дала жарысы (кросс), мин, с.	12.20	12.40	13.20

Жасөспірімдердің дене және бастауыш әскери дайындық тәрбиесінде дене жаттығуларымен жүйелі айналысу қажеттілігі артады. Қозғалыстағы дағдыларын меңгеру және дене қасиеттерін жетілдіру үшін дербес тұрақты жаттығу қажеттілігі қалыптасады, болашақ жауынгерлердің дене дайындығына қойылатын талаптар туралы білімдер жинақталады.

Әскерге шақырылуға дейінгі психологиялық даярлық проблемалары барлық педагогикалық ұжымдардың, өндірістік, ауылшаруашылық, кәсіпорындарының, соғыс ардагерлерінің, әскери бөлімшелердің, ағарту саласында жұмыс істейтіндердің және оқу-тәрбие жұмысына өзге де белсенді түрде қатысушылардың көп күш жұмсағанында ғана шешілуі мүмкін.

Қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының жеделдеуі халық шарушылығына қажетті сапалы да жоғарғы білімді, белсенді, дене және ақыл-ой еңбегіне қабілетті мамандарды даярлауда

және олардың денсаулығын сақтауда дене тәрбиесі маңызды роль атқарады. Қазіргі таңдағы ғылыми-техникалық жүйенің тұрақты дамуы жағдайында оқушы-жастар ағымдағы ақпаратты қабылдап, еліміздегі денешынықтыру қозғалысының басты бағытын анықтай алады. Дене тәрбиесі арқылы әрбір адам жастайынан денсаулығын сақтап, салауатты өмір сүру бағытында үлкен нәтижеге жете алады. Мысалы, студенттің өсіп-жетілуі, жан-жақты дамуы жоғарғы оқу орнына арналған дене тәрбиесінің бағдарламасында қойылған талаптар толық көлемде іске асырылғанда, сабақта және сабақтан тыс уақытта ұлттық спорт түрлері мен ойын түрлерін дұрыс пайдаланғанда және мамандырылған қолданбалы дене тәрбиесінің мүмкіншіліктерін шебер қолданғанда ғана мүмкін болады деп есептейміз. Қазіргі кезеңдегі ұлттық спорт түрлері мен ойындарының негізгі мақсаты дене тәрбиесін жетілдіру және дамыту.

Ойын - тарихи құбылыс. Ұлттық ойын ұлт тарихына, оның мәдениетіне жетелейтін соқпақ сияқты. Ұлттық ойында халық дәстүрі мен салт-санасынан туындаған ұлтқа тән ой-өріс, сапа, дене тәрбиесінің қажетті деп саналатын түрлері көрініс табады. Мысалы, батылдық, төзімділік, сабырлық, көздемпаздық, мергендік, шапшандық т.б. сияқты сапаларды тәрбиелеуге бағышталған. Қазақ ұлтының дене тәрбиесінің формалары мен тәсілдерін қазіргі кездегі педагогикалық тәрбие ісінің негізіне кеңінен пайдалану мәселесі әр кезеңде де сөз болады деуге болады. Бұл мәселемен шұғылданған зерттеушілер де бар. Қазақтың ұлттық ойындарының тарихын республикамыздағы дене шынықтыру мен спорт тарихын байланыстырып, жарыстыра қарастырған М.Т.Тәнекеев, Б.Төтенаев сияқты зерттеуші ғалымдардың еңбектерін айтуға болады, Сондай-ақ қазақтың ұлттық ойындарын жинап, құрастырып, оны өткізудің, пайдаланудың әдістемелік жолдарын құрастыратын Ә.Бүркібаев, А.Молдағаримов еңбектері де ойындарды дене тәрбиесі сабақтарында пайдалануға мүмкіндік береді. Ұлттық ойындар мен спорт түрлерінің жалпы мектептегі, бала бақша-сындағы, жоғарғы оқу орындағы дене тәрбиесі жүйесіндегі маңызына, оның формалары мен түрлеріне арналған бірнеше еңбектерді, Е.Сағындықовтың, Ж.Төлегеновтың, Ж.Хайдаровтың, М.Тұрыскелдинаның, Қ.Құлановтың, т.б. кандидаттық диссертацияларын атап көрсетуге болады. Дене тәрбиесі сабақтарында түрлі ұлттық ойындарды пайдаланудың тиімділігі және оны пайдаланудың жолдары туралы жекелеген мақалалар мен әдістемелік нұсқаулар баспадан жарық көрді.

Қазақтың ұлттық спорт түрлері мен ойындарының мазмұны, формалары мен түрлері жан-жақты тәрбиені қамтиды. Мұнда жасөспірімдерді шымыр да шапшаң етіп тәрбиелеумен бірге көптеген этикалық мәндегі мінез-құлықты тәрбиелеуге, қалыптастаруға, дамытуға да зор мүмкіншілік бар. Бұл әдістемелік құралдан мұғалімдер мен жаттықтырушылар, студенттер, дене тәрбиесі ісін ұйымдастырушылар жоғарғы оқу орындағы дене тәрбиесі ісін жетілдіруге қажетті кейбір жайларды таба алады.

Республикамыздың қазіргі қоғамдық - әлеуметтік дамуы ұлттық спорт түрлері мен ойынды өз деңгейінде дамыту ісін заман талабына сай қарастыруды қажет етеді.

Ұлттық спорт түрлері мен ойындардың мәдени де, рухани да мүмкіншіліктері мол. Қазіргі заманға сай салауатты өмір салтын қалыптастыруға, денсаулықты шынықтыруға тигізетін пайдасы зор. Мысалы, қазіргі кезде қайта жаңғырған Наурыз мерекесі ұмыт болған ұлттық ойындар мен сайыстар түрлерін жандандыра түсуге зор ықпалын тигізіп және оларды халық арасында кеңінен насихаттауға жол ашып беріп отыр.

Ұлттық спорт түрлері мен ойындар түрлері көптеген мектептерде, оқу орындарда Наурыз мерекесінде кеңінен насихатталып, түрлі формада қайта жаңғыртылуда. Тек мереке сайыстарда ғана емес әсіресе, дене тәрбиесі сабақтарында және сабақтан тыс уақытта олардың түрлерін пайдалануды іс тәжірибеге енгізу ісін кешеуілдетуге болмайды. Себебі тез, шапшаң қимылға негізделген ұлттық ойындар түрлері сабақтың әсерлілігін көтеруге мүмкіншілік береді. Халықтың тұрмыс-тіршілігінің сарқылмас күшін білуге жағдай туады.

Ойын - үлкен қазына, тарихы тереңде жатыр, ұлттық ойын мазмұны мен формасы жағынан әр алуан. Бірақ ұлттық дәстүр, салт-санадан туындайтын, солардың көрінісі ретінде қалыптасқан ұлттық ойындар командалық және командалық емес болып бөлінеді. Кейбір ойындар сабақтың дайындық, бөліміне үлкен пайдасын тигізсе, кейбір ойындар негізгі қорытынды бөлімдерінде пайдаланылады. Көпшілік ойындарды өткізу үшін қымбатқа түсетін спорт құралдарының қажеттігі жоқ. Олар кез-келген аланда, ашық алаңқай жерде өткізіле береді. Міне, бұл тараптан да ұлттық ойындардың өміршеңдігін баса айтуға болады. Ойынның тәрбиелік мәні зор. Далада еркін өскен қазақ халық қажырлылықты, шыдамдылықты, жолдастық көмекке келуді, тез шешім алуды т.б. көптеген саналық қасиеттерді тәрбиелеуге ойынның қосар үлесін ертеден-ақ білген, соған икемделген. Бұл құралда беріліп отырған ойындар адамның табиғи мүмкіншіліктерін арттыруға,

жасөспірімдерді шапшаң жүру, жүгіру, нысана көздеу, ату, күш сынасу т.б. сияқты сапаларды жетілдіруге көмегін тигізеді.

Ұлттық ойындарды өткізудің, өзіне тән ережесі, шарттары болады. Ойынға қатысушылар арасындағы қарым-қатынастар осы ережелерге сай реттеледі. Әр ойында ойнаушыларға ережеге сай әр түрлі шарттар қойылады.

Құралдың бұл бөлімінде қазақтың ұлттық ойындары мен спорт түрлерін ұйымдастыруға жеңілдік беретін әдістемелік кеңес беріледі. Бұл ойындарды дене тәрбиесі сабақтарында, сондай-ақ сабақтан тыс уақытта да дене шынықтыру мақсатында пайдалануға болады.

Қазақтың ұлттық спорт түрлері.

Қазақша күрес.

Қазақша күрес тек ұлттық спорт түрі ғана емес, оның аты, маңызы, құндылығы ерекше орында. Мысалы, Балуан Шолақ, Қажымұқан аталарымыз жол салған қазақша және классикалық күрес дәстүрі бүгінде жалғасып, одан әрі дамуда. Бұл күрес бойынша әлемдік, одақтық тұғырларға көтерілген есімдері әйгілі А.Айқанов, А. Ғабсаттаров, А.Мұсабеков, Ш.Серіков, Ж.Үшкөмпіров т.б сияқты балуандарды атауға болады.

Қазақша күресте белдесу басталар алдында палуандар белбеудің түсіне сәйкес қызылмен және көкпен белгіленген диагонал бойынша қарама-қарсы бұрышта тұрады. Кілемдегі төреші белгі бергеннен кейін палуандар кілемнің ортасына шығып қол алысады да, содан соң қайтадан орындарына барады. Төрешінің ысқырғанынан соң палуандар кілемнің ортасына қайта шығып, белдесуді бастайды.

Екі палуанның да, белбеуден қалай ұстаймын десе де еркі. Белдесу аяқталған соң палуандар кілемнің ортасына, төрешінің екі жағына шығып тұрады. Нәтиже хабарланғаннан кейін және жеңімпаздың қолын жоғары көтеру рәсімінен соң, палуандар тағы да қол алысып, кілемнің үстінен кетеді.

Жанадан бастап жүрген палуандар үшін жарыс ұзақтығы 6 минут 3 минуттан екі кезең, арасында бір минут үзіліс.

Күрес кезінде палуандар төрешінің рұқсатынсыз кілемнен кете алмайды. Күрес осы уақыт бойына екі палуанның бірі жеңілгенше жүреді.

Халық жасаған мұралар сан алуан. Аға ұрпақ өз білгенін, өз көкейіне тоқығанын кейінгі буынға мирас етіп, іс-әрекет үстінде көзін қанықтыра беруден бастаған. Солардың бірі - ұлт ойындары. Халықтың сәби шағымен бүгінгі өскелең дәуірінің куәсі ретінде, адам баласының фантазиялық ой жүйесінің заңды жалғасы ретінде оны үйренудің тәжірибеде пайдаланудың үлкен білімдік, тәрбиелік маңызы бар.

Ұлт ойындары — интернационалдық тәрбиенің құралы. Олай дейтініміз ұлт ойындарының арасында өзара үндестік, тығыз байланыс бар.

Ойынға тек ойын деп қарамай, халықтың ғасырлар бойы жасаған асыл қазынасы, бір жүйеге келтірілген тамаша тәрбие құралы деп қараған орын-ды. Бұл пікіріміз жалаң болмас үшін, заманымыздың заңғар жазушысы, ұлы ойшылдарының бірі — Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің мына бір пікірін еске ала кетейік: "Біздің халқымыздың өмір кешкен ұзақ жолында, өздері қызықтаған алуан өнері бар ғой. Ойын деген, менің түсінуімше, көңіл көтеру, жұрттың көзін қуантыш, көңілін шаттандыру ғана емес, ойынның өзінше бір мағыналары болған".

Қазақ халқының ұлт ойындарында ұрпақ қамын ойлаған, бір жүйеге келтіріп өрнектелген ой мен әрекеттің, құпия философияны түсінуге жетелейтін адамгершілік үлгі-өнегенің желісі бар. Қазақ халқының ұлт ойындары негізінен алғанда үш жүйеден тұрады: ойын-сауық, дене шынықтыру, спорт және ой шыңдау[1,2].

Жас бала ойынға алдымен үйренуші, көруші, есе келе соған белсенді қатынасушы, келесі кезеңде өзге ге үйретуші, жаттықтырушы, ұлғая келе көруші жанкүйер ретінде қатынасады. Амал қанша, кейінгі 50-60 жылдың көлемінде ұлт ойындарына көңіл бөліп, елеп-ескермеудің нәтижесінде, көбі ұмыт болып, мүлде жоғалуға жуық.

Халқымыздың эпостық жырларының бір - "Қобыланды батырды" алайық. Қобыландының жат жұртқа барып, бәсекеге түсіп, алтын (қабак) теңгені атып түсіріп, мерейінің үстем болуы, Құртқа секілді балауса жастың соншалық білгірлігі ертегіден гөрі шындыққа жақын екенін мойындаған жөн. Бұл — сол заманның шындығы және сол заман тәрбиесінің жемісі. Сонымен бірге бұл шындық - жастарға деген зор ілтипат, сенім мен ықыластан туған нағыз халықтық тәрбиенің жемісі.

Ұлт ойындарын семья тәрбиесінен бастап, мектептегі жеке пәндерді оқыту барысында, үзілістерде, ұзартылған күн топтары мен жұмыстары, мектепте өткізілетін ертеңгіліктер мен кештерде дидактикалық, қосымша материал ретінде пайдалануға болады. Ойынның түрлері

оқушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты іріктеліп алынуы тиіс. Ұлттық ойындар сонымен бірге сол халықтың даму тарихынан да хабар береді.

Оқушының сабақты жақсы меңгеруінің бір айқын кепілі — оның сөйлеу тілінің дамуына байланысты. Халқымыздың ежелден келе жатқан дәстүрлі жұмбақ, жаңылтпаш сияқты ойындары — тіл дамытудың әсерлі құралы.

Сабақ барысында ойын элементтерін дидактикалық құрал ретінде пайдаланудың тек бастауыш сыныптарда ғана емес, сондай-ақ жоғары сыныптарда да пайдасы мол. Ойын арқылы баланың бойына адамгершілік қасиеттермен қатар білімге, өнерге құштарлығы қалыптасады. Тіпті нашар оқиды-ау деген оқушылардың өздері де ойын элементтері араласқан сабаққа зер салып, ынталана түседі. Ойын араласқан жерде жарыс болмай тұрмайды. Оқушылар жолдастарынан қалып қоймау үшін сабаққа белсенді қатынасып, қойылған сұрақтарға жауап іздеп, ойлана бастайды. Сабақта ойын элементтерін қолдану оқушының ой – өрісін дамытуға әсер етеді.

Ойын араласқан сабақ оқушыларға әсерлі болып, олардың білуге құмарлығын арттырып, түсініктерін кеңейте түседі.

Бастауыш сыныпта математика сабақтарындағы қолданылатын дидактикалық басты принциптердің бірі - көрнекілік. Мұндай көрнекі құралдардың бірі - абақ. Абақ — өзіндік тарихы бар ежелгі есеп құралы. Бұл аспапты арифметикалық амалдарды орындау үшін көне дәуірлердегі гректердің кең қолданғаны туралы тарихи деректер сақталған.

Біздің бақылауымызша, сыныптарда математика сабақтарын оқыту процесінде көрнекті құрал - абақ ретінде, қазақтың ежелгі ұлттық ойыны "Тоғыз құмалақ" тақтасын пайдалануға әбден болады. Тоғыз құмалақ өзінің құрылым — түзілісі жағынан ертедегі есептеу құралы — абаққа ете ұқсас.

Халқымыздың ғасырлар бойы жасаған ұлт ойындарының бір түрі ой шынықтыру ойындары болса, оның көп қоры бұл күнде ұмыт болып, бізге жетпей отыр.

Халық ойындары ақыл-ойдың дамуышы, өнер жарыстыруға, білгенін ортаға салу секілді ізгі мақсаттарға жол ашады. Сондықтан ойын арқылы әрі тынығады, әрі ұжымдыққа, ұйымшылдыққа үйренеді. Төзімділік, шыдамдылық пен ұстамдылық, өзін-өзі тежеу сияқты қасиеттердің алғашқы қажеттігін сезіну де осы ойыннан басталады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Оралбек *Ф.Т.*, Бегалиев *Б.*, Ғилаев *Ғ.М.* «Алғашқы әскери дайындық» пәні жайындағы ойлар мен толғаныстар. //Әдістемелік журнал «Алғашқы әскери дайындық». №1, Алматы. 2007. - 5-9 б.
2. Момышұлы *Б.* Екі томдық шығармалар жинағы. 1 том, Алматы.: Жазушы. 2004ж. - 55 б.
3. Өмірбеков *С.А.* Алғашқы әскери дайындық пәнін инновациялық әдіспен оқыту. //Әдістемелік журнал: Алғашқы әскери дайындық. № 1, Алматы. 2007. -12-13 б.
4. Мұхтаров *С.* Жоғары сынып оқушыларын дене тәрбиесі сабақтарында ҚР Қарулы Күштерінде қызмет етуге даярлау //Әдістемелік журнал: Алғашқы әскери дайындық. №10, 2004. – 46-47б.
5. № 490-1 «Дене шынықтыру мен спорт туралы» Қазақстан Республикасының заңы. Алматы. 1999.
6. Айтықов *Ә.* Оқушыларды патриотизмге тәрбиелеу. Алматы.: Мектеп, 1997.
7. Пакин *Д.П.* Әскерге шақырылуға дейінгі жастардың дене дайындығы бойынша әдістемелік ұсыныстар. Алматы.: республикалық оқу баспа кабинеті. 1989.
8. Иманбаев *С.Т.* Оқушыларды ұлттық жауынгерлік дәстүр арқылы ерлікке баулудың педагогикалық негіздері. Педагогика ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация авторефераты. Алматы.: Ғылым баспасы, 1997.
9. Тасболатов *А.Б.* (ҚР Қорғаныс министрі орынбасары генерал-лейтенант). Қарулы Күштері Жастар бастамалары орталықтары белсенділерінің ІІ-ші Бүкілармиялық кеңесінің баяндамасы. //Әдістемелік журнал: Алғашқы әскери дайындық. Алматы. 14 наурыз 2003; 27 ақпан 2004.

Абусейтов Бекахмет Зайнидинович

П.ғ.к., доцент, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Өнер факультеті,
«Дене мәдениеті» кафедрасы

Абдукаримов Баймурат Усенович

Аға оқытушы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Өнер факультеті,
«Дене тәрбиесі» кафедрасы

ДЕНЕ САПАЛАРЫН ДАМУДА ҚОЛДАНУ ӘДІСТЕРІ

Түйін: Мақалада қимыл-қозғалыс әрекеттері мен арнайы жасалатын жаттығулар баланың күш-қайратын ғана арттырып қоймайды, сонымен бірге оның ойлау, есту, есте сақтау, байқау, аңғарту, зейінділік сияқты оқып білім алуға өте қажетті қабілеттерін жетілдіреді. Сабаққа ынтыласы артып, жалпы біліктілігі жоғарылайды.

Кілтті сөздер: Педагогика, психология, философия, әлеуметтік-педагогика, мақсат.

Резюме: В этой статье движения и упражнения не только увеличивают силу ребенка, но и улучшают способность учиться, такие как его мышление, слух, запоминание, наблюдение, ясность и чувствительность. Внимательность урока увеличивается, и общая квалификация возрастает.

Ключевые слова: Педагогика, психологии, философии, социальной педагогики, цель.

Summary: In this article, movements and exercises not only increase the strength of the child, but also improve the ability to learn, such as his thinking, hearing, remembering, seeing, clarity and sensitivity. The attention of the lesson increases, and the overall qualification increases.

Key words: Pedagogics, psychology, philosophy, social pedagogics, purpose.

Жекелеген бұлшық еттерді, дамыту үшін күшті молайтуға арналған арнайы жаттығулар орындалады.

Бұлшық еттерді дамыту үшін жүру мен жүгірудің, екі бала бір-біріне қарсылас ретінде және жүйелі түрде тыныс алудың маңызы ерекше.

Жылдамдық қабілетін жетілдіру:

Жылдамдық қабілетін жетілдіруге арналған жаттығуларға негізінен жүгірудің әрқандай түрлері және жылдамдықпен тікелей байланысты болып келетін қимыл-қозғалыс ойындары жатады. Жылдамдық қабілетін жетілдіруге арналған жаттығулардың түрлері мынадай:

1) орындалуы қиындатылған жаттығулар: жотаға (дөңеске) 3-4 рет жылдам жүгіріп шығу немесе баспалдақпен көтерілу, ағаш үгіндісі төгілген жолмен жүгіру;

2) соқпақ жолда уақытты белгілей отырып жоғары қарынмен жүгіру;

3) жоғарыдан төмен қарайғы жақын қашықтықта бар екпінмен жүгіру. Жылдамдық қабілетін жетілдіру жаттығуларын орындау алдында бұлшық еттерді қозғап, қалдырып алу керек.

Төзімділік қабілетін жетілдіру:

Төменгі сынып оқушыларының төзімділік қабілеті әлі жетілмеген күйде болады. Мәселен, 9-10 жастағы баланың 9 минут бойы жұмыс істеу кезіндегі төзімділігі ересек адамдардың осы уақыт ішіндегі жұмыс қуаты мен төзімділігінің 40%-індей ғана. Тек 10 жастан бастап баланың төзімділік қабілеті біртіндеп арта береді.

Төзімділік қабілетін жетілдіре бастау үшін де арнайы жаттығулар орындау керек. Мысалы, әр түрлі қашықтыққа жүгіру, шаңғымен жүгіру және басқа да денеге күш түсіретін күрделі жаттығулар баланы төзімді болуға жаттықтырады.

11-12 жастағы бала жүгіру арқылы өзінің төзімділік қабілетін жетілдіруге болады. Ол үшін 200-300 метрге дейінгі қашықтықты шамамен 2-3 минут аралығында жүгіріп өтудің үлкен маңызы бар. Осы қашықтықтың 30-50 метрге дейінгі жерін қайткенде де жоғары қарқынмен (жылдам) жүгіруге болады. Осылайша тұрақты жүгіріп дағдыланған оқушының төзімділік қабілеті жетіліп, 1-2 айда жылдамдық көрсеткіші де артады.

Төзімділік қабілетін жетілдіре берудің келесі сатысында 200-400 метрге дейінгі келесі қашықтықты 1,5-3 минутта жүгіріп өтуге дағдылану мақсаты қойылады. Жүгіретін қашықтықты да біртіндеп өсіре берген жөн.

Дене құрылысының жетіліп, қалыптасуына қарай жаттығуларды да бірте-бірте күрделендіре берген дұрыс. Әр түрлі қашықтыққа жүгіруді шаңғы, коньки велосипед тебумен ұштастыра төзімділікті шындай түсуге үлкен көмегін тигізеді.

Ептілік қабілетін жетілдіру:

Қажет болған жағдайда қимыл-қозғалысты өзгерте қоюға ептіліктің тигізетін әсері зор. Епті, икемді болып өсу үшін әр түрлі қимыл-қозғалыстарды бір мезетте үйлесімді, шебер орындай білуге дағдылану керек.

Ептілік қабілетін жетілдіруге негізінен гимнастика, акробатика, жеңіл атлетика жаттығулары және қимыл-қозғалыс ойындары пайдаланылады. Ептілікке баулудың қарапайым әдіс-тәсілдері мыналар: әр түрлі қашықтықтарға жүгіру, кедергілерден өту, дұрыс бағыт-бағдар ұстауға арналған жаттығулар орындау.

Қозғалыс үйлесімділігін яғни ептілікі жетілдіретін жаттығуларды дұрыс, тиімді орындауға дағдылану үшін белгілі бір орында жасалатын қозғалыс түрін бір уақыт ішінде орындап үлгеруге дағдылану керек. Мысалы, епті палуан белгілі бір күресте әдісін тез арада қолданып үлгереді. Еркін қозғалу, тепе-тендікті сақтау, қарқынды қимыл жасау әрекеттері де ептілік қабілетін жетілдіре түсуге көмегін тигізеді.

Дене шынықтыру жаттығулары ағзада жүріп жататын физиологиялық процестердің дұрыс өтуіне жағдай туғызады. Дене жаттығуларының ынтаны арттыру және жаттықтыру ықпалы негізінен орталық жүйке жүйесі арқылы жүзеге асады. Белсенді дене жаттығулары бүкіл ағзаға әсер ететіндігімен құнды. Жүйелі түрде жүргізілген дене жаттығуларының әсерінен өзгермейтін бірде-бір ағза жоқ.

Дене еңбегімен айналысқан кезде ағзада пайда болатын заттар жүрек бұлшық етінің жиырылу қабілетін күшейтуге ықпал етеді.

Дене тәрбиесі, Л.П.Матвеевтың анықтауы бойынша, «өзіндік ерекшелігі қимылдарға үйретуде (қимыл әрекеттеріне) және адамның дене қабілеттерін тәрбиелеуде (дамуды басқаруда) болатын тәрбиенің бір түрі. Қолданбалы жағынан дене тәрбиесі адамның басқа тәрбие түрлерімен бірлікте әлеуметтік шарттарға тәуелді шынайы өмірге (еңбек, әскери және т.б. қызмет) дене дайындығының процесі болып табылады, және жеткілікті әлеуметтік шарттарда дене тәрбиесі тұлғаның жан-жақты дамуының факторларының бірі маңызына ие болуы мүмкін» [1]. Ю.М.Николаевтың [2] пікірінше, дене (денелік) және рухани (әлеуметтік) бастаулардың үйлесімі, олардың ажырамас бірлігі адамның дене мәдениеті құндылықтарын игеру және жетілдіру процесіне қатынастың әдістемелік позициясының негізіне айналуы тиіс.

Дене тәрбиесінің рөлі кейбір жағдайда баға жетпес болады, себебі адамның тіршілік әрекетінің қозғаушы қызметі мен реттелуі қимыл белсенділігіне, гомеостазистің функционалды көріністерінің алуан түрлілігін, оның ішінде мінез-құлықты болжауды бағдарламалаушы қимыл анализаторына тәуелді болады. Білім беру мен тәрбиенің, оның ішінде дене тәрбиесінің қалыптасқан жүйесі дене және рухани кемелділікке қол жеткізу мақсатымен оқушы-жастардың өзін-өзі тәрбиелеуіне, дамытуына мотивацияның қалыптасуына бағытталуы тиіс. Біз сауықтыру кешендеріндегі дене шынықтыру мен спорт күнделікті шұғылдану оқушы-жастардың жүйке-психикалық, дене және рухани жағдайының жақсаруына септігін тигізеді, оларды салауатты өмір салтына бағыттайды, күшті мінезді қалыптастырады, мақсатқа ұмтылуды, еңбек сүйгіштікті және басқа да дене мүмкіндігін психикалық қалыптастырудың негізі болып табылатын тұлғаның көптеген еріктік қасиеттерін қалыптастырады деген пікірді қолдау керек.

Дене шынықтыру Л.П.Матвеевтың анықтауы бойынша, - қоғам мәдениетінің маңызды бөлігін – оның адамның мақсатқа бағытталған дене жетілуінің арнайы құралдарын, әдістері мен шарттарын жасау және орынды қолдануды жетістіктерінің тұтас жиынтығын құрайды.

Дене шынықтыру және спортпен айналысу мақсатқа бағытталған және ұйымдастырылған сипатқа ие және әдетте ұжымда өтеді. Ұжымдағы бір-біріне көмек көрсету, бір-біріне талапшылдық, жоғары тәртіп, өз әрекеттерінде ұжымның мүдделерінен шыға білу, жоғары еңбексүйгіштік – осының барлығы дене шынықтыру-спорт жұмысының барысында сауықтыру кешендерінің аясында тәрбиеленеді.

Дене шынықтыру қозғалысында адамдардың жеке және қоғамдық мүдделері өзара сабақтасады. Спорттық қызметке қатысу спортшыға өз-өзін жеңуден, жоғары спорттағы нәтижелерге қол жеткізуден эмоционалды қанағаттану сезімін береді. Егер бұл сезім ұжымның, команданың мүдделері арқылы өтетін болса, күрестен және жеңістен алынатын қуаныш күшейе түседі. Сайыста өз ұжымының ар-намысын қорғай келе, спортшы үлкен ерлік, шынайы спорттық қаһармандықты көрсетуге қабілетті.

Даму – адамның сандық және сапалық өзгерістерінің болуы мен нәтижесі. Даму нәтижесінде адам биологиялық түр және әлеуметтік тіршілік иесі болып жетіледі. Егер адам сана және өзіндік санаға ие болып, өз бетінше жаңғыртушы іс-әрекет орындауға қабілетті болса, онда ол адам «тұлға» деп аталады. Адам тұлға болып туылмайды, ол қасиеттік дәреже даму барысында қалыптасады.

«Адам» ұғымынан өзгеше «тұлға» түсінігі – адамның қоғамдық қатынастар, басқа адамдармен араласу ықпалында қалыптасқан әлеуметтік сапа-қасиеттерін білдіреді.

Адам дамуы–бұл өте күрделі, ұзақ мерзімді және қарама-қайшылықты процесс. Біздің ағзамызда болып жатқан өзгерістер өмір бойына жалғасады. Ал адамға тән дене болмысы мен рухани дүниесі, әсіресе, балалық және жас өспірімдік шақта қарқынды ауысуларға кезігеді. Адамның дамуы сандық өзгерістердің қарапайым жиынтығы немесе төменнен жоғарыға бағытталған ілгерілі қозғалыс тобы емес, бұл процестің өзіне тән ерекшелігі–сандық өзгерістердің оқушының физикалық, психикалық және рухани сапалық қасиеттеріне диалектикалық түрде өтіп, жаңа сипат алуы. Бұл құбылыстарды түсіндіруде әр түрлі көзқарастар қалыптасқан. Мамандардың бір бөлігі адамдардың дамуын кездейсоқ, басқаруға келмейтін өзінше жүрісі бар, даму өмір шарттарына тәуелсіз, сондықтан, тумадан берілген күштерге байланысты; адамның дамуын ешкім, еш уақытта өзгертуі мүмкін емес, тағдыр белгілейді. Ал басқа бір зерттеушілер тобының пайымдауынша: даму–бұл әуел бастан қозғалысқа қабілетті тірі материя. Даму жолында ескі жойылып, жаңа туындап жатады. Өмірге енжар икемделуші жануарлардан адам дамуы үшін қажеттерін өз еңбегімен жасай алатындығымен ажыратылады.

Дамудағы қозғаушы күш–қарама-қарсылықтар тайталасы. Қарама-қарсылықтардың арқасында үздіксіз қайта жасалулар мен жаңғыртулар дүниеге келеді. Қарама-қарсылықтар–бұл өзара екі қарама-қарсы күштердің бір-біріне сыйымсыздығынан туындайтын диалектикалық процесс. Адам қайшылықтарды іздеп немесе ойдан шығарып, әлектенуінің қажеті жоқ, олар қадам басқан сайын өмірлік қажеттіліктердің өзгеру салдарынан пайда болып отырады.

Сонымен, адамның дамуы сандық және сапалық өзгерістердің желісі мен нәтижесі. Даму барысында адам тұлғаға айналып, сана мен өзіндік сана, дербес жаңғыртушы іс-әрекет иесі болып жетіледі. Дамудың қозғаушы күші–қарама-қарсылықтар күресі. Адамның дамуы ішкі және сыртқы жағдайлармен анықталады.

Адамның даму процесі мен оның нәтижесі үш өзекті жағдаяттардың бірлікті әрекетімен жасалады, олар – нәсілдік, қоршаған орта және тәрбие. Негізге «нәсілдік» деп аталатын адамның тума, табиғи ерекшеліктері алынады. Нәсілдік – бұл атадан балаға берілген тұрақты сапалар мен ерекшеліктер. Нәсілдікті тасушы–биологиялық ген (грек сөзі – туындатушы). Организм қасиеттері табиғат жаратқан гендік кодтарда өрнектеліп, белгілі ақпарат күйінде тіршілік өкілі тәнінде сақталатынын және бірден бірге ауысып отыратынын бүгінгі ғылым дәлелдеп отыр. Генетика – адам дамуының нәсілдік бағдарлама құпияларын ашып, жариялады. Адамның нәсілдік бағдарламасы адамды адам кейіпінде танытатын жалпы, сонымен бірге әрбір адамның басқаға ұқсас өзгешелігін білдіретін айырықша детерминатты (тұрақты) және ауыспалы бөліктерді өз ішіне алады. Нәсілдік бағдарламаның тұрақты бөлігі адамзаттық ұрпақ жалғастыру және адам тегіне тән нышандарды – сөйлеу, тік жүру, еңбек іс-әрекеті, ойлау т.б. қамтамасыз етеді. Атадан балаға адамның сыртқы белгілері: дене құрылысы, шаш, көз, тері түстері – ауысады. Қан тобы, резус-фактор, ағзадағы ақуыздардың әртүрлі бірлігі қатаң генетикалық бағдарламаға тәуелді түзілген.

Адамның жүйке жүйесі, мінезі, психикалық процестердің өту ерекшелігі осы нәсілдік қасиеттер тобынан. Ата-аналар тәнінде болған жүйке жүйесінің кемшіліктері, олардың арасында психикалық күйзеліс, сырқаттар – патологиялық ауытқулар ұрпақтан-ұрпаққа өтіп отырады. Сондай-ақ, қан аурулары, қант диабеті, кейбір эндокриндік бұзылыстар, мысалы – ергежейлілік, нәсілдік сипатқа ие. Ұрпаққа ауыр зиян келтіретін жағдаяттардың бір тобы – ата-аналардың маскүнемдік және нашакорлық әдеттері.

Қазіргі уақытта кеңес дәуірінде реттелген, шақыру комиссияларымен тығыз байланыста жұмыс істеген жасөспірімдік медицина жүйесінің мүлдем қирағанына куә болып отырмыз. Спорт үйірмелерінде шұғылданатын жасөспірімдердің саны едәуір азайды, олардың көбі қазір қол жетерлік емес, ал жастардың белгілі бөлігіне компьютерлік клубтар қызығырақ болып отыр. Бұл нәтижесінде өскелең ұрпақтың денсаулық жағдайының нашарлауына әкелді. Жыл сайын шақырылатын контингенттің әскери қызметке жарамдылығы төмендеуде. Қазір әрбір екінші әскерге шақырылатын бозбала әскери қызметке денсаулық жағдайы бойынша жарамсыз болып табылады деген сандар келтіріліп жатыр. Бұл жерде ойланарлық мәселе жеткілікті.

Осылайша, өскелең ұрпақтың денсаулығын нығайтудың жан-жақты реттелмеген қызмет жүйесі іс жүзінде қираған болып шықты. Және бұл тек әскерге шақырылатын контингент ретінде ғана емес, ең алдымен, келешек деп табылатын жастардың денсаулығына барынша көңіл бөлу керектігі.

Жастардың денсаулығының нашарлауы жас ұрпақтың дене тәрбиесінің деңгейінің төмендеуімен тығыз байланысты. Дене шынықтыру өскелең ұрпақтан барынша алыстай түсуде, ал бұл жастардың ортасындағы түрлі жағымсыз құбылыстар мен процестердің туындауына әкеледі. Ақылы жүйені

ендірумен бірге спорт залдарына, бассейндерге бару жас адамдар үшін қол жетерлік нәрсе болудан қалды. Бұл салада мемлекет өзінің ұйымдастырушылық ролінен айырылды, себебі оның спорт үйірмелерінің жұмысын қаржыландырумен және тұтастай спорттық-дене шынықтыру шараларын өткізумен айналысуға мұршасы жетпейді.

Жоғарыдан баяндалғаннан шығатыны, дене шынықтырудың мектептегі ролі бүгінгі таңда өте үлкен, себебі оған негізінен өскелең ұрпақтың дене тәрбиесінің жүктемесі артылады.

Нәсілдік бағдарламаның ауыспалы бөлімі адамға тіршілік жағдайларының өзгермелі шарттарына икемдесіп баруына көмегін тигізеді. Нәсілдік бағдарлама жетілдіре алмаған адамның сапа-қасиеттері өмір бойы жүріп жататын тәрбиемен толықтырылады. Бағдарламаның бұл бөлігін әрбір адам өз бетінше дамыта алады. Осылайша табиғат әрбір адамға өзіндік даму және өзіндік жетілу жолымен өзінің адамилық мүмкіндіктерін іске асыруға жол ашады. Сонымен, тәрбие қажеттігі адамға оның табиғатынан берілген. Балалар өз ата-аналарынан нені мұра етіп алады – ақыл әрекетіне дайын қабілеттерді немесе қабілеттерді дамыту үшін қажет, мүмкін болған нышандарды ма? Эксперименттік зерттеулерде топталған деректерді талдау бұл сұрақтарға нақты бір жауап мүмкіндігін берді: нәсілдіктен өтетін қабілеттер емес, тек қана – нышандар. Әулетке өткен нышанның кейін дамуы да мүмкін не қолайлы жағдайлар болмаса, өшіп кетуі де ықтимал. Бәрі тұрмыстық жағдайға байланысты: егер адамның нәсілдік бастаулары нақты қабілетке өту мүмкіндіктеріне кез болса және тұрмыс шарттары, тәрбиесі, адам мен қоғамның қажеттері орынды үйлесім тапса, нышан қабілет деңгейінен көрінеді.

Жан-жақты зерделеп отырған қиымыл дене тәрбиесін ұйымдастырудың шаралары ретінде пайдаланылады: Сабаққа дейінгі гимнастика, дене шынықтыру үзілістері, ұзақ үзілістегі дене жаттығулары мен аранйы сауықтыру жұмыстары жатады. Мұндай шараларды өткізу маңызды және ол мынадай міндеттердің шешімін қамтамасыз етуі керек: оқу күнінде қозғалыс режимін белсенді ету және оқушылардың күнделікті тұрмыс-тіршілігін дене тәрбиесіне енгізу, олардың денсаулығын нығайту және қозғалыс мәдениетін жетілдіру, ақыл-ой тазалығын қамту және оқу қызметінде жұмыс қабілеттілігінің тиімді деңгейін ұстау, ұйымшылдық пен саналы тәртіп дағдыларын қалыптастыру.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 2007ж.
- 2 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы: «Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері». Егемен Қазақстан 2010ж.
- 3 Жұмабаев М. Педагогика. – Алматы: Ана тілі, 1992. -106 б.
- 4 Бөлеев Қ., Бөлеева Л.Қ. Мұғалім және ұлттық тәрбие.-Алматы: Нұрлы әлем, 2000.-116 б.
- 5 Сәбит Бап-Баба. Жалпы психология. – Алматы, 2005.-340 б.
- 6 Бабанский Ю.К. Избранные педагогические труды. – М.: Педагогика, 1989.
- 7 Божович Л.И. Личность и ее формирование в детском возрасте. – М.: Просвещение, 1968. - 464 с.
- 8 Выготский Л.С. Собр. соч. : в 6 т. / Под. ред. А.В.Запорожец. – М.: Педагогика, 1985. Т.1.-103 с.
- 9 Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С. Қазақ тәлім – тәрбиесі. - Алматы: Санат, 1995.
- 10 Лесафт П.Ф. Собранные педагогические сочинения. Т.2 - М., 1962.. С.122-125.
- 11 Уаңбаев Е. Дене тәрбиесінің негіздері. – Алматы: Санат, 2000. – 72 б.
- 12 Оңалбек Ж.К. Ұлттар арасындағы дене тәрбиесі мен спорт. – Алматы: РБК, 1997. – 126 б.
- 13 Тайжанов С. Дене мүмкіндіктерін тәрбиелеу. – Алматы: Мектеп, 2004. – 96 б.
- 14 Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы, 1978. – 144 б.
- 15 Тілеулов Э.Ж. Дене тәрбиесінің ілімі мен әдістемесі. Оқу құралы.2003
- 16 Сағындықов Е. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы, 1991. – 77 б.
- 17 Оразбекова К.А. Ұлттық психология мен халық тәрбиесі болашақтың бастауы хақында. – Алматы: Дәуір, 2000. – 544 б.
- 18 Тайжанов С. ЖОО дейінгі жастардың дене тәрбиесі.
19. «Жалпыға бірдей құқықтық білім мен тәрбие беру туралы» №2347 ҚР Үкімет қаулысы 03.05.1995.
20. Қ.Р.Білім Мәдениет және Денсаулық министрлігінің бұйрығы №490 14.09.1998.
21. Қ.Ахметов «Тәрбие және жаңа әдіс тәсілдер», «Білім технологиялары» № 1. 2006.

Оразов Ш.Б.

д. п. н., профессор МКТУ им К.А.Ясави

ЗАКАЛИВАНИЕ К ХОЛОДУ В РЕЖИМЕ УТРЕННЕЙ ГИМНАСТИКИ

Түйін: Ағзаның бейімделуі көбінесе ауа-райының өзгеруіне және климаттық жағдайларға бейімделу процесі ретінде қарастырылады. Бірақ дене шынықтыру құралы ретінде беріктендіру туралы айтатын болсақ, қолайсыз жағдайлардың әсерінен туындайтын ағзаны бейімдеу ғана емес. Тазалауды ағзаның қарсылығын арттыратын, тез және денсаулыққа зиян келтірмейтін әртүрлі экологиялық жағдайларға үйрету қабілеті бар белгілі бір жүйеде саналы қолдану ретінде қарастыру қажет. Бейімделу құралдарының қол жетімділігі олар әрдайым қолда бар, ең бастысы - кез-келген жағдайда кез-келген уақытта кез-келген түрде немесе басқа түрде пайдалануға болады. Олар күрделі жабдықтар мен арнайы құралдарды талап етпейді; оларды шебер қолдарда пайдалану жолдары қиындықтарды тудырмайды.

Кілтті сөздер: бейімделу, гимнастика, эксперимент, жүктеме, температура

Резюме: Закаливание чаще всего рассматривается как процесс приспособления организма к меняющимся условиям погоды и климата. Но говоря о закаливании как средстве физического воспитания, мы имеем в виду не только приспособление организма, происходящее под влиянием неблагоприятных условий. Закаливание надо рассматривать как сознательное применение в определенной системе мероприятий, повышающих сопротивляемость организма, воспитывающих способность быстро и без вреда для здоровья применяться к различным условиям внешней среды. Доступность средств закаливания заключается в том, что они всегда под рукой, главное в том, что можно использовать в том или ином виде, в любое время года, в любых условиях. Они не требуют сложной аппаратуры и специальных кабинетов; способы их применения в умелых руках не представляют затруднений.

Ключевые слова: закаливание, гимнастика, эксперимент, нагрузка, температура

Summary: Hardening is most often seen as the process of adapting the organism to changing weather and climate conditions. But speaking of hardening as a means of physical education, we mean not only the adaptation of the organism that occurs under the influence of unfavorable conditions. Tempering should be considered as a conscious use in a certain system of measures that increase the resistance of the organism, educating the ability to apply quickly and without harm to health to various environmental conditions. Availability of hardening means is that they are always at hand, the main thing is that you can use it in one form or another, at any time of the year, in any conditions. They do not require complicated equipment and special cabinets; the ways of using them in skillful hands do not present difficulties.

Key words: hardening, gym, experiment, load, temperature

Общеизвестно, что больший оздоровительный эффект утренней гимнастики достигается в том случае, если совместно с ней выполняются закаливающие холодовые процедуры. Сочетанное воздействие физических упражнений и закаливающих охлаждений кроме оптимизации работоспособности организма обладает значительным эффектом в профилактике простудных заболеваний. Существует мнение о целесообразности применения охлаждений после выполнения комплекса утренних гимнастических упражнений, но при этом в процессе анализа литературы установлено, что к очередности сочетания физической нагрузки с закаливающими процедурами в настоящее время нет однозначного методического подхода.

Целью нашего исследования было определение наибольшего закаливающего было определение наибольшего закаливающего эффекта охлаждений до, в середине и после комплекса утренней гимнастики[1].

Методика исследования принимали участие практически здоровые мужчины-студенты спортсмены. Испытуемые были распределены на четыре группы: три экспериментальные и одну контрольную. Состав групп подобран таким образом, чтобы в каждой было одинаковое количество спортсменов, занимающихся как в помещении, так и на открытом воздухе. Экспериментальные группы проводили закаливание в сочетании с физической нагрузкой в следующих режимах: 1-я группа - закаливающая процедура по физической нагрузке, 2-я - после нее, 3-я - в процессе выполнения упражнения, в середине комплекса утренней гимнастики. В каждой из экспериментальных групп было по 10 чел. Испытуемые 4-й, контрольной, группы, состоявшей из 11 чел., не закаливались. Исследование было организовано в марте, в течение 26 дней ежедневно с 7 ч утра, за час до начала учебных занятий, в помещении факультета физического воспитания. Температура воздуха в период исследования колебалась от -10 градус до +2градусов. В связи с ограниченностью времени эксперимента и имеющимися рекомендациями и возможности применения практически здоровыми людьми воздушных охлаждений значительной интенсивности было выбрано

закаливание воздухом раздетых по пояс испытуемых около здания на участке, максимально защищенном от ветра. Время охлаждения изменялось в диапазоне от 1 до 2 мин в зависимости от температуры воздуха настолько, чтобы интенсивность холодовой нагрузки во все дни была примерно постоянной. Согласно опросу, все испытуемые переносят холод нормально, без проявления признаков переохлаждения и жалоб на самочувствие. Физическая нагрузка, состоящая из комплекса упражнений типа утренней гимнастики, проводилась в течение 15 минут в спортивном зале размером 36\18 м в комфортных условиях[2].

Один из основных критериев, отвечающих требованиям оценки стоимости как физической, так и температурной нагрузки, показатель потребления кислорода, объективно отражающий энергетические затраты на обеспечение деятельности в заданных условиях. Методом неполного газового анализа с применением спирографа «Метатест 1» определяется расход энергии в процессе физической и холодовой нагрузок. Исследование энергетической стоимости комплекса утренней гимнастики и холодового воздействия показало, что комплекс физических упражнений по мощности относится к нагрузке ниже умеренной, а короткое по времени охлаждение воздухом служит сильным раздражителем большой интенсивности.

До начала исследования и по его окончании и испытуемых всех групп в течение 10 минут измерялась скорость восстановления температуры кожи после местного дозированного охлаждения, достаточно информативный тест в оценке приспособления организма человека к холоду. Полученные данные исходной температуры кожи и поминутного восстановления температуры к исходному уровню во всех группах были статистически обработаны. Скорость кожной сосудистой реакции групп испытуемых оценивалась по площади неправильной геометрической фигуры, построенной на диаграмме средне арифметических групповых данных восстановления температуры кожи после местного дозированного охлаждения. Линия АВ проведена из деления на шкале температур, соответствующего температуре кожи до охлаждения. Линия ВС ограничивает площадь полученной фигуры согласно времени измерения восстановления температуры кожи. Величина площади полученной фигуры в условных единицах. По нашему мнению объективно отражает динамику кожной сосудистой реакции в условиях ограниченного времени наблюдения 10 минут. Согласно существующим сведениям о механизме восстановления температуры кожи после охлаждения, значения температуры охлаждаемого участка, замеряемые в процессе исследования. Чем выше закаленность человека к холоду тем меньше разница в этих значениях во всех измерениях и соответственно меньше измеряемая площадь. Таким образом, уменьшение или увеличение указывает на изменение закаленности человека.

Кроме того, устойчивость испытуемых всех групп к холоду регистрировалась по разнице температур охлаждаемого участка кожи до и после охлаждения, так как известно, что повышение закаленности организма человека к холоду сопровождается уменьшением понижения температуры при охлаждении участков кожи[3].

Результаты и их обсуждение. Проведенное исследование показало, что изменение и разницы температур до и после охлаждения у разных групп испытуемых после курса закаливающих процедур в сочетании с утренней гимнастикой различное. Из трех экспериментальных групп значительный эффект в устойчивости к холоду достигнут только. По нашему мнению, это объясняется тем, что в процессе закаливания в данном случае достигнута значительная по сравнению с другими группами контрастность тепла и холода, положительное влияние которой в достижении закаленности известно. Наибольший эффект контрастности во 2й группе достигнут потому, что холодовая процедура производилась на повышенном температурном уровне организма, достигнутом посредством выполнения комплекса утренней зарядки, тогда как в других группах закаливания этот эффект был менее значителен. В 1й группе закаливающая процедура проводилась на низком температурном фоне, так как испытуемые только поднялись с постелей и температура их тела низкая утром не была увеличена влиянием каких-либо внутренних или внешних факторов. Повышение же температуры тела после охлаждения путем выполнения физических упражнений наступало медленно, по мере выполнения комплекса. Другой причиной эффекта закаливания у испытуемых 2й группы следует считать условие следования за физической нагрузкой холодовой процедуры с продлением времени действия холода за счет естественного восстановления температуры тела. В исследованиях условий образования ускоренной местной адаптации при повторных закаливающих охлаждениях различных видов выяснилось, что контрастные термические процедуры, заканчивающиеся холодным воздействием с продленным действием холода, одни из самых эффективных в приобретении закаленности. Такого продления действия холода за счет естественного восстановления температуры кожи и после охлаждения не наблюдалось ни в 1й, ни в 3й группах. Наоборот, в них присутствует

эффект стирания следов охлаждения изза выполнения физических упражнений сразу же после холодового воздействия.

Известно, что под влиянием эмоционально стрессовых воздействий нарушаются механизмы становления термической терморегуляции. Стрессорное сильное охлаждение испытуемых 1-й группы почти сразу же после комфортного состояния сна, на наш взгляд, отрицательно влияет на их закаленность, тогда как предшествующие охлаждению упражнения приводят организм в состояние психологической готовности, положительно влияющее на сознательное приобретение устойчивости к холоду[4].

Отсутствие выраженной закаленности у испытуемых 3-й группы можно объяснить еще и коротким по времени охлаждением в процессе выполнения физических упражнений. В этом случае в связи с повышением теплопродукции организма затруднена выработка терморегуляционных временных связей и задерживается формирование устойчивости к холоду.

Необходимо отметить, что при обязательном постепенном увеличении интенсивности закаливающих процедур эффект контрастности закаливания в сочетании с физической нагрузкой должен расти не за счет увеличения количества выработанного упражнениями тепла, а за счет усиления холодового раздражителя. При этом, по нашему мнению, холодовая нагрузка не должна увеличиваться настолько, чтобы о своей энергоемкости значительно превосходить физическую нагрузку.

Литература

1. Оразов Ш.Б Проблемы подготовки кадров в вузах физической культуры //Вестник КазНТУ им К. И. Сатпаева. №2(59). - Алматы, 2007. – С.177-179.
2. Холодов Ж.К. Практикум по теории и методике физического воспитания и спорта. – 2-е изд. – М.: Академия, 2001. – 44с.
3. Овчинникова Т.Н. Личность и мышление ребенка. – М., 2004.
4. Савенков А.И. Психологические основы исследовательского подхода к обучению. – М., Ось, 2006. – 480с.

Алшынбаев Кулалбек Ильясович

педагогика ғылымдарының кандидаты, Аймақтық әлеуметтік инновациялық университеті, Өнер және спорт факультеті, Дене шынықтыру және әлеуметтік ғылымдар кафедрасының доценті м.а., Шымкент қ., kulalbek@mail.ru

Садыкова Дамели Базарбаевна

педагогика ғылымдарының магистрі, Аймақтық әлеуметтік инновациялық университеті, Өнер және спорт факультеті, Дене шынықтыру және әлеуметтік ғылымдар кафедрасының оқытушысы, Шымкент қ., damiliya89@mail.ru

Атакаева Амал Турарбековна

педагогика ғылымдарының магистрі, Аймақтық әлеуметтік инновациялық университеті, Өнер және спорт факультеті, Дене шынықтыру және әлеуметтік ғылымдар кафедрасының оқытушысы, Шымкент қ., amal.atakaeva@mail.ru

Сейсенбеков Ерлан Кенжебайұлы

педагогика ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Сауықтыру дене мәдениеті кафедрасының доценті, Алматы қ.,

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНЕН ОҚУ ҮДЕРІСІНДЕ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ ӘДІСТЕРІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

***Түйін:** Қазақстан Республикасының білім беру мекемелерінде «Дене шынықтыру» пәні бойынша оқу үдерісінде бақылау әдістері мен бағалау жолдарына біршама сипаттама беріліп, білім алушылардың дене қасиеттерін анықтап, аталмыш пәннің өскелең ұрпақ үшін қосар үлесі жайлы мағлұмат берілген. Әрбір дене қасиеттерін бағалау әдістеріне орай, берілген жаттығулар топтамасын орындау арқылы әрбір білім алушыны толықтай анықтап, сипаттай білу – осы салада істейтін барлық педагог маман үшін міндетті іс, деп санаған жөн.*

***Резюме:** в статье даны сведения о методах контроля и оценивания в учреждениях образования по предмету «Физическая культура». Оценивание физических качеств с помощью контрольных нормативов повышает значимость данного предмета для подрастающего поколения. Умение полноценно оценить и определить физические качества обучающегося через выполнение комплекса упражнений для определения двигательных качеств – вот это и главная задача для всех специалистов, педагогов, работающих в данной сфере.*

***Summary:** the article gives information about the methods of control and evaluation in educational institutions on the subject "Physical Culture". Evaluation of physical qualities by means of control standards raises the importance of this subject for the younger generation. The ability to fully appreciate and determine the physical qualities of the student through the implementation of a set of exercises to determine the motor qualities - that's the main task for all professionals, teachers working in this field.*

Адамның еңбекке дайындығын ұштау мақсатында дене тәрбиесін қолдану мүмкіндігі еңбек пен дене тәрбиесінің адамзатқа деген маңыздылығы жоғары қойылған талаптарға сүйене негізделген. Осындай өзара қатынастың жалпы негіздемесі бар аталмыш салалар адамзаттың іс-әрекеттерінің түрлері болып саналады да, адамның дене қимылы және рухани қажеттіліктерін өтеуге бағытталған, жалпы әлеуметтік бағыттамасы болады.

Алдын ала бақылау оқушылардың жаңа оқу материалын меңгеруге дайындығын немесе оқу бағдарламасының нормативтік талаптарын орындауды анықтауға арналған. Ол нақты тақырып немесе бағдарламаның бөлімін үйренер алдындағы кіріспе сабақтарда өткізіледі. Алдын ала бақылау жеңілдетілген нұсқада тексеріп көру түрінде өткізілуі мүмкін (мысалы, еңкіш жазықтықта алға қарай аунауды орындау). Егер де, тексеріп көру жаттығуын бүтіндей орындау мүмкіндігі жоқ болса, онда жаттығудың бөлек құрауыштары (компоненттері) техникасын меңгеруі дайындығын тексерумен шектелуге болады. Мысалы, арқанға үш тәсілмен орындау амалын үйрету алдында, оқушылардың арқанда салбырап тұруы, қажетті координациямен қимыл-әрекеттерді орындау қабілеттілігін тексеру қажет. Бұндай бақылаудың мәліметтері оқу міндеттерін, оларды шешу амалдары мен әдістерін анықтап нақтылауға мүмкіндік береді. Алдын ала бақылауды орта және жоғары сынып оқушылары арасында өткізген абзал [1].

Ағымдағы бақылау оқытудың нәтижелілігін және оқушылардың оқу-танымдық іс-қызметін жедел түрде басқаруды анықтау үшін өткізіледі. Бұл міндеттерді шешуде реттілікті сақтауға және

оқушыларға өздерінің жетістіктері мен сәтсіздіктерін бағалауға мүмкіндік береді.

Қорытынды бақылау тақырып оқу тоқсанындағы оқу бағдарламасының бөлімдері, оқу жылы бойы оқу жұмыстарының қорытынды нәтижелерін анықтау үшін қажетті. Оның қорытындылары оқушылар мен мұғалімнің іс-қызметі сапасының негізгі көрсеткіші болып қызмет етеді.

Негізгі *бақылау әдісі* болып, *тестілеу* жатады.

Дене қимылы жаттығуларының техникасын игеруді бақылау үшін, оқытудың аталмыш кезеңінде қолданылатын, кейбір жақындататын жаттығулар пайдаланылуы мүмкін. Мысалы, жүгіріп келіп ұзындыққа серпіліп секіруді үйрету үшін, «адымдағы секіру» бақылау жаттығуын таңдап алған абзал. Іс-әрекетті орындау сапасын тексеру оны, көбінесе, оқытудың қорытынды кезеңінде әртүрлі нұсқаларда орындау жолымен және стандарттық техникамен салыстыра бағалаумен, бірақ, оқыту кезеңінің білім беру міндеттерін есепке ала отырып өткізіледі. Бақылаудың неғұрлым көп әсерлі тиімділігі бірқатар шарттардың ережелерін орындаумен қамтамасыз етіледі. Біріншіден, болуы мүмкін деген бағалар объектілерін белгілеу қажет: орындалатын іс-әрекеттердің құрылымының дәл келуімен және келісілуімен бағаланатын, бүтіндей іс-әрекетті орындаудың жалпы сипаты мен түрі; техниканың кейбір бөлек компоненттерін орындаудың сипаты мен түрі, мысалы, ұзындыққа секірудегі ұшу фазасы; бөлек қимыл-қозғалыстардың тура дәлдігі, мысалы, жүгіру қадамдарындағы серіппелі аяқтың жамбасын шығару биіктігі; бүтіндей іс-әрекеттің немесе оның кейбір бөліктерін орындау нәтижелілігі, мысалы, баскетбол добының шығыршыққа түсу саны, тіреніп секірудегі жерге түсу кезінде және т.б.; екіншіден, әр сынып үшін оқушылардың дайындық деңгейін есепке ала отырып, қимыл-қозғалыс әрекетін орындаудың үлгілерін тәптіштеп түсіндіру; үшіншіден, техника элементін бағалау үшін бөлінген санына сәйкес, әрбір бақылау жаттығулары сынап көруінің санын анықтау; төртіншіден, оқушыларға түсінікті және объективті критерийлерде градациялық диапазоны бар, сапалық айырмашылығын анықтауға жеткілікті, жалпы қабыл-данған бес баллдық жүйенің аясында негізделетін бағалау шкалаларын жасақтау қажет [2].

Дене қимылы қасиеттерін дамытуды бақылау үшін, бақылау жаттығуларының екі түрі қолданылады: а) оқу бағдарламасы мен Елбасы сынақтары кешендерінің мазмұнына кіретін, бірақ, стандарттауға берілетін қимыл-қозғалыс әрекеттері (қысқа қашықтықтарға жүгіру, лақтырудың кейбір түрлері және т.б.); ә) бірінші топтың жаттығуларын орындау кезінде анықталмайтын дене қасиеттерінің дамуын бақылауға арналған, арнайы құралған тесттер (бір орыннан биіктікке немесе ұзындыққа секіру, динамометрия және т.б.).

Алдын ала, ағымдағы және қорытынды бақылауларды тестілеудің нәтижелерін өзара салыстыру, сонымен бірге, оларды мектеп бағдарламасының нормативтерімен және Елбасы сынақтарымен салыстыру, соған сәйкес уақыт аралығында оқушылардың дене қимылы дайындығының жақсаруын, соған сәйкес, оқу міндеттерін шешу деңгейі туралы баға беруге мүмкіндік береді. Ал бұл өз кезегінде, дене тәрбиесінің амалдары мен әдістерін дифференциялауын жеңілдетеді және оқу жұмысының нәтижелерін бағалаудың шынайылығын жоғарылатады [3].

Ағымдағы бақылаудың мерзімдері екі жағдайға байланысты белгіленеді. Біріншісі: әртүрлі дене қимылы қасиеттерінің әртүрлі өзгеру деңгейлері бар. Мысалы, ептілік пен жылдамдықтың өсуі немесе кемуі күш пен төзімділікке қарағанда, тезірек болады. Сондықтан да, өзгеруі тез және жиі болатын дене қимылы қасиеттерін көбірек тексеру қажет. Екіншісі: сараманда оқу бағдарламасы бөлімдерінің кезектесуі жыл бойы, соған сәйкес, дене қимылы қасиеттерінің дамуына арналған нақты оқу материалының ықпалын есепке алуды қажет етеді. Барлық дене қимылы қасиеттерінің дамуын қамтамасыз ету үшін, осы бөлімдердегі бағдарламаның арнайы қасиеттерін келесі бөлімнің қосылу шегінде, ал арнайы емес қасиеттерін - әр бөлімді өткізудің ортасы кезінде тексеруді өткізу дұрыс болады. Бақылаудың бұндай жүйесі ақпаратпен жеткілікті түрде қамтамасыз етеді (әр тест бойынша айына бір рет) және оқу жұмысына уақытылы өзгерістер енгізуге мүмкіндік береді [4].

Бақылау әдістемесі уақытты мүмкіндігінше аз жұмсауды, әрбір тесттің сабақ мазмұнымен оңтайлы байланысын, нәтижелердің шынайылығын, өңдеу жеделдігі мен оларды оқушыларға хабарлауды қамтамасыз етуі қажет.

Алынған білімдерді меңгеруді бақылаудың негізгі әдісіне келесі түрлерде жауапты қажет ететін ауызша сұрау жатады. Мысалы, дене қимылы жаттығуларымен айналысудың маңыздылығы туралы оқушының әңгімесі; келесі мысал – қимыл-қозғалыс әрекетін құрайтын іс-қимылдардың реттілігі мен сыртқы көрінісі туралы суреттеу; келесі мысал – нақты қимыл-әрекеттердің биомеханикалық заңдылықтарын түсіндіру; дене қимылы жаттығуларын немесе олардың бөлек компоненттерін орындау нұсқаларын көрсету. Бұған қоса, ауызша сұраудың алуан түрлілігіне оқушылардың ой-пікірлерін, жалпылауын, қорытындысын айғақтайтын және өздігінше іс-қызметін ынталандыратын бақылаулық әңгімелер де кіреді [5].

Бақылау карточкаларының (сауалнамалық парақтар) көмегімен мектептегі сабақтарды өткізу сараманында 3-5 сұрақтан тұратын жазбаша тапсырмалары бар, біржақты жауаптарды талап ететін («ия», «жоқ») немесе екі-үш сөзден тұратын, жауаптары бар, бақылау карточкаларының (сауалнамалық парақтар) көмегімен орындалатын, жазбаша сұрақ түрлері де қолданылады. Бұндай карточкалардың нұсқалары сабақтың міндеттері мен мазмұнын, оқыту кезеңдері мен оқып-үйретілетін тақырыптарды есепке ала отырып, құрастырылады. Жазбаша сұрау уақыт жағынан шектеуді, сабақтың сарамандық мазмұнының теориялық сұрақтарымен оңтайлы қосындысын және нақты ұйымдастыруды (сабаққа дейін белгіленген жерге қаламдар мен парақтарды бақылау карточкаларымен бірге жинап қояды. Сабаққа кіруге қоңырау болған кезде, әр оқушы өз орнына өтеді де, тапсырманы орындайды, орындалу уақытын мұғалім белгілейді) орындайды. Сабақтың сарамандық бөлімін өткізу кезінде, мұғалім оқушылардың іс-әрекеттері үлгісінде, сұрақтарға қалай жауап беру керектігі жөнінде түсінік береді [6].

Үлгерімді бағалау және есепке алу. Оқушылардың оқу-танымдық іс-қызметіндегі ағымдық және қорытынды бақылауының нәтижелері белгілі бір оқу міндеттерінің кешенін орындау деңгейін айқындайтын және сынып журналында белгі ретінде тіркелетін баға арқылы айқындалады. Дене шынықтырудан үлгерім бағалары жалпы педагогикалық қағидаларға негізделеді, алайда, білімдерді меңгеру деңгейін, қимыл-қозғалыс дағды-машықтарының қалыптастыру деңгейі мен дене қимылы қасиеттерін дамытуды бағалаудан тұратын, өзінің арнайылығымен ерекшеленеді. Мұғалім бағаны хабарлауы және себебін түсіндіруі қажет. Мұғалімдердің көзіне жаттығуды жақсы істей алатын, тек күшті оқушылар ғана емес, сонымен бірге, денсаулығы нашар, әлжуаз, әлсіз, осал оқушылар да түсуі маңызды. Баға объективтілігін тәртіп пен тәрбиеліліктің ықпалын шығарып тастайтын, оқушыларға түсінікті критерийлер есебінен қамтамасыз етуі маңызды [7].

Мектеп сараманында бағалаудың келесі градациялары қабылданған: «5» - жаттығу нақты, сенімді түрде, дұрыс орындалған; «4» - техника бөлшектерін біршама дұрыс емес орындауға әкелетін бірекіден артық емес қателер жіберілген; «3» - жаттығу техника негізін бұзатын, ірі бір қателікпен немесе оның бөлшектерін біршама дұрыс емес орындауға әкелетін бірнеше ұсақ қателіктер; «2» - жаттығу техника негіздерін әжептәуір қателіктермен орындау немесе басқа да бірнешедеп көп ұсақ қателіктермен орындау; «1» - жаттығу орындалған жоқ. Әр сынып үшін оқу бағдарламаларымен анықталған, техника мен орындау нәтижелерінің сандық нормаларының арақатынасын бағалау да маңызды.

Алдын-ала бақылау кезеңінде әдетте, баға қойылмайды, алайда, бұл бақылаудың ақпараттарын есепке алу, дәптерлерге немесе арнайы хаттамаларға түсіру міндетті болмақ. Кейінірек, ол жаттығу техникасы мен дене қимылы қасиеттерін дамытудағы белгілі бір жетістіктерге жетудің санақ нүктесі болып табылады.

Ағымдағы есепке алу кезінде, сынып журналына баға қою арқылы оқу тапсырмаларын орындау бағаланады. Бағаланатын оқушылардың саны әртүрлі болуы мүмкін. Сабақ үдерісінде ағымдағы баға оқушылардың жекелей оқу-танымдық іс-қызметінің кез-келген компоненттеріне қойылуы мүмкін: дене қимылы жаттығуларын меңгергені үшін, білімдерді меңгергені үшін, қимыл-қозғалыс әрекетін орындаудағы сандық көрсеткіштерінің жетістіктері үшін. Сабақтың соңында оқушының алған бағасының барлығын жалпылайтын, сабақтық балл қойылуы мүмкін [8]. Бастапқы оқып-үйрету кезінде жаттығуларды жеңілдетілген жағдайларда, жетілдіру кезінде – күрделілендірілген жағдайларда (айла-гәсілдерді ұйымдастыру кезінде, ойында, жарыстық жағдайларда) бағалауға болады. Жаңа тақырыпты оқып-үйрету немесе өтілген тақырыпты бекіту сабақтарында бағалау таңдау бойынша, ал бақылау сабақтарында – фронталдық немесе топ бойынша іске асырылады.

Тақырыпты меңгеру үшін қорытынды баға, сонымен бірге, тоқсандық және жылдық бағалар жалпылама сипатта болады және барлық ағымдағы бағаларды, үй тапсырмаларын орындау нәтижелерін есепке алуымен үлгерім қорытылады. Үлгерімнің қорытынды есепке алуы, ағымдағы қойылған бағаларды есепке алудың негізінде тоқсандық бағаларды (жоғары сыныптар үшін – жарты жылдыққа), ал жылдық қорытынды баға – тоқсандық (жарты жылдық) бағаларды қоюдың негізінде орындалады. Нақты бір тақырыпты немесе бағдарламаның бөлімін оқып-үйретудің аяғында алынған бағалардың салмағы маңыздырақ болады.

Оқу-білімділік сараптаманың көңілдегідей болуы бақылаудың өз уақытысында болуына, жүйелілігіне, шарттылығына байланысты. Бағаның объективті болуы үшін оқу материалын сапалы және санды көрсеткіштерін, белгілі бір уақытта жұмыс нәтижесінің толықтығын тексереді [9].

Оқушылардың біліми-меңгерушілік қасиеттерінің ағымдағы және қорытынды бақылау нәтижесін баға арқылы білуге болады. Онда берілген кешендік оқу міндеттерін орындауда қойылған бағалар сынып журналында тіркеледі. Үлгерімдік бағалар дене тәрбиесі бойынша жалпы педагогикалық

қағидаларда негізделеді, бірақ өзіндік ерекшеліктері бар. Ол дене қимылы дамуын қадағалау. Баға қою барысында мұғалім балалардың киім киісіне ғана қарай емес, сонымен қатар, орындаған дене қимылы жаттығуларын да есепке алған жөн. Тек дене қимылы дайындығы жоғары оқушылармен емес, әлжуаз, нашар, дене қимылы төмен оқушылармен де жұмыс істеуі, оқытуы, үйретуі керек. Бағаны қойғанда объективті болу керек. Себебі, жаттығулар кешені дене қимылы дайындығы жоғары оқушылар үшін оңай болғанымен, әлжуаз оқушылар үшін қиындықтар тудырары сөзсіз. Сондықтан, берілген жаттығуларды орындауы үшін, кетер күш, ептілік бәріне бірдей ортақ болу керек. Жаттығуды орындауда ағымдағы бағалар оның орындалу техникасына өзінің үлесін қосу керек. Ал жаттығулар кешені міндетті түрде жас, жыныс ерекшеліктеріне байланысты болғаны жөн.

Алдын-ала бақылауда баға қойылмайды, оны үйрету кезінде істелінген қателер түзетілуі тиіс және қатені түзету жолдары айтылады, үйге тапсырма беріледі, қосымша сабақтарда қайталанатын, спорттық үйірме немесе сыныптан тыс жұмыстарда жетілдіреді. Алдын-ала бақылаудың оқушылар көңіл-күйіне, ынталарына әкелер маңызы мол. Себебі, жаттығу жақсы орындалған жағдайда, оқушы аралық немесе қорытынды бағасын жақсы тапсыруға сенімді болады [10].

Ағымдағы бақылауда орындалудың сапалылығы сынып журналына түседі. Алдын-ала үйретілген жаттығулардың есебі ретінде, баға қойылатын оқушылар саны әртүрлі болуы мүмкін. Әр мұғалім бағаны әртүрлі қояды. Кейбірі сабақта ағымдағы жаттығуларды орындау есебінен бір сабақ бойы тек бақылау жаттығуларын қабылдайды, ал кейбірі аты-жөні бойынша кезектеп тоқсан бойы, жаттығуды орындау мүмкіндіктеріне қарап, әрқайсысына кем дегенде 4-5 баға қояды. Мысалы, бір тоқсан бойы бағаларды қою үшін, оқушылардың дене қуаты қасиеттерінің бірі – жылдамдықты алалық: бірінші баға – 60 немесе 100 метр жүгіру бойынша қойылады. Екінші баға төзімділік бойынша – 2000 немесе 3000 метр жүгіру бойынша. Ал үшінші баға күштілікті тексереді, ол дегеніміз – ұл балалар турникте тартылуды тапсырса, қыз балалар – төсеніште арқамен жатып, қолды шүйдеде ұстап, денесін көтеріп-түсіреді: былайша айтқанда, денені көтеріп-түсіру арқылы, қарын бұлшық етін қатайту дейді. Төртінші жаттығу ептілік пен илгіштікті дамытуды, сол қасиеттер бойынша тапсыруды міндеттейді. Ол үшін акробатика, гимнастика жаттығуларын (алға-артқа аунау, аяқты тік көтеріп, баспен тұру, рондотт, шпагат т.б.) орындайды. Ал, ағымдағы жаттығулар жолдары да әртүрлі болады. Негізінде жаттығулар кешені дене қимылы сапалылығының барлық қасиеттерін қамтиды.

Әдебиеттер тізімі:

- 1 Сейсенбеков Е.К. Дене шынықтыру және спорт теориясы мен әдістемесі. Оқулық. Астана.: ЕҰУ баспасы. 2011. – Б. 431.
- 2 В.Е. Жабаков, Т.В. Жабакова. Педагогическое мастерство учителя физической культуры. Учебное пособие / В.Е. Жабаков, Т.В. Жабакова. – Челябинск. 2016. Изд-во ЮУГППУ. – 195 с.
- 3 Е.К. Сейсенбеков и соавторы... Формирование личной физкультуры детей посредством новых форм организации физического воспитания в учреждениях образования / «Наука и жизнь Казахстана», №1. (35) 2016. – С. 231-233.
- 4 Турскельдина М.Т. Денешынықтыру: Жалпы білім беретін мектептің 2 сыныбына арналған оқулық.- Алматы: Атамұра, 1998.- 112 с.
- 5 Сейсенбеков Е.К. Білім алушының жеке дене мәдениетін тәрбиелеудің педагогикалық әдістері / Педагогика және психология. № 1. (26) 2016. – б.118-122
- 6 Теория и методика на физическото възпитание, Общи основи на теорията на физическото възпитание, част 1 (под ред. На Крум Рачев), НСА ПРЕС, 1998
- 7 МОН, Наредба за общообразователния минимум и разпределение на учебното време, София, № 4, 02.09. 1999
- 8 Типовая программа по физическому воспитанию учащихся 1-11 классов общеобразовательной школы //Под ред. В.П.Фирсова, А.В.Цуркина. - Алматы: Рауан, 1993.- 99 с.
- 9 Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты // Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген, ҚР Үкіметінің 13.05.2016 № 292 қаулысымен өзгертілген, 32-76 беттер.
- 10 Yer.K. Seisenbekov, M.T. Daulenbaev, E.N. Tugelbaev. Scientific and methodical substantiation forms of physical education in the educational process of educational institutions / Педагогикалық ғылымдар Академиясының Жаршысы, № 3 (71) 2016. 85-90 бет.

Базарбаева К.К.

п.ғ.к., доцент, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, bazarbaeva1969@inbox.ru

Боранбаева Д.Ж.

аға оқытушы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті

БАСКЕТБОЛ ОЙНАУДА ЖЫЛДАМДЫҚ ҚУАТЫН ОРНЫҚТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ АМАЛДАРЫ

Түйіндеме: Мақалада спорттық нәтижелерді жақсарту үшін баскетболшыларға жылдамдық пен жылдамдықты дамыту үшін арнайы жаттығулар, тесттер мен әдістер қарастырылады.

Кілтті сөздер: баскетбол, икемділік, күш, жылдамдық, спорттық көрсеткіштер, сынақтар, жаттығулар.

Аннотация: В статье рассмотрены специальные упражнения, тесты и методы для развития ловкости и быстроты у баскетболистов для повышения спортивных результатов.

Ключевые слова: баскетбол, ловкость, сила, быстрота, спортивный результат, тесты, упражнения.

Summary: In the article special exercises, tests and methods for the development of agility and quickness of basketball players for improving sports results are considered.

Key words: basketball, agility, strength, quickness, athletic performance, tests, exercises.

Қазақстан мемлекетінің тәуелсіздігінің алуына байланысты республикамызда баскетболды дамытудың жаңа беттері ашылды. 1991 жылы Қазақстан Республикасының баскетбол федерациясы құрылды. 1992 жылдан бастап тұрақты түрде әртүрлі деңгейдегі жарыстар өткізілуде. Баскетболмен шұғылдануды мектеп табалдырығынан бастамай жоғары жетістіктерге жету өте қиын. Жас адамның денесі түрлі жаттығулар көлемімен ширап, дамиды. Сондықтан күш, жылдамдық, төзімділік сияқты адам қабілеттерін дамыту, оқушылардың қозғалғыш тәжірибесіне бағытталады және дене қозғалысын үйлестіреді, бұл баскетболшыларға өте қажет.

Заманауи баскетбол ол-ойыншының жоғары қимылындағы белсенділігін арттырады. Нәтижесінде салмақтың ұлғаюына, барынша шапшаңдық қимылда ойыншының техникалық мүмкіндігін арттыруда және үлкен физикалық ауырлыққа (физическая нагрузка) машықтандырады. Тәни дайын болу ол тек арнайы төзімділіктен ғана тұрмайды, ол жылдамдық-күш қасиеттеріне де байланысты. Жас баскетболшыға ойын үстінде көптеп секіру қажет, бұл секіру барысында допты қағу, онымен меңгеру бір-біріне лақтыру барысында допты қағу оны шеңберге дәл салу, секіру кезінде допты дұрыс лақтыру ж.т.б., міне дәл осындай жаттығулар жас баскетболшылардың жылдамдық-күш қасиетін дамытуға үлкен маңызы бар.

Баскетболшы бүгін - бұл алаңда тез, саналы қозғалатын спортшы өте жақсы үйлесім.

Қысқа уақыт ішінде адам ағзасының ең жоғарғы күшін дамыта отырып, қозғалыстың оңтайлы амплитудасын сақтау мүмкіндігін—жылдамдық-күш (жарылған күш) қасиеті деп аталады.

Адам ағзасы жаттығу немесе жұмыс істеу барысында жылдамдық-күш көп жақты және тиімді бейімделеді, нәтижесінде тек күш қана үдермей онымен қоса шапшаңдылық та дамиды.[1]

Жылдамдық немесе күш салмақтарын бөлек-бөлек пайдаланғаннан гөрі, жылдамдық-күштің салмақ түсіру әсері тиімдірек. Жаттығу кезіндегі күш пен шапшаңдылықты бірдей жетілдірген жағдайда секіргіштік едеуір жақсарады.

Көптеген жылдамдық күш қасиетін айқындау түрлерінің ішіндегі ең көп тараған секіргіштік болып табылады.

Секіргіштік – бұл физикалық комплекстік қасиет, бұл спортшының тез арада күшінің көбею бұлшық еттерінің топтамалары шапшаң жиырылуы және босансуы мен спортшының өте қиын, ауыр жаттығуға бейімделуі болып табылады. [2].

Жылдам жауап беруді қамтамасыз ететін жүйенің интенсивті жақсаруы 7-8 ден 11-12 жасқа дейінгі аралықта болады. 14-15 жасқа қарай бұл функцияның интенсивті жақсаруы бәсеңдейді, бірақ 17 жасқа дейін созылады [3].

Жылдамдық – сапа, ол жаттығулардың көбінің негізінде жатыр. Серпінділік жылдамдығынан жүгіру және секіру кезінде снарядтық босату жылдамдығынан спортшының нәтижесімен байланысты. Жылдамдығын дамыту үшін қысқа аралықта максималды жылдамдық кезінде жүгіру, қозғалыстардың үлкен жиілігіндегі жаттығулар, спорттық ойындар пайдаланылады.

Жүйке процесстерінің қозғалысымен анықталатын шапшаңдықтың пайда болуы үшін қозғалыстың жақсы бейімделуі, күш, бұлшық еттің шымырлығы және мінсіз спорттық техника өте

маңызды болып табылады. Шапшаңдықтың деңгейі антогонистік бұлшық еттерін демалдырумен қозғалысты тез және артық салмақсыз орындалуымен анықталады.

Шапшаңдықты дамыту-ол көп жылдық үздіксіз дайындықты қажет ететін үрдіс. Бұл үрдіс жас кезінен бастау қажет, көп қимылдайтын әртүрлі ойындар, кейін арнайы жаттығулар арқылы шындайды. Қазіргі заманауи оқу құралдарының ең маңызды әдіс тәсілдерінің бірі «жылдамдық тосқауылын» еңсеруге арналған жаттығулар дайындықтың белгілі кезеңдерінде көрініс табады. Олардың қатарында жеңілдетілген жаттығулар жатады. Мысалы: еніс асты жүгіру, жаттығуды жүгіру жолы немесе жүгіртпелі шамдар арқылы орындау, қозғалыс реакцияларын жақсартуға бағытталған жаттығулар және т.б.[4]

Шапшаңдық-бұл баскетболшының орталық жүйке жүйесінен келетін сигналды тез біріктіру қабілеті. Ол сонымен қатар спорттық техниканың жетілгендігіне, күшке, иілгіштік және бұлшықеттің созылуының оптималдығына, жұмыс барысында бұлшықетке күш түсіруді босатумен дұрыс алмастыру білуге байланысты. Сонымен қатар буындардың шапшаңдылығы мен баскетболшының шыдамдылығы да үлкен мәнге ие. Қозғалыстардың шапшаңдығы әрдайым ерікті күш салуды жұмылдыруды талап етеді.

Шапшаңдылықты көрсетудің маңызды формалары:

- Кез-келген сыртқы тітіркендіргіштерге немесе тітіркендіргіштер кешеніне жауап ретінде қарапайым және күрделі реакциялардың шапшаңдығы;
- Қарапайым техникалық қабылдаулар немесе олардың элементтерін орындаудың шапшаңдығы;
- Алаңдағы ойыншыларды орналастыру жылдамдығы.

Шапшаңдылықты дамыту үшін құралы әртүрлі циклдік, қайталмалы, шекті және жиіліктің шегіне жақын (ырғақты жұмыс) жаттығуларды жүгіру, велосипедтік спортта, конькимен жүріс және т.б. қайтарымды үдеткіш формасында орындау боп табылады. Қайталмалы үдеткіш кезінде жаймендеп, жылдамдықты аздап үлкейту және қозғалыстың амплитудасын масималдыға дейін жеткізе отырып арттыру керек. Жаттығу кезінде шапшаңдылық жеңілдетілген шарттардағы (мысалы, еніске қарай жүгіру, лидерді қолдану және т.б.) жаттығуларды орындау немесе алдымен қиындатылған шарттарда кейін қалыпты шарттарда жаттығуды орындау арқылы анықтауға үлкен мән берілуі керек. Бұл кездде баскетболшы үлкен екпіннен оған қалыпты орнатылған шекке өтуге тырысады, ең болмағанда аздаған арақашықтықта тағы да үлкен жылдамдыққа жету үшін.

Шапшаңдыққа жаттығулар тиімді болады, егер әрбір нақты жаттығуды орындау барысында баскетболшы өзінің қозғалысының шапшаңдығының жеткен деңгейін дәл бағалай алса және бақылау мүмкіндігіне ие болса (жеке немесе жаттықтырушының сигналдарының көмегімен).

Жаттығуларда масималды шапшаңдыққа жету үшін шешуші мағынаға жарыстыру әдісі ие. Бір сабақта шапшаңдықты дамытуға арналған жаттықтыру жұмысының көлемі үлкен болмауы керек. Артып кету дегеніміз циклді жаттығулардың шапшаңдығы немесе циклді қозғалыстардың жылдамдығын аңғарылмайтындай кемітіп орыну қажет жаттығуларды қайталаудың ұзақтығымен немесе санымен анықталады. Жаттығулар арасындағы дем алудың аралығы баскетболшының оған дейінгі жеткен шапшаңдығына жетуге мүмкіндік беретін оптималды жұмысқа қабілеттілігі кезінде келесі жаттығулар орындалатындай болуы керек.

Баскетболшының шапшаңдығы реакциялардың, қарқынды екпіннің, жұлқыныстардың, жүгірудің 15-20 метр кесіндісінде дамитын үлкен жылдамдығының тездігімен, сонымен қатар доппен немесе допсыз техникалық қабылдауды орындаудың тездігімен сипатталады. Сондықтан жылдамдықты дамытудың негізгі құралдары боп жеңіл атлетикалық жүгіру, әртүрлі секірулер мен баскетболшының тактикасы мен кейбір техника жаттығулары боп табылады [5].

Кейбір баскетболшылардың жылдамдығын дамытуға мүмкіндік беретін үлгілік жаттығулар қатарып келтірейік:

1. Әртүрлі бастапқы қалыпта көз немесе дыбыстық сигналдар бойынша старттық жылдамдату (қырмен тұру, арқамен алдыға, бір немесе екі тіземен, отырып, жатып, секіруден соң бірден және т.б.).

2. Бетпен алдыға, арқамен артқа, бүйірмен алға ұмтылуды орындау;

3. Жоғары көтерілген тіземен және алға серпудің масималды жиілігімен жүгіру;

4. 25-30 метр бойынша үлкен секіріспен қозғалу;

5. Айналдырудың масималды жиілігімен қысқа және ұзын секіргішпен секіру;

6. Орташа аралықты өту кезінде жүгірудің ырғағының тез өзгеруі;

7. Қорытынды екпінмен (шамамен 4-5 метр) 20-30 метр аралықты жүгіріп өту жылдамдығын масималды арттыруға жету.

Старттық жылдамдату және жылдамдыққа жүгіруді мақсатты түрде әртүрлі эстафеталарда жарыс түріндегі әдіспен өткізеді.

Бір жаттығу үшін шамадан асып түсу аралығы : әр серия арасында 1-1,5 минут дем алу кідірісімен 5-7 алға ұмтылу сериясы [6].

Ойын тактикасы мен техникасындағы көптеген жаттығуларды физикалық тұрғыдан, сонымен қатар жылдамдықты дамыту үшін қолдануға болады. Мысалы, белгілі бір уақыт мезетінде допты беруді максималды ойыншы санында орындау арнайы қозғалыстардың тездетуін дамытады. Бұған ойыншы қарсыласының қақпасына бағытталған допты қағып алуға тырысқанда жылдамдық жинаған кезде, сонымен қатар максималды жылдамдық кезіндегі жүргізуді қолдану кезінде тез жарып шығу элементтеріндегі жаттығулар септігін тигізеді [7].

Жылдамдықты-күшті қабілеттілік бұлшықетті ықшамдаудың миометрикалық және плиометрикалық режимі кезінде пайда болады және дененің және кеңістіктегі тобының тез орын ауыстыруын қамтамасыз етеді. Бұл қабілеттіліктердің максималды көрінісі минималды уақыт мезетінде максималды қысымды дамыту болып түсіндірілетін шұғыл күш болып табылады (мысалы, секіруді орындау) [8].

Жылдамдықты-күшті қабілеттілікті дамыту үшін өз денеміздің салмағымыздан арылумен (мысалы, секіру) және сыртқы ауырлық түсіретіндермен (мысалы, гантель, серіктесіңнің күш түсіруі арқылы) жаттығуларды пайдалану керек. Жаттығу жасау үшін таңдалынған күш түсіргіштің көлеміне қарай көбіне дамытатын немесе жылдамдық компоненттері қабілеттілігін, немесе күш түсіру жаттығулары болып бөлінеді. Алғашқы жаттығуда қозғалыс күшінің максималды мөлшерінен 20-30% күш түсіру кезінде бұлшық еттің қысқартылу жылдамдығы максималға жақын (максималдыдан жоғары 90%) болады. Жаттығуды орындау ұзақтылығы 5-10 секундтан бастап 30-40 секундқа дейін тербеледі. Жаттығудың екінші типінде максималдыдан 60-80% мөлшерінде күш түсіруді, ал бұлшық еттің қысқартылу жылдамдығы максималдыдан 30-50% мөлшерді құрайды. Жаттығудың орындалу ұзақтылығы жасқа, жынысқа және дайындыққа байланысты болады, 1-2 минуттан 5-6 минутқа дейін жалғасуы мүмкін.

Жылдамдықты-күшті қабілеттілікті дамытудың ең көп тараған әдісінің бірі болып жаттығуды қайта орындау және айналма жаттығу.

Орындауды қайталау әдісі жылдамдықты-күшті қабілеттілікті акцентпен нақты бұлшықет тобына дамытуға мүмкіндік береді (мысалы, штанга ұғымы кеудеден бастап арқа бұлшықеттеріне, арқаның және іштің бөлек бұлшықеттеріне әсерін тигізеді). Қайталау әдісі кезінде тұрақты қарсылықтың өсуімен және төмендеуімен динамикалық жаттығулар сериясы қолданылады. Жасқа, жынысқа және күш түсіру мөлшеріне байланысты сериядағы жаттығу саны 6-10, ал серия саны 3-тен 5-6-ға дейін болуы мүмкін. Тұрақты қарсыласумен жаттығу оның орындалу кезіндегі күш түсіру мөлшерінің сақталуымен сипатталады (мысалы, арқаға штангамен күш түсіру арқылы отырып-тұру жаттығулары). Қарсыласудың жоғарылауы арқылы жаттығу оның орындалуы кезінде күш түсіру мөлшерінің өзгеруін болжамдайды (мысалы, экспандердің созылуы). Қарсыласудың төмендеуі арқылы жаттығу барлық жаттығу аралығында бұлшықеттің максималды жиырылуын сақтауда сыртқы объекттердің орын ауыстыру жылдамдығы тұрақты болуы керек (мысалы, техникалық құрылғыларды қолдану арқылы жаттығулар) [9].

Жылдамдықты-күшті бұлшықет тобының мүмкіншіліктерінің пайда болуы жұмысқа еліктіру, немесе жиырылу бұлшықет құрамының ерекшеліктерімен қозғалу бірліктерінің саны немесе жоғары деңгейімен шартталуы мүмкін. Осыған сәйкес жылдамдықты-күшті қабілеттілікті дамытудың екі түрі белгіленеді: жаттығуларды немесе максималды шартта орындау, немесе белгісіз күш түсірумен.

Шыдамдылық- бұл даму мектеп жасынан 30 жасқа дейін жүреді, ал қалыпты қарқындылық жүктемесі 30 жастан жоғары.

Қозғалыс іс-әрекеттерді оқу жасы болып 5 жастан 10 жасқа дейінгі аралықты санайды. Мектепке дейінгі және мектеп жасында техникалық дайындықта нәтижелі дамуы үшін қозғалыс потенциалын жинақтау керек, яғни базалық дайындықты құру керек. [10]

Секіру – жылдамдықты күшейтудің ең қарапайым және танымал түрі. Олардың қолданылу процестерінде итерудің тездігіне және қозғалыстың қуатын дамуға акцент керек. Жылдамдықты дамытуда ең басты қағидатты білу шарт: арнайы жаттығуларды тағайындауда міндетті түрде дайындалушының физикалық дайындығын және шапшаңдылығын ескеру керек; бұлшық еттердің шапшаң, реактивті қысымынан кейін спецификалық шаршаудан тез босатып, келесі жаттығуды жасауға дайындалуы керек. Ол үшін қайталаулардың арасындағы аралықтарда икемділік жаттығуларын, сермеу қозғалыстарын қолдану және уақытында арнаулы демалыс жасаған жөн.[11]

Дайындалатындардың жылдамдықты-күшті қасиеттерінің маңызды әдісі болып Жылжымалы және спорттық ойындар, ойын жаттығуларының, жылдам әрі күшті сипаттағы басқа ойындардың мәні болатын кешенді оқыту әдісі табылады. Спорттық алдын ала дайындауда Тәрбиелеудің әсерлі

жылдам-күшті қасиеттерін қолдану дайындалушылардың жылдам-күшті деңгейін жоғарылатуға әсерін тигізеді.

Алғашқы спорттық мамандандыру кезеңінде де осы қасиеттерге аса қатты мән беріледі. Төменгі мектеп оқушыларының балаларының өздерін көрсетуі осы қасиеттерді анық қозғалыс дағдыларында қолдана алуында және максималды бұлшық ет күшін көрсетуге байланысты. Осы кезеңде мыналарды қолдану ұсынылады:

Әдістер: Жаттығуды қайталап орындау әдісі, шиеленусіз және аздаған шиеленісумен, бұлшықет жұмысының аралас режимінде орындалатын жаттығу әдісі.

Құралдар: Бұлшықет күшін дамытуға және олардың жылдамдықтарының қысқаруына арналған жаттығулар, спортсмендердің жылдамдықтарын арттыру қасиетіне арналған қозғалыс әрекеті.[12]

Жылдам әрі күшті қасиеттерді тереңінен жаттықтыру кезеңінде белгілі бір спорт түріне арналған физикалық жаттығулар қолданылады, сонымен қатар қысқа қашықтыққа жүгіру, секіру, лақтыру, салыстырмалы түрде салмағы аз шамалы жаттығулар.

Негізі әдістер: салмақсыз қайталау жаттығулар әдісі, максималды күш салу әдістерін кешенді қолдану, шамалы және аздаған салмақтағы штанганы қайталап көтеру.

Бұл көбіне аз салмақтың салмақ салуына тиісті. Бірақ мұнда да анықталған ережелерді ұстанған жөн: штанг немесе құм салынған қапшықтың салмағы жас спортсмен тез жылдамдықта орындай алатындай болуы тиіс. Салмақпен орындалатын жаттығулар тез орындалатын жіне секіріп орындалатын,сонымен қатар, демалатын жіне созылатын жаттығулармен алмасып отыруы тиіс.Штангпен орындалатын жаттығуларды шаршау шыққанша жіне қимылдың жайлауына дейін аз сериямен орындаған жөн.

В.С.Насильников мақсаты спорттық техниканың тез әрі салмақтық сапасын арттыру үшін тиімді әдістемелер мен құралдарын анықтау болып табылатын зерттеулер жүргізді. Зерттеу 15-17 жастағы 20 адамнан құралған үш топта өткізілді.

Эксперимент мағынасы: бірінші топта уақыттың 20-25% күштің, жылдамдықтың, ептіліктің және басқа сапалардың жалпы қабылданған жаттығулар арқылы дамуына жұмсалды. Екінші топта осы уақытта жалпы дамытылатын жылдамдық пен салмақ жаттығулары орындалды. Үшінші топта жылдамдық пен салмақ жаттығулары арнайы бағытта, яғни, жеңіл атлетика бағарламасы ойынша үйретілетін жаттығуларға жақын күш жұмсалатын жаттығулар орындалды. Қалғанында, Жаттығу түрлері бірдей болды.

Эксперимент жүргізу кезінде бұлшық еттің өсуі барлық группадағы жаттығушылардан көрінді. Арнайы жылдамдық пен салмақ сапасының өзгерістер туралы шешім қабылдау үшін 30 метрге жүгіру және орыннан ұзындыққа секіру нәтижелері жүйелі түрде тіркеліп отырды. Алынған мәліметтер жылдамдық пен салмақ жаттығуларын кеткен уақыттың 20-25% бөлігі барлық жаттығулардың көрсеткіштері мен нәтижесін жақсартатынын көрсетті.

Осы эксперименттің арқасында жылдамдық пен салмақ сапасын жақсартуға арналған өте тиімді жаттығулар анықталды:

1. Келесі секірісті басып озатын ұзындыққа секіру.
2. Итеретін аяққа жоғары бағытта секіру.
3. Кедергілерден секіру.
4. 80-100см биіктікте секіру
5. Екі шаг жүгірістен кейін 1,2-1,5метр жоғарыда ілініп тұрған затты тіземен алу.
6. Жартылай отыра иыққа салмақ ала отырып секіру.

«Тренера по легкой атлетике» кітабында келесі комплекстер ұсынылады:

№1 Комплекс. Салмақпен орындалатын жаттығулар.

1. Қолға штанг ұстай отырып иықты көтеру
2. Қолға штанг ұстай денені иіліп тез орнына әкелу
3. Сол, штанг иықта.
4. Сол, иыққа серіктесіңізді отырғызып(амплитуда, жылдамдық,салмақты уақытылы арттыру)
5. Табанның алдыңғы бөлігінде тұрып иықта штанген түрегелу
6. Сол, бір аяқта.
7. Жартылай отырып, екі аяқта гирмен секіру.
8. Сол, бір аяқта, арқыны түзу ұстау.
9. Көп емес салмақпен(штанг) тізе және жамбас буындарын жаюға тез көшу кезінде жартылай отыру
10. Сондай-ақ, бір аяқпен.

11. Секіру (штанганы иыққа салып, сатылардан тіке, жоғары-төмен жүріп өту) [13]

Егде жастағы спортышылар жаттығу залында штангамен жаттығуларды көбірек жасауы керек. Жылдамдық-беріктілік жаттығулар кейбір бұлшық ет топтары үшін селективті әсері бар түрлі секіру жаттығуларды қамтуы тиіс, соның ішінде: аяқ және табан бұлшықеттері, жамбас және жамбас бұлшықеттері, аяқ үсті бұлшықеттері. Жылдамдығы мен қуатты арттыру сипатындағы жаттығулар секіру жаттығуларымен орындалуы мүмкін. Ұсынылған кешенді жүзеге асыруға болады, сондай-ақ желіде және бағанда.

№2 кешен. Биік секіру қабілетін дамыту үшін жаттығулар.

1. Орындықтың оң жағында тұрып, оң аяқты орындыққа, сол аяқты жерге қойып, оң аяққа алға жылжытып 15-тен 2 рет секіру.

2. Аяқтарды бір-бірінен алшақ қойып, орындықта тұру. Екі аяқты қосып және ашып секіру-15 реттен 2 мәрте.

3. Және солай, бірақ орындыққа мінбестен екі аяқты қосып секіру, - 15 реттен 2 мәрте.

4. Екі арақашықтықта екі аяқпен секіріп өту, -15 реттен 3 мәрте.

5. Екі аяқты айқастыра 2 дөңгелек жасау (300 метр).

6. Орындықта бір жақпен тұрып, бір аяқпен секіру.

Секіру жаттығулары (бір аяқта) спортышылардың биік секіруіне ең тиімді жаттығу болып табылады, жылдамдық-беріктік компоненттеріне оң ықпалын береді.

Кудряшов лезде «жарылғыш» күші бар, секіртпе (скакалка) секіру жаттығулардың кешенін ұсынады:

1. Секіртпені артқа, алға айналдыра екі аяқпен секіру (белгілі бір аралықта).

2. Сол секілді, жылжу арқылы.

3. Сол секілді, аяқты айқастыра айналу. Екі аяқпен, сол жақ, оң жақ аяқпен кезек-кезек секіру.

4. Бір секірген кезде екі рет айналдыру. Оң жақ/ сол жақ аяқтармен секіру.

5. Секіртпені айналдыра және алға-артқа жылту кезінде шығып-кіріп 2 адам бірге секіру.

6. Бір уақытта бір-біріне қарама-қарсы тұрып, айналдыру бағытын әр 10 секіріс бойынша өзгертіп отырып секіру.

7. Бірі секіртпені айналдырады, екіншісі секіреді. Секіртпе екі кісіге қалыптаспаған.

8. Секіртпемен эстафета (барарда екі аяқпен, қайтарда- айқастыра)

Спортышының жан-жақты әсер ететін тірек қимыл аппаратын көрсететін физикалық дайындықтың ең маңызды және елеулі бөлігін дайындық жаттығулары алады. Әрбір пайдаланылатын жаттығулардың әр түрлі арақатынасының сандық және сапалық сипаттамаларын, оның орындалуы соңғы нәтижеге әсер етеді, жаттығулар бір болғанымен, оны жасауына байланысты әсер әр түрлі болуы мүмкін.

Егер сабақтың басында жылдамдық-беріктік сапасын дамытуға арналған жаттығулар, содан кейін жалпы және арнайы төзімділік жаттығулары берілсе, оң нәтижеге жетуге болатындығын Е.Р.Яхонтова бастаған топ зерттеушілері анықтады. Бұл заңдылық, бірақ қалаған нәтижеге басқа ретпен жету мүмкін емес. [14]

Жылдамдық-күш мүмкіндігінің негізгі компоненті шапшаң жауап қайтару, жеке қозғалыс жылдамдығы, қозғалыс пен жылдамдықтың жиілігі, тұтас қозғалыс әрекетінің пайда болуы, жарылғыштық, амортизациялық күш болып табылады.

П.И.Донченко, барлық зерттеушілердің тестілеріне талдау жасай отырып, жылдамдық-күш дайындығын анықтау үшін өз тестін ұсынып отыр:

В.М.Абалаковтың құралының көмегімен бір орында қолды сілтеп және сілтемей секіру, еденнен және тумбочкадан секіру.

1. Ұзындыққа қос аяқпен секіру.

2. Жылдамдық төзімділік ол бірақтан бір аяққа үштік немесе төрттік секіру, тек оң аяқпен немесе тек сол аяқпен.

Пономарева Н.А. секіру төзімділігін бағалау үшін, максималды биіктікке сериялы секірудің ұсынады.

Баскетболшыға мынадай тапсырма беріледі; (50x50 см.) платформаның үстінде тұрып тоқтамай барынша биіктікке 30 рет секіру қажет. Өлшеуіш кешен платформа мен электронды секундомерден тұрады. Бақыланушының жалпы уақытының санын шығару үшін, Секірудің соңғы мәлімет болғанша, бақыланушының неше секунд платформада тұрғанын уақытты айқындауға мүмкіндік береді. Баскетболшының секірудегі төзімділігін айқындау үшін, бір секірудің ортақ уақытын анықтайды, бұл арқылы секірудің ортақ биіктігінің есептейді (формуласы өткен тестіде кездескен). Бұл жерде аяқты

бүгуге болмайды. Әрбір 30 рет секіргеннен кейін міндетті түрде бір аяқпен платформаның үстіне түсу керек

Пономарева Н.А. спортшының жылдамдық-күш мүмкіндігін анықтау үшін, тағы қосалқы тест береді.

Тест барынша мүмкін жылдамдыпен биіктікте 10 рет тік секіруді орындағанда болады. Секіру биіктігі мен оған кеткен уақытты анықтау үшін екі электрлі секундомермен жалғанған қосалқы платформа қажет. Ол 0,01 секундқа дейін дәлме-дәл уақытты көрсетеді.

Есептеу формула бойынша жүзеге асырылады :

$MAP = H \times 1.5 \times p1$ Қайда:

H- 10 рет секіргендегі орташа биіктік (м)

P – спортсменнің салмағы (кг)

1,5 – тежеу коэффициенті;

1 – бір рет секіргенде кететін уақыт (мин.)

Спортшының қозғалыс жылдамдығын 6 метр ұзындықты қанша уақытта жүгіріп өткендігімен бағалайды. 6 метр жүгіруге кеткен уақытты тіркеу 0,01 секундқа дейінгі дәлдікпен екі байланыс платформалар және электрондық секундомер көмегімен жүзеге асырылуы мүмкін. Секундомер бірінші платформаны қалдырғанда қосылады да, екінші аяқ тигенде өшіріледі. Сынақтан өтуші үш рет әрекет жасап, оның нәтижелері жазылып алынады. Олардың арасынан үздік нәтиже таңдалады. Егер спорты платформаға дәл келмесе, секундомер қосылушы оған қосымша мүмкіндік береді. 6 метрді тез жүгіру үшін аяқпен жиі жаттықтырып, жұмыс жасау керек [15]

Дьяков В.М. келесі сынақтарды ұсынады:

1. Жоғарыға еркін секіру. Ол спортшының дайындық деңгейін, жоғары функционалдық күйін көрсетеді. Бұл жаттығу спортшылардың тірек-қимыл жүйесі әзірлейді, жылдамдыққа функционалдық тәуелділікті анықтау үшін қызмет етеді.

2. Жоғарыға ауыр затпен секіру (штанга). Иығына бірте-бірте салмақты ауырлата отырып бірнеше мәрте секіру (секіру биіктігін тіркеу).

3. Бір орында, қол мен аяқты бірге және бөлек қозғалта отырып секіру.

Жылдамдық пен қуатты анықтау үшін автор жоғарыға секірудің келесі үш топтаманы ұсынады:

*күшті анықтау үшін 6 рет секіру қажет;

*шыдамдылық шегін анықтау үшін 12 рет секіру қажет;

*шыдамдылық күшін анықтау үшін 18 рет секіру қажет.

Баскетболист әуелі сынақ ретінде өзіне қолайлы биіктікке үш рет секіреді. Оның нәтижесі бойынша орташа биіктігі анықталады. Тест нәтижелерінің орташа көрсеткіші шығарылып, баскетболистің жылдамдық қуаты анықталады. Секірулер сериясы орташа нәтижесінен 5-7 см ауытқуы әлсіз физикалық дайындықты көрсетеді; көрсеткіштерге сәйкес – баскетболистің жоғары деңгейдегі функционалдық дайындығы, шыдамдылық шегі анықталады. Әрбір секірістің биіктігінің жоғарылауын санау қолайлы фактор болып табылады.

Секірудің негізгі көрсеткіші ретінде еректер сияқты мектеп жасындағы жасөспірімдер де бір орында тұрып биіктікке секіргені абзал. Бұл координацияға сәйкес қиын емес, жаттығу жасау техникасы оңай. М.Е.Забулина мен Е.А.Разумовский спортшының салмағы арқылы жылдамдық-күшін анықтауды ұсынған.

Формула бойынша есептеледі:

Секіру биіктігі (см). Салмағы (кг) Қайда:

Нәтиже 0,8 – қанағаттанарлық; 0,9-1 – жақсы; 1,1-1,3 – өте жақсы;

В.И.Лях жылдамдық қуатын нақтыланған орыннан бағытталған аймаққа кішкентай доп лақтыру арқылы өлшеуді ұсынған. Снарядтың ұшу ұзындығы анықталады. Оң және сол қолынан жеке-жеке анықталып, сынақшының қозғалыс ассиметриясы шығарылады. Іші толтырылған доппен (салмағы 1-3 кг) бірнеше жағдайда бір қолмен және екі қолмен лақтырылады (соққы).

Тестілеу тәртібі:

Іші толтырылған допты отырып, аяқты алға созып, екі қолмен бастың жоғары жағына ұстап лақтыру. Бұл жағдайды сынақталушы сәл артқа қарай шалқайып, артынша бар күшімен допты алға қарай лақтырады. Үш рет лақтырып, арасынан ең жоғары көрсеткіш есепке алынады. Лақтыру ұзақтығы алдын ала белгіленген сызық пен доптың түскен нүктесі аралықтары арқылы өлшенеді.

Іші толтырылған допты екі қолмен кеуде тұсына ұстап, түрегеп тұрған күйде лақтыру. Сынақталушы алғашқы тұрған жеріндегі қабырғадан 50 метр алшақ тұруы қажет. Бұйрық берілген сәтте кеуде тұсындағы допты шамасынша алысқа лақтыруға талпынуы керек. Үш рет лақтырғаннан кейін арасынан ең жоғары көрсеткен көрсеткіші есепке алынады.

Лақтыру ережелері дәл алдындағыдай, тек сынақталушы іші толтырылған допты бір қолымен иықтың жанында ұстайды, екінші қолмен бірінші қолын демеп тұрады. Іші толтырылған допты бір қолмен ұзақтыққа лақтырғанда жүзеге асырылады.

Іші толтырылған допты екі қолмен ұстап төменнен лақтыру. Сынақталушы допты екі қолмен төмен қарай тік ұстап тұрады. Бұйрық берілгенде ол екі қолымен төменнен лақтырады (қолы алға артқа қозғалып тұрады).

Іші толтырылған допты түрегеп тұрып, арқа тұсынан бас арқылы лақтыру. Сынақталушы допты екі қолымен ұстап тұрып, бас ақылы лақтыруы қажет.

Осылайша баскетболшылардың жоғары нәтижеге қол жеткізуі үшін шапшаңдылық, жылдамдық және секіргіштік қасиеттер негіз болатындығы және жас балаларға жылдамдық-күш сапасын арттыру үшін: орындықта секіру жаттығулары; секіртпеде секіру жаттығулары; биіктіктен секіру, кейіннен аяқты түзу ұстау, жаттығуларды жасауда көбіне қайталау мен интервалды тәсілдерді ұстану, жеңіл атлетикалық секірулер пайдалану керек екендігі анықталды.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Николич А., *Отбор в баскетболе.* - М. Физкультура и Спорт.-1984
2. Филатов С. И. *Исследование динамики развития скоростно-силовых качеств у учащихся школьного возраста и возможности их совершенствования.* //Кандидатская диссертация.- М.: Просвещение.-1974.
3. Забулина М. Е. *Будь сильным, ловким, выносливым.* - Кишинев.: 1989. Разумовский Е. А стр. 7.
4. *Легкая атлетика: учебное пособие для ВУЗов.* //Под общей редакцией Одолина Н. Г. - М.: Просвещение.- 1979.
5. *Оценка уровня специальной физической подготовленности баскетболистов высокой квалификации.* - Методические указания. //Под общей редакцией Пономарева Н. А. - Ленинград.: 1988.
6. *Скоростно-силовая подготовка юных спортсменов.* //Под общей редакцией Филина В.П. - М.: Физкультура и Спорт.-1968.
7. *Физическая подготовка спортсменов.* //Под общей редакцией Дьячкова В. М. - М.: Физкультура и Спорт.- 1961.
8. *Перспективное планирование тренировки легкоатлетов.* //Под общей редакцией Филина В.П. - М.: Физкультура и Спорт.-1967.
9. Лупондина П.А. *Физическое воспитание детей дошкольного и школьного возраста.* -М.: Физкультура и Спорт.-1949.
- 10.Филин В. П. *Основы юношеского спорта.* - М.: Просвещение.-1980
- 11.Годик М. А., Шанина Т. А., Шишикова Г. Ф. *О методике тестирования физ. Состояния детей // Теория и практика физической культуры.*- 1973. -№8.- С. 32-35.
- 12.Гончаров Н. Н. *Динамика мышечных сокращений при предельных напряжениях и ее возрастных изменениях.* - Кандидатская диссертация. -М.: 1952.
- 13.Денисюк Л.Ф.*О методике развития двигательных качеств у детей школьного возраста //Материалы IV научной конференции по физическому воспитанию детей и подростков.* - М.: 1968.
- 14.Кротов В.Я., *Влияние тренировок на внутренние системы организма юных на этапе ранней специализации.* //Теория и практика физического воспитания.-1975.-№ 5, стр. 35.
- 15.Семкин А. А., *Взаимосвязь антропометрических признаков с некоторыми специфическими тестами при исследовании юных баскетболистов.* -Теория и практика физического воспитания.-1975.-№ 7, стр. 41.

Базарбаева К.К.

п.ғ.к., доцент, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, bazarbaeva1969@inbox.ru

Испандиярова А.М.

п.ғ.к., доцент, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті

БАСКЕТБОЛШЫЛАРДЫҢ ДАЙЫНДЫҚ ДЕҢГЕЙІНІҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ

***Түйіндеме:** Мақалада баскетболшылардың ойын әрекетінің тиімділігін арттырудың құралдары мен әдістеріне талдау жасалып, дайындық деңгейінің көрсеткіштері анықталды.*

***Кілтті сөздер:** баскетбол, жылдамдық, төзімділік, ептілік, күштілік, дайындық, нәтиже.*

***Аннотация:** В статье анализируются средства и методы повышения эффективности работы баскетболистов, а также уровень готовности.*

***Ключевые слова:** баскетбол, скорость, терпимость, ловкость, сила, подготовка, результат.*

***Summary:** The article analyzes the means and methods for increasing the efficiency of basketball players, as well as the level of readiness.*

***Key words:** basketball, speed, tolerance, agility, strength, preparation, result.*

Баскетболшының спорттық шеберлігінің шыңын анықтайтын факторлардың бірі ойыншылардың техникалық тәсілдері: қабылдап алу мен беру, лақтыруды, алып жүгіру, кәрзеңкеге ыршу, түснegen допты игеру, допты ұстап қалу мен соғып жүгіруді тиімді орындау болып саналады.

Командалардың табысты ойнауы үшін қажетті басты міндеттердің бірі - жоғары маманданған спортшылар дайырау болып табылады, олар техникалық тәсілдік арсеналдың кең көлемімен қарқынды және жалғасатын салмақты көтере алатын қабілетті игеруі тиіс. Осыған байланысты жұмысқа қабілеттік деңгейі мен оның құрылымын көрсетудің қажеттілігін шешу үшін баскетболшылардың спорттық шеберлік деңгейін көтеру проблемасы өзекті болып табылады.

Дене және функционалдық мүмкіндіктер баскетболшы жастардың спорттық шеберлігінің негізі болып табылатын спорттық жаттығулардағы бұл мүмкіндіктерге алдын-ала дайындалудың бастапқы кезеңінде ерекше мән беріледі. Баскетболшылардың жұмыс қабілетін жалпы деңгейін көтеру мақсатында ғана қолданылатын әдістемелердің бірнеше түрлері бар. Алайда функционалдық және дене мүмкіндіктерінің жоғары деңгейі ойын тәсілдерінің тиімділігі баскетболшылардың қозғалмалы тірек-қимыл аппаратына тікелей әсер ететін құралдарды қолдана отырып, одан әрі жақсартатын негізді білдіреді.

Қазіргі заманғы баскетбол ойынның маңызы допты секіріп лақтыруды кәрзеңкеден ыршыған, түспеген допты игере білуді, сондай-ақ қорғаныс ойынындағы қозғалыстар мен тәсілдерді допты қағып қалуды, соғуды, тартып алуды, жауып қалуды т.б. орындаудағы шеберліктің жоғары деңгейін талап ететіні белгілі. Сонымен бір мезгілде мамандар әртүрлі деңгейдегі командалардың осы тәсілдерді тиімді орындауда едәуір артта қалушылықты атап өтеді (Балвачев Н.В., Помельский В., Аводяшникова И.А., Волков П.И., Корегин В.И., Орехов Л.И., Каражанов Б.К., Платонов В.А.). Допты секіріп лақтыру, кәрзеңкеден ыршыған, түспеген допты игеру мен ойындағы қорғанысқа қарсы әрекет ету тәсілдері күрделі қозғалыс болып саналады, оларды талдай отырып бір-біріне тәуелді емес көрсеткіштердің бүтін бір катарын бөліп көрсетуге болады (Матвеев Л.П., Филин В.П., Викигин В.А. және т.б.). Баскетбол бойынша оқу жаттығуларды дұрыс ұйымдастыру үшін ең әуелі қандай факторлардың маңызды екенін білген жөн.

Спорттық ойындардағы ойын қызметіне тән қозғалыстармен тәсілдердің көп түрлілігі мен күрделілігі объективті әдістерінің болуы қажеттілігін алдын-ала анықтайды, олардың көмегімен ойын тәсілдерінің орындалуына сандық баға беруге болады.

Қазіргі уақытта мұндай өлшеу белгілі қиындықтармен байланысты. Өйткені, спорттық қызметте қолданылып жүрген қимылдардың тиімділігін бағалаудың қолда бар әдістері спорттық ойындарда барлық уақытта қолданыла бермейді [1].

Баскетболшы ойын әрекетінің тиімділігін арттырудың құралдары мен әдістерін талдай отырып, В.З.Бабушкин ерте жастағыларды (12-13) секіріп кету үшін күрес тәсілдеріне баулу да негізгі назарды секірмелікке, допты ұру тәсілдерін меңгеруге, лақтыру параметрлері туралы ақпарат құралдарына аударуға кеңес береді. Жас баскетболшылардың жылдамдық күштілік сапаларын өзгертуге арналған И.В.Горбачевтің еңбегінде бұл сапалардың едәуір өсуі 13-18 жаста байқалатыны, содан кейін 13-18 жаста өсу жылдамдығы төмендейтіні көрсетілген. Жылдамдық күштілік сапаларды дамыту үшін авторлар өте ауырлатуды пайдалана отырып, әртүрлі жаттығуларды қолдануға кеңес береді.

Спортшылардың қимыл-қозғалыс әрекетінің дәл орындалуын зерттеу жоғары спорт нәтижелеріне жету, спортшының алдында туындайтын қимыл қозғалыс міндеттерді қаншалықты дәл орындау ептілігіне байланысты.

В.М.Заиорский мен С.В.Голомазов дәл орындауды талап ететін қимыл-қозғалыс міндеттерді екі топқа бөледі: олар бірінші топқа қимылдарды жатқызады, бұл қимылдарды дәл бағалау соңғы нәтиже бойынша жүзеге асырылады (спорттық құрал-жабдықтардың, көздеген мақсатқа дәл келуі); авторлар екінші топқа барлық қимыл-қозғалыстар барысындағы қимылдардың дәлдігі берілген бағдарламадан ауытқуға байланысты бағаланатын қимылдарды жатқызады.

Баскетболда қимылдардың дәлдігі кез-келген ойын әрекеттері кезіндегі қорғау мен шабуылдау тәсілдерін орындау барысында пайда болады. Көптеген авторлар баскетболшылар дәлдігі генералдық қабілетті білдіреді деп санайды (Фомичев В.А.). Яғни бұл, егер баскетболшы қимылдың кейбір түрінде дәл болса, онда басқа түрлерінде де оның дәл болатынын білдіреді. Авторлар бұл құбылысты қимыл-қозғалыс әрекеттерінің дәлдігіне мұралық әсер етудің маңызды дәрежесі деп түсіндіреді. Қимыл әрекеттерді орындау жылдамдығын өлшеу әдістері белгілі болғандай, спорттық ойындар спортшылардың ойын қызметінің күрделі түрі ретінде сипатталады, қолданылатын қимылдардың ауқымды әртүрлілігі ойыншыларға, бәрінен бұрын, мүмкін болатын максималды жылдамдықта тәсілдерді орындауға шарт қояды. Қорғаныста ойын техникасы баскетбол оқулығында ұсынылған ірі екі тарауға бөлінеді. Оқулықтағы жіктелген мәліметтерден баскетболшының ойында қарапайым қимылдарды: жүгіру, тоқтауды және едәуір күрделі тәсілдерді кәрзеңкеден ыршып түспеген допты соғып жіберу, тосып қалу, қағып алуды, сондай-ақ шабуылдағы тәсілдерді меңгеруі тиіс екенін көруге болады. Осы зерттеулерді жүргізу мақсатында спортшылардың қимыл-қозғалыс нәтижелерін бағалау әдістерін, сондай-ақ допты игеру тәсілдерін шапшаң орындауды өлшейтін қолда бар мәліметтерді зерттеу қажет болады. Спортшылардың кез келген қимылы қарапайым немесе күрделі түрлері қоршаған жағдайдың өзгеріп отыруына қимыл әрекеттерді жасаудан басталады. Әрекет жасау шапшаңдығы реакция уақытын (РУ) тіркеу көмегімен өлшенеді. Ауқымды әртүрлі қозғалыстар мен ырғақтың кенеттен ауысуын сипаттайтын спорт түрлерінде (спорттық ойындар жекпе-жектік т.б.) реакция уақыты (РУ) спорттың цикльдік түрлері мен (шаңғышылар, ескекшілер, жүгіруші стаерлер) айналысатындарға қарағанда қысқа болады. Спорт ойындарымен, оның ішінде баскетболмен айналысатын спортшылардың қимылдық реакциясының уақытша қысқартылған диапазоны көрініп отырғандай, мынадай дәлелдермен түсіндіріледі: ойын қызметін тұрақты қатыса отырып, спорт ойыншылары кенеттен туындайтын қарапайым және күрделі жағдайлардағы міндеттерді бірнеше рет шешуге мәжбүр болады. Әрекет жасау шапшаңдығы көбінесе бұдан былайғы қимылдар мен тәсілдерді жүгіруді, секіруді, тоқтауды, допты игеру тәсілдерін орындаудағы нәтижелерді анықтайды. Баскетбол алаңындағы қысқа әрі алыс аралықты жүгіріп өту жылдамдығы тесттік тапсырма ретінде бірқатар авторлармен қолданылды. Спортшы қысқа қашықтыққа жүгіруде жоғары жылдамдықты, ал алыс қашықтыққа максималды төмен және керісінше жылдамдықты игеруі тиіс. Алыс және қысқа баскетбол алаңындағы қашықтыққа жүгіру жылдамдығын анықтау қажеттілігі ойын қызметін жоспарлы зерттеуге түрткі болды. В.А.Данилов баскетболшының ойын кезіндегі максималды жылдамдығының орналасу сипатын зерттей отырып, ойыншылардың 3,6 және 20 метр қашықтықта жүгіру тапсырмаларын жиі орындайтынын анықтады. Ойын залының үлгідегі жағдайында осы қашықтықтарға жүгіріп өту жылдамдығын өлшеуді жүргізе отырып, ол мынадай тұжырымға келді: 20 метрлік қашықтықты жүгіріп өту уақыты 2-3 дәрежелі ересек баскетболшылардың квалификациясының артуымен, Ресейдің құрама командаларын ойыншыларына дейін жақсартады. 2-3 дәрежелі спортшылардың 20 метрлік аралықты жүгіріп өту уақытының орташа көрсеткіші $3,33 \pm 0,018$ сек. құраса, ал Ресей құрама командасы баскетболшылары $3,06 \pm 0,033$ сек. құрайды. Бұл айырмашылық жоғары деңгейдегі маңыздылықты көрсетеді. Бұл зерттеулер фотомәрелік қондырғыларды пайдалану арқасында мүмкін болды, олар баскетболшылардың қозғалыс уақытын 0,01 сек. дейінгі дәлдікпен тіркеуге алуға мүмкіндік берді. Мамандар мен жаттықтырушылардың қорғаныстық әрекет тиімділігін артыруға аударған назары В.А.Фомичевтің, К.С.Боранбаевтың еңбектерінен көрініс тапты. Аталған әдебиеттерде баскетболдағы қозғалыс жылдамдығын дамыту мен ойын тәсілдерін орындау қажеттілігі көрсетілген. Алайда, көптеген зерттеушілердің назарына қарамастан, ойындағы тәсілдерді орындау жылдамдығын арттыру проблемасы осы уақытта да көкейтесті мәселелердің бірі болып қала береді. Спорт газеттері мен журналдарының беттерінде жаттықтырушылар және еліміздің құрамасының мамандары мен ойыншылары сөз алған. Осы пікірталаста сөз алған барлық авторлар ойын кезіндегі қорғанысты қазіргі замандағы баскетболдың осал тұсы деп санайды. Ойыншының қорғаныс тәсілдеріндегі жылдамдығын арттыруға жол табу мүмкіндігі әдістемелік және ғылыми-зерттеу қызметіне жетілдіру

негізінде жүзеге асырылуы мүмкін. Атап айтатын жәйт, баскетболшылардың қимыл әрекетінің жылдамдығын зерттеу қозғалыс тәсілдерін зерттеумен шектеліп қалған жоқ. Допты игеру тәсілдерін орындау жылдамдығын тіркеуді көптеген авторлар анықтады. Берілген зерттеулер спорттың әр саласында сондай-ақ баскетболда маманданушы ересек және жас спортшыларға жүргізілді; атап айтатын жәйт, жүргізілген зерттеулердің кепшілігі спорттық тәсілдердің осы сипатының маңыздылығы туралы куәландырады. Арнайы қозғалыс жылдамдығын бағалауға бағытталып қолданылған құралдар ойын жағдайындағы қимылдарды тікелей орындауды өлшеуге жақындату мақсатында тұрақты техникалық жетілдіруге беталысты игереді [1-11].

Жасөспірім баскетболшылардың қозғалыс жылдамдығы мен тәсілді орындау жылдамдығын анықтайтын айғақтарды зерттей отырып, С.Джасем бұл тәсілдердің тиімділігі көп жағдайда қысқа аралыққа (жалпы таңдау дисперсиясының 21%) теріс қарап алға жүгіру жылдамдығымен, допты ұстап қалу мен соғудағы қол қимылдарының (жалпы таңдау дисперсиясынан 14%) жылдамдығымен, сондай-ақ күрделі реакциялармен сериалы қимылдар (жалпы таңдау дисперсиясынан 10%) жылдамдығымен анықталады.

Баскетболдағы оқу-жаттығу үрдістерінде тәсілдердің тиімділігін арттыру үшін тренажерларды қолдану. Спорттық нәтижелердің жоғарғы деңгейіне қол жеткізу және ірі халықаралық жарыстарға күшейіп отырған бәсекелестік спорт ғылымынан спорт жаттығуларында қолданылатын құралдар мен әдістер жиынтығын шығармашылық тұрғыда қайта тұжырымдап ойлануды, сондай-ақ спортшылар дайындау тиімділігін көтеретін жаңа жолдарды негіздеу мен енгізуді талап етеді.

Баскетболда ойын тәсілдерінің тиімділік маңыздылығын арттыратын жолдардың бірі бұлшық ет жұмыстарының қажетті үйлесімділігін жасауға мүмкіндік туғызатын тренажерларды қолдану. Жаттығудың кәдімгі түрлерінің жетіспеушілігі, маңызды дәрежеде, спорт қызметінің нақты жағдайын үлгілейтін, өзін-өзі шұғыл бақылау үшін бағдар жүйесін құратын және кері үмітті байланысты қамтамасыз ететін тренажерларды қолдану көмегімен ығыстырылады.

Тренажерлармен жұмыс істеуде өзін-өзі бақылау үрдісі бірден күшейеді, мұның аясында тек соңғының саналық бағалануы ғана емес, ең алдымен, жеке қызметтің өтпелік нәтижесінің талап етуден алынатын нәтижеге сәйкес қол жеткізу үшін салдарлы реттелуі түсіндіріледі.

«Дәлдеу-маятникі» беру және лақтыру қимылдарының дәлдік жаттығуы мен қозалушы затқа шапшаң реакция үшін, көзбен өлшеу «қалқан-дәлдеу» түтікпен байланысқан және маятник түрі бойынша бекітіледі. Оған түрлі-түсті концентрациялы шеңберлер жүргізілген. Шеңбер дәлдіктер сондай-ақ қабырғаға бейнеленеді және маятник қозғалғанда олар қозғалмалы дәлдікпен біресе ашылады, біресе жабылады.

«Баскетболдық кәрзеңкелерге» лақтыруды орындау жылдамдығын жетілдіруге арналған. Волейболдық ұстын түріндегі тік түтікте көлденеңнен крест түрінде үш түтік бекітіледі, олардың ұшына әр түрлі диаметрлі (45-35см) кәрзеңкелер бекітіледі. Жеке жаттығулар мен машықтану жаттығуларда лақтырудың әр түрлі тәсілдері қолданылады және оларсыз қорғаныс тәсілдері де қолданылады. Лақтырудағы баскетболшылардың саусақ дәлдігін күшейту тренажерлары. Кәрзеңкеге доптың түсуі бірқатар факторларға байланысты. Саусақтардың күштілік жұмысының дұрыс үйлесімін бағалау үшін екі пробирка қолданылды, олар бір бірінен сұқ саусақ пен ортаңғы саусақ аралығына тең қашықтықта, яғни 4-6 см. аралықта орналасқан. Бұл файлда әсерлік ұзақтықтың есебі миллисекундомермен жүзеге асырылды, әсерді сезіну уақытты телеграф кілті түріндегі арнайы қондырғымен реттеліп отырды. Тығынның жұмыс атқаратын үстіңгі жағына қысым жасау саусақтың мамық ұшымен жүзеге асырылады, ал қолдар салмақты болады.

Лақтыру кезіндегі саусақтарға тең күш салу ептілігіне жаттығу жасау спортшылардың допты кәрзеңкеге лақтыруындағы орташа бір жаққа ауытқуын азайтуға мүмкіндік береді, осылайша доптың дәл түсуін жақсартады.

Қорғаныста тұру жаттығуы бейімделу. Бұл 3x3 м. мата тәрізді сөреден тұрады, ол спортшының орта бойынан 20-30 см. төмен биіктікте созылықы жағдайда орналастырылады. Қорғанысқа тұру мен басқа да техникалық тәсілдерді спортшылар жартылай бүгілген аяқпен, аспаға бастарын тигізбестен орындайды.

«Баскетболдағы допты қағып алу ептілігін қалыптастыру үшін тренажер». Спортшылардың старттық күш беру жылдамдығы мен көрермендік моторлы әсер ету жылдамдығын ендіру, яғни, жасау үшін В.Н.Кудимов тренажер құрастырды. Ол қозғалғыш доптан, өлшейтін екі блокты электрондық секунд өлшеуіштен, старттық тірегіштен, контактілі қондырғыдан және басқыштан тұрады.

Баскетбол командаларының табысты ойыны үшін қажетті басты міндеттердің бірі техникалық-тактикалық арсеналдың кең ауқымын игеруші жоғары дәрежедегі спортшыларды дайындау болып

табылады, олар, белгілі болғандай, ағзаның қызметтік мүмкіндіктерін мобилизациялауды шақырады. Осыған байланысты, баскетболшы дене жұмыс қабілеті мен оның құрылымының деңгейін арттыру мәселесі көкейтесті болып табылатыны күмәнсіз.

Командалардың арнайы дайындықтары:

Көрсеткіштер	Командадағы арнайы дайындық көрсеткіштері			
	12 жасқа дейінгі баскетболшы		13 жасқа дейінгі баскетболшы	
	мамыр 2012	маусым 2012	қазан 2012	ақпан 2013
Ара қашықтықтан лақтыру нәтижелілігі, %	51,5+10,78 (6,78)	60,17+8,45 (5,32)	59,07+9,41 (2,45)	60,01+8,31 (2,30)
20 м/с аралыққа жүгіріп өту	3,55+0,13 (0,18) I	3,06+0,27 (0,17)	3,25+0,10 (0,03)	3,14+0,23 (0,12)
Тік секіру биіктігі, см	48,8+6,75 (4,25)	49,0+7,05 (4,44)	65,25+7,35 (2,80)	66,30+6,31 (3,58)
Жылдамдық төзімділігі 2 x 40 сек. және 30 x 40 сек.	563+26,4 (16,6)	572+27,0 (17,0)	398,9+18 (4,1)	409,3+19 (5,6)
Айып добын лақтыру таралымы %	67,08+13,32 (8,4)	78,67+9,24 (3,42)	80,35+7,67 (3,35)	65,68+8,30 L (4,37)

12 жастағы ойыншыларды тестілеу екі рет жүргізілді: техникалық-тактикалық бағыттағы оқу-жағтығу жиынының басында және соңында, осы жерден көрсеткіштердегі біршама айырмашылықтар байқалады. Сенімді болған айырмашылықтар 20 м. аралыққа жүгіріп өту уақытында ғана. Секірмелік, жылдамдыққа төзімділік пен лақтыру нәтижелеріндегі көрсеткіштерде маңыздылық байқалған жоқ. Республикалық біріншілікте шыққан командалар қорытындысын талдай отырып көрінгені, өткізілген ойындарда ара қашықтықтан (50) лақтырған доптың түскенінің пайыздық көрсеткіші сияқты, айып добын лақтыруды (50%) тарату да маңызды түрде оқу-жаттығу жиынында белгіленгендерге жол береді (60,17% -ға сәйкес ара қашықтықтан және 80,3% айып добы). Өзіне назар аудартатыны 156 турнирдегі допты жоғалтудың маңызды жалпы саны (матчтағы Астана командасымен-37, Алматы командасымен-38), сондай-ақ, қарсыластар қалқанынан шыққан доптар үшін күресудегі белсенділіктің кемшілігі барлығы 77 іріктеу, ал шешуші матчтарда 1 қалқандағы допты іріктеудің жалпы санының 15% және 37% құрады.

Жаттығулық ойындарда мұндай көрсеткіштер едәуір жоғары. Бұл 12 жасар студенттердің дене дайындығының деңгейі жеткіліксіз жоғары дәреже де екендігін және жауапты турнирдің шешуші матч барысында командалардың ойын нәтижелерінде кері әсер беруі мүмкін екендігін білдіреді. Қызықты болып көрінетіні, 12 жасар ойыншы республикалық турнирге дайындау кезеңіндегі тестілеу нәтижелері, республикалық турнирге қатысу алдағы 2012 жылдың жазында республикалық біріншілік дайындық жоспарына енді. Алынған мәліметтердің куәландыратыны: 13 жастағы баскетболшылар; 12 жастағылардан 20 м. аралыққа жүгіріп өту уақыты мен тік секірудің максималды биіктігіне жылдамдық-күштік дайындығы көрсеткіштерімен басым түседі, бұл орайда ойыннан лақтырған доптың түсу пайызының көлемі : (44,24 және 49%) мен айып добын лақтыру таралымы (56% және 69%). Бұл мәліметтер 2002 жылғы ҚР студенттік чемпионат ойындары мен бақылау ойындарының техникалық хаттамасын талдау кезінде алынды. Мынадай қызықты дерек көзіне назар аудартады: жаттығу сабағы I барысында жүргізілген жас баскетболшылардың ара қашықтықтан және I айып добын лақтырғандағы дәл түсуінің пайыздық көлемінің көрсеткіштері. Ол бақылау талаптарды тапсыруда тіркелген көрсеткіштерге едәуір жол береді. Бұл жаттығу үрдісі кезінде спортшы ағзасы арнайы дайындықтың дамуының дәрежесіне жеткіліксіз әсер ететін салмақтарға берілетінін тағы да бекіте түседі; оның бір компоненті болып ойыннан лақтыру және айып добын лақтыруды тарату пайызы саналады. Мұның салдары матч барысындағы жеткіліксіз нәтижелілік болып табылады.

Бой салмақтық көрсеткіштерінің көлемі тұрақты ұлғаюға беталыс жасауды керсетіп отыр. 12-13 жастағы баскетболшы денелерінің салмағы мен бой ұзындығы едәуір аз мәнге не, ал бұлар ересек жастағы ойыншыларда максималды болып келеді. Осы аталған екі көрсеткіштердің де мәнді колемдері өзіне назар аудартады, ол баскетболмен айналысу үшін іріктеудің ерекшелігі болып табылады. Өртүрлі жастағы баскетболшы студенттердің арнайы дене дайындығының өлшенген көрсеткіштерінің ортатоптық маңызы 2-кестеде ұсынылған.

2-кесте. Өртүрлі жастағы баскетболшылардың арнайы дене дайындығын өлшенген көрсеткіштерінің орта топтық маңызы

Жас шамалық топтар 1 Баскетболшы			
Көрсеткіштер	12 жас	13 жас	14 жас
Максималды алакатат-тық қуаттылық (МАҚ), кгм/сек.	73,92±15,30 (3,34)	97,48±21,82 (5,45)	212,09±21
20м аралыққа жүгіріп өту уақыты, сек.	4,22±0,18(0,04)	3,79±0,36 (0,09)	3,76±0,22
Секіргіштік, см	38,38±6,68 (1,46)	55,56±10,45 (2,61)	58,47±6,55
Жылдамдыққа шыдамдылық	326,43±49,36 (10,77)	375,7±25,66 (6,39)	380,06±12
Қорғаныс жылдамдығының орналасуы	10,53±0,60 (0,13)	10,51±0,51 (0Д3)	10,56±0,51
Ара қашықтықтан лақтыру нәтижелілігі,%	36,76±7,77 (1,70)	56,87±11,72 (2,93)	52,76±12,2
Техникалық дайындық бойынша комплексті нормативті орындау уақыты, сек.	34,01±1,71 (0,37)	40,50±2,44 (0,61)	40,57±2,95

Кестеде келтірілген сандар мынаны білдіреді: орта±стандартты ауытқу (ортаның катесі).

Максималды алакататтық қуаттылықты өлшеу (МАҚ).

МАҚ көрсеткішінің көлемі спортшы жасының өсуіне қарай арта түседі. Барлық топтар арасында маңыздылықтың жоғары деңгейіндегі нақты айырмашылықтар анықталды, олар баскетболмен айналысу барысында осыған ұқсас сипаттағы күш салудың пайда болу қабілеттің едәуір көтерілетінін мәлімдеді. МАҚ көрсеткіштері мен маңыздылығының өзгеруі біркелкі өтеді, олардың арасындағы айырмашылық 12-13 және 14 жастағы ойыншыларда 25% құрайды, 15-16 жастағыларда ол 20%-ға тең, және ересек жастағы топ баскетболшыларында берілген көрсеткіштің көлемді өсуі 29%-ға тең.

Жылдамдық күштің мүмкіндіктерін анықтау.

20 метрге жүгірудегі зерттеу нәтижелерін талдай отырып, мынадай қорытынды жасауға болады: төменгіден жоғарғы жастық топқа өтуде максималды жылдамдық 20 жастағы спортшылардың көлеміне (6,02 м/ак) кол жеткізе отырып ұлғаяды. Айырмашылықтар (12-14 жастағылар арасындағы айырмашылықты қоспағанда) барлық топтардың көрсеткіштері арасында анық, оны біршама жас айырмасы мен дайындық деңгейіне байланысты түсіндіруге болады (жіктеу кезінде олар бір жастағы топты құрайды). Берілген параметрдің төменгіден ортаңғы жасқа (12 жас) және жоғарғы топқа (13 жас) өтудегі өсу жылдамдығы 10% құрайды. Жоғарғы айтылғандардан көрінетіні, яғни, баскетболдағы жүйелі дайындық әсері 20 м. қашықтыққа жүгіріп өту уақытының көрсеткіштерінде жеткілікті түрде айтылады.

Секіргіштіктің өзгеруі тік секірудің максималды биіктік көрсеткіштерінің көлемі едәуір жоғарғы жастағы топқа өтуде бірте-бірте артады. Барлық көрсеткіштер арасындағы айырмашылықтар, орта жас тобы ішіндегі айырмашылықты қоспағанда, маңыздылықтың жоғарғы деңгейінде анық, (аналогиялық картина 20 м. аралықтағы максималдық жылдамдық көрсеткішін салыстыру кезінде байқалды).

өСекіргіштіктің бір топтан екіншісіне өтудегі өсу көлемі құрайды: 35% (12 ден 13,14 жас), 5% (15-16 жастағы топ ішінде) және 20% (12-ден жоғарғы жастағы топ спортшылары). 12-14 жастағы көрсеткіштердің жалпы өсуі 47% тең.

Баскетболмен айналысу секірмелік көрсеткішіне дұрыс әсер етері даусыз. Бұл сапа-ойыншы дайындығының негізгі жиынтығының бірі.

Жылдамдыққа төзімділіктің динамикалық деңгейі.

Алынған мәліметтер төмендегідей қорытындылар жасауға мүмкіндік береді: баскетболмен айналысу дене қабілетінің (жылдамдық, төзімділік, ептілік, күштілік т.б.) дамуына күмәнсіз, дұрыс әсер етеді.

Нақты айырмашылықтар барлық жастағы топтардың көрсеткіштері арасынан (12-13 жастағы спортшылар тобының нәтижелері арасындағы айырмашылықтан басқа) байқалады. Көрсеткіштердің жоғарғы көлемі 12 жастағы баскетболшыларда-39 м. байқалды.

Талдау жүргізілген топтарда өсу пайызының динамикасы жас ұлғаюына байланысты мынадай болады: 32%, 2%,5%.

Қорғанысты орналастыруға қабілеттілікті сипаттайтын көрсеткіштердің өзгеруі.

Алынған мәліметтер берілген параметр маңызының жасқа байланысты өзгеруі біркелкі өтпейтіні туралы мәлімдейді. Негізгі өсу орта жастан (12 жас) жоғарғы жастағы топқа өтуде байқалады, оның көлемі-5%. Төменгі және екі орта жастағы топтар көрсеткіштері бірнеше төмен және шамамен бір

деңгейде болады (10,5 сек).

Бұл 12-13 жастағы спортшылардан жеткілікті төмен болатын орналастыру жылдамдығына қатысты. Қорғаныстық ойын тиімділігі ойынның аяқталу кезеңінде бірден артады, ол барлық жағынан, ойынның берілген компонентінің жетілуіне кететін уақытқа қажетті күштің артуымен байланысты, өйткені шабуылдаудағы ойынның техникалық-тактикалық деңгейі теңеседі және жарыстарда табысқа тек қорғанысы жақсы ұйымдастырылған команда ғана жетеді, ол жеке әрекеттің жоғарғы деңгейіне негізделеді.

Ара қашықтықтан лақтырғанда түскен доптардың орта топтық көрсеткіштерінің пайызы 12 жастағы баскетболшылар да өте жоғары маңыздылығы байқалады, ол орта жас тобындағы спортшы студенттерден сәл-ақ аз (56% және 52%). Бұл 12-13 жастағы ойыншыларда байқалған дәл доп түсуі пайызының көлеміне маңызды жол береді (36,7%), ол басқа қалған топтар көрсеткішінен біршама төмен, бұлардың арасында осыған ұқсас айырмашылықтар көрінген жоқ. Берілген көрсеткіштің өсу пайызы төменгі топтан жоғарғы топқа өту кезінде 37%-ға тең.

Кешенді талаптарды орындаудағы уақыт көрсеткіштерінің динамикасы.

Зерттеу барысында алынған мәліметтер төменгі жастағы баскетболшылар ересектерге қарағанда жаттығуларды біршама жылдам орындайтынын көрсетеді 12-13 жастағы баскетболшы көрсеткіштері маңыздылықтың жоғарғы деңгейінде барлық жастағы топ өкілдерінде белгіленген көрсеткіштерден біршама ерекшеленеді; орта және ересек топтар арасында айырмашылықтар байқалған жоқ.

Бұл, барлық жағынан алғанда, былайша түсіндіріледі: ересек жастағы жаттығуларды едәуір жоғары техникалық деңгейде орындайды (алып жүгіру, берулер, лақтырулар ойындағы қарсыластың қарсы келуіне есептеліп жүзеге асырылады); олардың аяқтарының жұмыс істеуі қорғаныс кезінде едәуір тиімдірек, техникалық тәсілдердің орындалуы және т.б.

Осылайша, баскетболшы арнайы дайындық деңгейінің көрсеткіштерін эргометриялық тестілеуден алынған нәтижелердің көрсеткені, жылдамдық-күштің, дайындықтың негізгі көрсеткіштерінің көлемі (максималды жылдамдықтар, қорғаныстағы жылдамдықты орналастыру), жылдамдыққа төзімділіктің және техникалық дайындықтың (ара қашықтықтан лақтыру нәтижелілігі) негізгі көрсеткіштерінің көлемі бірте-бірте тұрақты ұлғаятынын білдіреді.

Уақыттардың көптеген бөлігі кәрзеңкеден ыршып қайтып келген допқа иелік ету мен секіру кезіндегі лақтыруларды жетілдіру мақсатында баскетболшылардың техникалық дайындықтарына бөлінеді. Командалардың жаттықтырушалары баскетболшылардың ойындағы техникасын-техникалық дайындықтың дәстүрлі тәсілдерінің көмегімен жетілдіруді жөн көріп отыр: «жарыс», «ойын» және «қорғаушының қарсылауымен».

Осы уақытта ойын тәсілдерінің жаттығуларын «шұғыл ақпарат» және тренажерлардың тәсілдерін бірігіп қолдану жоғары дәрежелі командалардың жаттығу үрдісінде әлі толығымен ендіріле қоймаған, кәрзеңкеден ыршып қайтып келген допқа иелік ету мен секіру кезінде лақтыруларды орындау тиімділігінің көрсеткіштері туралы жылдам ақпарат беретін тренажерлар да өз орындарын тапқан жоқ.

Әдебиеттер тізімі:

1. Белорусова В.В. *Нравственное формирование личности спортсмена // ТИПФК. - 1972.*
2. Божена В. *Умножение скорости // Спортивные игры. - 1980*
3. Болвачев Н.В., Гомельский В. А., Луничкин В.Г. *Особенности высшего спортивного мастерства в баскетболе//Теория и практика физической культуры. - 1985. - N5.*
4. *Совершенствование техники броска в баскетболе: Методические рекомендации. – М., 1990.*
5. Болдырева Н.И. *Педагогика: Учебное пособие.-М.: Просвещение, 1968.*
6. Боранбаев" К.С. *Педагогические методы и средства воспитания скоростных качеств у юных футболистов на этапе начальной специализации: Дис... к.п.н. - Алматы: Каз ГА СТ. 1999.*
7. Бондарь А.И. *Обучение технике передачи в баскетболе: Учебное пособие.-М., 1985.*
8. Овезов М.А. *Совершенствование физической подготовленности школьников подросткового возраста на основе учета особенностей их физического развития: Автореф. дис... к.п.н. - Ашхабат, 1994*
9. Ботагариев Т.А. *Изменение стандартов физического развития школьников 6-13 лет//Поиск. - 1997. - №6.*
10. Избекова Е.К., Аманбаев Р.Р., Каражанов С.К., Моргина И.А., Кульназаров А.К. *Отношение учащихся к урокам физической культуры // Теоретические и прикладные проблемы физического воспитания и спорта: Сб. науч. статей. - Алматы, - 1996.*
11. Адамбеков К.И. *Воспитание физических качеств путем мотивации свободного выбора средств в общеобразовательных школах США// Народ. спорт и массовая физическая культура. - Алматы, 1993.*

Базарбаева К.К.

п.ғ.к., доцент, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті
bazarbaeva1969@inbox.ru

СПОРТ ЖӘНЕ ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУДЫҢ АДАМГЕРШІЛІК ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА ЫҚПАЛЫ

***Түйіндеме:** Мақалада жеткіншек жас спортшыларды дамыту бағыттары, жасөспірімдердің дене тәрбиесімен айналысу барысында балалардың бойында адамгершілік және ерік-жігер қасиеттерін қалыптастыру әдістері қаралды.*

***Кілтті сөздер:** физикалық жаттығу әсері, денсаулық, қозғалыс, ерік, тәрбие, адамдық қасиеттер.*

***Аннотация:** В статье рассматривается развитие молодых спортсменов, методы формирования нравственных и добровольческих качеств детей в физическом воспитании подростков.*

***Ключевые слова:** физические упражнения, здоровье, движение, воля, образование, человеческие качества.*

***Summary:** The article deals with the development of young athletes, the methods of formation of moral and voluntary qualities of children in the physical education of adolescents.*

***Key words:** physical exercises, health, movement, will, education, human qualities.*

Жасөспірімнің жеке тұлға ретінде қалыптасуы ең алдымен оның балалық және жасөспірім шағында қалыптасып, кейіннен отбасында, мектебінде, қоғамдық ортасында және қалған барлық өмірінде айқын көрінеді.

Қазіргі заманның көзқарасы бойынша, физикалық тәрбиенің мақсаты жеке адамның жан- жақты даму үдерісінің шыңына жету. Бұл мақсатқа жету – өзара байланысқан мәселелірдің шешіліп, физикалық дамудың үйлесімділігіне, денсаулықтық жақсаруына, тән менен жанның дами түсуіне, әскери-өнер әрекеттерінің меңгерілуіне, білім дәреженің жоғарылауына әкеледі.

Дене шынықтыру және спорт дені сау және сауатты жас ұрпақты тәрбиелеудің тиімді құралы болып табылады. Көп жылдық зерттеудің нәтижесінде, спортпен шұғылдану дене функцияның іс жүзінде барлық жүйелеріне оң әсер ететіндігін және аурудың алдын алу үшін де қуатты құрал болып табылатындығын анықтады.

Жасөспірімділік – бұл ең қиын және күрделі шақ, балалардың тұлға ретінде қалыптасу кезі. Сонымен қатар, бұл ең жауапты кезең, өйткені адамгершілік қалыптасады, өзіне, адамдарға, қоғамға деген қарым-қатынастың негізі қаланады. Бұдан басқа, осы жаста мінезінің және негізгі нысандарың тұлға аралық мінез-құлық тұрақталады. Басты мотивациялық желі осы жас кезеңдеріне байланысты белсенді ұмтылысымен тұлғалық өзін-өзі жетілдіруге, бұл – өзін-өзі тану [1].

Дене шынықтыру және спорт жасөспірімдердің дене тәрбиесімен айналысу барысында балалардың бойында адамгершілік және ерік-жігер қасиеттерін қалыптастыру шарттары

Моральді-ерікті қасиеттерді қалыптастырудың ең тиімді жолы – физикалық тәрбие құралдарын қолдану. Бұл шешімге жасөспірімдер арасында кең таралған мәселелерді ескере отырып келуге болады:

- Жасөспірімдердің әлсіз физикалық дамуы;
- Физикалық жаттығулармен тұрақты айналысуға деген ынтаның болмауы
- Жасөспірімдерде физикалық және психологиялық төзімділіктің болмауы;
- Салауатты өмір салты әдебінің болмауы.

Орта мектепті бітірген түлектердің бойында бастамалық, төзімділік, өз беттілік, батылдық, табандылық, тәртіпшілдік және ұйымшылдық секілді жеке қасиеттердің әлсіз қалыптасуы өзекті мәселе болып табылады [2].

Дене шынықтыру және спорттың қуатты сауықтыру әлеуеті жасөспірімдердің бойында моральді-ерікті қасиеттерді қалыптастыруға және тұлға дамуының үйлесімді болуына септігін тигізеді. Дене шынықтыру және спортпен айналысу адам ағзасына жалпы профилактикалық әсерін тигізеді және оның саулық деңгейін арттырады.

Физикалық жаттығулар жасөспірім ағзасына мынадай әсерлерін тигізеді:

- а) психологиялық әсер;
- б) физикалық әсер.

Дене шынықтырумен айналысу жүйке жүйесін жақсартады, сезім мүшелерін жетілдіреді, дене салмағын қалыптандырады. Басқаша айтқанда олар адамның дене мүшелері мен барлық жүйелеріне қалыпты әсер етеді. Біз көбірек қозғалған сайын біздің барлық бұлшық еттеріміз жұмыс істейді. Жұмыс істеп тұрған бұлшық еттерге қан ағысын арттыру үшін жүрек жұмысын белсендендіру қажет.

Жүйелі физикалық жаттығулар денсаулықты нығайту, ағзаны беріктендіру, төзімділіктің, жылдамдықтың және күштің физикалық дамуы, еңбек өміріне, денсаулыққа қажетті дұрыс қозғалыс қабілеттерінің қалыптасуы секілді тапсырмаларды табысты шешеді. Өртүрлі физикалық жаттығулар оқушылардың физикалық дайындығын арттырып қана қоймай, эмоциональді-ерікті саланы тәрбиелейді. Сол себепті физикалық жүктің тұлғаның психо-эмоциональдік дамуымен үйлесуі – дене шынықтыруды қазіргі заманғы кезеңде оқытудың қажетті шарты болып табылады. Жоғарыда айтылғандай, ерік – бұл бойына көптеген әртүрлі психологиялық феномендерді жиған жалпы ұғым. Бұл өз әрекеттерінді саналы басқару, ерікті күш салу (ерікті қасиеттер). Абстрактілі ерікті емес, тіпті абстрактілі «ерік күшін» емес, нақты ерік компоненттері мен «ерік күші» (ерікті қасиеттер) танылуының нақты кездерін дамыту керек. Бұны дұрыс түсінбеу, мынадай біртүрлі нұсқауларға алып келуі мүмкін: «алға қойылған мақсат ерікті беріктендіруі мүмкін» немесе «өз кемшіліктерімізді жоя отырып (еріншектік, ұқыпсыздық, жаман әдеттер және т.б.) ерікті жаттықтыру қажет». [3].

Алдымен кемшіліктерді жоямыз, сосын жақсы қасиеттердің дамуына кірісеміз. Автордың тағы бір ұсынысы: «Ерікті тәрбиелеу үшін өз өзімізбен тұрақты, жүйелі жұмысты ертерек бастау қажет» [4].

Күшті ерік-жігерлі жеке қасиеттер қызмет барысында қалыптасады. Сондықтан, «ерік-жігерді» (жігерлік қасиеттер) дамыту үшін көбінесе ең қарапайым және логикалық саналатын жол ұсынылады: егер «ерік-жігері» кедергілер мен қиындықтарды жеңу жолында пайда болса, онда оның даму жолы да осы ситуацияларды талап ететін жағдайлар құру арқылы өтеді.

Алайда, спорт түрлері бойынша оқушылардың адамгершілік және ерік қасиеттерін қалыптастыруға арналған жұмыстар салыстырмалы түрде аз (С.А. Алексеев, Н.М. Богатырев, Ю.И. Зотов, В.Н. Казанцев, Ю.П. Мальцев, А.И. Михеев, В.П. Шевченко және т.б.). Эксперименттік деректер бойынша оқушылар өздерінің тұрақты қасиеттері (Н.М. Богатырев), моральдық білімдері (Ю.И. Зотов), адамгершілік мұраттар мазмұнына қатынасы мен адамгершілік қасиеттер арасындағы байланыс анықталды.


Спорт түрлері бойынша жасөспірім адамгершілік және ерік қасиеттерін қалыптастыру тиімділігін арттыру шарттарының бірі білім беру жүйесінің бір бөлігі болып табылатын мүдделі тараптардың өзара әрекеттесуі болып табылады, яғни «оқытушы-педагог (жаттықтырушы) - балалар спорт командасы».

Спортпен шұғылдану кезінде жасөспірімдерде қалыптасатын адамгершілік қасиеттер ретінде жауапкершілікті, өз әрекеттері мен мінез-құлықтарын, өз жолдастарының іс-әрекетіне, жалпы табыстылығына терең қызығушылық, ерік-жігері, жоғары нәтижелерге ұмытылысы, қол жеткізуі дамиды. Сонымен қатар, спортпен шұғылдану өз шапшаңдығын, ептілігін, күшін, табандылығын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жеткіншек кезең – мінез-құлықтың қалыптасуында ерекше орын алатын кезең. Бұған дейін жеке мінез-құлықтарды айтатын болсақ, ал жеткіншек кезеңде мінез бірте-бірте тұрақтанады, бір негізге түсе бастайды, өзінің қылығын басқара алуға мүмкіндігі жетеді.

Оқытушы-жаттықтырушы жас спортшыларды дамыту үшін көп күш-жігер жұмсап, осы мақсаттарға қол жеткізу үшін қиындықтарды жеңуге, моральдық және күшті ерік-жігер дайындығын жүзеге асыруға, хабардар этикалық шешімдер қабылдау үшін өмірлік мақсаттарының қалыптастыру мүмкіндігін, қоғамның моральдық-адамгершілік құндылықтары мен оларды салыстыру қабілетін үйретуі керек.

Сызба нұсқа Жеткіншек жас спортшыларды дамыту бағыттары



Ең маңызды болып табылатыны әрбір студент физикалық жетілдіру жолдары мен құралдары туралы білім алуға ұмтылуы, дене шынықтыру қажеттілігін жүзеге асыруы. Дене шынықтыру - дене қасиеттерін тәрбиелеу және тараптардың дайындалуын жақсарту үшін қолайлы жағдайлар жасап функционалдық дамытуға бағытталған педагогикалық процесс болып табылады. Жалпы дене тәрбиесі міндеттеріне денсаулықты нығайту, өмірлік маңызды қозғалыстардың үйлесімді дамуы кіреді.

Әлсіз, ерік-жігерсіз адамдар, әдетте, өз жұмыстарын ұйымдастыруға қабілетті емес. Олар бір жұмысқа кірісе отырып екінші жұмысты үстінен қабаттастырады. Күшті, ерік-жігерлі адам - өз заманының иесі. Ол өз жұмысын ұйымдастыру үшін ақылға қонымды болып табылады, ол баяу жоспарланған, оның мінез-құлық және тепе-тендік сақтауы орнықты болып табылады [5].

- Жасөспірімдерге дене шынықтыру мен спорттық сабақтардың нысандары мен әдістерін және моральдық-еріктік қасиеттерін қалыптастыру.
- Моральдық-еріктік сапалар: тәртіптілік, табандылық, батылдық, ерлік, үлкен объективті қиындықтарды жеңуге дайындық болып табылады.

Жасөспірімдер үшін елеулі жағдайлардың бірі-спортпен айналысу болуы тиіс. Қиындықтарды жеңу барысында дене шынықтыру арқылы тек бұлшық еттерін ғана емес моральдық-еріктерін шындай алады.Тәрбие тәсілдері әртүрлі болғанымен негізгі шарттар сақталады. Моральдық-ерік қасиеттердің бір бөлігінде “:ерік күші”бағдарламасын жетілдіріліп жүзеге асырылады. Бұл бағдарламаның басында спорттық жетілдіру мен мақсат және міндеттері бар.Олар:перспективалық мақсат (3-4 жыл бұрын),жылдық (жалпы және кезең бойынша жаттығу), кезекті немесе алдағы міндеттер.Содан кейін міндеттердің орындау жолдары ұсынылады. Негізі жасөспірімдердің ынтасы мен әлсіз жақтарын ескеріп,жазу дәптері мен қажетті құралдарын қадағалау.

Бұл ретте:

1. Дене жаттығуларын орындау жүйесі кезіндегі қиындықтар мен кедергілерді жеңуді талап ету көріністері.Дәлірек,ұзақ дене жүктемесі және күрес,шектеулі уақыт аралығында шешім қабылдау,қимыл-қозғалыстарды жауапкершілікпен атқару [6].

2. Көздеуге қолайлы және орындауға ынталандыратын жаттығулар жасау. Мысалы әдемі жерлерде сабақ өткізіп,жарыс немесе ойын-жаттығу әдістерін ұйымдастыру.

3. Пысықтау тәсілдері:

а) оңтайлы тәсіл, логикалық қажеттіліктер мен белгіленген іс-әрекетті орындау және пайда болған уайымдар мен сенімсіздіктерді жою.

ә) ұйымдастырылған тәсілдерге байланысты тыныс алуды бақылау және нық дайындаулар және т.б.

4.Тәртіп орнату барысында мына мақсаттар орындалады:алға қойылған мақсатқа қатты ұмтылу,орындау мен жоспарлау жетістік екенін түсіну,істі соңына дейін апару.Табандылық пен жігерлік,бағытталған іс үшін қадамдар жасау. Батыл қадамдар барысында алдымен түсіну және одан соң іске кірісу.Тапсырма берілген уақытта бұлжытпай орындап,жауапкершілікті сезіну.

5.Білімді мақсатпен ұштастырып неғұрлым білікті болып, алға қойылған міндеттерді шешу.

Мұғалім оқушының білімге, өнерге қызығушылық ынтасын, спорт ойындарына құштарлығын анықтайды, өзін-өзі тәрбиелеуге жүргізілетін жұмыстардың тақырыптарын ақыл-ой, құлық, еңбек, эстетикалық тәрбиесімен ұштастырып алады. Баланың өзін-өзі тәрбиелеу белсенділігін қоғамдық жұмыстарға байланысты тапсырмалар беріп, орындау арқылы дамытуға болады. Қоғамда атқаратын рөлі, белгілі құқығы бар адамды жеке адам деп түсінеміз. Ал, қалыптасу дегеніміз - адамның жеке басының дамуы мен тәрбиесінің нәтижесінде жетілуі, саналы өмір сүруге дайын болуы. Педагогика ғылымы жас ерекшеліктерін анықтауға баланың дамуын үнемі қозғалыс үрдісі ретінде қарастыра отырып, бұл қозғалыстан сан жағынан жинақталу, сапа жағынан елеулі өзгерістер болатынын алға тартады.

Спортпен айналысу максималды нәтиже береді.Бозбала шақтағы сынып оқушыларында физикалық жағынан дамыған кезінде өмірлік жағдайға дайындап,отанды қорғау,қадірі мен қасиетін бағалауды жүзеге асырып,педагогикалық шеберлікті талап етеді.Әсіресе ер балалар тәрбиесінде дене жаттығулары арқасында олардың рух жігерлерін арттыру.

Дене шынықтырумен айналысу жасөспірімдер үшін өзіндік ерекшеліктері бар.Олар былай сипатталады:

– назар аудара бекіту және жетілдіру негізгі қозғалыс қасиеттерін, дайындауды тапсыруға нормативтік талаптарды оқу бағдарламасы;

– пайдалану стандартты емес жағдайлар кезіндегі оқытудағы дағдылар мен шеберлікке жетілдіруге, оларды енгізе отырып, жаттығуларды талап ететін шешімдер қабылдау күрделі және күтпеген жағдайларда (әр түрлі секіру, ұжымдық ойындар);

– әр сабақ жерде, түрлі нашар және уақыт тапшылығымен кезінде максималды физикалық және психологиялық жүктемелер (марш-лақтыру, кедергілер арқылы секіру);

– жаттығуды дамытуға күш, жылдамдық-күш мүмкіндіктері мен түрлі төзімділік;

– жаттығуды орындау қимыл-қозғалыс іс-әрекеттерді үйлестіруді қозғалыстар кейін, үлкен дене жүктемелерін, жылдамдық қайта сапқа тұрғызу және келісу қозғалыстық іс-әрекеттердің (кейін ұзақ жүгіру – лақтыру " мақсаты).

Тәжірибе шешуде өзекті психологиялық мәселелерді, қиындықтарға байланысты жасөспірімдерге шыдамдылықты үйрету:

–өзін бағыттау(салауатты өмір салты);

–оңтайландыру өмірлік қондырғылар;

– кеңейту тұлғааралық байланыстар.

Мұғалімнің бастауыш мектеп оқушыларыи оқыту мен тәрбиелеу ісіндегі жеке басының өнегесі. Мектеп пен жанұяның баланы тәрбиелеу жұмысындағы бірлігі. Білім берудің көлемі, тереңдігі және

оның жүйелі болуы. Оқу ісінің амал-тәсілдері. Балаларды еңбекке баулу және олардың еңбек дағдыларын қалыптастыру.

Ерікті іс-әрекеттерін дамытыш, мінез-құлықтарын қалыптастыру. Адамгершілік қасиеттерін арттыру. Өзара қарым-қатынасын өрістетіп отыру тәжірибелері.

Негізгі ұғымдар: даралық, жеке адам, даралық ерекшелік, ақыл-ойдың дамуы, осы балалардың сезімдік әсерленуі, мінезіндегі адамгершілік нормалар, дүниетанымдық көзқарасы, жеке адамның бағыты, танымдық процесс, сенім, мектепте жеке пәндерді оқып үйренуге даярлығы.

Соңында бағдарламаның, балалар жұмысының негіздерін, адамдар арасындағы қарым-қатынас қағидаларын, мәдени мінез-құлық және қарым-қатынас, білімді және іскерлікті көріністері, өзіне және айналасындағыларға қамқорлық, балаларға деген сезім, Отанға деген сүйіспеншілік, сұлулыққа, үлкендерді құрметтеу, төзе білу, мұқтаж адамдарға көмектесу сынды әрекеттері орындалуы тиіс.

Оқушылардың барлық қажеттіліктерін қамтамасыз ете отырып, олардың қоғамға деген қатынасын күшейтіп, азаматтық позиция ұстануды үйрету [7].

Жасөспірімдік шақ – ең қызықты және күрделі кезең. Балалар жасөспірімдерге арналған кезде өзгерістерге өзгерістерге ұшырап ата-аналарына түсініксіз болып оларға көптеген қиындықтар туғызады. Жасөспірімдік кезең мінез-құлықтың өзін-өзі бағалау және өзін-өзі танудың өзгерілуі және қалыптасу кезеңі. Еркіндікке және ата-аналарынан тәуелсіздікке ұмтылуы әлеуметтік бейімдеу барысында қосымша қиындықтар туғызады.

Жасөспірімдік шақтың тұлғалық қалыптасу мәселелері ұзақ жылдар бойы зерттеліп келеді. Авторлар жасөспірімдік шақтың әртүрлі жаңа өзгерістеріне тоқталып акцент жасайды [8].

Т.Т. Тәжібаев, Қ.Б. Жарықбаев, А. И. Сембаев, К.К. Құнантаева, Г.М. Храпченков, А. А. Калюжныйков, Ғ.Нұрғалиева, С.А.Ұзақбаева, Л.К.Керимов, Г.Ж. Меңлібекова және т.б. Қазақстандық ғалымдар еңбектерінде тұлғаны тәрбиелеудің жалпы теориялық және әдістемелік ерекшеліктері педагогикалық-психологиялық тұрғыда толық сипатталған [10].

Тұлғаны қалыптастыру мәселелері философтардың (Н. А. Бердяев, Б. С. Гершунский және т.б.), психологтар (П.П. Блонский, Л. С. Выготский, Л. И. Божович, И. С.Кон, Д. Б. Эльконин, Ж.И. Намазбаева, А.А. Тынышбаева, К. А. Айдарбеков, А. У. Ескендірова және т.б.) еңбектерінде де көрініс тапқан. В.М. Басов, Г. Н. Волков, Б.З. Вульф, И.В. Дупровин, Н.И. Гудкина, И.Ю. Забродина, И.С. Кон, А.В. Ковалев, А.В. Мудрич, А. М. Прихожан және т.б. еңбектеріне талдау жасау жасөспірімдердің іскерлік және тұлғааралық қарым-қатынастардың тұлғаның, рефлексияның, өзіндік дамудың негізі болатындығымен ерекшеленетіндігін дәлелдейді.

Сонымен, жас шамасының әр кезеңінде тұлға дамуының әлеуметтік жағдайында өзгеріс болады, оқушылардың әлеуметтік перспективасы кеңейеді, олардың әлеуметтік көзқарасы күрделенеді және осылардың нәтижесінде тұлғаның өзін-өзі тануы жетіледі: қарым-қатынас басымдылығы өзгереді [9].

Дене тәрбиесі - балалардың денсаулығын жақсартуға, қозғалыс жүйелерінің жан-жақты жетілуіне, спорт түрімен айналысуға, белгілі жетістіктерге жетуге, еңбек пен оқуға деген қызығушылығы бағытталған.

Дене шынықтырудың психологиялық ерекшеліктері ең алдымен оның денсаулықты нығайтуға бағытталған іс-әрекет болуында. Бұл процесте әрекеттердің бәрі ең соңғы кезеңге, қорытынды нәтижеге бағытталған ерекшелігінде. Әдетте дене мәдениеті адамның қалыпты қажеттігі. Дене шынықтыру мен үйірме сабағы – оқушылардың өздерін іс-әрекетте көрсете білуі. Әрқандай нақты іс-әрекеттегідей, дене тәрбиесі сабағында оқушылардың барша қасиеттері икемділіктері мен қимыл-қозғалыстары, ептіліктері мен сапалары қатысып көрініс береді. Әртүрлі жаттығу жасағанда соған сай: қимылдардың қолданымын таба білу қажет және оқушылардың міндеті сол әдістерді қолдану тәсілдерін игеру.

Сонымен, жеке тұлғаның дамуы - өз мүмкіндіктерін үздіксіз кеңейтіп, қажеттіліктерін арттырумен байланысты. Даму деңгейі жоғары болған адам өзінің рухани мәртебелілігімен, қоғамдық мәнді құндылықтарымен ерекшеленеді. Дене тәрбиесі сабағында күрделі жаттығулар орындаудағы қиыншылық, кедергілердің шешімін табуы әр оқушы қажыр-қайратымен ерік-күшін жұмсап, өз әдіс, тәсілдерін табуы мүмкін. Осыдан жеке тұлғаны танып, білу үшін оқушының көзқарасын, өмірлік міндеттерін, оларды іске асыру жолдары мен өмір барысында ұстанған принциптерін дұрыс бағытқа бұру қажет.

Оқушылардың дене шынықтыру мен спорттық үйірмелерге қызығушылығын негізгі үш компонент бойынша айтуымызға болады:

Мотивациялық – еріктік: дене шынықтыру мен спортқа қызығушылығы;

мектеп оқушыларының денсаулық деңгейін көтеру үшін дене шынықтыру құралдарын пайдалануды көздеу;

дене шынықтыру құралдарын пайдаланудың маңыздылығына сенімділігі;

заманауи дене шынықтыру құралдарын қолдануға қызығушылығы;

дене шынықтыру және спорт арқылы өз денсаулығын нығайтуға сенімділігі;

дене шынықтыру мен спорттық үйірмеге қызығушылығында белсенділіктің қалыптасуы.

Мазмұндық – операциялық: оқушылардың дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықтарын қалыптастыру ерекшеліктері;

оқушылардың дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықтарын қалыптастырудың психологиялық – педагогикалық негізі;

дәрігерлік – биологиялық ілімдер;

мектеп оқушыларының дене мәдениеті бойынша білімдері.

Рефлексиялық – бағалау: дене шынықтыру мен спорттық үйірме түрлеріне қызығушылығын сараптау;

өзіндік қызығушылық құндылықтарын талдау;

дене шынықтыру және спорт түрлері бойынша ерекшеліктерінің сәйкестілігі;

дене шынықтырудың және спорттық үйірменің іс – әрекеттерін ұйымдастырушылық тұрғыда сараптау;

Жалпы мектептерде оқушылардың дене мәдениетін қалыптастыру үшін мынадай іс – әрекеттер атқарылады:

денсаулықты нығайту, қалыпты денені шынықтыруды дамыту;

дене шынықтыру және спорт саласында қажетті білімдерді игеру;

өмірлік мәнді қозғалыс қабілеттері мен дағдыларын қалыптастыру; жолдарымен негізделген.

Адамның жан-жақты үйлесімді даму қағидасы дене тәрбиесі жүйесінде екі бағытқа бөлінген: а) дене тәрбиесінің басқа еңбек, ақыл-ой, өнегелік, эстетикалық тәрбиелермен тығыз байланыса отырып, жастарды өнегелікке, тәртіптілікке баулу, зейінділікке, еңбек сүйгіштікті қалыптастыру, адамның көркемдік-әсемдік танымына көп әсерін тигізу; ә) дене тәрбиесінің әр түрлілігі. Жалпы және арнайы дене дайындығы, дене қасиеттерін дамыту, қимылдың ептілігі мен дағдысын меңгеру сияқты дене тәрбиесі үрдісінің әр түрлілігі спортшыларды, жаттығушыларды қызықтырады. Адамның жан-жақты дамуы үшін қимыл шеберлігін меңгерумен бірге барлық дене қасиеттерін дамытуға ұмтылдырады.

Дене тәрбиесі қағидасының еңбек ету және Отан қорғау тәжірибесімен үйлесуі дене тәрбиесінің жеткіншек ұрпақты еңбекке және Отан қорғауға баулитын қолданбалы ерекшелігін көрсетеді. Қазіргі таңдағы азаматтық және әскери мамандық адамның дене қуатының жетілуін талап етеді. Дене тәрбиесі жаттығуларымен айналысу адамның денсаулығын нығайтып, кең көлемде қимыл ептілігі мен дағдысын меңгеруге көмектеседі, жұмыс істеуге ынтасын арттырады. Дене тәрбиесі және спортпен айналысқан адамдар игеру кезеңінде, спортпен айналыспаған адамдармен салыстырғанда 1,5-2 есе аз уақыт жұмсайды.

Денсаулықты нығайту қағидасы. Барлық дене тәрбиесі жаттығулары, сабақтары адам денсаулығын нығайтуы тиіс. Бұл сабақтардың нәтижелілігі олардың көлемі мен жаттығудың орындау қарқынына байланысты. Оқытушы өсіп келе жатқан жасөспірім ағзасының биологиялық заңдылықтарын, адамның жас ерекшеліктері мен барлық мүмкіндіктерін білуі керек, педагогикалық тәсілдерді және дәрігерлік бақылауды жақсы меңгеруі қажет. Сонда ғана ол денсаулықты нығайту жолында жемісті жұмыс істей алады.

Адамдарды дене тәрбиесі арқылы тәрбиелеу, спорт түрлерімен жаттықтыру, денсаулықтарын нығайту кездерінде төмендегідей дене тәрбиесі амалдары қолданылады:

1. Дене тәрбиесі жаттығулары.

2. Табиғаттың табиғи күші.

3. Гигиеналық тазалық факторлары.

Дене тәрбиесі жаттығулары негізгі амал болып табылады, өйткені ол білім беру, тәрбиелеу, сауықтыру секілді дене тәрбиесінің міндеттерін орындайды. Табиғаттың сауықтыру күші мен гигиеналық факторлар дене тәрбиесінің қосымша тәсілдері – бұлар дене жаттығуларымен бірге негізделген.

Дене шынықтыру және спорт болып табылатын тиімді құралдарымен тәрбиелеу, физикалық және рухани сау жас ұрпақ. Тәжірибелік зерттеулер дәлелдейді дене шынықтырумен және спортпен айналысу оң ықпал етеді іс жүзінде барлық функциялары мен жүйелер организм болып табылатын

қуатты құралы аурулардың алдын алуға ықпал ететін моральдық-жігерлік және азаматтық қасиеттерін әшкерелеу болды.

Осы жағдайларды ескеріп, біріншіден, мектептегі балалардың дене тәрбие барысында балаға әсері дұрыс болу үшін баланың жан дүниесін, психологиялық ерекшелігін білу және соған лайықты тәрбие жүйесін құру керек. Мағжан Жұмабаевтың сөзімен айтсақ "жанды дұрыс тәрбиелеу үшін, жанның жайын баяндайтын ғылыммен таныс болу керек. Жан көрінісі мен дене қасиетін айыра білу, олардың бір-біріне әсерін жақсы білу керек.

Ер жеткен адамға қарағанда баланың психологиясы тіпті өзгеше және тәрбиелеуде басқаша қарауды қажет етеді. Мысалы:

➤ оқушының денесі мен жаны, ақылы мен сезімі, сезімі мен қайраты – бәрі бірге іс қылады, бұлар бір-бірімен күресе алмайды, бірін-бірі тежей алмайды. Бала бір ойын ойнаса, қимыл қозғалыс орындаса, тек денесімен емес, бүкіл жан дүниесімен беріліп ойнайды.

➤ оқушы, үнемі іске, қимылға ұмтылады. Дені сау бала тіпті қарап тұра алмайды, бірақ ескертетін жай бала не істеуін және қалай істеуін білмейді;

➤ оқушының еліктеуіш қасиеті басым болады. Оқытушы дене тәрбие сабағында әртүрлі ойындарды, қимыл-қозғалыстарды орындатқанда, осы психологиялық қасиетті пайдалануы тиіс. Мысалы, Алпамыс батырға, қыран құсқа, тұлпар атқа т.б. еліктей жүргізілсе, сабақтың маңызы артады, онымен бірге тәрбиелік ролі күшейеді;

➤ оқушы сенімді, иланғыш келеді, Сондықтан, сабақ үстінде, жаттығулар орындағанда өзіне, өз күшіне сенімді болуға үйрету керек.

➤ оқушы қандай да қимыл жаттығуларын орындаса да қайратын жұмсай орындайды. Егер оқытушы, дене қозғалысын дұрыс орындау жолдарын балаға ұтымды үйретсе, оның қайраты тез қозып молаяды;

➤ бала қиялшыл келеді, қиялы әсіресе ойында оянады. Ойын-балаға кәдімгідей бір жұмыс. Ойнағанда бала айналасында тұрмыста нені көрсе, соны істейді. Мысалы, қазақ баласы біреуі ат болып жүгірсе, біреуі құрық салады, палуандарша күреседі т.б.

Дене тәрбиесі – мектептегі оқу-тәрбие ісінің маңызды бөліктерінің бірі болып табылады және оқу-тәрбие ісінің міндеттерін, атап айтқанда дене тәрбиесі бойынша мектеп бағдарламасының көрсетілген міндеттерінің табысты түрде шешуге жәрдемдесуді алдына мақсат етіп қойды [30].

Дене тәрбиесі арқылы жүргізілетін жұмыстар мектептік оқу жоспары арқылы алынатын білім, білік, дағдыларын тереңдетуге, оқушылардың денсаулығы мен денесінің жан-жақты даму деңгейін өсіруге, спортпен жүйелі түрде айналасуға деген қызығушылықтарын арттыруға тиіс.

Дене тәрбиесі мен спорт бойынша жүргізілетін жұмыстар, елімізге деген сүйіспеншілік пен адамгершілікті қалыптастыруы тиіс. Мектептегі дене тәрбиесі жұмыстары – еліміздегі дене тәрбиесі қозғалысының бастапқы буыны және оның бір бөлігі болып табылады, онымен барлық жағынан өте тығыз байланыста болады.

Дене тәрбиесінің дамуы- спортты мойындау, яғни спорт – дене тәрбиесі жүйесіндегі негізгі құралдардың бірі болғандықтан, оқушылар онымен айналыса отырып, өзінің денесін жан-жақты жетілдіру ісін жалғастырады және жоғарғы спорттық көрсеткіштерге жетуге талаптанып, дене жаттығуларының кейбір түрлеріне маманданады.

Сонымен қатар оқушылар бойын тәртіпті, көпшіл болуға, мінез-құлық мәдениетін, жауапкершілікті және адамгершіліктің өзге де белгілеріне тәрбиелейді, оқушылар бойында күш, ептілік, төзімділік секілді моральдық-ерік сапаларын қалыптастырады. Олардың бойындағы патриоттық сезім, яғни өз халқын, ұлтын мақтан тұту, жат қылықтарға төзбеу, намысшыл, салт-дәстүрді қастерлеу оны білуге құштарлануы, өз достарына, ұстазына, мектебіне деген сүйіспеншілікке болуы, еңбекқор т.б. Қорыта айтқанда жан-жақты жетілген, білімді, білікті азамат болуға тәрбиелейді.

Дене шынықтыру спорттық үйірмелерде оқушылардың өмірге түзу көз қарасын қалыптастыруға, еңбек сүйгіштікке, жұмысқа, өжеттілікке, батылдыққа, жігерлікке баулу қажет.

Балалармен спорттық үйірмелер өткізудің негізгі мазмұны оқушылардың дене тәрбиесіндегі кешенді бағдарламасының арнаулы бөлімдеріндегі мәліметтерді шешу. Оның ішінде: «күнделікті оқу кестесіндегі дене тәрбиесінің шынықтыру сауықтыру шаралары», «Дене тәрбиесі мен спорттық үйірменің түрлері», «Жалпы мәліметтегі бұқаралық спортты дамыту шаралары» тағы да басқа мәселер. Спорттық үйірменің түрлері оқушылардың жас шамаларына қарай топ құру арқылы жүргізіледі.

Қазіргі талаптарға сәйкес мектепте әрбір оқушы аптасына 6 - 8 сағат дене шынықтыру мен спорт үйірмелерінде спорт түрімен айналысуы керек. Спорттық үйірмелерді түрліше ұйымдастыра білу

оның дами түсуіне елеулі әсер етеді. Мектепте дене шынықтыру мен спорттық үйірмелерді ұйымдастырудың басты негізі мектеп ұжымындағы мұғалімдер мен оқушылардың ынтымақтастығы болып саналады.

Осылайша, дене тәрбиесі жаттығуларын саналы түрде демалу, жаттығу, жұмыс қабілеттілігін арттыру, денсаулықты нығайту кездерінде қолдану қажеттілігі мен біліктілігін тәрбиелеу заман талабына сай тұлға қалыптастыруға мүмкіндік береді. Дене тәрбиесі мен спорт маманына осы міндеттерді іске асыру үшін оқушыларға өз беттерімен жаттығулар жасауға жағдай жасау керек. Ол үшін: оқушылардың дене тәрбиесі мен спорт саласындағы білімділігін арттыру, дене тәрбиесінің қажеттілігіне деген бұлтартпас дәлелдермен оларды қаруландыру, өмірге қажет қозғалыс іскерлігі мен дағдысының негізгі техникаларын дұрыс орындауды, әдістемелік-ұйымдастыру шеберлігін қалыптастыру қажет болады. Оқушылар өздерінің жаттығуларын дұрыс құрастыра, жүктемені мөлшерлей білуі керек. Оларға дене қасиеттерін дамыту, тәрбиелеу әдістерін, өзін-өзі бақылау тәсілдерін қолдана білуді үйрету керек.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1 *Воспитание личности подростка в волевой деятельности: Метод. рекомендации / Ом.гос. пед. ин-т им. Горького – Омск: ОГПИ, 2001.*
- 2 *Виноградова Н.Д. Морально-волевые качества личности. – М., 1997.*
- 3 *Выготский Л.С. Собр. Соч. Т. 4. - М., 1993.*
- 4 *Высоцкий А.И. Волевая активность школьников и методы ее изучения. - Рязань, 1999.*
- 5 *Гоноблин Ф.Н. Психология. Учебное пособие. – М., 1996.*
- 6 *Зимин П.П. Воля и ее воспитание у подростков. – Ташкент, 1985.*
- 7 *Иванников В.А. Проблема воли: история и современность // В сб.: Проблемы психологии воли. – Рязань, 1999. – с. 7–9.*
- 8 *Ивашкин В.С. Природа и психологические механизмы волевого усилия // Проблемы психологии воли. – Рязань, 1999. – с. 19–23. Ильин Е.П. Психология воли. – СПб., 2000.*
- 9 *Е.Уанбаев "Дене тәрбиесінің негіздері" 1996ж. 70-72 бет.*

Баетов Көпжасар Дүрменұлы

Филос.ғ.к., ХҚТУ профессоры, Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті,
«Дене мәдениеті» кафедрасы, Viko_kz 86 @ mail ru.

Баетов Биназар Көпжасарұлы

Дене шынықтыру және спорт ғылымдарының магистрі, аға оқытушы,
Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, «Дене тәрбиесі» кафедрасы,

СПОРТ МЕНЕДЖМЕНТІ ПРИНЦИПТЕРІ

Түйін. Бұл мақалада спорт менеджменті принциптерінің мәні және менеджер жұмысын ұйымдастырудың негізгі принциптері талқыланды. Сонымен қатар оқу-жаттығу кезіндегі туындайтын проблемаларды спорт менеджменті принциптері негізінде шешу мәселелері көтерілген.

Резюме. В этой статье рассматриваются суть спортивного менеджмента и основные принципы организаций работы менеджера. А так же рассматриваются решения проблемы учебно-тренировочных работ в основе принципам спортивного менеджмента.

Summary. In this article were considered principles meaning of sports management and main principles of organizing of managers duty. In addition article revealed the issue of solving problems arising during sports of training based on the principles of sports management.

Күнделікті тұрмыста менеджмент сөзі белгілі бір ұйымдағы барлық адамдардың қызме-тіне басшылық етумен шұғылданып, өз мақсатына жетуді білдіреді. Тіпті білікті басқару саласының өзінде де менеджмент ұғымы түрліше түсіндіріледі. Сонымен, менеджменттің бастапқы ұғымы - бұл басшылық. “Менеджмент” ұғымының анықтамасына сүйенетін болсақ, онда менеджмент дегеніміз қазіргі индустриялық қоғамда жұмыс істейтін экономикалық орган. Менеджмент қабылдаған кез келген әрекет, кез келген шешім – бұл экономикалық сипаттағы шаралар.

Сонымен, менеджменттің тиімділігін және менеджерлердің іс-әрекетін экономикалық табыстар, экономикалық нәтижелер арқылы ғана таразылауға болады.

Кәсіпорын ең сапалы, әрі бағасы бір шама арзан тауарларды шығара алуы немесе бәсекелестеріне қарағанда ең тәуір қызмет көрсете алуы тиіс.

олардың жұмысын жандандыруды, әрі тиімділігін арттыруды көздеу қажет.

Менеджментті жеке адамдар арасындағы психологиялық қарым-қатынасқа тәуелді етеді де, бұлар материалдық жағдайларға тәуелсіз ретінде қарастырылады, өйткені соңғы айтылғанның алуан түрлілігінде шек жоқ.

Менеджментке алуан түрде түсінік бергенімен, классиктердің бұл жөніндегі тұжырымдары көп жағдайда ұқсас келеді. Гальвецияның пікірінше, басқару процесі-өнер, оның басты мәні мен мазмұны нақты жағдайда қарап ғылымды (басқару саласындағы ұйымдық ілім негізін) қолдану.

Тіпті маман болмағанның өзінде де, біздің кез келгеніміздің басқару ғылымы мен өнері туралы азын-аулақ хабарымыз болатыны сөзсіз.

Менеджмент — нарықтық экономика жағдайында өндірісті тиімді басқарудың теориясы мен практикасы.

Менеджмент – нақты мақсатты жүзеге асыру үшін кәсіпорын жұмысын басқаруға және ұйымдастыруға байланысты адамдар қызметінің түрі.

Менеджмент — бұл өнім, технология, өндірісті ұйымдастыру, басқару еңбегі, әлеуметтік қатынас саласында жанарту, инновациялау, жаңалық енгізу мақсатында фирмаларды, компанияларды тиімді басқару принциптерінің, тәсілдері мен формаларының жиынтығы.

Қазіргі кездегі менеджмент жоспарлау функциясы мазмұнының өзгеруімен, фактілерді жан-жақты зерттеуімен, кәсіпорындардың ойдағыдай іс-әрекетімен, басқаруды түпкі нәтижесіне қарай ұйымдастыруымен, дамыған теориясымен және маркетинг практикасымен, жаңа технологияны жасауымен, адам факторын жандандыратын шешімдер қабылдауымен сипатталады.

Басқару ұғымының туындауы еңбек бөлінісінің пайда болуымен туындауымен байланысты.

Мұның өзі жалпы процестің қарым – қатынасы басқарушы функциямен қамтамасыз етіледі, сондықтан басқару қоғамдық еңбекке тән. Өндіріс масштабы өскен сайын басқару ролі де атқарады.

Сондықтан, әлеуметтік жүйелердегі басқару кең ұғымда қызмет Менеджер — ең көп тараған кәсіптің бірі. Бұл — басқарумен, экономикамен шұғылданатын, заң және басқа да мәселелерді жақсы білетін кез келген адам. Шаруашылықтың түйінді орнында жұмыс істейтін кез келген адам да менеджер.

Барлық менеджерлер үшін, олардың қызмет орнына қарамастан, ортақ қызмет міндеті болады.

Менеджер адамдарды жұмысқа ынталандырады, бағыттайды, ұйымдастырады. Оның бірден-бір құралы-жазбаша немесе ауызша сөзі; немесе цифр тілі.

Менеджердің жұмысы техникаға, есептеу операцияларына немесе өнім сатуға қатысты болғанына қарамастан, оның жұмысының тиімділігі тыңдау және оқу, айту және жазу қабілеттеріне байланысты. Ол өз ойын басқа біреулердің санасына жеткізе білуі, сондай-ақ басқа адамдардың да пікірін айқындай алуы тиіс.

Менеджерлік шеберліктің маңызды жақтарының бірі-келіссөз жүргізе білуі-әріптесінің мүддесін өз мүддесіне сәйкестендіре білетін өнері болуы тиіс. Мұның өзі әсіресе қарамағындағы адамдарға әкімшілік билік жүргізе алмайтын басшылар үшін де, сондай-ақ сырттан шикізат жеткізушілермен қарым-қатынас орнату үшін де аса қажетті жағдай. Келесі онжылдықтарда нағыз компаниялар көп жағдайда маклерлік фирмаға ұқсайтын болады.

Менеджмент құрылымы мен принциптері саяси сана басты көзінің бірі – А. Смит пен Д. Рикардо бастаған ағылшын саяси экономикасы – жаңа жағдайда (фабрикалық еңбек бөлісу, өндірістік бақылауды ұйымдастыру т.б.) басқару мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Капиталистік фабрикада адамдар еңбегін басқаруға социалистүопистер, мәселен, Роберт Оуэн ерекше көңіл бөлді. Ол әсіресе қазіргі кезде біз айтып жүрген “адам факторына” ерекше көңіл бөлді. Оуэн таза теориямен шектеліп қоймады. ХІХ ғасырдың басында ол өз тоқыма фабрикасында батыл эксперимент жасады: кәсіпорында жұмысшылардың тамақтануы ұйымдастырылып, ал завод поселкасында жаңа мектеп салынды, территориясы жөнге келтіріліп, көгалдандырылды. Демек, біздің қазіргі күшті әлеуметтік саясатқа ұмтылуымыздың көне тарихы лайықты болған. Оуэн еңбек өнімділігін арттыру үшін моральдық ықпалды да пайдаланған; адамдардың басқалардан кем түскісі келмейтінін ол, өндірісте жарыс ұйымдастырды: таңдаулы жұмысшылардың станоктарында қызыл лента, орташасында-көк, нашарында-сары лента пайда болды. Осы келтірілген деректерден аңғаратынымыз – басқару барлық қоғамдық формацияда болған, бірақта кестеде көрсетілгендей, көне уақыттағы басқару мен ұйымдастырудың қазіргі кездегіден едәуір айырмашылығы болған. Ғылыми менеджменттің пайда болуы Фредрик Уинслоу Тейлордың (1856-1915) есімімен байланысты. Оның басты еңбектері – “Фабриканы басқару” (1903), “Ғылыми менеджмент принциптері” (1911), “Конгрестің арнайы комиссиясы алдында көрсету” (1912). Филадельфиядағы оның зиратының басына “Ғылыми менеджмент атасы” деп жазылған. 1880 жылдары өздігінен инженерлік білім алған американдық Фредрик В. Тейлор процесін зерттей бастады. Тейлор еңбек процесін өздігінен жүзеге асатын іс ретінде қарастырмай, оған терең деп қойып, зерттей бастаған тұңғыш адам болды.

Тейлор концепциясының негізгі қағидалары:

1. Практикада қалыптасқан ескі, дәстүрлі жұмыс тәсілдерінің орнына ғылыми іргетасты құру, оның әрбір элементін ғылыми тұрғыдан зерттеу. Ол былай деді: басқаруда да, көпір салу секілді асқан дәлдік керек.

2. Жұмысшыларды ғылыми критерий бойынша таңдау, ол арды жаттықтыру және баулу.

3. Еңбекті ұйымдастырудың ғылыми ойластырылған жүйесін практикаға енгізу ісінде әкімшілік пен жұмысшылар арасындағы ынтымақтастық.

4. Еңбекті біркелкі бөлісу және әкімшілік пен жұмысшылар арасындағы жауапкершілік.

Еңбек өнімділігін барынша арттыруды басты мақсат етіп қоя отырып, тейлор жұмысшы еңбегі мен өндіріс құралдарын пайдалануды; материалдар мен аспаптарды үнемдеп жұмсауды, аспаптарды, жұмыс операцияларын стандарттауды, жұмыс уақытын дәл есептеуді қарапайым операцияларға бөліп, кейіннен хронометраждау арқылы еңбек процестерін зерттеуді, әрбір операцияға бақылау орнатуды, бірыңғайланған еңбек ақыны қолдануды т.б. көздеді.

Тейлор жеке жұмыскерлердің еңбек операцияларын талдай отырып, әрбір операцияны жекелеген құрамдас бөліктерге жіктеуге және де хронометраж көмегімен жұмыстың неғұрлым прогрессивті әдістерін анықтауға болатындығын дәлелдеді.

Жұмыс уақытын дәл есептеу құралдарын, жұмыс операциялары мен қозғалыстарын стандарттауды, нұсқаулық карталарды енгізуді және жұмыс барысын бақылауды қажет етті.

Тейлор жұмысындағы басты жүйе – жекелеген жұмысшылардың еңбегін ұтымды ету, өндіріс процестерін және де соған сәйкес басқару процесін ұйымдастыруды қайта құру болды. Тейлор ілімінің дәл осы жағы өнеркәсіп орындарында жаппай қолданылды.

20-жылдары Тейлор ілімінің көрнекті зерттеушілері мен белсенді насихатшылары Генри Гантт, Френк Б. Гилберт, Лириан Гильберт, Хорейс Хетзуй, Сенфорт, Харригон, Эмергон, Г. Форд болды.

Эммерсон ойлап шығарған “өнімділіктің 12 принципі” жұртқа кеңінен мәлім болды. (1912). Мұнда ол кәсіпорынды басқарудың принциптерін қарастырды, әрі тұжырымдады. Эммерсонның

пікірінше, мұндай принциптерге мыналар жатады: дәл тұжырымдалған мақсат, басқарудың барлық деңгейінде бұған жетуге әрбір басшы мен қол астындағылар ұмтылады;

болашақ мақсатты ескере отырып, әрбір жаңа процесті талдауға шынайы дұрыс көңіл бөлу;

білікті кеңес беру — өндіріске және басқаруға байланысты арнайы білімнің қажеттігі және барлық мәселеде білікті кеңес бірлесіп ақылдасқанда ғана нәтижелі болады;

тәртіп – барлық ұжым (коллектив) мүшелерінің белгіленген тәртіп пен ережеге бағынуы;

қызметкерлерге әділ төрелік;

басшыны қажетті мәліметтермен қамтамасыз ететін жедел, сенімді, толық, дәл және тұрақты есеп;

ұжым қызметін мұқият, жедел, басқаруды қамтамасыз ететін диспетчерлік жұмыс;

ұйымдастырудағы бүкіл кемшілікті дәл белгілеуге және одан келетін шығындарды азайтуға мүмкіндік беретін нормалар мен жұмыс кестелері;

ең тәуір нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін уақыт, күш-қуат және өзіндік құнның үйлесімдерін қамтамасыз ететін жағдайларды қалыпқа келтіру;

уақытты белгілеуді және операцияның кезегімен орындалуын ұсынатын операциялар нормасы;

атқарылатын жұмыстардың барлық ережесін нақты бекітуді қамтамасыз ететін жазбаша стандартты нұсқаулар;

әрбір жұмысшылар еңбегін көтермелеу мақсатында еңбек өнімділігі үшін сыйлыққа ақы төлеу.

Г. Эммерсон өндірісті және басқарманы ұйымдастырудың күрделі міндеттерін жан-жақты ойластырып шешудің қажеттігін және тиімділігін тұңғыш рет атап көрсетті. Әсіресе, тиімділік тұрғысынан рационализациялауды (ұтымды етуді) қарастыруы (ол алғаш рет енгізген ұғым) ерекше көңіл аударарлық. Тиімділік деп, шығын мен нәтиже арасындағы ең қолайлы ара қатынасты атап көрсетті.

Менеджменттің негізгі принциптері – деп басқарудың практикалық міндеттерін қоярдағы басқарудың жүйесіне түрлі құрылымның (элементтің) аралығындағы байланыстарды, (қарым – қатынастарды) жүргізудің жалпылама заңдылықтарын түсіндіреді.

Менеджменттің негізгі принциптері мынадай:

Орталықтан және жергілікті жерден басқаруын ыңғайлы байланыстыру;

Құқықтарды, міндеттемелерді және жауапкершілікті байланыстыру;

Басқаруды демократизациялау;

Форд басқаруды ұйымдастырудың мынадай принциптерін қолданды:

- барлық өндіріс процесін, ондағы сатыларды байланыстарды дәл есептеу және жоспарлау;

- жұмыс жағдайын есептеу және жоспарлау;

- шикізаттарды, материалдарды, механизмдерді, жұмысшы күштерін әзірлеу;

- өндірісті стандартты технология бойынша жүзеге асыру;

- өндірісті жетілдіру жолдарын үнемі іздестіру.

Өндірісті ғылыми басқару концепциясы елеулі өзгерісті кезең болды, соның әсерінен басқару ісі ғылыми зерттеудің дербес саласы ретінде танылды. “Ғылыми басқару” қозғалысы АҚШ-тан тыс жерлерге қанат жайып, Германияда, Англияда, Швецияда, Францияда және басқа да европалық елдерде кеңінен мәлім болды, мұның өзі оларда “басқару”, “ғылыми басқару”, “рационализация”, “еңбекті ғылыми ұйымдастыру” т.б. аттармен жарияланды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. *Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі. – А., 2007.*
2. *ҚР. Мемлекеттік қызмет туралы заңы. – Алматы.*
3. *Веснин В.Р. Основы менеджмента. – М., 1997.*
4. *Виканский О.С., Наумов А.И. Менеджмент. – М.: Гардарина*

Жилисбаев Нағашбек Келисбекович

Магистр-оқытушы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Өнер факультеті, «Дене тәрбиесі» кафедрасы

Абдукаримов Баймурат Усенович

Аға оқытушы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Өнер факультеті, «Дене тәрбиесі» кафедрасы

ДЕНЕ ТӘРБИЕСІНІҢ ТАНЫМДЫҚ ЖӘНЕ ТӘРБИЕЛІК МӘНІНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТАЛДАУ

***Түйін:** Мақалада дене тәрбиесін беруде рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру, дене тәрбиесінде қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыру, халықтық наным түсініктерді педагогикалық-психологиялық талдау, дене тәрбиесінде қазақ ұлттық психологиясының дамытушылық мүмкіндіктерін зерделеу арнайы зерттеуді қажет етеді.*

***Кілтті сөздер:** Педагогика, психология, дене дайындығы, оқытып үйрету, тәрбие.*

***Резюме:** Статья требует специального изучения формирования духовных и моральных ценностей в физическом воспитании, формирования культуры общения в физической культуре, педагогико-психологического анализа народных убеждений, изучения возможностей развития казахской национальной психологии в физическом воспитании.*

***Ключевые слова:** Педагогика, психология, физическая культура, обучение, образование.*

***Summary:** The article requires special study of the formation of spiritual and moral values in physical education, the formation of a culture of communication in physical culture, the pedagogical and psychological analysis of popular beliefs, and the study of the possibilities for the development of Kazakh national psychology in physical education.*

***Key words:** Pedagogy, psychology, physical culture, education, education.*

Бұл процестер өзінің даму жолында көптеген өзгерістер мен толықтыруларды тәжірибе жүзінде қалыптастырды. Бұл әрине оқушылардың дене тәрбиесі саласындағы жаттығулардың оқушыға танымдық аймағын кеңейту болып табылады. Ғылым мәселесі дене тәрбиесі саласында да қарастырылатын болғандықтан оның практикалық мәнділігіне көп мән беріледі. Ал оны анықтауымызда практика жүзінде дәлелденген дүниелер болу керек. Осындай жағдайда құрылған мәліметтер мен практикалар нәтижесі анықтады:

Жекелеген психикалық үрдістерді дамыту бастауыш мектеп шағында жүзеге асырылады. Балалар дене тәрбиесі сабағына қабылдау үрдістері едәуір жетіліп келсе де (оларда көру мен есту қабілеті жоғары екені байқалады, олар түрлі формалар мен түстерді жақсы бағдарлайды), олардың дене іс-әрекетіндегі қабылдауы түрлі формадағы жаттығуларды және ойындарды тануға келіп оны атауға келіп тіреледі. Бірінші сынып оқушылары өздері қабылдайтын жаттығулардың қасиеттері мен саналарына жүйелі талдау жасай алмайды. Бұл жағдай арнайы жасалған тәжірибелерден айқын көрінеді. Мысалы, I-сынып оқушылары үлгі жаттығуларды жасай отырып, оның өзіне онша көңіл аудармай, бірден оның элементтерін жасауға ұмтылады. Олардың жасаған жаттығуларында орындау тәсілі әр түрлі болып шықты, тіпті бір бірінен едәуір айырмашылығы да болды, өйткені балалар оған талдау жасамаған еді. Үлгі – жаттығуды орындау ұқсас болды. Бірінші сынып оқушылары бұл жаттығуды орындап берді, бірақ оның нақты ерекшеліктері оларды қызықтырмады. Саралап қабылдаудағы кемшіліктер басқа тәжірибелерден де байқалады.

Баланың қабылдаған жаттығу түрлерін талдау және саралау мүмкіндіктері онда жаттығудың жекелеген тікелей қасиеттерін аңғару мен айырудан гөрі күрделілеу қызмет түрінің қалыптасуымен байланысты. Бақылау деп аталатын бұл қызмет түрі мектептегі дене тәрбиесі процесі негізінде ерекше жедел қалыптасады. Дене тәрбиесі сабағының үстінде оқушы қандай да бір элементтің және құралдың міндеттерін алып, ал одан кейін өзі де кең түрде тұжырымдайды. Осының арқасында қабылдау мақсатқа бағытталады. Мұғалім мен құбылыстарды көру немесе есту әдістерін (олардың қасиеттерін анықтау тәртібі, қол мен көздің қимыл бағыттары және т.б.), бекітілген қасиеттерді жасау құралдарын (дене жаттығулары, сөз) балаларға үнемі көрсетіп жаттығуды жасатып отырады. Одан кейін бала қабылдау жұмысын дербес жоспарлау мен бастысын көмекшілерінен ажырата, қабылдаған белгілерінің иерархиясын бекіте, оларды ортақ шамасына қарай саралай отырып, және т.б. Бұл қимыл-қозғалысты түпкі ойлауға сәйкес алдын ала ойластырып іске асыра алады. Мұндай бақылау танымдық іс-әрекеттің басқа түрлерімен (зейінмен ойлаумен) біріге отырып мақсатқа бағытталған және еркін бақылау формасына ие болады. Жеткілікті дәрежеде дамыған бақылауда жеке адамның

ерекше қасиеті ретіндегі баланың байқағыштығы туралы сөз қозғауға болады. Бастапқы жаттығуларда барлық бастауыш сынып оқушыларының осы маңызды қасиетін бір қатар дамытуға болатынын зерттеулер көрсетіп отыр[1].

Дене тәрбиесі сабағына келген балалардың әлі мақсатқа бағытталған зейіні болмайды. Олар өздерінің зейінін негізінен өздеріне тікелей қызықтығымен, ашықтығымен, өзгешелігімен ерекшеленетін нәрселерге аударады (ырықсыз зейін), дене тәрбиесі жұмысының шарттары алғашқы күннен бастап баладан сол кезде оны қызықтырмауы да мүмкін ойындар және қимыл-қозғалыс жаттығулары назардан тыс қалдырмауды талап етеді. Бала біртіндеп жай сырттай тартымды заттарға емес қажетті дегеніне зейінін бағыттап, оны дәйекті ұстауды үйренеді. II-III сыныптарда көптеген оқушылар арқылы зейінді игереді, оны дене тәрбиесі мұғалімі түсіндірген немесе жаттығуды орындауды көздей алады. Бірақта зейін, оны қандай да бір міндетке алдын ала ойластырып бағыттай білу – бастауыш мектеп шағындағы маңызды жетістік.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, ырықты зейінді қалыптастыруды баланың әрекетін сырттан жақсы ұйымдастырудың, ол өз санасын басқара алатындай үлгілерді пайдалана отырып хабарлау мен сыртқы құралдарын көрсетудің зор маңызы бар. Мысалы, белгілі бір спорт түріне қатысуда оның қимылын мақсатқа бағыттап орындауда бірінші сынып оқушыларының реттілігін белгілеп отыратын сыртқы құралдарды пайдалану үлкен роль атқарады. Оларды жасаудың дәл бірізділігі балалардың зейінін ұйымдастырады, олардың күрделі, нәзікте «үшқыр» қимылдармен жұмыс істегенде зейінін шоғырландыруға көмектеседі.

Баланың дене тәрбиесінің өзін-өзі ұйымдастыруы алдымен үлкендердің, әсіресе дене тәрбиесі мұғалімінің жасаған және бағытталған ұйымдастыруының нәтижесі. Зейінді дене тәрбиесі сабағы арқылы дамытудың жалпы бағыты баланың мұғалім қойған мақсатқа жетуден өздері қойған міндеттің шешімін тексеруге өту болып табылады. Бірінші сынып оқушыларының ырықты зейіні олар өздерін алып жүрудің ішкі құралдарын игермегендіктен тұрақты болмайды. Сондықтан тәжірибелі дене тәрбиесі мұғалімі дене тәрбиесі сабағында бірін бірі ауыстырып отырған және балаларды шаршатпайтын жаттығуларды әр алуан түрлерін (жалпы дамыту жаттығулары, ойын элементтері және т.б.) қолданып отырады. I-II сынып оқушыларының ақыл-ой әрекетінен гөрі сыртқы іс-әрекеттерді орындауды зейіні неғұрлым тұрақты. Зейінді дамыту, сондай-ақ оның көлемін кеңейтумен және зейінді іс-әрекеттің алуан түріне бөле білумен байланысты. Сондықтан дене тәрбиесі сабағы барысын былайша қойған дұрыс: бала өз тапсырмасын орындай отырып, жолдастарының жұмысын қадағалауы керек және қадағалай алатындай етіп, мысалы, берілген жаттығуды орындап, оқушы басқа оқушылардың мінез-құлқын бақылап отыруға міндетті. Қате жіберіп алған жағдайда ол жолдастарының теріс әсерін байқап, оны өзі түзетуге тырысады. Кейбір балалар дене тәрбиесі сабағында зейінін бөле алмайтындықтан «алаңтасар» болады: олар бір іспен айналысып отырып, басқа қимыл жасап отырады.

Мұғалім қимыл ісінің әр түрін балалар бір мезгілде бірнеше іс-әрекетті бақылауды үйренетіндей (алғашында, әрине, біршама қарапайым), жалпы жанама шұғылдануға даярланатындай етіп ұйымдастыруы керек [2].

Дене тәрбиесі сабағына келген жеті жасар бала көбінесе сырттай ашық және эмоциялы оқиғаларды, суреттеулерді, әңгімелесуді есте сақтайды. Бірақ дене тәрбиесі сабағы алғаш күннен бастап балаларды қимыл-қозғалыс жаттығуларын еркін есте сақтауды талап етеді. Оқушылар күн тәртібін, мінез-құлық ережелерін, үй тапсырмаларын арнайы есте сақтауы тиіс, ол содан кейін оларды өзінің мінез-құлқына басшылыққа ала білуі немесе олардың сабақты еске түсіре білуі керек. Бастауыш сынып оқушыларының есте сақтауының табыстылығы олардың мнемикалық міндеттердің сипатын түсінуіне, есте сақтау мен еске түсірудің тиісті әдіс-тәсілдерін меңгеруіне байланысты. Есте сақтау нәтижесін баланың өзінің тексеруі тану деңгейінде ғана болады. Мысалы, бірінші сынып оқушысы жаттығу бір жасайды да таныс сияқты болып көрінген соң жаттап алдым деп ойлайды. Аздаған ғана балалар есте еркін сақтаудың тиімді әдістерін қолданады. Көпшілігі мектепте және үйде арнайы әрі ұзақ үйретуді қажет етеді. Мұндай жұмыстың бір бағыты балалардың мағынасы жағынан есте сақтау әдістерін қалыптастырумен (жаттығуды мағыналық бірліктерге бөлу, мағыналық топтау, мағыналық салыстыру), екіншісі – уақытпен белгіленген еске түсіру тәсілдерін, есте сақтау нәтижелерін өзіндік тексеру тәсілдерін қалыптастырумен байланысты.

I ден III сыныпқа қарай оқушылардың көрнекі қимылдары есте сақтау тиімділігіне қарағанда сөзбен айтып түсіндіру тиімділігі тезірек өседі, бұл балаларда түсініп есте сақтау әдістерінің тез қалыптастыруымен анықталады. Сонымен қатар дене тәрбиесіне дайындау үрдістері үшін көрнекі үлгілерді есте ұстау маңызды.

Үлгілі мысалға келтіру күшінің педагогикалық маңызына көптеген көрнекті Ресей педагогтары сілтеме жасады (П.Ф.Лесгафт, К.Д.Ушинский, А.С.Макаренко, Н.К.Крупская және т.б.).

Кеңестік дене тәрбиесі саласының көрнекті мамандары да жеке адам үлгісін мысалға келтірудің ықпалды рөлінің дұрыстығын атап өтті В.И.Алексеев, Н.А.Бутович, Н.Г.Озолин және т.б.). Көрнекті үлгінің сендіруші күші балалармен жеткіншектер жасөспірімдерді өнегелілікке бейімділігі туралы айқын ойлау қабілетінің артуымен түсіндіріледі. Білім дәрежелерінің және өнерлік тәжірибелерінің әлі шектеулі, аздығына сәйкес балалар үлкендердің әрекетін, істерін, мінез-құлықтарын байқайды және оларға еліктейді. П.Ф.Лесгафт: «Балаға сөз емес, нақты көрсетілген іс басты бейнеде әсер етеді, бұл сөздің іс жүзіндегі нақтылығы, оның бойында өзінің көрген істерінің әсерімен үйренгендері жинақталады. Ол айналасында байқағандарын қайталап, өз дағдысы сана және дәстүріне айналады», - дейді .

Жүйелі дене шынықтыру жаттығуларымен айналысу спортпен айналысу балалардың қиялы сияқты маңызды психологиялық қабілетті дамытуға көмектеседі. Бастауыш мектеп оқушыларының қандай да бір жаттығулардың шығу және құрылу шарттарын көрсетуге тырысуы – олардың шығармашылық қиялы дамуының аса маңызды психологиялық алғы шарты. Бұл алғы шарттың қалыптасуына дене тәрбиесі сабақтары көмектеседі, онда балалар қандай да бір спорт түрінен өзі қиялдаған ойларын іске асырады. Бұған көбіне бұқаралық жарыстарда көмектеседі, олар балалардың өзін сынау ойларын туғызады, ал одан соң оны айқындап көрсетудің неғұрлым мәнді құралдарын іздеуді талап етеді.

Бастауыш мектеп оқушыларының ойлауын дамытуда екі негізгі саты байқалады. Бірінші сатыда (ол шамамен I-II сыныптардағы дене тәрбиесіне тура келеді) олардың ойлау әрекеті көбіне әлі мектеп жасына дейінгі баланың ойлауын еске түсіреді. Қозғалыс оны талдау бұл жерде көрнекі әсер ету жоспарында басым болатындықтан балалар нақтылы қимылдарды немесе жаттығуларды орындауға сүйенеді (мұндай талдауда практикалық әсерлі немесе сезімді деп атайды)[3].

Жүйелі дене тәрбиесі сабақта қимылдар арқылы орындау әрекеті негізінде III сыныпта бастауыш мектеп оқушысының ойлау сипаты өзгереді. Ойлаудың дамуының екінші кезеңі осы өзгерістермен байланысты. I-II сыныптарда-ақ мұғалім балаларға игерілетін жүктеме көлемін жекелеген элементтері арасындағы болатын байланысты көрсету үшін ерекше қам жасайды. Жыл өткен сайын осындай байланыстар немесе ұғымдар арасындағы қатынасын көрсетуді талап ететін тапсырмалар көлемі ұлғая береді. Екінші кезеңнің аяғына қарай оқушылардың көпшілігі бұрын жинақталған ұғымдары шенберінде оларды ойша талдау мен құрастыру арқылы қорытынды жасайды. Сонымен қатар практикалық пайымдаулар саны өседі. П.Ф.Лесгафттың тұжырымдауы бойынша оқушылардың ойлау қабілеттерінің даму жолдарының барынша әсерлілігі ойлау, ой жүгірту болып табылады. Дене тәрбиесі жүйесіндегі пікірлесі, ақылдасу шұғылданушыларды айқын ойлауға, ақиқаттың жалпы ережесін айқындауға және оған сәйкес дене шынықтыру мәдениеті ауқымында танымды қалыптастыру және әрекет ету болып табылады. Оқушы неғұрлым жасалған қимылға, үйретілетін қозғалыс әрекетін талдап пікірлесе, соғұрлым аз еліктейді. Пікірлесіп талдау олардың өздігінен шығармашылық белсенділік және ерік-жігер сапаларын көрсетулеріне мүмкіндік туғызады. «Пікірлесіп, талқылаусыз дерексіз ұғым болуы, ал дерексіз ұғымсыз адымның ерік-жігер қызметін атқаруы мүмкін емес», - деп жазды П.Ф.Лесгафт. Шұғылданушылардың жалпы дамуы шамасына қарай олардың қозғалыс тәжірибесінің, арнайы білімінің артуына қисынды ойлау қабілетінің дамуында мыналар қолданылады: талдау, жинақтау қорыту, сын көзбен бағалау және басқа өнегелік, ақыл-ой тәрбиесінің тәсілдері. Осындай жоғарыда талдап зерттелінген педагогика саласында қамтылған дене тәрбиесінің танымдық аймағын кеңейту мәселесі тиімді үрдісті, нәтижені қолдану, сапаға қол жеткізу және оны жалғасымды әрі дамытуды талап ету мақсатында жүзеге асырылды.

Қазіргі уақытта бүкіл тарихи, мәдени - адамгершілік, рухани құндылықтарымыз жаңа ғасыр, жаңа заман тұрғысынан қайта бағаланып, ұлтымыздың төл мәдениеті, салтымыз, тіліміз, ұлттық намысымыз, табиғи ортамыз, ұлттық мәдениетіміз бекіп, жаңғырып, дамып, өркендеуде.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында: «Білім беру жүйесінің міндеттері ретінде азаматтық пен елжандылыққа, өз Отаны – Қазақстан Республикасына сүйіспеншілікке, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін зерделеу, мемлекеттік тілді, басқа да тілдерді меңгеруді» - міндеттейді .

Ал, бүгінгі таңда жеке тұлғаны дамытуды жаңаша көзқараспен қарап, оны әлемдік ғылым мен прогресс деңгейіне сәйкес білім мен ғасырлар бойғы қалыптасқан тәрбие әдістері мен тәсілдерін ұштастырып, өмір тәжірибесі сынынан өткен әдептілік, сыпайылық, адалдық пен инабаттылық, іскерлік, мейірімділік, дарындылық, қайырымдылық, енбексүйгіштік, үлкенді сыйлау, оған ілтипат көрсету сияқты қасиеттерді, сондай-ақ, жас ұрпақтан өркениетті қоғамның ерікті, өз бас бостандығын

қорғай алатын, бүкіл адамзат құндылығын бағалай алатын дені сау, ой еңбегі мен дене еңбегіне бірдей қабілетті азамат тәрбиелеу қажет.

Әрбір әдепті ұрпақ халық дәстүрін, ата кәсібін, халық мұрасын жоғары бағалайды. Ата кәсіп – атадан балаға ауысып келе жатқан тіршілік мұрасы, мұрагер жалғастыратын дарынды әрекет болса, халық дәстүрі имандылыққа, қайырымдылыққа, мейірімділікке тәрбиелейді. Қазақ халқының әдет-ғұрып, салттары мен дәстүрлері өзінше бір ғажайып әлем[4].

Қазіргі қайта өркендеу, ұлттық мәдениет пен салт-сананың жаңғыру кезеңінде баспа беттерінде ұлттық ойындар, оларды қолдану жөнінде жазылған бірсыпыра мақалалар, құнды еңбектер пайда бола бастады. Солардың ішінде Е.Сағындықовтың (1991 ж.) «Қазақтың ұлттық ойындары» атты оқу құралында халқымыздың тарихи-мәдени мұраларының бірі және халық педагогикасының құрамды бір бөлігі ұлттық ойындардың тууы, дамуы, олардың ауыз әдебиетіндегі үлгілері, қазақтың ұлттық ойындарының зерттелуі мен жиналуы, олардың жинаушылары туралы сөз болады. Автор қазақтың ұлттық ойындарының тақырыбына, мазмұнына және ондағы көзделген мақсатына байланысты негізінен үш салаға топтастырып қарастырған. Олар: ойын-сауық, тұрмыс-салт ойындары, дене шынықтыру, спорт ойындары және оймен келетін ойындар екеніне, олардың баланы тәрбиелеудегі маңызына тоқталған. Ол халық педагогикасының құрамдас бөлігі екенін, оларды ана-тілі, математика, дене тәрбиесі сабақтарында және ұлттық ойындарды тәрбие жұмысында үзіліс кездерінде, ұзартылған күн топтарында, ертеңгіліктер мен кештерде пайдаланудың әдістемесі жасалған [5].

Халықтық тәрбиенің көзі: ұлттық дәстүрлер, әдет-ғұрыптар, ауыз әдебиетінің туындылары, өнер түрлері, ұлттық ойындар, отбасы тәрбиесі, тағы басқалары.

Ойын - тіршіліктің нышаны, еңбекке бейімделудің белгісі, дене шынықтыру мен сергудің құралы. Кез-келген қазақ халқының ұлттық ойындарының тәрбиелік мақсаттары бар. Мысалы: қазақтың “Асық” ойыны бағдарлыққа, дәлдікке, мергендікке, ептілікке үйретсе, доппен ойын бүкіл дененің тұтас қимылдап, шынығуына себепші болады. Ойнаудың түрлерін: «қауымдасып ойнау, одақтасып ойнау, жеке ойнау» деп, мазмұнына қарай оларды «тұрмыстық ойындар, шынығу ойындары, кәсіптік ойындар», ал жас ерекшеліктеріне байланысты «спорттық ойындар» деп бөледі.

Ойын – халықты рухани әдептілікке, әділеттілікке баулитын тәрбиелік құралы. Әрбір ойынның мәнін-мазмұнын түсініп, ойын кезінде қызбалыққа, дөрекілікке салынбай, әр ойынның тәртібіне әдепшен, қызыға қарап, мәдениетті түрде ойнау қажеттігіне көңіл бөлініп отырған.

Халқымыздың өткен заманда жасаған өнегелі тәжірибесі бізге қалдырған ой-парасаттық мұрасы мол. Бүгінгі ұрпақ бұрынғылардың ақыл-кеңесіне құлақ асса, адаспай, абыржымай, жаңылмай, жаза баспай арман-тілегіне неғұрлым тезірек жетуге жол табады екен. Әр замандағы ақылмандар айтып кеткен даналық сөздер тірліктің барша саласына қатысты, халықтың тәлімі қарастырмайтын бірде-бір мәселе жоқ. Өйткені тәрбие - өмірдің өзекті мәселесі. Олар өмір сүру үшін ғана жазбаған, керісінше, жазу үшін өмір сүрген. Өмір сүруді - өмірдің өзінен үйрену керек деп ескерген, өнегелі ғибраттарын, кітаптарды ауызша сөзбен қалдырған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Уаңбаев Е. Дене тәрбиесінің негіздері. – Алматы: Санат, 2000. – 72 б.
2. Тайжанов С. Дене мүмкіндіктерін тәрбиелеу. – Алматы: Мектеп, 2004. – 96 б.
3. Төтенаев Б. Қазақтың ұлттық ойындары. – Алматы, 1978. – 144 б.
4. Тілеулов Э.Ж. Дене тәрбиесінің ілімі мен әдістемесі. Оқу құралы. 2003
5. Әбділлаев Ә.К., Оңалбек Ж.К. Дене мәдениетінің ілімі және әдістемесі. – Түркістан: Тұран, 2004. -277б.
6. Әбділлаев Ә.К. Дене мәдениетінің ілімі және әдістемесі: II-III-IV бөлімдер. Жоғары оқу орындарының дене шынықтыру және спорт мамандықтары студенттеріне арналған оқу құралы. Түркістан, Тұран баспаханасы, 2007 ж. -300 бет
7. Матвеев Л.П. Новиков А.Д. Теория и методика физического воспитания. Том, I-II. Москва: ФиС 1976.
8. Таубаева Ш. Назарова Г. Педагогикалық салауаттанудың даму негіздері. «Валеология және салауаттылық негізі» 2003-1.
9. Гребников И.В, Новинко В.Л. Хрестоматия по этике и психологии семейной жизни. М., 1986-271б.
10. Предвечный Г.П., Шерковина Ю.А. Социальная психология М. 1975.
11. Жұмабаев М. Педагогика Алматы. 1992.
12. Әбенбаев С.Ш. Тәрбие теориясы мен әдістемесі, Алматы, 2004.
13. Ұзақбаева С.А Халықтық психологиядағы эстетикалық тәрбие. - Алматы, 1993.-246 б.
14. Қожахметов К.Ж. Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі: теория және практика. - Алматы: РБК, 1997. - 141 б.

Кекілбекова Мейрамкүл

оқытушы. Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ, Tulbasiev.nartay@mail.ru

Төлбасиев Нартай

аға-оқытушы. Қожа Ахмет Ясауи атындағы ХҚТУ, Tulbasiev.nartay@mail.ru

ӘЙЕЛДЕР СПОРТЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ ДАМУ ПРОЦЕСТЕРІ

Annotation: *This article is devoted to the study of women's sports and also the historical facts influencing the development of this course. In a way, the article includes historical events affecting women's sport involving quotes from the great people of that time.*

Резюме: *Данная статья посвящена изучению женского спорта, а также исторические факты влиявшие на развития этого руслу. Статья включает в себя исторические события влиявшие на женский спорт, в том числе и цитаты великих людей того времени.*

Түйін: *Бұл мақала әйел спортын зерттеу мақсатымен, сонымен қатар бұл салаға әсер еткен тарихи оқиғалар жүйесін зерттейді. Мақала спорт дамуымен қатар әйел спортының қалай дамығандығын, соған байланысты сол заманның ұлы ойшылдардың пікірлерін қамтиды*

Әйелдер рекордының дамуы және бұрынғы аңыздар ежелгі Римнен бастау алған. Ксенофонт пен Паузаниас әйелдер арасындағы сайыстардың қандай болғандығы туралы кешенді әңгімелер мен олимпиадалық ғимараттар және қарсыластардың спорттық киімдері туралы нақты сипаттамалар қалдырған. Спартада әйелдердің жылдамдығы мен күшін сынауға арналған сайыс негізін құраған және «күшті әке мен анадан туылған сәбидің күшті болмауы мүмкін еместігіне» сенген Ликург әйелдердің дене белсенділігін мадақтаған. (Ксенофонт. «Спарта Конституциясы»). Эллин олимпиадалық ойындарында жынысқа бөлу қатаң сақталған. Әйелдерге ерлер арасындағы өлім қаупі бар өткізілетін стадиондарда болуға қатаң тиым салынған. Паузаниас ерлерше киініп алып, баласы Пейслдоросты шабыттандырып, қолдау үшін стадионға кірген Ференика туралы баяндайды. Жеңімпаз болып шыққан ұлын табысымен қатты қуанып қарсы алған кезде оның бет-бейнесі ашылып қалады. Олимптегі қатысуы білініп қалған Ференика, кез-келген оның орнындағы әйел сияқты, Типевс құздарынан төменге лақтырылуы тиіс еді, бірақ оған «отбасына деген құрметі» үшін рақымшылық жасалды. Римдіктер үшін жағдай біршама өзгеше еді. Біз олардан гректерге тән дене жаттығуларына деген құштарлықты таба алмаймыз. Бірақ римдік бойжеткендер жас кезінен-ақ дене белсенділігін қалыптастыруға ұмтылған.

Рим әдебиеті әйелдерге арналған дене жаттығуларына көзқарас туралы баяндалған шығармаларды жинақтаған. Овидий оларға ерлерге арналған дене жаттығулармен айналыспауға кеңес береді. Ювенал өзінің әйгілі «тәні саудың жаны сау» деген нақылын ерлерге ғана арнаған сияқты, дегенмен ол семсерлесумен айналысқан әйелдерге қарсы болмаған. Шын мәнінде бұл аңыздар әйелдердің спортпен шұғылдануының нақты бір көріністері жөнінде тұщымды мәліметтер бермейді. Сонымен қатар, Рим империясындағы ірі қалаларда болған сумен емдеу мекемелерінің санына қарай отырып, әйелдер сонда кең таралған доп ойындары, шығыршық, гимнастикалық қимылдар сияқты дене жаттығуларына қатысқан деп болжам жасауға болады. Византиядан ХІХ ғасырға дейін Император Ұлы Федосий тиым салған олимпиадалық ойындар біздің заманымыздағы 393 жылдарға дейін өзінің тәрбиелік сипатын жоғалтқан. Сол кезеңде грек-латын мәдениетінің ықпалында болып, адам денесін ашық көрсетуді ұят санайтын христиан діні кез-келген дене белсенділігін насихаттауға қарсылық көрсетпеген. Сондықтан орта ғасырларда көпшілік алдындағы ашық ойындарға шіркеулердің тиым салғандығы таңғаларлық емес. (Папа Иннокентий ІІ және Александр ІІІ 1130 және 1139 жылдар Клермон мен Латранда оларға қарсы мәлімдеме жасады). Осы жағдайларға деген кіріптарлықтан әйелдердің айналысуына болатын спорт түрлерімен шұғылдануы туралы сөз қозғаудың өзі мүмкін емес. Тек қайта өрлеу дәуірінде ғана әйелдердің дене жаттығуларымен айналысуы тұрақты сипат ала бастады. Жылнамашылар екі спортшы әйелдің кейпі туралы мәлімет қалдырған. Луиза Лабе Май (шармен ойын) немесе әйелдерге арналған аюбадамнан жасалған жеңіл болғанымен емес, ерлерге арналған «ең қатты шетен ағашынан» жасалған ауыр балғамен лакросс ойнаған. Кейбір элегияларда ол өзінің спортқа деген құштарлығы мен сүйіспеншілігі туралы жырлаған.

Жылнамашылардың назарын Екатерина Медичи да өзіне аударды: тамаша шабандоз, ол атқа отыру өнерін жетілдірді, яғни ер-тоқымның жасалу тәсілін өзгертті, аяқ қоятын тақтайшаны металл

үзеңгімен алмастырды, осылайша атқа отыру орнықты болып, шабандоз қыздар аттың жылдам шабысына ыңғайланды. Осындай ерекшеліктеріне қарамастан дене жаттығулары ұзақ уақыт бойы ерлердің ісі болып қала берді. Спорттың тек «екі түрі» ғана кең тарала түсті. Біріншіден, бұл ракетамен ойналатын және ракетасыз доп ойыны. Францияда 1604 жылы болған ағылшын Роберт Даллингтон былай деп жазды: «Францияда лапта (доп ойыны) басқа христиан қалаларына қарағанда көп ойналады», «француздар қолдарына ракетка ұстап туылады, әйелдер де, балалар да, қолөнершілер де король жарлығына қарамастан доп ойынын ойнайды». Екіншіден, май бұл-лакросс пен крокет арасындағы ойын. Майды арнайы жасақталған алаңда ағаш балғалармен ойнаған.

Осылайша XV ғасыр мен XVII ғасырдың басында әртүрлі 2 бағытты сипаттайтын әйелдерге арналған көрнекті дене мәдениеті қалыптасқан: бұл ақсүйектерге арналған аңшылық, атпен жүру, май ойындары болса, екінші жағынан, кеңірек таралған спорт түрлері доппен ойын және арине, өзенде шомылу. Жылнамашылар дене күші жағынан мықты кейбір әйелдердің шалғай аймақтар мен ауылдық жердегі ойындарындағы (Бретанидағы күрес, Савойадағы балқарағай діңін лақтыру, Шотландиядағы Тейтил ойындарындағы тас көтеру) жетістіктері туралы хабардар етеді. Олардың кейбіреулері ерлермен тайталаса алған. Осылайша халықтық спорт пайда болған. 1800 жылдан біздің заманымызға дейін Дене тәрбиесінің доктринасы Базедоу (Германия), Песталонцы (Швейцария) және Аморо (Франция) зерттеулерінде тек XIX ғасырда ғана пайда болды. Осы доктринаның нақты үзінділерінде әйелдердің дене белсенділігіне лайықты орын берілген. Халыққа білім беру жүйесімен қабылданған Аморо тәсілі негізінен әскери дене тәрбиесіне бағытталған күш жаттығуларына және жабдықтармен жүргізілетін жаттығуларға басымдық береді. Дегенімен, 1839 жылы әйелдерге арналған гимнастикалық мектеп ашылды. Герцогиня д.Юз, Калилла дю Га, Андреа Бертелло тіпті автомобиль сайыстарында жарысқа түсті. Өздерінің үлгісімен олар әйелдерге спорт сайыстарына кең түрде қатысуға жол ашты. Осылардың барлығына қарамастан, әйелдер спорты XX ғасырдың басында да сирек құбылыс болып қала берді. Әйелдер спорты 1914-1918 жылдардан кейін ғана шынайы дамуға қол жеткізді. Амседора Дункан мен Ирғн Попар әйелдер арасындағы гимнастиканың жаңа түрін жетілдірді. 1917 жылы «Фесшила спорт» Францияда әйелдер арасында жеңіл атлетикадан алғашқы чемпионатты ұйымдастырды. 1921 жылы спортта әйелдер федерациясының негізі қаланды. 1896 жылы болған алғашқы олимпиадалық ойындардың негізін қалаушы Пьер де Кубертен әйелдердің стадионда болуы «жарасымсыз, тартымсыз, қате» деп жазғанымен қатысушы әйелдер саны көптеп саналды. 1900 жылғы Олимпиадаға бар жоғы 6 әйел ғана қатысса, 1924 жылы Парижде 136-ға жетті. 1928 жылы Амстердамда Виржиния Эрло әйелдер арасынан тұңғыш рет алтын медальді жеңіп алды. Әйелдер рекордының дамуын ер спортсмендердің жетістіктерімен салыстыра отырып бағалау үшін олар қатысқан халықаралық жарыстардан тіркелген әлемдік олимпиадалық рекордтар статистикасын бүге-шүгесіне дейін талдамай-ақ, біздің қолымыздағы бірнеше цифраларды салыстыру жеткілікті. 100 және 400 метрге еркін стильмен жүзу немесе 100 және 1500 метрге жүгіру сияқты салаларда қисық арасындағы алшақта ұдайы азаяды. Ерлердің бүгінгі рекордтары әйелдер арқылы жоғарылаған деп айту қиын, әйтсе де ерлердің кешегі рекордтары бүгінде әйелдердің қарапайым жетістігі деп сендіруге болады.

Әйелдер спортының медициналық аспектілер. Дәрігерлік тексерулер және дәрігерлік-спорттық кеңестер. Әйелдерді дене жаттығулары сабақтарына жіберу жөніндегі сұрақты қарастыру кезінде, спорттық қызметтің екі түрлі саласын ажырата білу керек: бұқаралық спорт және жоғары жетістер спорты. Спортпен ішінара немесе жақсы дене қалпын сақтау үшін айналысатын әйелдер, мектептегі дене тәрбиесі немесе жаттығуды бақылауды және үздіксіз медициналық тексерілулерді жөн санайтын, жарыстарға қатысып жүрген спортшы әйелдер туралы сөз қозғалғандықтан дәрігерлік – спорттық кеңестің екі түрі болады. Оның бірі спорттық дәрігердің кабинетінде болуы мүмкін, келесісі әр саладағы медицина қызметкері қатысуымен техникалық тұрғыда тереңдетіліп күрделендірілген арнайы орталықта болады. Бірінші жағдайда органикалық табиғаттың ауытқулары немесе функционалдық ауытқулар анықталады. Бұл пациентке қажет болған жағдайда, түсінушілік пен шыдамдылық көрсете отырып, жаттығу тәртібін өзгертуге кеңес беріледі. Екінші жағдайда ағзаның функционалді мүмкіндігі қайталанып отыратын денелік және психологиялық ауыртпалықты көтере алатындығы бағаланады. Жаттықтырушымен бірге отырып, дәрігер жетістік шыңына жетудің тиімді тәсілдерін табады және оның ұзаққа созылуына мүмкіндік береді. Бұл жағдайда қолданылатын бағалау критерийлері нәзік және ең бастысы қатал. Екі жағдайда да дәрігерлік тексерудің ерекшеліктері түрліше болғанымен, нақтылауға тиісті ортақ кезеңдер болады.

Спорт сабақтарына рұқсат ету. Алдын ала сұрақ-жауап алудың да маңызы зор. Жарақат алу, кардиологиялық, жұқпалы аурулар немесе кейбір өзгерістер туралы мәлімет жинай отырып, әйелдердің жыныс мүшелерінің қызметіне назар аудару керек және келесі кезеңдерге мән берген жөн.

- Етеккірдің келу кезеңі
- Оның циклының тұрақтылығы
- Етеккірдің созылмалы және шектен тыс болуы
- Альгоменорея кезінде кездесетін ауырсынудың сипаты
- Жүктіліктің саны, босану ерекшеліктері, нәрестенің жынысы мен салмағы
- Жыныстық қатынас сипаты және контрацепция қолдану тәсілдері

Спортпен шұғылданушыларды дәрігерлік тексеруден өткізген кезде жыныс қызметіне мұншалықты көңіл бөлу орынсыз сияқты көрінгенімен мынаны есте сақтаған жөн, генетикалық алмасу немесе эндокриндық ауытқулар нақты анализдер негізінде сәтті анықталады. Жүрек қан тамырлар жүйесін зерттеу ең жоғарғы маңызға ие. Егер спортпен шұғылданатынындардың жүректерінің көлемі, ырғағы сияқты параметрлері қазір жақсы белгілі болса, онда жүрек шуылын бағалау белгілі қиындықтар туғызады. Жас өспірім қыздар мен жас әйелдерді зерттеу кезінде дәрігер әлсіз шығатын және жәй қарқын алатын жүректің бейорганикалық шуылын жиі ескеруі тиіс. Жүйке жүйелерінің жиі реттелуінің функциональды пайда болуын эссенциальды гипертензия, кардиомиопатия, суправентрикулярлы пароксизмальды тахикардиядағы органикалық ауытқулардан ажырата білу керек. Жүрек қан тамырлар жүйесін зерттеу сөзсіз, денеге түсетін ауырлықты анықтайтын тестімен толығу керек: Рюффье- Диксон тесті STT тесті (денеге түсетін күшке асқазанның сол жақ бөлігінің бейімделуін бағалау) Фляк тесті (асқазанның оң жақ бөлігі)

Бұл қарапайым зерттеулер спорттық дәрігердің бөлмесінде бірнеше рет жүргізілуі мүмкін, өйткені олар арнайы құрал жабдықтармен арнайы білімді қажет етпейді. Алайда 40 жастан асқан әйелдер тестілеу кезінде асқан сақтық таныту керек: ол кейбір коронарлық жетіспеушілік белгілері кезінде болуы мүмкін. Егер осы ауруға деген титтей де шүбә болатын болса, тестілеуді электрокардиографпен және дефибрилятормен жабдықталған арнайы орталықта өткізу керек. Клиникалық зерттеу бұлшық еттерді бағалау құрсақ қабырғасы мен арқаны кіріктіретінін естеріңізге саламыз. Қажет болған жағдайда гинекологиялық зерттеу мен сүт бездерінің пальпациясы жүргізіледі. Май және көмірсулардың сәйкестігін креатин мен зәр қышқылының ұсталу деңгейін анықтау, гематометрияны, гемогранманы, несепті зерттеуде (қант, белок, цитологиялық шөгінділерді) биологиялық тексерулер жүргізу өз пайдасын береді. Осындай зерттеулерді жүргізуді аяқтағаннан кейін ғана қорытындылар жасап, спорттық нақты бір түрлерінің дәрістеріне рұқсатнама беруге болады. Анықтамада белгілі бір жас кезеңінде: ерте 12-13 жас, кіші 14-15 жас, жасөспірім 16-17 жас қатысуға рұқсат етілген спорт түрлері туралы нұсқаулық болуы тиіс.

Бұдан басқа дәрігермен зерттеулердің қорытындысы адамдардың қай топқа жататынын да анықтайды.

- 1 – топ – дені сау адам
- 2 – топ – денсаулығы орташа адам
- 3 – топ – өз денсаулығына жоғары деңгейде көңіл бөлуді талап ететін адам
- 4 – топ – спорт сабағына жарамайтын адам

Көптеген жағдайларда спорт сабағына қатысуға ажарамды адамдарды жоғары және өте жоғары деңгейлерге жатқызуға болады. Егер тексерулер қорытындысында айтарлықтай ауытқушылықтар болса, оның себептерін анықтамай тұрып нақты тұжырымдар жасауға болмайды. Шын мәнінде кейбір патологиялық өзгерістердің кейбір спорт түрлеріне сирек немесе сол кезеңде ғана қарсы көрсетілімдері болуы мүмкін, нақты тиым салу үшін дәрігер арнайы зерттеу жүргізуі тиіс. Әсіресе бұл кейбір жүрек ауруларына қатысты болады. Әртүрлі жүрек ақауы, артериялды гипертония, жүрек соғысының қалыпсыздығы сияқты аурулармен зардап шегетіндер үшін спортпен шұғылдануға мүлдем болмайды. Алайда жас кезде кейбір жүрек қалқаншалары патологиясы болса да қозғалысы аз спорт түрлеріне және мектептегі дене шынықтыру сабақтарына қатыса беруге болады. Қарапайым синус тахикардиясы сияқты жүрек соғысы ауытқуларында, кейбір асқазан экстрасистолында дене белсенділігі қалыпты болып саналады. Бұл сұрақ бірнеше жылғы үзілістен соң арықтау үшін немесе қартайған бұлшық еттерді қалпына келтіру үшін дене жаттығуларымен қайта айналыса бастаған елуден асқан әйелдерде басқаша өрбиді. Мұндай жағдайларда дәрігер өте қарқынды дене белсенділігі жарыстарына, тіпті ең қарапайым теннис ойнауларына тиым сала отырып науқастар энтузизмін басып отыруы тиіс. Коронарлық жетімсіздікпен, төменгі қысым гипертониясы 100 ден жоғары, сол сияқты семіздіктен зардап шегетін әйелдерге спортпен шұғылдануға болмайды. Аталған жағдайларда дене белсенділігінің жүру, жүзу, велосипедпен серуендеу, таңғы жаттығу сияқты түрлеріне ғана рұқсат етіледі. Бұның барлық сақтық шаралары сақталған нақты зерттеулер маңыздығын атап көрсетеді. Аталған шаралар жоғары квалификациядағы спортсмен әйелдердің жаттығуларының тиімділігін бағалау үшін бірнеше рет жүргізілді. Ал бұл жағдайда олар:

- Ауаны пайдаланудың жоғары деңгейін анықтау
- Жүрек эхотомографиясы
- Допплер велоэргометриясы
- Қандағы сүт қышқылын анықтауды тереңірек зерттеуді біріктіреді

Дегенмен, мұндай зерттеулер спортсмен әйелдердің спорт аландарындағы мінез – құлықтарын зерттеумен қоса жүргізіледі. Спорт бағдарын анықтаудың екі амалы бар. Егер біз жасөспірім қыз немесе спортпен шұғылдануға енді бет бұрған ересек әйел туралы сөз қозғайтын болсақ, спорт түрін тура мағынасында таңдау жеке ынтасына қарап анықталады. Ал нақты бір спорттық сайыстарға қатысу немесе қатыспау, жаттығу бағдарламасын өңдеу туралы сөз қозғалғанда қызметтік тесттердің нәтижесін, биологиялық зерттеулерді, спорттық көрсеткіштерді ескеру керек.

Мектептегі дене тәрбиесі. Дәрігерлік –спорттық кеңес берудің ерекше бір тарауы мектептегі дене тәрбиесіне қатысты. Мектептегі дене тәрбиесі оқушылар үшін, тіпті олардың ата – аналары үшін де белсенді демалыс және сауық – сайран ретінде қарастырылады. Оның жеке тұлғаны қалыптастырудағы маңызы баршаға ортақ. Шыны керек бастауыш мектепте арнайы дайындалған қызметкерлер жетіспеуіне байланысты, ал жоғары сыныптарда оқу бағдарламасының шектен тыс ауыр болуына байланысты дене тәрбиесі негізгі пән ретінде саналмайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. *Муравьев И.В Оздоровительные эффекты физической культуры и спорта . Киев, 1989.*
2. *Бальсавич В.К, Запоражанов В.А физическая активность человека. Киев,1987.*
3. *Синяков А.Ф Врачебный контроль за лицами старших возрастов, занимающихся физической культурой и спортом-Москва « физкультура и спорт» 1980.-54 с.*
4. *Купер К.Аэробика для хорошего самочувствия . Москва . « Физкультура и спорт» ,1987.-190с.*
5. *Дембо А.К Актуальные проблемы современной спортивной медицины.-Москва «Физкультура и спорт» ,1980.-294с.*

Майлыбаева А.Д.,

физ.-мат. ғылымдарының кандидаты, Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті

Рахметова М.Т.,

жаратылыстану ғылымдарының магистрі,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті,

Сисенова Д.А.

6M060200 – «Информатика» мамандығының 2 курс магистранты,
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті, damira_sisenova@mail.ru

КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ КЕҢІСТІК НЕГІЗІНДЕ КАФЕДРАНЫҢ ПРАКТИКА ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Түйін. Берілген мақалада кафедраның практика жұмыстарын жүргізуге арналған ақпараттық-коммуникациялық кеңістікті құру жолы қарастырылған. Веб-порталға толық сипаттама беріліп, оның құрылымы сұлба ретінде көрсетілген. Жобаны жүзеге асыруға Wordpress контентті басқару жүйесі таңдалынған. Қолданушылар мен оқу орны туралы ақпаратты қамтитын деректер қорының мысалы кестелер түрінде келтірілген.

Кілттік сөздер: порталдың құрылымы, Wordpress контентті басқару жүйесі, деректер қоры.

Резюме. В данной статье рассмотрено создание информационно-коммуникационного пространства для ведения работ по практике кафедры. Приведено подробное описание веб-портала. и его Предоставлена структура портала в виде схемы. Для реализации проекта была выбрана система управления контентом Wordpress. Примеры базы данных об учебном заведении и о пользователях приведены в виде таблиц.

Ключевые слова: структура портала, система управления контентом Wordpress, базы данных

Summary. In this article, we considered the creation of information and communication space for practice works of the department. A detailed description of the web portal is provided and structure of the portal it is given in the form of a schema. The content management system Wordpress was chosen for implementation of the project. Examples of the users and educational institution databases are listed in tables.

Keywords: portal structure, Content management system Wordpress, базы данных

Білім беру саласында ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құралдарының мүмкіншіліктерін, соның ішінде ғаламтор желісін пайдалану барған сайын арта түсуде. Себебі, қазіргі заман талабы – оқытуды ақпараттандыру. Осыған орай, берілген порталды жасақтау нәтижесінде Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Информатика кафедрасы үшін практика жұмыстарына арналған ақпараттық-коммуникациялық кеңістік құрылмақ.

Практика туралы порталды жасақтау үшін келесі міндеттер қойылды:

- порталдың құрылымы мен мазмұнын дайындау;
- программалық жабдықтарды орнату;
- MySQL-серверде мәліметтер қорын құру;
- порталдың сыртқы бет-бейнесін құру;
- арнайы плагиндер мен виджеттерді орнату;
- қолданушылар арасындағы хабар алмасуды жүзеге асыру;
- құжаттарды толтыру формаларын өңдеу;
- беттерді толықтыру;
- PHP мен MySQL-сервер арасында байланыс орнату;
- ақпараттың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

Практика жұмысы туралы портал – практика туралы кең ауқымды ақпарат көзі. Оның негізгі мақсаты – оқу тәжірибесінен өту процессін, яғни ең бастапқы сатыдан соңғы сатыға дейінгі іс-әрекеттің орындалуын үдету мен қадағалау.


Аталмыш портал оқу тәжірибесінің үш түрін де, яғни оқу практикасы, өндірістік практика, диплом алдындағы практиканы қамтиды. Әрбір практика жеке категория ретінде қарастырылып, оларға жеке сипаттамалар беріледі және үш жақты келісім-шарттар да категория бойынша сараланады. Бұдан басқа арнайы келісім-шартқа отырған кафедралық, факультеттік және университеттік практикадан өту орындардың базасы да бар, олар форумда дауысқа түседі: осыған орай студент практика орнын дұрыс тандай алады.

Порталда студенттер мен практика жетекшілері порталға тіркелу арқылы жеке пошталарына кіріп онлайн түрде ақпарат алмасуларына мүмкіндік жасалған. Сонымен қатар, әрбір жетекшінің

блоктарында сауалдарға жауап алуға, форумдарда осы практика тақырыбы аясындағы мәселелерді талқылауға болады.

Порталдың функционалдық қызметінің құрамдас бөлігі болып табылатын сыртқы сайттарға сілтемелер, күнтізбе, бағдарлаушы, жаңалықтар, ауа райы, валюта курсы, сонымен қатар университет түлектері үшін ең көкейтесті мәселе – вакансиялар қоры, алпауыт компаниялардың сайттарына түйіндеме жіберу, сондай-ақ практика орнынан фотосуреттер мен бейне баяндар жолдау мүмкіндігі бар құрал-саймандар орнатылған.

Портал құру барысында жасалған құрылымдық сұлбасы келесі 1-суретте ұсынылған.



1-сурет. Порталдың құрылымдық сұлбасы

Мұндағы «басты бетте» соңғы жаңалықтар мен алуан түрлі визуалды сілтемелер, қажетті құрал-саймандар мен қызметтер бейнеленеді.

«Практика түрлері» беті практика туралы мағлұмат пен «Оқу практикасы», «Өндірістік практика», «Дипломалдылық практика» бөлімдерден тұрады. Аталған бөлімдердің әрқайсысында тапсырмалар мен құжаттардың үлгілері жарияланатын болады.

«Практикалар базасы» беті университет, кафедра немесе факультетпен студенттерді практикадан өткізу туралы арнайы келісім-шарт жасалған мекемелер тізімінен құралады.

«Байланыс» атты бөлімде кафедраның жетекшілері, студенттері туралы ақпараттар мен олардың арасында хабар алмасуды қамтамасыз етуге арналған бөлім орналастырылады.

«Құжаттарға» арналған бөлім практикадан өту туралы келісім шарт пен жолдама, түйіндемеле мен транскриптке сұраныс жіберуді құрайды.

«Байланыс» беті практика ісіне жауапты тұлғалар мен студенттермен байланысуға қажетті ақпаратты ұсынады.

Практика туралы порталды құруға қажетті жабдықтарға тоқталсақ, оған Microsoft Windows7 операциялық жүйесі қолданылып, Wordpress, Macromedia Dreamweaver, Google Chrome, FTP-client, Denver программалық жабдықтары орнатылды. Аталмыш программалық жабдықтардың барлығы

интернет желісінде тегін жүктеуге берілген, яғни арнайы сайттардан оңай жүктелінеді. Оларды орнату үшін қапты ашып setup файлын ашу жеткілікті.

Порталымызды құру үшін қажетті негізгі программалық жабдық – ол Wordpress контентті басқару жүйесі. CMS Wordpress - PHP тілінде және MySQL деректер қорымен жұмыс атқаратын контентті басқару жүйесі. Адамдар Wordpress жүйесін жай блогтарды өңдеу платформасы ретінде қарап қателеседі. Бұрын шынымен де блогтарға ғана арналған Wordpress жүйесі көпжылдық дамуының арқасында контентті басқару жүйесіне айналды.

Ал, ақпаратты енгізу, сақтау және өңдеу үшін деректер қоры құрылды. Деректер қорында келесі кестелер бар:

- студент туралы жеке мәліметтерді (аты-жөні; туған күні, айы, жылы; ЖСН; жеке куәлігі туралы ақпарат; мекен-жайы мен телефоны; мамандығы мен факультеті; оқу курсы) құрайтын база;

- университет қызметкерлері туралы ақпаратты (аты-жөні, лауазымы, жұмыс орны, телефоны, поштасы) құрайтын база;

- факультеттер туралы ақпаратты құрайтын база;

- кафедралар туралы ақпарат сақталған база;

- студенттер мен жетекшілер арасындағы хаттар сақталатын база;

Құжаттарды толтыруға қажетті ақпараттың барлығы осы деректер қорынан алынады. Деректер қорынан ақпарат алынуы үшін mysql сұраныстар қолданылады.

Деректер қоры – белгілі бір критерийлер бойынша реттелген ақпараттар жиыны. Компьютерлік деректер қоры ақпаратты құрайтын файлды білдіреді. Біздің жобанда бұл файл praktika.sql деп аталады.

Praktika атты деректер қорындағы кестелердің ұйымдасытырылуын төмендегі 2-суреттен көруге болады:

«СТУДЕНТТЕР» КЕСТЕСІ
АТЫ-ЖӨНІ
ТУҒАН КҮНІ, АЙЫ, ЖЫЛЫ
ЖСН
ЖЕКЕ КУӘЛІК НӨМІРІ
БЕРІЛГЕН УАҚЫТЫ
БЕРІЛГЕН ЖЕРІ
МЕКЕН-ЖАЙЫ
ТЕЛЕФОНЫ
АТА-АНА МЕКЕН-ЖАЙЫ
АТА-АНА ТЕЛЕФОНЫ
МАМАНДАЫҒЫНЫҢ АТАУЫ
МАМАНДЫҚ ШИФРЫ
ОҚУ ТҮРІ
КУРСЫ
ФАКУЛТЕТІ
ТОБЫ

«ПРАКТИКА ОРНЫ» КЕСТЕСІ
МЕКЕМЕ АТЫ
МЕКЕМЕ БАСШЫСЫ
МЕКЕН-ЖАЙЫ
РЕКВИЗИТТЕР
ТЕЛЕФОН (ФАКС)
МЕКЕМЕ ЖЕТЕКШІСІ

«ҚЫЗМЕТШІЛЕР» КЕСТЕСІ
АТЫ-ЖӨНІ
ЛАУАЗЫМЫ
ПОШТАСЫ
МЕКЕН-ЖАЙЫ

2-сурет. Мәліметтер қорындағы негізгі кестелер

Мұндағы «студенттер» кестесі – мәліметтер қорындағы қалған кестелермен байланысатын негізгі кесте болып табылады. Студенттер туралы ақпараттың көп бөлігі осы кесте бойынша шақырылады: студенттің аты-жөні – мәтіндік тип, туған күні, айы, жылы – дата типі, ЖСН нөмірі – сандық тип, жеке куәлік нөмірі – сандық тип, берілген күні – дата типі, берілген жері – мәтіндік тип, мекен-жайы – мәтіндік тип, телефоны – сандық тип, ата-ана мекен жайы – мәтіндік тип, телефоны – сандық тип, мамандық атауы – мәтіндік тип, мамандығының шифры – сандық тип, оқу түрі – таңдалынатын

жол: күндізгі, кешкі, курсы – таңдалынатын жол: 1, 2, 3 және 4 мәндерін қабылдайды, факультеті – мәтіндік тип, тобы – мәтіндік тип. Осы кесте кілт арқылы «қызметшілер» кестесімен байланысады.

«Қызметшілер» кестесі – университеттегі қызметшілер тізімін және олар туралы мәліметтер береді. Мұндағы, аты-жөні – мәтіндік тип, лауазымы – мәтіндік тип, поштасы – мәтіндік тип, мекен-жайы – мәтіндік тип.

«Практика орны» кестесі студенттің өтетін практика орны туралы мәліметтерді құрайды. Бұл кестеде келісім-шартты толтыру кезінде қажет болатын барлық ақпарат жинақталған. Олар: мекеме атауы – мәтіндік тип, мекеме басшысы – мәтіндік тип, мекен-жайы – мәтіндік тип, реквизиттері – мәтіндік тип, телефоны – сандық тип, мекемедегі жетекші – мәтіндік тип.

Бүгінгі таңда сайттар мен порталдар, электрондық пошталар, әлеуметтік желілер өте қажет және олар күн сайын жаңартылуда. Әсіресе, білім беру саласында осы ақпараттық технологияның жетілдірілуі білім алу сапасын жақсартуға үлкен мүмкіндік береді.

Осы бағытта студенттерге практика жұмысы мен мансапқа қол жеткізуде көмекші құрал болатын веб-порталдың ақпараттық құрылымын жасап, көркем дизайнға және практика туралы ақпараттық ресурстарға ие портал құруға болады.

Дайындалған портал негізінде қолданушылар қажеттіліктеріне сай өздеріне кез-келген ыңғайлы жер мен уақытта өз логиндарымен порталға қосылып, одан керекті ақпарат алып, жетекшілерінен өздерінің қажетті сұрақтарына жауап ала алады. Жаңалықтар мен тәжірибелер бөлісу, алпауыт фирмаларға түйіндеме жіберу секілді операцияларды орындауға мүмкіндік беретін портал құрудың бүгінгі таңда студенттер үшін маңызы зор болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Бөрібаев Б. *WEB - технологиялар [мәтін]: оқулық / Г.А. Мадьярова. - Алматы, 2011. - 359*

2 Дронов Владимир *HTML 5, CSS 3 и Web 2.0. Разработка современных Web-сайтов; БХВ-Петербург - Москва, 2011. - 416 с.*

3 Ташков П. *Веб-мастеринг на 100%: HTML, CSS, JavaScript, PHP, CMS, AJAX, раскрытка. – СПб.: Питер, 2010. – 512 с.*

Беркимбаев Камалбек Мейірбекұлы

п.ғ.д., профессор, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті kamalbey@mail.ru

Байдаулетова Тургын Турсыналиевна

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің докторанты turgyn88@list.ru

ДУБЛИНДІК ДЕСКРИПТОРЛАР МЕН ДУАЛДЫ ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІ АРАСЫНДАҒЫ САБАҚТАСТЫҚ АЯСЫНДА БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУ МӘСЕЛЕСІ

***Аннотация.** Мақалада Болон үрдісінің Отандық білім беру жүйесіне әкелген тиімді тұстары мен проблемалары көтерілген. Дублиндік дескрипторлардың пайда болу тарихы, мазмұны айқындалып, қағидалары талқыланған. Білім беру саласындағы сапалы маман даярлауда Дублиндік дескрипторлардың негізгі қағидаларын жүзеге асыру мен ондағы дуалды оқыту жүйесінің мүмкіншіліктері анықталған. «Дублиндік дескрипторлар», «құзіреттілік» ұғымдарының мәні кеңінен ашылып, авторлар көтерілген проблемаға өздерінің жеке көзқарастарын, сараптамаларын ұсынған. Дуалды оқыту жүйесінің болашақ мамандарды даярлаудағы тиімділігіне талдау жасалынып, педагогикалық-психологиялық аспектілеріне тоқталған.*

***Кілт сөздер:** Болон үрдісі, Болон декларациясы, Дублиндік дескрипторлар, Блум таксономиясы, дуалды оқыту, қызметкер психологиясы, құзіреттіліктер.*

***Аннотация.** В статье рассмотрено положительные стороны и некоторые проблемы внедрения Болонского процесса в Отечественную систему образования. Также оснащена история возникновения, содержание, основные принципы Дублинских дескрипторов. Выявлено роль и возможности дуальной системы обучения при подготовке будущих высококачественных специалистов в системе образования (в контексте Дублинских дескрипторов). Широко раскрыты понятия «Дублинские дескрипторы», «компетенции». Представлены авторские точки зрения и мнения по поднятой проблеме. Произведен анализ и рассмотрены психолого-педагогические аспекты эффективности дуального образования при подготовке кадров.*

***Ключевые слова:** Болонский процесс, Болонская декларация, Дублинские дескрипторы, таксономия Блума, дуальное обучение, психология сотрудника, компетенции.*

***Annotation.** The article considers positive aspects and some problems of introduction of the Bologna process in educational system of our republic. Also equipped a history of origin, content, the basic principles of the Dublin descriptors. The role and possibilities of the dual system of training in the preparation of future high-quality specialists in the education system were revealed. The concepts "Dublin descriptors", "competences" were widely disclosed. Author's points of view and opinions on the raised problem were presented. The analysis and psychological-pedagogical aspects of the effectiveness of dual education in the training of personnel were analyzed.*

***Key words:** the Bologna process, the Bologna declaration, Dublin descriptors, taxonomy of Bloom, dual training, psychology of the employee, competences*

Білім беру – үнемі заман ағымымен қатар жүріп отыратын үрдіс. Кез-келген елдегі мемлекеттік саясат білім беру жүйесін әрдайым басты назарда ұстай отырып, азаматтардың белсенді қоғам мүшелері болуына, өз Отанының дамуына ықпал жасауына мүдделі. Сол үшін әлемдегі әрбір білім-ғылым саласындағы парадигмалар, жаңалықтар, тенденциялар дер кезінде сарапқа салынып, пайдалы тұстарын қолданысқа енгізу қалыптасқан құбылыс.

Отандық білім беру саласындағы ең үлкен қадам Қазақстанның Болон үрдісіне қосылуы деуге толық негіз бар. Қазақстан ең алғаш 2010 жылдың 11-12 наурызында 47 ел арасында Болон декларациясына қол қойған Орталық Азияда тұңғыш мемлекет болды. Болон үрдісіне қосылу арқылы Университеттердің Ұлы Хартиясына қол қойған әлемдегі 650-ге жуық университеттермен ынтымақтастық орнатуға, Еуропалық білім беру кеңістігіне жол ашылып, білім беру саласын жаңа бағытта жүзеге асыруға жол ашылды.

Бүгінде әлемнің 80-ге жуық мемлекеттері қол қойған Еуропалық кеңістіктегі жоғары білімді дамытуға бағытталған бұл құжат кредиттік оқыту, модульдік оқыту технологияларын жүзеге асыруға, сан емес сапа үшін жұмыс жасауға мүмкіндік берді. Өмір бойы білім алу, ашықтық, академиялық ұтқырлық қағидаларына сәйкес білім беруге жаңаша көзқарас қалыптастырды.

Болон үрдісіне Қазақстанның қосылуы отандық ЖОО мен студенттер, профессор – оқытушылар құрамы үшін төмендегідей мүмкіндіктер берді:

- отандық білім беретін бағдарламаларды, оқу жоспарларын еуропалық стандартқа сәйкес құру және жүзеге асыру, мамандық классификаторларын Еуропалық кеңістікте де мойындалатындай ортақ жүйеге ену; білім беру сатыларын: бакалавриат – магистратура – докторантура деп бөле отырып, болашақ мамандарды тек кәсіп иесі ғана емес, сонымен қатар жүйелі түрде ғылыми-зерттеушілік әрекетпен айналысуға жол ашылуы;

- отандық біліктіліктер және академиялық дәрежелерді мойындау;

- академиялық ұтқырлық аясында студенттердің білімін тек өз университеті қабырғасында ғана емес, шетелдік немесе Отандық білім беру ордаларында белгілі мерзім көлемінде (бір семестр немесе бір курс) оқып келу немесе аяқтау;

- шетел университеттеріндегі қазақстандық ЖОО студенттерінің несиелерін қайта сынақтан өткізу және керісінше;

- бірлескен білім беретін бағдарламаларды құру, қос елдің дипломын қатар алу, Отандық дипломдардың шетелде мойындалуы және бітіруші түлектердің әлемнің кез – келген елдерінде жұмыс жасай алуы;

- ПОҚ арнайы оқу бағдарламаларын, гранттарды жеңіп алу арқылы шетелдің алдыңғы қатарлы оқу орындарында ғылыми-тәжірибелік тағылымдамалардан өтуге, шетелдік әріптестермен бірігіп зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндіктер аясының кеңеюі;

- Халықаралық аккредитациядан өту арқылы мемлекетіміздегі оқу орындары әлемдік, Еуропалық деңгейге жақындап, Еуразия аймағында, әлемдік рейтингте өзін көрсетуге жағдай жасалуы, сапалы маман даярлауда бәсекеге қабілеттілік пен талапкерлер үшін тартымдылықты жетілдіру.

Болон үрдісін жүзеге асыруда проблемалар да жоқ емес. Солардың бірқатарына тоқталуды жөн санаймыз. Педагогика ғылымдарының докторы, профессор В.И.Байденко редакциясын басқарған «Основные тенденции развития высшего образования: глобальные и болонские измерения» («Жоғары білім беруді жетілдірудің негізгі тенденциялары: жаһандық және болондық өлшемдер») атты еңбегінде алдағы онжылдықта жоғары білім беруді дамыту басымдықтары төмендегідей жіктелген:

✚ әлеуметтік өлшемдер (жоғары мектептің студенттік контингенті халықтың көптірлігімен ерекшеленуі тиіс);

✚ өмір бойына білім алу (бұл стратегияны жүзеге асыру үшін мемлекеттік билік органдары, жоғары оқу орындары, студенттер, жұмыс берушілер мен жұмысшылар арасындағы берік серіктестік қажет);

✚ жұмысқа орналасу (еңбек нарығы болашақ мамандардың неғұрлым жоғары білікті болғанын және трансверсалді күзінеттіліктерінің болуын қажет екенін ескерсек, жоғары оқу орындары студенттерді олардың барлық еңбек жолына қажетті алдыңғы қатарлы біліммен, күзінеттіліктермен қаруландыруы қажет);

✚ студентцентристік білім беру және ол жоғары білім берудің негізгі миссиясы болған оқыту (студентцентристік білім беру білім алушылардың құқықтары мен мүмкіндіктерін, оқыту мен білім берудің жаңа тәсілдер аясын кеңейту, басқару мен қолдау көрсетудің тиімді құрылымы мен білім алушылардың 3 циклында да неғұрлым бағдарланған оқу бағдарламаларын жетілдіруді қажет етеді);

✚ білім беру, зерттеулер мен инновациялар (жоғары білім беру әрбір сатыда алдыңғы қатарлы заманауи ғылыми зерттеулер мен жобаларға негізделіп, қоғамдағы инновациялық және шығармашылық бастамалардың дамуына ықпал жасауы тиіс);

✚ халықаралық ашықтық (трансұлттық білім беру Еуропалық стандарттар мен принциптермен реттестірілуі қажет);

✚ мобильділік (ұтқырлық) (білім беру бағдарламалары мен дипломдардың қатарластығы);

✚ мәліметтерді жинақтау (мәліметтерді жинақтауды жетілдіру мен кеңейту алға қойған мақсатқа (әлеуметтік өлшем, жұмысқа орналасу, ұтқырлық т.б. аймақтарда) жетудегі прогрессті бақылауға мүмкіндік береді);

✚ шынайылықты (прозрачность) қамтамасыз етудің көптірлі құралдары (құралдар Болон үрдісінің принциптерімен байланысты бола отырып, жоғары оқу орындарының сапасы мен танылуына, мойындалуына ықпал етуі тиіс);

✚ қаржыландыру (мемлекеттік жауапкершілік принципіне сәйкес қаржыландырудың басымдылығы мемлекетке беріледі, ол өз кезегінде жоғары білім алуға қолжетімділіктің әділ болуы мен тәуелсіз жоғары білім беру мекемелерін тұрақты дамуына оң әсер етеді) [1,11-12 б.].

Жоғарыда атап өткен проблемаларды зерделеп қарасак, бізге жетілдіруді қажет ететін тұстары көп-ақ. Әсіресе, болашақ мамандарды еңбек нарығында барынша бәсекеге қабілетті болатындай етіп даярлау, кәсіби күзінеттіліктерді қалыптастыру, маман даярлауда ЖОО, студенттер, жұмыс берушілер мен жұмысшылар арасындағы берік серіктестік бүгінгі білім беру саласының басты міндеттерінің бірі.

Болон декларациясында квалификация, мамандық шеңбері, мамандардың игеріп шығатын күзінеттіліктері мен олардың біліктілігіне қойылатын талаптар жүйесі т.б. бірқатар өзекті мәселелер Дублиндік дескрипторлармен байланысты. Бірақ Дублиндік дескриптор тақырыбының толыққанды қарастырылмауы, көбінесе Отандық университеттердің (мысалы: Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің (2013) [2], Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Академиялық саясаттары (2016) [3], «Мирас» университетінің (Шымкент қаласы) Модульдік білім беру бағдарламасын дайындау бойынша әдістемелік нұсқауы (2017) [4] т.б.) дескрипторларды басшылыққа ала отырып, жасалған құжаттар формасында кездесуі бізді осы терминнің астарына терең үңіліп, мәнін ашуға итермеледі.

«Дескрипторлар» ағылшынның «description» сөзінен туындаған, аудармасы жағынан бірнеше мағына береді: 1) сипаттама, түсініктеме; 2) түр, тип, сұрып; 3) астын сызып өту, ерекше тоқталу (түсініктеме беру) [5, 181 б.]. Яғни, белгілі бір объектіге түсініктеме беру, оны классификациялауға мүмкіндік беретін атау.

Болон үрдісінің білім беру бағдарламаларының сәйкестілігі мен шынайылығы принциптеріне сәйкес Еуропалық комиссия және Университеттердің Еуропалық ассоциациясы бірігіп білім беру бағдарламаларында бітіруші түлектердің кәсіби біліктілігіне, құзіреттіліктерге баса назар аудару қажеттілігін ескеріп, 2002 жылы 23 наурызда Дублин қаласында дескрипторларды қабылдады. «Дублиндік» тіркесінің мәні осында.

Ең алғаш Берлин коммюникесінде қозғалған «дескрипторлар» ұғымы түсініктірек болу және дұрыс түсіну мақсатымен құзіреттілік аясында баламалы түсініктеме берілді. Бітіруші жас маман игеруге тиісті құзіреттіліктер - жалпы және пәндік (пәндік-арнайы, кәсіби) деп жіктелді. Алғашында құзіреттіліктер мен біліктіліктер саны 85 болса, кейінірек жалпы құзіреттіліктер саны 30-ға қысқартылды.

Мазмұнына қарай құзіреттілік инструменталды, тұлғааралық, жүйелік деп 3 үлкен топқа жіктелді:

Инструменталды құзіреттіліктер топтамасына – когнитивтік, әдіснамалық, технологиялық, тілдік және коммуникативтік құзіреттіліктер кіргізілді

Тұлғааралық құзіреттіліктерге ұжымда жұмыс істей алу біліктілігі, өзінің және өзгенің сын-пікірін дұрыс қабылдай білу қабілеті және т.б. жатқызылды.

Жүйелік құзіреттіліктерге өз объектісіне жүйе тұрғысында қарай білуі, сапа үшін жауапкершілік таныту т.б. жатады [6, 5-6 б.].

Құзіреттілік ұғымының білім беру саласына тереңірек ене бастауы себепті, 2005 жылдан бастап құзіреттіліктерге негізделген білім беру бағыты (компетентностный подход) дамып, жаңа парадигма іске асырыла бастады.

Отандық ғалым С.М.Өмірбаевтың пікірінше, бітірушілерден табылуға тиісті кілттік құзіреттіліктер: туған тіл, шет тілдерін игеру, фундаментальды математикалық, жаратылыстану және техникалық, компьютерлік даярлықтың болуы, әлеуметтік (тұлғааралық, мәдениетаралық, азаматтық) даярлық, кәсіпкерлік, экономикалық даярлық, мәдени даярлық, оқуға даярлық және арнайы құзіреттіліктер қажет. Сонымен қатар, бакалаврларда қосымша сыни тұрғысынан ойлау, креативтілік, инновациялық өлшем жасай білу, белсенді өмірлік ұстанымдары сияқты қасиеттер болуы тиіс деп есептейді. Оны жүзеге асыруда модульдік оқыту жүйесінің тиімділігін ерекше атап өтеді [7, 8-9 б.].

Еуропалық біліктілік шеңберінде дескриптор бітіруші түлектердің игеруге тиісті құзіреттіліктері мен білім, білік, ептіліктері туралы сипаттамалар, критерийлер ретінде түсіндіріледі және төмендегідей анықтама беріледі.

Дескрипторлар (descriptors) - студенттердің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің тиісті деңгейінің (сатысының) білім беру бағдарламаларын аяқтаған соң ие болатын білім, білік, дағды және құзыретінің деңгейлері мен көлемінің сипаттамасы; дескрипторлар оқыту нәтижелеріне, білім алуды жүзеге асыруда қалыптасқан құзыреттерге, сондай-ақ кредиттерінің жалпы санына (сынақ бірліктеріне) негізделеді.

Дублиндік дескрипторлардың толық жүйесі білім беру жүйесінің 3 сатысына сәйкес жүзеге асырылады:

- жоғары білімнің бірінші циклін аяқтауда игерілетін біліктіліктер (ESTC жүйесіндегі 180- 240 кредит) – бакалавриат; орташа ұзақтығы – 3-4 жыл (Еуропалық біліктілік шеңберінің 6 сатысына сәйкес келеді);

- жоғары білімнің екінші циклін аяқтауда игерілетін біліктіліктер (ESTC жүйесіндегі 90-120 кредит) – магистратура; орташа ұзақтығы – 1-2 жыл (Еуропалық біліктілік шеңберінің 7 сатысына сәйкес келеді);

- жоғары білімнің үшінші циклін аяқтауда игерілетін біліктіліктер (ESTC жүйесіндегі кредит саны көрсетілмеген) – PhD докторантура; орташа ұзақтығы – 3 жыл (диссертациялық жұмысты қорғауды есептегенде) (Еуропалық біліктілік шеңберінің 8 сатысына сәйкес келеді).

Жалпы, дескрипторларды бірнеше бағытта:

а) белгілі бір курс (пәнді), модульді игеру, оқу мерзімін аяқтау немесе білім беру бағдарламаларын жүзеге асыру нәтижесі;

ә) мамандықты игеріп шыққанда сүйенетін біліктіліктер категориясы;

б) студенттің бойында қалыптастыруға және дамытуға тиісті құзіреттіліктер (жалпы, кәсіби) жүйесі;

в) белгілі бір мамандық алып шығуда немесе қайта тапсыру арқылы жинақтауға және игеруге тиісті ESTC жүйесіндегі кредиттер саны

тұрғысынан қарастыруға болады.

Яғни, дескрипторлар кең мағынасында – болашақ маманның игеруге тиісті құзіреттіліктерін, оқу курсы аяқтағанда қандай нәтиже қол жеткендігін бағалауға, білім беру бағдарламаларын Болон үрдісіне сәйкес құруда басшылыққа алынатын жүйелер мен принциптер тобы.

Дублиндік дескрипторларды жүзеге асыруда басшылыққа алынатын параметрлер мен қағидалар жүйесі (Сурет 1) мынадай:

1. *Білу және түсіну* – игерілетін мамандықтың негіздерін білу, ғылыми терминологияны игеру, мән-мағынасын жете түсіну, мамандықтың ерекшеліктерін ұғыну;

2. *Алынған білімді түсіну және қолдану* – теориялық білімді нақты тәжірибеде қолдана алу қабілеті, әдістемелік, практикалық, технологиялық жағынан сауатты болу, өз мамандығын іске асыруда «тосылмау»;

3. *Тұжырым түзу* – ғылыми теория, анықтамаларға сүйене отырып, жеке пікірін тұжырымдай алу, қорытынды шығарып, өз ойын анық, нақты жеткізе білу, когнитивтік құзіреттіліктерін қалыптастыру;

Сурет - 1. Дублиндік дескрипторларға негізделген оқыту нәтижесі.

1. Коммуникативтік қабілеттерді көрсету – тұрмыстық, қоғамдық, ғылыми орталарда пікір алмасуға, диалогқа түсе білу қабілеттері, тұлғааралық қарым-қатынаста адамгершілік нормаларды сақтау, әркімнің жеке басын құрметтеу, этикет нормаларын сақтау;

2. Оқу дағдылары мен үйренуге бейімділік – білім алушылардың (студент, магистрант, докторант) өз бетімен оқу, білімін жетілдіру ептіліктері, зерттеушілік әлеуетін көтеру, мамандықтың қыр-сырын игеру, қызығушылықтарын дамыту, заман талабына сай жаңа білім, білік, дағдыларды игеру қабілеттері.

Біз аталған қағидаларды циклдық жағынан бөлмей, күтілетін негізгі нәтижелер тұрғысынан қарастырдық. Бірақ, нақты практикада дублиндік дескрипторларды жүзеге асыру барысында әрбір мамандықтың, білім беру сатыларының (бакалавриат – магистратура – докторантура) ерекшеліктерін, біліктілікке қойылатын талаптар мен нормативтік-құқықтық актлерге сәйкестілігі т.б. толық ескерілуі тиіс. Жоғарыда аталған қағидалар бүгінгі күні болашақ мамандарды дайындаудың бағыт-бағдарын айқындайды.

Дублиндік дескрипторлар Блум таксономиясымен ұқсас болғандықтан, оған (екіншісіне) да тоқталып өтуді жөн санадық.

Блум таксономиясы - ойлау дағдыларының кеңінен қолданылатын иерархиялық (сатылық) моделі және оқытуды басты нысан етіп қарастыратын жүйе. Ол төмендегідей дағдылар жүйесінен тұрады:

- Білу – таным мен ойлау әрекетінің төменгі деңгейі, тануға негізделіп, есте сақтаумен байланыста қарастырылады;

- Түсіну – ой операциялары арқылы ұйымдастыру, салыстыру, түсіндіру, сипаттау жолымен идея, фактілерді түсінетіндігін көрсету;

- Қолдану – таным мен ойлау әрекетінің ортаңғы деңгейі, алынған білімді нақты жағдайда және жаңа білімдерді (жаттаған ереже, ұғым, заң, қағидаларды т.б.) жүзеге асыру, пайдалану;

- Талдау – себеп-салдарларды ескере отырып, қорытынды жасау, бүтін-бөлшекті ажырату, дәлелдер келтіру;

- Жинақтау - таным мен ойлау әрекетінің жоғарғы деңгейі, жаңа үлгідегі әртүрлі тәсілдерді қолдану арқылы келген ақпараттарды жүйелеу, балама шешімдер ұсыну;

- Бағалау - пікірмен таныстыру, ақпарат бойынша қорытынды жасау және жұмыс сапасын бағалау.

Дублиндік дескрипторлардың Блум таксономиясымен салыстырғандағы негізгі ерекшелігі - «сыртқа бағытталған» үдеріс көбірек. Яғни, білімді игеріп оны сыртқы ортада қолдану басым, мәселен алынған

білімді ең әуелі түсініп, оны керегіне жарату, ойын білдіру, тұжырым жасау, қарым-қатынасқа түсу және білім алушының өзін-өзі жетілдіруі т.б. экстерноризациялық әрекеттер қатарынан саналады. Бұл өз кезегінде Дублиндік дескрипторлардың қағидаларын жүзеге асырып, құзіреттіліктерді қалыптастыруда дуалды оқыту жүйесінің мүмкіндіктерін аша түседі.

Дуалды оқыту жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі – білімнің теориялық және практикалық жағына терең мән беру, мамандықты игеруде қоғамның сұраныстарын ескере отырып, бәсекеге қабілетті маман даярлау. Демек, дуалды оқыту жүйесін енгізу Болон үрдісінің, Еуропалық біліктілік шеңбері мен Дублиндік дескрипторларын орындауға қолайлы деп есептейміз.

Бүгінгі шақта дуалды білім беру көбінесе колледждерде, техникалық және кәсіби мектеп-лицейлерде енгізіліп жатыр. Дегенмен, Болон үрдісінің өмір бойғы білім алу принципіне сәйкес, білімді ЖОО жалғастыру, жоғары білім мен біліктіліктерге ұмтылу қоғам болып құптайтын іс-әрекеттер қатарынан. Жасыратыны жоқ, ЖОО-да колледж бітіріп келген студент пен мектеп қабырғасын кеше бітіріп келген студенттің білім, білік, дағдылары бірдей болмайды. Мұндай құбылыстың орын алуын орта кәсіптік білім беру ошақтарында кәсіптендіруге көбірек мән беріп, практикаға студенттің ерте араласып, игерген мамандығының қыр-сырын түсініп, «қызметкер» психологиясының ертерек қалыптасатындығымен түсіндіруге болады. Бакалавриатты бітіріп шыққан кезде екеуі де жоғары білімді маман болғанымен, колледжден кейін білім алған маманның игерген құзіреттіліктері мен кәсіби сапалары тереңдеу болып келеді, яғни колледжде алынған білім мен құзіреттіліктер дами түседі.

Көптеген түлектер 11 сыныпты аяқтап барып, университетке оқуға түскенді құп көретіндіктен, жоғары білім беру жүйесі кәсіптендіру жағынан колледждер мен техникалық-кәсіптік білім беру орындарынан кем қалмауы тиіс. Мамандарды сапалы етіп даярлау үшін ЖОО-да дуалды оқыту жүйесін енгізу практикаға көбірек мән беріп, кәсіби құзіреттіліктерді игеруде септігі мол болары сөзсіз.

Дуалды оқыту жүйесі бүгінде әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттері практикада тиімділігі әлдеқашан дәлелденген жүйе болып табылады. Отаны Германия болып табылатын оқыту жүйесі Еуропалық құрлықта дүниеге келгенін және онда кәсіби маманға талас, жұмыссыздық мәселесі біздікінен де жоғары екенін ескерер болсақ, біз үшін дуалды оқыту жүйесін дәл сол тұрпатта болмаса да, элементтерін, тиімді тұстарын енгізу артықтық етпейді.

Дуалды оқыту жүйесін енгізуде атқарылатын іс-шаралар жүйесі Дублиндік дескрипторларды, Блум таксономиясын ескеруге, және керісінше жағдайда да өз тиімділігімен сипатталады. Оны төмендегі 1 - кесте арқылы көрсеттік:

Кесте - 1. Дуалды оқыту жүйесі арқылы Дублиндік дескрипторлардың, Блум таксономиясының жүзеге асырылуы

Дублиндік дескрипторлардың негізгі қағидалары	Блум таксономиясын жүзеге асыруда қалыптасатын дағдылар	Дуалды оқыту жүйесінде атқарылатын іс-әрекеттер жүйесі мен мазмұны	Қалыптасатын құзіреттіліктер
Білу және түсіну	Білу Түсіну	Дуалды оқыту арқылы студент игерілетін мамандықтың теориясы мен практикасын қатар игереді, герменевтикалық дағдылары дамиды. Мамандық ерекшеліктеріне қарай теорияда айтылған мағлұматтарды практикада көру, ұстау, іске қосу арқылы түсінеді, мәнін ұғады, психикалық процестердің қызметі белсендіріледі.	Инструменталды (когнитивтік)
Алынған білімді түсіну және қолдану	Түсіну Қолдану	Теорияда алынған білімді нақты дуалды білім беру базасында іске асыруға мүмкіншілік, әдістемелік, технологиялық жағынан сауаттылық пен білік, дағдылардың дұрыс қалыптасады, кәсіби тәжірибе жинақталады.	Инструменталды (технологиялық) Жүйелік
Тұжырым түзу	Талдау	Теориялық және практикалық жағынан сауатты болу ақыл-ой еңбегін жетілдіріп, зерттеушілік әлеуетті дамытады, шешім шығару, ойқорытынды жасауда септігін тигізеді. Тұжырым жасауда тек жалаң теорияға ғана емес, өзінің жеке тәжірибесіне сүйенуге мүмкіндік туады.	Инструменталды (әдіснамалық)
Коммуникативтік қабілет	Жинақтау	ЖОО мен дуалды оқыту базасында неғұрлым түрлі контингентпен байланыста	Тұлғааралық коммуника-

көрсету		бола отырып, кәсіби мәдениетке икемделеді, қызметкер психологиясы қалыптасады, тұлғалық сапалары, адамаралық қарым-қатынастың адамгершілік, этикалық нормалары дамиды.	тивтік
Оқу дағдылары мен үйренуге бейімділік	Бағалау	Өз мамандығына, кәсіби әрекетіне сыни тұрғыда қарап, жаңаны үйренуге, білікті маман болуға талпынады, өзін кәсіби тұрғыда жетілдіруге көңіл бөледі.	Жүйелік

Сөз соңында, еңбек нарығында құзіреттіліктері толық қалыптасқан, бәсекеге барынша қабілетті, жан-жақты жетілген жас маманға сұраныс қашанда жоғары екендігін айтқымыз келеді. Кредиттік білім беру технологиясында басымдық теорияға беріліп, практикалық білімдердің, біліктіліктердің жетілмей қалуы, болашақ мамандардың еңбекке араласуға даяр болмауы, арнайы құзіреттіліктердің дұрыс қалыптаспауы, жұмысқа келгенде тез бейімделе алмау т.б. кемшіліктер маман даярлау ісіне ерекше көңіл бөліп, нақты нәтижелі әрекеттер механизмін қажет етеді. Бұл өз кезегінде әрбір нақтылы мамандықтың біліктілік шеңберін Дублиндік дескрипторлар аясында айқындап, дуалды білім беру жүйесін енгізу негізінде кәсіби құзіреттіліктерді қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады деген пікірді алға тартқымыз келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Основные тенденции развития высшего образования: глобальные и болонские измерения /под науч. ред. д-ра. пед. наук профессора В.И.Байденко. – Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, Независимое казахстанское агенство по обеспечению качества в образовании (НКАОКО). – 2010. – 352 с.*
2. *Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Академиялық саясаты. – Алматы, 2013. – 131 б.*
3. *Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Академиялық саясаты. – Қызылорда, 2016. – 321 б. [ЭР]. қол жетімділік режимі: <http://www.korkyt.kz/Imdo/Docs/%D0%90%D0%9A%D0%90%D0%94%D0%95%D0%9C%D0%98%D0%AF%D0%9B%D0%AB%D0%9A%20%D0%A1%D0%90%D0%AF%D0%A1%D0%90%D0%A2-2016.pdf>*
4. *«Мирас» университетінің (Шымкент қаласы) Модульдік білім беру бағдарламасын дайындау бойынша әдістемелік нұсқауы. – Шымкент, 2017. – 47 б. [ЭР]. қол жетімділік режимі: http://miras.edu.kz/university/library/documentation/educational/metodicheskaya_instrukciya_po_razranotke_top_kz.pdf*
5. *Новейший англо-русский, русско-английский словарь /сост. С.М.Крысенко/. – Киев: Издательство «Арий», Москва: ИКТЦ «Лада», - 2008. – 960 с.*
6. *Паршина Г.Н., Мынбаева А.К. Международные дескрипторы и компетентный подход в проектировании образовательных программ. – Алматы. Вестник КазНУ. Серия «Педагогические науки». – 2011. - № 2(33). – 3-10 б.*
7. *Омирбаев С.М. Разработка модульных образовательных программ с учетом Дублинских дескрипторов. – Караганда. Вестник Карагандинского университета. Серия Педагогика. – 2014. - № 1(73). – 4-14 с.*

Nishanova S.T.

Candidate of pedagogical science,
associate professor of International Kazakh-Turkish University named by H.A.Yasawi

Makkambayeva L.I.

Master student of International Kazakh-Turkish University named by H.A.Yasawi,
laylo.makkamaeva@mail.ru

THE VALUE OF MASS MEDIA IN THE ERA OF GLOBALIZATION

***Summary.** This article aims at analyzing the importance of using Mass Media in the classroom and finding the ways how to use Printed and Audio-visual Media.*

***Keywords:** Mass Media, Audio-visual Media, newspaper, radio.*

Эта статья посвящена анализу важности использования средств массовой информации в классе и поиску способов использования печатных и аудиовизуальных средств массовой информации.

***Ключевые слова:** Средства массовой информации, аудиовизуальные средства, газета, радио.*

Түйін. Бұл мақалада сыныпта бұқаралық ақпарат құралдарын пайдаланудың және жазбаша, аудиокескінді бұқаралық ақпараттық құралдарын қолданудың тиімді жолдары талданған.

***Кілт сөздер:** Массивтік ақпарат құралдары, аудиовизуальдық құралдар, газета, радио.*

Using Mass Media in the classroom is very flexible process. We live in times where mass media tools accompany almost everyone in their daily activities, e.g. one can get ready to leave home with the rhythm of the music on the radio, while another person cannot imagine breakfast without reading a newspaper. This illustrates media's enormous impact on people. However, not only does the use of media have to be limited to morning habits, but it can also be a good teaching tool. It seems to be more enjoyable when knowledge is gained through mass media tools: entertainment, language authenticity, and encouragement to learn more are provided. Consequently, boredom, which sometimes accompanies working with a course book during lessons, might be avoided. Of course, everything depends on the teacher's attitude and preparation. What is more convincing, is the fact that all components may be taught with the use of mass media tools. Moreover, they may satisfy all types of learners, which is not always possible during teaching with a course book. This paper compares the usage of mass media, such as newspapers, the radio, TV, and the Internet, to a course book in terms of teaching English, especially grammar, vocabulary, listening, speaking, and writing. The aim is to illustrate the differences between these teaching tools.

The mass media are diversified media technologies which are intended to reach large audience by mass communication but technology varies based on the communication. Electronically information can be transmitted through broadcast media such as, film, television, radio and recorded music. Newspaper, book, pamphlet or comics are physical objects and they come under print media. Under mass media public speaking and event organizing will also come. Internet and mobile mass communication comes under digital media. Internet media provides services of mass media, like email, websites, blogs, and internet based radio and television. Mass media targets very large market like entire population of a country. Review articles are the summary of current state of understanding on a particular research topic. They analyze or discuss research previously published by scientist and academicians rather than reporting novel research results. Review article comes in the form of systematic reviews and literature reviews and are a form of secondary literature. Systematic reviews determine an objective list of criteria, and find all previously published original research papers that meet the criteria.

They then compare the results presented in these papers. Literature reviews, by contrast, provide a summary of what the authors believe are the best and most relevant prior publications. The concept of "review article" is separate from the concept of peer-reviewed literature. It is possible for a review to be peer-reviewed, and it is possible for a review to be non-peer-reviewed [1].

Media provide teachers and students with creative and practical ideas. They enable teachers to meet various needs and interests of their students. They also provide students with a lot of language practice through activities using newspapers, magazines, radio, TV, movies, books, Internet, etc, and tasks which develop reading, writing, speaking and listening skills. They entertain students and encourage reading English in general, both inside and outside the classroom, promoting extensive reading by giving the students the confidence, the motivation and the ability to continue their reading outside the classroom.

Media "inform, amuse, startle, anger, entertain, thrill, but very seldom leave anyone untouched". (Shirley Biagy, 1996) [2].

Approaching the use of the media through script writing, aspects of television, strategies for using broadcast programmes both as teachers and learners and as organisers in an overseas situation, contributors to this issue have, I feel sure, provided guidance in the understanding and exploitation of broadcasting. The article on multi-

media integrated planning concerns an important step into a large field. The overview of BBC English by Radio and Television is given as the setting in which so much development has taken and is taking place. This is not intended to be an issue of ELT Documents concerned with the BBC; its contents apply to broadcasting and multi-media enterprise throughout the world. However, it is entirely appropriate that examples and experience from the BBC should feature largely, since that organisation is undoubtedly the world's greatest repository of broadcasting expertise in the field of English language teaching [3].

The most important human resource is the learning effort of the learner himself, in terms of time, intensity, efficiency and appropriateness of that effort. All other components in the system are evaluated by their effect upon these learning parameters. A system which makes it possible for the learner to work longer, more intensively, more efficiently and appropriately will be more highly valued than one which does not. It is rather difficult to assess the social cost of learner effort. So much depends upon the competing claims upon that effort. Even leisure learning is achieved at the expense of other satisfactions and attainments. Where language learning requires, say, an executive or a highly skilled craftsman to interrupt his professional employment the direct socio-economic cost may be very high.

The second human resource is the teacher, ie an initiate who organises, arranges and presents the material to be learned, checks on progress, provides feedback on performance and finds ways of overcoming learning blocks and difficulties, of building and maintaining motivation, fostering and controlling group dynamics. A third human resource is provided by the 'native informants', ie the members of the speech community who produce the behaviour to which the learner is assimilating himself, or a corpus of linguistic artefacts on which the learner models his behaviour, as well as the framework for direct conversational and pragmatic interaction. This latter service is also provided by the learner's fellow pupils. Fourthly, human resources lie behind the provision of all material resources employed in the learning system, and its organisation (engineers, technicians, writers, printers, publishers, secretaries, producers etc). The cost of these human resources depends on such interrelated factors as skill, training, availability, efficiency, and the extent to which their commitment is specially commissioned (thus 'immersion' learning benefits from the fact that the behaviour of members of the speech community is produced in the course of everyday living and is not specifically changeable). It allows an accurate model of spoken language to be presented simultaneously to large numbers of students, who are then not dependent for their model upon the limitations of the performance of the teacher allocated to them. There are of course certain difficulties with copyright and important organisational implications for educational and broadcasting authorities as well as perhaps, publishers[4].

Books, though purely visual, allow for reference to and from the presentation of diagrams and tables, and can be illustrated, though only by static pictures. Reading does not impose strict time disciplines so the book is well suited to the presentation of compact and tabulated information for reference, or where the student needs a longish, indeterminate time to study or memorise a text or solve problems. It has the important limitation that it may actually make the student less able to cope with the problems of communicating in real time with which we are faced in conversation by encouraging in him the habit of keeping silent while he weighs his words and forms his thought into complete sentences. [5].

Conclusion. Mass media tools such as newspapers, the radio, and the Internet may serve educational purposes. In cases mentioned above they turn out to be even better than traditional course books. Firstly, they perfectly fulfil different types of learners' needs. Secondly, they encourage students to learn and are a form of entertainment. Those tools make learning more appealing because students may find something of their interest in teaching materials. Also, by watching English news or TV series, and reading newspapers, students can learn English culture.

However, the most important advantage of teaching foreign language through mass media is the contact with an authentic language. The ability to listen to native speakers may facilitate own performance and understanding. However, there are also disadvantages of its use. Firstly, there is no curriculum. Consequently, the whole class preparation is in teachers' hands. Secondly, mass media tools do not always explain rules of the language usage, course books do. For those who prefer deductive way of learning, studying only with mass media might turn out to be problematic. Also, it is not always possible to find a reliable source appropriate to learners' level. Nevertheless, it is worth introducing at least some of mass media elements to lessons to facilitate both teaching and learning.

References

1. *Davies (1992), Multimedia Support for Studies in FL and Culture', IBM*
2. *Garrett (1991), Technology in the Service of Language Learning, Modern Language Journal*
3. *Jane Sherman (2002), Using press in the Language Classroom, CUP*
4. *Gavin Dudeney (2003), The Internet and the Language Classroom, CUP*
5. *Marion Geddes (1988), Practical steps of Mass media - in the Language Classroom, Heinemann*

Ыбыраймжанов Қ.Т.

І.Жансүгіров атындағы ЖМУ, п.ғ.д., профессор

Нусупбекова А.Е.

І.Жансүгіров атындағы ЖМУ, II курс магистранты, nusupbekova.aynur@mail.ru

ЖАҢАРТЫЛҒАН ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНА СӘЙКЕС ДҮНИЕТАНУ САБАҒЫНДА АҚПАРАТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІГІ

***Түйін:** Бұл мақалада жаңартылған оқу бағдарламасына сәйкес дүниетану сабағында ақпараттық білім беру ресурстарын қолданудың әдістемелік ерекшеліктері қарастырылған.*

***Резюме:** В статье авторы рассматривают методические особенности использования информационных образовательных ресурсов на уроках познания мира в рамках обновленного содержания образования*

***Summary:** The authors of this article consider the methodical features of using informational educational resources at the lessons of the world cognition within the framework of the updated content of education*

Қоғамдағы қазіргі кездегі қайта құрулар, экономиканы дамытудағы жаңа стратегиялық бағдарламалар, қоғамның ақпараттануы мен қарқынды дамуға бет алысы білімге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтарда жарияланған жолдауының мазмұны қазіргі жаһандық жағдайда 30 дамыған елдің қатарына қосылу үшін ғылыми-техникалық, ақпараттық-технологиялық салаларды дамыту және адами капиталды жаңғыру бағытындағы дамуға бастайтын бағыттарды атап өткен[1]. Яғни, мемлекеттің ұлттық құндылығы мен бәсекелесу қабілеті - адам капиталының интеллектуалдық өлшемі арқылы анықталып, мемлекет болашағының кілті – қазіргі заманауи технологияларды меңгерген, құзырлы, сонымен бірге салт-дәстүрі мен тарихын білетін нағыз сапалы азаматтарда. Сол адами капиталды дайындап, болашағына жол сілтейтін, келешегімізді кемел біліммен сусындататын – ұстаз қауымы екендігі мәлім. Сондықтан да демократиялық, жоғары технологиялық, ақпараттық нарықтық қоғам талаптарына сай келетін бүгінгі педагогқа қойылатын талаптардың деңгейі арта түсуде. Ақпараттық қоғамның кәсіби іс-әрекетінің шарты ретінде бүгінгі мұғалім өзін-өзі анықтай және нәтижеге бағыттай алуы, пәндік аймақтың шеңберінен шығатын міндеттерді шеше білуі, өзіндік білім жолын игерумен қатар, білім жинаудың ақпараттық-ізденімпаздық сипатын қалыптастыра алуы қажет. Бүгінгі таңда мұғалім күрделі әлеуметтік қарым-қатынастар буыны болып табылады. Осыған байланысты, жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде мамандарды дайындауға қойылатын жаңа талаптарға сәйкес, бүгінгі маман өзінің өмірлік бағдарын этикалық өзара ынтымақтастыққа және үздіксіз білім алуға, қоғамда жұмыс істей алатын және жаңаға деген ашықтық көзқарасымен ерекшеленетін тұлға қалыптастыруға бағытталады.

Білім беру саясатының өзекті мәселелерінің аясында білім беруді реформалау жағдайында туындап жатқан әлеуметтік-педагогикалық үдерістерді түсінетін жаңа тұжырымдамалық ойлау жүйесі – болашақ мұғалім мамандарын дайындау қажеттілігін жоғары оқу орындарында заманауи талаптарға үйлесімді, қазіргі сұранысты қанағаттандыруға бағыттала отырып, туындаған мәселені шешуге ғылыми-әдістемелік тұрғыдан дайындау жұмыстары орын алуда. Мәселен, кәсіптік даярлаудың сапасын жақсарту мен жетілдіру, біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытудың формалары мен әдістерінің түрлерін өзгерту, ондағы алдыңғы қатарлы оқу-тәрбие тәжірибелері мен қазіргі қоғамның сұраныстарының алшақтығын жою, білімдегі жаңашылдықты саралау, білімді жетілдіру үдерісіндегі үздіксіздікті қамтамасыз етуде оның маңыздылығын арттыру және қазіргі заман техникасы мен технологиясын жоғары деңгейде қолдана білу тағы басқа мәселелер енеді.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Заманауи технологияны меңгеру болашақ мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіби, азаматтық және адами келбетінің қалыптасуына әсерін тигізеді, әрі өзін-өзі дамытуға көмектеседі. Яғни, заманауи білім беру ресурстарын қолдануды меңгеру болашақ мұғалімді қалыптастыруға қойылатын талаптардың бірі болып отыр.

Қазіргі студент – ертеңгі маман, жаңартылған білім беру мазмұны жағдайындағы білім беру жүйесіндегі бастауыш сынып оқушы тұлғасының кең ауқымды дағдыларын қалыптастырып, функционалдық сауаттылығын арттырып, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана алу құзыреттілігі мен білім беру құндылықтарының өзара байланысы мен өзара шарттылығына негізделген тәрбиелеу мен оқытудың біртұтастығы қағидатын жүзеге асыра білуі керек. Болашақ бастауыш сынып мұғалімі оқушы бойында жігерлік, алғырлық, өзгерістерге дайындық, әр түрлі жағдайларға бейімділігі сияқты тұлғалық қасиеттер мен күрделі міндеттерді шешу үшін немесе оларды шешудің жаңа тәсілдерін табу үшін жағдаятқа, идеялар мен ақпараттарға талдау жасау және бағалауға, алған білімі мен тәжірибесін жаңа идея мен ақпаратты жинақтау үшін шығармашылық түрде қолдануға мүмкіндік беретін дағдылар жиынтығын меңгеруге септігін тигізеді.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімі жаңартылған білім беру мазмұны бағдарламасына сәйкес дүниетану пәні бойынша күнделікті білім беру процесінің мазмұны оқу мақсаттарына тәуелділікпен құрылатынын, дүниетану пәнінің оқу бағдарламасы оқу жылы көлемінде бөлімдердің оқытылу ретін көрсететін ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес жүзеге асырылатынын, ұзақ мерзімді жоспар күнтізбелік-тақырыптық жоспарды әзірлеудің негізі бола алатынын, орта мерзімді жоспар сабақтың ортақ мақсатына негізделген оқу мақсаттарын жүзеге асыруға ұсынылатын оқыту іс-әрекеттерінен тұратынын басшылыққа алып, жүзеге асырғаны абзал. Қысқа мерзімді жоспардың құрылымына сәйкес, сабақтың ортақ мақсатына негізделген педагогикалық тәсілдемелер мен технологиялар, әдіс-тәсілдер, сабақты ұйымдастыру формалары мен дидактикалық принциптер, сабақ кезеңінде берілетін тапсырманың мазмұны мен бағыты кең ауқымды дағдылар мен білім берудің басты құндылықтарын оқушыларға дарытуға негіз болып, оқушының жетістікке қол жеткізуде қажырлылықты дамытуға бағытталған, өмір бойы білім алуға ынталандыруға себепші болады.

Мұғалім мамандығын таңдап алған бүгінгі жастардың, өздерінің болашақ оқушылары сияқты, жеткілікті дәрежеде сандық сауаты бар, себебі олар өмір жағдайларының барлық аспектілерінде заманауи технологияның бар мүмкіндіктерін пайдалана отырып, сандық технологиялармен үнемі өзара әрекеттесетін ұрпақ өкіліне жатады. Дегенмен, оқушының пән мазмұнын меңгеріп, оқу мақсаттарына қол жеткізу процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ), атап айтсақ: қажетті ақпаратты іздеу, өңдеу, алу, құру және көрсету, ақпараттар және идеялармен алмасу үшін бірлесіп әрекет ету, жабдықтар мен қосымшаларды кең ауқымда қолдану арқылы өз жұмысын бағалау және жетілдіру сияқты қолдану дағдыларын дамыту үшін болашақ мұғалімнің ақпараттық технологияны қолдану даярлығының сапасы теориялық және тәжірибелік білімдердің бірлігін қажет етіп, келесідей құзіреттіліктердің игеруін қамтиды:

1. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану құзыреттілігі негізгі АКТ-дағдыларда құрылады және технологияларды жұмыс, бос уақыт және коммуникация үшін дұрыс және шығармашылықпен пайдалана білуден тұрады;

2. Болашақ бастауыш сынып мұғалімі оқушыларға барлық пәндер бойынша оқу процесінде құрал-жабдықтар мен қосымшалардың кең ауқымын пайдалана отыра, ақпаратты табу, жасау және онымен жұмыс жасай отыра, ынтымақтастықта, мәліметтермен және идеялармен алмаса отыра, өз жұмысын бағалай және жетілдіре отыра АКТ пайдалану дағдыларын дамытады[2].

Болашақ бастауыш сынып мұғалімі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды білім беру үрдісіне үйлесімді енгізіп, сабақтың дидактикалық мақсаты мен міндеттерін рационалды шешуге бағыттауы тиіс. Дегенмен, ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану барысындағы қарама-қайшылықты да ескеру керек, яғни, берілген ақпараттың көлеміне, мазмұнына, тапсырманың проблемалық болуына, баланың компьютерге тәуелді болмауына назар аудары отырып, оқушыға берілген мәтіндік және көретін ақпаратта кітапқа сілтеме жасап, ізденіс дағдысына қарай бағыт берілуі керек[3].

Бүгінгі нарықтағы сандық технологиялардың көптүрлілігі мен қызметі, мүмкіндігі мен нәтижелігі, әдістемелік қолданысы мен мазмұны – сабақтың мақсаты, мазмұны, түрі, типі, әдіс-тәсілдері, бағыты, ұйымдастыру формасы, дидактикалық талаптарына сәйкес, оқушының жеке ерекшелігі мен қабілетіне сүйене отырып, сараланып, қолданылуы тиіс. Мектеп қабырғасында мұғалім дүниетану пәні сабағының тақырыптық-күнтізбелік жоспарына сәйкес заманауи ақпараттық білім беру ресурстарымен жұмысты түрлендіріп өткізуге болады. Атап айтсақ:

✓ БАҚ, мультимедиялық ресурстарды пайдаланып, әңгіме, диалог барысында: баяндау, талқылау, сипаттау, проблеманы жинақтау, шешімді іздеу, ұсыну, қорытынды шығару жұмыстарын ұйымдастыруға;

✓ Сабақты ұйымдастыру формалары: өзіндік, жұптық немесе топтық жұмыс барысында: мәтіндік және көретін ақпаратты берілген тапсырмаға сай нәтижесін тексеруге, критериялы бағалауға, оқушының шешімді өзі шығаруға бағыттап, қорытынды шығаруға итермелеуге;

✓ Практикалық жұмыстарды тест тапсырмалары бойынша компьютер арқылы ұйымдастыру - оқушының оқу үлгерімін ғана емес, материалды терең игеру деңгейін тексеруге, оқушылардың білім жетістіктерін объективті түрде бағалауға мүмкіндік беріп, әрбір тақырып бойынша бақылау сұрақтарының саны оқушылардың жас ерекшелігіне қарай және тестілеуге берілетін уақытқа қарай ауытқып отыратындығын ескере отырып қолданылуына;

✓ Үй тапсырмасын орындауда оқушыға ақпаратты дерекқордан және ғаламтор желісінен іздеу, сандық және интернет-дереккөздері арқылы алынған ақпараттарды таңдау, өңдеу және оның нақтылығын, сенімділігін, құндылығын бағалай білуге бағыттауына;

✓ Есептік, мәтіндік және көретін ақпаратты және дерекқормен, оның ішінде гиперсілтемелерді, электрондық кестелерді, графикалық және басқа қосымшаларды пайдаланып жұмыс істеу арқылы мәліметтерді қабылдау, іріктеу және жүйелей білу дағдысын жетілдіруге;

✓ Ғылыми зерттеу жобасын дайындауда модельдер мен модельдеуді пайдалану, сонымен қатар, жылжымайтын және қозғалыстағы бейнелерді, дыбыстарды және мәтіндерді мультимедиялық таныстырылымдарды құру үшін біріктіру мүмкіндіктерін зерделей отырып, нәтиже шығаруға;

✓ Ақпаратты құрастыруда және өңдеуде ақпараттық коммуникациялық технологияны пайдалануға;

✓ Шығармашылық және зерттеу жобасын дайындау, семинар мен конференцияларға көрсетілім дайындауға;

✓ Сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыру барысында ақпараттық ресурстарды қолдана отырып, олимпиада, турнир, викторина т.б. өткізуге болады.

Сонымен қатар, сандық ақпараттың икемділігін басқа нұсқаларды зерделеуде, нақтылауда және нәтижелерді жақсартуда толығымен пайдалануға болады. Олар:

1. Электрондық байланысқа, он-лайн форумдарға, виртуалдық оқыту орталарына қатысу арқылы басқа оқушылармен және мұғалімдермен түрлі байланыс арналары бойынша ынтымақтастық қарым-қатынас жасау және ақпарат алмасу;

2. Оқытудың белсенді түрлеріне техникалық қолдау көрсету мақсатында интерактивті тақтаны қолдану;

3. Аяқталған жұмысты мектеп шеңберінде және өзге орталарда мультимедиялық таныстыру.

Заманауи білім беру ресурстарының әдіснамалық тәсілдерінің жаңалығы оқушының максималды белсенділігінде. Дәстүрлі түсіндірме – иллюстрациялық оқытудың жеке іс-әрекеттік, проблемалық оқытуға ауысу үдерісі жүзеге асуда. Сонымен бірге, сандық білім беру ресурсының құндылығы оның артық ақпаратпен қамтылмауында: оқушы алдында нақты дидактикалық мақсат қойылады. Егер бала тапсырманы соңына дейін орындаса, бала бойында қажетті дағды қалыптасқанына сенімді болуға болады. Маңызды педагогикалық заңдылық жүзеге асырылады: оқушылар тек өздері пәндерді, үдерістер мен құбылыстарды зерттегенде, қажетті өлшемдерді орындағанда, тәуелділік пен заңдылықтарды орнатқан кезде ғана, оқу-танымдық іс-әрекет шынайы тиімді болып келеді, белсенді танымдық үдеріс, оқытудың оқу және тәрбие функциялары жүзеге асады. Сандық білім беру ресурстары осындай әрекеті оқушылар ойлауының дамуына, ойлау және тәжірибелік әрекеттің интеграциясына, оқушылардың эксперименттік зерттеу әдісін меңгеруіне бағытталған[4].

Қорытындылай келе, ой түйіндесек, заманауи білім беру ресурстары мұғалімді алмастыра алмайды, бірақ мұғалімге қосымша материалдарды ұсынады, яғни сабақ мазмұнын ақпараттық коммуникациялық технологиялардың жаңа мультимедиялық мүмкіндіктерімен толықтыруға, оқушылардың назарын білім мазмұны қамтылған оқу тақырыптарына аударуға, сондай-ақ олардың зейінін бағыттап, білімді көрнекі түрде игеруге, сабақтың мазмұнын қоғамда болып жатқан өзгерістермен, өмірлік тәжірибелермен сабақтастыра отырып, оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарымен және т.б. құбылыстармен байланыстыруын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Яғни, заманауи ақпараттық білім беру ресурстары бастауыш сыныптардағы оқыту мен оқу іс-әрекетін ұйымдастырудағы танымдық әрекеттердің ғылыми негізге бағыттауын көрсететін ұтымды құрал болып табылады.

Білім беру мазмұнын жаңарту барысындағы заманауи сабақтар жоғарыда аталғандай түрлендіріп өткізілсе, әр оқушының қажеттілігіне орай жоспарланып, АКТ дағдыларын дамытуға бағытталып, сындарлы оқытуға негізделіп, функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға арқау

болатындығы анық. Сондықтан да болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің заманауи ақпараттық білім беру ресурстарын қолдану дайындығының сапасы – болашақ ұрпақ сауаттылығының кепілі болатындығына негіз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» - Астана, 2018.*
- 2. Бастауыш білім беру деңгейінің 1-4-сыныптары үшін «Дүниетану» пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы– Астана, 2016.*
- 3. Е.Ы.Бидайбеков, В.В.Гриникун, Г.Б.Камалова, Д.Н.Исабаева, Б.Ғ.Бостанов Білімді ақпараттандыру және оқыту мәселелері. Оқулық. -Алматы, 2014*
- 4. Сандық білім беру ресурстарын оқу үдерісінде қолдану бойынша әдістемелік ұсынымдар,– Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 32 б.*

БІЛІМ САПАСЫН БАҒАЛАУДАҒЫ ӨЗЕКТІ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР

Summary. The article summarizes and systematizes the experience of assessing the quality of the activities of universities. The main conceptual line of evaluation is, first of all, the promotion and self-awareness of the subject of educational activity. Until now, there has not been developed or approved a single scientifically grounded system of quality indicators for training trainees, just as there is no single generally accepted and approved system for assessing the quality of education.

The relevance of the problem of assessing and managing the quality of education is explained by the fact that in the last decades higher education has acquired a large scale, which has caused growing concern for the quality and effectiveness of the educational process. Management of the development of education as an important part requires the creation of systems for monitoring the quality of education both nationwide and across regions of the country. Methodical recommendations contain general methods for assessing the quality of conditions, processes and results of educational activities; can be concretized and applied to solve specific tasks of modern university management.

Keywords: quality assessment, educational process, values, standard, onto-and-phylogeny of self-evaluation

Түйін. Мақалада жоғары оқу орындарының қызмет сапасын бағалау тәжірибесі жинақталған және жүйеленген. Бағалаудың негізгі тұжырымдамалық бағыты, ең алдымен, білім беру қызметінің субъектісін көтермелеу және өзін-өзі ақпараттандыру болып табылады. Осы уақытқа дейін білім беру сапасын бағалаудың бірыңғай қабылданған және бекітілмеген жүйесі болмағандықтан, тағылымдамадан өтуге арналған сапалы көрсеткіштердің ғылыми негізделген жүйесі әзірленбеген немесе бекітілмеген. Білім беру сапасын бағалау және басқару мәселесінің өзектілігі соңғы онжылдықта жоғары білім кеңінен таралғандықтан білім беру үдерісінің сапасы мен тиімділігіне алаңдаушылық тудырды. Білім беруді дамытуды басқару маңызды бөлігі ретінде мемлекеттік және республика өңірлері бойынша білім сапасын мониторингтеу үшін жүйе құру қажет. Мақалада білім беру қызметінің шарттары, процестері мен нәтижелерінің сапасын бағалаудың жалпы әдістері қамтылған; қазіргі заманғы университет басшылығының нақты міндеттерін шешу үшін нақтыланып, қолданылуы мүмкін.

Кілтті сөздер: сапаны бағалау, оқу үрдісі, құндылықтар, стандарттау, өзін-өзі бағалаудың филогенезі

Резюме. В статье обобщен и систематизирован опыт оценки качества деятельности вузов. Основная концептуальная линия оценивания заключается, прежде всего, в поощрении и самосознании субъекта образовательной деятельности. До настоящего времени не разработана и не утверждена единая научно-обоснованная система показателей качества подготовки обучаемых, так же, как и не существует единой общепринятой и утвержденной системы оценки качества образования. Актуальность проблемы оценки и управления качеством образования объясняется тем, что за последние десятилетия высшее образование приобрело широкомасштабный характер, что стало вызывать растущее беспокойство за качество и эффективность образовательного процесса. Управление развитием образования в качестве важнейшей составной части требует создания систем мониторинга качества образования как в общенациональном масштабе, так и в разрезе регионов страны. В статье содержатся общие методы оценки качества условий, процессов и результатов образовательной деятельности; могут быть конкретизированы и применены для решения конкретных задач управления современным вузом.

Ключевые слова: оценка качества, образовательный процесс, ценности, стандарт, онто-и-филогенез самооценки

Кіріспе

Білім беру жүйесін дамытуды философиялық және методологиялық негіздеме ретінде бағалау проблемасы тәжірибелі педагогтардың елеулі санына назар аудартады, бұл жаңашыл ғылыми жетістіктерге сүйене отырып, білім беру сапасын басқарудың негізгі міндеттерін шешу өзектілігі мен қажеттілігін айғақтайды.

Жоғары оқу орындарындағы әралуан бейіндегі білім беру сапасын іштей бағалау жүйелерін жан-жақты жасау ғылыми зерттеулердің ілгерілемелі бағыттарының бірі болып табылады. Бұл жүйе студенттерді даярлау сапасының субъективті өлшенетін көрсеткіштерінің, сондай-ақ бакалаврлар мен магистранттарды даярлау тиімділігін бағалаудың сандық және сапалық параметрлерінің жиынтығынан тұруы тиіс.

Негізгі бөлім

Бағалау жиі жағдайларда ғылыми білімнің әралуан салаларында арнайы зерттеулер нысаны ретінде көрінеді. Әдебиеттерді библиографиялық шолу педагогикадағы, психологиядағы, гносеологиядағы, этикадағы, эстетикадағы, логика мен аксиологиядағы бағалау проблематикасына

айрықша назар аударудың қажеттігін көрсетеді. «Бағалау» категориясы оларда «таным», «құндылық» сияқты іргелі ұғымдарға сай келеді. [1].

Білім беру жүйесі дәстүрлі түрде барлық уақытта келесі негізгі бағыттардағы бағалаумен және бағалау қызметімен тікелей байланысты болып келеді:

- *педагогикада* – білімгерлердің білімін бағалау мен ынталандыру талқыланады (Ю.К. Бабанский, Ш.А.Амонашвили, және т.б.), педагогтың кәсіби құзыреттіліктерін бағалау (Г.Б. Скок, Н.В. Кузьмина, Н.В. Бордовская және т.б.);

- *педагогикалық психологияда* бағалау педагог пен оқушылардың барынша терең өзара әрекеттестігін қамтамасыз ету үшін оқушыларды ынталандыру мен оларға бағыт берудің негізгі факторы ретінде қарастырылады (А.В. Захаров, Б.Г. Ананьев, және т.б.);

- *жас ерекшелігі психологиясында* өзін-өзі бағалаудың онто және филогенезі қарастырылады (Е.И. Савонько, А.И. Липкина және т.б.);

- *әлеуметтік психологияда* бағалау әлеуметтік реттестіру құралы ретінде қарастырылады (А.М. Яковлев, А.А. Кроник, В.П. Трусов және т.б.);

- *квалиметрияда* бағалау іс-әрекет нәтижелері мен үдерістерін бағалау және шама сипаттамалары мәнінде қарастырылады (С.М. Козловский, Б.Н. Марков және т.б.);

- *формальды аксиологияда* қорытындылар мен тұжырымдар мәніндегі бағалау логикасы талданады.

Қазіргі уақытта білім беру сапасын бағалау проблемаларын талдау үшін маңызды мәлімет көзі болып табылатын орасан көп теоретикалық және эмпирикалық материал жинақталған.

Білім беру саласында бағалау мәселесіндегі негізгі методологиялық тәсілдер құндылық ұғымына негізделеді [2]. «Құндылық» ұғымы нақты ғылыми пәндер шеңберінде барынша тар аспектіге ие:

- *педагогикада* – білім беру ролін, қоғамдық және тұлғалық даму үшін әлеуметтік-мәдени тәжірибе сабақтастығы үдерістерін талдап қорыту;

- *аксиологияда* бұл объективті шынайылық пен оған адамның қатынасын зерттеу саласы;

- *социологияда* – қоғам құндылықтарын тұлғаға қатысты нормативті функцияларды орындайтын қоғамдық сана мен мәдениет элементтері мәнмәтінінде қарастыру;

- *әлеуметтік психологияда* – жеке тұлғаны әлеуметтендіруді қарастыру.

Бағалау этимологиялық ұғынуда терминнің өзіне сәйкес келеді: құндылықтар өлшенетін құбылыс. Білім беру тәжірибесінде бұл ұғым қатаң шеңберлерде анықталады: құндылықтар іс-әрекетті бағалау құралы ретінде ғана емес, білім беру үдерісіндегі оның мазмұны ретінде де көрінеді.

Талдап қорытылған түрінде құндылықтар білім беру қызметінде екіжақты рөл ойнайтындығын байқауға болады.

Біріншіден, құндылықтар білім беру қызметі субъектілерін әлеуметтік ортаға интеграциялайды. Адамның әлеуметтік жағынан қабылданатын іс-әрекеті әлеуметтік-мәдени стандарттарға, нормаларға қатынастыру арқылы мүмкін болып табылады.

Екіншіден, құндылықтар селективті, бағыттаушы сипатқа ие. Адамда қалыптастырылған құндылықтар жүйесі оны таудау бағдарларын, іс-әрекеттің басым сипатты саналатын нұсқаларын көрсетеді, қоршаған әлемге қатынасын, іс-әрекетін, басқа адамдарға, өз-өзіне қатынасын анықтайды.

Білім беру үдерісінде құндылықтарды меңгеру мен сіңіру үрдістері орын алады, олар білім беру қызметі субъектілерімен әрекеттеседі, мұнда құндылық дегенімізде таңдау және басым санау қағидалары, критерийлері ұғынылады, осының негізінде қарым-қатынастар мен іс-әрекеттердің мүмкін нұсқаларынан қоғам мен жеке тұлғаның өзі дұрыс деп санайтындары таңдап алынады.

Құндылықтар қоғам деңгейінде детерминирленген, нормаларды, дәстүрлерді, идеалдарды қамтиды: білім беру үдерісі белгілі бір социумда, белгілі бір мәдениетте белгілі бір мәнге ие стандарттарға бағытталады, оларды меңгеру жолымен осы мәдениет, қоғам немесе социум өз мүшелерінің қалаулы іс-әрекетін қамтамасыз етеді. Бұл білім беру сапасына қойылатын талаптардың *мемлекеттік-қоғамдық деңгейі*.

Құндылықтар жеке тұлға деңгейінде әралуан нұсқалы болып келеді, білім беру мұқтаждықтарының әралуан түрдегі кең спектрін қамтиды, және осы мағынасында жеке тұлғаға бейімдендірілген құндылықтар мен білім беру сапасы *халықтың әралуан топтарының мұқтаждықтары мен жеке тұлға мұқтаждықтарын* қанағаттандыру жүйелері мүмкіндіктерімен анықталады.

Осы мәнінде, білім беру сапасын бағалау субъектінің сапалы білім беру дегенде нені ұғынатындығын, білім ол үшін не болып табылатындығын, білім ненің арқасында құндылық ретінде көрінетіндігін сезінуі ретінде көрінеді. Демек, құндылық пен бағалау – ажырамас байланыстағы ұғымдар болып табылады. Бағалау барлық уақытта құндылықты зат жөніндегі ақпараттардан тұрады,

яғни субъект үшін ол құндылық деп танитын нәрсенің абсолютті және салыстырмалы мәнділігін сипаттайды.

Бағалау қажеттілігі, В.Брожек пікірі бойынша алғашқы кезекте, бір заттың екінші затпен салыстырғандағы басым сипатта болуы жөніндегі мәселелерді шешуге адамды мәжбүрлейтін қоғамдық тәжірибе мұқтаждықтарымен анықталады [3]. Нақ осы сапаны бағалауда білім берудің құндылықты нысандылығы өзекті мұқтаждық нысаны бола отырып, өзінің өзекті мәнін табады. Сондықтан, білім беру сапасын бағалау білім беру қызметі субъектісінің өзіндік санасының алмастырылмайтын түрі ретінде қызмет етеді. Білім беру қызметі субъектісі кім болып табылатындығын, тәжірибе элементтері мен қатынасын сезіне отырып, субъект осы тәжірибеде өзінің кім болып табылатындығын сезінеді.

Білім беру ортасы, білім беру үдерістері мен нәтижелері сипаттамалары бағалау субъектісіне білім беру сапасын басқарудағы тәжірибелік мәселелерді шешуде, білім беру қызметін жетілдіруде, оны іске асырудың қажетті және жеткілікті жағдайларын анықтауда қажет болады, өйткені білім беру сапасын жоғарылату құралдары мен әдістерін таңдау осыған тәуелді болады.

Білім беру сапасын бағалау ерекшелігі бағаланушы мен бағалаушы субъект қызығушылығынан, мүддесінен бос емес екендігінен, ол білім беру қызметі нәтижелерімен және үдерістерімен тікелей байланысты болатындығынан тұрады. Бағалау – бұл талқылау, оның негізінде белгілі бір эталонды немесе норманы таңдау үрдісі жатады. Норма субъект білім беру сапасын бағалай отырып, жетекшілікке алатын қызығушылықтармен немесе көзқарастармен анықталады. Егер де норма ақиқат нәрсені белгілесе, білім беру қызметі үдерістері, жағдайлары мен нәтижелері сапасының түпнұсқалы сипаттамаларын айқындаса, қоғам мүддесіне, бағалаушы және бағаланушы субъект мүддесіне сай болады, өлшенетін көрсеткіштерге негізделсе, онда мұндай бағалау шынайы болады.

Осылайша, стандарт – бұл бағалау үдерісінде критерий, яғни объективті құндылықты нысандылық эквиваленті болып табылатын белгілі норма. Сонымен қатар, норма құндылықтарды жасауға алып келетін іс-әрекеттерді реттестіреді. Демек, барлық стандартқа, нормаға эталондық сияқты, реттестіруші функция тән болып келеді.

Реттестіруші функция ынталандырушы және лимиттеуші болуы мүмкін. Ынталандыру да, регламенттеу де саналы және бағдарлы, сондай-ақ егер де субъект терең ұғынусыз және негіздеусіз белгілі бір норманы қабылдаған жағдайда ерікті болуы да мүмкін.

Бағалаудың төрт компоненті арасында айырмашылық жүргізіледі: бағалау субъектісі, бағалау нысаны, бағалау сипаты мен бағалау логикасымен сәйкестіктегі бағалау негіздемесі.

Бағалау субъектісі дегенде құндылықтарды білім беру жағдайларына, үдерісіне және нәтижелеріне бағалауды жеткізу жолымен телитін басқару органы, нақты тұлға (тұлғалар тобы) ұғынылады. Бағалау барлық уақытта субъективті бағалау болып табылады. Құндылықтарды талдау адамнан құндылықты қатынастардың соңғы субъектісі ретінде бастау алатындықтан, білім беру сапасы бағалау объектісі ретінде білім беру жүйесі қабілеттілігі арқылы беріліп, нақты адамның, белгілі бір топтың (ішкі және сыртқы білім беру тұтынушылары) басқару нысаны ретіндегі шынайы немесе шамаланған мұқтаждықтарын қанағаттандыруы тиіс.

Құндылықты қатынас нысаны – бұл білім беру қызметі субъектісі өзара әрекеттесетін, ол үшін құндылық боп саналатын нысан. Құндылық тасымалдаушысы ретінде субъектімен өзараәрекеттестікке тартылған кез-келген педагогикалық құбылыс көрінуі мүмкін. Мұнда А.А.Ивин *бағалау объектілерін* бағалау нысандары ретінде анықтайды. [4]. Бағалау нысандары құндылықтар телінетін не болмаса құндылықтар салыстырылатын нысандар ретінде ұғынылады, яғни бағалау нысандары бағаланушы нысан ретінде көрінеді. Әрбір бағалау анықталуы күрделі белгілі нысанға ие. [5]. Білім беру саласындағы бағалау нысаны білім беру үдерісінің өзі, оны жүзеге асыру жағдайлары, оның барысында алынған нәтижелер, білім беруші мен білім алушының тұлғалық өзгерістері болып табылады.

Барлық бағалаулар екі топқа бөлістіріледі:

1. Біріншісі – абсолютті бағалаулар - «жақсы», «жаман».
2. Екіншісі – салыстырмалы бағалар - «үздік», «нашар».

Абсолютті бағалау сипаты ол өзінің пәнін «жақсы», «жаман» немесе «бейтарап» ретінде біліктендіретіндігімен анықталады.

Салыстырмалы бағалау сипаты бір заттың екінші бір заттан құндылық жағынан басымдығы анықталған-анықталмағандығына тәуелді болады немесе салыстырылатын заттарды тепе-тең заттар ретінде сипаттайды.

Бағалаудың төртінші компоненті оның *негіздемесі* – бағалаудың неге сүйеніп жүргізілетіндігі болып табылады. Бағалау негіздемелерін топтастырудың әралуан жүйелері өз кезегінде бірнеше типтерге бөлістіріледі [6].

Ішкі бағалаулар, білім беру қызметінің жағдайларына, үдерістері мен нәтижелеріне қанағаттану дәрежесін бағалау симпатия, антипатия, бейімділік, немқұрайдылық сезімдерін бейнелейді.

Бағалау негіздемесі үлгі, эталон, стандарт болуы мүмкін. Стандартталған, нормативті бағалау «Жақсы оқытушы», «жақсы студент» ретінде, яғни «студент, оқытушы қандай болуы тиіс болса, сондай студент, оқытушы» дегенді білдіретін анықтамалармен жеткізіледі.

Бағалау негіздемесі ретінде бірқатар басқаша бағалау орын алуы мүмкін, Критериалды бағалауға сыртқы немесе утилитарлы бағалау жатқызылады. Олардың негізгі сипаттамасы оларға оң, кері немесе нөлдік құндылықтарды белгілі құндылықтарға ие бірқатар мақсаттарға қол жеткізу құралы ретінде телу жатқызылады.

Бағалау функциялары бағалау нысанын қызмет нысаны (жақсарту) ретінде анықтайды, яғни бағалау басқару нысаны болып табылатын жағдайда бағалау нысанының өзгеруі бойынша қызметті өзектілендірудің қажетті шарты болып табылады.

Ғылымда бағалау негіздемесін, сондай-ақ оны ұйымдастыру қағидаларын «субъект бір класқа жатқызатын және «бейкүнә шкалалау» үдерісінде белгілі бір қасиеттің айқындығы дәрежесіндегі басымдық қағидасы бойынша айқын реттестірілмеген заттармен және құбылыстармен өзара әрекеттесуінің жеке тәжірибесі мен әлеуметтену үдерісінде «жинақталған» заттар мен құбылыстардың қандай да бір қасиетінің айқындық дәрежесі жөніндегі ұғым-түсініктердің жиынтығы» ретіндегі ұғым қалыптасқан [7]. Мұндай ұғым-түсініктер жиынтығы қалыпты, жиынтық, орта, тиісті зат немесе құбылыс жөніндегі біртұтас ұғым-түсініктерге біріктірілуі мүмкін. Барынша қарапайым жағдайларда бағалау негіздемесі – бұл жеке тұлға немесе әлеуметтік тәжірибе негізінде осылай деп танылған жалғыз ғана, дегенмен шынайы эталондық нысан жөніндегі ұғым деп саналады.

Білім берудегі бағалау проблемасын талдаудағы маңызды кезең қандай салыстыру бағалаушы сипатта болып табылатындығын және осы салыстыруды ненің дәл танылатындығын ұғыну болып табылады, сондықтан салыстырудың барлығы да өзінің бағалау нәтижелеріне бола бермейді.

«Салыстыру – ықтимал қатынастарды айқындау мақсатында «бірнәрсені» екіншісімен салыстыру» анықтамасына сай, [8] салыстыру арқылы танылатын қатынастар әралуандығы арасынан бағалауға ең жақыны тепе-теңдік немесе салыстырылатын нысандардағы қандай да бір барабар қасиеттердің айқындығы дәрежесі арасындағы айырмашылық белгісі бойынша анықталатын басымдық қатынасы дәлелденген. Олардың бағалауға жақындығы бейнелеу формаларының ұқсастығынан-ақ байқалады. Философияда басымдық қатынасы «сын есімдер мен үстеулердің салыстырмалылық дәрежесінен айқындалады» [9], яғни «көбірек», «ертерек», сөздерінен аңғаруға болады.

Басымдық қатынасы мен бағалаудың әдеттегі сипаты арасындағы айырмашылық бағалау кезінде салыстыру жалғыз-жарым нысандар арасында ғана емес, бағалау нысаны мен бағалау негіздемесі, әдеттегі, шамаланған нысан жөніндегі жинақталған және талдап қорытылған ұғым-түсініктер арасында жүргізіледі. Осындай бағалау негіздемесін қалыптастыру жалғыз-жарым нысандар арасындағы басымдық қатынастарын бейнелеу есебінен жүргізілетіні анық.

Бағалауды қызметті сырттай реттестіру кезіндегі өлшеу тәсілі ретінде пайдалану қажеттілігі көптеген жағдайларда білім беру қызметінің нәтижелерін басқа тәсілмен өлшеудің қиынға соғатындығымен түсіндіріледі. Дегенмен, білім беру қызметінің нәтижелерінің қалыптануының қиындығын сезіне отырып, білім беру сапасы проблемаларын зерттеушілердің көпшілігі білім беру қызметі жағдайлары мен үдерістерін бағалау кезінде сапа көрсеткіштері мен қалыптандырылған іс-шараларға жүтінуді орында және тіпті қажетті деп жорамалдайды, сондықтан білім беру сапасын басқару тәжірибесінде (дәйектерге негізделген басқару) бағалаудың сандық әдістері барынша жиі пайдаланылады. Сонымен қатар, білім беруді басқару саласындағы гуманитарлық технологияның қосалқы салаларымен тікелей байланысты болып келетін толығымен айқын проблемаларға да алып келеді. Бұл проблемалар, бәрінен бұрын, бірқатар авторлардың пікірі бойынша, бағалау нысандылығы білім беру сапасын бағалау білім беру қызметі субъектісінің сезіміне, ой-ниетіне, күш-жігері мен қарым-қатынастарына қатыссыз түрде іске асырылуы тиістігін талап ететіндігімен байланысты. Дегенмен бағалау мәні бәрінен бұрын, адамдарды мадақтаудан тұратындығы белгілі. Білім беру сапасын бағалаудың метрологиялық концепциясынан айырмашылығында, гуманитарлық тәсіл тұрғысынан бағалаудың негізгі функциясы нақ осы тәрбиелеуші, ынталандырушы, мотивациялық функциялар болып табылады, ал оны жүзеге асырудың басты шарты – гуманитарлық және гуманистік бағалау сипаты, оның әділдігі болып табылады.

Білім беру сапасын бағалаудың негізгі функцияларына келесілерді жатқызуға болады:

Бағдарлаушы функция білім беру қызметі субъектілері қол жеткізген белгілі бір нәтижелер мен жетістіктер деңгейінің индикаторы ретінде көрінеді.

Ынталандырушы функция субъектінің білім беру үдерісі мен оның нәтижелерін қабылдауындағы, оның өзін-өзі бағалауындағы, сайысу деңгейіндегі, оның ынталану аясындағы, іс-әрекетіндегі, қызмет ету тәсілдеріндегі және білім беру үдерісінің барлық қатысушылары арасындағы қарым-қатынастар жүйесіндегі елеулі ілгерілеушіліктерді туындататын тұлғаның эмоционалды-еріктік саласындағы қозғаушы ықпалымен байланысты болып келеді. Осы ілгерілеушілік ықпалынан тұлға құрылымындағы және білім беру субъектілері қызметіндегі сапалық құрылымдар орын алады.

Гностикалық (танымдық) функция бір жағынан, математикалық әдістер мен үлгілердің ауқымды және жеткілікті дамыған арсеналының болуы және екінші жағынан педагогикалық құбылыстар мен үдерістердің білім беру нәтижелерімен байланысының жеткіліксіз қатаң, әлсіз құрылымдағы мазмұндық сипаты арасындағы қарама-қайшылықтың болуымен байланысты. Сондықтан білім беру сапасын бағалаудың шешуші проблемаларының бірі білім беру жүйелерінің қызмет етуі мен оны дамыту заңдылықтары, қағидалары, сипаты жөніндегі жаңа білімдерді алу проблемасы болып табылады. Осыған байланысты білім беру қызметі жағдайлары, үдерістері мен нәтижелері сапасы, бағалау нысаны болып табылатын олардың өзгеру динамикасы жөніндегі эмпирикалық мәліметтерді жинау мен жинақтау педагогикалық құбылыстар мәніне тереңдей енгізе, білім беру үдерісі тиімділігі факторларын анықтайтын факторларды айқындауға, білім беру нәтижелерінің ықпал ету факторларының өзара байланысын анықтауға мүмкіндік береді. Бағалаудың гностикалық функциясы білім беру үдерісін ұйымдастыру мен жүзеге асыру тәжірибесін сипаттайтын бағалау әрекетінің талқыланған, жүйелендірілген және талдап қорытылған нәтижелері жетекшілер мен педагогтардың зерттеу нысаны болып табылатындығымен мәнді болып саналады. Бұл білімдер оларға жеке өздерінің қызметтерін талдау, оң сипатты тәжірибелерді меңгеру, өз жұмысындағы сәттіліктер мен кемшіліктердің себебін көре білу мен ұғынуға барынша негіздемелі түрде қарауға мүмкіндік береді.

Нормативті функция білім беру жүйесінің шынайы жай-күйін тұрақты бейнелеу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Осы функцияны жүзеге асыру бағалау нәтижелерін бірқатар нормативті белгіленген эталондармен салыстырудан тұрады. Нормативті функция тұрғысынан білім беру сапасын бағалау білім беру жағдайларының, үдерістері мен нәтижелерінің нормативті айқындалған талаптарға сәйкестігі шарасы ретінде қарастырылады.

Ұйымдастырушы функция білім беру үдерісінің басқарылушылығын қамтамасыз етеді. Тұрақты түрде жүзеге асырылып отыратын бағалау білім беру үдерісін ұйымдастыруды жақсартуға мүмкіндік береді, оның барлық қатысушыларын жоспарлы, ырғақты, өздерінің күш-жігерлері мен уақыттарын тиімді сипатта бөлістіре отырып, жұмыс жасауға мәжбүрлейді.

Интегративті функция бақылаудың негізгі қағидаларының бірі – оның толықтығы мен жан-жақты қамтитын сипаты қағидасын іске асыру қажеттілігінен туындайды. Бұл функция бағалау қызметінің барлық түрлері мен формаларын ұйымдастыру бір ғана мақсатқа – білім беру сапасын жақсартуға бағынуы тиістілігінен көрінеді. Оның үстіне, білім беру сапасын кешенді бағалау және негіздемеленген басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін бақылаудың жекелеген түрлерінің барлық нәтижелері мен әралуан каналдардан алынған барлық ақпараттар жүйелік тәсіл тұрғысынан талдануы және талқылануы қажет, сонымен қатар білім беру сапасына елеулі ықпал көрсететін факторлардың тұтастай жиынтығы мен бағалау нысандары арасындағы жүйе түзетін байланыстарды айқындауды да қамтамасыз етуі тиіс.

Қорытынды

Осылайша, мотивация және ынталандыру – бұл білім беру сапасын бағалаудың негізгі функцияларының бірі. Қоғамдық табиғатының әсерінен адамдар өздерінің жетістіктері мен тұлғаларын мойындағанын қалап тұрады. Мойындау, тану ішкі тепе-теңдікті сақтау үшін қажет болады, өзіне-өзі сенімділігін күшейтеді, жетілуге, өзін-өзі жетілдіруге, жаңа, барынша күрделі міндеттерді қоя білу мен шешуге деген ұмтылысына қолдау көрсетеді, Мойындаудың тәжірибедегі нәтижесі бағалаудың ынталандыру, белсенділікке ұмтылдыру көзі болып табылатындығынан тұрады.

Білім беру сапасын бағалау кезінде қол жеткізілген нәтижелер ғана емес, оларға қол жеткізу тәсілдері де, үдерістерді жетілдіру шаралары да маңызды. Бұл ереже гуманитарлық технология мен сапа менеджментінің негізгі қағидаларына сай келеді. Басқару теориясының базалық негіздемелеріне сайадам тек еңбегі үшін ғана емес, осы еңбектің қаншалықты қиындығына, адамның еңбекке деген қатынасына қарай бағалануы тиіс. Тек осындай жағдайда ғана тұлғаның тұрақты түрде жақсарып отыруы мен өзін-өзі жетілдіріп отыруы үшін жағдайлар жасалады. Кері жағдайларда бағалау өзінің

ынталандырушы мәнін жоғалтады, өйткені біршама уақыттан соң біреулер үшін тұрақты түрде жақсы, ал енді біреулер үшін тұрақты түрде жаман болып көрінеді. Адамдар белгілі бір қатынаста ғана: жақсы жұмыс жасау ұмтылысын көрсетуге қатысты тепе-тең болып табылады және нақ осы қалаулары мадақталуы тиіс.

Білім беру сапасын бағалаудың көрсетілген функцияларын жүзеге асыру мүмкіндіктерін қамтамасыз ету жоғары оқу орындары тәжірибесінде бағалау үлгілерін, мазмұнын, әдістерін, құрастыруға, бағаалу қызметін жүзеге асырудың ұйымдастырушылық түрлері мен құралдарына қойылатын негізгі талаптарды айқындайды.

Әдебиеттер

1. Брожик В. *Марксистская теория оценки*. М., 1982. – 261 с.
2. Батурин Н.А. *Проблема оценивания и оценки в общей психологии // Вопросы психологии*. – 1988. – №8. – С. 81–89.
3. Бордовский Г.А., Нестеров А.А., Трапцын С.Ю. *Управление качеством образовательного процесса*. СПб.: Издательство РГПУ им. А.И.Герцена, 2001. –С. 24-28
4. Ивин А.А. *Основания логики оценок*. М., 1970. – 230 с.
5. Мотова Г.Н, Наводнов В.Г *Модели оценивания деятельности образовательных организаций. Йошкар-Ола: научно-информационный центр государственной аккредитации*. 1997. - 48с.
6. Коротков Э.М.. *Управление качеством образования: учебное пособие для вузов*. М., Академический Проект, 2007. - 320 с.
7. *Новое в оценке образовательных результатов. Международный аспект*. М., Просвещение, 2007. - 367с.
8. Туулик М.А. *Оценивание как социально-воспитательное явление: Дис. ... д-ра пед. наук*. Таллин, 1991. – С.51-56.
9. Кондаков Н.И. *Логический словарь*. М., 1971. – 683 с.

Карпыкбаева Акмарал Сатыбалдиевна
К.п.н., и.о.доцента, akma2001@mail.ru

Бесимбаев Бакытжан Нурмаханович
Старший преподаватель, МКТУ им. Х.А.Ясави, г. Туркестан, tyhab@mail.ru

ВОСПИТАНИЕ ПОЛИТИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ МОЛОДЕЖИ В ВУЗЕ

***Резюме.** В статье говорится о том, что формирование мировоззрения студенческой молодежи сосредоточивается на формировании политической культуры как социально значимого усвоения теории и сознательного участия не только в выработке политики, но и активного осуществления ее в жизни..*

***Ключевые слова:** политическая культура, молодежь, гражданская активность, убеждение, идеология, воспитание, сознательность.*

***Түйін.** Бұл мақалада студенттік жастардың дүниетанымын қалыптастыру олардың саяси мәдениетті элеуметтік ұғым ретінде менгеру және саясатты әзірлеуге саналы түрде қатысу ғана емес, сонымен қатар оны өмірде белсенді түрде жүзеге асыру туралы айтылады.*

***Кілт сөздер:** саяси мәдениет, жастар, азаматтық белсенділік, сенім, идеология, тәрбие, саналылық.*

***Summary.** The article says that the formation of the world outlook of student youth focuses on the formation of political culture as a socially significant mastering of the theory and conscious participation not only in the development of politics but also in the active implementation of it in life.*

***Key words:** political culture, youth, civic engagement, persuasion, ideology, education, conscientiousness*

Роль идеологической и мировоззренческой работы, воспитание политической культуры молодежи возрастает под влиянием масштабности и глубины экономических и социальных преобразований в условиях реформирования и дальнейшего процесса демократизации нашего общества. Это объективно обусловлено тем, что возрастает взаимосвязь развития экономики, социально-политического и духовного развития современного общества.

Именно в политической культуре личности отражаются общественные интересы. В поведении молодого человека аккумулируется, в первую очередь его общественная активность. Политическая культура - не самоцель, а средство формирования и раскрытия потенциала молодежи.

Политическая культура молодежи одновременно относится и к системе политических отношений, и к системе культуры. Как составляющая политической системы общества, она отображает уровень политической зрелости и активности молодежи политических отношений. Как часть культуры общества, политическая культура есть накопленный потенциал, опыт того или иного социума, который раскрывает процесс формирования и материализации сущностных сил человека в процессе его политической деятельности [1, 36].

Широкое изучение комплексных проблем жизни и деятельности человека, учет его интересов, целей, идеалов и ценностей – необходимое условие при выработке рекомендаций в политическом руководстве в целом и в идеологической работе в частности.

Работа по формированию мировоззрения молодежи, его политической культуры имеет творческий характер. Она не знает универсальных средств на все случаи жизни и поэтому всегда требует постоянного поиска, умения поспевать за жизнью. Сегодня особенно актуальным для нашего общества является формирование глубокого понимания целей и задач дальнейшего развития нашего государства, умения выработать научное мировоззрение, принципиальность, высокую культуру, ответственное отношение к делу. Мировоззрение должно базироваться на объективных законах развития общества. Один из наблюдаем в действии: чем шире размах и значительнее глубина социальных преобразований, тем настоятельнее становится необходимость привлечения к активному участию самых широких масс граждан.

Важная роль в повышении эффективности процесса формирования мировоззрения и политической культуры молодежи отводится теоретическим исследованиям политической жизни. Наука должна концентрировать свои усилия на разработке научно-обоснованных рекомендаций по эффективному и всестороннему совершенствованию всей системы политических отношений. Глубокого теоретического осмысления требуют процессы духовной жизни общества, и особенно те, которые касаются проблем формирования социально активной личности, обладающей инициативой, знаниями, убеждениями. Здесь важно сформировать и раскрыть естественные способности и потенциал молодого поколения, формировать общественно значимые качества личности, мобилизовать их на решение практических задач, учить творческой жизни, умению ориентироваться и быстро адаптироваться к изменяющимся окружающим условиям. Содержание работы по

воспитанию политической культуры молодежи всегда должно быть конкретным в решении поставленных перед нею задач. В политической сфере, политические знания соединяясь с формированием соответствующего мировоззрения ведут к формированию политической культуры.

Формирование мировоззрения во все большей мере сосредоточивается на формировании политической культуры как социально значимого усвоения теории и сознательного участия не только в выработке политики, но и активного осуществления ее в жизни. Именно единство политических знаний, политической убежденности, гражданской и политической активности образует феномен политической культуры.

Политическая зрелость и четкая политическая ориентация жизненно важны для каждого молодого человека. Политическое сознание, в основе которого лежит глубокое понимание законов и перспектив общественного развития, дает надежный ключ не только к познанию всех проблем современного мира – экономических, социально-политических, идеологических, но и использованию этих знаний в практической деятельности. Нашей молодежи всегда был присущ достаточно высокий уровень сознательности. В то же время, молодые люди, зачастую, оказываются неспособными отстаивать свои взгляды, убеждения, проявляют неуверенность, а бывает, просто пасуют в спорах.

Молодежи свойственна «восприимчивость к опыту старших, доверчивость и критическое отношение к старому, устоявшемуся, стремление к новому, к поиску, желание переделать мир и нехватка жизненного опыта, поверхностность восприятия, склонность к разочарованию, преувеличенная оценка собственного мнения, максимализм и недостаток практических навыков, возбудимость, эмоциональность, заражаемость и порой будничное отношение к необычному, восприятие нового как само собой разумеющегося» [2,105].

Все эти особенности объективно должны приниматься во внимание при исследовании процесса формирования мировоззрения, политической культуры студентов. Особенностью молодежного возраста является то, что и в возрастном, и в социально-профессиональном плане это «период наиболее активного развития нравственных и эстетических чувств, становления и стабилизации характера, и, что особенно важно, овладения полным комплексом социальных функций взрослого человека, включая гражданские, общественно-политические, профессионально-трудовые» [там же].

Следует иметь в виду, что эти особенности молодежи связанные с отсутствием социального опыта, оказывают значительное влияние на восприятие ею факторов социальной среды, осмысление встречающихся трудностей и противоречий, формирование ее социальных качеств и зрелости. Это обусловлено и тем, что у подавляющей части современной молодежи нет достаточно устойчивого научного мировоззрения, сомнительные идеалы, противоречивое отношение к труду. Остро переживая противоречия общественной жизни, некоторая часть молодежи склоняется к пессимизму, скептицизму, уходит от общественно значимых дел в мир сугубо индивидуальных интересов. Другая часть молодежи нередко проявляет себя в антиобщественных делах и поступках.

Невнимание к особенностям развития духовного мира молодежи в современных условиях, а также применение неэффективных методов воспитания, как правило, ведет к раздвоению мировоззренческих позиций и расхождению между миром ее чувств и знаний, между знаниями и практической деятельностью. В конечном итоге это неизбежно ведет к деформации социальных качеств личности. Различными запретами, которые еще в ходу у многих воспитателей подрастающего поколения, практически нельзя добиться ничего, кроме перехода здоровой критичности в критиканство, твердых убеждений в двойственность жизненной позиции. То же самое можно сказать о назидательности в воспитательной работе, абстрактном просветительстве, оторванном от активного участия в творческом труде. Такие методы способствуют возникновению противоречий между ростом образованности молодежи, ее информированности и проявлением бездуховности, равнодушия к общественным делам, воспитания потребительских настроений.

Для формирования мировоззрения молодежи, важное значение имеет осознание ею смысла и значимости проводимого правительством курса реформ, перспектив дальнейшего развития республики, определения своего места в его реализации. Главная задача воспитательной работы в этих условиях состоит в том, чтобы превратить молодежь из пассивного объекта в активного субъекта самовоспитания.

В этом процессе важное значение приобретает индивидуализация воспитания. Эта работа помогла бы выявить способности каждого молодого человека и направить его усилия на их развитие в социально значимом русле. Молодежь с ее бескомпромиссностью, отсутствием или недостаточностью социального опыта, склонностью к категорическим выводам особенно остро

реагирует на расхождение между пропагандой и практикой ее реализации. Нужно обращать внимание на то, что отрыв слова от дела обесценивает политическое воспитание личности. У каждого человека в процессе формирования мировоззрения должна быть твердая вера в идеалы и духовные ценности.

Особое значение имеет внедрение в воспитательный процесс и во все виды деятельности студентов форм самостоятельной работы. Самостоятельность и самоуправление, применяемые в каждой возрастной группе, должны соответствовать специфике будущей профессии, сочетаться с самостоятельной деятельностью в трудовой, общественно- политической сферах с ответственностью за разумные результаты этой деятельности.

Эффективность проведения в жизнь мировоззренческой политики воспитания молодежи в конечном итоге зависит от специально подготовленных кадров, которые смогут осуществлять воспитательную работу со школьниками наиболее эффективно, целесообразно и успешно. Такие специалисты должны не только периодически повышать свой теоретический уровень, владеть методикой воспитательной работы, но должны ко всему, свободно ориентироваться в различных молодежных аудиториях, знать их взгляды, представления, направления моды, предпочтения и так далее.

Воспитательная работа в университете не может быть полноценной без общественно – политических молодежных организаций и структур. Только через общественно – политическую деятельность формируется саморазвивающаяся личность. Воспитание гражданина и личности невозможно без общественно – политической, научной деятельности будущего специалиста. Умение организовать, экспериментировать и обобщать, работать с литературой - составные части подготовки специалистов с высшим образованием.

Если мы хотим готовить политически активных граждан, мы должны всячески поддерживать, создавать, организовывать студенческое самоуправление. Стране нужен специалист с активной жизненной позицией, умеющий организовывать, контактный, ориентирующийся в экономической, политической ситуации. Это уже часть гармонического развития личности, ибо наш идеал таков: активная жизненная позиция, духовное богатство, моральная чистота, культура, физическое совершенство. Не следует думать что все это образуется само собой. Объективные законы общественного развития не могут быть реализованы вне человеческой деятельности. Практика последних лет показывает, что при ослаблении идеологической работы морально – нравственные качества подменяются потребительскими, люди много лет обучаются научному мышлению, а потом вдруг бросаются в астрологию, магию, хватаются за совершенно нелепые представления и понятия. И эти чудовищные представления увлекают людей, потому что в их душах образовалась пустота. Свою специальность они знают, а вот общекультурный их уровень низок, нет широты мировоззрения. Условно можно сказать: если университет сможет приобщить своих воспитанников к культуре, воспитать широту мировоззрения и активную жизненную позицию - тогда появятся учителя для школ, инженеры для производства, врачи и другие специалисты [3,200]. Таким образом, воспитательная работа – это живой процесс, чутко реагирующий на малейшие изменения в общественной жизни, это духовный мир человека, его политический, морально-этический и нравственный облик.

Список литературы:

1. Рыбаков А.В. *Политическая культура современного общества: состояние и перспективы ее демократизации* // Поиск. 2012. № 1. С. 31-38
2. Молодежь. Цифры. Факты. Мнения. // СПб, 1994, № 2, 246с.
3. Мартынов Н. *Воспитание человека и гражданина* // Высшая школа Казахстана, 2001, №4-5, С.200-204.

Түйебаев М.

Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ х.ғ.к.,аға оқытушы meir.58@mail.ru

Турмамбеков Төрөбай Адрахманұлы

Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ профессоры, ф.м.ғ.д., tore_bai@mail.ru

Курбанбеков Бакытжан Алимханович

ХҚТУ докторант bakit_zhan_84@mail.ru

ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ЖӘНЕ ОНЫ ТҮЛҒА БОЙЫНА ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘСІЛДЕРІ

Резюме. В статье рассказывается об истории концепции «компетентности», которая в настоящее время внедряется в казахстанском образовании и как ее можно сформировать.

Summary. The article describes the history of the concept of "competence", which is currently being introduced in Kazakhstani education and how it can be formed

Түйін. Мақалада қазіргі кезде Қазақстандық ағарту саласына жүріп жатқан реформалар жайында айтылады. Автор бұл еңбегінде соңғы кезде көптеген педагог ғалымдардың еңбегіне арқау болған «құзыреттілік» ұғымының шығу тарихы және оны тұлға бойына қалай қалыптастыруға болатыны жайлы өз пікірін ұсынады.

Кілт сөздер: постиндустриалды, бәсекеге қабілеттілік, коммуникация, ұтқырлық, сын тұрғысынан ойлау.

XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басындағы әлемдік өзгерістер – жаһандану, экономикалық, саяси және геосаяси тұрақсыздық, сонымен қатар жаңа технологиялардың шапшаң дамуы мен ақпараттардың шамадан тыс көптігі, айналамыздағы бұрын – соңды болмаған шапшаң жылдамдықпен орын алып жатқан басқа да өзгерістер болашақты болжауды өте күрделендіріп жіберді. Бұның себебі, адамзат өз дамуының өзіне таныс емес жаңа постиндустриалды дәуіріне қадам басқандығы еді. Постиндустриалды қоғам деген ұғымды 1959 жылы Зальцбургте (Австрия) өткен халықаралық әлеуметтік семинарда Гарвард университетінің профессоры Д. Белл алғаш рет қолданған еді. Бұл постиндустриалды дәуіріде әлемдегі кез келген салада жаңа бетбұрыстар белең алу үстінде. Жаңа технологиялардың өте шапшаң дамуының нәтижесінде бұрынғы қолданыстағы көптеген мамандыққа деген қажеттілік кезегімен жоғалуда. Дамыған елдерде атқарылатын жұмыстарды автоматтандырудың нәтижесінде, бұдан біраз жыл бұрын мыңдаған адам еңбек еткен тоқыма фабрикаларының жұмысын бүгінде небары ондаған адам ғана атқаруда. Тіпті, сатушысыз дүкендер де пайда бола бастады. Интернет арқылы сатып алушылар өзге адамның араласуынсыз – ақ кезкелген тапсырыстарын бере алады. Тек қана сатушы мен тұтынушы арасы емес, өндіруші мен жеткізуші арасындағы қарым – қатынастары да автоматтандырылған жүйеге көшуде. Кейбір деректер бойынша, бірқатар елдерде салыққа қатысты процестерді толықтай автоматтандыру мақсатында салық заңнамасы қайта қарастырылуда. Егер бұл мәселе осы қарқынмен жалғаса берсе, бухгалтер, салықшы мамандықтары да жоғалуы мүмкін. Автоматтандырылған технологияларды қолданысқа енгізу тиімді саналатындықтан, бірінші кезекте бәрінен бұрын “бұқаралық мамандықтар” жойылады деп күтілуде [1]. Қоғамдағы бұндай өзгерістер қоғам мүшелерінің алдына жаңа талаптар қояды. Мысалы, сатып алушыларға қойылар талаптар да жоғарылауда, сондықтан біліктілігіңіз төмен болса, біліктілігі жоғары адамға тәуелділігіңіз артып, артық төлейсіз. Ал, интернет – дүкендерден зат сатып алу белгілі деңгейдегі білім мен дағдыны қажет етеді. Бүгінде интернет – дүкендерге арналған жаңа бағдарламалар дайындалып енгізіліп жатыр. Осы бағдарламаның көмегімен сатып алушы виртуалды кеңістікте ұсынылған элементтерден қалаған өнімін жасай алады. Артынша автомат қажетті өнімді жинауға кіріседі. Ал, дайын өнім автопилот басқаратын көлікпен сатып алушыға жеткізіледі. Осындай жетістіктер бүгінде кең тандауға ие мамандықтардың басым көбі небары 20 жылдан кейін ұшты – күйлі жоғалуы әбден мүмкін деп күтілуде. Сонда, біздің қазіргі дайындап жатқан мамандарымыздың жағдайы қандай болады? Жаңа технологиялардың өте шапшаң дамуының нәтижесінде алдағы бес жылдан кейін қандай мамандықтарға сұраныстың көп болады? Бұндай сұрақтарға нақты жауап беру өте қиын болып қалды. Мектеп пен жоғары оқу орындары тек заман сұранысына сай мамандықтарға дайындауы қажет екендігін біз білеміз. Мысалы, біздің ЖОО-мыз экономистерді, банк қызметкерлерін, жалпы қаржы қызметкерлерін топтап дайындап шығарып жатыр. Бірақ, қаржы қызметкерлеріне арналған ЖОО-дағы оқу бағдарламаларында алдымыздағы 5-10 жыл көлемінде әлемдік валютаға айналуы мүмкін “криптовалюта” туралы бірде – бір материалдар жоқ. **Бұл бірінше проблема. Екінші проблема,** әлі де пайда болмаған мамандыққа оқытатын оқу орнын алдын ала ашып, маман дайындау мүмкін емес. Қазіргі білім беру жүйесінде келешекте ашылатын мамандықтарға сай кадр дайындау қарастырылмайды. Сонымен қатар, мемлекет, әлі

қаңқасы да құрылмаған мамандықтар дайындығын қадағалай да алмайды. Міне, осыдан ЖОО - ның қабырғаларынан шығып жатқан жас мамандар мен “сұраныстың” арасындағы үлкен келіспеушілікті байқауға болады. Білім беру саласының қызмет түрлерінің қарқынды түрде өзгеріп, түрленіп жатқан заман ағымымен қатар жүзуге бейімделуін, бүгінгі уақыт қажетсінеді. Сондықтан, қазіргі педагогтардың алдында тұрған үлкенде қажетті проблема білім алушыларды заман талабына сай қажетті өзгермелі қызмет түрлерін тез меңгеретін қабілеттерге машықтандыруы керек.

Ал жоғары қабілетке қалай қол жеткізуге болады? Кеңес дәуірінен қалған білім беру жүйесі келешек мамандықтарға кадр дайындау мәселері туралы осы қойылған сұрақтарға толық жауап бере алмайды (біз бұның себебіне төменде толық тоқталамыз).

Бұл проблемаларды шешу үшін елімізде аз нәрсе жасалынып жатқан жоқ. Қазақстандағы жалпы орта білім беру жүйесі 2016 жылдан бастап 12 жылдық білім беру жүйесіне сатылап көшуді бастады және ол 2020 жылы толық аяқталады деп күтілуде. Елімізде жаңадан ашылған Назарбаев зияткерлік мектептерінде және 2012 жылдан бері Қазақстандық барлық жалпы орта білім беру мекемелерінде енгізіліп жақтан “Конструктивті тәсілдерде” «құзыреттілік», «адамның еркін дамуы», «бәсекеге қабілеттілігі», «сыни ойлау» және «рефлексия» т.б. сол сияқты ұғымдарды басты бағыт етіп жаңартылған білім беру жүйесіне көше бастады. Бұрынғы және қазір де қолданыста жүрген «білім, білік, дағды» стратегиясы постиндустриялы дәуірдегі шапшаң өзгеріп жатқан технологиялардың нарықтық сұранысының заманауи қажеттіліктері мен талаптарын қанағаттандыра алмайтыны сөзсіз. Заман талабына сай қазіргі таңда білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарды, білім беруге деген жаңа көзқарас, жаңаша қарым – қатынас пайда болды. Сыныптағы ұстаз бен шәкірттердің де алдына қойылатын талаптар мен міндеттер де өзгерді. Ұстаз – білім беруші (білім көзі) рөлінен бас тартып, оқушыны ынталандырушы, бағыт – бағдар беруші рөліне ауысуда. Мұғалімнің басты мақсаты – оқушыға білімді өздігінен меңгеру амалдары мен тәсілдерін үйретіп, оның өзіндік дүниетанымын қалыптастыру үшін оқушының бойында ішкі уәжін (мотивациясын) тудыруға жағдай жасау, кеңестер мен бағыт – бағдар беру. Ал, оқушы бұрын білімді қабылдаушы рөлін атқарса, ал жаңа талап бойынша өздігінен білім алушы, ынталанушы, үйренуші ретінде танылады. Жеке тұлғаның бейнесін бүгінгі заман талабына сай дайындау үшін ұстаз бен оқушы арасындағы қарым – қатынас, білім беруші – қабылдаушы рөлінен, ынталандырушы – ізденуші рөліне ауысуы керек.

XXI ғасыр – марғаулықты көтермейтін, талабы өте қатал бәсеке ғасыры. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы жолдауының «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» деп аталуының өзі XXI ғасыр талабының ерекше екендігін білдірсе керек. Тек білімді әрі бәсекеге қабілетті ел ғана өзінің тәуелсіздігі мен болашағын қамтамасыз ете алмақ. Сондықтан да, білім беруге біз бұрын «білім, білік, дағды» (ББД) тұрғысына қарасақ, енді оған «құзыреттілік» тұрғысынан келуді қажет етіп отыр. Сондықтан да, бүгінгі таңда **«құзыреттілік» - педагогика ғылымында негізгі базалық ұғымдардың бірі** болып отыр. «Құзыреттілік» ұғымын педагогика саласына XX ғасырдың ортасында американдық ғалым Н.Хомский енгізген болатын. Тарихқа жүгінсек, білім беру саласы Я.А.Коменскийден бастап негізінен «білім, білік, дағды» принциптерін басшылыққа алып жұмыс жасаса, кәсіби іс-әрекеттер (жалпы өнеркәсіп) саласы о бастан құзыреттілікке негізделініп (принципімен) жұмыс жасады. Осы мағанада кәсіп (мамандық) адамның қандай құзыреттерге ие болу керектігін түсіндіре алады. Себебі, кәсіби (жалпы өнеркәсіп) сала өздеріне қажетті мамандарды таңдағанда мамандардың қандай құзыреттерге (қабілеттерге) ие болу керектігін талап етіп қояды. Сонымен, кәсіби іс-әрекеттер саласы құзыреттерге, ал білім беру саласы – білім, білік, дағдыға сүйенді. Психолог Бенджамин Харди “Observer” журналының сайтында “XVIII ғасырдың аяғында орта білім жүйесі айтқанды екі етпейтін, көппіс оқушыларды тәрбиелеп шығаруды дәстүрге айналдырды және білім беру жүйесі солай ұйымдастырылды. Себебі, индустриалды ғасырдың дамуының басында ірі корпорациялар ештеңе туралы сұрақ қоя алмайтын, айтқанға көнгіш зауыт жұмысшыларын қажет етті” деп көрсетті[2]. Міне, білім беру саласының ұзақ уақыт бойы “білім, білік, дағды” принциптерін басшылыққа алуы да осыған байланысты еді. Қазіргі жаңа технологиялардың өте тез дамып жатқан постиндустриалды заманда, бұрынғыдай “сұрақ қоя алмайтын, айтқанға көнгіш, батыл шешім қабылдай алмайтын” мамандар ешкімге де қажет емес. Керісінше, өзіне сенімді, батыл шешім қабылдайтын, бәсекеге қабілетті, сыни ойлай алатын мамандар қажет. Міне бұл өндіріс салаларының білім беру саласының алдына маман дайындаудағы қоятын заманауи талаптары. Міне осының салдарынан білім беру саласының мақсаты да білім, білік, дағдыдан кәсіби іс-әрекет саласының қажеттілігін қанағаттандыратын құзыреттілік парадигмасына ауысуының қажеттілігінің себебі осы.

Еуропалық Кеңес құзыреттіліктің көптеген түрлерін енгізді. Дегенмен әр мемлекет өздерінің басты бағыт – мақсаттарына және кәсіпшілігіне қарай құзыреттіліктің белгілі түрлерін қажет етеді. Ендеше, «Құзыреттілік», «құзырет» дегеніміз не? Енді осыны анықтап көрейік. Осы уақытқа дейін «құзыреттілік» немесе «негізгі құзыреттілік» деген сөздердің мағанасын нақты анықтайтын қалыптасқан ұғым жоқ. Сонымен қатар, барлығымен келісілген ортақ құзырлылық классификациялары да жоқ[3]. Осыған қарамастан көптеген авторлар құзыреттілікті жүйелі және сапалы орындалған қандай да қызметтермен және істермен байланыстырады. Мысалы, 1952 жылы шыққан «Кратком словаре иностранных слов» (М., 1952 г.) деген сөздікте мынандай анықтама келтіріледі: «құзыретті (латынның *competens, competentis* қабілетті) – белгілі бір облысты білетін, өзінің білімімен немесе өзіне берілген қандай да бір билікпен қандай да бір проблемаларды шеше алатын, ол туралы пікір айта алуы» деп түсіндірілген. Еуропалық білім беру фондының (ЕФО, 1997) терминдерге арналған глоссариінде құзыреттілік былай анықталады:

1. Қандайда бір нәрсені жақсы және сапалы жасау қабілеттілігі;
2. Жұмысқа қабылданар кездегі қойылатын талаптарға сәйкес келуі (қанағаттандыруы);
3. Өте күрделі функцияларды орындау қабілеттілігі[3].


Сонымен, құзырлылықты – бұл қауым үшін арнайы қойылған маңызды және күрделі проблемаларды шешуде, адамның сапалы және нәтижелі іс-әрекетінің жетістігін бағалауға берілген мінездеме деп те қарастыруға болады. Ресей білім беру академиясының академигі п.ғ.д. И.А. Зимняяның еңбектерінде құзырлылықты кәсіби шеберліктің (профессионализмнің) синонимі және соның құрамдас бөлігі ретінде қарастырылатыны айтылады.

Дж.Равен өзінің 1984 жылы Лондонда шыққан «Заманауи қоғамдағы құзыреттілік» атты еңбегінде құзыреттілікке толық түсінік береді[4]. Құзыреттілік «көпшілігі бір – бірінен тәуелсіз болатын көптеген компоненттерден тұрады,... бұл компоненттердің біразы когнитивті, ал кейбіреуі эмоциянальді салаға қатысты,... сонымен қатар бұл компоненттер нәтижелі әрекеттердің құраушысы ретінде бірін – бірі алмастыра алатын құбылыс» деп көрсетеді [4]. Дж. Равен осы еңбегінде құзыреттіліктің 39 түрін көрсетеді. Біз оның барлығын емес, қысқаша түрде біразын көрсетейік. Олар:

- Өзінің қызметін бақылай білу тенденциясы;
- Өз бетімен білім алуға дайын және қабілетті болуы;
- Кері байланысты іздей және қолдана білуі;
- Өзіне сенімді болуы;
- Сыни ойлауға;
- Күрделі сұрақтарды шеше білуге дайын болу;
- Тынышсыздық әкелетін және даулы мәселелермен жұмыс жасауға дайын болу;
- Мақсатқа жету үшін жаңа идеялар мен инновацияларды қолдануға дайын болу;
- Шешім қабылдау қабілеттілігі;
- Мақсатқа жету үшін бірге жұмыс істей білу қабілеттілігі;
- Алдына қойылған мақсатқа жету үшін бөгде адамдарды тарта бірлесе жұмыс істей білу қабілеттілігі;
- Басқаларды тыңдай және олардың не айтып жатқандығын ескере білу қабілеттілігі;

Біз бұның алдындағы жаряланған [5] еңбегімізде Равеннің құзыреттілікке берген 39 түріне және басқа да ғалымдардың құзыреттілікке берген анықтамаларына сүйе отырып: “Құзыреттілік дегеніміз – ББД – ны меңгерген, сыни ойлай алатын, адамдармен жақсы тіл табыса алатын және бәсекеге қабілетті адамның қасиеті!” деген анықтама берген едік. Дегенмен, бұл мағанасы өте күрделі ұғым туралы үздіксіз ойлану мен ізденістер бізді “құзыреттілік”, “құзыр” ұғымының басқа да қырынан қарап, тереңірек түсінуге және мағанасын толықтыруға мүмкіндік берді. Біз “құзыр” туралы өз парагдимамызды келтірмес бұрын бұл сөздің дұрыс аударылмағандығында болып тұр. Орыс немесе басқа тілдерде “компетентность” – тұлғалық қасиет, қабілет. Ал, қазақ тіліндегі “құзыр” деген сөз, қызметке (должность) қатысты, яғни биліктің атқаратын функциясы. Мысалы, “бұл ректордың құзырындағы...” немесе “бұл президенттің құзырындағы...” деген сияқты. Құзыреттілік ұғымы «білім», «білік» және «дағды» (ББД) сияқты ұғымдарды қамтиды” деген бұрынғы авторлардың ойын, біз «қызығушылықтан», «білімнен», «біліктен» осы үшеуінен «дағды» қалыптасады деп өзгерткен орынды деп санаймыз. Себебі, қызығушылықтан ішкі уәж (мотивация) туындайды. Ал, ішкі уәжден (мотивациядан) бәсекеге қабілеттілік – құзыреттілік пайда болады (бұнда да “мотивация” сөзі дұрыс аударылмаған, ол сөзді “ынталандыру” деп аударған дұрыс). Құзыреттілік түсінігі көп аспектілі жан-жақты ұғымды білдіреді. Сондықтан да, жоғарыда айтылғандай бұл ұғымға біржақты анықтама берудің қиындығы да осында болса керек. Біз бұл еңбегімізде осыншалықты

күрделі ұғымды түсіну үшін оның кәсіби (өнеркәсіптер) саладан, білім саласына ену тарихы мен қажеттілігін келтірумен қатар, оны түсіну үшін және адам бойына қалыптасуын ыңғайлау үшін бір жүйеге келтірдік.



1-сурет. Құзыреттілікті сипаттайтын негізгі қабілеттер жиыны.

Қазіргі таңда білім саласындағы құзыреттіліктің алдында – өз жұмыс орнындағы және жаңа технологиялар мен өзін қоршаған ортаның үздіксіз өзгерістеріне тез бейімделе алатын іздепаз тұлғасын қалыптастыру міндеті тұр. Сонымен, бәсекеге қабілетті құзыреттілік қана жаңа әлеуметтік – экономикалық жағдайда елдің аман қалуын қамтамасыз етеді және мемлекетті бәсекеге қабілетті маманмен қамтамасыздандырады. Қорға айтқанда, бәсекеге қабілетті мемлекет құру үшін, сол мемлекеттің мүшелері бәсекеге қабілетті болуы керек. Бәсекеге қабілетті адам ғана құзыретті тұлға бола алады, ал құзыретті тұлға сөзсіз табысты әрі нәтижелі адам бола алады. Біздің түсінігіміз бойынша “бәсекеге қабілеттілік”, “құзыреттілік” және “нәтижелі, табысты” сөз тіркестері әртүрлі болғанымен, тұлғаны қалыптастыруда атқаратын мағанасы бірдей дәрежесі тең ұғымдар деп қарастырған жөн. Ал, тұлға бойына бәсекеге

1. қабілеттілікті;
2. мақсат қоя алатын;
3. тұлғалық (ұлттық сезімі, отан сүйгіштік, т.б.);
4. қызығушылығы, білімі, білігі;
5. ұтқырлығы (мобильность);
6. сыни ойлай алатын;
7. коммуникациялық қабілеттер ғана қалыптастыра алады.

Міне, осы алты қабілетті тұлға бойына сіңіргенде ғана толыққанды бәсекеге қабілетті – құзыретті – табысты – нәтижелі тұлға болып қалыптаспақ (1-сурет). Бұл қабілеттерді адам бойына қалыптастыру тәсілдері болашақта атқарылатын ізденістердің еншісінде.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Интернет изменил мир. https://mel.fm/mirovoy_opyt/3801957-c-students
2. Что касается трудоустройства https://mel.fm/mirovoy_opyt/3801957-c-students.
3. Зимняя И. А., докт. психол. наук, академик РАО, г. Москва Ключевые компетенции – новая парадигма результата современного образования.
4. Равен Джон. Компетентность в современном обществе. Выявление, развитие и реализация. – М., 2002. (англ. 1984).
5. М.Қ.Түйебаев. Құзыреттілік – заманауи білім берудің жаңа парадигмасы. «Жаңа формацияда кәсіптік білім берудің өзекті мәселелері» атты V дәстүрлі Халықаралық ғылыми-тәжірибиелік конференция. Том 1. 439-441б.

Orazbaeva Alima Sultanbekovna

Kazakh State womens teacher training University Senior teacher,
Master of pedagogical sciences Almaty, Kazakhstan e-mail: o_alima_71@mail.ru

COMMUNICATIVE SITUATIONS ARE THE KEY TO EFFECTIVE SPEAKING

Түйіндеме. Осы мақаланың басты мақсаты - біздің қоғамдағы қарым-қатынас дағдыларының рөлін анық көрсету және сыныпта сөйлеу дағдыларын меңгерудің негізгі әдістерін бағалау. Шет тілінде еркін сөйлей білу сіздің кәсіби маман ретінде орныңыз үшін маңызды зор болғандықтан, бұл мақала шет тілін үйрету барысында кездесетін қайшылықтар мен тілдің дәлдігін сақтау мәселелері бойынша көптеген сауалдарға жауап беруге тырысады. Сондықтан осы мақалада әртүрлі тәсілдердің маңыздылығын көрсете отырып, осы мәселелерді шешуге мүмкіндік береді.

Резюме. Основная цель этой статьи - четкое описание роли коммуникативных навыков в нашем обществе и оценка ключевых методов приобретения навыков говорения в классе. Так как свободно говорить на иностранным языке важен для того, чтобы быть профессионалом, сфера языков должна ответить на многие вопросы, касающиеся проблем обучения языковым навыкам и поддержания самообитность языка во время переговорного процесса. Поэтому в этой статье рассматриваются многие проблемы и в то же время дают решения этих проблем, демонстрируя важность различных подходов.

Summary. The main aim of this article is clearly describing the role of communication skills in our society, by giving examples from our life, and evaluating the key points of acquiring speaking skills in classroom. Since fluently speaking in foreign languages is significant in order to be the professional in your field of study, the area of languages should answer to many questions regarding the problems of teaching speaking skills and the keeping of accuracy of language during speaking process. Therefore, this article argues many issues and in the same time gives solutions to these problems, by showing importance of various approaches.

At the given article my purpose is to state out the aim of teaching languages at the university in general, to analyze the level of over-basic standard, organization and ability of the given standard, some speaking strategies that help communication to be effective, and to show the communicative situations as a key to real communication and give sample situations in the form of monologues and dialogues that we train students in the classroom to develop their communicative skills.

Speaking skills play an important role in classroom instruction than other activities as reading, listening and writing. Learning to speak a foreign language requires more than we consider to realize in learning languages. Speaking a foreign language is especially difficult for foreign language learners because effective oral communication requires the ability to use the language appropriately in social interactions.

As a teacher of a foreign language for the students at the university I have faced to lot many problems in teaching speaking and at the same time, many mistakes that students do in speaking process. If to analyze the requirements of organization and quality of conducting lessons on the practice of oral and written speech of the given university, the organization of the practice of oral and written speech lessons as in complex and in aspects is to be based on contemporary methodology concepts which take into consideration the educational condition, personal and individual direction of education process. These concepts should reflect the content and variability used technologies and support educational, upbringing and development aims of education with pragmatic purposes. For these purposes communicative-cognitive and content-based approaches are the right ones. At modern world **the aim of teaching languages** is to form second lingual individuals who are ready and able to cross-cultural foreign communication. The result of studying the practice of oral and written speech is to support mastering of students foreign language communication in all its functions: **identifying-informative** (skills to inform/to inquire information); **regulative** (skills to express personal view, to give an advice, to suggest); **evaluation-oriented** (emotional-evaluative, skills to express their points of view, give assessment); **etiquette** (skills to keep or follow general rules and regulations, the norms of speech and non-speech behavior in countries you study the languages) [1; 150].

The level of the students of senior courses of language universities should be fit to levels C1, C2 or the level of over-basic standard. The structure of competences formed in the level of over-basic standard: lingual-cultural, social-cultural, professional-oriented, content-professional.

The modeling forms of speech and types of speech communication in the level of over-basic standard: an interview, a discussion, and a dispute.

Types of oral and written communication: a description, a narration, a discussion, a debate, an announcement, a report or a communication.

Types of speech utterance or opinion: an interview, a discussion, a dispute, an argumentative assessment, an interpretation, a comment, an observation, a resume.

Descriptors of the over-basic level:

-in the system of speech and communication:

-readiness and ability to implement the following communicative acts:

-to express personal view point spontaneously without difficulties choosing required words, to speak fluently in general, educational and professional topics, meaning interconnection of ideas clearly;

-to express personal view points freely, paraphrasing words;

-to communicate without readiness, not making grammar mistakes and keeping different social roles with the partner;

-to point out personal interest for the events or cases, to explain and to confirm his/her personal points of view with necessary reasons [2].

Students demonstrate readiness and ability in the sphere of written and oral forms of communication:

- to ask for information;

- to inquire about topical political, economic and cultural events in the countries;

- to contact with foreign colleagues, to begin a conversation, dispute and meeting;

- to explain or interpret;

- to inform, confront points of view;

- to argue expressing agreement or disagreement to the given points of view;

- to conclude and make a resume;

- to influence emotionally to the partner;

- to compare and contrast;

- to find out similarities and differences;

- to criticize, to blame;

- to attract attention;

- to express personal points of view;

- to show confidence, possibility/impossibility;

- to conclude or draw a final conclusion;

- to change topic of the conversation;

- to analyze speech according to definite criteria;

- to propose and recommend, etc. [3; 32]

A communicative situation is the specific time, place, activity and people involved in a dialogue, which make it unique ... it's part of learning and acquiring the language that the learner wants to achieve it. A communicative situation is associated with a particular learning or communicative goal that should achieve. This goal is a very important factor in order to define a communicative situation and organize its functionalities. In general, the following criteria to define the communicative situations:

- the main goal that the communicative situation has to achieve;

- all the participants that are involved in that situation;

- the communicative intentions that every participant wants to accomplish;

- the necessities and interests that characterize each participant.

Communication means not only speaking i.e. conversation between two or more people. People can also communicate by writing, reading. When people talk to each other, they also have to listen.

How can we create communicative situations in the classroom and at the same time make those situations resemble real life? We have to provide students with a linguistic and situational context. It means what they do and exercise can be imagined in realistic activities. It requires some courage, extra skill and definitely some perseverance on the teacher's side. Teachers must arouse in the learners a willingness and need or reason to speak [4].

Classroom activities that develop learners' abilities to express themselves are an important component of a language course. Yet comparatively it is difficult to design and administer such activities; how does the teacher guarantee that students talk a lot, that participation among the speakers is equal, that motivation remains high; and that the language in which they express themselves is relevant, easily comprehensible, and at an acceptable level of language accuracy. Also, the teacher must deal with the inhibition of some students and the use of the mother tongue in the classroom. The teacher also needs to choose topics that stimulate interest. Clear instructions and modeling of activities are also important for success.

The following speaking strategies will be helpful to make the conversation more successful:

Using photos in discussion:

-Don't just describe the photo in details. Avoid saying things like: I can see ..., on the left there is ...

-Speculate about what is in the photo – what is happening, what has happened, what is going to happen.

-You can describe the photo indirectly as you speculate and give your opinions.

-Don't forget to involve your partner(s). Use expressions like: Don't you agree? or What do you think?

Speculating:

Even if you haven't got a clue, don't keep silent. Have a verbal, not a mental, guess! You are not being examined on your ideas – just your ability to express them in English.

Exchanging opinions:

You must, of course, state your own point of view but you will also be given credit for inviting your fellow candidates to express their views and encouraging them to make a contribution when they remain silent.

Discussion:

If your mind goes blank, don't be an empty-headed speaker! Such talking about the people or situations you are familiar with, opinions in books or articles you have read, or discuss what you have talked about in class. However, remember what you say must be spontaneous and relevant to the discussion. It must not appear to be prepared speech!

Arguing for and against:

Even if you personally don't like any of the alternatives provided, look for something to say, relate the statement to the situation in your own country and say whether it works or not!

Bearing all this in mind, I would like to suggest some sample situations for making monologues and dialogues according to the themes of the 3rd year students at our university and their evaluation criteria.

The procedure is as follows:

1. Assign students of two with the responsibility that they will prepare one oral communication together on a topic provided by the teacher written in the paper.

2. Give students time to prepare and rehearse so that both of them are able to give oral presentation.

3. Explain the parts of the speaking. The purpose of the part one is just answering the questions, but not commenting or describing. While answering the questions ask the students to pay attention to the types of questions they are answering. For example, when to answer the general type of questions and answer is to begin with Yes or No, etc. The second part is devoted to speak individually in one minute time making up a monologue. Here, they may express their points of view on topic related tasks. The aim of the third part is to discuss with each other the given situation. The type of a dialogue depends on the task or situation the students to discuss. For example, dialogue - discussion, dialogue - exchanging information and ideas, dialogue - giving advise, recommendations, dialogue - comparison or contrast, dialogue – approval or disapproval, dialogue – solving problems or etc.

4. Provide other listeners or a teacher with an evaluation form and have them evaluate each presentation on the basis of whether it was informative, concise, easy to follow, engaging, and well organized.

Discussion topic:

Discuss with your partner about the pros and cons of using innovative technologies in teaching process. Share your ideas on how they work in language learning classrooms. What innovative technologies do you know?

In conclusion, speaking is one of the central elements of communication. In order to provide effective instruction, it is necessary for teachers to carefully examine the factors, conditions, and components that underlie speaking effectiveness.

Bibliography

1. G.M. Amirzhanova and others. "A New Effective Advanced English Course for Special Purposes: Philology". Almaty, 2005
2. Кунанбаева С.С. «Теория и Практика Современного Иноязычного Образования». Алматы, 2010
3. Glenn Deckert. "The communicative approach: addressing frequent failure". *English teaching forum journal*. January, 2004
4. Penny Ur. "Discussion that Work". Cambridge University Press, Cambridge, UK, 1990
5. www.nswtf.org.au/future_teachers...
6. Nunan, D.C. "Designing tasks for the communicative classroom". Cambridge University Press, 1989
7. Dimitracopoulou, I. "Conversational competence and social development". Oxford University Press, 1990

Райханова Гүлнұр Амангельдиевна

Экономика ғылымдарының кандидаты, экономика және халықаралық бизнес кафедрасының доценті,
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ.,
gulnurraihanova@mail.ru

Рахимжанова Гульнар Канатовна

Педагогика ғылымдарының магистрі, экономика және халықаралық бизнес кафедрасының
аға оқытушысы, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,
rgk84@mail.ru

Газизова Майя Ривелевна

Экономика ғылымдарының магистрі, экономика және халықаралық бизнес кафедрасының аға
оқытушысы, Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,
Қарағанды қ., gazizova-maiya@mail.ru

ЖОО-ДАҒЫ ОҚЫТУ ҮРДІСІНДЕ СТУДЕНТТІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕЛІК ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ТЕТІКТЕРІ

Түйін. Мақалада студенттердің өзіндік жұмысының заманауи кредиттік технология жағдайында ұйымдастырылу ерекшеліктері, оның оқу-тәрбие жұмысындағы рөлі мен мазмұны қарастырылған. Сондай-ақ оқытушының жетекшілігімен орындалатын студенттің өзіндік жұмысы және оқытушының қатысуынсыз орындалатын студенттің өзіндік жұмысы арасындағы айырмашылықтар айқындалады. Мақалада Академик Е.А.Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру мен әдістемелік қамтамасыз ету тетіктері талданады. «Экономикалық теория» пәні бойынша студенттің өзіндік жұмысын ұйымдастыру нысандарына мысалдар келтіріледі.

Тірек сөздер: студенттің өзіндік жұмысы, кредиттік технология, оқу -бағдарламасы, жұмыс оқу жоспары, жұмыстық оқу бағдарламасы.

Резюме. В статье рассматриваются особенности организации самостоятельной работы студентов в условиях современной кредитной технологии, а также ее роль и значение в учебно-воспитательной работе. В том числе, определены различия между самостоятельной работы студентов под руководством преподавателя и самостоятельной работы студентов без участия преподавателя. В статье анализируются механизмы организации и методического обеспечения самостоятельной работы студентов в Карагандинском государственном университете им. Академика Е.А. Букетова. Приведены примеры форм организации самостоятельной работы студентов по дисциплине «Экономическая теория».

Ключевые слова: самостоятельная работа студентов, кредитная технология, учебная программа, рабочий учебный план, рабочая учебная программа.

Summary. The article is considered the features of the organization of independent work of students in the conditions of modern credit technology and also its role and importance in teaching and educational work. In particular, distinctions between independent works of students under the leadership of the teacher and independent work of students without participation of the teacher are defined. The article analyzes the mechanisms of organization and methodological support of independent work of students in Academician E.A. Buketov Karaganda State University. Examples of forms of the organization of independent work of students on discipline "The economic theory" are given.

Key words: independent work of students, credit technology, training program, working curriculum, working training program.

Қазіргі заманауи ғылыми, мәдени, саяси, экономикалық, әлеуметтік кеңістікте болып жатқан қарқынды өзгерістер әрбір адамның кәсіби біліктілігі мен шығармашылық қабілеттеріне жаңа талаптар қойып отырғаны белгілі. Сондықтан да әрбір адамның білімі мен біліктілігі үнемі толықтырылып, жетілдіріліп отыруы керек. Бұл болашақ мамандарды даярлайтын ЖОО-дар алдына біршама өзекті мәселелерді қояды.

ЖОО-дағы оқу үрдісін ұйымдастырудың мақсаты – меңгерген білімін өмірдің нақты саласында қойылған мәселелерді шешуде қолдана алатын, өздігінен шешім қабылдаға бейім маман даярлау болып табылады. Осы орайда еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаев соңғы жолдауында атап өткендей: «Білім беру бағдарламаларының негізгі басымдығы өзгерістерге үнемі бейім болу және жаңа білімді меңгеру қабілетін дамыту болуға тиіс» [1]. Бұған барлық жағдайлар жасалуда. Жалпы алғанда 2005 жылдан бастап жоғарғы білім беру жүйесінде кредиттік технологияның еңгізілуі осының негізгі алғышарттарын құрастырда.

Қазақстан Ресубликасының 2007 жылғы 27 маусымында жарияланған «Білім туралы» заңының 1 бабына (36 тармақ) сай: «Оқытудың кредиттік технологиясы – білім алушы мен оқытушының оқыту жұмысының көлемін өлшеуде ерекше бірлік ретінде кредитті қолдану арқылы пәнді ретті меңгеруді білім алушының өзіндік жопаралауы мен таңдау жүргізуі негізіндегі оқыту» [2].

Яғни, кредиттік технология – бұл студент пен оқытушының академиялық мобильділігін, отандық білім беру бағдарламалары мен академиялық дәрежелердің халықаралық білім беру кеңістігінде танымалдығын қамтамасыз етуге арналған, студенттердің өзіндік жұмысын (СӨЖ) күшейтуге бағытталған технология. Бұл дегеніміз СӨЖ ЖОО-дағы оқыту үрдісінде жоғары маңыздылыққа ие. Сонымен қатар заманауи жұмыс оқу жоспарларындағы студенттің өзіндік жұмысына пән бойынша сағат көлемінің 67%-ы бөлінген.

Кредиттік технология ерекшелігіне сәйкес СӨЖ екі бөлімнен тұрады оқытушының қатысуымен өткізілетін СӨЖ және оқытушының қатысуынсыз өткізілетін СӨЖ.

Оқытушының қатысуынсыз өткізілетін СӨЖ негізінен студенттердің оқу сабақтарына, аралық бақылаулар мен емтихандарға дайындалу барысында кітапханада, компьютерлік сыныпта, лингафон кабинетінде, медиатекада, арнайы зертханада оқу материалдарын өздігінен меңгеруді қарастырады. Оның нәтижесі ретінде конспект, реферат, баяндама, шығармашылық бақылау, жазбаша, курстық, диплом жұмыстары, ғылыми мақалалар, аудио-бейне есептер және т.б. бола алады.

Оқытушының қатысуымен өткізілетін СӨЖ (ОСӨЖ) күні, өткізілу уақыты, аудиториясы мен оқытушылары көрсетіле отырып, оқу кестесіне сай бүкіл академиялық кезең ішіндегі (15 апта – 1 семестр) әрбір пән бойынша жүргізілетін оқыту нысаны. ОСӨЖ шеңберіндегі сабақ кеңес алу және интерактивті нысандарда болуы мүмкін, олардың арақатынасы оқытылатын пәннің күрделілігімен, оны оқып үйренуге бөлінген аудиториялық сағаттардың көлемімен, студенттердің дайындық деңгейімен анықталады.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-да ОСӨЖ-ді ұйымдастыру барысында басшылыққа алынатын нормативті құжаттамаға ҚР-ның МЖМБС 5.04.019 – 2011 және Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-да 2006 ж. шығарылған «Студенттің оқытушының басшылығымен жүргізілетін өзіндік жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқау» жатқызылады.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты 5.04.019 -2011 білім беру мазмұнына, студенттердің білім алу траекториясына, оқу бағдарламаларына және студенттерді бағалауға талаптарды орнатады. Стандарт жоғары білім саласындағы халықаралық құжаттамасымен үйлестірілген [3].

ҚР-ның МЖМБС 5.04.019 – 2011 сәйкес, оқытудың кредиттік технологиясы кезінде өзіндік жұмыстың көлемі ұлғайтылады, өзіндік жұмыс ОСӨЖ бен СӨЖ деп ажыратылады. Ал, ОСӨЖ оқытушымен әрекеттестікте орындалатын, академиялық сабақтар кестесіне енбейтін жеке кестеге сай өткізілетін студенттің жұмыс түрі болып табылады. ОСӨЖ бен СӨЖ арасындағы қатынас ЖОО-мен өздігінен анықталады. ОСӨЖ барысында оқу бағдарламасырның, үй тапсырмасының және т.б. қиын сұрақтары бойынша кеңестер өткізіледі.

Осы стандартқа сай ОСӨЖ-ге төрт негізгі қызмет еңгізіледі.

Бірінші қызмет – оқу пәні бойынша бекітілген сабақтарда оқытушыдан иеленген ақпаратты студентпен белсенді қабылдауды жүзеге асыруды пайымдайды.

Екінші қызмет студенттердің оқытушының нұсқаулары негізінде оқу-әдістемелік оқу құралдарын, әдебиет көздерін өздігінен оқуын, үй тапсырмаларын, бақылау мен курстық жұмыстарын және т.б. өздігінен орындауын білдіреді. Осы кезде студенттерден жұмыс жасау нұсқаларын білу, қиындықтарды тіркеуді, тәртіп талап етіледі.

Үшінші қызмет студенттердің өз қиыншылықтарын талдауы мен жүйелеуінен, оқу материалын меңгерудегі қиындықтың туындау себебін айқындауынан, өзге оқу қызметтерін орындауынан құралады. Студенттер шешілмейтін қиындықтарды оқытушыға арналған сұрақтар жүйесіне ауыстырады (оларды реттейді, рәсімдейді, маңыздылығы бойынша анықтайды).

Төртінші қызмет студенттердің оқытушыға сәйкес түсініктемелермен, кеңестермен баруын білдіреді.

Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-да ОСӨЖ-ді ұйымдастыруда қолданылатын әдістемелік құжат 2006 ж. шығарылған «Студенттің оқытушының басшылығымен жүргізілетін өзіндік жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік нұсқау» болып табылады. Ол «Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-да студенттің өзіндік жұмысын ұйымдастыру туралы ережесін» ескере отырып құрылған. Бұл әдістемелік нұсқауда ОСӨЖ-ге анықтама беріліп, оның құрылымы мен кезеңдеріне сипаттама берілген, 1-2 курс студенттері мен жоғарғы курс студенттеріне арналған ОСӨЖ тапсырмаларын құру ерекшеліктері айқындалған, ОСӨЖ барысында берілуі мүмкін тапсырмаларға мысалдар берілген. Сондай-ақ СӨЖ-ді ұйымдастыру ерекшеліктері мен кредиттік технология шеңберіндегі студенттердің білімін бақылауды ұйымдастыру шарттары қарастырылған [4].

Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-да кредиттік технология бойынша білім алушылардың өзіндік жұмысын әдістемелік қамтамасыз етуге келесілер енеді:

- Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ ғылыми кітапханасының кітапхана қоры;
- Электронды дәрістер, электронды оқулықтар және құралдар, мультимедиялық презентациялар;
- Оқу бағдарламалары (SYLLABUS), жұмыстық оқу бағдарламалары.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ ғылыми кітапханасының жалпы кітапхана қоры әрбір мамандыққа сай көрсетіледі. Мысалға, «5В050600 – Экономика» мамандығының кітап қорымен қамтылуына келер болсақ, 2016 -2017 ж. бұл көрсеткіш 79864 дананы (кітап қорында соңғы 10 жылда шығарылған кітап қоры ғана екеріледі) құрап, 2013-2014 оқу жылымен салыстырғанда 28 %-ға өскен (кесте 1). Қазақ тіліндегі оқулықтар саны барлық кітап қорының 20,7 % құрады, олар 2013-2014 оқу жылымен салыстырғанда 11,6 %-ға өскен.

Кесте 1. Академик Е.А.Букетов атындағы ҚарМУ-дың «5В050600 – Экономика» мамандығының кітап қоры.

		2013-2014	2014-2015	2015-2016	2016-2017
1	Оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиетпен қамтылу, барлығы:	62216	72881	77864	79864
2	Оның ішінде, қазақ тілінде:	14840	17750	15194	16560
Е с к е р т у – ҚарМУ ғылыми кітапханасының мәліметтері негізінде құрастырылған					

Академик Е.А.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың Экономика факультетінің оқытушылары жыл сайын электронды дәрістер, электронды оқулықтар және мультимедиялық презентациялар жеке оқу-әдістемелік жоспарларына сай даярлайды. Олардың құрамынан орыс және қазақ тіліндегі электронды құралдардың біршама теңдігі байқалады.

Оқу бағдарламасы (SYLLABUS) нақты курстың концепциясын анықтайтын құжат болып табылады. Оқу бағдарламасы (SYLLABUS) пәндерді оқыту әдістемесін жетілдіру және университеттерде білім беру мазмұнының озық педагогикалық тәжірибесін енгізу мақсатында жасалады.

Оқу бағдарламасын (SYLLABUS) типтік бағдарламалар және мемлекеттік жалпы білім беру стандарты негізінде тьютор дайындап, баспаханалық әдіспен басылып шығарады және несиелік технология бойынша оқитын студенттерге арналады.

Оқу бағдарламасына (SYLLABUS) пәннің оқу бағдарламасы, курстың оқу жоспары, студенттерге арналған өзіндік жұмыстар бойынша тапсырмалар жүйесі, пән бойынша есеп беру жұмыстарын орындау кестесі, өзіндік бақылау үшін тест тапсырмалары, жазбаша жұмыстар тақырыптары және емтихан сұрақтарының тізімі енеді. Сондай-ақ, Оқу бағдарламасында (SYLLABUS) ОСӨЖ сабағының тапсырмалары ғана емес, оларды орындау бойынша әдістемелік нұсқаулар, әдебиет көздеріне сілтемелер беріледі. Оқу-әдістемелік кешеннің мазмұны кафедра мәжілісінде талқыланады, ғылыми-тәжірибелік жетістіктермен толықтырылады және әрбір жылдың 1 шілдесіне дейін бекітіледі.

Экономика және халықаралық бизнес кафедрасында 50 пән бекітілген, әрбір пән бойынша Оқу бағдарламасы (SYLLABUS) бар. Олар қойылған талаптарға, жұмыстық оқу бағдарламасына және жұмыс оқу жоспарына сай келеді.

Оқу бағдарламасында (SYLLABUS) қолданылатын тапсырмаларға мысал ретінде, «Экономикалық теория» пәні бойынша, 6-шы тақырыпқа «Бәсеке және монополия» сай құрастырған ОСӨЖ тапсырмаларын көрсетуге болады.

Тапсырмалар:

1. Семинар және СӨЖ тапсырмаларына дайындалу барысында туындаған сұрақтарды талқылау
2. Сөздікпен жұмыс істеу (глоссарий).
3. «Жетілген бәсеке нарығының негізгі белгілері» тақырыбында құрылымды логикалық кестелер құру.
4. «Жетілмеген бәсеке нарығының негізгі типтері» тақырыбында салыстырмалы кестелер құру.
5. Келесі графикалық модельдермен жұмыс жасау:
 - а) «жетілген бәсеке», б) «Монополия», в) «Монополиялық бәсеке», г) «Олигополия және оның үлгілері», д) «Монопсония».
6. Есептің шешімін табыңыз: А саласында бес фирма әрекет етеді делік, олардың әр бір жыл сайынғы сатылымы сала бойынша келесі үлесті қамтиды 30%, 30%, 20%, 10%, 10%. В саласындағы

бес фирма үшін бұл көрсеткіш келесідей: 60%, 25%, 5%, 5%, 5%. Герфиндаль индексін анықтап, бәсекеге қабілеттікті бағалаңыз.

7 «Табиғи монополиялар туралы» ҚР-ның заңдарын талдаңыз [5].

СӨЖ әдістемесін қамтамасыз ету үш деңгейде жүзеге асырылады: шығаратын кафедра, қызмет көрсететін кафедра, оқу-әдістемелік кабинетте (егер ол болса).

Шығаратын кафедрадағы шаралар жүйесіне өзіндік жұмыста студенттерге көмек берудің практикалық нысандары: бүкіл өзіндік жұмысты ұйымдастыруды координациялау; СӨЖ-ң аса тиімді нысандары мен түрлерін анықтау.

Қызмет көрсететін кафедра жұмысы: әдістемелік құрал әзірлеу (әдебиет, әдістемелік оқулық, оқу орнының техникалық оқу құралы); әдебиетті меңгеру бойынша әдістемелік қондырғыларды талқылау; оқу пәнінің әр түрлі сұрақтары мен тақырыптары бойынша фоноконсультация дайындау; СӨЖ бақылау нысаны мен әдісін әзірлеу; СӨЖ бойынша тапсырмалардың әр түрлі нысандарын қабылдауды ұйымдастыру. Бұл жерде оқытушы да СӨЖ қорытындысының мазмұнына, уақытына (регламентіне) және оны бақылауға әдістемелік нысан, құрал мен амал жүйесін қолдану жөнінде басшылық мүмкіндігі сақталады.

Оқу-әдістемелік кабинеті жағынан оқытушыға да, студентке де консультация, әдістемелік нұсқау, ұсыныс, әдебиет, оқу құралын беру арқылы жан-жақты көмек көрсетіледі.

СӨЖ аудитория сабақтарында да, аудиториядан тыс жерде де орын алады. Ол әр түрлі қызметте жүреді және оқытушы студенттің қай қызметін белсендіргісі келетінін білуі керек. Осыған сәйкес оқытушы бұл мақсатқа аса тиімді амал мен әдіс жүйесін ойластыруы тиіс.

Студенттердің өз бетінше орындалған жұмыстары бір орында тұрмауы тиіс. Керісінше, оқу процесіне ұйымдастырудың ең жақсы жүйелерінің әдістері мен түрлерін қолданып, іске асыру керек.

Жоғарыда келтірілген жұмыстармен бірге студенттердің мотивациялық дамуына және жеке-дара жұмыстардың нақты әдістемені қолдануына, жұмыс істеуді жүйелі түрде қадағалау керек. СӨЖ-дің ұйымдастырылуы жалпы жоспармен әдістеменен, материалдық көмекпен, уақыттың жоспарлауымен, материалдың іріктелуімен т.б байланысты болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері. Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың 2018 жылдың 10 қаңтарындағы халқына жолдауы // www.akorda.kz.

2. «Білім туралы» №319-ІІІ 2007 жылдың 27 шілдесінде қабылданған Қазақстан Республикасының заңы // www.zakon.kz/141156-zakon-respubliki-kazakhstan-ot-27.html.

3. 2011 жылы 17 маусымда бекітілген № 261 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Жоғары білім. Бакалавриат. Негізгі ережелер. 5.04.019 – 2011.

4. Методические рекомендации по организации СРСП / Сост. С.Т.Каргин, Ф.И.Бокижанова, Т.Б.Казбеков. – Караганда: Изд-во КарГУ, 2006. – 35 с.

5. Экономикалық теория пәні бойынша университеттің экономикалық мамандықтарына арналған оқу-әдістемелік кешен/ Дайынд. Р.К.Андарова, Ескендир Н.Н., Г.К.Рахимжанова - Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2017. - 95 бет.

Уразбаев Жадыра Аблахановна

Магистр-оқытушы, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті,
Өнер факультеті, «Орындаушылық өнер» кафедрасы

ОҚУШЫЛАР ҰЖЫМЫНЫҢ ДАМУ КЕЗЕНДЕРІНДЕГІ ІС-ӘРЕКЕТІ МЕН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҰЙЫМНЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

***Түйін:** Оқушылар ұжымы балаларды ұжымшылдыққа тәрбиелеудің маңызды құралы. Ұжымшылдық адам мүддесінің ұжым және қоғам мүддесімен мызғымас байланыстылығын көрсетті. Адам ұжымда өз күшінің, өз қабілетінің керек екенін түсінді. Сондықтан, оларды үнемі дамытып, жетілдіріп отыру педагогикалық ұжымның оқыту және тәрбие жұмысын байланыстыра ұйымдастыруына тығыз байланысты. Қорыта айтқанда, ұжым – тәрбиенің маңызды құралы.*

***Кілтті сөздер:** Педагогика, психология, ұжым, педагогикалық тәрбие, білім.*

***Резюме:** Команда учеников является важным инструментом детского коллективизма. Колониализм показал, что человеческие интересы неразрывно связаны с интересами коллектива и общества. Человек понял, что ему нужны силы и сила команды. Поэтому их постоянное развитие и совершенствование тесно связаны с организацией учебно-воспитательной работы педагогического персонала. Короче говоря, коллектив является важным инструментом воспитания.*

***Ключевые слова:** Педагогика, психология, коллектив, педагогическое воспитание, образование.*

***Summary:** The team of students is an important tool for children's collectivism. Colonialism showed that human interests are inextricably linked with the interests of the collective and society. The man realized that he needed the strength and strength of the team. Therefore, their constant development and improvement are closely connected with the organization of teaching and educational work of teaching staff. In short, the collective is an important instrument of upbringing.*

***Key words:** Pedagogy, psychology, collective, pedagogical education, education.*

Психологиялық көзқарас тұрғысынан ұйым – баланың қоғамдық байланысы қалыптасатын, оның психикалық дамуы жүретін қоғамдық организм. Кез-келген ұйым оны әлеуметтік орта ретінде, тәрбие шарты және т.б. ретінде сипаттайтын белгілермен бірге балалар ұйымында біз кемелденіп бітпеген, қалыптасып келе жатқан жеке адамдармен істес боламыз. Оның ерекше тәрбиелік функциясы да нақ осыған байланысты.

Оқушылар ұйымының айрықша ерекшелігі – ересектердің балаларды біріктірген кезде, олардың қатынастарын құрған кезде көздеген мақсаттарының бағыттылығында. Балалар ұйымы өсіп келе жатқан адамды біріктіре отырып, бұл тұрғыда тәрбие функциясын жүзеге асырудың шарты мен құралын жасайды. Қоғамның неғұрлым белсенді де мақсатты түрде ықпал ету шарты бола отырып балалар ұйымы өз мүшелерін тәрбиелеу функциясын атқарады.

Балалар ұйымын ұйымдастыруда балалардың өздерінің қарым-қатынасқа деген қажетсінуі мен үлкендер алға қойған міндеттердің арақатынасы ерекше маңызды. Балаларды қоғамдық маңызды міндеттерді шешуге белсенді қатыстыра отырып, ұйым жеке адамды дамыту үшін кең мүмкіндік ашатын қарым-қатынастардың сай түрлі формаларына өріс жаюын қамтамасыз етеді. Бұл жағдайда балалардың ұйымы тек сырттай лайықты деп қабылдамауының психологиялық маңызы зор. Балалардың өздерінің көзінше ұйымның тәрбиелеу функциясын гөрі екінші орынға шегіндірілуі тиіс, айтпесе оның тәрбиелік ықпалы жойылады.

Балалар ұйымының әлеуметтік-психологиялық ерекшелігі мынада: үлкендер ұйымдастырған балалар бірлестіктері қоғамның осы типіне тән қарым-қатынастардың үлгісін жасауға мүмкіндік береді. Әрине, сондықтан да коллектив ішіндегі балалардың өзара қарым-қатынасының олардың жеке басын қалыптастыру үшін шешуші маңызы бар.

Қоғамда балалар ұжымы - баланың барлық қарым-қатынасын қалыптастырып қана қоймайды, сонымен бірге өріс жайып, сапалы өзгеріп отыратын ерекше әлеуметтік орта мен жағдай болып табылады. Осы қатынастарды дұрыс құрып, ұйымдастыру - тәрбие міндеттерінің бірі. Баланың ерекше икемделгіштігі коллективтің оған белсенді ықпал жасауына мүмкіндік береді. Атап айтқанда, коллектив - мектеп оқушысының жеке басының тұрақты адамгершілік қасиетін неғұрлым белсенді, мақсатты түрде қалыптастырудың шарты. Баланың өткен буынының тәжірибесін, жинақталған білімдерді, ұғымдарды қабылдау процесі дегеніміз өту жағдайлары бойынша да, сондай-ақ механизмдері бойынша да жеке-дара тәжірибені қалыптастыру процесінен ерекшеленетін өзгеше бір процесс. Бұл процесс баланың айналасындағылармен қарым-қатынасында, өріс жаятын іс-әрекетінде, өскелең адамды тәрбиелеуді, оны жеке адам ретінде қалыптастырып, дамытуды мақсат тұтқан қарым-қатынастардың үлкен де арнайы ұсынған жүйесінде жүзеге асады.

Іс-әрекеттің көп қырлы жүйесінде балалардың барлық қарым-қатынастары қалыптасады, олар осы жүйеде көрінеді. Балалар бірлескен іс-әрекеттің алуан түрлеріне түрлі бірлестіктер де қатысады. Алайда бұл бірлестіктердің балалардың өзара қарым-қатынасын қалыптастыруға психологиялық ықпалы бірдей емес.

Психологтар мен педагогтар балалар конгломераты, ассоциациялық топ, кооперативтік топ және қоғамның рұқсатымен құрылған іс-әрекет пен дамудың әр түрлі деңгейіндегі бірлестіктер, ақырында балалар коллективі деп бөледі. Жеке адамды тәрбиелеудегі қоғамның міндеті балалардың кез келген кездейсоқ бірлестігін құру емес. Тек оның жоғары формасы — қалыптасқан-дамыған балалар коллективі ғана қоғамның қойып отырған міндеттерін аша алады, сонымен бірге балалардың бір-бірімен араласу қажеттігін іске асыруға мүмкіншілік береді.

Елбасының білімді экономикалық өсудің негізі ретінде қарастырудың қажеттілігін негіздеуі кәсіби сәйкестендіруді тұлғаның білім кеңістігінің факторларына бейімделуінің қажетті шарттарының бірі ретінде зерттеуге мүмкіндік береді, өйткені кәсіби сәйкестендіру тұлғалық кәсіптік дамуды оңтайландырудың басты тетігі ретінде өзіндік әлеуетке ие болады. Үнемі дамып отыратын білім кеңістігі үздіксіз білімнің психологиялық және педагогикалық деңгейлерінің жүйесі болғандықтан, білім субъектілері (оқушылар, мұғалімдер, мектеп басшылары т.с.с) мен жетекші іс-әрекеттің алуан түрлерін (ойын, оқу, еңбек) қамтиды.

«Білім кеңістігі дегеніміз не?», «Кәсіби білім кеңістігі» ұғымының мәні неде?», «Кәсіби сәйкестендіру» деген ұғымды қалай түсінуге болады?» деген сұрақтар төңірегіндегі мәселелерді қарастыру аса маңызды болып саналады.

Философияда кеңістіктің табиғаты мен мәні туралы әр түрлі тұжырымдамалар мен теориялардың бар екені ақиқат. Атап айтқанда, кеңістікті іргелі объективті реалдылықтың бірі деп санайтын субстанциалды тұжырымдама (Гассенди, Ньютон); материалдық объектілердің қасиеттерінің бірі ретінде қарастыратын атрибутивті тұжырымдама (Аристотель, Эйнштейн); кеңістікті сезімдік пайымдаудың дәлелсіз формасының бірі ретінде қарастырған тұжырымдамалардың (Кант) болғаны белгілі.

«Кеңістік» – философиялық категория. «Кеңістік – қозғалыстың әр сәттегі құрылымы, оның құрамды бөліктері мен формаларының арақатынасы немесе қозғалыстың әр сәттегі сыртқы нәтижесі. Кеңістік – ол әртүрлі жүйелердің көлемге ие екендігін, өзара орналасқандығын, құрылымдылығын көрсетеді. Ол үш өлшемді, кез-келген кеңістіктік қатынастар үш өлшем (ұзындығы, ені, биіктігі) арқылы сипатталады», - дейді Қ.Ү.Сыбанбаев [2, 97 б.]. Жоғарыдағы пікірге назар аударсақ, кеңістіктің жүйесі, көлемі, құрылымы, өлшемі бар екенін көреміз. Демек, «кеңістік» түсінігін білім процесінде пайдалануға болатындығының бірнеше себебі бар, біріншіден, білім – жүйе, яғни бір-бірімен қарым-қатынаста және өзара байланыста болатын, құрамдас көптеген бөліктер жиынтығы. Екіншіден, педагогикалық түсініктердің көп мағыналылығы, яғни көптеген анықтамалардың бар болуы. Жалпы, кәсіби білім процесінің кеңістігін зерттеу жаһандық және белгілі бір материалдар негізінде бірыңғай зерттеулер жүргізуге болады.

«Кеңістік феноменінің» бірден-бір басты себебі – оның дүниеге көзқарастық мән-мағынасында, өмір-мәнділік маңыздылығында», - деп жазады Ш.Қ.Абеуова [3, 3 б.].

Білім беру кеңістігі дамып жатқан білім беру саласында мән тудырушы фактор ретінде білім беру субъектілері мен әртүрлі қызметтер түрін, үздіксіз білім беру жүйесін біріктіруші әлеуметтік-мәдени феномен болғандықтан, шетелдік әлеуметтанушылар (Р.Коллинза, М.Маркович, Р.Штольберг,

Т.Попкевиц, Ю.Гиллер, Г.Дилигенский, П.Пухно және т.б.) әлеуметтік тұрғыдан талдау жасай отырып, кәсіби сәйкестендіруді әлеуметтік құбылыс ретінде қарастырса, Э.Ф.Зеер мен Л.Г.Бабенко кәсіби-білім беру кеңістігін ұйымдастыруда бір жағынан, білім беру, кәсіби және екінші жағынан, денотативті және концептуальді кеңістік түрлерін ажыратып көрсетеді.

Аталған кеңістіктің құрылысын мәндік қасиеті ретінде Э.Ф.Зеер былайша сипаттайды: дамушы субъектілер (мысалға, ЖОО студенттері); үздіксіз білім жүйесі; жеке тұлғалық қасиеттерді дамытатын функцияларды (танымдық, кәсіптік білім беру және шығармашылық бағытталған т.б.) жүзеге асыратын жетекші іс-шаралардың көп өлшемді түрлері. Дамушы білім беру кеңістігі – білім беру кеңістігін дамыту - үздіксіз білім берудің психологиялық-педагогикалық деңгейлерінің жүйесі, қызмет түрлерін дамыту және жеке және кәсіби даму пәндері. Кәсіби кеңістік - әлеуметтік институттардың жүйесін қамтиды және болашақ маманның жеке басын дамытудағы фактор болып табылады [4, 57 б.].

Л.Г.Бабенконың денотативтік және концептуальді кеңістіктеріне берген анықтамаларына сүйенсек, кәсіби білім беру кеңістігінің негізі ретінде қарастырады. Денотативті кеңістік – әлем туралы кәсіби білімдердің жиынтығы. Концептуальді (тұжырымдамалық) кеңістік – белгілі бір кәсіби саланың негізгі тұжырымдамаларының жиынтығы, шындықты білуді жинақтау болып табылады [5, 24 б.]. «Кәсіби білім беру кеңістік» түсінігі кәсіби сәйкестендіру процесін сипаттау үшін қажет.

Сәйкестендіру немесе идентификация дегеніміз не? Л.В.Мардахаевтың анықтамасына назар аударсақ: «Идентификация (от лат. Identificare – отождествлять) – отождествление человека с кем-либо, чем-либо; в социальной психологии отражает важнейший механизм социализации человека. Проявляется в принятии индивидом определенной социальной роли при вхождении в группу, в осознании им групповой принадлежности, формировании у него социальных установок [6, 36 б.]. Демек, адамды біреумен, басқа бір затпен сәйкестендіру, әлеуметтік психологияда адамның әлеуметтенуінің басты тетігі болып табылады.

«Кәсіби сәйкестендіру» ұғымына Г.И.Селеткова келесі анықтама береді: «профессиональная идентификация, которая является механизмом интернализации профессиональных и социально-психологических компетенций в результате социального взаимодействия индивида и профессиональной группы и осмысления индивидом данных взаимодействий. Профессиональная идентификация складывается из образа профессии и профессионального образа Я [7, 1537 б.]. Кәсіби сәйкестендіру кәсіби және әлеуметтік-психологиялық құзыреттіліктерді жеке және кәсіби топтың әлеуметтік өзара әрекеттестігі мен жеке тұлғаның осы өзара әрекеттесуді түсінуінің нәтижесінде интернализациялау тетігі болып табылады.

ЖОО-дағы кәсіби білім беру аспектілерін зерттеу кәсіби сәйкестендіру процесін зерттеумен тығыз байланысты. Себебі, кәсіби сәйкестендіру заманауи білім беру кеңістігіндегі интеграциялық процестердің көрінісі және кәсіби сәйкестікті зерттеу арқылы кәсіби білім берудің аксиологиялық мазмұнын анықтауға мүмкіндік береді. Жоғары педагогикалық білім кеңістігінде жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуда кәсіби сәйкестендіру тек бір кезеңі болып қалады. Кәсіби сәйкестендіру әлеуметтік сәйкестендірудегі белгілер мен қасиеттерге ие және әлеуметтік ортаның әсерінен қалыптасуда бірдей кезеңдерден өтеді.

Тұлғаның белгілі бір топпен сәйкестендірілуінің нәтижесінде болашақ мамандығын таңдауына ықпал етуі мүмкін. Мысалға, ауылдағы болашақ маман иесінің қаладағы қатарына қарағанда агроном немесе мал дәрігері мамандығын таңдау көрсеткіші әлдеқайда жоғары. Ал, қыз балалардың жүргізуші, ұшқыш, шахтер т.б. мамандықтарын таңдауы екіталай сияқты. Ауқатты жанұядан шыққандар көбінесе заңгер, экономист, қаржы саласы сияқты мамандықтар таңдайтыны белгілі. Тұлға өзінің белгілі бір топтық немесе кәсіптік тиесілігін я мүшесі екенін сезінген уақытта оның әлеуметтік ұстанымдарына әсер ете бастайды. Сондықтан кәсіби сәйкестендірудің әлеуметтік жағынан шығуы мен дамуын ескере отырып, "кәсіптік-әлеуметтік сәйкестендіру" түсінігі қалыптасты. Кәсіптік сәйкестендіруге «әлеуметтік» сөзінің қосылуы оның теориялық-концептуальдық мағынасын еш бұзбайды, керісінше әлеуметтік негізіне назар аудартамыз. Себебі, кәсіби-әлеуметтік сәйкестендіру әлеуметтік процестерден тыс бола алмайды. Ол яғни кәсіби-әлеуметтік сәйкестендіру міндетті түрде әлеуметтік-экономикаға, әлеуметтік-мәдениетке, қоғамның институциональді дамуына әсер етеді.

Кәсіби сәйкестендіруде тұлғаның кәсіби және жеке басының ерекшеліктері, сондай-ақ кәсіби қызметінің жүзеге асырылуындағы әлеуметтік заңдылықтары көрініс табады. Қалыптасқан кәсіби сәйкестіктің қоғам үшін маңыздылығын қалыптасқан кәсіби топ анықтайды. Тұлға қаншылықты өзінің кәсіптік тобын басқалардан салыстырмалы түрде жоғары қойса соншалықты оның сол топпен сәйкестендірілуіне ұмтылысы жоғары болады.

Кәсіби сәйкестендірудің зерттеу аумағы кеңейюде, яғни психологиялық феномен ретінде ғана емес, сонымен қатар – әлеуметтік. Бүгінгі таңда қалыптасып, дамып және әлеуметтік алаңда өзіндік орын алып жатыр деп толығымен айта аламыз. Ю.И.Гиллер: «Бүгіндері еңбекті ынталандыруды адамның жұмысқа деген басты көрсеткіші ретінде әлеуметтік зерттеулер жүргізген уақытта, көбінесе жұмысшының кәсіпорнындағы сәйкестендірілуінің көрсеткіштері беріледі, бұл адамның еңбек еркінің бар екендігінің дәлелі», - дейді [8, 61 б.].

Осылайша кәсіби-әлеуметтік сәйкестендіру төмендегідей маңызды сипаттамаларда болуы мүмкін:

1) Кәсіби әлеуметтенудің механизмі, кәсіби топтың мінез-құлық үлгілері, көрсеткіштері, идеалдары, нормалары, құндылықтарын меңгеруді қамтамасыз ететін, сол арқылы әлеуметтік рөлге енуге көмектеседі.

2) Кәсіби іс-әрекет барысында, «күтілетін нәтижеден міндетке» және «міндеттен күтілетін нәтижеге» формуласы бойынша қызметкерлердің әлеуметтік өзара әрекеті дамиды.

3) Тұлғаның тек кәсіби топтағы орнын ғана емес, стратегикациялық құрылымдағы әлеуметтік ұстанымын да анықтайды.

4) Әлеуметтік детерминатын макро және микро әсерін сезінеді, сонымен қатар тұлғаның бірқатар әлеуметтік және кәсіби маңызды сапаларын (өмір сүру салты мен ұстанымын, құндылық бағдары, әлеуметтік-мәдени қорының көлемі мен сапасы және т.б.) дамытуға, қалыптастыруға негіздейді.

5) Оның бағыты мен мінезі, бір жағынан, әлеуметтік экспантациямен сәйкес кәсіби іс-әрекеттің сапасы мен ұстанымына қарағанда кәсіби топ пен кәсіби бейнесінің бағасы тікелей анықталады, ал екінші жағынан, әлеуметтік рөліне қызметкердің терең «енуі», кәсіпшілік салыстыру аясындағы кәсіби «Мені» және кәсіби бейнесі деңгейіне сай келу. Осылай болғанымен, кәсіби бейнесі өзгермелі әлеуметтік-мәдени шарттардың әсер етуімен ауысып отыруы мүмкін.

Сонымен кәсіби-әлеуметтік сәйкестендіру ұғымын тұжырымдап, оның теориялық үлгісін немесе моделін құрып, мұғалімдік сияқты кәсіби топтағы кәсіби-әлеуметтік сәйкестендіру даму жоспары мен ерекшеліктерін тікелей сараптауға көше аламыз.

«Неліктен мұғалімдік?» деген сұрақ туындайды. Аталмыш кәсіби-әлеуметтік топты таңдаудың бірнеше себептері бар.

Білім беру қоғам дамуының негізгі көзіне айналуға. «Білім беру күннен-күнге қоғам тіршілігінің бір саласында маңызды орын алады, - деп жазды Г.И.Герасимов, – себебі оның болашақ құрылымын алдын ала анықтайды және сапалы өзгерістерді қамтамасыз етеді. Осы тұрғыдан алғанда заманауи білім берудің жетекші сапалы сипаттамасы – оның «басып озатын» сипаты, ақыл-ой әлеуетін қалыптастыруға мүмкіндік беретін және тұлғаның сәйкесінше мәдениетінің негізін қалай отырып, қоғамның тұтас дамуының үрдістерін модельдеуге жол ашады. Білім беру әрекеті адамның күнделікті өміріндегі өзгермелі компонент құрамы ғана емес, сонымен қатар оның әлеуметтік ұтқырлық деңгейін және қоғамдағы беделді ұстанымына әлеуметтік-мәдени фактор да айтарлықтай әсер етеді» [9, 78 б.]. Білім беру сапасы қоғам дамуының және өмір сүрудің сапасын анықтайды.

Білім беру кеңістігі заманауи қазақ қоғамындағы жаңғыру үрдістері дамуда, инновациялық жобалау жүзеге асып жатыр. Білім беру кеңістігіндегі жаңғырудың ең басты тұлғасы педагог болып табылады. Сонымен бірге, білім берудегі болып жатқан инновациялық үрдістердің сапасы педагогтың өзінің де кәсіби-тұлғалық қасиеттерінің даму деңгейімен, оның білім қорының әлеуетінің көлемімен анықталады.

Мұғалім – педагогикалық үрдістің негізін қалаушы субъект. Мұғалім оқушы тұлғасына тікелей әсерін тигізеді. Оқу үрдісінде оқушы, ең алдымен, мұғаліммен қарым-қатынаста болады. Сондықтан да білім берудің сапасы оқушы және оның ата-анасы үшін мұғалімнің кәсіби іс-әрекетінің сапасымен тікелей байланысты. Педагогикалық кәсіптің маңыздылығы оның әлеуметтік функционалдылығында.

Заманауи педагогтың әлеуметтік және рухани-адамгершілік қоры бала тұлғасының уәждемелік-құндылық және рухани-тұтынушылық саласын байыту және ақыл-ой капиталының өндіру деңгейін көрсетеді. Сондықтан да, біздің көзқарасымыз бойынша, мұғалімнің бұдан да кең әлеуметтік-мәдени контексте кәсіби-әлеуметтік мәселелері қажеттілігін қарастыру проблемасы туындайды.

Г.Г.Силласте көрсеткендей, «...мұғалімнің кәсіби деңгейінің мәселесі, оның іс-әрекетінің сапасы мен тиімділігі ешқашанда таза педагогикалық бола алмайды және тек қана педагогикалық құралдармен – кадрларды дайындау мен іріктеуді жақсарту, кәсіби біліктілігін жетілдіру, үздік әдістемелік құралдарды шығарумен т.б., шешілуі мүмкін емес. Мұғалімнің өмір сүру салты мен еңбегіне әсер ететін тек қана кешенді факторларды зерттеу, мәселені шешуге жол ашады, оның кәсіби шеберлігі мен жалпы мәдениетінің үздіксіз өсуіне әсер ететін тұрмыстық жағдайларын және

әлеуметтік психологиялық атмосфераны қалыптастыра отырып, мұғалім еңбегін ұйымдастыруды ретке келтіру үшін қажетті шараларды жоспарлау қажет» [10, 52 б.].

Кәсіби сәйкестілік білімдік-мәдени бағыттылық ретінде өзіндік ерекшеліктерге ие: кәсіби сәйкестілікті қалыптастыру білімнің стратегиялық мақсаты емес, оған қол жеткізу өзіндік даму үдерісінде, кәсіптік оқыту мен кәсіптік ортаға нәтижелі кірігу барысында мүмкін болады. Кәсіби сәйкестіліктің бір түрі ретінде мұғалімнің өзіндік санасының құрылымын, оның осы құрылымдағы алатын орнын анықтайды.

Қорыта айтқанда, қазіргі қазақ қоғамындағы білім кеңістігіндегі мұғалімнің кәсіби-әлеуметтік сәйкестендірілуінің деформациялануы болып жатқан түрлі өзгерістерге негізделген. Мұғалімдер ұжымының жан-жақты қамтамасыз етілуінің көлемі мен сапасының азайуынан жағдай қиындай түседі. Қазіргі педагогтің кәсіби-мәдениетіне талап күшейеді, толыққанды әлеуметтік тапсырысты қанағаттандырылуға жол беретін ерекше жағдай орын алып жатыр, енді бір қырынан, тиісті жағдай сәйкесінше жасалынбайды немесе мұғалімнің өзінің кәсіби және әлеуметтік әлеуетін көтеру үшін шектеулі сипатта болып келеді.

Білім берудің жаңа парадигмасы концепциясын жүзеге асыру, дамыту және қалыптастыру педагогика кадрларын бірдей уақытта сапалы түрде ресурспен қамтамасыз етсе ғана мүмкін болады. Мұғалімнің әлеуметтік және кәсіби статусын жоғарлату үшін тиісті жағдай жасаумен қатар, жаңа білім беру парадигмасы аясында кәсіби-педагогикалық мәдениетін де сапалы қалыптастыру да аса маңызды. Мұндай кәсіби-педагогикалық мәдениеттің мазмұнды сипаттамасы дамыған жалпы мәдени және психология-педагогикалық құзіреттіліктер, сын тұрғысынан ойлау, педагогиканың инновациялық әдістерін тәуелсіз пайдалану және қайта білім алуға деген белсенді құлшыныс, оқушы тұлғасына бағытталған толеранттылық, адамгершілік болып табылады. Осымен қатар дұрыс бағдарланған мұғалімнің әлеуметтік кәсіби сәйкестігі тұрақты болуы әлеуметтік-мәдени капитал шарты болып шығады. Жаңа кәсіби нормативтік құндылық сызбаларын ендіру және оларды кәсіби іс-әрекет тәжірибесінде жүзеге асыру да маңызды.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.Ә. Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері. Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы // http://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakhstan-respublikasynyn-prezidenti-n-nazarbaevtyin-kazakistan-halkyna-zholdauy-2018-zhylgy-10-kantar
2. Сыбанбаев Қ.Ү. Философия: оқу құралы / Алматы: Экономика және құқық академиясы, 2012. – 224 б.
3. Абеуова Ш.Қ. Физикада кеңістік ұғымы дамуының философиялық астары // Философия ғыл. канд. ... дисс. автореф. – Алматы, 2009. – 27 б.
4. Зеер Э.Ф. Личностно развивающее профессиональное образование. / Екатеринбург: Изд-во Рос. гос. проф.-пед. ун-та, 2006.
5. Бабенко Л. Г. Русская глагольная лексика: денотативное пространство. – М., 2008.
6. Мардахаев Л.В. Социальная педагогика. – М.: Издательство РГСУ, 201. – 416 с.
7. Селеткова Г. И. Социально-профессиональная самоидентификация предпринимателей и руководителей // Фундаментальные исследования. – 2015. – Т. 7. – №. 2. – С. 1537-1541.
8. Гиллер Ю.И. Социология самостоятельной личности. -М.: Академический Проект; Гаудеамус, 2006.
9. Герасимов Г.И. Трансформация образования-социокультурный потенциал развития российского общества/Отв.ред. Ю.Г.Волков – М., Изд. «Социально-гуманитарные знания», 2005. – С.9
10. Силласте Г.Г. Сельское учительство: образ жизни и адаптационный ресурс // Социологические исследования. – 2002. - №9 – С.50-59.

Kalizhanova Anna Nikolaevna

1-year Magistrate of Bashkir and Turkic Philology, Sterlitamak branch of BashGU
Sterlitamak, Russia, ESL/EFL Teacher of Foreign Languages and Intercultural Communication Department
Private Institution «Bolashak» Academy, Kazakhstan, Karaganda, annaanna1802@gmail.com

Maryshkina Taissiya Vladimirovna

Master of Humanitarian Sciences, ESL Teacher of Foreign Philology and Translation Department
KGU named E.A. Buketov, Kazakhstan, Karaganda, taisiya.maryshkina@inbox.ru

ANALYSIS OF THE CONCEPT OF "SUCCESSFUL WOMAN" ON THE EXAMPLE OF JACQUELINE KENNEDY'S BIOGRAPHY

***Түйін:** Бұл мақалада ағылшын тілді ортада «табысты әйел» тұжырымдамасын зерттеуге арналған. тұжырымдамасы үлгісі ретінде, адам Жаклин Кеннеди, американдық ұлт әлемге танымал мүсінін таңдады. бастапқы көздері (хаттар Жаклин, оның өмірбаян) және қайталама көздері (американдық мәдениет өкілдері өмірбаяндық мақалалар, кітаптар және телевизиялық бағдарламалар) құрамдас талдау арқылы, авторлары жоғарыда аталған тұжырымдаманың негізгі компоненттерін анықтау тырысты. Зерттеу нәтижесі тұсаукесері «табысты әйел» ең Жаклин және американдық ұлттың өкілдеріне түрлі қатынастар нәтижесінде қайшылықтардың «табысты әйел» тұжырымдамасын құрылымын анықтау болды.*

***Резюме:** Данная статья посвящена изучению концепта «успешная женщина» в англоязычной среде. В качестве модели, представляющей концепт, была выбрана личность Жаклин Кеннеди, всемирно известного идола американской нации. Посредством компонентного анализа таких источников, как письма, автобиографии и биографические статьи, книги и передачи, созданные представителями американской культуры, авторами была предпринята попытка выделить основные компоненты вышеуказанного концепта.*

***Summary:** This article explores the concept of a “successful woman” in an English-speaking environment. The authors chose Jacqueline Kennedy, the world-famous idol of the American nation, as a model, representing such a concept. Using a component analysis of such sources as letters, autobiographies and biographical articles, books, and accounts, created by representatives of American culture, the authors attempted to outline the main components of the concept mentioned above.*

The western world recognizes success as one of its most widespread and valuable concepts by continuous broadcasting successful people, promotions, or the ocean of benefits through all media all over the planet. The concept of ‘success’ has deeply rooted in the human mind and has influenced not only people’s actions but also their worldview; the word “successful” has steadily become a companion of the word “happy.” Plenty of definitions of the word “successful” can be found in any dictionaries. Cambridge Dictionary, for instance, defines “successful” as “achieving the results wanted or hoped for” or “having achieved a lot, become popular, and made a lot of money” [1]. Oxford Dictionary, in turn, explains the word “success” as “accomplishing a desired aim or result” and “having achieved fame, wealth, or social status” [2]. However, these dictionaries do not explain what a collocation “successful woman” means. Such a fact surprises because any glossy magazines’ covers demonstrate various images of women that people tend to consider as successful and, consequently, happy. Moreover, the headlines of such magazines’ articles often highlight the main features of a ‘lucky woman’ and even promise to give tips on how to become a ‘successful woman.’ Evidently, the concept of a ‘successful woman’ exists in the human minds despite no reflection in dictionaries.

This article attempts to study the concept of a ‘successful woman’ of the English-speaking world. Numerous studies of cognitive scientists allow stating that an understanding of a new situation occurs through a search in person’s memory of a familiar situation, most similar to the new one. Thus, the formation of a concept is a two-step process: perception of the object and endowment of the object with meaning. From the above, the concept of a ‘successful woman’ will have a lot in common with the concept of ‘success.’ However, an introduction of the word ‘woman’ in this conceptual field can be expected to give birth to a lot of new elements [3]. The article aims for considering the concept from its inside and outside: the authors analyze an image, life, and a personality of one of the most famous and successful U.S. women – Jacqueline Kennedy. Any language’s structure is the product of two critical factors – the inner or a speaker’s mind and the external or similar to other speakers of the same language culture. Thus, no matter how the structure of a concept, born in one separate consciousness, is transformed, it becomes a universal knowledge in the national cultural code – the cognitive linguistic basis. An examination of the concept of a successful woman from the inside led to an investigation of Jacqueline’s perspective of success for a woman by looking thoroughly through Jacqueline Kennedy's letters and autobiography as the primary sources and, therefore, the

most reliable sources of information. Alternatively, examining the way, in which the American culture's representatives described Jackie, the authors try to delineate the outside boundaries of the concept of a 'successful woman' by a component analysis of the idea on the materials of secondary sources such as biographies, TV programs, and newspaper articles.

I.A. Sternin distinguishes a base layer of a concept – a so-called nuclear that includes a specific visual image – the unit, encoding thoughts, mental operations, and some additional conceptual features. The layers, following the nucleus, are peripheral; they reflect the development of the concept, its relation to other ideas. The totality of the base layer and additional cognitive features and layers make up the scope of the concept and determine its structure [4, 255]. The essential cognitive layer with the sensory nucleus is believed to be an obligatory component of any idea, and numerous cognitive layers in the structure of the concept may be absent.

Concepts are activated in the consciousness of their carriers through associations. Factors that establish the connection between the stimulus and the idea, developed by it in the process of communication, can be the communicants' individual experience, their cultural affiliation, or the aspect of the situation. The USA is famous for its three main female faces, such as the Statue of Liberty, Betty Ross, sewed the first American flag, and Jacqueline Kennedy, the most famous early American lady, who succeeded in getting married to the first American playboy and made the rest country fall in love with her. A story of Jacqueline Kennedy, beloved as the first American lady and the brightest U.S. President John Kennedy's wife as well as hated as the off-world Mediterranean businessman Aristotle Onassis's woman, still raises many questions [5]. Her seductively shaped pillbox hats made her a recognizable icon of style. Moreover, Jacqueline Kennedy symbolized the manner of female behavior in the marriage and regarding marriage since the period of sexual revolution in the 60s till present days for all U.S. citizens, recognizing Jackie as their national treasure, such as Coca-Cola or Mickey Mouse [6]. However, her emotional appeal still evokes controversial opinions because it is not clear whether Jacqueline was a victim, trapped in the marriage with a famous playboy John Kennedy, or a pragmatic person, thinking about her financial well-being; therefore; accepting all love affairs of her first husband [5].

Jacqueline Kennedy was afraid of poverty, having grown up in one of the wealthiest American families with her father-in-law, who contributed nothing to her education and upbringing as well as made Jackie start working for 56 USD per week that was too little for her to afford all necessary goods and supplies [8]. At the same time, Jacqueline had an example of her mother, who initiated the divorce with Jackie's father due to the lack of money [8]. Thus, since young ages, the future first lady considered the primary male role as a role of a sponsor and a benefactor. However, as Jacqueline state, she married Kennedy primarily because of his charm and outstanding personality in the pursuit of her life as a good wife and mother: "I think the major role of the First Lady is to take care of the President so that he can best serve the people. And not to fail her family, her husband, and children" [11].

When Jacqueline Kennedy was a 13-year old teenager, her parents got divorced [8], and, consequently, the man of household and Jackie's idol, Jack Bouvier abandoned his family. His dark skin and bronze suntan highlighted him among pale-skinned Americans. Jack was an easy-going, active, and funny favorite of all women around him. His friends called him Sheikh although any Sheikhs could hardly ever boast such an enormous amount of beautiful girlfriends [8]. Moreover, because Jacqueline was surrounded by her father's love and admiration, she concluded that no faithful husbands exist. In contrast, all male representatives had a mixture of bad and good according to Jackie's representation of the male world. So, evidently, Jacqueline was trying to find a man who resembled her father – a rake and funny guy and would love her like her dad did [8]. At the same time, Jacqueline, as written in her yearbook, wanted more than being recognized for her beauty and popularity or "being a housewife" [20]. Ideas tend to become real, and Jacqueline's vision was not an exception. She got a husband who reminded her father and entirely correlated with prosperity and financial freedom.

Unfortunately for this ambitious and exquisite lady, Kennedy turned out to be a very unfaithful husband. Writing about her husband's cheats, Jackie compared him with her father, who: "loves the chase and is bored with the conquest — and once married needs proof he's still attractive so flirts with other women and resents you" [13, 6]. Feelings about John F. Kennedy's womanizing, political aspirations and assassination that, she wrote, made her "bitter against God." Hence, although John Kennedy betrayed Jackie, she was ready to forgive him. It would seem that her love to shopping and expensive presents was called to compensate for her disappointment. Apparently, John as a president of U.S often asked his wife not to spend such enormous sums of money not to tease U.S. population [8]. But, Jacqueline kept on paying a fortune for her stylish looks as she said in one of her famous phrases about her outfits expenses "A newspaper reported that I spent \$30,000 a year buying Paris clothes and that women hate me for it. I couldn't spend that much unless I wore

sable underwear” [10, 170]. At the beginning of Jacqueline’s life, the role of a beloved wife was one of the leading components of her idea of a ‘successful woman.’ Surrounded by prosperity, wealth and glory, Jacqueline Kennedy was believed to feel prosperous and blessed in the perspective of American Nation, watching the President's family from outside –wealth, fame, and money, surrounding the First Lady of the First Person in the Country. However, after her husband's infidelity that made Jacqueline seek solace in other joys, the nucleus of the concept of ‘successful woman’ changed. According to Jackie’s words, children became central idea of her life: “The children have been a wonderful gift to me, and I'm thankful to have once again seen our world through their eyes. They restore my faith in the family's future” [7, 242], whereas, in the public eye, she remained a wasteful woman with a delicate taste for her ability to make things happen under any circumstances and contrary to traditionally-accepted customs and habits. Her grandiose renovation of White House, which she turned into a place full of antiques in spite of the fact that nobody beforehand had done the same, made people speak about Jackie as a woman with a sophisticated taste [11]. This behavior might seem like a pointless waste of money by a bored wife, but Jacqueline explained her actions differently: "I feel so strongly that the White House should have as fine a collection of American pictures as possible. It's so important... the setting in which the presidency is presented to the world, to foreign visitors. The American people should be proud of it. We have such a great civilization. So many foreigners don't realize it. I think this house should be the place we see the best" [9]. The first American Lady insisted on preventing people from repeating her by wearing the same clothes although she never wore any dress or suit twice. Having tried to rebel against the lecherous lifestyle of her husband once, Jackie agreed to accept one million dollars as compensation for being patient from her father-in-law. Moreover, she insisted on such a sum not only for herself but also for her future children and succeeded in it. In particular, her father-in-law, recognizing Jacqueline as an ideal wife for his son, promised to pay 1,000,000 USD to her and the same sum to all her future children [8].

Despite the First Lady’s role, Jacqueline got the real glory out of the Death hands – it was the death of John F. Kennedy that brought her finest hour, her time to shine. She did not allow the clan of Kennedy to overshadow her. In contrast, she took off all matter by herself, discussing the nuclear strategy with Mikoyan or talking to de Gaulle about the fate of the world [12]. The impression that Jacqueline made on the Americans kept her image of an ideal woman. In all, Jackie turned a funeral ceremony into the most glamorous occasion where even the funeral veil was of adequate length and the highest quality [12].

The woman, appearing on the TV screen, seemed to seek fame and attention, whereas the inner motivation of Jacqueline Kennedy differed entirely: her children were still the center of her life; therefore, their security, well-being, and prosperity remained her primary concern. Grief over the loss of her unfaithful, but the loved husband had been relegated to second place. Fear for children directed her actions: "If they're killing Kennedys, then my children are targets ... I want to get out of this country" [17]. Aristotle Onassis was at the right place and at the right time to support Jacqueline, who was scared of her and her children’s future [5]. For Jacqueline, that period was a peak hour. Not only needed she to save the children from death but also to ensure their future: without Kennedy's money, she could not imagine their well-being. “The world is pouring terrible adoration at the feet of my children,” she’d once confided to her decorator Billy Baldwin, “and I fear for them, for this awful exposure. How can I bring them up normally?” [18]. Entering the first role in the country, she attracted the attention of the billionaire, and, without thinking a lot, accepted the proposition to marry him in exchange for financial welfare and security. Many people condemned her hasty marriage: “Jacqueline’s egocentrism made her break the duration of mourning and grief earlier than generally-accepted and turned from Lady Jackie into Lady O” [5]. Jacqueline explained her choice quite simply: “If ever I can find some healing and some comfort — it has to be with somebody who is not part of all my world of past and pain. Can find that now — if the world will let us” [14];” lonely and wants to protect me from being lonely. And he is wise and kind. Only I can decide if he can, and I decided” [15]. So, the concept of a ‘successful woman’ for Jacqueline Kennedy still consists of ‘children’ as a nucleus, surrounded by money, wealth, extravagant lifestyle, and fame respectively.


Since her second marriage, Jacqueline started wearing masks to make nobody see her real feelings due to her choice for prosperity and her personal and her kids’ comfort [5]. In fact, she applied too many efforts to make her image perfect and impeccable, continually watching her pictures in various newspapers and magazines, and reading articles about her life and affairs. Moreover, journalists could publish stories about her life only after getting her permission because she timely realized the real price of photographs with celebrities. Jacqueline was taking everything under control [16]. For instance, her bad habit of biting nails she decided to hide wearing gloves of the same color as her dresses, or she started wearing small pillbox hats to press her unruly and wavy hairs. Furthermore, Jackie wore court shoes to mask her 42-size feet and gave cigarettes to someone nearby to conceal her addiction to smoking [16]. Although she smoked three packs of

cigarettes a day, Jacqueline Onassis looked so gracious and stylish to evoke any guesses about her previous insults and indignity. Neither her big black eyes nor her little voice revealed her wounded soul – she was perfect, and the entire world got fascinated by ex-First Lady.

Jacqueline Kennedy was a successful woman. Once having determined her goal, nothing prevented her from achieving it. Her own words show her inner strength: “We should all do something to right the wrongs that we see and not just complain about them” [19, 174]. Making the well-being of her children a priority, Jacqueline provided them with a comfortable future. In particular, according to her and Onassis’s marriage contract, Jacqueline could get 20,000,000 USD for all time spent with Greek billionaire before their marriage in addition to 9,600,000 USD in a case of Aristotle's death or betrayal [5]. Lady O received that sum of money and did not refuse from additional 26,000,000 USD for lifting Onassis’s family out forever [5].


The third husband of Jacqueline became a Jewish merchant Moris Templesman, with whom she lived until died from cancer in 1994. It is the last marriage that shows one more important part of the concept of a ‘successful woman’ from Jacqueline’s point of view – stability. Strong desire for a stable life had manifested itself since the death of John Kennedy, and money would appear the only a source of getting the desired. Before dying, Jackie resumed her life and said that her three marriages had been for love, for money, and for partnership respectively [8].

In conclusion, the concept of a ‘successful woman’ is not static but various due to particular circumstances. It is the personality of a woman that determines the concept of ‘successful woman.’ In the case of Jacqueline Kennedy, the nucleus of the concept is her children; once having replaced love, the children remained to be the central idea; stability as the second circle follows them, and only after that, money follows the scheme as a means of maintaining the nucleus (picture 1).



Picture 1 - Structure of the "successful woman" concept from the Jacqueline Kennedy’s perspective

The external attributes of prosperity are at the periphery of the concept. However, attention should be paid to the second part of the study: the concept of a ‘successful woman’ from the English-speaking world’s viewpoint. Interestingly, ordinary people regard the periphery of the idea as its basis – Jacqueline Kennedy, as an example of a successful woman, was associated primarily with wealth, extravagance, style, and fame, whereas her role of a wife and a mother did not affect the concept of a "successful woman" (picture 2).



Picture 2 - Structure of the "successful woman" concept from the English-speaking world’s viewpoint

Undoubtedly, Jacqueline is still a model of successful marketer and a pragmatic manager, who could make a living under any circumstances that made her a model of a ‘successful woman.’ In 2011, she was ranked in fifth place in a list of the five most influential First Ladies of the twentieth century for her ‘profound effect on American society’ [21]. “A concept is a clot of culture in the mind of a person, then, in the form of which culture enters the mental world of man’ according to G. Issina [22, 145]. We can say that the story of Jacqueline has become a part of American culture and mentality.

References:

1. *Cambridge English Dictionary [Электронный ресурс] / Cambridge University Press 2018. Режим доступа: <https://dictionary.cambridge.org/dictionary/english/successful>. – Загл. с экрана*
2. *Oxford Dictionary [Электронный ресурс] / Oxford University Press 2017. – Режим доступа: <https://en.oxforddictionaries.com/definition/successful>. - Загл. с экрана*
3. *Pimenova M. V.. Types of concepts and stages of conceptual research // Vestnik KemSU. 2013. № 2 (54). URL: <http://cyberleninka.ru/article/n/typy-kontseptov-i-etapy-kontseptualnogo-issledovaniya> (reference date: 01/11/2018).*
4. *Попова З.Д., И.А.Стернин. Когнитивная лингвистика: Учебное издание. Москва АСТ: «Восток-Запад». 2007 – 315 p.*
5. *Lehmann R. “Jacqueline Kennedy Onassis. Biography. Documentary. Life Story.” YouTube, 2016. URL: www.youtube.com/watch?v=etpnl7nwcsc*
6. *McKenzie K. “Interview with Kevin McKenzie.” NYPL Digital Collections, 2011. URL: <https://digitalcollections.nypl.org/items/2ba8fe90-f874-0130-2c3c-3c075448cc4b>.*
7. *Bill A. The Eloquent Jacqueline Kennedy Onassis: A Portrait in Her Own Words. Zondervan, 2009. – 256 p.*
8. *David, Drew. “A Woman Named Jackie: The Bouvier Years Part 1 1991 Roma Downey.” YouTube, 2016. URL: https://www.youtube.com/attribution_link?a=aDSw5OkO94w&u=%2Fwatch%3Fv%3D13N91y9853o%26feature%3Dshare*
9. *Abbott J., Rice E. Designing Camelot: The Kennedy White House Restoration. - 1997. Thomson. ISBN 978-0-442-02532-8.*
10. *Pamela Keogh. Are You a Jackie or a Marilyn?: Timeless Lessons on Love, Power, and Style Penguin, 2010. – 272 p.*
11. *First Ladies Of The United States [Электронный ресурс] / The National First Ladies' Library. URL: <http://www.firstladies.org/biographies/>*
12. *Watson M. A. A Tour of the White House: Mystique and Tradition. Presidential Studies Quarterly, vol. 18, no. 1, 1988, pp. 91–99. URL: : <http://www.jstor.org/stable/27550536>.*
13. *Johnny Honaker. The Enemy In You: Journey From Brokenness to Wholeness Charisma Media, 2017. – 208 p.*
14. *Ross M. Why Jacqueline Kennedy rejected British lord to marry Aristotle Onassis. // The Mercury news, 2017. URL: <http://www.mercurynews.com/2017/02/10/jacqueline-kennedy-to-british-lord-she-rejected-i-love-you-like-a-brother/>*
15. *Ross M. Why Jacqueline Kennedy rejected British lord to marry Aristotle Onassis. // The Mercury news, 2017. URL: <http://www.mercurynews.com/2017/02/10/jacqueline-kennedy-to-british-lord-she-rejected-i-love-you-like-a-brother/>*
16. *Paulson, Bert J. Jacqueline Bouvier Kennedy Onassis: A Window into Her Soul. YouTube, 2014. URL: https://www.youtube.com/watch?v=rt-ee3ma2pg&list=pljvmyscgr_lrzond-gnpiu43jndgj_ezh.*
17. *Seely K. John F. Kennedy Jr., Heir to a Formidable Dynasty//The New York Times, 1999.*
18. *Schneider K, Levitt S., Gleick E. Hour of Farewell// People, 1994. URL: <http://people.com/archive/cover-story-hour-of-farewell-vol-41-no-21/>*
19. *Adler B. The Eloquent Jacqueline Kennedy Onassis: A Portrait in Her Own Words. – 2004. - 240 p.*
20. *Leaming, Barbara. “Jacqueline Kennedy's Struggle After J.F.K.'s Assassination: The Nightmares, Drinking, and Suicidal Thoughts.” Vanities, 2014, www.vanityfair.com/style/society/2014/10/jacqueline-kennedy-jfk-assassination-depression.*
21. *Five Most Influential First Ladies of the 20th Century// Listosaur - Hungry for Knowledge, 2011. Retrieved May 8, 2017.*
22. *Isina G.I. Universal concepts in the context of national cultures // International Journal of Applied and Fundamental Research. - 2012. - No. 8. - P. 145-147; URL: <http://applied-research.ru/en/article/view?id=3028> (reference date: 14/04/2018).*

Ашекеева Құралай Несіпбекқызы
ф.ғ.к., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті

Исабай Айнель Маратқызы
«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 4 курс студенті, ainelia.95@mail.ru

ЖАСТАР СУБМӘДЕНИЕТІМЕН ӘЛЕУМЕТТІК-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫСҚА САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ

Резюме: В данной статье, сделан анализ социально-педагогической работы с молодежными субкультурами.

Summary: In this article, the analysis of socio-pedagogical work with youth subcultures.

Жастар субмәдениеті – бұл жастардың бірегей құндылық, өзін ұстау тәлімінің жиынтықты, символикалық және атрибутикалық негізде көрініс беретін 14-30 жас арасындағы жастардың өмір сүру стилі. Аталмыш өмір сүру стилі, мәдениеті кейбір жағдайда жалпы қоғамдық құндылықтармен жақсы интеграцияланып жатса, кейбір кезде керісінше эффект береді. Жастар арасындағы субмәдениет процесстері екі түрлі сипатта көрініс беріп жүр, біріншісі жастар арасындағы спортпен шұғылдануға шақыратын, өзін тұлғалық тұрғыдан дамытуға үндейтін идеялық қозғалыстар болса, кейбір ұйымдар мүлдем кері бағытта қоғамдық құндылықтарға аморалды қарайтын, жастарды ішінара жабық қоғамға үндейтін, жалпы қоғамдық ұстанымдардан сепаратистік бағытқа шақыратын ерекшеліктерімен ерекшеленеді.

Жаһандану қарсаңында жастар мәдениетінің субмәдениеттік көріністер арқылы сан түрлі өзгерістерге ұшырап отырғандығынан жастар мәдениетін педагогикалық, мәдениеттанулық және әлеуметтанулық зерттеулер тұрғысынан зерттеу өте маңызды болып табылады. Жастар арасындағы рухани құндылықтарды дамыту, еліміздің болашаға ретінде, еліміздің ұзақ мерзімді ұлттық стратегияларының барлығы да жастардың потенциялына негізделетін болғандықтан, қазіргі кездегі жастар арасындағы субмәдениет ұғымын, ерекшеліктерін, салыстырмалы анализдер арқылы ғылыми негізде зерттеу уақыт талабы болып отыр.

Алғаш болып жастар арасындағы субмәдениет процесінің қалыптасуы батыс елдерінде қалыптасты. Субмәдениет ұғымы ертеден қалыптасып келе жатқан таным болғанымен де, ХХ ғасырдың ІІ жартысында ғана Америка Құрама Штаттарында, қала жастарының арасында қалыптасты[1]. Белгілі әлеуметтанушы ғалымдар, М.В. Морев, В.И. Попова, В.И. Филянов пікірлерінше батыс елдерінде қалыптасқан субмәдениет ұғымы тұтас әлем елдеріне жаһандану процесі арқылы тез арада таралып кетті. Еліміздегі жастар арасындағы субмәдениет көріністері де, жаһандану процесі арқылы «импортталып» келді. Жастар арасындағы субмәдениет ұғымын институционалды, жүйелі негізде отандық және шетелдік ғалымдардың еңбегі негізінде зерделетін боламыз.

Отандық және шетелдік әлеуметтанушы, педогог және психолог мамандардың жастар арасындағы субмәдениет ұғымдарының таралуының сырына үңілген ғылыми жұмыстарының мазмұнын саралай келе, келесідей негізгі себептерін анықтап көрсеткен болатын:

- ХІХ ғ соңы – ХХ ғасыр басында индустриалды технологиялардың дамуы арқылы азаматтардың әлеуметтік рөліндегі, жас ерекшелік ұғымдары өзгере түсті. Яғни, «жастық шақ» ұғымы аздап трансформацияға түсіп, жастардың әлеуметтік функциясының өзгеруінде;
- Жастар индустриясындағы бірегей жаңа трендтің келуі;
- Өмір сүру ережелерінің өзгеріске ұшырауы, ХХ ғ. екінші жартысындағы жастар арасындағы «танымалдылық», ұйымдарға ұйыса білу процесінің дами түсуі;
- Ақпараттық кеңістіктің кеңейе түсуі және ғаламтор ауқымының артып, жаһандану процесінің жылдамдауы жастар арасындағы субмәдениет процесінің таралым жылдамдығын геометриялық прогрессия негізінде арттыра білді.

Белгілі ғалым, Л.Крокеттің пікірінше қазіргі кезеңде батыс қоғамында «жастық» ұғымына қоғамдық өмірдің экономикалық және әлеуметтанулық өзгерістері тұрғысынан баға беру қалыптасқан. Жастық шақ кезеңі өзіндік ерекшеліктерін, құрылымдық тұрғыдан индустриалды қоғам кезеңіне қарағанда кең ауқымда қарайтын болып келуде. ХVІ-ХVІІ ғасырдағы аграрлық экономикалық кезең кезінде жастардың еңбегі қоғамдық экономикалық прогрестің негізі болып саналды да, жас азаматтар, жиырма бес жастан кейін қоғамның «экономикалық активі» ретінде

қарастырылып келді. Аграрлы экономика кезінде әдетте, жас азаматтар өздерінің көп уақытын үлкен азаматтарға көмектесу, қол ұшын созып, біріге жұмыстар атқарғандықтан, әлеуметтік педогогикалық тұрғыдан жастардың қоғамдық ортаға сіңісіп кетуі оңай болып отырды. Алайда, атап өтерлігі аграрлық экономикалық кезеңде «жастық шақ» кезеңі деп он екі жастан бастап есептеліп келсе, бергін келе, жиырма төрт, отыз жастарда «жастар» категориясына жатып келді [2].

Субмәдениет (лат. sub – төменгі, нем. kultur – мәдениет) – дәлме-дәл аударымда «астыңғы мәдениет», ірі мәдени құрылым ішіндегі белгілі бір топтар, бірлестіктер мәдениеті дегенді білдіреді. Субмәдениет көбінде қоғамда өктем болып тұрған мәдениет пен әлеуметтік құрылымға оң немесе теріс қатынас нәтижесінде пайда болады. Қазіргі жағдайда субмәдениет үлкен аймақтық, ұлттық мәдени құрылым негізінде пайда бола отыра сол мәдениеттегі классикалық дәстүрден тысқары тұрады. Субмәдениеттің әлеуметтік бастауын әр түрлі жас ерекшеліктеріне байланысты топтар, бейресми бірлестіктер т.б. құрайды.

Жаңа заман көптеген дүниелердің даму шыңына жеткен, жаңа лептің бастау алған кезеңі болды. Ол тек техникалық жетістіктер, ғылыми ашылуларға ғана байланысты емес. Сонымен қатар рухани, мәдени жаңашылдықтың да белең алған уақыты. Сондай заман нәтижелерінің бірі - фанатизмнің (табынушылықтың), психологиялық талғамдағы ұқсастықтың белгілі адамдарды ұлтына, жынысына қарамай, бір идея толқынына біріктіруі, яғни «субмәдениет» ұғымының қалыптасуы. Бұл үрдіс көп кешікпей Қазақстанға да келді. Субмәдениет өкілдерін, қала көшелеріне шықсаңыз, міндетті түрде көресіз және бірден танысыз. Өйткені олардың киім киістері де, өздерін ұстауы да, сөйлеулері де өзгеше. Сіздерге бір топ бейформалды бірлестік өкілдері, атап айтқанда, басынан аяғына дейін қап-қара киінген, бет-келбетін де қарамен бояп алған адамдар немесе үсті-басы металдан жылтырап тұрған, не басқа да «ерекшелігі» бар, өзгелерге ұқсамайтын жастар кездесті ме? Шынымен де, бұл қызық сұрақ болғанымен, оның астарында үлкен мәселесі бар. Бұл «ерекше адамдар» белгілі бір субмәдениет өкілдерін құрайды. Осы субмәдениет біздің қоғамдағы жастар арасында белең алып барады. Субмәдениет – жастардың өзіндік қоғам құрып, белгілі бір топ ішіндегі бейформалды, яғни, қоғамнан бөлек бірлестігі, осы бірлестік мәдениеті. Ошағы Батыстан бастау алатын субмәдениет ұғымы қазір бар әлемде кең таралған. Оған, әсіресе, жасөспірімдер көп қызығады [3].

Қоғам мәдениетінің белгілі бір бөлігі болып табылатын топтарды субмәдениетке жатқызамыз. Мұндай топтар қоғамдағы қандай да бір саяси оқиғаларға, әлеуметтік қозғалыстарға байланысты пайда болады. Олар топтар және бейресми бірлестіктерден тұрады. АҚШ зерттеушілерінің пайымдауынша, «субмәдениет» ұғымы адамдардың әсіресе жастардың белгілі бір салаға еліктеушілігінің (фанатизм), табынушылығының немесе күйзеліске түскенде ермек қылған хоббиінің салдарынан пайда болған. Мұндай бейресми топтан тұратын субмәдениеттердің өкілдері өздерін «ерекше адамдармыз» деп қоғамнан оқшаулағанды қалайды. Олардың өмірдегі ұстанымдары, киім үлгілері, түсініктері, араласатын ортасы қарапайым қала тұрғындарынан әлдеқайда өзгеше болады. Соңғы уақытты мектеп оқушыларының арасында яғни, 13-15 жастар арасындағы жасөспірімдер арасында субмәдениетті өздеріне қабылдаған жеткіншектер осындай топтарға біріккен. Осы тұста психологтар және әлеуметтік педагогтар осының салдары суицидке ұласып кетпеу үшін арнайы жұмыс істеу керек екенін дабыл қағып айтып отыр. Себебі әлемдік статистикаларға сүйенсек субмәдениеттің готтар түрі суицидке бейім және өзінің тобындағы адамдарды да суицидке итермелейтіні айқындалып отыр. Әлеуметтік педагогтың жастар субмәдениетімен жұмыс ерекшелігі өте күрделі және жан-жақты болуы керек, оның нәтижесін болжау өте қиын.

Әлеуметтік педагогтың субмәдениетті жастармен жұмыс бағыттарын М.Шакурова былай қарастырады:

1. субмәдениетті жастармен реабилитациялық және коррекциялық жұмыс. Оларды әлеуметтік топтарға қосу ақрықыл мінез-құлықын түзету

2. Әлеуметтік топ құрып, микросоциумға қосу арқылы іс-әрекет жұмысын жасау

3. Психологтар мен ата-анамен және педагогтармен бірлескен іс-әрекеті, жұмысы [4].

Жастар субмәдениетімен жұмыс әдістерін М.Сенченко ұсынған. Әдістің мақсаты- субмәдениетті жастардың өздерінің өзгеруіне ықпал ету. Яғни, жасөспірім өзінің іс-әрекетін өзі жауап беруін бақылау. Әлеуметтік педагогтың субмәдениетті жастарымен жұмысында нәтиже беретін тәсіл ретінде жасөспірімдердің қызығушылығын басқа жаққа аудару. Мысалы, жарыстар, спорт жарыстары, мәдениет деңгейін көтеретін сайыстар. Көп ғалымдардың пікірінше, жасөспірімдердің субмәдениетті топтарға бірігуі отбас қараусыздығы және педагогикалық қараусыздық. Сондықтан әлеуметтік педагогтың жұмысының құрамына субмәдениетті жасөспірімдердің отбасымен міндетті түрде жұмыс атқаруы керек. Оларға: педагогикалық-психологиялық білімдерін арттыру мақсатында ақпарат беру, педагогикалық-психологиялық кеңес беру. Сонымен қоса, әлеуметтік педагог мектептің

педагогтарымен, психологтармен бірлесе жұмыс атқара отырып, жасөспірімнің педагогикалық қараусыз қалмауын қадағалау керек. Ондай бейформальды топқа жасөспірімдердің қосылмауы үшін әлеуметтік педагогтың міндетті түрде оқушылардың бос уақытын ұйымдастыру керек.

Жастардың субмәдениетіне әлеуметтік педагогикалық жұмыста топтық жұмыстар мындай мәселелерді шешу керек:

- топта эмоциональдық климат құрылу керек

- субмәдениет жастардың топтан қолдау және сенім ықыластарын сезінуін қамтамасыз ету

- субмәдениет жасөспірімнің топта нақты бір қызмет атқаруына ықпал ету

- субмәдениет жасөспірімнің өзінің іштей ашылуына, эмоциясын шығаруға, өзін басқа жағынан көрсетуге, қоғамға бейімделуін ұйымдастыру, іске асыру.

Қазіргі дамыған елдерде жасөспірімдер субмәдениетіні жарқын белгілері айқын көрінеді. Батыс елдерде жасөспірімдер субмәдениетін қауіп тобы деп қарастырып, олармен әлеуметтік-педагогикалық іс-шаралар қарастырылған. Батыс елдерінде жасөспірімдер субмәдениетімен жұмыс жасау шаралары көше әлеуметтік жұмыс және мобильді жұмыс болып табылады. Мысалы, Ұлыбританияда – қарауыз қалған жасөспірімдермен жұмыс (Detached youth work), АҚШ-да жасөспірімдермен мобильді әлеуметтік педагогикалық жұмыс (Outreach youth work), Швецарияда – жасөспірімдермен мобильді жұмыс (Mobile jugendarbeit), Германия мен Австрияда – көше жұмысы (Street Work) осындай жұмыс түрлері қарастырылады. Аталған Батыс елдерінде мобильді жұмыстың әлеуметтік педагогикалық жұмыстың арнайы бағдарламалары құрастырылған. Бұл мобильді жұмыс екі бағытта жұмыс жүргізіледі, біріншісі- жасөспірімдер мен жастардың кездесетін орындарында жұмыс (вокзал, парктер, жертөлелер), және микрорайондарда. Жасөспірімдер субмәдениетімен әлеуметтік-педагогикалық көмек көрсету екі бағытта жүргізіледі: индивидуальды және топтық. Индивидуальды жұмыс жеке кеңес беру т.б болып табылады. Ол топтық жұмыс жасөспірімдердің отбасымен бірлескен жұмысы болып бөлінеді. Сонымен қатар, жасөспірімдермен мобильді жұмыс Ресей Федерациясында 1998 жылда Санкт-Петербургта **арнайы бағдарлама қарастырылып**, мамандар даярлай бастаған. Нидерландыда «көше педагогтары» атты жасөспірімдермен жұмыс түрі қарастырылған. «Көше педагогтарының» міндеті- профилактикалық жұмыс, ата-анамен жұмыс және т.б [5]. Батыс елдеріндегі жастар субмәдениетін педагогикалық тұрғыдан зерттеу заманауи мәдени, гуманиатрлы ғылым үшін өте маңызды. Германия, АҚШ, Жапония сынды елдерде жүргізіліп отырған реформалар мен салдарлық негізі ғылыми негізде зерттеуді талап етіп отыр. Біріншіден аталмыш елдердегі әлеуметтік жұмыс институттары мен әлеуметтік педагогика негіздері бағыты жоғары білім беру саласының негізгі провайдеріне айналып отыр. Р.В.Корнюшинаның мәлімдеуінше, АҚШ, Германия елдері әлеуметтік педагогиканы мемлекеттік бағдарламаның негізіне кіргізген. Екіншіден, аталмыш елдерде ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап жастар саясатына негізделген, қоғам өзгеше негіздегі жастарды интеграциялау мақсатында деп аталатын бағдарлама жүргізіп, тиісті салдарын көріп келуде. Жастар арасындағы және ересектер арасындағы субмәдени құндылықтар батыс елдерінде жалпы қоғамдық құндылықтармен сай келмей жатқан жағдаяттар жиі орын алып тұрады. Сол себепті де аталмыш елдер субмәдениет мәселесін жастар саясатының функциясына қосқан. Яғни, мемлекеттік саясаттың бір бөлігі. Үшіншіден, қаралып жатқан елдерде жастар саясаты құқықтық негізде өте тиімді жұмыс жасап келуде (Балалар мен жастарды қоғамдық құндылықтар негізіне ұйыстыра білу негізінде 1991 ж. Германияда арнайы заң, дәл сондай заңнама Жапонияда 2004 ж., АҚШ та «Жастар арасында қылмысты азайту мақсатындағы ұлттық профилактика» аталатын). Қазіргі кезде АҚШ Мемлекеттік департаментінің мәлімдеуінше, девиантты мінез құлықты жастармен жұмыс жасауға штаттық деңгейде 300 – ден аса бағдарламалар жұмыс жасауда [6]. Төртіншіден, «проблемалы жастармен» әлеуметтік педагогикалық жұмыстар міндетті негізде жұмыс жасалынып келуде. Үйінен кетіп қалған, ата аналары тастап кеткен, нашоқорлыққы іліккен жастарды «қауіпті аймақтағы жастар» деп арнайы категория жатқызылады. Әрине, жастармен жұмыс арнайы бағдарламалық ереже бойынша жүйелі негізде жүргізіліп отырады. Қазіргі кезде батыс елдерінде субмәдени құндылықтағы жастармен жұмыстар негізінде көшелік әлеуметтік жұмыс жүргізумен жүріп отырды. Себебі, бір Америка Құрама Штаттарының өзінде ХХ ғ. жиырмамыншы жылдары жастар арасындағы қылмыс реті өсіп кеткеннен кейін, мемлекеттік саясат тұрғысынан аранйы бағдарлама жасалып еді [12]. Аталмыш бағдарламаның жүзеге асуы жолында жастар ісі жөніндегі консультациялық орталықтың жұмысының аса маңызды рөл атқарғандығын атап өту керек. Қала жастарының көптеп жиналатын көшелер бойында әлеуметтік қызметкерлер арнайы ақпараттық қағаздар таратып, тәрбие жұмыстарын бірнеше форматта қатар жүргізгендіктен бес жыл ішінде, жастар арасындағы қылмыс азайып, тәртітлік тұрғыда ретке келіп қалып еді. Белгілі батыс ғылымы М.Брэйк жастар субмәдениеті ұғымын девианттылық тұрғысынан (қоғамда жалпы қабылғанған

құндылықтарды әлеуметтік және психологиялық ауытқулар байланысты қабылдамайды деген ұғым негізінде) қарастырады [9]. Жастар субмәдениетін негізгі төрт типке бөліп зерттейді: қалыпты (жастар арасындағы, субмәдени топтарға қосылу үшін өзінің ешқандай да бір әлеуметтік проблемасын шешуді мақсат етпейді); деликвентті (құрамына тек потенциалды, жалпылық қалыптасып қалған құндылықтарға қарсы шыға алатын жастарды ғана тартады); мәдени бунтарлы (орта таптан шыққан, жоғары білімге ие, белгілі бір өнердің жанкүйерлері); саяси белсенді жастар (экологиялық проблемалардан бастап саяси мәселелерге дейінгі аралықтағы спектрлі мәселелерді қамтитын жастар бөлігі) [7]. Біздің ойымызша, аталмыш типология қоғамдағы жастардың әлеуметтік психологиялық орнын көрсетіп отыр. Алайда, жастар арасындағы субмәдениет мәселесіне қарайтын болсақ, аталмыш проблема кең ауқымды. Қоғамдық орнын анықтап қана қоймай, жастармен педогогикалық жұмыс жасаудың методологиясы, теориялық концепциясының болғанын мақсат етеді. Жасөспірімдердің субкультураларын зерттеу АҚШ пен Ұлыбританиядағы бай тарихы бар, бірақ мәдени әлеуметтанудағы өзінше ғылым аралық зерттеу саласы болып қала берді. Бұл мақалада мен Чикаго мектебінің, штамм теориясы, Бирмингем мектебінің және жастар-мәдени және жасөспірімдердің субмәдениет дәстүрлері зерттеу. Содан кейін уақыт өте келе жастардың субмәдениетті зерттеулерінің негізгі компоненттері болып табылатын көптеген маңызды аналитикалық тұжырымдамаларды ойлаймын. Бұл аналитикалық тұжырымдарға субкультуралық стиль, қарсылық, субкультуралық кеңістік және бұқаралық ақпарат құралдары, қоғамдық реакция, өзіндік және түпнұсқалық жатады. Әр аналитикалық секцияда мен негізгі тұжырымдамалық шеңберлерді зерттеп, панк-готты, сызғышты, скейтбордінгі, скейтбордінгі, рейдтік және клубтық мәдениеттерді қоса алғанда, жастар субкультуралары бойынша маңызды эмпирикалық зерттеулерді талқылаймыз [10].

Соңғы 10 жылда санақ қорытындысы бойынша 14 пен 29 жасқа дейінгі жастардың саны 919 153 адамға өскен (1999 жылы – 3,78 млн. адам, 2012 жылы – 4,7 млн. адам). Қазіргі уақытта жастардың басты «әлеуметтік сатылары» сапалы білім болып табылады. Жалпы, білім-деңгейі бойынша 718 мың жастар жоғары білімге ие (15,9%), 306 мың жастың аяқталмаған жоғары білімі бар (6,8%), 728 мың жастардың білімі – арнайы орта (16,2%). Демек жастар арасындағы субмәдени ұйымдарға деген белсенділікте, аталмыш процестің позитивті әрі негативті әсері өзінің маңыздылығын арттырып келуде. Сол себепті де, дамыған Жапония, АҚШ және Германия сынды елдердегі субмәдени топтарға қызығушылығы жастармен жүргізілетін педогогикалық және психологиялық жұмыстар технологиясын ғылыми негізде зерделеу негізгі мақсатымыз [8]. Жастар субмәдениетінің өзіндік құндылықтары мен тәртіп нормаларын культқа айналдыруға уақыты жеткілікті жас адамдар аса көп шоғырланған үлкен мегаполистерге тән феномен. Мұны «жастарға арналған мәдениет» (кино, әртүрлі жаппай көңіл көтеру, бизнес, сән, телехикаяттар т.б.) пен жастардың контрмәдениетімен (дәстүрлі нормаларға қарсы тұру секілді) шатастырмаған жөн.

Жалпы алғанда, Қазақстандағы ресми емес қозғалыстарға белгілі бір стильдер мен бағыттардың араласып келуі тән. Қоғамдағы біркелкіліктің қаншалықты болмағандығына байланысты мәдени мұралар элементтерінің де соншалықты санқырлығы байқала түседі. Субмәдениет көбінде қоғамда өктем болып тұрған мәдениет пен әлеуметтік құрылымға оң немесе теріс қатынас нәтижесінде пайда болады. Қазіргі жағдайда субмәдениет үлкен аймақтық, ұлттық мәдени құрылым негізінде пайда бола отыра сол мәдениеттегі классикалық дәстүрден тысқары тұрады. Субмәдениеттің әлеуметтік бастауын әр түрлі жас ерекшеліктеріне байланысты топтар, бейресми бірлестіктер т.б. құрайды. Субмәдениет – бұл қоғамның жай кедергі жасамауына болатын жастардың әлеуметтік белсенділігінің алаңы. Қазіргі жастардың жеке, өзіндік өмірге бүгінгі аса қиын және динамикалық (қозғалысты, көп сырлы) кезеңде аяқ басатындығын ұмытпауымыз керек. Оларға нағыз өмір туралы нақты кеңестер беріп, уақытында өз өмірлік тәжірибемізбен бөлісіп, олардың бастан кешіргендеріне сыйластықпен қарауымыз қажет. Буындар арасындағы түсініспеушілік, негізінен, сол кезеңнің әлеуметтік құрылымдарын, өмір тарихтарын білмегендіктен туындайды. Тарихтың белгілі бір кезеңіне қазіргі ғылыми биіктен қарап, бүгінгі түсініктер тұрғысынан саралап, дәуір психологиясын ескермей, мәселені сол заман адамдарының қандай көзқараспен танығандығын назардан тыс қалдырып жатамыз. Жалпы, субмәдениет – жас адамдардың ресми емес қатынастарының, олардың ерекше өмір сүру стилі мен тәртіптерінің, белгілі бір қағидалары мен құндылықтарының нәтижесі және «МЕН-ОЛАР» жүйесіндегі өздерін көрсетудің, дамытудың бір жолы. Жастар субмәдениеті - жастардың үлкендер әлеміне толықтай бейімделуі жүргеннен соң, әрі қарай өз мәнін жоятын дамудың белгілі бір кезеңі, яғни жеке адам дамуының өтпелі сатысы. Жастардың ресми емес қатынастары және олардың өздеріне ғана тән мақсаттарын табуы жеке субмәдениеттің қалыптасуының себебіне айналады [11]. Жастар субмәдениеті – киген киімнен, сөйлеу мәнерінен,

жаргондардан және айрықша әуестенулерден көрініс табатын үлкендер әлеміне, қоғамның ережелері мен құндылықтарына деген өзіндік қарсылық.

Ендеше, келешекте дұрыс қоғамды қалыптастыру үшін осындай бөтен мәдениет түрін қабылдамаудың жолын шешу керек. Керісінше, өзіміздің қазақы діліміз бен мәдениетімізге тән ерекшеліктерімізді тануға тиіспіз. Ұмыт қалған салт-дәстүрімізді қайта жаңғыртып, дамытып, өзіміздің қазақ деген атқа лайық мәдениетті, оның салаларын қазіргі жастарға насихаттау керек. Бүгінде мектеп, университет және отбасы жастарға жай «бақылаушы» позициясын ұстанбаулары керек, керісінше, жеке адамның бүкіл қоғам мүддесін игеру үшін жарыс мүмкіншілігіне тең дәрежеде ұмтылу позициясын қамтамасыз ету керек. Әрине бұл тұрғыда, ғылыми методологиялық ұстанымдарға негізделген танымдар кейпінде әрекет ету қажет. Себебі жаһандану қарсаңында көптеген шағын мәдени құндылықтар жойылып бара жатқанда, әлемде барлық ұлттар өзінің ерекшелігін сақтап, ұлттық тамырын сақтап қалғысы келеді. Әлемдегі ең тиімді болған, жастармен және жасөпірімдермен педагогикалық және психологиялық ғылыми парадигмаларды пайдаланып мемлекеттік жастар саясаты бағдарламасының негізіне қосу қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мантатова Л.В. *Стратегия развития: Ценности новой цивилизации*. Улан-Удэ: ВСГТУ, 2014. С. 18-75.
2. *Жасөспірімдердің өзін-өзі реттеуі және өзіндік құндылық бағдары/ Педагогика*.
3. *Ценностные ориентации молодежи // Саясат, 2003 жыл, № 4*.
4. Айдарбеков З.С. *Молодежные субкультуры*. М., Фаир – Пресс, 2004.
5. *Эффективная молодежная концепция как залог будущего // Саясат 2003*.
6. Мургабаева А.С. *Қазақ мәдениетіндегі ұлттық ойындардың ерекшеліктері мен рәсімдік негіздері // филос.ғыл.кан. ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс...авторефераты. –Алматы, 2006. – 18 б.*
7. Льюис Дж. *Марксистская критика социологических концепций*. М. Вебера. М., Мысль, 1981. – 412 с.
8. Әтемова Қ.Т. *Әлеуметтік педагогика*. Оқулық. А., 2012, 272.
9. Айтбаева А. *Әлеуметтік педагогика негіздері*. Оқу құрал. А., 2011.
10. Baron, Stephen W. 1989. 'Resistance and Its Consequences: The Street Culture of Punks.' *Youth and Society* 21: 207–37.
11. Becker, Howard 1963. *Outsiders: Studies in the Sociology of Deviance*. New York, NY: Free Press. Becker, Howard 1999.
12. Левикова С.И. *Молодежные субкультуры*. М., ФАИР-ПРЕСС, 2004. 96 с.

Ашекеева Құралай Несіпбекқызы
ф.ғ.к., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің доценті

Хадрова Шынар Букенбайқызы
«Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығының 4 курс студенті, S.Hadrova@mail.ru

МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҮЛГЕРІМІНЕ УАҚЫТТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӘСЕРІ

***Резюме:** В данной статье, поднимается вопрос касательно неуспеваемости в школе, рассматривают его с точки зрения тайм-менеджмента, также предложены результаты исследовательской работы.*

***Summary:** In this article I therault addressed the issue by considering it from the point of view of time management, the results of the research offer.*

Мектептегі үлгермеушілік мәселесі бойынша дәстүрлі зерттеулер оқушылардың қабілеттілігі, оқуға қабілеті, әлеуметтік ортасы сияқты факторларға назар аударады. Генетик ғалымдардың зерттеулері көптеген мұғалімдерге кейбір балалардың жаман нәрсені үйренуге, жалқау болуға, сабақтарды жиі оқымай қалдыруға табиғи бейіні бар екендігін болжауға мүмкіндік береді. Біреулер олар жас ұрпақтың «бүлдіреді» деп кейбір компьютерлік ойындарды, біреулер БАҚ-ты кінәлайды. Мұнда кейбір ата-аналардың жауапсыз және аморалды мінез-құлық проблемалары және тағы басқалар қосылады. Өкінішке орай, мектеп, аймақ және облыстың имиджін сақтап қалу және білім беру мекемесінің рейтингтік көрсеткіштерін төмендетпеу үшін мектептегі үлгермеушілік мәселесі көп жағдайда еленбейді. Сонымен қатар, әртүрлі тәсілдермен білім беру көрсеткіштерін жақсарту үшін айтарлықтай мүмкіндіктер бар екенін дәлелдейтін қазақстандық және шетелдік педагогтар мен психологтарда елеулі зерттеулер бар. Бұл мақалада, мектептегі үлгермеушілік мәселесіне тоқталып, оны тайм менеджмент тұрғысынан қарастырып, зерттеу жұмыстарының нәтижелерін ұсынамын.

Қазіргі кезде білім беру жүйесінде оқушының дамуындағы оның үлгерімінің үлкен мәні бар. Баланың жеке басын жан-жақты дамытуға бүгінгі таңда білім беру саласындағы оқу процесіндегі оның үлгерімі негізгі роль атқарады. Мектепте оқушылардың оқу мен тәрбиелеу бағдарламалары және жағдайлары бірдей болғанмен, білімді игеруде барлығы бірдей емес. Оқушылардың үлгерімінің көрсеткіштері, оқу міндеттеріне қатынасы, тәрбиелері, даму деңгейлері әртүрлі болып келеді. Білім беру орындарында оқушыларды тәрбиелеу мен оқыту бойынша қоғам мен мемлекеттің алдында, олардың үлгермеушілігін уақытылы жою міндеттері тұр. Олардың көптеген себептері болуы мүмкін [1]. Мектептегі оқушылардың үлгермеушілік мәселелерімен көптеген психологтар мен педагогтар: И.В.Дубровина, П.П.Блонский, Н.И.Мурачковский, Ю.З.Гильбух, С.Н.Костромина, З.И.Калмыкова, П.П.Борисов, Ю.К.Бабанский, В.С. Цетлин, Г.М. Гульнев, С.Д. Замбрамяя, А.Я. Иванова, К.С. Лебединская, А.Р.Лурий, С.С. Ляпидевский, Г.Е. Сухарева және тағы басқалары айналысты.

Әйгілі психологтар Ю.К. Бабанский және В.С. Цетлин үлгермеушіліктің ішкі – әлеуметтік және сыртқы – оқу орындарындағы оқу процесінің кемеліне жетпеген ұйымдастыру себептерін көрсетеді. Ал, И.В. Дубровина, П.П. Блонский және Н.И. Мурачковскийдің еңбектеріне үлгермеуші оқушылар оқуды білмейтіндігі, олар оқу материалдарының тақырыптарын меңгеруде логикалық өңдеу жасай алмайтындығын көрсетеді.

Бастауыш сынып оқушыларының жазу жұмыстарындағы әріптерді қалдырып кету, ережелерді жақсы білуде орфографиялық қателер жіберу, зейінсіздік пен ұмытшақтық, математикалық есептерді шығарудағы, тексті айтудағы қиындықтар, көбейту кестесін нашар білуі, дербес тапсырмаларды орындауда оқу іс-әрекетіндегі қиындықтардың бала үлгерімінің төмендеуіне әсер ететіндігін психолог С.Н. Костромина қарастырған.

Бастауыш сынып оқушыларының алғашқы мектеп табалдырығын аттауда әлі де болса, жаңа білімдерді қабылдауға зейін қою, естеріне сақтау және ойлау процестері баяу өтеді. Сондықтан бастауыш сынып оқушыларының оқу үлгеріміндегі танымдық мотивациялық қызығушылықтарын арттыру, олардың тұлғалық қалыптасуын қамтамасыз ету – бүгінгі таңда мектептегі әлеуметтік педагог жұмысының басты мәселесі болып табылады.

Тайм менеджмент немесе уақытты басқару – іс-әрекеттің нақты түрлеріне жұмсалған уақыт көлемін саналы түрде бақылауды тиімділік пен өнімділік арнайы жоғарылату мақсатында жаттықтыру үрдісі.

«Тайм менеджмент» пәні жеке бағыт болып ХХ ғасырдың 60 жылдары бөлініп шықты. Тайм менеджмент – уақытты ұйымдастыру және оны пайдалану тиімділігін арттыру технологиясы. Бұл

салада ресейлік авторлар Г.Х. Попова, А.К. Гастева и П.М. Керженцева және шетелдік мамандар Л. Зайверт (Германия), Ст. Кови, П. Дойл (АҚШ), Б. Санто (Венгрия) еңбектері кең таралды.

Қазіргі уақытпен өзіндік ұйымдастыруы мәселесін зерттеуге арналған белгілі бір білім қоры жинақталды:

– адам тіршілігінде уақытының ұйымдастырылуы ерекшеліктерін Н.Н. Брагина, Т.А. Доброхотова, Ю.М. Забродин, А.В. Бороздина, Н.А. Мусина, Я. Освальд, С. Шервуд;

– уақытты құндылық ретінде бағалаудың педагогикалық аспектілерімен А.В. Кирьяков, Г.А. Мелекесов, Н.Д. Никандров, З.И. Равкин зерттеді;

– тайм менеджментке үйретумен Г.С. Альтшуллер, Г.А. Архангельский, Д.А. Гранин, Н.А. Лаврентьева, А. Лакейн, С. Кови, А. Левитас, Д. Литвак, А. Макензи айналысты.


Уақыт шындықтың барлық құбылыстары уақыт пен кеңістікте байқалатынына байланысты, объективті түрде бар шындықты кеңістік сияқты көрсетеді. Танудың басты нысаны – уақыт – қоршаған айналадағы шындықтың жан-жақты аспектісі. Уақытты қабылдау – мидағы объективті ұзақтығы, жылдамдығы, шындық құбылыстарының реті. Д.Б. Эльконин теориясына сәйкес уақыттың әр түрлі аспектілерін дамыту үшін адам миының түрлі кортикальды құрылымдарының функциясын қажет етеді. Балалар үшін уақыттың шын мәнінде осындай күрделі аспектісін көрсету ғарышты қабылдаудан гөрі көп қиындық туғызады. Бұл, негізінен, уақыттың мән-мағынасы ретінде көрініс объектісі және оның өміріндегі рөлі [4].

Тайм менеджмент балаларға арналған тақырып емес сияқты, ол жастық, жасөспірім кезде қарастырылуы тиіс болып көрінеді. Алайда, балалық шақта уақытты дұрыс ұйымдастырудың дағдыларына үйрету қажеттілігі болатынын көреміз – жасөспірім шақты сабақ дайындауға, пайдалы іс-әрекетке және демалуға уақытты жоспарлауға үйрету кеш болуы мүмкін. Әрине, жасөспірім шақта әдеттерді өзгертуге болады, алайда, бұл жұмысты кіші жаста бастаған әлдеқайда жеңіл болады.


Тайм менеджментке байланысты педагогтар «уақыттың бос өткені - өмірдің бос кеткені» немесе «Уақыт алтыннан қымбат» тәрізді халық ауыз әдебиетінен мысал келтіргенде, сабақ үстінде тапсырманы орындауға уақыт бөлгенде және т.б. кездерде жақын болады. Балаларыңызды отбасында тәрбиелеуге, баланың сабақтарына қатысуға немесе тапсырыс беруге үйретуге тырысып жатқан осы сәттерге және ата-аналарға әсер етіңіз. Алайда, баланың уақытты басқару дағдыларын оқытуға бұл жұмыс барлық ата-аналар мен мұғалімдер өз тәжірибесіне көбірек қатты сүйене отырып, өздігінен және кездейсоқ орын алады. Өздігінен мектеп оқушылары тиісті дағдыларды игере алатын және қорытуға болатын курста жоқ, сондықтан ата-аналар мұндай дағдыларды қалыптастыру технологиясын меңгере алады [3].

Мектеп оқушылары өз уақытын қаншалықты дұрыс ұйымдастыратыны және жалпы күн тәртібі туралы ойларын білу үшін мен М.Дулатов атындағы №136 мектеп-гимназияның жоғарғы сыныптары (9 «а», 9 «б» және 10 «б») оқушыларының арасында сауалнама алдым. Сауалнамаға 14-16 жас аралығындағы 52 оқушы қатысты. Нәтижелері 1,2 және 3 диаграммада берілген. Алдымен оқушыларға сабақ күндерінде 24 сағаттың ұйқыға кететін уақыттан басқасын қандай заттарға жұмсайтынын көрсетугін тапсырдым. Орташа алғанда 16 сағатты мектепте болатын, үй тапсырмасын орындауға, хоббиге, серуендеуге, интернет желілеріне және басқа шаруаларға (үй жинау, тамақ ішу және т.б.) бөліп тастады. Диаграмма бойынша оқушылар уақытының 35% мектепте (5 сағат 30 минут), 14% хоббиге (2 сағат 12 минут), 18% басқа шаруаларға (2 сағат 50 минут), 14% үй тапсырмасына (2 сағат 18 минут), 17% интернет желілеріне отыруға (2 сағат 42 минут) және 3% серуендеуге (28 минут) бөлетінін көреміз. Екінші тапсырмада оқушыларға тайм менеджмент, оның ережелері мен техникалары туралы қандай ақпаратқа ие және оны күнделікті өмірде қаншалықты пайдаланатынын көрсетуді сұрадым. Оқушылардың арасында уақытты дұрыс ұйымдастыру туралы білетіні және пайдаланатыны 12%, хабардар, бірақ пайдаланбайтындардың пайыздық көрсеткіші 21, ал мүлдем хабары жоқ оқушылар 67% көрсетті.


Үшінші диаграммада бірінші тапсырмада оқушылар үй тапсырмасына жұмсайтын уақыты мен сынып жетекшілерінен нақты оқушының үлгерімі туралы ақпараттың арасындағы байланыс көрсетілген. Бұл жерде үлгерімі өте жақсы оқушылар үй тапсырмасын орындауға 3 сағат 9 минут, ал үлгерімі жақсы оқушылар 2 сағат 40 минут, үлгерімі орташа оқушы болса, орташа алғанда 1 сағат 55 минут отыратынын анықтадым.



1 кесте. Жоғарғы сынып оқушыларының уақытын пайдалануының үлестік көрсеткіші



2 кесте. Уақытты пайдалану ережелері мен техникаларынан хабардар болу және қолдану дәрежесі (пайызбен)



3 кесте. Үлгерімі әр түрлі оқушылардың үй тапсырмасын орындауға жұмсайтын уақыты (сағатпен)

Қорытындылай өтсек, зерттеу жұмысын жүргізген кезде, оқушылардың көп бөлігі тайм менеджмент туралы естімегені және күн тәртібін құрастырмайтыны анықталды. Өзінің күнделікті уақытын бөліп көрсет деген тапсырмаға қиналып, уақытының қайда кетіп жатқанына мән бермейтіні көрінді. Сол себепті жүйелік уақытты басқару оқушыларға келесі нәтижелерге қол жеткізуге көмектеседі: мақсаттарға жету үшін маңызды екенін түсіну; сіздің мақсаттарыңызға тезірек қол жеткізесіз; объективті түрде айқын және анық жұмыс жоспары бар және кем емес жұмыс кестесі; адам әлдеқайда ұйымдаса, уақыт жұмсалмайды, алақандай мәселелер мен алшақтатулар азаяды; оқушы шешімдердің тиімділігін арттыру, маңызды мәселелерге назар аударуға қабілетті болады; оқушы неғұрлым көп уақытқа жетеді және қалған уақыт басқа мақсаттарға жету үшін пайдаланылуы мүмкін; оқушылардың өздері жақсы ұйымдастырылғандықтан, мұғалімдермен жұмыс істеу жеңілдірек және жағымды болады; оқушылар шығармашылыққа көбірек бостандық алады, себебі олар жеткілікті уақытты босатады; оқушылардың өздері үшін бос уақыты көбірек болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Анохина Н.Ф. *Что мешает вам работать? Ловушки для времени // Мотивация и оплата труда. 2015. № 3. С. 202-207.*
2. Кобзарев И.Ю. *Ньютон и его время. М., Знание, 1978.*
3. Кови С. *Главное внимание главным вещам. М., Альпина Паблишер, 2014. 328 с.*
4. Эльконин Д.Б. *Вопросы психологии учебной деятельности младших школьников. М., Институт практической психологии, 1996. 304 с.*

Байташева Г.У.

а\ш.ғ.к., Қазмемқызпу профессоры мін.атқ., Алматы қ.

Аширова Ж.Б.

PhDдокторант, Қазмемқызпу., Алматы қ.

Иманова Э.М.

а\ш.ғ.к., Қазмемқызпу., Алматы қ., Gauhar75e@mail.ru

БІРЛЕСКЕН ТОПТЫҚ ЖҰМЫСТЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕМЕСІ

Түйін: Мақалада бірлескен топтық жұмысты пайдаланудың тиімді әдістемесі қарастырылған. Бірлескен оқыту (CL) - мәселені шешу, тапсырманы аяқтау немесе тұжырым жасау үшін бірлесіп жұмыс істейтін Білімалушылар топтарын қамтитын оқытудың тиімді тәсілі. Маңызды элементтерді пайдалануды қамтамасыз ете отырып, оларды түсінуге мүмкіндік беретін бірлескен оқыту тұжырымдамасы ұсынылды. «CL» термині әртүрлі деңгейдегі білімалушылар жалпы мақсаттарға сәйкес шағын топтарда бірге жұмыс істейтін нұсқаулық әдісіне сілтеме жасалып өз тәжірибемізде қолданылды. Бірлескен оқытудың бес негізгі элементі: Позитивті өзара тәуелділік, Жеке және топтық есеп беру, жеке және кіші топтық дағдылар, бетпе-бетке әсер ететін өзара әрекеттесу және топтық өңдеу мәселелері қарастырылды.

Түйінді сөздер: жоба, технология, модуль, экология, топтық жұмыс, ситуация, позитив, актив.

Резюме: В статье приводится описание эффективного способа совместной работы. Совместное обучение (CL) - это эффективный способ обучения, включающий группы обучающихся, которые сотрудничают для решения проблемы, выполнения задачи или заключения. В работе представляется концепция совместного обучения, позволяющая понять важность использования ключевых элементов. Термин «CL» относится к руководству, которое работает вместе в небольших группах, которые отвечают потребностям разных уровней обучения. Пять ключевых элементов совместного обучения: положительная взаимозависимость, индивидуальная и групповая отчетность, индивидуальные и младшие групповые навыки, взаимодействие и совместная работа, влияющие на индивида.

Ключевые слова: проект, технология, модуль, экология, групповая работа, ситуация, позитив, актив.

Summary: Collaborative learning (CL) is an educational approach to teaching and learning that involves groups of learners working together to solve a problem, complete a task, or create a product. This article seeks to present the basic concept of CL, enabling one to understand it while ensuring important elements are taken into account. The term CL refers to an instruction method in which learners at various performance levels work together in small groups toward a common goal. Five fundamental elements involved in CL, are: Positive interdependence, Individual and group accountability, Interpersonal and small group skills, Face-to-face promotive interaction, and Group processing.

Бүгінде заман талабымен қоғамда көптеген өзгерістер орын алууда. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады. Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығымен емес, адамдарының бәсекелік қабілетімен айқындалады. Ал бұл жас ұрпақтың сапалы білімді игеруінің өзектілігін ашады. Қазіргі кезде білім берудің жаңа үрдісінің жасалуы, білім мазмұны мен әдіс-тәсілдерінің жаңаруы бәсекелестікке қабілеті мол, шығармашылық бағытта еңбектенетін, ой қабілетімен ерекшеленетін азаматты тәрбиелеуді көздейді. Сапалы білім – ел болашағын айқындайтын көрсеткіш болып саналады [1]. Бүгінгі мектеп партасында отырған бүлдіршіндер ертең ел тағдырын шешетін азаматтар. Ал бұл бүлдіршіндерді қанаттандыратын әрине ұстаз.

Сондықтан, Ел басымыздың «Әрбір Қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек» - деп айтқан сөзі, жалпының өмірлік ұстанымына айналуы тиіс [2]. Сондай-ақ, біздің ЖОО бүгінгідей білім салтанат құрған заманда, жастарымыз үшін үлкен мүмкіндіктер мен бастамаларға жол ашатын құндылықтарды қалыптастыруды мақсат етуде. Университет Елбасы ұсынған жобаларды іске асыруға кірісіп, университетіміздің педагогикалық ұжымы мен Білімалушылары өз үлестерін қосып келеді. Білім мен ғылым үзіліссіз өмір бойы жүргізілетін үрдіс. Заманына қарай адамы демекші ХХІ ғасыр білімін біз адамның қызығушылықтарының дамуы, оның тұлға ретінде жан-жақты өзінің дамуы деп түсінеміз. Бұл әр адамның өзін-өзі жасампаздықпен қайта құра алуы, қоғамдық талаптар тұрғысынан өзіне сыни баға бере алуы, айналаны өзгерте алуға қатыса алуы. Олардың сапалы білім алуын бүгін қамтамасыз ету мұғалімнің басты міндеті. Нағыз ұстаз болу – бақыт әрі абырой. Шындығында, мұғалім болу оңай болып көрінгенмен, ал нағыз ұстаз болу екінің бірінің қолынан келе бермесі анық. "Ұстазды алтын діңгекке теңер едім", – деп ұлы педагог Б. Алтынсарин айтқандай, ұстаз жолы – қиыншылығы мен

рахаты бір басқа жетерлік мамандық атаулының ұлысы. Сондықтан бүгінгі таңда әрбір ұстаздың алдында өзінің ұлылығын айқындап дәлелдейтін сәт туындап отыр.

Оқытудың кешенді міндеттерін және ұстаздың әртүрлі жағдайларда жұмыс істейтіндігін ескерсек, *тиімділік* деген сөздің мағыналық анықтамасы нақты емес, екіұшты болып шығады. Ұстаздық *қасиет* – күрделі феномен, оның мазмұны мен өлшем құралдары жайында бірыңғай пікір жоқ. Ұстаз үнемі ізденіс процесіндегі тұлға. Ұстаз жұмысының тиімділігін анықтау өлшемі жөнінде түрлі пікірлер бой көтереді: ол ұстаздың жетістіктері (біліктілігі, т.б.), оқыту үдерісі (оқыту әдістері, тәсілдері және т.б.), оқыту нәтижесі (оқушының білім алуына ықпал ету, т.б.), оқыту мен тәрбиені ұштастыруы немесе жоғарыда аталған барлық факторлардың жиынтығы болуы мүмкін деген ойлар да орын алуда. Ұстаз оқыта отырып тәрбиелеу үстіндегі мұғалім. Оқытудың қандай жолы қолданылса да, қарастырылатын екі көзқарас бар:




Біріншіден, оқушының жеке тұлға және әлеуметтік нысан ретіндегі келешегі;

Екіншіден, оқытудың оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас нәтижесі ретінде қарастырылуы.

Ал оқу процесі мұғалім қасиеттерін кеңінен бағалауға мүмкіндік береді. Мұғалімнің қасиеттерін бағалау барысында бағалаушы факторлар жиынтығын пайдалана отырып, бағалау өлшемдерінің межегесін түсіндіріп беретіндігін ұғыну қажет. Мұғалімнің Сындарлы оқытуға негізделген сабақтары Білімалушыларға өз білімдері мен ұстанымдары жайында ойланып, сұрақтар қойып, білімін толықтырып, белгілі бір тақырыпты оқып-білу кезеңінде өз түсінігін өзгертуге мүмкіндік береді. Бұл үдеріс оқушының өз болжамдарына күмәнмен, сыни тұрғыдан қарай отырып, сол арқылы әлем, тіршілік, жаратылыс туралы өзінің түсінігін тереңдетіп, кеңейтуге ұмтылу мүмкіндігін ұлғайтады. Оқытудың бұл түрінде Білімалушылар өте маңызды рөл атқарады: олар құрбы-құрдастарымен әлеуметтік байланыс жасау арқылы белсенді түрде білім жинақтайды. Мұғалім Білімалушылардың оқуына мүмкіндік тудырып, оқу материалы және өзге де қажетті құралдармен қамтамасыз етеді, ал Білімалушылар өз кезегінде пән бойынша өз түсініктерін арттыру іс-әрекеттеріне ынталы болғаны абзал. Ал пәнге деген ынта жігерді ашатын мұғалім жан-жақты болғаны абзал.

Құзырлы оқытудың маңызды факторы мұғалім *оқушының тақырыптың мәнін өз бетімен меңгеруін* түсінуі мен бағалай алуы болып табылады. Мұндай тәсіл бұл үдеріске оқушының өзінің де қатысуын талап етеді. Осылайша, оқушы да өзінің оқуы үшін жауапты болады. Оқушы мұндай жауапкершілікті көбіне сабақ беру барысында мұғалім қалыптастыратын ортада сезініп, қабылдайды. Сондықтан мұғалімде Шульман «үш көмекші»[3] деп атаған қасиеттер болған жағдайда ғана оқыту жақсы болып саналады (1-кесте).

1-кесте: Шульман ілімі.

Мұғалімнің көмекшілері	Құзырлы мұғалімге тән белгілер
<p data-bbox="327 1294 375 1326"><i>Бас</i></p>  <p data-bbox="295 1400 391 1422">head</p>	<p data-bbox="574 1294 758 1326"><i>Кәсіби түсінік</i></p> <p data-bbox="574 1332 1426 1451">Тұғырлы теориялық білімге негізделген және оқыту мен Білімалушылар туралы жеткілікті білім болуын талап етеді. Сондай-ақ, тәжірибені түсіну, дамыту/жетілдіру үшін дәлелдер/зерттеулер нәтижелерін қалай қолдану керектігін білуді көздейді.</p>
<p data-bbox="327 1451 375 1482"><i>Қол</i></p>  <p data-bbox="311 1556 391 1601">hand</p>	<p data-bbox="574 1451 1005 1482"><i>Оқытудың тәжірибелік дағдылары</i></p> <p data-bbox="574 1489 1426 1668">Бұл ілім жұмыс жүргізу, демонстрациялау, түзету және оқытуды бағалау сияқты тәсілдер арқылы идеяларды түсіндіре білудің техникалық, тәжірибелік дағдылары мен тәсілдерін білуді талап етеді. Сонымен қатар ынталандыру, көтермелеу, шектеу, сабақтар кезеңдерін жоспарлау және Білімалушыларды бағалау әдістемелерін меңгеру қажет.</p> <p data-bbox="574 1675 1426 1794">Жоғарыда аталған дағдылар болған жағдайда, мұғалім сабақ үстінде Білімалушылардың оқуға ынтасы мен жоғары және сәйкес деңгейлерге қол жеткізуге ұмтылатындай қолайлы орта қалыптастырып, оның тұрақтылығын қамтамасыз етері анық.</p>
<p data-bbox="311 1794 391 1825"><i>Жүрек</i></p>  <p data-bbox="311 1892 391 1937">heart</p>	<p data-bbox="574 1794 798 1825"><i>Кәсіби тұтастық</i></p> <p data-bbox="574 1832 1426 1944">Мұғалімдер ұстаз мамандығының этикалық және моральдық құндылықтарын ұстанады. Демек, олар шыншыл, батыл, төзімді, Білімалушыларға аяушылық, мейірім және құрмет көрсете білетін әділ адамдар.</p> <p data-bbox="574 1951 1426 2065">Мұғалімдер білім беру саласындағы өзге мамандармен өзара тығыз байланыста болып, оқытудың басты құндылықтарын сезініп, қабылдау мен тұжырымды пікірлерді бөлісуде ұтымды әрекеттер мен шынайы қарым-қатынас қалыптастыра алады.</p>

Сапалы оқыту білім алуға мүмкіндік беретін нақты жағдайларды жасаумен қатар, сол жағдайлардың өзімен тығыз байланыста болады. Құзырлы мұғалім Білімалушыларға, ортаға және ресурстарға лайықтап нақты кезеңде қолданылуы тиімді оқыту элементтерін «реттеп» отырады. Расында, оқытудың сапалы және табысты болуы белгілі бір деңгейде мұғалімнің қалыптасып отырған жағдайларға бейімделе алуына да тығыз байланысты.

Демек мұғалім үнемі кездейсоқ кедергілерде шешім таба алуы қажет. Бұл мұғалімде Шульман «үш көмекші» деп атаған қасиеттер болу қажеттілігімен түсіндіріледі.

Сапалы оқыту – мұғалім бейнесімен танылатын сан алуан элементтер арасындағы байланыс болып табылады, ол өзі белгілі бір деңгейде тәуелді жағдайлар жасалынған кезде жүзеге асырылады. Сапалы оқыту Білімалушылардың, қоршаған орта жағдайы және оқыту, білім алу мүмкіндіктерінің бірлігі ретінде қарастырылады.

Ынтымақтастық оқу – өзара іс-әрекет жасау философиясы, ал *бірлескен жұмыс* соңғы нәтижеге немесе мақсатқа жетуге ықпал етуге бағытталған өзара әрекеттің құрылымы болып табылады.

Ынтымақтастық оқу сыныпта пайдаланатын әдіс қана емес, жеке философия болып табылады. Ынтымақтастық оқу әдісін пайдалану кезінде топқа бөлуге ерекше көңіл бөлінеді. Топтарға бөлу *команда таңдау* әдісін қолданғанда, Тақтаға команда аттарын белгілейтін бес сөз тізбектеліп жазылады:

- "Жетісу"
- "Қайрат"
- "Қайсар"
- "Астана"
- "Шахтер"

Білімалушылар орындарынан тұрып әр команданың астына өз есімін жазуы керек. Оларға әр команда құрамы төрт адамнан аспауы ескертіледі.

Командаларға гүл аттары бойынша, континент (Азия, Еуропа, Америка, Африка, Австралия, Антарктида) немесе қала атаулары (Астана, Алматы, Ақтау, Шымкент, Талдықорған, Тараз) бойынша бөлінуге болады [4].

Барлық жағдайларда топтарға бірлескен кезде ынтымақтастық адамдардың топтың жекелеген мүшелерінің қабілеті мен үлесі құрметтей отырып жұмыс істеу тәсілін ұсынады. Топтың жұмысы тиімді болуы үшін топ мүшелері арасында билік пен жауапкершілікті бөлу орын алады. Ынтымақтастық оқудың алғышарты топ мүшелерінің ынтымақтастығы арқылы ымыраға, пәтуаға жетуге негізделген. Ынтымақтастық оқу – оқыту мен оқуға білім беру тәсілі, бұл проблемаларды шешу, тапсырмаларды орындау немесе әлдебір өнім жасау үшін бірлесіп жұмыс істейтін Білімалушылар тобы дегенді білдіреді. Ынтымақтастық оқу оқуды табиғи әлеуметтік әрекет ретінде қабылдауға негізделген, оған қатысушылар бір-бірімен әңгімелеседі, және осы әңгімелесу арқылы оқуды жүзеге асырады. Осы сәтте барлық әдістердің комбинациясын қолдану Ситуациялық әдістермен ерекшеленеді. Бұл әдісті педагог- психологтар мақсатқа жетуді жылдам орындауына жекелеген әдістің төңірегінде шеше алмаған жағдайда қолданады. Демек бұл шығармашылық, стандартталмаған әдіс болып саналады. Бұл әдіспен педагогтың бәрі келісе бермейді. Әдіс ситуациялауға байланысты таңдап алынып қолданылады. Мақсатқа байланысты сандарты емес шешімді, дәстүрлі емес жолдарды қолдануды талап етеді. Педагог осы шешімнен шығатын, себеп-салдарды алдын ала болжап білу тиіс.

Берілген әдіс педагогтың өздік шығармашылық жұмысы болып есептеледі, шығармашылық қол таңбасы мен көргендігімен және педагогикалық процесті меңгерумен анықталады [5].

Сондықтан кейбір сәттерде Проблемалы баяндау әдісін кеңінен қолдануға болады. Сабақта тақырып бойынша мұғалім Білімалушыларға проблема - сұрақ қояды, проблеманы өзі шешеді. Сонымен бірге оларға шешудің түсінікті ғылыми жолдарын көрсетеді. Проблемалы баяндауда мұғалімнің іс-әрекеті Білімалушыларға проблемалық ситуация туғызатын проблемалар сұрақтар қою, танымдық есептер, тапсырмалар беру. Бұл Білімалушыларды әртүрлі ой -әрекетін орындауға ойландырады.

Проблемаларды сұрақтарды қолдануға негізделген тиімді оқыту процесін ұйымдастыру проблемасы баяндаудың мәнін құрайды[5].

Ынтымақтастық оқу әдіс-тәсілдерін топтық жұмыстарда кез келгенін сабақтың негізгі тақырыбын аша алатындай пайдаланған жөн.

Педагогикада ынтымақтастық оқу тәсілдерінің саны жеткілікті, бірақ та бірлескен оқу үдерісінің негізгі сипаттамалары мынадай:

1. Оқу Білімалушылар ақпаратты игеретін және өздері игерген мәліметті бұған дейін меңгерген білімдерімен байланыстыратын белсенді үдеріс болып табылады.
2. Оқу тапсырмаларды орындау үшін механикалық есте сақтау мен қайталау емес, құрдастардың белсенді қатысып, ақпараттарды өңдеуі және қорытуын талап етеді.
3. Қатысушылар әр адамдардың көзқарасымен танысудан пайда алады.
4. Оқу Білімалушылардың әңгімелесу кезіндегі әлеуметтік ортасы жағдайында жетіледі. Осы зияткерлік гимнастика кезінде Білімалушылар ой-пайымдарының негізін құрып, мәнін ұғады.
5. Оқудың ынтымақтастық ортасында Білімалушылар әлеуметтік және эмоционалдық тұрғыдан да дами түседі, өйткені олар түрлі көзқарастарды тындап, өз идеяларын айтуға және қорғауға мәжбүр болады. Мұндайда Білімалушылар сарапшылардың немесе мәтін аясында шектеліп қалмай, өздерінің ерекше тұжырымдамалық аясын құруды бастайды. Осылайша ынтымақтастық оқу жағдайында Білімалушылар құрбы-құрдастарымен қарым-қатынас жасауға, идеяларды ұсынуға және қорғауға, әртүрлі ұстанымдармен алмасуға, басқа тұжырымдамаларға күмәнмен қарауға және оған белсенді қатысуға мүмкіндік алады[3].

Ынтымақтастықты арттыра отырып тақырыпқа сай проблемалы оқыту немесе ситуациялық талқылау топтық жұмыстың тиімділігін арттырғанына көз жеткіздік.

Білімалушылар оқу үдерісіне белсенді қатысу кезінде тиімділікпен оқиды. Зерттеушілер оқитын пәніне қарамастан, басқа оқу форматында ұсынылған сол ақпараттан гөрі, шағын топтарда жұмыс істейтін білімалушылар, әдетте, оқытылатын нәрсе туралы көбірек біліп, соның нәтижесінде алған білімін ұзақ сақтайтындығын дәлелдеп отыр. Сонымен қатар ынтымақтастық топтарында жұмыс істейтін Білімалушылар өзінің сыныптарымен анағұрлым қанағаттанатын сияқты болып көрінеді [6].

Бірлескен топтық жұмыстың мұғалімдер үшін маңызы:

1. Білімалушылар оқу үдерісіне белсенді қатысқанда тиімділікпен оқиды.
2. Оқытылатын нәрсе туралы көбірек біліп, соның нәтижесінде алған білімін ұзақ сақтайтындығын дәлелдеп отыр.
3. Ынтымақтастық топтарда жұмыс істейтін Білімалушылардың өзінің сыныптарында анағұрлым көңілі толатын болып көрінеді [7].

Сабақ барысында сын тұрғысынан ойлауға үйрету, диалогтық оқыту, ситуациялық оқыту, проблемалы оқыту үшін бағалау және АКТ пайдалану стратегияларын қолдана отырып, білім алушыларды топқа бөледі. Топтық жұмысты ұйымдастырудың негізгі мақсаты - жаңа тақырыпты терең меңгерту болды. Топтық жұмысты қолдану тапсырмаларды орындау кезеңдерінде жүйелі жүзеге асырылды. Білім алушылармен топтық жұмыс жасау барысында топты басқаруда, аса қиыншылықтар болған жоқ. Топпен жұмыс жасау арқылы білім алушылар бірлесіп жұмыс жасауға деген ынталары арта түсіп осы мәселені жоғарыда келтірілген ғалымдардың зерттеулері кеңінен қолданылды. Әр топқа мәтін, суреттер таратып, интерактивті тақта арқылы слайдтар, ситуациялар мен проблемалар көрсете отырып, тапсырманы орындауына уақыт белгіленгенін ескертіліп отырылды. Оларды бақылайтын «уақыт сақшысын» сайлап алуды ұсыну қажеттігі байқалды. Себебі, Білімалушылардың өзара пікір алмасуына, мәселені шешуде оңтайлы шешім табуына, бірлесіп талқылап шешім шығаруда уақытпен санаса отырып сәтті өткізеді. Бірлескен оқуда білім алушылар ұйымшылдықпен ынтымақтастықта бірлесіп жұмыс жасады. Олар бір - бірін тыңдауды сыйлауды, қолдауды үйренеді және пікір талас кезіндегі этикалық нормаларға жүгінуді үйренеді. Топтың әрбір мүшелері қажетті материалды өз бетімен ізденіп, талдайды, мәлімет алады, өзара бағалайды, ортақ тұжырым қалыптастырады. Білім алушылардың бірлесе жұмыс жасау мүмкіндігі олардың ұтымды түрде оқуына және есте сақтауына, сол алған білімді қолдана білуіне аса қажет. Бұл бірлесіп жұмыс жасау жүйесінде адамдармен қалай әлеуметтік қатынаста болу және тез арада жаттығып білу мүмкіндігіне үйреніп коммуникативті дағдылары қалыптасады. Оның дәлелі ретінде білім алушылардың берген кері байланысы арқылы көруге болады.

Мұғалім <=> Білім алушы;

Білім алушы <=> Білім алушы.

Кері байланыс мұғалім мен білім алушы арасында ғана емес, білім алушы мен білім алушы арасында да жүзеге асады. Тапсырманы орындау барысында топтағы білім алушылар берілген тапсырманы бірлесе оқи отырып, содан кейін ойын қағаз бетіне түсіруі, олардың сыни тұрғысынан ойлауын дамытуды көздейді. Олар бір-бірінің пікірін тыңдай отырып, жұмыс жасайды.

Топтық жұмысты ұйымдастырушы ретінде келесідей мақсаттарға жетуге болады:

- Білімалушылардың эмоционалдық жағдайын өзгерте алу, айталық қобалжу, сенімсіздік секілді сезімдерден арылту;
- Білімалушылардың ынтымақтастықта жұмыс жасауы;

- Бір – бірінің пікірін тыңдай алуы;
- Өзіндік еркіндік, өз ойларын ашық айта алуға үйрету;
- Шығармашылық дағдыларын қалыптастыруға үйрету;
- Білімдерін жүйелеу;
- Білімдерін жариалау.

Топтық жұмысты жақсарту үшін тапсырманы топқа бөлмей тұрып беру керек, себебі әрбір топтық жұмысты жүргізбес бұрын міндетті түрде жеке тапсырма беру қажет. Бұл білім алушылардың жеке қабілеттілігін тексеруде қателікке ұрынбауға әкелері сөзсіз, ол білім алушылардың әртүрлі тұлға екендігін ескеру. Топтық әдісті сабақта тақырыптың күрделілігіне байланысты қолдана отырып, білімалушыларға тапсырманы бір бағыта емес, әртүрлі сипатта өткізіп, дағды-біліктерін қалыптастыру қажет деп ойлаймыз.

Әдебиеттер тізімі

1. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы.
2. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты жолдауы 10.01.2018ж.
3. Shulman, L. S. (2007). “Good teaching” [«Жақсы оқыту»]. Box content in S Loeb, C Rouse & A. Shorri (eds) “Introducing the Issue,” in *The Future of Children*. [«Мәселегекіріспе», «Балаларболашағы»]. 17 (1) 6-7.
4. А.Әлімов «Интербелсенді әдістерді жоғарғы оқу орындарында қолдану» Алматы 2009. Б. 137.
5. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М., «Педагогика» Алматы-2000, Б.243-272.
6. Smith and MacGregor *Procedia - Social and Behavioral Sciences*- 2012 p. 491 – 495. Beckman, 1990; Chickering and Gamson, 1991; Collier, 1980; Goodsell, Maher, Tinto, and Associates, 1992; Johnson, Johnson, and Smith, 1991; Slavin, 1980, 1983
7. Студентке арналған нұсқаулық. «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2015

Байташева Г.У.

а/ш.ғ.к., проф.мін.атқ. Қазмемқызпу, Ғылым және халықаралық байланыстар
жөніндегі басқарма басшысы, Gauhar75e@mail.ru

СТУДЕНТТЕРДІҢ СЫНЫПТАН ТЫС ӘРЕКЕТТЕРІН ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІГЕ КІРІКТІРЕ ОҚЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Түйін: Қорытындылай келе, қазіргі жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден-бір шарты – оқу орындарындағы білім беру процесіне жаңа инновациялық технологияларды енгізу екендігі сөзсіз. Сондықтан ғылыми-техникалық прогрестен қалыспай, жаңа педагогикалық инновацияларды дер кезінде қабылдап, өңдеп, қай салада болсын нәтижелі пайдалана білу – әрбір ұстаздың негізгі міндеті болып табылады.

Резюме: В заключение отметим, что одним из условий нынешнего молодого поколения несомненно, является внедрение новых инновационных технологий в образовательном процессе. Поэтому не отставая от научно-технического прогресса, новые педагогические инновации принимают своевременную обработку и способность быть эффективным – это обязанность каждого учителя.

Summary: In conclusion, the present young generation of intelligent, high - quality education is one of the conditions of education is undoubtedly the introduction of new innovative technologies in the educational process. Therefore lag behind scientific and technological progress, new pedagogical innovations take timely processing and the ability to be an effective use of the area is the main task of every teacher.

Қазіргі кезде білім беру үрдісі толығымен ауысып жаңа белестерге көтерілген уақыт. Қоғамның барлық даму кезеңінде және бүгінгі білімді модернизациялау мен білім берудің ұлттық үлгісін жүзеге асыру жағдайында мектеп мұғалімдерінің қосар үлесі мол. Жаңартылған білім бағдарламасын игере отырып сабақ беру науқаны басталған тұста сыныптан тыс жұмыстарды да ерекшелеген дұрыс. Бұл ауқымды өзгерістер, мұғалімдердің жұмысын бүгінгі таңдағы заман сұранысын болашақ талаптарымен ұштастыра отырып, қазіргі жаһандану жағдайында жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға бағытталған іс шаралар жыйынтығы болып табылады. Осы сәтте, оқыту мен тәрбие беру үрдісінде сабақтан басқа, сыныптан тыс жұмыстардың орны ерекше.

Сыныптан тыс жұмыстардың мазмұны – оқушының теориялық білімін кеңейтіп, толықтырып, жеке шығармашылық және коммуникативті қабілетін дамыта түседі.

Оқушылардың сыныптағы және сыныптан тыс әрекеттерінің күрігуі қоршаған орта туралы біртұтас түсінік қалыптастыруға, теория мен практика арасында байланысты қамтамасыз етуге, оқу – тәрбие үрдісін құруда және оқушы тұлғасын қалыптастыруға үйлесімдікке жетуге, мұғалімдер мен сынып жетекшілерінің педагогикалық шеберліктерін жетілдіруге, мұғалімдер мен оқушылар арасындағы ынтымақтастықтың дамуына ықпал етеді. Оқушылардың рухани өрісімен психологиялық ортасындағы тұрақтылық пен еркіндік бағыттары теңескен кеңістік өріс алады [1].

Қазіргі кездегі оқу мен тәрбиенің кіріктірілуі мына төмендегі жұмыстар арқылы жүзеге асады.

- базалық кәсіпорындарда, табиғат аясында, мәдени мекемелерде, мұражайларда мектептен тыс сабақтар ұйымдастыру;

- оқушыларды дамыта оқыту үшін әртүрлі жастағы дарынды балалар топтарын құру;

- таңдауы бойынша еркін сабақтар, оқу пәндері бойынша сайыстар мен олимпиадалар жүргізу;

- оқу бағдарламаларына сай қосымша арнаулы сабақтар өткізу;

- кіріктірілген және пәнаралық оқу сабақтарын жүргізу;

Ал біздің зерттеулерімізде оқу процесіне әлеуметтік медиа желілерін пайдалану қарастырылып, осы жүйеге

- Кіріктірілген әлеуметтік медиа желілерін пайдаланып оқу сабақтарын жүргізу- ендірілсе студенттердің АКТ білімдері мен оларды пайдалану құзіреттіліктері артар еді. Осы сәтте біздің студенттеріміз болашақ мектеп ұстаздары екендігін ескеріп өз тәжірибімізді студенттер арасында бақылауды жөн көрдік.

Білім беру мен жеке және кәсіби білім беру ұйымдарында және одан тыс әлеуметтік медиа пайдалану арасында қайшылық бар мысалы, Andersen 2007; Buckingham 2007; Hrastinski және Aghaee 2012; Николов 2007; Selwyn 2006, [2-6]. кері пікірлер қалыптасқанын шет елдік ғалымдарда атап көрсеткенін анализ жүргізу барысында байқадық. Олардың зерттеулерінде білім аймағын оқу және оқу іс-әрекетін (әдетте, «демалу шарты») жеке тіршілік әрекетімен байланысты іс болуы қажет деп түсінеді. Бұл зерттеулерде авторлар неғұрлым нәзік интерпретация пайдаланып, карьералық өсуді қамтамасыз ететін, ойын іс-шаралары арқылы өтетін сыныптан тыс қосымша кәсіби білім беруді енгізуді қолдайды (Josefsson, P.2016) [7].

Сондықтан, дамыған елдердің іс-тәжірбиелерін зерделей келе, біз білім беру саласында сыныптан тыс жұмыстарды жүргізгенде әр дайым бір уақытты Әлеуметтік медиа жұмысына бөлуді біздің елімізде де қолға алу қажет екендігі өзекті мәселе деп түсіндік. Студенттер берілген тапсырмаларды интернет желісінен тауып оған анализ жасауы оны топпен талқылап өз пікірлерін қосуы олардың іздену жұмыстарына қызығушылығын арттырады. Олар бір сыныптан тыс іс-шараның сценарийін жасау үшін дайын сценарийді алып оған өз үлгілерін енгізу үшін топпен талқылағанда әр түрлі идеяларды біріктіру барысында ізденістерге жол ашылып әрі қарай интернет желісінен немесе кітапханалардан іздеу қажеттілігі туындайды. Бұл дайын этолон жұмысты көрген бала міндетті түрде өз ойын қосуға ұмтылады, сонымен оларда топпен талқылау күшейе түседі осы сәтте де әлеуметтік желілердегі топпен құрылған WhatsApp, Facebook, Instagram -дардың рөлі де арта түседі, яғни оқушылардың сыныптағы сабақ үстіндегі және сыныптан тыс әрекеттерін әлеуметтік желіге кіріктіру бірінғай педагогикалық жүйе құруға бағытталса, ондағы әр құралдар тәрбиелік және білімділік міндеттер кешенін шешуге көмектеседі. Алдарына қойылған мәселені интернет желісі арқылы әртүрлі видео материалдарды көре отырып талқылау немесе тақырыпқа сәйкес өздері видео түсіріп Tdex алаңын түзіп, әрі қарай шешімін іздеуді жалғастырады. Желі арқылы қосдиплом бағдарламасымен оқып жатқан шетелдегі құрбыларын тақырыпты талқылауға тартып, екі елдегі сұрақты салыстырмалы талдауға мүмкіндік туады. Сол жұмыстар арқылы оқушылардың бос уақыттарын тиімді пайдалануға, өз қабілетін танып білуге, қосымша жұмыс жасауға үйретіп, дүниетанымын кеңейтеді. Қытай даналығында: «Маған айтсаң, мен ұмытып қаламын; маған көрсетсең, мен есімде сақтаймын; ал өзіме әрекет жасауға мүмкіндік берсең, мен үйренемін» деп айтылғандай, біз оқушыға бір ақпаратты тек айтып қана қойсақ, ол ұмытып кетуі мүмкін, көрсетсек есінде қалуы мүмкін, ал әлеуметтік желіден іздеу өзара пікір таласу өз іс-әрекеттерінің шешімін қосу үрдісінде студенттің өзіне жасауға мүмкіндік берсек, өте керемет жұмыс жасалып шығуы әбден мүмкін. Сонымен қатар, зерттеу барысында шетел мектептерінде сабақ үдерісінде қолданылатын іс-әрекеттер түрлері желіден қарастырылып, қосымша материалдар мен оқу-әдебиеттер беріліп, салыстырыла талданады.

Бұл уақытта ұйымдастырушы ұстаздың кәсіби икемділіктері мен шығармашылық қызметте, басқаруда ақпаратты қамтамасыз ету, талдау, жоспарлау, ұйымдастыру әрекетінде біліктілікті талап етеді. Яғни, мектеп жағдайында егер мұғалімдер оқушылардың қызығушылықтары мен сұраныстарын ескеруді көздеген болса, онда атқарылатын жұмыстардың түрлері оқу пәндері мен сыныптан тыс жұмыстың мазмұнын, мақсат – міндеттеріне кіріктіре алатын болады. Бұл оқыту үшін білім беруді жеңілдетеді.

Оқыту - білім берудің негізгі жолы болып табылады. Оқыту оқытушы мен оқушының біріккен іс-әрекеттері, сондықтан да ол екі жақты бір текті процесс. Оқытушы оқушыларға білім беріп іскерлікке, дағдыға үйретеді, ал оқушы таным міндеттерін түсініп, дағдыны игереді. Оқыту барысында оқушыларға теориялық білім мен тәрбие беру бір-бірімен ұштастырыла жүргізіледі. Тәрбие негізін қалайтын, оқушылардың білімін кеңейтіп, өз қабілетін танып білуге үлес қосатын оқытудың түрі – **сыныптан тыс оқыту**.

Сыныптан тыс оқыту мұғалімнің ұйымдастыру шеберлігімен іске асады. Сонымен қатар сыныптан тыс оқыту әртүлі жұмыстар арқылы жүзеге асады.

Оқытудың қай түрі болмасын барлығының көздейтін мақсаты – адамды жан-жақты тәрбиелеу, сапалы білім беру екендігі отандық ғалымдардың А.Қ.Әлімов 2013, Жанпейісова 2012, Шілдебаев 2016. еңбектерінде атап көрсетілді [8]. Әлеуметтік медияны қосымша білім беруде қолданып білім берудің түпкі нәтижесі жай ғана білім, білік, дағды қалыптастыру емес, студенттің оларды өзінің өміріндегі кездескен және әлеуметтік желілердегі түрлі жағдаяттарды шеше отырып, оны дұрыс саналы қолдана білуін талап ететін құзыреттіліктер түрінде қалыптастыру болып отыр. Сонда болашақ мамандарды даярлауда педагогикалық институттарда, университеттерде білім беру деген көптеген пәндер мазмұнындағы білім қорын меңгерту ғана емес, алынған білімдерін салыстыра отырып, өз қызметінде пайдалана білу жолдарын үйрету болып табылады. Мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігі мен шеберлігі, әсіресе, қазіргі нарықтық жүйеде ерекше қажеттілікке ие болып отырғаны белгілі. Себебі заман талабына қарай қазіргі жеткіншектер көбіне кітапханаларда отырғаннан **ON-LINE** жүйесімен оқу курстарын тыңдағанды жақсы қабылдайды. Олардың көпшілігінің сұранымын қамтамасыз ете отырып, білім беру таптырмайтын тәсіл. Бұл - кәсіби шеберлігі мен құзыреттілігі жетілген маман даярлауда да, білім беру саласына қойылып отырған ортақ міндетті шешуде де – ойлауы жан-жақты дамыған, тілге шебер және мемлекеттік тілдегі іс-қағаздарына жауап беріп, бейресми және ресми жағдаяттардан жол тауып шыға алатын, өзінің өмірдегі мәнін түсінетін, өз ісіне жауап беретін азамат тәрбиелеу.

Оқушылардың бос уақыттарын пайдалы, тиімді өткізуде, инабаттылық, имандылық, адамгершілік, отаншылдық сияқты биік қасиеттерге баулуда, ұлттық өнерді, халық өнерін қастерлеу, қорғауда да экологиялық мәдениеттілігін оятуда сыныптан тыс оқытудың мұндай кіріктірілген түрінің жас ұрпаққа берері көп.

Әрбір оқытушы мұндай сыныптан тыс жұмыстарды жоспарланғанда жауапты міндеттердің орындауы мұғалімнің жеке басына, оның жалпы білімі мен сабақтан тыс түрлі көпшілік қоғамдық жұмыстарды және оқушылармен жүргізілетін жұмыстарды ұйымдастыра алуына тікелей байланысты. Оқушының сабақ үстінде алған білімін, тереңдету мақсатында жүргізілетін, әлеуметтік медияны пайдалану жұмыстарының маңызы зор. Осының бәрі бір-бірімен үйлесімді жүруі оқушының жан-жақты дамуына жол ашады. Оқушының жан-жақты дамуы, оның жан дүниесінің байып рухани өсуі, қабілеті мен дарынының анықталып, кең өрістеуі олардың ой өрісінің дамып, еңбек, отан сүйгіштікке, салауаттылыққа, жоғарғы моральдық қасиеттің қалыптасуына ықпалын тигізері сөзсіз. Бұның іске асуы мектептерде сыныптан тыс жұмыстарында пайдаланылған жағдайда кең өріс алады.

Ал сыныптан тыс жұмыстардың өз деңгейінде, қызықты әрі мазмұнды өтуі ұстаздың танымдылығы, ізденімпаздығы мен жаңашылдылығына тікелей байланысты болып отыр.

Сыныптан тыс жұмыстар жеке болсын, үйірмелік болсын, мұғалімнің жетекшілігімен оқушылардың басшылығымен өткені жөн. Өйткені оқушылар өз білімдері мен ойларында қалған сауалдарды әрі қарай дамытуы қажет. Олар оны әрі қарай ұжымдық жұмыстармен жалғастырады. Ұжымдық жұмыстар өздерінің мазмұны бойынша біртекті немесе дифференциалды (әр текті) болып келеді. Бірінші жағдайда топтың барлық мүшелері әр алуан материалды қолдана отырып, бір ғана жоспар бойынша бір ғана жұмысты орындайды. Екінші жағдайда оқушылар жекеленген топтар мен звеноларға бөлінеді, бір ортақ жұмысты жүзеге асырады. Бұл жұмыстардың барлығы оқытушының бағыттауымен, оқушылардың таңдауы бойынша алынған тақырып аясында талқылау талдау арқылы жүргізіледі.


Оқушылардың мұндай сабақтарын ұйымдастыру кезеңдегі негізгі талап – мақсат бірлігі ортақтығы және жұмыс жоспарының бірыңғайлығы. Ортақ тақырып бойынша жекеше жұмысты орындай отырып, әрбір оқушы өз көршісінің (серігінің) жұмыс мазмұны мен міндетін жақсы білуі керек және олардың арасында қандай байланыс бар екендігін түсінуі тиіс. Ал, түсініксіз кез-келген сұрақтарға оқытушы дұрыс жауап беріп, оқушыларды бағыттап отыруы қажет. Сондықтан да алда тұрған ұжымдық жұмыстың міндеттері мен мазмұнын анықтай отырып, оқытушы әрбір оқушының ортақ жұмыстағы өз орнын нақты анықтауына және ол жұмысты жүзеге асыру үшін нені білу керектігіне ықпал етуі тиіс. Мұның барлығы нақты нұсқау-түсіндіру көмегімен жүзеге асырылады, ол әрбір оқушы жұмысының мазмұнын анықтайды. Ортақ тақырыпты оқушылардың таңдауы олардың өзіндік қызығушылығын арттыра отырып, олардың іс-шараға деген қызығушылығы мен қамқорлығы артырады. Әрине оқушылар мектеп бағдарламасындағы сабақтарға сәйкес тақырып алады. Сонымен, интернет желісінен алынған сценарилер өңделіп өз ойлары қосылып, әдебиеттердегі теориялық практикалық бағыттар қамтылып, өте ауқымды өзекті жұмыстың сценариіне айналары сөзсіз. Олардың білімділігі арта түседі, себебі олар сыныпта орындаған жұмыстардың толық ашылуына жағдай жасап, әрі қарай дамытады. Мысалы, біз ұйымдастырған жұмыстарда әрбір оқушының пікірімен салысу дәстүрге айналған. Қазіргі таңда бәсекеге қабілетті болуы үшін білім берудің бүгінгі саясатына өзгерістер енгізу керек. *Жастардың ақпаратты тұтыну тәсілі өзгергенін мойындау қажет, олар оқу-әдебиеттерін қарағаннан, оңай тәсіл әлеуметтік медия желілерін қолданғанды ыңғайлы көрсе, оқыту үшін сыныптан тыс жұмыстарға біз ұсынып отырған кіріктіре оқыту тәсілін қолданған жөн. Мұнда әр түрлі топтар ашқанда оларды бақылаушы ұстаз болғаны дұрыс. Қазір жастардың басым бөлігі twitter, google+, Mail.ru, WhatsApp, Facebook, Instagram тәрізді әлеуметтік желілерге тіркелген. Мұғалім үнемі профайлдарын ашып, студенттермен кері байланыс орнатып, оларға не қажет екендігін біліп, пікір-алмасуына жұмыс тәсіліне жаңарту енгізуіне өз пікірін қосып отыруына болады [9].* Жоғарыда атап көрсеткендей шет елдік ғалымдардың айтуынша дамыған елдерде желіге кіру ақпарат алу жұмыстары кеңінен қолданылып келетіндіктен өз тәжірбиемізде үшінші жыл қатарынан пайдаланып келеміз. Сабақтарды осылайша жоспарлау жеке жұмыстардың есебін және есеп беру түрінде ресімделетін нәтижелерді талқылауды жеңілдететіндігі осымен екінші рет апробацияға ұсынылып отыр. Үш жыл сыныптан тыс сабақтарда кіріктіре оқытуда желілігерді пайдаланудың тиімді жолдары мен кемшіліктері қарастырылды. Әрбір оқушының пікірімен санасып қорытындыланады. Сыныптан тыс сабақтарды кіріктіре жүргізетін тәсілді қолдану ерекшеліктерін студенттермен талқылау барысында төмендегідей ерекшеліктерді:

1. Пәнге деген қызығушылықтың артуы;
2. Шет елдік мәліметтерге жүгіну;
3. Тақырыпты оқу-әдебиеттермен толықтыруға қызығушылық;
4. Ыңғайлы кері байланыс;
5. Жаңаша ойлар мен көзқарастар – байқадық.

Кемшіліктері:

1. Желіге тәуелділік;
2. Денсаулыққа зиян;
3. Әдебиеттерді пайдаланудың азаюы.

Алдыңғы жылдардағы зерттеулерімізде жүргізілген викторина нәтижесінде студенттердің 75 пайызы оң көзқарас көрсетіп келсе соңғы жылдарда 80-85 пайызға артты (Сурет -1).



Сурет 1. Білім алушылардың рефлексиясы

Әрине желіні пайдалана отырып жүргізген сабақтардың ерекшелігі айтарлықтай. Оқушылар талқылау алаңының кеңейгені сабақ үрдісінің белсенділігі айқын байқалды (кесте-1).

Кесте-1. Сабақ үрдісінде оқушылар белсенділігінің мониторингі

Викторина түрлері	2015ж	2016ж	2017ж
Жетті (Викторина)	10	20	25
Талпынды (Викторина)	8	7	3
Теріс (Викторина)	5	3	2
Қорытынды (жалпы саны)	23	30	30

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М., «Педагогика» Алматы-2000, Б.243-272.
2. Андерсен, Р. (2007). Что такое Web 2.0? идеи, технологии и последствия для образования (Vol. 1 (1)). Бристоль: КН.
3. Buckingham, D. (2007). Помимо технологии: обучение детей в возрасте цифровой культуры . Кембридж: Полити Пресс.
4. Hrastinski, S., & Aghaee, NM (2012). Как студенты кампуса используют социальные медиа для поддержки своих исследований? Исследующий исследование интервью. Образование и информационные технологии, 17 (4), 451-464. [CrossRef](#)
5. Николов, Р. (2007). К веб 2.0 школы: Переосмысление учителей профессионального развития. В трудах IFIP-конференции по информатике, математике и ИКТ: золотой треугольник . Бостон: 27-29 июня.
6. Селвин, Н. (2006). Изучение «цифровой разъединение» между чистым подкованных студентов и их школы. Обучение, медиа и технологии, 31 (1), 5-17. [CrossRef](#)
7. Josefsson, P., Hrastinski, S., Pargman, D. Частный и профессиональная роль студента использование социальных медиа студентов. et al. Educ Inf Technol (2016) 21: 1583. doi:10.1007/s10639-015-9403-7.
8. А.Қ.Әлімов Интернет белсенді әдістемелері ЖОО-да қолдану мәселелері.- Алматы 2013ж. 446 б.
9. Г.Ө.Байташева Экологиялық білім беру және дүниетаным. – Алматы 2013ж. 254 б.

Махметова А.М.

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің тех.ғ.к., доцент,
Алматы қ., aisu94@mail.ru

Бақтығалиева А.У.

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің «Информатика» мамандығының
магистранты, Алматы қ.

ЖЕЛЛІК ЭЛЕКТРОНЫ ОҚУЛЫҚТАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУ ҮРДІСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

***Аңдатпа:** Мақалада білім алу үрдісін қалыптастыру үшін қолданылатын электронды оқулықтар қарастырылады. Қоғамды ақпараттандыру ғылыми техникалық прогресс жетістіктерінің күнделікті тұрмысқа ауқымды енуінің нәтижесінде, олар адамдардың өміріне іс – әрекеттердің интеллектуалдық түрлерінің жан – жақты әсер етуі мен рөлінің көтерілуіне байланысты объективті процесс. Осыған орай ақпараттық технологиялар олардың компоненттері ретінде қарастырылады. Ал оларды оқыту процесіне қолдану сапалы білім берудің бірден-бір құралы болып табылады.*

***Түйін сөздер:** электронды оқулықтар, дисплей класстар, қашықтықтан оқыту, ақпараттық технологиялар.*

***Резюме:** В этой статье рассматриваются электронные учебники, используемые для формирования учебного процесса. Общественное сознание является объективным процессом в свете широкого внедрения научно-технического прогресса в повседневной жизни людей, что является результатом многогранного влияния и роли интеллектуальной деятельности в жизни людей. В этой связи информационные технологии считаются их компонентами. И их применение к процессу обучения является единственным средством качественного образования.*

***Ключевые слова:** электронные учебники, дисплей классы, дистанционное обучение, информационные технологии.*

***Summary:** This article examines electronic textbooks used to form the learning process. Public consciousness is an objective process in the light of the widespread introduction of scientific and technological progress in people's daily lives, which is the result of multifaceted influence and the role of intellectual activity in people's lives. In this regard, information technology is considered to be their components. And their application to the learning process is the only means of quality education.*

***Keywords:** electronic textbooks, display classes, distance learning, information technology.*

Әртүрлі формада оқытудың барлық кезеңдері қарқынды ақпарат алмасады және олар әртүрлі тәсілмен ақпаратты жібере де, өңдей де алады. Ақпараттық технологияларды қолдану оқу процесінде оқу-әдістемелік ақпарат көлемін ұлғайтуға ықпал етіп қана қоймай, сонымен қатар, қолданыстағы және әзірленетін компьютерлік оқыту құралдарының функцияларын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Оқу процессін ұйымдастыру және өткізуде қолданылатын ақпараттық технологиялардың негізі, білім беру циклі аралығында, оқытушы мен оқушы арасындағы интерактивті байланысына қатысты, әртүрлі ақпараттық-білім беру орталарынан тұрады. Ақпараттық білім беру ортасын қатыптастыру үшін, аппараттық және программалық құралдарды біріктіру, оқу ортасының құрылымдар мен параметрлерін таңдау, сондай-ақ оқу курстары мен оқыту әдістемесін жасау керек.

Оқу-әдістемелік ақпаратын және оны оқу процесінде қолданудың электронды формасының негізгі бағдарлаушысы мен өткізу әдістерін қарастырайық.

Әрбір білім беру орталарын ең негізгі үш компонентке бөлуге болады: оқытушы, оқушы, оқу әдістемелік компонент. Оқытушы ретінде, ЖОО оқытушысы, лицей немесе орта мектеп оқытушылары, біліктілікті арттыру курстарындағы оқытушы, репетитор, бола алады. Ал оқушы ретінде біз, орта мектеп оқушысын, студентті, аспирантты ала аламыз.

Ал, оқу-әдістемелік компонентке, әдетте, оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер, зертханалық жұмыс нұсқаулары, курстық жұмыстар, димломдық жобалар, анықтамалықтар, және де әртүрлі білімді бағалау құралдары және оқушылардың оқу үлгерімін бақылаушы құралдар жатады.

Бұл компоненттердің арасындағы байланыс ақпараттық ағындардың әр түрлі қарқындылығымен жүзеге асырылады. Ақпарат ағындарының сипаты мен қарқындылығы сабақ өткізудің түрлері мен формаларына тәуелді болады (мысалы, ағынды лекция, топтық семинарлар, зертханадағы жеке жұмыстар, оқулықпен жұмыс, үй жұмысын орындау, оқытушының кеңесі).

Ұсынылған компоненттерді пайдалана отырып, біз білім берудің әртүрлі формаларын және соған сәйкес оқу процессін ұйымдастыруға мүмкіндік аламыз. Мысалы, сабақ экстернатура түрінде, және кашықтықтан оқыту формасында күндізгі, кешкі, іштей және сырттай формада өткізілуі мүмкін.

Білім беруде ақпараттық технологияларды қолданудың бастапқы кезеңдері оқу әдістемелік компоненттерден тұратын мәтіндік тасымалдаушыларды электронды тасымалдаушыларға ауыстыру болып табылады, яғни мәтіндік оқулықтарды және оқу әдістемелік құралдарды электронды түрге ауыстыру.

Бірінші және ең қарапайым тәсіл кәдімгі мәтіндік оқулықтарды сканерлеп, кейін оны электронды тасымалдағышқа ауыстыру болып табылады. Осылайша оқулықтардың толық мәтінді деректер базасының электронды көшірмесі құрылады. Бірақ, бұл тәсіл қатты әсерлі болмайды, себебі ол тек ақпараттың физикалық тасымалдаушысын ғана өзгертеді, ешқандай ақпараттық технологияларды қажет етпейді де. Сондықтан берілген тәсіліміз шектеулі қолданысқа ғана ие болады.

Бұдан басқа тәсіл «Компьютерлік оқыту технологиясы (Computer Based Training)» деп аталатын тәсілге сүйенеді. Оның мәні диалогтік оқыту программаларын іске асыратын тіркелген сценарийлерді құру болып табылады. Осы технологиямен жасалынған электронды оқулықтарды өзін-өзі оқытуда ғана қолдануға болады, өйткені онда оқытушымен кеңес қарастырылмаған. Мұнда оқу процессінде оқытушымен тікелей кері байланыс орнатылмайды.

Оқытудың күндізгі формасының ережесі бойынша, ақпараттық ағындар арасындағы, оқытушы мен оқушылардың арасындағы, сондай-ақ оқушылармен және оқу-әдістемелік компонент арасындағы электронды оқулықтарды мүлдем басқа көзқараспен әзірлеу керек. Ең бірінші бұл оқулықтардың қандай пәндер бойынша жүргені көкейге қонымды, оны қай кезде, қайда қолдануға болады деген сұрақтарды шешіп алсақ дейміз. Әрине, толыққанды оқу программасы мен жақсы әдістемелік нұсқаулықтары бар жоғары оқу орындарында электронды оқулықтарды әзірлеуімізге болады. Осы жағдайларда электрондық оқулықтар қамтамасыз ететін семинарлар, практикалық сабақтар, зертханалық практикумдар, курстық және оқу-зерттеу жұмыстары, курстық жобалар, сондай-ақ үй тапсырмаларын орындау құрылуы мүмкін. Бұл ретте жұмыстардың бір бөлігін оқытушының тапсырмасы бойынша студенттің өз бетімен жұмыс істеуі, ал бір бөлігінде оқытушының кеңес беру режимі қарастырылады.

Мұндай тәсіл іс жүзінде идеяларды дамытуға негізделеді – «Консультациялық оқыту жүйесі технологиясы», жоғарыдағы технологияға қарағанда қарқынды. Осы технологияларды өз ретімен үйлестіргенде электронды оқулықтарда мынадай қасиеттер мен компоненттер болуы керек: интерактивтілік, көпфункционалды қолдану, гипертексттердің қолданылуы, нұсқаушы құралдар, оқулықты басқару құралдары, дамыған жүйелік көмек, енгізілген есептеуіш процедуралары, деректер қорымен жұмыс, оқушылардың үлгерімін бақылау және білімін бағалау құралдары.

Электронды оқулықта міндетті түрде әртүрлі дәрежедегі оқушылардың жұмыс істей алу мүмкіндігі қарастырылуы керек. Оған өз деңгейінде жасай алуына болатын тапсырмаларды қарауына немесе жеке айналысуына рұқсат берілуі керек.

Электронды оқулықтар дербес компьютерге орналастырылуы керек, себебі оны барлық оқушы қолдана білуі шарт.

Информатизацияның оқу процессіндегі болашақтағы дамуы, оқушылардың желілік технологияларды қолдануына және жергілікті желінің интеллектуалды терминалдармен бірігуіне әкеледі.

Іс жүзінде, жергілікті есептеуіш желілерді қолдану, ортамыздағы физикалық табиғатты өзгертеді, сонымен қатар электронды түрде компьютерлік желі бойынша ретке келтіріп отырады.

Оқу процессінің ішкі (күндізгі, кешкі) формасында жоғары оқу орындарында, оқу нысаны бойынша бірқатар принциптік ерекшеліктері бар. Мұндай жағдайда жаратылыстану-ғылыми бағыты үшін және инженерлік блок үшін бірқатар пәндер блогының мамандығы тән болып табылады, ортақтығы да оларды оқыту әдістемесі. Мұнда әр семестр оқытудың екі түрін біріктіруге міндетті. Олардың біреуі, білікті лектор, ағымдық аудиторияларға теориялық материалдарды және курстың басты концепциясын баяндайды.

Оқытудың басқа түрі үлкен көлемде оқушылармен практикалық сабақтар өткізумен қорытындыланады: оқытушының кеңесінің көмегімен зертханалық және курстық жобалар, және де өз бетінше тапсырмалар қатарын шешу орындалынады. Бұл оқыту түрін арнайы әзірленген электрондық оқулықтарды пайдалана отырып, желілік дисплейлі сыныптарда орынды толығымен жүргізеді. Нәтижесінде өтпелі оқыту ортасы құрылады, оқытушы әрбір студенттен егжей-тегжейлі бақылау алады және қажет болған жағдайда оған жәрдем береді.

Оқу процесінде желілік дисплей класстарды қолданудың бірқатар артықшылықтары бар:

- Әртүрлі пәндер бойынша оқыту мүмкіндігі, өйткені, көптеген пәндер бойынша, желідегі ақпараттық серверлар толықтырылуына электронды оқулықтар қосылуы мүмкін;
- Сабақтарды белгілі бір цикл аралығында оқу мүмкіндігі, мысалы, барлық семестр бойынша;
- Оқушының қабілетіне байланысты, оқу процессін жекеше түрде қалыптастыру;
- Қазіргі уақыттағы оқыту әдістемесін қолдану мүмкіндігі;
- Оқушының электронды оқулықпен және оқытушымен интерактивті режим арқылы ара қатынасын жалғастыру;
- Білімді бағалаудың эффективті құралын қолдануға және оқу үлгерімін бақылаушы құралдарға мүмкіндік алу;
- Сабақ өтуде жекеше және топтық формада мұғалімнің рационалды ұйымдастыруы және қолдау көрсетуі;

Оқытудың күндізгі бөлімінде электронды оқулықтар жергілікті есептеуіш желілерде қолданылады. Мұндай жағдайда сервер жергілікті желілерге электронды оқулықтың көшірмесін әрбір оқушының терминалына жібереді.

Соңғы жылдары, дербес компьютердің, телекоммуникациялық желілердің, видео және аудио техникалардың, әртүрлі электронды құралдардың қолданылуына байланысты, қашықтықтан оқыту формасы қатты дамуда.

Қашықтықтан оқыту әдістерінің артықшылығы, оқыту орыны мен уақытын таңдау икемділігі, өзінің салаңда қол үзбей оқу мүмкінділігі, басқа қалада тұрып-ақ оқуға қолжетімділігі болып табылады.

Қашықтықтан оқытудың өзіндік ерекшелігі, қашықтағы көптеген ақпарат көздерін ала алу мүмкіндігі болып табылады.

Қашықтықтан оқытудың ішінде тағы да мәтіндік тасымалдаушы оқу әдістемелік компоненттерді электронды тасымалдаушыларға ауыстыруға болады, ал ақпаратты тасымалдаушы болып, әртүрлі деңгейдегі компьютерлік желілер пайдаланылады: жергілікті, аймақтық және жаһандық. Ақпараттық ағындар техникалық жабдықталу деңгейіне байланысты, желі бойынша символдық, аудио немесе видео түрінде тарауы мүмкін. Ақпараттық білім беру компонентін электронды тасымалдаушыларға ауыстыру, ақпараттық ағымдарды компьютерлік желі арқылы тасымалдауды ұйымдастыру сияқты, тез жүзеге аспайды. Өйткені оқыту жүйесі үздіксіз жұмыс істеуі қажет, жүйедегі қашықтықтан оқытудың эволюциялық даму сипаты, қашықтықтан білім берудің қолданыстағы оқу процесі біртіндеп енгізіледі.

Шын мәнінде, күндізгі және сырттай формадағы адаптация мен мамандарды қашықтықтан оқыту формасына дайындау әдісі үлкен орын алады.

Оқытудың күндізгі формасына дайындық жүргізетін және қашықтықтан оқыту жүйесі бойынша жұмыс бастаған жоғары оқу орындары, басты транспорттық орта ретінде компьютерлік телекоммуникацияны қолданады. Олар оқытушы мен оқушыға әсер қалдыратын интерактивті әрекет ететін, бүкіл білім беру циклы бойынша, оқу-әдістемелік компоненттерді құрастырады. Тек, мұндай жағдайда толық көлемде қашықтықтан оқытуға ұсынылатын, барлық артықшылықтар әсер етуі мүмкін.

Қашықтықтан оқыту жүйесін құру барысында міндетті түрде үйлестірілген қалыптастыру бойынша жұмыстарды қолдау құралдарын интерактивті режим өзара іс-қимыл, оқушылардың оқытушымен және ақпараттық толтыру оқу-әдістемелік компоненттер түрінде электрондық оқулықтардың, құралдардың, анықтамалықтардың және әр түрлі деректер базасын жүргізу қажет. Сонымен қатар, оқыту әдісінің күндізгі формасына максимальды түрде ұқсатылуына ұмтылу қажет.

Оқытудағы интерактивті тәртіптің ең басты тапсырмасы, әртүрлілігіне байланысты, нақты уақыттағы өзара реализациялануы болып табылады. Ұйымдастырудың компьютерлік телекоммуникацияларды қолдануына байланысты, бірінші кезекте символдық және аудио ақпараттардың пайдалануымен жетуі мүмкін. Нәтижесінде, оқу мақсатындағы дисплей класстар, оқытушының жойылып кеткен терминалынан тиімді интерактивті мүмкіндік ала алады.

Қашықтықтан оқыту жүйесін қалыптастырудың ең бастысы кешендеу құрамын аппараттық және программалық құралдарды, оқу-әдістемелік компоненттердің құрылысын және параметрлерін, сонымен қатар, оның ақпараттық толтырылуын электронды оқулық түрінде құрастыру.

Қашықтықтан оқыту формасы кезінде электронды оқулықтар компьютерлік телекоммуникациялық желі ортасында қолданылады. Бұл жағдайда, электронды оқулықтар келтірілген желілік серверға сыйдырылады. Мұнда қатынау және интерактивті әрекет, жергілікті желіден бөлек, мүлдем басқа құралдар мен әдістерді талап етеді. Электронды оқулықпен

манипуляциялау, телекоммуникациялық желіде күрделі ақпараттық объектілерді пайдалану арқылы қол жеткізіледі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Жантелі Х. Оқытудың компьютерлік программаларын құру технологиясын жетілдіру.//Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференцияның еңбектері. Шымкент.2004. 446-449 б.
2. Камардинов О., Сейтқұлов О. Информатика. Алматы: Қарасай, 2010.
3. Аванесов В.С. Тесты в социологическом исследовании. -М.:, 1982.
4. Халықова Г. және т.б. Электронды оқулықты дайындаудың талаптары. Халықаралық ғылыми-әдістемелік конференциясының еңбектері. Шымкент.-2004. -469 б.
5. Сағымбаева А. Білімді тексерудің тестілік әдістемесі. "Информатика негіздері" журналы, N2, 2002, -15,26 бет.
6. Медешова А.Б. Көпфункционалды көпфункционалды желілік электронды оқулықтар. БҚМУ Жаршысы. №1.2017.
7. Халықова Г.З. Информативны оқыту әдістемесі-Алматы:"Білім", 2000.-19 б.
8. Сәбденалиева, С.Ф. Қабжанова, т.б. Инновациялық технология – оқу үрдісінде. №7. 2009. Қазақстан мектебі.
9. Донской М. Интернет и пользований интерфейс//Мир Интернет, 1999, N9.
10. Лапчик М.П., Семакин И.Г., Хеннер Е.К. Методика преподавания информатики. Москва, Издательства Центр Академии, 2001, 624с.
11. Бочкин А.И. Методика преподавания информатики. Учебное пособие. Минск: Высшейшая школа, 1998, б. 10-40с.

Бегимбаева А.А.

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
e-mail: aimira.begimbayeva@mail.ru

Бактыбаева Л.К.

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

СПЕЦИФИКА ФОРМИРОВАНИЯ ПОЗНАВАТЕЛЬНЫХ ПРОЦЕССОВ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА

Резюме: В статье описываются особенности развития психических процессов перед поступлением дошкольников в школу. Рассмотрены особенности развития психических процессов 6-7 лет. В статье анализируются аспекты отечественных авторов. В настоящее время одним из важнейших составляющих развития детей в нашей стране является развитие когнитивных процессов. Особенно актуальным перед поступлением в школу становится развитие компонентов. Результаты будущего школьного образования в большей степени обусловлены решением проблем развития когнитивных процессов детей дошкольного возраста. В то же время не все семилетние дети готовы к школьному образованию. Самая неотложная проблема повышения уровня готовности к школе связана с внедрением новых стандартов в начальной школе.

Ключевые слова: психологические аспекты, познавательные процессы; компоненты развития; психологическая готовность.

Summary: The article describes the features of the development of mental processes before the arrival of preschool children in school. Features of development of mental processes of 6-7 years are considered. The article analyzes the aspects of domestic authors. At present, one of the most important components of the development of children in our country is the development of cognitive processes. Particularly relevant before entering the school is the development of components. The results of future school education are largely due to the solution of the problems of development of cognitive processes in preschool children. At the same time, not all seven-year-olds are ready for schooling. The most urgent problem of improving the level of preparedness for school is associated with the introduction of new standards in primary school.

Key words: psychological aspects, cognitive processes; components of development; psychological readiness.

Түйіндеме: Мақаласында сипатталады даму ерекшеліктері, психикалық процестердің алдында мектепке дейінгі балалардың мектепке. Қаралды даму ерекшеліктері, психикалық процестердің 6-7 жыл. Мақалада аспектілері отандық авторлардың. Қазіргі уақытта ең маңызды балаларды дамыту біздің елімізде дамыту болып табылады танымдық процестер. Әсіресе өзекті алдында мектепке айналады компоненттерін дамыту. Нәтижелері болашақ мектептегі білім берудің дәрежеде шартталған проблемаларын шешумен танымдық процестерді дамыту мектеп жасына дейінгі балалар. Сол уақытта барлық жеті жасар балалар дайын мектептік білім беру. Ең шұғыл проблема дайындық деңгейін арттыру, мектепке байланысты енгізе отырып, жаңа стандарттар бастауыш мектеп.

Түйін сөздер: психологиялық аспектілері, танымдық процестер; компоненттері дамыту; психологиялық дайындық.

Малоизученной проблемой является всестороннее развитие детей 6-7 лет в процессе подготовки детей к школе. Данная проблема важна в поиске эффективных средств формирования когнитивных процессов. Целью статьи является исследование когнитивных процессов до поступления в первый класс. Научная новизна статьи состоит в том, что изучается развитие познавательных процессов компонентов психологической готовности к школе у дошкольников до поступления в первый класс.

Формирование психики- сложный многоэтапный процесс, а не случайное стечение обстоятельств. Человечество с незапамятных времен хотело понять и узнать природу развития человека. Проблемы познавательных процессов детей 6-7 лет заключаются в понимании, принятии и необходимости реализации учителем идеи развития личности учителем и у большинства взрослых поднимают множество вопросов. Вот некоторые из них: каково развитие и личность, каковы ее основные характеристики? Какие особенности психического развития?

Понимание поведения человека во всем его многообразии - сложная задача. При этом отмечается, что развитие человека -это очень сложный, долгий и противоречивый процесс. Развитие отдельных видов чувств определяется тем, что они объединяют в решении все новые и новые задачи, которые требуют более тонкого разграничения отдельных признаков, свойств и объектов. В реальной жизни отражение отдельных свойств, предметов, чувств всегда включается в процесс восприятия [21, с. 199-202]. Восприятие в дошкольном возрасте проводит первоначально аффективный характер: потенциальные и эмоциональные процессы дифференцируются. Большое значение в развитии

восприятия занимает речь, которой ребенок начинает активно использовать названия качеств, признаков, состояний различных объектов и отношений между ними [11, с. 90, на этот раз — 92]. По сравнению с ранним детством лексика дошкольника увеличивается в три раза. Лексикон 6-7 летних детей может достигать 4-5 тыс. слов [14, с. 24].

В дошкольном возрасте у детей развиваются знания о некоторых измерениях: длине, ширине, высоте, а также о пространственных отношениях между объектами. Дети начинают устанавливать расположение объектов относительно друг друга (за, перед, сверху, снизу, между, слева, справа и т. д.). Важно, чтобы дети приобрели, также так называемые, глазомерные действия. Это происходит, когда дошкольники овладевают способностью соизмерять ширину, длину, высоту, форму, объем предметов. Развитие этих способностей тесно связано с развитием речи, а также с обучением детей рисованию, лепке, конструированию, то есть продуктивным видам деятельности [8, с. 46-55]. Показано, как у ребенка постепенно формируется умение правильно соотнести рисунок и реальность, увидеть конкретное то, что на нем изображено [13, с. 168-176]. Так, с приходом в школу с достаточно развитыми процессами восприятия (с высокой остротой зрения и слуха, хорошей ориентацией в различных формах и цветах), но их восприятие в учебной деятельности сводится лишь к распознаванию и наименованию формы и цвета [4]. Познание мира начинается с восприятия. Восприятие дает строительный материал, на основе которого развиваются память, мышление и воображение [6, с. 2-3].

Зинченко П.И. Я исследовал произвольное хранение в памяти у детей 5 - 7 лет, и установил, что эффективность произвольного запоминания возрастает, когда задача для ребенка предполагает не только пассивное восприятие, но и активную ориентацию в материальном, исполнение мыслительных операций [9, с. 70]. К 6-7 годам в жизни ребенка появляется важный психологический рост. Дети дошкольного возраста понимают на самом деле мнемическую деятельность, у них есть память.

Степень развития любой памяти у детей 5-7 лет можно разделить на три уровня. Первый уровень заключается в отсутствии излишней цели сохранения или запоминания; вторая - доступна конкретная цель, но без применения каких-либо способов ее реализации; третий - доступ к целям хранения или запоминания с применением мнемических способов. Дети 6 - 7 лет понимают второй и третий уровень развития памяти [10, стр. 10-11]. Известный психолог Блонский П. П. считает, что дети до того, как все хранится в воспоминаниях, выполненных ими, движения далее запоминают пережитые чувства и эмоциональные состояния [2, стр. 132].

По оценкам психологов, около 10,8 процента самых ранних воспоминаний взрослых приходится на второй год жизни, 74,9 процента, на третий или четвертый, 11,3 процента - на пятый и 2,8 процента - на шестой [20, с. 196]. Развитие внимания у детей дошкольного возраста является функцией органического развития и, в первую очередь, структурного и функционального развития центральной нервной системы [7, с. 521]. Любознательность ребенка постоянно направлена на усвоение и формирование картины окружающего мира. Ребенок играет, исследует, устанавливает причинно-следственные связи и зависимости [10, с. 47]. В работах Ж. Пиаже отмечает, что мышление ребенка в начальной школе отличается эгоцентризмом, особой интеллектуальной позицией, которая обусловлена отсутствием знаний, необходимых для правильного решения конкретизированных проблемных ситуаций. Дети 5-6 лет имеют интенсивное развитие навыков и умений, которые способствуют исследовательскому наблюдению, анализу свойств предметов. Этот уровень интеллектуального развития, а именно очевидное и эффективное мышление, является подготовительным [15, с. 162-165]. По мнению психологов, наглядное и образное мышление - основа формирования логического мышления, которое связано с использованием и трансформацией понятий. Следственно, к 6-7 годам дети могут устранить проблемную ситуацию тремя способами: используя наглядное и эффективное, наглядное и образно-логическое мышление.

Старший дошкольный возраст следует рассматривать только как период, когда должно начаться интенсивное формирование логического мышления, определяющее тем самым ближайшую перспективу интеллектуального развития [17, с. 406-416]. К концу дошкольного возраста появляется тенденция к обобщению, установлению связей [12, стр. 91 — 93]. Переход в дошкольном возрасте от наглядно-образного к словесно-логическому мышлению. Ж. Пиаже назвал конкретным, поскольку они могут применяться только на конкретном, наглядном материале. Обучение в школе основывается таким образом, что словесно-логическое мышление получает преобладающее развитие [16, с. 128]. Поэтому успех образовательной деятельности во многом зависит от особенностей развития мышления. В младшем школьном возрасте, как показывают специальные исследования, абстрактное и логическое мышление должно развиваться достаточно интенсивно [4, с. 2 — 4].

Воображение-это психический процесс создания новых образов (представлений) путем переработки прошлого опыта человека.

Целостный образ начинает строиться способом "включения": он по-прежнему создается на основе отдельного элемента действительности, но этот элемент начинает занимать не центральное, а второстепенное место, становится деталью образа воображения. В этом возрасте воображение превращается в особый мыслительный процесс [1, с. 196-201].

Дошкольный возраст является "периодом первоначального фактического склада личности". В этот период происходит становление основных личностных механизмов и образований. Развиваются эмоциональная и мотивационная сферы, тесно связанные друг с другом, формируется сознание и самооценка [12, с. 94]. А движущей силой развития сознания является "растущая реальная самостоятельность индивида, выражающаяся в изменении его взаимоотношений". К 6 годам ребенок становится гораздо более самостоятельным, независимым от взрослого, его отношения с окружающими расширяются, усложняются. Оценочное суждение ребенка, "непрерывно переплетается с оценочным отношением к нему со стороны товарищей и особенно учителя". Итак, оценки и самооценки шестилетних детей оказались сильно связаны с оценками педагогов как в детском саду, и в школе [1, с. 108-112].

Развитие эмоционально-волевой сферы связано с формированием регуляторной функции психики. В рассматриваемый возрастной период дети склонны к сильным переживаниям, из-за пластичности нервных процессов происходит быстрая смена чувств. Таким образом, можно сказать, что дошкольный период -это этап познания мира человеческих отношений. Дошкольный возраст является периодом интенсивного сенсорного развития ребенка-совершенствования его ориентировки во внешних свойствах, отношениях предметов и явлений, в пространстве и времени. Поэтому в старшем дошкольном возрасте одним из важнейших результатов психического развития в период дошкольного детства является психологическая готовность ребенка к школьному обучению. Психологическая готовность ребенка к школьному обучению заключается не в том факте, что он уже к моменту поступления в школу имеет психологические черты, которые отличают школьника. Они могут развиваться только в процессе школьного обучения под влиянием присущих ему условий жизни и деятельности. Один из важнейших итогов психического развития в период дошкольного детства является психологическая готовность ребенка к обучению в школе.

Список литературы

1. Белкина В .Н. Психология раннего и дошкольного детства: учеб. пособие для вузов [Текст] / В.Н. Белкина. М., 2005.
2. Блонский П.П. Память и мышление [Текст] / П.П. Блонский. СПб., 2001.2.
3. Веракса Н.Е. Познавательное развитие в дошкольном детстве [Текст] /Н.Е. Веракса, А.Н. Веракса: учебное пособие. Гриф УМО по классическому университетскому образованию. М., Мозаика-Синтез, 2012.
4. Вергелес Г.И. Младший школьник. Помогите ему учиться: книга для учителей и родителей [Текст] / Г.И. Вергелес, Л.А. Матвеева, А.И. Раев. СПб., 2000.
5. Виноградова Н.Ф. Готов ли ваш ребенок к школе? Советы педагога и психолога: книга для родителей [Текст] / Н.Ф. Виноградова, Л.Е. Журова. М., 1992.
6. Петровский А.В. Возрастная и педагогическая психология [Текст] / Под. ред. А.В. Петровского. М., 1973.
7. Выготский Л.С. Психология [Текст] / Выготский Л.С. М., Изд-во: ЭСМО-Пресс, 2000.
8. Запорожец А.В. Психология детей дошкольного возраста [Текст] / Запорожец А.В. Эльконин Д.Б. М., 1964.
9. Зинченко П.И. Проблема произвольного запоминания [Текст] / П.И. Зинченко // Научные записки Харьковского гос. пед. инта иностр. яз. Харьков, 1989.
- Ю.Истомина З.М. Развитие памяти: учебнометодическое пособие [Текст] / З.М. Истомина. М., 1978. П.Кравцова Е.Е. Психологические проблемы готовности детей к обучению в школе [Текст] / Е.Е. Кравцова. М., 1991.
12. Кулагиной И.Ю. Педагогическая психология / Учебное пособие. М.: Т.Ц. Сфера, 2008.
13. Мухина В.С. Возрастная психология: Детство, отрочество, юность: учеб. пособие для студ. пед. вузов [Текст] / Сост. и науч. ред. В.С. Мухина, А.А. Хвостов. 7е изд. перераб. М., 2008.
14. Пиаже Ж. Речь и мышление ребенка: пер. с фр. [Текст] / Ж. Пиаже. М., Л., 1932.
15. Поддьяков Н.Н. Мышление дошкольника [Текст] / Под ред. Н.Н. Поддьякова. М., 1972.
16. Истратова О.Н. Справочник психолога начальной школы: психологическая готовность к школьному обучению, адаптация детей к школе, психодиагностика младшего школьника, коррекционная работа психолога в начальной школе, развитие интеллектуальных способностей [Текст] / О.Н. Истратова, Т.В. Эксакуста. Ростов н/Д., 2006.
- П.Рубинштейн С.Л. Основы общей психологии: в 2 т. Т. 1 [Текст] / С.Л. Рубинштейн. М., 1989.
18. Смирнова Е.О. Детская психология: учебник для вузов. 3е изд., перераб. [Текст] /Е.О. Смирнова. СПб., 2009.
- 19.Эльконин Д.Б. Детская психология: учеб. пособ. для студ. высш. учеб. заведений [Текст]: / Д.Б. Эльконин. М., 2005.
20. Эльконин Д.Б. Психология обучения младшего школьника [Текст] /Д.Б. Эльконин. М., 1974.

Елькеева А.Б.

Абай атындағы ҚазҰПУ доценті; bayan_kyrynbayeva@mail.ru

Қрымбай Б.С

Абай атындағы ҚазҰПУ 1курс магистранты.

ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫННЫҢ БАЛА ДАМУЫНДАҒЫ МАҢЫЗЫ

Тірек сөздер: ойын, дидактикалық ойын, дидактика, психолог, дидактикалық ойындардың оқыту мазмұны.

Ключевые слова: игра, дидактические игры, дидактика, психолог, обучение содержанию дидактических игр.

Key words: game, didactic games, didactics, psychologist, teaching of the content of didactic games.

Аннотация : Мақалада ойын соның ішінде дидактикалық ойын ұғымы кеңінен қарастырылды. Дидактикалық ойындарды оқыту мазмұнына сәйкес түрлері, мақсаттары, дидактикалық ойынның маңызы қарастырылды. Мақала тақырыбына сәйкес көптеген психологиялық - педагогикалық әдебиеттер зерттеліп ойын және дидактикалық ойын ұғымдарына теориялық талдау жасалынды.

Аннотация : В статье широко рассматривается понятие дидактической игры. Дидактические игры рассматривались с точки зрения их содержания, целей и особенности дидактических игр. Согласно этой статье, было изучено много психолого-педагогической литературы и проведен теоретический анализ концепции игры и дидактической игры.

Abstract: The concept of a didactic game is widely considered in the article. Didactic games were discussed in terms of their content, goals and didactic games. According to this article, a lot of psychological and pedagogical literature was studied and a theoretical analysis of the concept of the game and the didactic game was made.

Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық қабілеттерін дамыту Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаев «Қазақстан 2050» Стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек,- дей келе,... Қазақстан бүкіл әлемдегі сияқты мектепке дейінгі білім берудің жаңа әдістеріне көшу керек,- деп атап көрсеткен [1].

Осыған орай жастардың білім жетістігін өркендету елдердің білім деңгейіне көтеру, ол үшін білім беру, оқыту технологиясын үнемі жетілдіріп отыру – өмір талабы. Ал білім баспалдағы балабақшадан бастау алатындығын ескерсек, ол жерде балаға білім берудегі, баланың біліктілік дағдыларын, таным қабілеттерін қалыптастырудағы басты құрал - ойын технологиясы екенін білеміз.

Шағын орталық қабырғасында баланың көп уақытын ойынмен өткізетіні белгілі. Ойын – бала өмірінің нәрі, яғни оның рухани жетілуі мен табиғи өсуінің алғы шарты. Ойын дегеніміз жаттығу, ол арқылы бала өмірге әзірленеді. Халқымыздың ұлы ойшыл - ақыны Абай Құнанбаев «Ойын ойнап, ән салмай, өсер бала бола ма?», - деп айтқандай ойын бала өмірінде айрықша орын алады. Сәбидің өмірді тануы, еңбекке қатынасы, психологиялық таным – дағдылары осы ойын үстінде қалыптасады.

Ойын баланың даму құралы, таным көзі, білімдік, тәрбиелік, дамытушылық мәнге ие бола отырып, тұлғаның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді.

Ойынды әрбір бала ойнап өседі, ойынды көп ойнаған баланың дүниетанымы кең, жаны таза, жүрегі нәзік, нағыз сезімтал тұлға болмақ. Әрине, ойын баланың дамуына, қалыптасуына әртүрлі әсер береді. Кей бала ойында шынайы өмірді бейнелесе, кей бала ішкі сезімін білдіреді. Ойынның дамуына және баланың ойынға араласуына әсер ететін факторлар өте көп. Мысалы, үлкендердің ойынға басшылық жасауы, ойыншықтар, баланың өсетін ортасы, балалар ұжымы, баланың тәрбиесі т.б. Дегенмен де ойын тек әрекет емес, балалардың да, үлкендердің де қызығушылық ермегі, адамды рахат және қанағат сезіміне бөлейтін іс-әрекеті.

Ойынның негізгі ерекшелігі ол балалардың қоршаған өмірді — адамдардың қимылын, іс-әрекеттерін бейнелеу болып табылады. Ойын іс-әрекетінің тағы бір ерекшелігі — оның әрекеттік сипаты. Балалар ойын шығарушылар, ойынды жасаушылар болып табылады. Олар ойында өздеріне мәлім өмір құбылыстары мен оқиғалары туралы білімдерін бейнелейді, оларға өзінің қатынасын білдіреді. Балалар ойынының ерекшелігі сондай-ақ бейненің, ойын әрекеті мен сөздің ұштасуымен өзара байланыстылығында. Бұл оның сыртқы белгісі емес, шын мәні.

Ш.А.Амонашвили ойын арқылы балаларға өте қиын әлемдік танымды түсіндіре білді. Ш.А.Амонашвили өз оқушыларымен ойын ойнағанда өзін балалармен бірдей қоя отырып, олардың көңіліне, ойына, санасына пайдалы ұғымды беріп, өз ісіне сенімді болып, қиындықтарды жеңе білуге

үйретті–баланың көздерінде білімге деген құштарлықты байқады. Осындай ойын арқылы оқытудың арқасында дидактикалық ойын пайда болды.

Дидактикалық ойындар педагогика ғылымының дидактика тарауында қарастырылады. Себебі, дидактика – бұл оқу, және білімдену, олардың мақсаттары, мазмұны, әдістері, құрал жабдықтары, ұйымдастырылуы мен нәтижелері жөніндегі ғылым. “Дидактика” термині грек тілінен енген, аудармасы “үйретуші” дегенді білдіреді.

Дидактикалық ойын тәрбиешінің шығармашылықпен түрлендіре отырып, балалардың психофизиологиялық ерекшеліктерін ескеріп, балабақшадағы ұйымдастырылған іс-әрекет кезінде жаңа тақырыпты өткенде, өтілген материалды қайталағанда, білімді тиянақтау кезінде іс-әрекеттің мазмұнына сай кең пайдаланылады.

Дидактикалық ойын – балалар үшін оқу да, еңбек те. Ол балаларға өмірде кездескен қиыншылықтарды жеңу жолын үйретіп қана қоймай, ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырады. Сондай-ақ, балалар өздерін ізденімпаз, тапқыр етіп көрсеткісі келеді. Әсіресе, түйсіну, сезіну, қабылдау, ойлау, зейін қою сияқты таным үрдістері дамуына жол ашады. Сондықтан бұл ойынның түрі баланың таным қабілетін, сенсорлық дамуы, белсенділігін дамыту құралы болып табылады [2].

Ойын оқыту процесінде мынадай екі түрлі мақсатта қолданылады: біріншісі- оқу (танымдық) мақсатта, екіншісі- ойын ойнау мақсатында.

Ойнау кезінде бала өзінің қоршаған дүние туралы түсінігін кеңейтіп оны бекітіп нақтылай түседі, өз пікірін сөзбен жеткізуге ұмтылады. Сонымен бірге әрбір дидактикалық ойын ойлай білуге баулып, балалардың сөздік қорын арттырады, ақыл – ой қызметін қалыптастырады.

Дидактикалық ойындардың маңыздылығы балалардың ынта – ықыласын есепке ала отырып, оқуды қызықты етіп, білім, білік, дағдыны қалыптастыру. Балабақшада баланың танымдық әрекетін, қызығушылығын дамыту мақсатында дидактикалық ойындарға қойылатын бірнеше талаптарды атауға болады. Олар:

- а) балаларға өзінің қабілетін көрсете білуге мүмкіндік беру;
- ә) баланы басқалармен жарыса білуге қалыптастыру;
- б) ойын барысында балаға жаңа білім, білік, дағдылардың қайнар көзіне жету;
- в) баланың ойын барысында жеткен оның жаңа алған білім, білік, дағдыларымен сәйкес келетіндігі.

Осы көрсетілген сұраныстардың ішінде балалардың танымдық әрекеттерін дамытуда әсіресе кейінгі 3 (жоғарыда аталған:ә, б, в) бөлімнің маңызы зор.

Дидактикалық ойындардың ішінде балалардың өздері қолдан жасап, құрастырып ойнайтын ойыншықтардың орны ерекше. Өйткені, өздері ойын барысында жаңа білім алып, олардың елестету, есте сақтау, ойлау, сөйлеу тілімен олардың түрлі қабілеттері: конструкциялық, музыкалық, ұйымдастырушылық т.б. қасиеттері дамиды.

С.А.Шмаковтың анықтауы бойынша ойын төрт түрлі қырымен сипатталады:

- еркін дамытушы іс - әрекет, ол әрекет белгілі бір нәтиже үшін емес, баланың қанағаттануына байланысты;
- әрекеттің эмоционалды жағынан көтеріңкі болуы, яғни жарыстық орын алуы;
- ойынның мазмұнын сипаттайтын қағидалар [3].

Мектепке дейінгі ұйымдарда оқыту мазмұнына сәйкес дидактикалық ойындардың түрлері кең қолданылады. Мысалы:

1. Ойын – саяхаттар. Бұл ойындар ертегілерге ұқсас. Фактілерді немесе оқиғаларды бейнелейтін, бірақ ерекше түрде ашып көрсетілетін қарапайым жұмбақ арқылы; қиындық – оңай жолмен; қажеттілер – қызық жолмен беріледі.

2. Ойын – тапсырмалар. Бұл ойындардың негізін заттар мен әрекет, сөздік тапсырмалар құрайды. Ойын міндеттері мен әрекеттері бір нәрсені болжауға негізделеді.

3. Ойын – болжамдар. Бұл ойындар “Не болар еді ...?”, “Мен не істер едім, егер ...” деген сұрақтарға негізделеді. Ойынның дидактикалық мазмұны балалардың алдына проблемалық міндет пен әрекет ситуацияны қоюда ерекшеленеді. Мұндай ойындар білімді нақты жағдайда ұштастыра байланыс есептерін тағайындауды талап етеді.

4. Ойын – жұмбақтар. Жұмбақтың негізгі ерекшелігі – логикалық астарының болуында. Олар баланың ой әрекетін белсендіреді. Жұмбақтар салыстыру, теңеу және сипаттау арқылы ұғымның қасиеттерін ажыратуға тәрбиелейді, оқушы қиялының дамуына әсер етеді.

5.Ойын – әңгімелер баланың қызығушылығына негізделген оқыту тәсілдерінің бірі. Мектеп жасына дейінгі балалардың ойын баласы екенін ескере келе, дидактикалық ойындардың жүйелі қолданылуы жақсы нәтиже береді [4].

Аванесов. В.Н. ойынша дидактикалық ойындар оқытудың ойын әдісі ретінде екі түрде қарастырылады: ойын –сабақтар және дидактикалық пен автодидактикалық ойындар. Бірінші жағдайда жүргізуші рөлі тәрбиешіге тиесілі, өйткені балалардың сабаққа қызығушылығын көтеру үшін әртүрлі ойын тәсілдерін қолданады, ойын жағдайын жасайды, жарыс элементтерін енгізеді және т.б. Ойын әрекетінің әртүрлі компоненттерін сұрақтармен, нұсқаулармен, түсіндірулермен, көрсетулермен сәйкес қолданылады [5].

Ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде ойын арқылы білімді берумен бірге тәрбиеші белгілі түсінік қалыптастырады және балаларды ойнауға үйретеді. Балаларға арналған ойындар негізі ойын барысын құрайтын қалыптасқан көріністері, заттармен жасалатын әртүрлі ойын қозғалыстары болып табылады. Содан кейін бұл білімдер мен көріністерді өздігінен шығармашылық ойындарына тасымалдауға жағдайлар жасау маңызды.

Дидактикалық ойындар балаларды оқытудың түрі ретінде екі: оқулық (танымдық) және ойындық (қызық) негізден тұрады. Тәрбиеші бір мезгілде оқытушы және қатысушы болып табылады. Ол үйретеді және оқытады, ал балалар ойнап жүріп, үйренеді. Егер ұйымдастырылған іс-әрекет кезінде балалардың білімі кеңейіп және тереңдетілетін болса, ал дидактикалық ойындарда балаларға тапсырмалар жұмбақ, сөйлемдер, сұрақтар түрінде ұсынылады.


Дидактикалық ойындар, әсіресе ерте жастағы топтарда балаларға сюжеттік – рөлдік ойындарын үйрету,өзіне белгілі рөлді ала білу, ойын ережелерін орындау, оның сюжетін ашу мектепке дейінгі педагогиканың әдісі ретінде қарастырылады. Мысалы, «Әлди,әлди ақ бөпем» дидактикалық ойынында тәрбиеші кіші топтардың балаларына қуыршақты шешіндіруде қимылдардың реттілін – орындыққа киімдерді ұқыпты жинауды, қуыршаққа қамқор болуды, оны жатқызуды, бесік жырын айтуды үйретеді. Ойын ережесіне сәйкес, балалар заттардың ішінен ұйықтауға қажеттілерін таңдайды. Мұндай ойындар кіші топтарда бірнеше рет өткізіледі: «Айгүл қуыршақтың туған күні», «Айгүлді серуендеуге киіндіреміз», «Айгүл түскі аста», «Айгүлді жуындыру». Қуыршақтармен ойындар балаларды өздігінен шығармашылық сюжеттік – рөлдік ойындарға үйретудің тиімді тәсілі болып табылады [6].

Ересек қызығушылығын дамыту, топтардағы балалардың (4-6 жас) дидактикалық ойындарға олардың ойын әрекеттерін қалыптастыруға, тәрбиеші мынадай жағдайларда олардың алдына күрделенген тапсырмаларды қойған кезде және ойын әрекеттерін есіне түсіруге асықпаған кезде қол жеткізуге болады. Мектепке дейінгілердің ойын әрекеттері бірте-бірте саналы болады, ол тек қана үдерістің өзіне емес кең ауқымды нәтижеге жетуге бағытталады. Сонымен бірге мектепке дейінгі ересектер балаларда ойын кезінде сәйкес эмоциялық көңіл күйді сақтайтын, еркіндікті, оған қатысқанда қуанышты бастан кешіре білетін және қойылған мақсатты шешуде қанағаттану сезімі болатындай болады. Оларда бір нәрсе жасауға тырысу, бірге ойнау, бір нәрсемен шұғылданду, ортақ мақсат қою және оны жүзеге асыру ісіне өздері қатысуға талпыныс пайда болады. Мұның бәрі де баланың жеке басының қоғамдық бағытын анықтайды, оның өмірге белсенді ұстанымын бірте - бірте қалыптастырады [7].

Дидактикалық ойын баланың қоршаған дүние туралы түсінігін кеңейтіп және оны бекітіп нақтылай түседі.

Бала бақылау, оқыған кітап, естіген ертегі арқылы айналасын таниды. Олардың түсінігі алғашқы кезде айқын болмайды. Тәрбиеші баланың түсінігін дидактикалық ойындар арқылы нақтылап, дамытып саналы түрде түсінуін өрістетеді. Мысалы, бір заттың түсін атаңдар? Бояудың қандай түрін білесіңдер? Үй жануарларының үшеуін атаңдар. Бала дидактикалық ойын арқылы әр затқа байланысты жаңа білімді меңгеріп, түсінігін тиянақтайды.

Әрбір дидактикалық ойын ойлай білуге баулып, сөздік қорын өсіреді, ақыл - ой қызметін қалыптастырады.



Қорыта айтқанда, мектепке дейінгі мекемелерде арнайы ұйыдастырылған оқу қызметінде тімді пайдаланатын болсақ сабақ тартымды өтеді, балалардың білуге деген құштарлығын арттырады, түсініктерін тереңдетеді, танымдық қызығушылықтары дамиды.

Пайдалынған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті - Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы 2012ж .
2. Альжанова Г.Н. Дидактикалық ойындар баланың интелектісін дамыту құралы ретінде. «Бала және балабақша» журналы. №8-9-11-2011.
3. Шмаков С. А. “Игры учащихся – феномен культуры”, Москва, 1994 г.
4. Бастауыш мектеп, №3, 2003, А.Әбішева «Ойын элементтерін пайдаланудың педагогикалық ерекшеліктері»,
5. Аванесов. В.Н. Дидактическая игра как форма организации обучения в детском саду // Умственное воспитание дошкольника /под ред. Н.Н. Подьякова. - М.: 2000. -263с.
6. «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы. «үш тілдегі дидактикалық ойындар жинағы» Әдістемелік құрал. Астана 2013
7. Бондаренко А.К. Дидактические игры в детском саду. – М.: «Просвещение», 1991ж

Әтемова Қ.Т.

п.ғ.д., Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры

Турсунходжаева Н.А., Сарсенова Ж.Ұ.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің магистранттары,
Түркістан қ., nadira.nadira.2013@mail.ru

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ҚЫЗДАРЫНЫҢ БОЛАШАҚ ОТБАСЫЛЫҚ ӨМІРГЕ ДАЯРЛЫҒЫНЫҢ БҮГІНГІ КӨРІНІСІ

Абстракт: Жаһандық қарым-қатынас мәдениеті еуропа елдері халықтарына ғана емес, түркі халықтарының мәдениеті мен көзқарастарына да өзгеріс әкелді. Әсіресе, қыз балалары мен әйел азаматтардың көзқарасымен қоса, киіну мәдениеті, қарым-қатынас стилі және отбасылық дәстүрлерін сақтау жағдайына елеулі ықпал етуде. Әсіресе жас қыз балаларының болашақ жар, ана ретіндегі көзқарастары мен өмірлік ұстанымдары ұлттық тәрбиеден алысқандықтан барады. Сондықтан, бүгінгі күні түркі халықтарының қыз балаларын ұлттық ерекшелігіне тән көзқарастар мен дәстүрлері тұрғысында даярлау заман талабы болып отыр. Аталмыш мақала «Түркі халықтарының ұлттық құндылықтарды жаңғырту негізінде қыз балаларды болашақ отбасылық өмірге даярлау дәстүрлері» тақырыбындағы ғылыми жоба аясында жүргізілген зерттеу жұмысының нәтижелері бойынша даярланды. Мақалада түркі халықтары қыздарының бүгінгі болашақ отбасылық өмірге деген көзқарастары мен ұлттық ұстанымдары туралы баяндалады.

Кілт сөздер: Болашақ отбасылық өмір, қыз балалары, отбасы, түркі халықтары, тәрбие.

Түйін: Мақалада түркі халықтарының отбасылық ұлттық құндылықтары негізінде қыз балаларды болашақ отбасылық өмірге даярлау дәстүрлері және оның бүгінгі жастар арасында мақұлданып салыстырмалы сипатталады. Аталмыш мақалада көрсетілген деректер Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің студент қыздары арасында жүргізіліп, сараптама жасалған. Жүргізілген сауалнамалар нәтижесінде түркі халықтарының қыз балалары көзқарасындағы болашақ отбасылық өмірге даярлығының бүгінгі көрінісі сипатталған.

Резюме: В статье рассматриваются традиции подготовки девушек к будущей семейной жизни на основе семейных национальных ценностей тюркских народов, а также сравнительная характеристика взглядов современных молодых людей на данный вопрос. Информация, предоставленная в данной статье, была получена в ходе проведения опроса среди студентов Международного казахско-турецкого университета имени Ходжа Ахмеда Ясауи. В результате анализа опросов была выявлена характеристика готовности девушек тюркских народов к будущей семейной жизни.

Summary: This article deals with not only future family life preparation of girls on the basis of Turkic people's national family values, but also its acceptance among young generation of present time has been depicted.

Data specified in this article have been conducted and analyzed among girls students of Khoja Ahmed Yasawi international Kazakh-Turkish University. As a result of the the questionnaire it has been clearly identified the present time's description of future family life preparation of the girls of Turkic people.

Халқымызда «Еркек үйдің егесі, әйел үйдің шегесі» деп бекер айтпаған. Кез-келген отбасы босағасының беріктігі мен ынтымағының жарасымдылығы ондағы әйел баласының ақыл-парасатына тікелей байланысты. Осы тұста елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан-2050» стратегиялық бағдарламасында әйел баласының отбасындағы орны мен ұрпақ тәрбиесіндегі рөлін ескерте келіп: «Біз қыздарымызға ертеңгі жар, ана деп қарап, тәрбиелеуіміз керек», - деп қыз балаларының тәрбиесіне ерекше көңіл бөлу керектігін тапсырған еді[1]. Бұл әсіресе, бүгінгі жаһандық тәрбие дәстүрлерінің күнделікті тіршілігімізге дендеп еніп, ұлттық болмысымызға едәуір ықпал етіп отырған заманда өте өзекті мәселеге айналып отыр. Өйткені, бүгінгі күні әрбір отбасындағы әйел болмысы мен оның қоғамдағы орны, рөлі ұлттық сипаттан алысқа бара жатқаны жасырын емес.

Бүгінгі қоғамдағы әлеуметтік құбылыстар мен жаһандану үрдістерінің талаптары әсіресе қыздар тәрбиесіне ерекше ықпал етуде. Балалардың даму ерекшеліктеріндегі қарқынды өзгерістер мен ата-аналардың тәрбиедегі қауқарсыздығы, мамандар дайындығы мен тәрбие мекемелері арасындағы байланыстың әлсіздігі, әлеуметтік сұраныстардың артуы мен отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынас және өзара мейірімділіктің жеткіліксіздігі отбасындағы тәрбиеге, соның ішінде қыз тәрбиесіне кері әсерін тигізіп келеді. Ата-аналар күні бойы үйде болмағандықтан, қыз балаларының тәрбиесі назардан тыс қалды. «Қызым үйде, қылығы түзде» деп халқымыз айтқандай[2] бүгінде мектеп жасында жүріп тұрмыс құрып жатқан боз балалар да бар.

Бұл келеңсіз жағдайлардың пайда болуы, бүгінгі жаһандық және батыс мәдениетінің жастарға қарқынды ықпал етуі болса, екінші жағынан, қыз балаларды болашақ отбасылық өмірге даярлаудың жеткілікті дәрежеде жүргізілмеуінен дер едік.

Сондықтан, қыз тәрбиесін ұлттық бағытта жетілдірудің тиімді жолдарын қарастырып, пайдалану үшін оны түркі халықтарына тән қыз, әйел балаларының болмысымен байланысты айқындап алған дұрыс болар деп ойлаймыз. Ең алдымен қыз балаларының болашақ отбасылық өмірге дайындығы мен оның іске асырылу жолдарын тарихи қалыптасуымыздағы дәстүрлермен байланысты сипаттайтын болсақ, дініміз ортақ түркі халықтарының қыз балаларына деген талаптары өте жақын екендігін байқаймыз.

Тарихи шолу.

Қыз тәрбиесіне байланысты ғылыми деректерге сүйенер болсақ, орта ғасырдағы түркі ғұламалары мұраларындағы болашақ отбасын құруға дайындық, жар таңдау, қызды ұзату мәселелері өзекті болған әрі қажеттілік туғызып отырған. Сонау Қорқыт жырларынан бастау алған қыз, әйел балаларының болмысының отбасы өміріндегі маңыздылығы аса мән беріліп жырланады[3]. Әйел отбасындағы ер азаматтың ақылшысы, бағдарлаушы жолдасы ретінде жырланады. Сондықтан, Қорқыт жырларында ер жігіттерге жар таңдауда қыз балаларына қояр талаптары тым жоғары болған. Қыз тәрбиесі мәселелері орта ғасыр ғұламасы Ж.Баласағұнның «Құтты білік» дастанында да баяндалады[4]. Тәрбиелі үйдің қызына үйлену ер жігіттерді барлық арманына қол жеткізетін жеңісі ретінде қарастырылады.

Ғұламалар мұраларындағы қыз тәрбиелеу көзқарастары халқымыздың дәстүрлерінде жалғасын тапқан. Халқымызда қыз тәрбиесі келін тәрбиесінен бөлінбей бірге қарастырылған. Себебі, келін жат жұрттан келіп, әлі отбасы дәстүрлеріне сіңісе қоймағандықтан қызына тәрбие бере отырып, келінін қоса тәрбиелеген. "Қызым саған айтам, келінім сен тыңда" деген мақал астарында келінге тікелей айта алмаған талаптарын қызына үйрете отырып тұспалдаған[5]. Жас келінді ата - анасы қолында ұстап, тәрбиелеген. Әбден қалыбына келген кезде ғана отау етіп, бөліп шығарған. Әйел тәрбиесіне оның ері де елеулі үлес қосқан. Сол тәрбиенің негізі бірін - бірі сүйу мен сыйлауда екені тағы белгілі. Өйткені, "Атың жаман болса сатып құтыларсың, қатының жаман болса қайтіп құтыларсың",- дей отырып, жас келінді жақсы етіп тәрбиелеу, келген жеріне тастай батып, судай сіңіп кетуі қашан да енеге сын болған. Сондықтан өз қыздарындай көріп бірге тәрбиелеген.

Түркі халықтарының қыз тәрбиесіндегі дәстүрлері мен әйел баласына деген қатынасы қашанда өзге ұлттарды қызықтырып келген. Себебі, ата-бабаларымыздан келе жатқан тәрбие дәстүрлерінде алып қосар ештеме жоқ, бәрі өз орнымен ұсынылып келген. Бұл дәстүрлердің заманның өзүна қарай тозығы жетпеген, қайта сұранысы арта түскендігіне бәріміз бүгінде куәсіз.

Түрік халықтарының отбасылық тәрбие дәстүрлерін зерттей келе, Ресей ғалымы, профессор Ю.К.Малницкий отбасындағы қыз, әйел баласына деген қатынасты былайша сипаттайды: «Қазақ халқының тұрмыс тіршілігінде әйел баласы ең алдымен шаруашылықтағы басты құндылық болып табылған. Қыз балалары жастайынан (5 жастан) анасының көмекшісі ретінде одан бір елі де қалмаған. Сөйтіп, анасының жанында жүріп әйел балаларына тән әрекет түрлерін, яғни су, отын әкелуге, киіз үйдің ішін жиып - теру, тамақ әзірлеу, іс тігу, қол өнермен айналысуға үйретіледі. Сонымен қатар, қазақ халқында әйел баласы өзінің шаруашылық жұмыстардағы жетістіктеріне қарай отбасында үлкен беделге ие болып отырған. Әйел мал шаруашылығын басқаруға, азықтандыруға, қол өнер бұйымдарын сатуға даярлау жұмыстарымен айналысуға құқылы болған. Оның көзқарасы мен пікірі отбасылық кеңесте шешуші дауысқа ие болған. Сондай- ақ, әйел ат үстінде еркін далада шабады, қонақтарды күтіп алуға және оларды қымыз, қымыранмен сусындандыруға қатысатын, тіпті олармен сұхбатқа да түсетін болған деп қазақ әйелдерінің басқа халықтардан ерекшелігін сипаттайды [6, 105 б.].

Міне, осылайша түркі халықтарына енген этностар қыздарын жастайынан болашақ ана болуға, жар ретінде отбасы өмірін ұйымдастыру мен шаруашылықты жүргізуге тәрбиелегендігін көреміз.

Әйтсе де, қоғам бір орында тұрған жоқ. Заманның дамуына қарай бүгінде ұлттық құндылықтарымыз біртіндеп жаһандық мәдениетпен кіріктіріліп, қыздарымыздың болмысы мен оған деген көзқарастар да өзгерді.

Зерттеу барысына талдау

Біз түркі халықтары қыз балаларының болашақ отбасылық өмірге даярлығының бүгінгі жағдайы мен оған деген көзқарастарын және ой-пікірлерін білу мақсатында Түркістан қаласында орналасқан Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің студент қыздары арасында сауалнама жүргіздік. Сауалнамаға аталмыш оқу орнында білім алып жатқан 10 мемлекеттен(Қазақстан, Ауғанстан, Түркменстан, Қырғызстан, Моңғолия, Түркия, Қытай, Қарақалпақстан, Болгария, Ресей) келген 13 ұлт өкілдерінің(Қалмақ, башқұрт, саха, ауған, қырғыз, болгар, түркімен, қарақалпақ, түрік, өзбек, қазақ, тәжік, ноғай) жалпы саны 190 қыздары қатысты. Сауалнамаға қатысқан қыз балаларының жасы 17 жас пен 25 жас аралығын қамтыды. Олардың

барлығының да діні ислам діні екендігі анықталды. Олай болса, бұл діндегі қыз балаларының көзқарастары мен болашақ отбасылық өмірге даярлық бойынша көзқарастары жақын болуы тиіс. Әйтсе де, бүгінгі заманның құбылыстары олар көзқарастарына әртүрлі әсер еткендігін көрсетті. Олардан төмендегідей сұрақтар бойынша жауаптар алынып, сараланды:

«Дәл қазір тұрмыс құруға дайынсыз ба?» деген сұрақ бойынша сауалнамаға қатысқан 17-25 жас аралығындағы қыздардың небәрі 29-ы (18%-ы) ғана дайын екендіктерін айтқан, қалған 82%-ы (161-і) әлі тұрмыс құруға психологиялық тұрғыдан дайын емес екендіктерін білдірген.

Бұдан шығатын тұжырым, бүгінгі қыз балаларын жоғары оқу орындарында болашақ кәсіби маман болуға дайындап шығарғанымызбен, отбасында тұрмыс құруға дайындығын қалыптастыру назардан тыс қалып келгендігін көруге болады. Сонымен қатар, ерте тұрмысқа шығып балалы болғандар арасында саналы түрде ана болуға, отбасылық жауапкершілікті сезінуге дайын болмайтындығы да осы себептен деп білеміз. Бүгінгі қоғамда болып жатқан сорақы құбылыстар мен қатігездік оқиғалардың орын алу себептері де осыдан деп білуге болады.

«Қыз балаларының қанша жастан тұрмыс құруы дұрыс деп ойлайсыз?» деген сұраққа сұралғандардың 8%-ы(16 адам) 17-20 жас аралығын қыз балалары үшін тұрмыс құруға қолайлы жас деп көрсеткен, ал 69%-ы(131 адам) 21 мен 25 аралығын көрсеткен, 19%-ы(36 адам) 25 жаста тұрмыс құрған дұрыс деп санайтынын айтса, 4%-ы(7 адам) қыз балаларын мына жаста тұрмыс құруы тиіс деп айту қате пікір деп ойлайтынын айта отырып, адам өзін тұрмыс құруға дайынмын деп санаған кезде отбасын құруы керек деп білетіндігін мәлімдеген.

Жоғарыдағы фактілерден жастардың басым бөлігінің қыз балаларының жастай тұрмыс құруына көзқарастарының теріс екендігін көруге болады. Шынында да қазіргі жастар, отбасын құрудан бұрын қоғамда өз орнын табуды, мамандық алып, қызметтік жетіктікке қол жеткізуді және әлеуметтік мәселелерін шешіп алуды жөн көреді. Сондықтан, қазіргі жастар болашақ жар таңдауда да біршама талаптар қояды және отбасын құруға асықпайды.

«Болашақ жарыңыздың қандай адам болғанын қалайсыз?» деген сұрақ бойынша қыз балалардың 73,2%-ы(139 қыз) негізінен жігіттің ішкі жан дүниесінің бай болғанын қалайтынын айтқан. Бұдан қыздардың оқыған, мінезі байсалды, ұстамды, әйел баласына түсіністікпен қарайтын, рухани бай, интеллект жігіттерді жоғары бағалайтынын көруге болады. Қыздардың ішіндегі 10%-ы(20 қыз) жігіттердің сымбатты болғанын қалайтынын жасырмаған. Ал, қалған 16,8%-ы(32 қыз) жауап беруге қиналғандар болды. Демек, олар болашақ отбасылық өмір туралы, жар таңдау бойынша әлі ойланбағандар қатарында болып тұр.

«Отбасында қанша балаңыз болғанын қалайсыз?» деген сұрақ төңірегінде жүргізген сауалнамаға қыздардың 14%-ы(26 қыз) 1-2 бала болғанын дұрыс деп санайтынын айтқан. 34 %-ы(64 қыз) 3-4 бала болғанды қалайды екен. Ал, сұралғандардың 42%-ы(79 қыз) 4 баладан жоғары болуы керек десе, 11% қыздар (21қыз) жауап беруге қиналғандар болды.

Сонымен қатар, қыздардың басым бөлігі (148 қыз) яғни сауалнамаға қатыстандардың 78%-ы тұрмыс құрғаннан кейін жігіттің ата-аналармен бірге тұруды қалайтындықтарын білдірген. Ал, қыздардың 15%-ы ата-енелерінен бөлек тұрғанды дұрыс көретіндіктерін білдірген.

Сауалнама бойынша сұралған сұрақтың жауаптары бойынша қыздардың 60%-ының отбасында болашақ отбасылық өмірге дайындайтын әңгімелер мен сұхбаттар жүргізіліп тұратыны анықталса, 23%-ының отбасында бұл тақырыпқа мүлдем әңгіме қозғалмайтындығы белгілі болды.

«Отбасы тыныштығы мен бақыты неде деп білесіз?» деген сұраққа сауалнамаға қатысқан қыз балаларының 3%-ы отбасындағы ұрыс-керіс пен келіспеушіліктің бәрі материалдық жағдайға байланысты деп білетінін көрсеткен. Шындығына да көп жағдайда отбасы тыныштығының бұзылуы қаражат тапшылығынан туындайтын қиыншылыққа төзбеу деп айтып жатамыз. Соған қарамастан сұралғандардың 92 %-ы ерлі-зайыптылардың арасында рухани жақындық пен өзара түсіністік болса материалдық жағдайдың қиындығы отбасындағы тыныштықтың бұзылуына себеп бола алмайды деп есептейтіндігін айтқан. Қыздардың 5%-ы жауап бере алмаған.

«Жұбайыңыз үйде отырғаныңызды қаласа келісер ме едіңіз? Әлде жұмыста болғанды қалайтыныңызды мойындатар ма едіңіз?» деген сұрақ бойынша 35%-ы келісетінін айтса, 58 %-ы келіспейтінін, жұбайын көндіруге тырысатынын мәлімдеген. Қалғандары жауап бере алмаған.

«Сіз үшін әйелдің орны қайда болуы керек?» деген сұраққа қыздардың 14%-ы өздеріне ерекше құрметтің болуы керектігін айтқан. Олар отбасы саясатын әйелдер жүргізгенде отбасы өмірі дұрыс болады деп білетінін айтса, 46%-ы ер адам үстем болуы керек деп есептейтінін айтқан. 27%-ы ері мен әйелі тең құқылы қарым-қатынас жасағанда отбасы өмірінде гармония болады деп білген. 13%-ы жауап бере алмағандар қатарында болды.

«Отбасы құндылығына нелерді жатқызасыз?» деген сұраққа ешқайсысы нақты жауап бере алмаған. Отбасы құндылығына қыздардың 81%-ы(154 қыз) рухани құндылық деп көрсеткен, бірақ ол құндылықтарды нақты атап көрсете алмаған. 3%-ы(5 қыз) материалдық құндылықты атаған.

Бұл сауалнама нәтижелерінен көретініміз, бүгінгі түркі халықтарына тән қыз балалардың отбасы өміріндегі көзқарастарының әртүрлілігін байқаймыз. Сонымен қатар, қыздардың отбасылық салт-дәстүрлерді білетіндері көпшілік болғанымен, оны пайдалануы төмен болып тұр. Отбасыларында қыз балаларды болашақ отбасылық өмірге мақсатты түрде даярлаудың назардан тыс қалып отырғандығы байқалады.

Қорытынды. Осы мәселелерге байланысты бүгінде мектептерде, тәрбие мекемелерінде жоғары оқу орындарында кешенді жұмыстар атқарылуы тиіс деп білеміз. Өйткені, қыз тәрбиесін ұлттық құндылықтармен байланысты іске асыру қоғамдағы келеңсіз оқиғалардың алдын алуға мүмкіндік береді. Сондықтан, ұлттық құндылықтар негізінде түркі халықтарына тән тәрбие дәстүрлерін насихаттау мен оны қыз бала тәрбиесінің негізіне алу қоғам сұранысынан туындап тұрған мәселе деп білеміз.

Бүгінгі жаһандану жағдайында әлемдік білім мен мәдениетті меңгере отырып, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіріп өсу жастар тәрбиесін тұрақтандырады. Қыз балалары болашақ ана, жар болғандықтан оларды өз табиғатына тән дәстүрлермен тәрбиелеу маңызды. Өйткені, еліміздегі отбасы тәрбиесі дәстүрлерін берік ұстанған халықтың ұрпақтары өздерін ұлтына лайықты алып жүре алады. Бұл ең алдымен қыз балалардың болашақ жар, ана, әйел ретіндегі болмысын қалыптастырумен байланысты болмақ. Сондықтан, білім беру мекемелерінде жаһандық ақпараттар мен технологияларды меңгеру тиімді болғанымен, тәрбиеде ұлттық құндылықтарымызды басты назарда ұстау маңызды. Осы тұста елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: «Білім мен тәрбие адамгершілікті қалыптастырудың қос қанатындай, сондықтан білім жаһандық, ал тәрбие ұлттық болуы керек»[7], - деп айта отырып, бүгінгі жастарды ұлттық және жаһандық мәдениетті қатар меңгеруі арқылы заман талабына сай тұлға етіп қалыптастыруды мақсат етеді.

Жоғарыдағы түркі халықтарының қыз балалары көзқарастарына талдау мынадай ерекшеліктерін атап көрсетуге негіз болады:

- бүгінгі түркі халықтарындағы қыз балаларының басым бөлігінің жастай тұрмыс құруға көзқарастарының теріс екендігі;

- түркі халықтарының өмір сүру салтына тән бірнеше ұрпақ өкілдерінің бір шаңырақ астында тұруы сақталғандығы көрінеді. Оның қажеттілігі бүгінгі ата-енелердің көзқарастары мен жастар көзқарастарының біршама жақындығы, сонымен қатар заман талабына сай ойлау, өмір сүру дәстүрлерінің бірыңғайлығы деп білеміз;

- егемендікке қол жеткізуімізге байланысты жастардың әлеуметтік қиыншылықтан қорықпай, көпбалалы отбасы болуға деген ниеттерінің болуы;

- түркі халықтарының қыз балалары арасында ұлттық құндылықтардан гөрі, әлемдік мәдениетті ұстану жағдайларының басымдығы;

- түркі халықтарының қыз балаларының жар таңдауда ер азаматтардың рухани деңгейінің жоғары болуын қалайтындығы;

- түркі халықтарының қыз балаларының «отбасы-ошақ қасында» қалып қоймай, қоғамда өз орны мен рөлін жоғары қоятындарының басымдығы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Назарбаев Н.Ә. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 ж.
2. Қазақ мақал - мәтелдері /жинап құрастырған Өтебай Тұрманжанов. - Алматы: Ана - тілі, 1993. - 173 б.
3. Қорқыт Ата. Энциклопедиялық жинақ. //Редакциясын басқарған Ә.Нысанбаев. - Алматы:"Қазақ энциклопедиясы баспасы, 1999. - 128 б.
- 4.Қазақ мақал - мәтелдері /құрастырған: Ж.Малайсайрин. - Алматы, 2004. - 184 б.
5. Баласағұн Ж. Құтты білік. - Алматы:Жазушы, 1986. - 358 б.
6. «...народы Средней Азии». Рукопись профессора Ю.К.Малницкого. ЮКОГА. Фонд № 1170. Название фонда «Документы о жизни и деятельности казахской национальной интеллигенции в Туркестане», ОП 10, Дело 4. – 118 с.
7. Н.Ә. Назарбаев. «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты // Егемен Қазақстан, 14 желтоқсан, 2012.

Кариев Сабыр
п.ғ.д., профессор

Кариева Қалия Өтепқызы
п.ғ.к. (PhD), доцент Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Karieva_Kalya@mail.ru, Астана қ.

БОЛАШАҚ ИНФОРМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ КӘСІБИ ДАЯРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

***Түйін:** Мақалада болашақ информатика мұғалімінің кәсіби дайындығын жақсартуға ықпал ететін ақпараттық технологияларды қолдану арқылы болашақ информатика мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру процесі қарастырылады.*

***Аннотация:** В статье раскрывается процесс формирования профессиональной компетентности будущего учителя информатики с использованием информационных технологий, которые оказывают содействие совершенствованию профессиональной подготовки будущего учителя.*

***Summary:** The article reveals the process of forming the professional competence of the future computer science teacher with the use of information technologies that contribute to the improvement of the professional training of the future teacher*

Қазіргі ақпараттық технологиялардың қарқынды даму кезеңінде білім беретін оқу орындарының оқу үдерісінің тиімділігі болашақ мұғалімнің кәсіби дайындығына тікелей қатысты. Сол себепті ақпараттық-компьютерлік технологиялар құралдарын педагогикалық іс-әрекетте кеңінен қолдана білу іскерліктерінің жоғары деңгейде қалыптасуы мектеп мұғалімдерінің кәсіби дайындығына қойылатын талаптар қатарына енеді. Осы орайда жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді педагогикалық үдерісте ақпараттық технологиялар мен бағдарламалық құралдарды қолдануға ғана емес, осы құралдарды жасауға дайындау өзекті мәселе болып табылады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында «Білім және кәсіби машық – заманауи білім беру жүйесінің, кадр даярлау мен қайта даярлаудың негізгі бағдары. Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет», – деп атап көрсетті [1].

Қазіргі педагогикалық білім беру жүйесінің даму стратегиясын анықтауға және мұғалімдердің кәсіби дамуының өзекті мәселелерін тәжірибелік тұрғыдан шешуге міндетті болашақ кәсіби даярлық жүйесінің бейнесін қалыптастыру – қазіргі педагогикалық міндеттердің аса маңыздыларының бірі болып табылады. Педагогикалық-психологиялық әдебиеттерде педагогтың тұлғалық – кәсіби дамуы студенттердің кәсіби-педагогикалық бағдарлануын, педагогикалық оқу орындарындағы болашақ мұғалімдердің даярлығын, бітірушілердің шынайы педагогикалық тәжірибеге бейімделуін, тәжірибенің жинақталуына байланысты педагогикалық шеберліктің жетілдірілуін қамтитын үздіксіз үрдіс ретінде қарастырылады.

Болашақ мұғалімдердің өзін – өзі жүзеге асыруда олардың кәсіби әлеуетін дамыту маңызды болып табылады. Ол үшін үнемі өзін-өзі дамыту, белсендендіру, жүзеге асыру, тұлғаның танымдық дамуы жүреді.

Информатиканың салалық және элективтік курстарының енгізілуі жоғарғы кластарда информатиканы оқытудың әдістемелік жүйесіне жаңа талаптар қояды. Информатиканы және ақпараттық технологияларды бейіндік деңгейде оқып-үйрену келесі міндеттерге қол жеткізуге бағытталған: білім берудің саласын есепке ала отырып, информатика және ақпараттық технологиялар саласындағы жүйелілік және тереңдету; кәсіби ақпараттық технологиялармен танысу; бейіндік аумақтың мәселелерін шешуге бағытталған ақпараттық құралдарды құрастыру дағдысын қалыптастыру; таңдап алынған кәсіби салаға тән сипаттағы объектілер мен үрдістердің ақпараттық үлгісін өз бетінше жасай білу.

Өз маманының жақсы иесі болуы үшін, оқу үрдісін жалпы теориялық пәндер аралас пәндерге әсер етуі арқылы болашақ кәсіби дайындық нысанына бағыттап жасау қажет. Оқу сапасы шешуші кезеңінде танымдық дайындығының дамуына байланысты болады, Студенттер жоғары оқу орындарында оқытылатын барлық пәндердің жоспарын терең талдап, оқу пәндерінің мазмұны

туралы толық ақпарат алулары қажет. Бірінші , екінші курста олар жалпы мамандығына қажет болатын пәндерді оқиды, сондықтан бұл курстағы пәндерге көбірек көңіл аударулары керек.

Э.И. Кузнецовтың айтуы бойынша, болашақ информатика мұғалімінің әдістемелік дайындығының басты мақсаты ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, білім берудің негізгі принциптеріне дәйектелген білімді, дағдыны және іскерлікті қалыптастыру болып табылады:

- өзінің пәні бойынша педагогикалық бағдарламалардың негізгі оқудағы пакеттерінен хабардар болу және осы бағдарламалық құралдарды оқуда тиімді қолдана білу;
- компьютерді мәселелерді шешуші және білім беру құралы ретінде пайдалана білу;
- ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы оқыту нәтижесін бағалай білу және осыған байланысты білім беру үрдісін түзете білуі керек [2].

Осылайша, әдістемелік дайындық, болашақ информатика мұғалімін кәсіби даярлаудың басты буыны бола тұра, көп жағдайда кәсіби дайындықтың операциялық-технологиялық(қызметтік) компонентінің қалыптасуына сәйкес келеді.

Кәсіби даярлықтың ғылыми-теориялық (когнитивтік) компонентін қалыптастыру болашақ мұғалімнің пәндік дайындығымен дәстүрлі байланыста. Бұл ретте информатикаға әсер ететін, информатикада ғылым ретінде жүріп жатқан мәдени және техникалық өзгерістер, болашақ информатика мұғалімдерін пәндік дайындауды үнемі жетілдіріп отыруды талап етеді.

Пәндік салада информатика мұғалімін арнайы дайындау В.В. Лаптевтің зерттеулеріне сәйкес:

- «информатика» пәндік саласындағы негізгі (іргелі) дайындау;
- жаңа ақпараттық технологиялар саласындағы қолданбалы дайындау;
- «информатика» пәндік саласындағы әртүрлі бағыттар бойынша арнайы дайындау (информатиканың ғылым ретіндегі кейбір бөлімдері бойынша терендетіп немесе ілгері дайындау) арқылы қамтамасыз етіледі.

Алғашқы екеуі жоғарғы кәсіби білім берудің мемлекеттік білім стандартында көрсетілген оқу курстары мен пәндері арқылы, ал үшіншісі - мамандандыру пәндері мен аймақтық компоненттермен қамтамасыз етіледі.

Осылайша, болашақ информатика пәнінің мұғалімдерін пәндік дайындау 1-кестеде көрсетілгендей келесідей топтарға жіктеледі:

- базалық (негізгі) ғылыми дайындықты анықтайтын, информатика және есептеу техникасы саласындағы білімді;
- жаңа ақпараттық технологиялар жағдайында жұмыстың білімін, дағдысын және іскерлігін;
- қосымша (мамандандырылған) білім мен дағдыны қалыптастыруға бағытталған [3].

Кесте 1

Информатика мұғалімін пәндік салада арнайы дайындаудың құраушылары және олардың мазмұны

«Информатика» пәндік саласындағы арнайы дайындық		
Құраушылары	Не оқылады	МБС орны
Базалық (іргелі)	Информатика іргелі ғылым ретінде	Жоғарғы кәсіптік білім берудің мемлекеттік стандартының базалық және арнайы курстары
Қолданбалы (технологиялық)	Информатика қолданбалы ғылым ретінде (ғылымның онтологиялық анықтамасы) және технология	
Мамандандырылған (пәндік саланың бағыттары бойынша)	Информатика ғылымының жекелеген бөлімдері мен бағыты	Аймақтық компонентпен анықталатын, мамандандырудың пәндері және курстары.

Пәндік дайындық мақсаттарын жүзеге асыру төмендегі міндеттерді шешу арқылы қол жеткізіледі:

- информатиканың ғылыми пән ретіндегі негізгі түсініктері мен әдістері туралы теориялық білімді жинақтау және терендету;
- операциялық жүйелерді, утилитті, операциялық жүйелердің және операциялық қабықшаның қондырмаларын пайдалану негізінде дербес компьютерде жұмыс істей білуді және дағдыны қалыптастыру;

• компьютердің көмегімен ақпаратты ұсыну, сақтау, өңдеу және тарату тәсілдерін оқып-үйрену және меңгеру. Мәтінді, сандық кестені, мәліметтер базасын, жүйелік технологияларды, біріктірілген ортаны өңдеу жүйелерін және ғаламторды біріктіретін ақпараттық және коммуникациялық компьютерлік технологияларды пайдалану;

• оқу үрдісінде ақпараттық және коммуникациялық технологияларды, оқушылардың білімдік қызметін ұйымдастыратын және қашықтықтан оқыту технологиясын пайдалану тәсілдерін оқып-үйрену және меңгеру.

Пәндік сабақты дәстүрлі түрде оқыту, әдетте кәсіби қызметпен байланыстан тыс жүргізіледі. Қабылдау, зейін, жады үрдістері басты назарда болатыны жасырын емес. Дәрістік әдіс студентті ақпаратты «қабылдаушы» ретінде анықтаса, ал оқытушы сол ақпаратты «таратқыш» ролінде болады. Кәсіби қызметте баяндаушыдан үнемі дайын ақпаратты алуға ғана бейімделу аздық етеді, студентке қажетті ақпаратты өз бетімен ізденуіне тура келеді, әрбір оқушы осы үрдістің белсенді қатысушы бола алатындай ақпараттан ең маңыздысын ала білуі, оны оқып-үйрену барысын үлгілей және іске асыра білуі, өзінің білім алу қызметін өзі меңгере алатын деңгейде жүзеге асыра білуі керек болады [4].

Болашақ мұғалімдерді кәсіби дайындау барысында пәндік сабақтарды оқып-үйренуді ұйымдастырудың маңызды ерекшелігі ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың техникалық және бағдарламалық құралдарын белсенді түрде пайдалану болып табылады. «Жаңа ақпараттық технологиялар өзінің сипатына байланысты, дайын желілік білімді дидактикалық желілік технология арқылы беру үстемдігі бар дәстүрлі білім беру жүйесінде өзінің оқыту әлеуетін толығымен аша алмайды. Заманауи білім беру оқытатын ортаны (мұғалімдер, оқытудың құралдары және технологиясы) білім - декомпозиция – оқыту – синтез – білім - бақылау кестесін жүзеге асыратын білім берудің желілік моделінен, мақсат – міндет – зерттеу – білім – бақылау атты жаңа кестесіне ауысуға бағыттайды».

Болашақ информатика мұғалімдерін пәндік даярлау кезінде ақпараттық технологиялар, бір жағынан кәсіби білім беру құралы ретінде жүрсе, екінші жағынан - оқып-үйренуге тұратын зат болып табылады. Болашақ информатика мұғалімдерін пәндік даярлау барысында, ақпараттақ технологиялардың білім беру саласында қолданылатын үш моделі табиғи түрде жүзеге асырылады деп сендіре айтуға болады:

- 1) компьютер – танымдық құрал;
- 2) компьютер – оқыту құралы;
- 3) компьютер – оқып-үйрену объектісі.

Бұл өз кезегінде, болашақ информатика мұғалімдерінің кәсіби даярлығын дамыту мақсатында оларды пәндік дайындау үрдісіне, ақпараттық коммуникациялық технологиялар негізінде кәсіптік-бағдарлы міндеттерді құрастырудың және енгізудің алғышартын құрайды.

Біздің жағдайда, шешімі болашақ информатика мұғалімдерінің технологиялық біліктілігін дамытуға әсер ететін кәсіптік-бағдарлы міндет ретінде, студентке пәндік сабақтарды оқып-үйренуді кезінде ұсынылатын міндеттер деп түсінеміз, оның шарттары информатика мұғалімінің қызметінің компоненттерін сипаттайды, ал шешімі осы қызметтің нәтижесіне сәйкес келеді

Сонымен, болашақ мұғалімдерді кәсіби дайындау барысында пәндік сабақтарды оқып-үйренуді ұйымдастырудың маңызды ерекшелігі болып ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың техникалық және бағдарламалық құралдарын белсенді түрде пайдалану болып табылады. Әдетте, оқу пәндерін оқып-үйрену кәсіби қызметтен тыс жүргізіледі және кәсіби даярлықтың ғылыми-теоретикалық компонентін қалыптастыруға бағытталады.

Пайдаланылған дерек көздерінің тізімі

- 1 *Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы //Астана, – 2012.*
- 2 *Кузнецов Э.И. Общеобразовательные и профессионально-прикладные аспекты изучения информатики и вычислительной техники в педагогическом институте: дис.... д-ра пед. наук. - М.: 1990. - 347 с.*
- 3 *Лаптев В.В. Методическая теория обучения информатике. Аспекты фундаментальной подготовки. – СПб.: С.-Петербург, 2003. - 352 с.*
- 4 *Матросов В.Л. Перспективы развития предметной подготовки учителей информатики //Преподавание информационных технологий в России: Открытая всероссийская конференция. – Москва, – 2006.– с. 112-116.*

Карпыкбаева Акмарал Сатыбалдиевна
К.п.н., и.о.доцента МКТУ им. Х.А.Ясави г.Туркестан ; akma2001@mail.ru

Абдулхаков Батирбай Балтабаевич
Магистр МКТУ им. Х.А.Ясави г.Туркестан; batirbay@mail.ru

РОЛЬ ГУМАНИТАРНЫХ ДИСЦИПЛИН В ОБЩЕКУЛЬТУРНОМ РАЗВИТИИ СТУДЕНЧЕСКОЙ МОЛОДЕЖИ

Резюме. В статье говорится о том, что гуманитарные дисциплины, изучаемые студентами независимо от их специализации, играют важную роль в их общекультурном развитии. Акцентируется внимание на том, что именно они формируют гражданские качества труженика, защитника Родины, патриота – интернационалиста, семьянина, хранителя природы.

Ключевые слова: гуманитарные дисциплины, молодежь, культура, студенческая среда, общество, воспитание, педагогическая деятельность.

Түйін. Бұл мақалада білімгерлердің, мамандануына қарамастан, оқитын гуманитарлық пәндерінің, олардың жалпы мәдени дамуында маңызды рөл атқаратындығы туралы айтылады. Білімгерлердің бойында азаматтық, Отан қорғаушысы, патриот-интернационалист, отбасылық адамның, табиғатты сақтаушының қасиеттерін қалыптастырады деп назар аударылған.

Кілт сөздер: гуманитарлық пәндер, жасстар, мәдениет, студенттік орта, қоғам, тәрбие беру, педагогикалық қызмет.

Summary. The article is about the humanitarian subjects studied by students, regardless of their specialization, play an important role in their general cultural development. It is accentuated on the fact that they form the civic qualities of the worker, defender of the Motherland, a patriot as an internationalist, a family man, and a guardian of nature.

Key words: humanitarian subjects, youth, culture, student environment, society, education, pedagogical activity.

Важной проблемой общества на сегодняшний день является проблема определения и утверждения в обществе социально- приемлемых ценностей, ориентиров, развитие таких мировоззренческих взглядов, убеждений, позиций, которые способны оказать действенное консолидирующее влияние на общественное сознание, на формирование граждански активных, патриотических качеств у молодежи.

Сегодня, когда Казахстан делает крутой поворот в своем развитии, особенно ярко обозначился недостаток гуманитарного мышления - потеря традиций, уродливые деформации вековых норм бытия и нравственности, чудовищное падение самооценности человеческой личности - свидетельства этого. И в данный период важно объединение всех гуманитарных наук, общественных сил, чтобы наше государство было и осталось правовым, демократическим, чтобы общество, которое будет жить в этом государстве было сильным, здоровым духом и телом. Ведущие места должны занять философские науки, искусство, психология и история, эти науки, познавая мир, направляют людей к истине; изменения психологического состояния напрямую связаны с развитием духовности общества; искусство является ядром и главным средством эстетического воспитания, желанный, оптимальный результат которой - формирование целостной и гармоничной, самоценной и социально ценной, творчески активной личности, обладающей высокой культурой, что позволяет человеку жить гуманно и действовать убежденно, целенаправленно, избирательно, продуктивно, практично и общечеловечески значимо.

Назрела необходимость в переосмыслении концептуальных подходов к воспитанию подрастающего поколения и поиска новых форм и методов воспитательной деятельности в высших учебных заведениях.

Образование само по себе как ценность и его определяющая роль в формировании человека как творческого, духовного, культурного и социального существа бесспорна. Современная философия образования предлагает новые подходы в осмыслении соотношения ценностей гуманитарного знания и качества образования. По мнению Н.С. Розова [1, 129], выявлены общие образовательные ценности, относящиеся к выпускнику как главному продукту образования, а именно:

- ответственность за общезначимые ценности;
- свободное самоопределение индивида в культурном пространстве ценностей. Только через образование индивид может получить полноту представления о культурном смысловом пространстве выбора;

- компетентность как образовательная ценность.

Как справедливо отмечает Е.Сыдыков [2,15], в современных условиях модернизации казахстанского общества, становления суверенитета особая ответственность ложится на молодое поколение, как на носителя новых социальных ценностей. Известно, что молодежь представляет собой такую социальную группу, которая отличается динамизмом, изменчивостью, решительностью, бескомпромиссностью, максимализмом.

В стратегии развития нашего государства до 2030 года отмечается, что достижение долгосрочных целей в развитии Казахстана возможно только при наличии в стране высокоинтеллектуального человеческого потенциала с высоким уровнем духовного, научного и творческого развития.

Выпускник университета, как конечный продукт высшего образования, должен сегодня соответствовать потребностям нового общества и активно участвовать в решении его проблем.

Проведенный анализ ситуации в студенческой среде позволяет выявить следующие тенденции:

-современное студенчество представляет собой поколение, выросшее в условиях рыночных реформ, что отразилось на их ценностных ориентациях: в их сознании, наряду с такими общечеловеческими ценностями, как образование, здоровье, семья, доминируют прагматичность, индивидуальность, материальное благополучие;

-для значительной части молодежи получение качественного образования остается ведущей социальной ценностью;

-политические ценности и ориентиры в студенческой среде характеризуются рядом противоречий: с одной стороны, проявление интереса к политическим, экономическим, социокультурным процессам, происходящим в обществе, с другой стороны – низкая информированность;

-увеличивается количество творческой, талантливой молодежи, проявляющей себя в различных видах деятельности: спорте, искусстве, науке и т.д.;

-наблюдается образование студенческих молодежных организаций, движений, объединений не по политическим мотивам, а с учетом будущей профессиональной деятельности.

Гуманитарные науки, в отличие от естественных, имеют своим предметом реальность (человека, культуру, историю, дух), в котором, ценностно – смысловое содержание не может быть вынесено за рамки теоретического исследования и входит в его конечные выводы. В процессе изучения гуманитарных наук студенты усваивают это содержание, осознают значимость материальной и духовной культуры. Достижение целей социально – научного и гуманитарного образования любого специалиста, независимо от избранной им специальности дает:

- 1) понимание развития социальной организации и влияния на него науки и техники;
- 2) формирование способности к предвидению социально – экономических, нравственных и других последствий профессиональной деятельности;
- 3) овладение нравственными, этическими и социальными нормами, необходимыми для формирования личной ответственности, для деятельности в интересах общества, для достижения личного успеха;
- 4) развитие способности и интереса к творческой деятельности, потребности в непрерывном образовании;
- 5) умение мыслить логично и выражать убедительно свои мысли в устной и письменной форме;
- 6) способность выявлять и критически анализировать проблемы;
- 7) общее знакомство с шедеврами литературы и искусства и понимание их роли и влияния на цивилизацию.

Анализ учебных планов, программ свидетельствует, что изучение гуманитарных дисциплин в целом соответствует решению задач воспитания духовных и нравственных основ формирующейся личности, чего не скажешь о патриотическом воспитании, которое в данной системе высшего образования представлено недостаточно системно. Проблема заключается в материально – техническом обеспечении дисциплин, уровне профессиональной подготовки преподавателей, в недостаточно проводимой воспитательной работе со студентами. Сегодня возникла потребность в новых образовательных технологиях, использовании аудиовизуальных средств, установлении более тесной связи с музеями, театрами и другими организациями культуры. Но важнейшим все же остается решение проблемы разработки мировоззренческих основ воспитания молодежи в целом и его патриотического направления в частности. В этой

связи все более возникает необходимость разработки такой идеологии, которая, обладая развивающей функцией, способствует активному осмыслению важнейших проблем реальной действительности, конструктивному их решению. Именно идеология является теоретико - формирующей основой воспитания молодежи, поскольку вооружает его системой духовно-ценностных ориентаций. В более широком социальном смысле ясная и всесторонне разработанная идеология может избавить общество от тревожных сомнений, освободить его сознание от внутренних противоречий, политической неопределенности, духовно-нравственной деградации.

Говоря о том, что духовно-нравственный компонент нашего сознания составляет основу содержания общенациональной идеи, определяет внутреннее единство общества мы признаем важность гуманитарного образования. В структуре профессионально-педагогической подготовки учителя духовно-нравственные ценности занимают особое место, являясь основой, на которую опираются все остальные компоненты системы. Ценности здесь – это духовные феномены, имеющие личностный смысл и выступающие ориентирами человеческого поведения и формирования жизненных и профессиональных установок, патриотических качеств самих учителей как воспитателей подрастающего поколения.

Важнейшим условием единства общества является чувство гражданственности и патриотизма, любовь к Родине, родной земле, родному языку, к своей истории, культуре и т. д. Составляющими общенациональной идеи, являются государственность, федерализм, уважение к традициям, гуманизм, национальная и конфессиональная терпимость, милосердие, социальная справедливость, самоотверженность, законность, правопорядок, мир, благополучие и другие [3,254]. Эти составляющие являются предметом изучения гуманитарных дисциплин.

Предметы гуманитарного цикла, которые мы рассматривали в качестве ведущих в формировании патриотического сознания, почти одинаково стимулируют деятельность и способность студентов в процессе лекций и практических занятий активизировать познание, самопознание, чувство любви к Родине, развитие эмоционально-волевой сферы. Развитие эмоционально-волевой сферы студентов зависит не только от способности преподавателя, но и от содержания преподаваемого материала.

Таким образом, можно отметить, что блок гуманитарных наук, изучаемых студентами независимо от их специализации, играет важную роль в их общекультурном развитии. Именно они, обеспечивая языковой, художественно – эстетической, философской, социологической, правовой, политологической, исторической, экономической, психологической, педагогической подготовкой студентов, тесно переплетаясь, формируют гражданские качества труженика, защитника Родины, патриота – интернационалиста, семьянина, хранителя природы.

Список литературы:

- 1. Розов Н.С. Философия гуманитарного образования (Ценностные основания и концепция базового гуманитарного образования в высшей школе), М.: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 1993, С.128-138.*
- 2. Сыдыков Е. Воспитательная система вуза: Концепция, опыт, традиции // высшая школа Казахстана, 2003, №2, С.14-21.*
- 3. Лутовинов В.И. Патриотизм и проблемы его формирования у российской молодежи в современных условиях (социально – философский анализ): Дис...д-р филос. наук, Москва, 1998, 488с.*

Кошкарова Ш.З.

кандидат педагогических наук, старший преподаватель; E-mail: sholpan_zk@mail.ru
Кызылординский государственный университет им.Коркыт Ата

Алайдарова А.

магистр педагогических наук, старший преподаватель; E-mail: aidan79@mail.ru
Кызылординский государственный университет им.Коркыт Ата

Беккожа Э.

Магистрант; E-mail: emka_1980_80@mail.ru
Кызылординский государственный университет им.Коркыт Ата

**СПЕЦИФИКА ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПРЕПОДАВАТЕЛЕЙ КОЛЛЕДЖА
ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ОБУЧЕНИЯ И РОЛЬ ЛИДЕРСКИХ
КАЧЕСТВ В ЕЁ ОРГАНИЗАЦИИ**

***Резюме:** Рассматриваются специфические особенности деятельности преподавателей профессионального обучения. Показана роль лидерских качеств в организации деятельности.*

***Түйіндеме:** Кәсіптік оқыту педагогтарының нақты әрекеттерінің қызмет ерекшеліктері қарастырылады. Ис-шара ұйымдарында көшбасшылық қасиеттер рөлі көрсетілді.*

***Resume:** Considered specific activity particular qualities of the teachers on the vocational training. Shown the role of leadership qualities in the organization of activities.*

Специфика деятельности преподавателей колледжа профессионального обучения обусловлена Законом РК «Об образовании», государственной политикой в области содержания среднего технического и профессионального образования, Государственным общеобязательным стандартом образования [1] и профилем специальности, которой он обучает студентов в колледже.

Преподаватели колледжа профессионального обучения призваны реализовывать основную цель деятельности колледжа: – готовить высококвалифицированных специалистов среднего профессионального образования, направленного на приобретение обучающимися знаний, умений, навыков и компетенций, позволяющих выпускникам вести профессиональную деятельность в определенной сфере и (или) выполнять работу по конкретной профессии.

В процессе обучения студентов определённой профессии преподаватели колледжа профессионального обучения в своей профессионально-педагогической деятельности в совокупности решают две задачи: педагогическую и функциональную. Если педагогическая задача возникает тогда, когда нужно перевести обучающихся из одного состояния в другое, дать им определённые знания, сформировать умения и навыки, то функциональная задача связана с поиском и отбором соответствующего инструментария педагогического воздействия на них и управление их деятельностью [2,3].

Ведущую роль лидерских качеств в педагогической деятельности преподавателей колледжа профессионального обучения мы связываем с её своеобразием, заключающемся, по мнению Ю. Н. Кулюткина, в том, что педагогическая деятельность, по существу, является преимущественно управленческой. Иначе говоря, является «метадеятельностью», как бы подстраивающейся под деятельность обучающихся [4].

Исходя из сказанного, мы считаем, преподаватели колледжа должны быть не только организаторами обучающей среды и преобразователями познавательной деятельности студентов, формировать у них профессиональные знания, но и воспитать личность с высокими нравственными идеями, активной жизненной позицией, широким кругозором, в сочетании с латеральным мышлением. Они должны содействовать укреплению учебно-материальной базы колледжа, использовать современные методики и технологии обучения, создавать все условия для учебы, творческого развития личности и организации досуга молодежи.

С целью определения роли лидерских качеств преподавателя колледжа профессионального обучения в организации педагогической деятельности нам необходимо также определиться в её основных управленческих функциях, для чего определимся в терминологическом значении понятия «функция».

Термин «функция» (от лат. functio - исполнение, осуществление) в словарных источниках определяется неоднозначно. Например, в Философском энциклопедическом словаре названный

термин означает обязанность, круг деятельности [5]. Современный энциклопедический словарь [6] трактует термин «функция» в нескольких смысловых значениях:

- внешнее проявление свойств какого-либо объекта в данной системе отношений;
- роль, которую выполняет определенный социальный институт или процесс по отношению к целому;
- назначение, роль (иногда и значение) языковой единицы или элемента языковой структуры.

Несколько значений исследуемого термина видим и в Педагогическом словаре. Приведём из него два смысловых значения:

1) деятельность, обязанность, работа; внешнее проявление свойств какого-либо объекта в данной системе отношений (например, функция органов чувств, функция денег).

2) роль, которую выполняет определенный социальный институт или процесс по отношению к целому (например, функция государства, семьи и т.д. в обществе) [7].

Итак, на основе приведенного краткого обзора словарных и научных источников заключаем: функция – это деятельность, обязанность, работа; внешнее проявление свойств какого-либо объекта в данной системе отношений; в педагогике – это специфическая деятельность, цель применения чего-либо, роль, которую выполняет образовательное учреждение, его преподаватели, удовлетворяя потребности личности, общества, государства.

В определении смысла управленческих функций преподавателей колледжа профессионального обучения из множества определений различных авторов нам импонируют применительно к нашему исследованию две формулировки понятия управленческой функции, данных В.Г. Афанасьевым и Г.Д. Дыляном.

Управленческая функция по В.Г. Афанасьеву [8] рассматривается с позиций отношения к субъекту управления и его конкретным действиям. Данный автор видит *управленческие функции* как функции-задачи, рассматривая их как «всякую деятельность (труд) человека», выражением которой считает управленческий цикл, начинаемый с постановки целей и задач и завершаемый их решением в конечном итоге управленческого процесса.

Вслед за Г.Д. Дыляном [9], мы разделяем его мнение в определении функции управления как «совокупность самостоятельных действий и операций, не нарушающих в функциональной модели управления принципа последовательности выполнения управленческого процесса; конкретный вид управленческой деятельности, который осуществляется специальными приемами и способами», принимая данное определение в качестве рабочего.

Итак, в ракурсе нашего исследования *управленческие функции преподавателей колледжа профессионального обучения* представляют собой конкретный вид педагогической управленческой деятельности, обеспечивающей системность овладения студентами профессией, осуществляемый специальными приемами и способами.

Дальнейшее рассмотрение научных источников показало, что подавляющее большинство исследователей в теории педагогического управления при всём многообразии содержания управленческой деятельности педагогов выделяют четыре первичные взаимосвязанные содержательные функции управления, которые, на наш взгляд, присущи и функциям преподавателей колледжа профессионального обучения. Эти функции традиционны - планирование, организация, регулирование, мотивация и контроль (рис.1).




Рис.1 Взаимосвязь общих управленческих функций (по материалам Интернет-ресурсов)

В названных информационных источниках сообщается, что все эти функции, показанные на рисунке 1, объединены такими связующими процессами, как коммуникация (общение, обмен информацией) и принятие решений.

Рассмотрим кратко их содержательное наполнение.

бұл еңбегі қазақтың ұлттық жазуын қалыптастырудағы алғашқы табысы болды. Байтұрсыновтың ойынша, тілдің ғұмыры ұзақ. Сол ұзақ ғұмырында тілдермен бірге олардың жазулары өзгеріп отыратындығын айтады. Ұзақ жылдар тәжірбиесі тұңғыш зерттеу еңбек, оқулық кітап – “Оқу құралында” бір жүйеге түсті. Жаңа дыбыстық әдіспен тәртіп етілген төл қазақша әліппе – жаңа емле басы төңкеріске дейін де, одан кейін де бірнеше рет басылды. Бізге белгілі соңғы 7-інші басылымы Орынбордан 1925 жылы жарық көрген. Ахаң бұл әліппелерге үнемі “бірінші кітап” деп көрсетіп отырады. Ал екінші кітаптың бізге бір-ақ басылымы белгілі. Оның толық аты – “Оқу құралы”. Қазақтың басқа түркі, араб, парсы сөздеріне жазылатын әріптерді үйрету үшін һәм оқуға төселу үшін тәртіп етілген. Арифбаға жалғас. Екінші кітап” (Орынбор, 1913, 52 бет). Сондай-ақ талай буын “қара танып”, сауат ашқан бұл әліппе 1926-27-28 жылдары жетілдірілген, суретті (қазіргі “Әліппелер” секілді түрінде жарық көрді. Бұл әліппе – “Әліпби. Жаңа құрал” деп аталады. Оның және бір түрі – “Сауат ашқыш”. Дыбыс жолымен тәртіптелген қазақша әліпби. Сауатсыз үлкендер үшін бірінші кітап” та бірінші рет (Орынбор, 1924; Семей. 1926) көп тиражбен басылып, кең тарады.

Байтұрсыновтың қағидалары тілдің философиялық құндылығын былай ашып көрсетеді: “Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. Осы дүниедегі адамдар тілінен айырылып, сөйлеуден қалса, қандай қиындық күйге түсер еді. Осы күнгі адамдар жазудан айырылып, жаза алмайтын күйге ұшыраса, ондағы күйі де тілінен айырылғаннан жеңіл болмас еді. Біздің заманымыз – жазу заманы; жазумен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман” [9. 41]. Бұл оқулық қазақ мәдениетінің тарихында бұрын-соңды кездеспеген мүлде жаңа құбылыс болып қалды. Ол бұрын татарша, орысша оқып келген балалардың ендігі жерде өз тілінде оқу мүмкіндігі туғандығын әңгімелейді. Осы еңбегінде қазақтың дыбыстық жүйесімен жазу дағдыларын егжей-тегжейлі жазған. Мұның тосын дүние екенін Байтұрсыновтың өзі де мойындай келе, кітап кіріспесінде өз ойын былай жеткізеді: “Тіл құрал” деген аты қандай жат көрінсе, ішкі мазмұны да әуелгі кезде сондай жат көрінер, өйткені, бұл қазақта бұрын болмаған жаңа зат. Халықта бұрын болмаған нәрсе, жаңа шыққан кезінде жат көрініп, бірте-бірте бойы үйренген соң жатырқау қалатын. Арабша һәм наху, сарф үйренгендерге жат көрінгенмен, түсініксіз болмас. Араб һәм орыс наху, сарфаларында оқылатын заттар мұнда да оқылады. Айырмасы сол ғана: онда арабша иә орысша айтылған есімдер мұнда қазақша айтылады. Олай болғанда оқылатын заты бір, аты ғана басқа” [9. 42]. Сөйтіп, қазақ тілін ана тілімізде тұңғыш зерттеуші А.Байтұрсынов өзінің алдына жүйелі бағдарлама қойғанғы байқалады, яғни, ол әуелі қазақтың жазуын (графикасын) жасауды мақсат еткен, бұл үшін араб алфавиті негізіндегі “Байтұрсынов жазуы” дүниеге келген, екінші – сол жазумен сауат аштыруды ойлаған, бұл үшін “Оқу құралы” атты әліппе оқулығын жазған, одан соң қазақ тілінің грамматикалық құрылымын ана тілінде талдап беру мақсатын қойған, бұл үшін “Тіл - құралды” жазған, төртінші – тілді дұрыс қолдана білу тәртібін көрсетуді көздеген, бұл үшін “Тіл жұмсарды” жазған, бесінші – сауат аштыру, қазақ тілін оқыту методикасын жасауды міндетіне алған, бұл үшін “Баяншы” мен “Әліп-би астарын” жазған. Міне, бұлар Ахмет Байтұрсыновтың қазақ тілін зерттеудегі және оқу-ағарту саласындағы еңбектері. Демек, Байтұрсыновтың осы бағыттағы еңбектерін философиялық тұрғыда қарасақ, структурализм әдісі байқалады деп ойлаймыз. Структурализм тілді зерттеудің философиялық бағыты. Бұл философиялық ағымның негізі тілдің арнайы теориясының методологиясына соссюровтық лингвистикадағы жатады, оның мәнісі элементтердің индивидуалдығына немесе олардың материалдығына емес, қатынастарға негізделген тіл жүйесін уақыттан тыс квантикативтік зерттеу мүмкін. Бұл жерде мынадай принциптердің маңызы зор: тілдің әр элементі жүйе құрамында басқа элементтерге қатынасына қарай болады; жүйе шеңберіндегі қатынастар элементтерге үстемдік етеді; тілге сияқты адам ынтымақтастығында әрекет ететін кейбір басқа жүйелерде де қарастырады, яғни фольклор, әдет-ғұрыптар мен рәсімдер, туысқандық қатынастар т.б.

Қорыта келе, Байтұрсыновтың ғылыми-теориялық мұраларындағы тілдің философиялық мәселелерін талдауы бүгінгі ғылымның талаптарына сай келеді әрі үйренетін тағылымы да көп екенін байқадық. Қазақ тілінің фонетикалық және грамматикалық тарихын, шығу тегін зерттеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Біздің пікірімізше, қысқа ғана уақыт ішінде қазақ тілі өңделген белгілі бір жүйеге енді. “Өзінің алғашқы баспа сөзінен бастап аз-маз сауатты адамдарға олар арқылы сауатсыздарға түсінікті болатындай басқаларға қарағанда өзгеше принцип ұстады. Қалың көпшілікке тасталған әрбір ой сол уақытта іліп алынып, қоршаған ортаны дұрыс түсінуге түрткі болды” [6. 326].

Білім мен еңбек бір үрдістің екі жағын тығыз байланыстыратын екі түрлі нәрсе. Білім – адамның белсенді мақсаттарына жету құралы, “көпшіліктің қоғамдық құрылысқа білімсіз араласуы белсенді емес, әлсіз болады. Көпшілікті біліммен қамтамасыз етуде баспасөз үлкен рөл атқарады” [6. 326].

“Жазу тілінің әр түрлі тілдерде дамуы адамның жеке басының дамуының дәлелі ретіндегі қолтаңбалардың жекеленуіне жол ашады” [б. 326].

Халық шығармашылығы әрқашанда болған, ол қазір де бар. Біздің заманымыздағы халық шығармашылығы әр түрлі трансформацияларды бастан кешіріп, өзінің түрін өзгертті.

Қолданылғын әдебиеттер тізімі:

1. Байтұрсынов А. Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1989. 277 б.
2. Абақан Е.М. Тілдің мәдени философиясы. Алматы: Айкос, 2000. 9 б.
3. Философская энциклопедия. М.: Сов. энциклопедия, 1962. Том 2. 177 с.
4. Гегель Г. Сочинения. Энциклопедия философских наук. Часть третья. Философия духа. М.: Гос.изд.полит.лит., 1956. 265 с.
5. Панфилов В.З. Гносеологические аспекты философских проблем языкознания. М.: Наука, 1982. 50 с.
6. Потебня А.А. Эстетика и поэтика. М.: Искусство, 1976, 39 с.
7. Раев Д.С. Қазақ шешендік сөз өнерінің әлеуметтік-философиялық негіздері: Филос.ғыл.докт.дәр.алу үшін дайынд.дисс. Алматы: 2003. 30 б.
8. Сыздықова Р. Ахмет Байтұрсынов – қазақ тіл білімінің негізін салушы. А.Байтұрсынов творчествосына арналған ғылыми конференцияда сөйлеген сөз // Қазақ әдебиеті. 1990. 4 б.
9. Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. Алматы: Ана тілі, 1992. 141 б.

Нагымжанова К.

П.ғ.д., «Тұран-Астана» университетінің профессоры, psikhologiya.kafedra@mail.ru

Мусаханова М.

«Тұран-Астана» университетінің магистранты

Алтынбекова А.

«Тұран-Астана» университетінің магистранты

СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ ТҰРҒЫДАН ӨЗІН-ӨЗІ ДАМУЫ МОДЕЛІ

***Түйіндеме:** Мақалада студенттердің кәсіби тұрғыда өзін-өзі дамыту мәселесі қарастырылған. Модель түсінігі анықталып, кәсіби дамыту моделі ұсынылып, теориялық және тәжірибелік тұрғыдан негізделген. Жоғары оқу орны студенттерін кәсіби дамыту компоненттері, критерийлері мен өлшемдері нақтыланған. Кәсіби дамуды үздіксіз жүріп отыратын процесс ретінде қарастырылып, студенттің ішкі күйінің өзгеруінің негізгі кезеңдері ұсынылған.*

***Аннотация:** В статье рассматривается профессиональное саморазвитие студентов. Определена концепция модели, а модель профессионального развития основана на теоретической и практической точке зрения. Определены компоненты, критерии и критерии профессионального развития студентов высших учебных заведений. Профессиональное развитие рассматривается как непрерывный процесс, и представлены основные этапы изменения внутреннего состояния студента.*

***Annotation:** The article deals with professional self-development of students. The concept of the model is defined, and the model of professional development is based on a theoretical and practical point of view. The components, criteria and criteria for professional development of students of higher educational institutions are determined. Professional development is considered as an ongoing process, and the main stages of the student's internal state change are presented.*

Бүгінгі таңда студенттің кәсіби дамуының мазмұны, сипаты жаңаша және бұлар кәсіби қабілеттерді дамытумен, өз бетінше білім қорын үнемі толықтырып отырумен байланысты болғаны жөн. Студент өзіне педагогикалық процесті ұйымдастырушы құрал ретінде қарап, өзін толық таныса білім беру технологияларын оңай меңгеріп, сапалы білім беру міндеттерін нақты шеше алады.

Зерттеу жұмысымыздың қысқаша мазмұнынан хабардар ететін студенттің кәсіби тұрғыдан өзін-өзі дамытуы моделін ұсынбас бұрын, «модель» ұғымына тоқталып өтсек.

Кең мағынасында модель дегеніміз – кез-келген объект пен процесстің және құбылыстың «өкілінің», «орынбасарының» рөліндегі ойдағы бейнесі немесе шартты образы. Ол зерттеліп отырған объектілердің бөлшектері арасындағы байланыстармен, ерекшеліктерді және құрылымдарды шағын көлемде көрсетіп, қажетті объект жайлы ақпарат алуды жеңілдетеді. Модель елеусіз ерекшеліктерді шеттеп, түпнұсқаның құрылымын нақтылай түседі. Ол құбылыстың жалпылама көрінісін беріп, шынайы тәжірибенің абстрактті түрдегі жиынтығының нәтижесін береді және объект жайлы түсінік пен эмпирикалық білімнің қатынасын анықтайды.

Бүгінгі педагогикалық ғылымда модельдеу кең тараған зерттеу әдістерінің бірі болып табылады. Модель және модельдеу категориялары ғылым әдіснамасына кибернетикадан келіп, біртіндеп жалпы ғылыми түсінікке айналып кетті. Философиялық энциклопедиялық сөздікте модельге былайша анықтама беріледі. Модель (француз. Modele, лат. Modulus өлшем, бейне, шек) ғылыми әдістемеді табиғи және әлеуметтік шынайылықтың белгілі бір үзіндісі сияқты.

Әдетте модель қол жетпейтін, бірақ көзделген мақсатты дүние сияқты. Бұған Х. Ремшмидттің және Т.А. Стефановскийдің моделді стандарт, тиісті жағдай деп түсіндірген көзқарастары сәйкес келеді.

В.А. Штофф аталған түсініктерді басқаша қырынан қарастырады. Бір жағынан модель дегеніміз шынайылықтың белгілі бір бөлігін жүйеленген және жетілдірілген түрінде көрсететін ойша және іс жүзінде құрылған құрылым. Алайда бұл тұрғыдан модель үнемі шынайылықты жетілдіруші, дамытушы ретінде әлемнің ғылыми бейнесінің құрамдас бөлігі сияқты көрініс береді. Шығармашылық қиялдың өнімі болғандықтан бұл сәт үнемі фактілермен, бақылаулармен және өлшемдермен шектеліп отыруға тиіс.

Бүгінгі күнгі зерттеулерде модельдің барлық түрлерін материалды –заттай және иделды – «қиялдағы, ойдағы» деп екіге бөлу дұрыс болып саналады.

Бұлайша бөлудің мәні мен мақсаты зерттеуші қарастырып отырған модельдің табиғатына сай танымдық мүмкіндіктерін бөліп қарастыру үшін маңызды. Осылайша бөлу моделдеудің танымдық процесс ретіндегі болмысын көрсетеді.

Педагогикалық процесс моделін жасауда біз Н.М.Борытканың қорытындысы бойынша, педагогикалық процессті моделдеу кезінде төмендегі жағдайларды бөліп қараймыз:

– процесстің кезеңдерін оның нақтылығын құбылыстың әрбір өзгермелі жағдайларында компоненттер құрылымы, тұтастық, өзгерістер ретінде қарастыру;

– процесстің заңды логикасы, оның дамуын болжау, оның жүзеге асуының ішкі және сыртқы шарттары;

– процесстің жағдайын «дағдарысты нүктелерде» бейнелеу; бір сапалық жағдайдан келесісіне ауысуына назар аудару;

– бағытталған өзін-өзі дамыту мен процесстің оң әсер етуіне жағдай жасайтын ішкі және сыртқы күштерді анықтау; жаңа сапалардың кезеңмен қалыптасуының мүмкіндіктері мен шарттарын анықтау.

Студенттің кәсіби өзін-өзі дамытуының моделін жасауда біздер отандық ғалым–педагогтар М.М. Рысқұлова, К.С. Құдайбергенова, Г.О. Абдуллаева еңбектеріне сүйендік.

Моделді студенттің кәсіби өзін-өзі дамытуға деген тұрақты қызығушылығын көрсететін – мотивациялық, кәсіби өзін-өзі дамытуға қатысты теориялық және әдістемелік білімдерін көрсететін – мазмұндық, кәсіби өзін-өзі дамытуды жүзеге асыра алуын бейнелейтін – іс-әрекеттік, өз әрекетіне баға бере алу, бақылау жасай алушылықты бейнелейтін – бақылау–бағалау түзетушілік компоненттерден және олардың әрқайсысын анықтайтын өлшемдерден тұратын бір-бірімен өзара тығыз байланыстағы біртұтас жүйе ретінде қарастырамыз.

Кесте 1 – Өзін-өзі кәсіби дамытуға даяр студент моделі

Компоненттер	Критерийлер	Өлшемдер
Мотивациялық	Өзін-өзі дамытуға деген қажеттілік	Студенттің жеке тұлғалық бағыттылығы; Ғылым, білім, тәжірибе жетістіктеріне деген қызығушылық; Өзін-өзі дамытуға деген қажеттіліктің болуы; Өз құндылықтарын сезіну; Өзін тануға және өзіне талдау жасауға ұмтылу; Мақсатқа бағытталған шешімдер шығарып, жауапкершілік алуға деген ұмтылыс; Өз кәсіби стилин табуға деген ұмтылыс.
	Студент тұлғасының бағыттылығы	
Маз-Мұндық	Тұлғаның өзін-өзі дамыту процесінің мәні туралы білімдер	Кәсіби тұрғыда өзін –өзі дамытудың маңызын, ролін білуі, Өзінің жеке тұлғалық даму деңгейін білуі; Кәсіби өзін-өзі дамытуда кездесетін қарама-қайшылықтарды білуі; Іс-әрекеттің өз алгоритмін құра білуі.
	Студенттің кәсіби өзін-өзі дамыту процесінің мәні туралы білімдер	
Операционалдық	Студенттің кәсіби өзін-өзі дамыту іс-әрекетін ұйымдастыруы	Өз бетінше мақсат қойып, кәсіби іс әрекетін жоспарлай және болжай білуі; Кездескен қиындықтарды жеңе отырып, кәсіби әрекетін ұйымдастыра алуы; Өзінің көзқарасын, пікірін ортаға сала білуі;
		Өзінің мінез – құлқы мен әрекетін басқара алуы; Өзінің кәсіби іс – әрекетіне талдау жасай алуы; Кәсіби тұрғыда өзін – өзі дамытуға бағытталған процесте кәсіби іскерлік, дағдылардың көрінуі; Өзін-өзі дамыту бағдарламасын құра білуі.
Бағалау түзетушілік	Бағалау потенциалының болуы	Өзге әріптестерінің жеке тұлғалық ерекшеліктері мен әрекеттерін бағалай алуы; Педагогикалық жаңалықтарды бағалай білу, педагогикалық процесс жағдайына диагностика жасай алу, әріптестерден тұратын шығармашылық топта жұмыс атқара алу. Өз кәсіби іс әрекетінде кездесетін стереотиптерді жеңіп, түзету жұмыстарын жүргізе білуі.
	Түзету потенциалының болуы	

Модельдегі сипатталған компоненттердің қызметі кәсіби өзін-өзі дамыту сапасының студентте бар не жоқ екендігін, мөлшерін, деңгейін көрсетеді. Кәсіби тұрғыдан өзін-өзі дамыту сияқты күрделі мәселенің дәл мөлшерін осындай деп айту қиын. Дегенмен, модельге сүйене отырып, кәсіби тұрғыдан өзін-өзі дамыту сапасының студент тұлғасындағы жай-күйі жөнінде жалпы мағлұмат алуға болады деп есептейміз.

Теориялық зерттеулерді талдау бізге өзін-өзі дамытудың айтарлықтай ерекшелігін бөліп алуға мүмкіндік береді. Яғни, жеке тұлғаның дамуының басты ішкі механизмі саналылықта, ал адамның өзін-өзі дамытуы субъектіліктің қалыптасуынан пайда болады. Субъектілік жеке тұлғаның өзін-өзі дамытуының сапалық көрсеткіші болып табылады. Кәсіби өзін-өзі дамыту – адамның кәсіби іс-әрекет сапаларын өзгерту арқылы, іштей прогрессивті түрде өзін-өзі өзгертуі. Студенттің сана-сезімі – практикалық және танымдық іс-әрекеттің субъектісі, өзін маман ретінде ұғынуы және бағалауы. Өзіндік сана-сезім рефлексиямен тығыз байланысты. Мұнда ол теориялық ойлау деңгейіне көтеріледі.

Студенттің кәсіби тұрғыдан өзін-өзі дамытуы моделін құрмас бұрын, алдымен студенттің жеке тұлғалық және кәсіби белсенділік көрсететін кеңістік шекарасы анықталды. Бұл кеңістік шекарасына студенттің педагогикалық іс-әрекетін, яғни оқушыларды оқыту, тәрбиелеу, қоршаған ортамен қарым-қатынасқа түсу және өзіндік білім алуын жатқыздық.

Студенттің кәсіби өзін-өзі дамытуға деген ішкі қажетсінуі педагогикалық және оқыту әрекетіне деген қызығушылықтан пайда болады. Қажетсінуді оятатын ішкі түрткіні жеке тұлғаның интеллектуалды, эмоционалды, әрекеттік аясымен байланысты, үнемі мақсатқа бағытталған өзіндік білім алу деп қарастыруға болады. Білім алудың кәсіби дамуға деген қажетсінуіне ауысуы студенттің оқу-кәсіби әрекетін белсендендіреді. Бұл жағдайда танымдық әрекет кәсіби дамуға түрткі болатын фактор ретінде көрінеді.

Белсенді әрекет қойылған талаппен, түрткімен, қызығушылықпен, мақсатпен, сондай-ақ, жеке тұлғалық факторлармен, ұстаныммен, қағидамен, сеніммен байланысты болса, кәсіби бағытталудың қалыптасуындағы түрткі аясы ақпаратпен, интеграциямен, қарым-қатынастармен байланысты.

В.И.Чирков өзінің көпжылдық зерттеу қорытындысы негізінде сыртқы және ішкі түрткілерге салыстырмалы талдау жасады. Зерттеу қорытындысында ішкі түрткінің негізінде пайда болған жұмыс істеуге деген тілек тұрақты және ұзақ болып шықты. Ішкі түрткімен әрекет ететін адамдар жоғары шығармашылықпен, қуанышты эмоциямен ерекшеленеді. Мұның негізінде өзін-өзі сыйлау деңгейі де өседі. Сыртқы түрткінің негізінде жұмыс істейтіндер жылдам нәтижеге жету үшін қарапайым және стандартты тапсырмаларды таңдайды. Осыдан барып сапа деңгейі төмендейді. Шығармашылықпен жұмыс істеу деңгейі төмендейді, жағымсыз эмоциялар пайда болады. Ішкі түрткі өз кезегінде ішкі және сыртқы құндылықтар болып екі ұғымға бөлінеді. Ішкі құндылықтарға жеке тұлғалық өсу, жеке тұлғалық қарым-қатынас, интеллектуалды, эстетикалық, рухани, адамгершілік тұрғысында даму жатады. Сыртқы құндылықтарға қаржылық жетістік, тартымдылық, күш-жігерді жатқызуға болады. Сондай-ақ, зерттеу нәтижесі сыртқы құндылықтарға бағытталған адамдардың психикалық жағдайының көп жағдайда нашар болатынын көрсеткен. Ал, ішкі құндылықтарға бағытталған адамдар сырттан қолдау күтпейді, өз бетінше шешім қабылдауға тырысады, ондай адам өмірден ләззат алуға тырысады, өздерін бақытты сезінеді.

Жоғарыда келтірілген теорияға сүйене отырып, ересектердің ішкі түрткі негізінде жасалған әрекеттері қажеттілік, қызығушылық, өзіндік талдау және өзіндік бақылау арқылы орындалса жемісті болады деген қорытындыға келдік.

Студенттің кәсіби дамуы педагогикалық іс-әрекет аясында жүзеге асады. Студент өзінің кәсіби іс-әрекетінде меңгерген білімін, игерген дағды, іскерліктерін пайдалана отырып алдына қойған мақсатына жетуге ұмтылады, оқыту-тәрбиелеу міндеттерін шешеді. Оқушыларды оқыту, тәрбиелеу, оқушылармен, ата-аналармен, әріптестерімен, басқа да адамдармен қарым-қатынасқа түсу, өзіндік білім алу секілді педагогикалық іс-әрекетте студенттің тұлғалық және кәсіби даму мүмкіндігі зор. Студент үшін педагогикалық еңбек неғұрлым маңызды болса, соғұрлым студент өзін-өзі дамытуға ұмтылады.

Біздер ұсынған студенттің кәсіби өзін-өзі дамытуы моделі нәтижеге жетуге бағытталған. Ұсынылып отырылған моделге сәйкес оқыту, тәрбиелеу, қарым-қатынасқа түсу, өзіндік білім алу процестері студенттің білім беру саласында кәсіби қызметін жүзеге асыратын және кәсіби тұрғыда өзін-өзі дамытатын динамикалық жүйесі болып саналады.

Студент қызметінің мәні жүзеге асыратын педагогикалық іс-әрекет негізінен көрінеді. Бұл элеуметтік іс-әрекеттің ерекше түрі, ол жинақталған мәдениет пен тәжірибені ұрпақтан ұрпаққа

беруге және қоғамда нақты әлеуметтік роль орындауға бағытталған студенттің кәсіби дамуына жағдай тудыруға бағытталған.

Студенттің педагогикалық іс-әрекетінің мақсаты – оқыту мен тәрбиелеу мақсатын жүзеге асырумен тығыз байланысты. Бұл жалпы стратегиялық мақсат әр түрлі бағыттағы тәрбие мен оқытудың нақты міндеттерін шешуге бағытталған. Тұтас педагогикалық процесте жүзеге асырылатын педагогикалық іс-әрекеттің негізгі түрлері оқыту және тәрбие жұмысы болып табылады.

Тәрбие жұмысы – жеке тұлғаның жан-жақты даму міндетін шешу мақсатында тәрбие ортасын ұйымдастыру мен тәрбиеленушілердің әр түрлі іс-әрекетін басқаруға бағытталған педагогикалық әрекет. Ал оқыту – ол оқушылардың танымдық іс-әрекетін басқаруға бағытталған тәрбие әрекетінің түрі.

Білім беру мазмұнының мәселесімен айналысатын ғалымдар (В.В.Краевский, И.Я.Лернер, М.Н.Скаткин және т.б.) оқытудың білім мен іскерлік компоненттерінен басқа, адамның оқыту процесінде игеретін шығармашылық әрекет тәжірибесін және қоршаған ортаға деген эмоционалды-бағалы қатынасын жатқызады. Оқыту мен тәрбие жұмысының бірлігінсіз білім беру элементтерін жүзеге асыру мүмкін емес. Біртұтас педагогикалық процесс – ол «тәрбиелеп отырып оқыту» мен «оқыта отырып тәрбиелеу» бірігетін процесс (А.Дистервег).

Оқыту процесінде ерекше орын алатын оқыту әрекеті мен тұтас педагогикалық процесте жүзеге асырылатын тәрбие жұмысын салыстырып өтейік. Кез келген ұйымдастыру формасы сияқты, оқыту да уақытты, нақты мақсатты, оған жету нұсқаларын қажет етеді. Оқытудың тиімділігінің маңызды өлшемі оқу мақсатына жету болып табылады. Ал, тәрбие жұмысы кез келген ұйымдастыру формасы ретінде нақты мақсатқа жетуді талап етпейді. Тәрбие жұмысында мақсатқа бағытталған нақты міндеттерді алдын-ала көруге болады. Тәрбие міндеттерін шешу тиімділігінің маңызды өлшемі эмоция, мінез-құлық, іс-әрекетте көрінетін тәрбиеленушілер санасының өзгеруі.

Студент қандай іс-әрекетті жүзеге асырса да, процесс барысындағы өзгерістер мен құбылыстарды өзінше саралап, тәжірибе жинақтап отыруы қажет. Жалпы білім беретін мектеп студенті тек білімді игеріп, іскерлік, дағдыны меңгеріп қана қоймай, адамгершілік құндылықтарға ие болып, философия, психология, әлеуметтану, мәдениеттану, дидактика салаларын жақсы білуі, ұйымдастырушылық қабілеті болуы, оқыту технологияларымен жұмыс істей білуі қажет.

Студенттің шығармашылық потенциалы жинақтаған тәжірибесі, психологиялық-педагогикалық және пәндік білімі, дұрыс шешім қабылдауға, алдында тұрған міндеттерді шешуге, өзінің кәсіби қызметін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін іскерлік, дағдысы негізінде қалыптасады. Педагогикалық шығармашылықтың болуы педагогикалық іс-әрекеттің негізгі компоненттерін: жоспарлау, ұйымдастыру, нәтижелерді талдау және жүзеге асыруды толық қамтиды.

Студенттің шығармашылығы көбінесе педагогикалық іс-әрекет аясындағы қарым-қатынасқа түсуде дамиды. Педагогикалық процеске қатысушылармен қарым-қатынасқа түсуде өзінің психикалық және эмоционалдық күйін басқарып, әр түрлі үлгідегі тәсілдерді пайдалана отырып, аудиторияның немесе жекелеген тұлғалардың назарын өзіне аудара алғаны дұрыс.

Е.С.Громов шығармашылық адамын жеті көрсеткіш: шынайылық, эвристикалық, қиял, белсенділік, зейін аудару, нақтылық, сезімталдық сипаттайды деп көрсетті. Сондай-ақ, студентге инициатива, дербестік, жаңашылдықты меңгеруге тырысу, мақсатқа ұмтылу, бақылау, есте сақтай білу қабілеттері мен сапалары тән.

Студент жеке тұлғалық даму мен кәсіби өсудің өзара байланысын күшейтуі керек. Студенттің тұрақты кәсіби өзін-өзі дамытуы жеке тұлғасымен, оның өзіне, басқа адамдарға және қоршаған ортаға, әлемге деген қарым-қатынасымен және педагогикалық іс-әрекетте бойындағы ресурстарды қолдануымен сипатталады.

Кәсіби педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асырмас бұрын, оның құрылымдық, қызметтік, басқару-технологиялық, жеке тұлғалық-бағдарлық, гуманитарлық-аксиологиялық жағын қарастыру қажет. Оылайша қарастыру арқылы «түрткі – мақсат – нәтижеге жету» бағытында кәсіби іс-әрекетте нәтижеге жетуге болады.

Біз жоғарыда ұсынған ұстанымдарды ересектердің білім алуы процесінде студенттің кәсіби өзін-өзі дамытуы моделін жүзеге асыру барысында қолдануға болады деп ойлаймыз. Біз жүйелеген ұстанымдар студенттерге қызмет барысында кездескен стресстерді оңай жеңуге, барьерларды жоюға, сондай-ақ, ашық диалогқа түсе алу үшін жағымды атмосфера орната алуға көмектеседі.

Кәсіби дамуды үздіксіз жүріп отыратын процесс ретінде қарастыра отырып, студенттің ішкі күйінің өзгеруін: өзін-өзі бағдарлау, өзін-өзі тану, өзін-өзі өсіру, өзін-өзі дамыту деп кезендерге бөліп көрсеттік:

- өзін-өзі бағдарлау: өзінің кәсіби әрекетінің даму деңгейіне зер салып, кәсіби маңызды мақсаттар мен өзін – өзі дамыту міндеттерін қояды;
- өзін-өзі тану: өзінің жетістіктері мен кемшіліктерін ой таразысынан өткізіп, өзін-өзі дамыту әдісі мен құралын, тәсілі мен әрекетін таңдайды;
- өзін-өзі өсіру: белгіленген әрекеттерге қарап өзіндік даму барысы мен қортындысын салыстыруды жүзеге асырады;
- өзін-өзі дамыту: өзіндік жұмыс істеу нәтижесіне қажетті түзетулер енгізеді.

Әдебиеттер:

1. Рыскулова М.М. «Влияние общения преподавателей и студентов на саморазвитие личности будущего специалиста» Дисс...кан. пед. наук. Караганда., 2006
2. Кудайбергенова К.С. «Формирование готовности учителей общеобразовательных школ к профессиональной самореализации (инновационный аспект) Дисс...кан. пед. наук. Алматы, 2002
3. Абдуллаева Г.О. «Формирование готовности студентов к саморазвитию». Дисс...кан. пед. наук. Алматы., 2005
4. Пути перестройки высшего педагогического образования: межвуз.сб.науч.тр./ред В.С.Ильин, Волгоград.изд-во:Волгогр.пед.ин-а,1988.-208с
5. Кряхтунов М.И. «Психолого-педагогические условия профессионального саморазвития учителя». Дисс...док. пед. наук, Москва, 2002

Төребаева К.Ж.

П.ғ.д., профессор, psikhologiya.kafedra@mail.ru

Қабылда М.

«Тұран-Астана» университетінің магистранты

Жаулыбаева Д.

«Тұран-Астана» университетінің магистранты

ЖАСӨСПІРІМДІК КЕЗЕНДЕГІ ТҰЛҒАЛЫҚ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Түйіндеме: Мақалада жасөспірімдік кезеңнің психологиялық ерекшелігі қарастырылған. Жасөспірімдердің дамуының психологиялық ерекшеліктерінің зерттелуі бойынша ғалымдардың пікірлеріне талдау жасалған. Жасөспірімдік шақтың физиологиялық, психологиялық дамуы талданған.

Аннотация: В статье рассматриваются психологические особенности подростковой стадии. Анализ мнений ученых об изучении психологических особенностей развития подростков. Проанализировано физиологическое и психологическое развитие подросткового возраста.

Abstract: In the article, psychological features of the adolescent stage are considered. An analysis of the opinions of scientists on the study of psychological characteristics of adolescent development. The physiological and psychological development of adolescence is analyzed.

Жасөспірімдік шақ – психологиялық ерекшеліктері тұрақталып, алдағы уақытына қойған мақсаттарының анықталып, біршама тұрақтала бастайтын, құндылықтары мен қызығушылықтарының жүйесі түзілетін жеңілістері нәтижесінде жетістіктерге батыл қадам жасайтын кезең.

Я.А.Коменский оқушының балалықпен қоштасқан, бірақ бойы, ойлауы, күш-қайраты толық дамымаған жасадам екенін атап көрсетеді [6]. Яғни жасөспірімдік кезең балалық пен ересектік арасындағы өмірсүрудің ерекше тәсілі. Бұл кезде баланың дербестігі артады, басқа балалармен және ересектермен қарым-қатынасы мазмұнды бола түседі. Жасөспірімдік кезең тұлғаның қалыптасу кезеңі болып табылады. Сонымен бірге бұл өте жауапты кезең, себебі бұл кезеңде адамгершілік қасиеттердің негізі қаланады, адамдармен, қоғаммен қарым-қатынастың әлеуметтік бағамдары қалыптасады. Сондай-ақ осы жаста мінез-құлық сипаттары, эмоционалдық әсерлесу тәсілдері мен тұлғааралық мінез-құлық формалары тұрақтанады, өзіне және басқа адамдарға жауапкершілігі артады, басқа балалармен және ересектермен қарым-қатынасы мазмұндық жағынан кеңейе түседі. Бұл - өзін-өзі тану, өзін-өзі көрсету және өзін-өзі сендіру кезеңі.

Психология ғылымдарында адамның психикалық дамуының көптеген кезеңдері, шақтары белгілі. Оларды кезеңдерге бөлу түрлі негіздерге арқаланады. Бірінде адамның биологиялық дамуы, екінші бір топта – психикалық дамуы, үшіншісінде – әлеуметтік, тұлғалық дамуы, келесілерінде осылардың бәрі – биологиялық та, психикалық та, әлеуметтік те даму есепке алынады.

Жалпы, адам өмірін кезеңдерге бөлу ертеден басталады. Мысалы, қазақ халқында жасөспірім кезеңінде адам барынша физикалық жағынан күшті, ақыл – парасаты толысқан, ел – жұрттың қамын ойлайтын әлеуметтік белсенділігі ерекше жоғары адам дамуын жасөспірім кезеңіне сәйкес анықтайды.

Профессор М.М. Мұқанов «Жас және педагогикалық психология» еңбегінде баланың жасын кезеңдерге бөлуді қарастырған болатын. Ғалымның пікірінше, қазақ еліндегі адамдар өзгехалықтар сияқты балалары қай жасында нендей өзгерістерге ұшырайтынын бақылап, оның есеюіне орай жасты неше түрлі кезеңдерге бөлген [7].

Жасөспірімдік шақ баланың жыныстық толысуынан басталып, ересектік орын алғанға дейін созылатын, көптеген физиологиялық және әлеуметтік жағдайларға байланысты шектері анықталатын жас кезеңі. Бұл кезең 15-18 жасаралығында өтеді және көптеген өзіне тән ерекшелерімен сипатталады.

Жасөспірімдік кезеңде ағзада түбегейлі өзгеріс болады да, сол биологиялық пісіп жетілумен сипатталады: дене және физиологиялық дамудың жаңа кезеңі басталады. Ағзаның морфологиялық және физиологиялық қайта құрылуы эндокринді жүйедегі өзгеріспен сипатталады. Гипофиз гормоны ішкі секреция бездері мен терінің өсуіне белсенді әсеретеді. Осы кезде дененің өсуі, салмақтың артуы, кеуде қуысы өзгерісі және жыныстық жетілу үрдісі жүреді. Жас ерекшеліктер кезеңіндегі баланың дамуы өзгереді: денесінің пропорциясы ересек адамға сәйкестенеді, беті ұзарады, омыртқа жотасының дамуы дене дамуынан 1 жылға артта қалады. Балалық кезеңдегі эндокриндік және жүйке - жүйесіндегі

әрекет тепе – теңдігі жоғалады да, жаңа тепе – теңдік әлі орнамайды. Сондықтан жасөспірім ашуланшақ, қызба, қозу немесе қозғалысапатиясымен сипатталады. Ақыл – ой немесе денедегі шамадан тыс шаршау, жүйке қозғыштығы, аффект, қорқыныш, алаңдау, т.б. сезімдер эндокриндік өзгерістер жүйке тозуына әкеледі. Бұл ұйқысыздық, тез шаршау, көңіл – күйдің тез өзгеруінен көрінеді. Ер балалар мен қыз балалардың жыныстық дамуы бұл жаста пубертаттық кезеңде болады. Осы физиологиялық процеске байланысты ұл-қыздардың бір-біріне көз салып, жыныстық қызығушылығы да орын ала бастайды. Жасөспірімдік кезең бала мен ересектің арасындағы аралық жағдайда болады. Балалар материалдық жағынан әлі ата-аналар қарауында. Мектепте оған, ересек адамға деген көзқарас пайда болғанымен де, олардан да үнемі үлкендердің айтқанын сынамастан орындауды талап етеді. Бұл жағдай мектептен басқа жерде де анық байқалады.

Жасөспірімдік кезеңнің негізгі ерекшеліктеріне тоқталатын болсақ:

– Әлеуметтік тың балалықтан айырмашылығы жоқ;

– Психологиялық мәртебе қарама – қайшы: оларға даму қарқыны мен максималды деңгейде диспропорция тән;

– «ересектік сезім» жаңа тартымдылық деңгейін анықтайды.

Жасөспірімдік кезең онтогенез кезеңі. Санада түбегейлі өзгерістер байқалады [8]. Бұл адамдардың дамуы мен жыныстық пісіп – жетілу үрдісімен анықталады. Бұл факт жасөспірімдердің психофизиологиялық ерекшеліктеріне әсер етеді.

Кезең ерекшеліктерін сипаттайтын болсақ:

– Ересек адамның әлеміне енуге ұмтылу;

– «Ересек адам әлемінің» тәртіп нормалары мен құндылықтарына бағдарлану;

– Өзі туралы уақытша көзқарас қалыптастыру.

Жасөспірімдік шақта адамда өмірдің құндылықтарын таңдау мәселесі пайда болады. Жасөспірім өзінің ішкі әлемін түсінуге, өзіне деген қарым – қатынасты түсінуге, әлеуметтік ортамен қарым – қатынасты және адамгершілік құндылықтарды дұрыс қалыптасыруға талпынады. Дәл осы шақта адам ақ мен қараның ара жігін ажырату өз деңгейін табады. Жасөспірімде адамгершілік, ар – ұят, жауапкершілік секілді тұлғалық сипаттағы мәселелер толғандырады. Жасөспірімдік кезеңде бала адам бойында кездесетін оң және теріс диапазонына дейін жетеді. Мысалы: жасөспірім жақсылық пен жамандық қасиеттердің барлығын басынан кешіреді. Әрбір басынан өткен жағдайды сезіп – білуге талпынады.

Жасөспірімдердің ата-аналарымен, мұғалімдерімен және қоршаған ортадағылармен, құрбыларымен, өмірлік және әлеуметтік жағдайларда қарым-қатынас жасауындағы өзгерістер жасөспірімдік кезеңнің сипатының бірі болып табылатындығын атауға болады. сол себепті де жасөспірімдердің бойында бұрқ-сарқ еткен, аяқ астында пайда бола кететін мінез-құлықтың пайда болуы мүмкін. Осы себептерге байланысты қоршаған ортаға бейімелу үдерсі жүреді.

Сонымен қатар, жасөспірімдерді өзімір сүріп отырған ортасындағы қарама-қайшылықтарға деген қызығушылықтары пайда болып, өзінің басқаларға қажеттілігін сезіну мен басқалармен қарым-қатынас жасау, тұлғааралық қатынастары пайда болады. Бұл арқылы қоршаған ортадағы өз орнын белгілеп, оның қаншалықты маңызды екендігіне көңіл бөле бастайды. Осы айталғандарға байланысты жасөспірімдер өзінің қандай екеніне баға беріп, басқаларғасыни көзқараспен қарайды. Осы кезеңдегі өзін-өзі бағалау тәсілдерін көрсетуге болады:

1. жеткен нәтижелеріне өз талаптары деңгейін салыстыру, сәйкестігін бағалау;

2. Әлеуметтік жарыс, яғни өзін қоршаған адамдармен салыстырып бағалау.

Көрсетілген тәсілдер арқылы баланың өзіндік «Мен» бейнелері қалыптасады.

Курт Левин [9] бала мен ересек адам арасындағы өмір кеңістігін салыстыра келе, мынадай қорытынды жасайды: бала жасөспірімдік жасқа келгенде оған көптеген мәселелерді түсіну оңай болады, тек осылардың қайсысын таңдау керектігін болжау түсініксіз болады. Осыған орай оның өмір кеңістігі көлеңкелі болып қалады. Ал ересектердің кеңістігі дәуір кең, бірақ оның да өз шектеулері болады. Дененің қарқынды өсуі және мазасыздануы, осымен байланысты ересек өмірдің проблемаларын сезіну, жауапкершілік жүгінің артуы жасөспірімнің «Мен тұжырымдамасы өзгеріске ұшырауына әкеліп соғады». Бұл өзгерістердің биік шыңы, шамамен 12 – 13 жасаралығын қамтиды. Дәл осы кезде интеграция және барлық ақпаратты түсіну «Мен» бейнесіне жүктеледі. Балалық шақтан жасөспірімдік жасқа өту табалдырығында дене бітімі жайлап өзгереді және бірінші кезекте өзінің «меніне» баға беруден басталады. Жасөспірімдер өзінің сыртқы келбетіне көп көңіл бөліп, соны өзгертуге көп күш жұмсай бастайды. Өзінің сұлулығын дене бітімі, салмағы сияқты мәселелер көбірек алаңдатады.

Жасөспірімдік шақты дамудағы диспропорция кезеңі деп атайды, себебі бұл кезде баланың өзіне,

өзінің физиологиялық ерекшеліктеріне назары ерекше болады, басқалардың көзқарасына әсері шиеленіседі, өзіндік ар-намыссезімі мен өкпелегіштігі артады. Оқушылар өздерінің физикалық кемшіліктеріне ерекше мән беріп оларды өте көп деп есептейді.

Жасөспірім кезеңінде мінез-құлықтарында әртүрлі өзгерістердің болуы олардың ерекшеліктерінің өзгерісін байқауға болады. Бұл кезеңде, кейбір балалардың тәртібінің нашарлауын, сабаққа үлгерімі төмендеуін байқауға болады. Сонымен қатар қыздар мен ұлдарарасындағы қарым-қатынастағы тұрақсыздық көрінеді. Кейбір балаларда тіпті қоғамды жатсыну әдеті пайда болады. Жасөспірімдердің мінезіндегі мұндай қылықтардың негізіосы жастағы соматикалық және психикалық дамуда жатыр.

Жасөспірім өзін қоршаған әлемге баға береді. Өз дегенін орындатуға деген ниеттерін ашық білдіріп, оны қанағаттандыруға ұмтылып отырады. Өзі жақсы көретін, ерекше көретін, пір тұтатын адамдарының бойындағы кемшіліктерді көріп, сол үшін қынжылу пайда болады.

Жасөспірім кезеңге тән тағы біререкшелік жасөспірім барлық нәрсені өз бетімен орындап, үлкен адамдардың қамқорлығымен ақыл кеңесінен құтылғысы келеді [10]. Өздерінің құқықтарын басаптап ересектердің бақылауынан шығып кетуге ұмтылыстары басым болады. Өзбеттерінше шешім қабылдап, ересек екендерін басқаларғаанық көрсете бастайды. Бұл уақыттарда жастардың барлық нәрсені татып көрсем деген әуестігіартып, бұзықшылықтарға қосылып кету, ішімдік, анаша, есірткісекілді нашар қылықтарғаеріп кету қаупі зор. Жасөспірім бұл шақта өзінің дене бітіміне мән бере бастайды. Биологиялық жетілу барысында дене бітімінде кемістік болса, мазасызданады. Жасөспірімдерде өзін салыстыра бастайтын өз сұлулық эталоны болады. Көпшіліктен ерекшеленіп, көзге түсуге тырысады. Қыз бала әсіресе өзінің жеке бой күтімінеерекше мән береді. Ұл балаларда бұл кезде қарсыласу, бұзықтық, тілазарлық жиілеп, ересек болып көрінуге көбірек талпынады [10].

Жасөспірімнің тағы біререкшеліктері эмоционалдық тұрақсыздық. Әрине, кейбір жағдайларда, әлі тұрақсыз болып балалар әзіл жылы жасөспірім, психологиялық реакциялар, және. Осы уақыт ішінде өзін-өзі құрбан жүктеледі, өзін, өмір, жәнессіздің өмір жас тану білу қабілетін ұлғайту дайын болады. Әке-шешесіне талап қоюы жиілейді. Отбасындағы жайсыздықтарға қатты намыстанып, ата-анасына дасын көзбен қарайды. Тез өкпелегіш, көңілгеалғыш, тыз етпеашуланшақ мінезге тап болады. Психолог мамандар бұл уақытта жасөспірімдердің өмірден түңіліп, айналадағы құбылыстардың барлығын жағымсыз қабылдайтынын айтады. Жасөспірімдер түрліарман мен қиялға беріліп, өзіндік өмірдегі таңдауын жасауға талпынады.

Жасөспірімдік шақтағы дағдарыс[11] сипатынасыртқы факторлармен қатарішкі факторлар да әсеретеді. Сыртқы факторларға үлкендер тарапынан жасалынатын әрдайымғы бақылау, олардың қамқорлығына тәуелділік жатады, оқушы барлық ерік-күшімен бұдан арылуға тырысады, себебіол өзін жеке шешім қабылдап, өзінше әрекет етеалатын біршамаересек адаммын деп есептейді. Ішкі факторларғаоқушының өзіойлаған нәрселерді жүзегеасыруға бөгет болатын мінез-құлқы мен әдеті жатады (ішкі тыйым, үлкендерге бағыну әдеті және т. б.).

Алдымен бұл әлеуметтік емес мінез-құлқымен ерекшеленетін оқушыларға қатысты. Оқушылардаарнайы кешеннен құралған белгілі бір мінез-құлықтық реакция пайда болады. Бұл эмансипация реакциясы түрінде көрінеді, ол өз кезегіндеересектердің қамқорлығынан арылуға талпынысретіндегі мінез-құлық түрінде көрінеді.

Әдетте жасөспірімдік шақты ересектерден шеттеу кезеңі деп атайды. Бұл өз қатарларының құндылықтары мен өлшемдерінеерекше қараудан байқалады. Бұл кезеңдеоқушының мінез-құлқы және негізгі тұлғааралық қатынас түрлері тұрақтанады.

Қарым – қатынас жасөспірімдік кезеңнің негізгііс – әрекеті. Жасөспірім бала мектеп қабырғасында болғандықтан, оларғаоқу әлі де болса негізгііс – әрекет болып табылады. Алайда, ол психологиялық қарым – қатынасетіндеартқасырылады. Д.Б.Эльконин бойынша, негізгііс- әрекет құрбы – құрдастармен қарым – қатынастар болып табылады. Жасөспірімдік кезеңде қарым – қатынас өз бетімен өмірсүретін аймақтар тобынаапарылады. Бұл кезеңнің негізгіерекшелігі – қоғамда өзінің орнын табу, өзін табу. Құрбы – құрдастармен қарым – қатынастар мотивінің динамикасы алуан түрлі: құрбы – құрдастармен бірге болу, бірлесе әрекет ету 10-11 жаста; ұжымда өзінің орнын табу 12-13 жаста; өзіндік ерекшелікке, автономдылыққа деген ұмтылыс 14-15 жаста байқалады.

Жасөспірімдердің құрдастарымен қарым – қатынасы іс – әрекеттің басты типі. Ол арқылы әлеуметтік мінез – құлық, морльдық нормалар меңгеріліп, тепе – теңдік қатынас және бір – бірінесыйластық қалыптасады.

Жасөспірім үшін мектепте не маңызды? Балалар бір – бірімен қарым – қатынасорнатады, өзарасенімді әрі түсінікті қатынасты қалыптастыруға тырысады. Сол кездеоқу әрекетіартқы кезекке ысырылып, қарым – қатынасіс – әрекетіалға шығады. Ең маңызды әңгімелер үзілісте болады.

Жасөспірімдер бар құпияларымен, кезек күттірмейтін мәселелерін үзілісте шешуге тырысады. Мұғалімдермен қарым – қатынастың басқада формалары қалыптаса бастайды: Командада жас жігіттің рөлін, мұғалімі бағасы одан да маңызды болмақ. Осы кезеңдеол сипаттаманы болады өз күш жәнеотбасылық өмірдің қуаныш жеке дамуымен ойлауға, армандай алатын болады.

Жеке байланыс қалыптастыру үшін өте маңызды болып табылады. Бұл қызмет өзін-өзісезіну қалыптасады. Бұл қоғамдық сананың жаңа дәуір негізгі бейнесі болып табылады. Выготский санаты аралас білім білдіреді. Бұл қарым-қатынас, білім беру және өзін-өзіхабардарету мемлекеттік білім беру идеясы, ішкі жоспары [12].

Жасөспірім кезеңнің негізгіерекшеліктері жәнеодан жоғары жастағы қарым-қатынаста тұрақсыздық пен өзгерістердің бірі беруге болып табылады. Бұл жолы ересектер (ата-аналар, мұғалімдер) юрисдикциясы бостандық, еркіндік, азаттық үшін ұмтылу болып табылады. Мұның себебі әлемнің өз балаларының ішкі өзгерістер психология, ата-аналар, ата-анасының айғармағандықтан кеңістіктік ережесәйкесешқандай байланысжиі ұқсас пікір білдіруге болды бастап, бұл. Мысалы, ата-аналар баланың жекесипаттамалары бар, балаоны жақсы білемін, бірақ айырмашылықтарды бақылау салдарынан баланың сипаттағы кейін баланың өсіп жетілу елемеуге болады. Ең жасөспірімдер, жәнеата-аналар туралы мәселеніемдеуші деген олардың көзқарасы, олардың балалары, жәнеоның салдары ретінде, бақыланатын арасындағы қарым-қатынас кезінде кедергілерге тап үшін жасөспірімдер мен ата-аналар үшін орын қоя алмауы мүмкін. Тағы бір проблема жасөспірім менің бала жас «батыл» және «жабық» сипаты тек теріссалдарын көредіата-аналар жиі, көңілін емес, оң жағдайлар болып көрінуі болып табылады. Сол уақытта, (олардың алмасу, терең қуанышпен) ересек эмпатия қатынастарға жасөспірімдер пайда болады. ол кәметке толмаған ата көмектесуге дайын болғанына қарамастан, жасөспірімдеросындай қолдау және көмек қабылдауға дайын емес.Бұндай кезде жасөспірімдер өздеріне деген қарым – қатынаста теңдікті қалайды.

Өтпелі кезеңде эмоция өзгермелі, толқымалы, қызба болады. Көңіл – күй жиіалмасады. Эмоциялық реакциялардың кейбіреулері гормоналды және физиологиялық үрдіспен түсіндіріледі. 10-13 жаста жоғалған мектеп фобиялары қайта көріне бастайды. Енді әлеуметтің фобиялар қосылады. Жасөспірімдік кезеңде жасөспірім ұялшақ, жасқаншақ, өздерінің дене бітімінеаса назараударып, кемшіліктерін жиі көреді де, соның нәтижесіндеадамдармен қарым – қатынаста қайшылықта болуы мүмкін. Оның жабық кеңстіктен қорқыныш фобиясы пайда болады. Негативизм кейде өтпелі кезеңді үш жастағы дағдарысқасәйкес келетін екінші негитивизм фазасы деп атайды. Бала қоршаған ортаға қарсы болады, кикілжің, тәртіпті бұзуға даяр болады. Сонымен қоса, іштей алаңдау жеке қалуға тырысу да байқалады. Ұл балаларда негитивизм айқын және жиі, ал қыз балаларда кейінірек 14-16 жаста көрінеді.

Л.С.Выготский тәртіптің үш нұсқасын атайды [12]:

- Негитивизм жасөспірімдер өмірінің барлық аймақтарындаайқын көрінеді. Бұл 20% жасөспірімдерде байқалады. Балаотбасынан бөлектенеді, ешқандай мәмілеге келмейді.
- Жасөспірімдер – потенциалды негитивист. Бұл өмірлік жағдаяттардың кейбір бөліктеріндесоның ішіндеортаның кері әсерінереакциядан көрінеді. Бұл 60% жасөспірімдерде байқалады.
- Негитивті көріну мүлде жоқ. Бұл 20% жасөспірімдерде кездеседі.
- Өзін – өзі бағалау «Менінің» ерекшелігі. Жасөспірімдер депрессияны жиісезінеді:
- Өзінің индивидуалдылығын сезіну;
- Психожынысты идентификацияның пайда болуы.

Өзін – өзі бағалау стереотиптерінен (ерадам қандай болу керек, әйел адам қандай болу керек) тұрады. Балаата – анадан өзінің тәуелсіздігін, өзбеттілігін талап етеді. 10-12 жастағы балаата – анамен қарым – қатынаста бірлесуге, түсінісуге тырысады. Алайда, құндылықтар әр түрлі болғандықтан, өзінен басқа пікірге мойын ұсынбайды. Қарама – қайшылықтар тәртіпте, т.б. көрінеді. Білімге деген құштарлық пайда болады да, бағаға немқұрайлы қарайды. Кейде баланың мүмкіншілігі шектен жоғары, ал нәтижесі төмен болуы мүмкін. Әдетте жасөспірімдік кезеңнің соңына қарай көбіне қыздар мен ұлдар өздері шешуге шамасы келмейтіндей «бөлектенушілік дағдарысы» пайда болады, яғни, әлемнен бөліну, жалғыздық т.б. [60]. Олардың өзара қарым-қатынас өзгеруінеАта-ана қарым-қатынасы. Сонымен қатар, баспанасыздар үйден қалуға, курстар, бұтақтар, агрессивті мінез-құлық көбінесе, жатып тастау. Барлық жасадамдар физиологиялық және психологиялық өзгерістер құрылуына байланысты.Мамандарының айтуынша, жасөспірім шақ – қиын күрделі кезең деп тегін айтылмаған. Жасөспірім шақта өмірлік құндылықтарды іздену мен қатар өмірлік көзқарастар қалыптасады. Жасөспірімнің өз-өзін табуға, өзіне деген сенімділіктіартуға, өзін жайлы сезінуге, қызмет түрін табуға, жоғары жетістіктермен табыстарға қол жеткізугесынып жетекшінің тәрбие

жетекшісінің және психологтың рөлі үлкен [13].

Жасөспірімдік шақтың тұлғалық қалыптасу мәселелерін Қазақстандық ғалымдар еңбектерінде тұлғаны тәрбиелеудің жалпы теориялық және әдістемелік ерекшеліктері педагогикалық-психологиялық тұрғыда толық сипатталған. Тұлғаны қалыптастыру мәселелері философтардың (Н. А. Бердяев, Б. С. Гершунский және т.б.). Бірінші рет өмірге келу мектепке дейінгі жасқа жатады, яғни бала өзінің мінез – құлқын қоғамның талап – тілектері бойынша құрастыра бастағанда және т.б. баланың түрткілерге бағынуы қалыптаса бастағанда. Мектепке дейінгі жас кезеңі тұлғаның қалыптасуындағы өте маңызды саты болып табылады, себебі бала әлеуметтік өлшемдер мен талаптарды игеру механизмдерін жүзеге асырады.

Л.И.Божович тұлғаның екі негізгі критерийлерін бөліп көрсетті [14]. Біріншіден, ол өзінің қарсаңында тікелей күресуге, ол өз талаптарын деп ойлады, егерадам болуы мүмкін. Оның мінез-құлық саналы мінез-құлық болып табылады, егер Екіншіден, қорғасын пайдалану болып табылады. Кеңес психологиясының дәстүрінесәйкес, тұлға индивидтің қоғамдық игерілген тәжірибені, яғни адам өміріндегі өлшемдер мен құндылықтар туралы көріністерді игеру жолымен қалыптасады. Л.Н.Леонтьевтің айтуынша, тұлға «екірет туылады» [15]. Тұлға екі механизмдер әрекетінің нәтижесінде қалыптасады: стихиялық (түрткілердің мақсатқа жылжытудың жалпы механизмі) және арнайы (ұқсастырулар мен әлеуметтік рөлдерді игеру).

Бірінші рет өмірге келу мектепке дейінгі жасқа жатады, яғни бала өзінің мінез – құлқын қоғамның талап – тілектері бойынша құрастыра бастағанда және т.б. баланың түрткілерге бағынуы қалыптаса бастағанда. Мектепке дейінгі жас кезеңі тұлғаның қалыптасуындағы өте маңызды саты болып табылады, себебі бала әлеуметтік өлшемдер мен талаптарды игеру механизмдерін жүзеге асырады.

Тұлғаның қалыптасуының екінші сатысы жасөспірімдік жаста, адам өзінің түрткілерін ұғынуға тырысқанда басталады. Бұл саты өзіндік санамен, өзіндік тәрбиемен байланысты. Тұлға екі механизмдер әрекетінің нәтижесінде қалыптасады: стихиялық (түрткілердің мақсатқа жылжытудың жалпы механизмі) және арнайы (ұқсастырулар мен әлеуметтік рөлдерді игеру). Тұлғаны тәрбиелеу, егер ол дұрыс эмоциялық ренде (балағасүйіспеншілік, мейірімділік, бірақ сонымен қатар талап ету) өтсе ғана жемісін береді. Сонда бала үшін ата – ананың талаптары тұлғалық мағынаға толы болады, өйткені анасымен болу – бала үшін қуаныш. Алғашқы кездері бала талаптарды анасымен қарым – қатынаста болуы үшін орындайды. Басқаша айтқанда, талаптар мақсат болып, ал анасымен қарым – қатынас – түрткі рөлін атқарады. Уақыт келе, бала көбірек жағымды бастан кешірулерді өткізеді: ұзақ уақыт бойы жағымды эмоциялармен толыққан зат, ой, мақсат өзіндік түрткіге айналады, яғни түрткінің мақсатқа өзгеруі жүреді, мақсат түрткі беделіне ие болады.

А.Г.Ковалев тұлға құрылымында келесі құрылымшаларды бөліп көрсетеді [16].

- темперамент (табиғи қасиеттердің құрылымын);
- бағыттылық (қажеттіліктер, қызығушылықтар және идеалдардың жүйесін);
- қабілеттер (интеллектілік, еріктік және эмоциялық қасиеттердің жүйесі).

Б.Г.Ананьев тұлға құрылымына мынадай қасиеттер кіреді деп санайды, олар:

- индивидтің өзара қатынас жасайтын қасиеттерінің нақты кешені (жас – ерекшелік- жыныстық, нейродинамикалық, конституциялық - биохимиялық);
- индивидтік қасиеттерге жататын психофизиологиялық функциялардың динамикасы мен органикалық қажеттіліктердің құрылымы. Индивидтік қасиеттердің жоғарғы интеграциясы темперамент пен нышандарда көрсетілген;
- статус және әлеуметтік функция – рөлдер;
- мінез – құлық түрткісі және құндылық бағдар;
- құрылым және қатынастар динамикасы.

Дамудың әлеуметтік жағдайы. Тұлға дамуы шарттарының үш аспектісі:

1. Тұлғаның дамуы үшін қажет шарт – адамның шындыққа қатынасы. Ол жас ерекшелігіне байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Адамдар арасындағы өзара әрекеттестіктің әлеуметтілігі – өзі туралы көрсететін қажетті шарты. Басқаларды түсіну – өзін түсінудің шарты.

2. Әлеуметтік орта – дамудың психикалық және тұлғалық факторы. Екі факторлар теориясы бар: биологиялық және әлеуметтік [12]. Л.С.Выготскийдің пайымдауынша: әлеуметтік орта тек қана даму факторы болып табылмайды, оған адамның өзі де кіреді. Адамның шындыққа қатынасы емес, ол адамның шындықтағы қатынасы. Дамудың әлеуметтік жағдайының негізгі функциясы – адам дамуын қамтамасыз ету және бар нақты қасиеттерді қамтамасыз етуі.

3. Орта адамның жаңадан пайда болу түрлерінің мүмкіншіліктерін даярлайды, ол оны жояды, жаңа жағдай пайда болады.

Оқу іс – әрекетіндегі жасөспірімдердің субъект ретіндегі ұстанымы олардың білім мазмұнын

меңгеруінен; таным қызметін жүзеге асыру жолдары мен әдістерінен, өзіндік даму процесінен танылады. Жалпы, адам бойындағы әлеуеттерді ықпалдастырып, танытатын белсенді әрекет көзі философия, психология, педагогика, ғылымдарында субъект ұғымы арқылы анықталып, негізделеді. Субъектілік өзін – өзі тану, рефлексия ерекшеліктерімен тікелей байланысты болады.

В.С.Мухинаның пікірінше, жас дамуының өлшемі-физиологиялық- психикалық даму кезеңдері, сонымен қатар тәрбие өтетін жағдай [18].

Жастың дамуы әрадамның өсуіне қатысты, әсіресе морфологиялық структурсының пісіп жетілуіне, адамның өзінің ішкі позициясы мен тығыз байланысты. Әр жасқа өзінің «басқарудағы психикалық функция» (Л.С.Выготский) және қызметтік басқару (А.Н.Леонтьев) әсеретеді.

Т.В.Драгунова, Д.Б.Эльконин зерттеулерінде жасөспірімдік шақтағы ерекшеліктердің біріретінде мынаны атап өткен. Яғни қасындағылардың олардың есейгендігін байқап, баға беруіолар үшін маңызды екендігін көрсеткен [19]. Олардың бірден-бірекершелігі кез-келген бастаған іс-әрекеттерінде өздерінің бауылып отырушы емес, қайтаркер болуға ұмтылатындықтары. Яғни өз әрекеттерінің бар уақытта нәтижелі болатындығын және ондағы өздерінің рөлдерін көрсетуді жоғары қояды және осыған басқалардың да назар қояғанын қалайды.

Бір уақытта балалық та, ересектік те қасиеттердің болуымен ерекшеленетін ортамен қарым-қатынаста пайда болатын психологиялық реакция жасөспірімдік шаққа тән болып келеді.

Ортамен қарым-қатынаста пайда болатын психологиялық реакция жасөспірімдік шаққа тән бір мезгілде балалық қасиеттің де, ересектіктің де болуынан көрінеді. Мұндай реакция оқушының сол кезеңдегі мінез-құлқын қалыптастыруға қатысып, бірде өте көп кездессе, бірде тіпті кездеспеуі мүмкін:

-Эмансипация реакциясы, ересектердің қамқорлығынан арылуға, даралыққа ұмтылу;

-Топтасу реакциясы, белгілі бір стилі мен топшілік қарым-қатынас жүйесі бар оқушылық топтардың құрылуына ұмтылу;

-Оқушының тұлғалық құрылымындағы ерекшеліктерді көрсететін әуестену реакциясы (хобби - реакция);

Қалыптаса бастаған жыныстық әуестіктен туатын реакция (онанизм, ерте басталған жыныстық өмір, жыныс проблемасына жоғары қызығушылық).

Жасөспірімдік шақтың шекарасын анықтауда біз Д.И.Фельдштейннің кезеңге бөлу тұжырымдамасына сүйендік [20]. Оның ойынша қазіргі жасөспірімнің жағдайы өзін қоршаған ортада қалыптастыруы, қоғамға пайдакелтіруі арқылы анықталады. Осыдан оқушының даму үдерісіндегі үш кезеңі көрінеді [21]:

Танымның мұндай жақтарын біріктіретін ішкі негізі болып автордың ойы бойынша жалпылау процесі мен онымен тығыз байланысты адамның ой-әрекеттерінің негізгі формасы ретінде түсініктердің жасалу жолдары болып табылады. Осыған байланысты жалпылау мәселелеріне ерекше мән беріледі.

В.В. Давыдовтың [1] анықтамасы бойынша жалпылау процесі салыстыру арқылы баланың заттарды бірнеше қасиеттерінің қайталануларын бөліп көрсетуінен тұрады. Жалпылауда іздеу мен заттардың әр түрлілігінде әр түрлі варианттылығы сөзінің мағынасы оның мәні ғана емес, сонымен қатар белгіленген әр түрлі варианттылықтың көмегімен осы көптүрлілігінде заттарды тану да жүзеге асады. Жалпылау абстракциялау операциясымен ажырамас байланыста қарастырылады.

Теориялық және эмпирикалық оқу процесінде В.В. Давыдов [1] эмпирикалық және теориялық абстракцияның жалпылау мен түсініктерінің келесідей ерекшеліктерін көрсетеді (соңғы үш түсініктің орнына «білім» термині қолданылады).

Эмпирикалық білім	Теориялық білім
Бірдей ортақ қасиеттерді бөліп көрсетіп, заттарды салыстыру мен оларды елестету процесінде өндіріледі.	Барлық өзінің жарыққа шығуының генетикалық пайда болу негізі болып табылатын рольді талдау процесінде және ішкі бүтін жүйесінің ерекше қатынастарынан кейбір функциялар туындайды.
Салыстыру процесінде бұл заттар бір-бірімен байланысқан байланыспағандығынан тәуелсіз заттардың кейбір жиынтығының ортақ қасиеттерінен формальды белгілер арқылы жүзеге асады, білімі белгілі бір класқа заттар жиынтығының кейбір ортақ қасиеттерін бөліп алу арқылы жүзеге асырылады.	Барлығына бірдей негізі мен мәні ретінде талдау процесі бүтін генетикалық жүйенің бастапқы қатынасын ашуға мүмкіндік береді.
Ортақ қасиеттері формальды түрде заттардың ерекше және жекелеген қасиеттерімен қатарлас орналасқан ретінде ерекшеленеді.	Бүтін жүйенің шынайы өмірде бар барлығына ортақ бүтін жүйенің әр түрлі жарыққа шығуларының, барлығына ортақ бірліктерімен байланысының қатынастарымен байланысы есептеледі.
Заттардың сыртқы қасиеттерін көріністермен көрсетеді.	Заттардың ішкі қатынастары мен байланыстарын көрсетеді, сонымен қатар көріністердің шегінен де шығып кетеді.
Нақтылау процесі сәйкесінше заттардың класына жататын көрнекіліктерді, мысалдарды таңдаудан тұрады.	Нақтылау процесі бүтін жүйенің барлық негіздемелерінен бүтін жүйенің ерекше және жекелеп көрінуінің шығуы мен түсіндірілуінен тұрады.
Белгілеудің негізгі құралы термин сөздер болып табылады.	Әр түрлі символдық-белгілік құралдардың көмегімен ақыл-ой әрекеттерінің әдістерімен көрінеді.

В.В. Давыдовтың [1] негізгі концепциясы абстрактіден нақтыға шығу әдістерімен жүзеге асырылып әртүрліліктің бірлігі ретінде шынайы, нақты теориялық, нақты іске асыру болып табылады. Автор ойдың абстрактіден нақтыға шығу әдістерін балалардың оқу-әрекеттерін жүзеге асыруға қатысты қарастырады. Сонда білімді игерудің мәні білім өндірісінің актіне қатысып, оқушылардың әрекеттерін ұйымдастыруға, яғни ақиқатты қорытынды ретінде ғана емес, сонымен қатар ақиқаттық процесс ретінде, оған алып келген жолдарды түсінумен игеріледі.

Егер оқушылардың әрекеттеріне талдау жасасақ, ол келесі түрде көрінетін болады: қандай да бір оқу пәнін игеруге кіріспес бұрын оқушылар мұғалімнің көмегімен оқу материалының мазмұнын талдап, ондағы бастапқы барлық қатынастар, жеке материалда кездесетін көптеген басқа да жеке қатынастарда көрінетіні белгілі болатынын белгілеп көрсетеді.

Таңбалық формада белгіленгендерді алғашқы жалпы қатынаста есіне сақтай отырып, сонымен қатар оқушылар оқытылатын пәннің мазмұндық абстракциясын құрады. Оқу материалын талдауды жалғастыра отырып, оқушылар осы бастапқы қатынастан әр түрлі бұрын жарыққа шыққандармен заңдылық байланысты ашып көрсетеді және сонымен қатар үйрететін пәннің мазмұндық жалпы түсініктерін алады. Содан кейін оқушылар абстракцияға жиірек басқаларды біртіндеп шығару үшін олар оқу материалын кейбір «тор» арқылы белгілейтін бастапқы ойларды түсінікке айналдыратын мазмұндық абстракциялар мен жалпыламаларды қолданады.

Бұл «тор» бұдан былай оқушылар түсінік формасында абстрактіден нақтыға шығып келе жатқан жолын игеруді қажет ететін нақты оқу материалының барынша көптүрлілігінде олардың бағытталуының жалпы принципін атқарады.

Көрсетілген білімді алу жолының екі сипаттамасы бар:

- Балалардың ойлары жалпыдан жекеге мақсатты түрде жылжып отырады;
- Игеру – оқушылардың болып жатқан жағдайлардың мазмұны мен түсініктерді игеруді анықтауға бағытталған.

З.И. Калмыкова төмендегі көрсеткіштермен қалыптастыратын шығармашылық ойлауды оқуды өнімді есептейді:

- ойдың оригиналдығы, әдеттегіден алыстап кеткен жауаптарды алу мүмкіндігі;
- пайда болатын ерекше ассоциативті байланыстардың тез болуы және жай болуы;
- проблемаға сезімталдық, объектінің немесе бөліктерінің әдет болмаған қызметтері.

Өнімді ойлау көпзвеннолы динамикалық жүйені диалектикалық қарама-қайшы түрде бірге болатын компоненттер қатарын білдіреді.

Жаңа білімді іздеу процесі секіріс тәрізді болады. Ол жерде алгоритмдік қана емес, сонымен қатар эвристикалық әрекеттер де орындалады, сондықтан ол бұрын игерілген білімнің көмегімен жүзеге асырылып, және одан шығуды да қарастырады.

З.И. Калмыкованың [2;3] идеясы бойынша оқытуды жетілдіру бір адамға бағытталып жүзеге асырылмайды, тіпті ол технологиялық-педагогикалық тиімді принцип болса да. Және де ол оқушыларды дұрыс бағаламауға әкеп соғады, оқу процесі бір жақты болып қалады. Сондықтан, оқытудың проблемалылығы, даралылығын және оқытудың дифференциалдығы бар ойлаудың әр түрлі компоненттерінің үйлесімді дамуы (нақты, абстрақты-теориялық) ақыл-ой әрекеттерінің алгоритмдік және эвристикалық әдістерін қалыптастыру; арнайы есте сақтау (мнемикалық) әрекеттерді ұйымдастыруды құрайтын принциптер жүйесі қажет.

И.Я.Лернер мен М.Н.Скаткин концепциясы диалектикалық бірігіп оқыту мазмұны мен әдістерін қарастырады және ғылыми жаңалықтардың екі мәселесінде де өзара байланысқан ретінде қағидаланады.

Білім берудің мазмұнын анықтау – ол төмендегі сұрақтарға ғылыми аргументті түрде жауап беру деген сөз.

- 1) Мектепте қандай пәндер оқытылуы керек?
- 2) Әрбір пәннің материалы үшін қандай принцип және критери бойынша теріп алыну керек?
- 3) Оқу бағдарламалары мен оқулықтарда қандай өте қажетті білім, білік және дағдылар болуы керек?

Авторлардың ойы бойынша, білім беру мазмұнының проблемасына дәстүрлі әдістер барлық артықшылықтары болса да, олар кейбір сұрақтарға жауап бермейді:

1. Білім мен біліктерді игеру ақыл-ой мүмкіндіктерінің дамуына оқушылардың тәртіптілігінің қажетті деңгейіне, танымдық өз бетімен жеке жұмыс істей алуына кейде неге алып келмейді?

2. Білім мен біліктердің тең дәрежесінде шығармашылық ойлауы неге барлық оқушыларда бірдей дамымайды?

3. Оқушы шығармашылық ойлай алатын және тәртіпті тұлға болып қалыптасуы үшін дәстүрлі білім мен біліктердің мазмұнының қандай қосымша мүмкіндіктерін игеру керек?

Бұл сұрақтарға жауап іздеу И. Я. Лернер мен М.Н. Скаткиннің [4;5;6] білім беру мазмұнының қайнар көзі ретінде әлеуметтік тәжірибенің құрамы туралы теорияны жасап шығаруға алып келді.

Оқыту процесі – ол ең алдымен оқу пәндерінде көрсетілген және адамзаттың жинақтаған оқушының әлеуметтік тәжірибесін игеруіне бағытталған мұғалім мен оқушының өзара байланысу процесі.

Әрине, бір адамның бүкіл әлеуметтік тәжірибені игеруге мүмкіндігі жетпейді. Сондықтан авторлардың ойы бойынша тұлғаның жан-жақты дамуын қамтамасыз ететін игерудің мынадай маңызды элементтерін атап көрсетуге болады:

1) әлем туралы білім (табиғат, адам, қоғам, техника, қызмет және қызымет түрлері, әдемілік, өзің туралы);

2) қызмет әдістерін жүзеге асыру тәжірибесі (біліктер);

3) шығармашылық қызметтер тәжірибесі;

4) әлемге эмоционалдық-құндылық қатынастар тәжірибесі, яғни адамға, қоғамға, білімге, өз қызметіне, әдемілікке, өзіне.

Адамзат тәжірибесінің бұл төрт пластын И.Я. Лернер [5] төрт етістік: білу, істей алу, жасау, қалау арқылы сипаттайды.

Дәстүрлі оқыту мен білім беру мазмұнының бұл төрт элементінің алғашқы екеуі психологиялық-педагогикалық әдебиетте жақсы қарастырылған. Сондықтан соңғы екеуіне ғана тоқталамыз.

Алдымен шығармашылық қызметтің мәнін қарастырып өтейік:

И.Я. Лернер [5] шығармашылық ойлаудың мазмұндық аспектісіне сонымен қатар, шығармашылық қызметтің процессуалдық ерекшеліктеріне үлкен мән береді.

Оның ішінде ол шығармашылық қызметтің келесі ерекшеліктерін атап көрсетеді:

1) білімді өз бетінше ауыстыру;

2) жаңа проблемаларды таныс, үйреншікті ситуацияларда алдын ала білу.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Давыдов В.В. Проблема развивающего обучения. – М.: Педагогика, 1986., -220 с

2. Калмыкова З.И. Продуктивное мышление как основа обучаемости. - М.: Просвещение, 1981., - 120 с

3. Кожобаев К.Г. О воспитательной направленности обучения математике в школе: Кн. для учителя. – М.: Просвещение, 1988. -80с.

4. Лернер И.Я. Процесс обучения по закономерности. - М.: Знание, 1980.-96 с.

5. Лернер И.Я. Проблемное обучение. –М.:Просвещение, 1974. -85с

6. Лернер И.Я. Дидактические основы методов обучения. – М.: Просвещение, 1981.-120с.

Саденова А. Е.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, филология ғылымдарының докторы
Алматы қ., sadenovaa@mail.ru

Курманова Т.В.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, аға оқытушы. Алматы қ.

Азнабакиева М.А.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, аға оқытушы. Алматы қ.

КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗІРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ИНТЕРАКТИВТІ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

***Резюме:** В статье рассматриваются интерактивные технологии для развития коммуникативной компетенции при усвоении казахского и русского языков как иностранного.*

***Summary:** The article deals with interactive technologies for the development of communicative competence in mastering the Kazakh and Russian languages as foreign.*

Қазіргі уақытта өзге тілді аудиторияларда шет тілдерін меңгеруде тиімділігі жоғары түрлі оқыту технологиялары қолданылады. Олардың ішінде интерактивтік оқыту технологиясы шет тілдерін екінші тіл ретінде үйренушілердің белсенділігін арттыруда қолайлы болып табылады.

Интерактивті оқыту – танымдық әрекетті ұйымдастырудың арнайы формасы. Интерактивті дегеніміз (ағылшын сөзі «интер» – бірлескен, «акт» – әрекет) бірлесе әрекетті жасау немесе сұхбат режимінде болу деген сөз. Интерактивті оқытуда тіл үйренуші мен оқытушының бірлескен әрекеті негізінде құрылған диалогты оқытудың маңызы зор.

Құрылымы жағынан ауызша коммуникация тілдік интеракция болып табылады. Жалпы ғалымдар интеракцияны коммуникация үдерісінің синонимы ретінде сипаттайды. Интеракция әрекет барысында, әсіресе диалогтық сөйлесуге үйретуде, субъекттердің белсенділігін, олардың шығармашылық ниетін және бірігіп әрекет етуге ұмтылуын қамтамасыз етеді. Бұл әрекеттің спецификалық сипаттамасын оның қарым-қатынасты ұйымдастырудың бір формасы болуы, онда субъектілердің бір уақытта бірігіп өзара әрекет етуі, нәтижеге жетуге бір-бірін түсініп, жауап беру үдерісіне бағытталуы және оның арнайы мазмұны енеді.

Тілдік қарым-қатынастың интерактивтік жағы – ол шартты термин, ол адамдардың біріккен әрекетімен байланысты, олардың біріккен әрекетін ұйымдастыратын тілдік қарым-қатынас болып табылады. Сондай-ақ, интеракция үдерісі әлеуметтік психологияда әлеуметтік тұрғыдан ұйымдастырылған тілдік қарым-қатынас деп көрсетеді. Бұл термин мәселесі әлеуметтік психологияда әуелден-ақ қарастырылады. Кей ғалымдар қарым-қатынас пен біріккен әрекетті теңдестіреді де, оларды коммуникация ретінде қарастырады. Ал кей ғалымдар интеракцияны біріккен әрекеттің, қарым-қатынастың кейбір үдерісінің бір түрі, оның мазмұны ретінде қарастырады. Олардың бірлігі туралы айтса да, қарым-қатынасты коммуникация, ал біріккен әрекетті интеракция ретінде қарастырады.

Негізгі материалдарды меңгеруге арналған сағаттарда оқу материалдары бойынша сөйлеу әрекеттері жүзеге асырылады. Оның алғашқы 1-2 сағаттарында лексикалық және грамматикалық дайындыққа басымдық беріліп, одан кейінгі сағаттарда ауызша және жазбаша коммуникативтік құзыреттерін дамыту көзделеді. Коммуникативтік құзірет деп сөйлеуге, жауаптасуға, жалпы сөйлеуге қажет дағдылар мен әрекеттерді меңгеруді айтады.

Тілді үйрену технологиясында коммуникативтік құзіреттілікті дамыту оқу-тәрбие міндеттерін өнімді шешу, мамандықты тұлға қалыптастыру құрамына айналдыру қабілетінен тұрады.

Диалогта жауапты алмай тынбау, керекті ақпаратты анықтаған соң, соңына жететін диалогтық хабар алу, жалыну, өтіну түрлері болады. Әр сөйлеу қадамының мақсаты болады, әрі сол арқылы интеракция «өзара ықпал» пайда болады.

Тіл меңгерудің деңгейі ретінде құзыреттіліктің қалыптасу дәрежесін түсінуге де болады, яғни тілдік қатынас үдерісінің сапалылығы мен бағалылығына шетелдік студенттің түрлі жағдаятта жылдам сөйлеуін есепке ала отырып, коммуникацияны жүзеге асыру қабілеттілігі, сөйлеу мақсатын орындату және тілдік бірліктерді қолдана алуы жатады.

Белгілі бір тақырыптарды бекіту үшін жаттығулар орындауда диалог – тіл үйренушіні толғануға, шешім қабылдауға, сын тұрғысынан ойлауға, альтернативті ойларды салыстырып қолдануға, пікір-

сайысқа қатысуға, өзге тіл үйренушімен қарым-қатынас жасауға үйрете алады. Бұл әдіс оқытушы үшін ең қажетті, оқытушы мен тіл үйренушінің қатынасынан тұрады. Бұл әдісті қолдану кезінде қарым-қатынасты бастаушы оқытушы, яғни оқытушы белгілі бір тақырыпта ақпарат береді, риторикалық сұрақтар қояды, студенттің жауабына қарсы шықпай, оны дамытып, толықтырады, бағыт береді. Осындай коммуникативті қарым-қатынас тіл үйренушінің сөздік қорын байытады, дұрыс сөйлеуге бағыттайды. Бұл әдісте үйретуші де тіл үйренуші де өте белсенділік танытады. Белгілі бір тақырыптың негізінде сұхбаттасып, ондағы мәселелерді жеңу жолында бір-бірімен сөз сайысына түсіп, әрі өз ойларын ортаға салады. Олар мұндай жағдайда бір-бірін тындайды, өздерінің ойларын, пікірлерін, білімін өзара қарым-қатынас арқылы әңгіме тақырыбына бағыттап қолданады. Сабақ үнемі көтеріңкі көңілде, студенттің сұраққа дұрыс жауап беруіне, белсенділік танытуына әсер ететіндей болуы қажет. Бұл әдісті қолдану нәтижесінде студенттердің оқу материалдарына қызығушылықтары артады, ал жұмыс формасы – әр студенттің өзін жақсы сезінуін қамтамсыз етеді.

Біріншіден, диалог түрінде сөйлеуге үйретуде сұрақ-жауап түрі кеңінен қолданылады. Әдетте оқытушының өзі сұрақтар қояды да студенттер тек сол сұрақтарға жауап берумен шектеледі. Бұл тәсілдердің кемшілігі студенттер өз бетімен әңгіме бастауға дағдыланбайды, басқа адам әңгімені бастаса тек соған жауап беріп қана отырады. Біздің ойымызша, сабақта тек бұл тәрізді тек диалогты қолданып қойған дұрыс емес, себебі біз студенттерге өз беттерімен әңгіме бастауға, өздігінен сұрақ қоюға да үйретуіміз керек. Студенттер бұл іскерлікті меңгергеннен кейін диалогтық бірлестіктердің басқа түрлерін де қолдана алады. Сұрақ-жауап диалогта алдымен оқытушы сұрақ қояды. Студенттер оқытушының сұрағына жауап береді. Келесі кезекте осы сұрақтарды өрбітіп, алған білімді дамыту мақсатында содан студенттер осы тақырып бойынша өз сұрақтарын бір-біріне қояды, басқа студенттер жауап береді. Ал студенттерді осы іскерліктерге үйрету үшін оқытушы дайын жауаптарды айтады, студенттер тиісті сұрақтарын қояды.

Диалог түрінде сөйлеп үйретуде төрт деңгейді қолдануға болады: сөйлем деңгейі – бір-бірімен байланысты 2-3 сөйлемнен тұрады. Кең өрістелген диалог деңгейі – еркін әңгіме, талқылау, айтыс. Дискуссия деңгейі – бірінші деңгейде студенттер белгілі мөлшерде ең қарапайым коммуникация актілерін меңгереді. Соның негізінде олар белгілі коммуникативтік мақсаттарды жүзеге асырады. Оқытудың төменгі сатысы үшін ең қарапайым сөз үлгілері белгіленген затты, қимылды атау, заттың сапасын, қимылдың мекенін атау, қимылдың бір затқа арналғанын білдіру т.б. Студенттер әуелі негізгі сөз үлгілерін қолданып үйренеді, яғни хабарлы сөйлем үлгілерін айтып жаттығады.

Негізгі сөз үлгісінің коммуникативтік варианттарын айтып, қолдануды меңгереді. Жалпы сұрақ, хабарлы сөйлем, сөйлемнің болымсыз түрі, арнайы сұрақ, интонация т.б. тақырыптар бойынша сабақ барысында жай сөйлем үлгілерімен танысады. Бұл аталған сөйлем үлгілерін меңгеру үшін студенттер оларды жиі қайталап айтып отыруы тиіс. Оқытушы ол үлгілерді қайталату үшін «Менің айтқанымды қайталаңыздар» деп әмір бергеннен гөрі студенттерге коммуникативтік тапсырма берсе әлдеқайда тиімді болады. Себебі студенттер оқытушының айтқанын қайталап отырмыз деп ойламайды, тапсырманы орындап отырмыз деп ойлайды. Сол коммуникативтік тапсырманы орындау кезінде олар оқытушының айтқанын қайталап айтады, сөйтіп сөз үлгілерін еріктен тыс меңгеріп алады.

Диалог әр түрлі мақсатпен жүргізіледі; серіктесінен бір нәрсені білу үшін, онымен пікір алмасу үшін т.б. Осыған байланысты микродиалогтың мына түрлерін қолдануға болады: мәлімет-пікір әсер алмастыру диалогы – мұнда пікірталас та, мәлімет алу да болуы мүмкін; қозғау салу диалогы – диалогтың бұл түрі әр қайсысы белгілі бір коммуникативтік міндет атқарады.

Сұрастыру диалогында бір серіктес белсенділік танытып, сұрақтар қойып отырады да, ал екіншісі сұрақтарға жауап береді.

Пікір, әсер алмасу диалогында серіктестердің екеуі де белсенді түрде екі жақты қозғаушы реплика бұйрық райлы сөйлемнің басқа түрінде кездеседі. Жауап репликасы 2-3 сөйлемнің біреуі ғана қозғаушы реплика болады.

Қозғау салу репликасында өтініш беріледі. Мұнда қозғаушы реплика бұйрық райлы сөйлем арқылы, жауап реплика сөйлемнің кез келген коммуникативтік түрі арқылы беріледі.

Сонымен бірінші деңгейде жеке репликаларды меңгеру, екінші деңгейде қарапайым репликаларды фразалардан жоғары бірлестіктерге біріктіреді, ал үшінші деңгейде кеңейтілген тұтас диалогтар құру іскерлігін меңгерсе, төртінші деңгейде еркін диалог, әңгіме жүргізе алатын деңгейге жетеді.

Диалогтар – қабылдауға, ойлауға, еліктеуге және сөйлеу үлгілерін есте сақтауға бағытталып, тіл үйренушілерді белсенді айтылым әрекетіне жетелейді.

Қазақ және орыс тілдерін оқытуда диалогтар арқылы жаттығулар орындалады. Тілді оқытуда диалог бойынша жаттығулардың төмендегідей түрлері қолданылады: тірек сызбалар арқылы ауызша диалог құрау; тірек сөздерге сүйене отырып, өз диалогын құрастыру; кестелерде берілген мәліметтер

бойынша ауызша диалог құрау; диалогты өзгертіп әңгімелеу; диалогтарды толықтыру; берілген диаграммаға сүйене отырып, жаңа диалог ұсыну; берілген жағдаяттық тапсырмаға сәйкес диалог құрау; берілген сұрақтарға жауап беру; сурет бойынша диалог құрау; берілген жоспар бойынша диалог құрау т.б. жаттығулары.

Диалог үлгілерін қолдана отырып жүргізілген қазақ және орыс тілдерін оқыту барысында тіл үйренушінің өз ойы мен пікірін тұжырымдай алуы, сөйлеу машығы мен негізін меңгеруі, ойды сөзбен жеткізудің қатысымдық амалдарын игеріп, оларды күнделікті өмірде кездесетін шынайы жағдаяттарда жұмсай алуы жүзеге асады.

Диалогты қолдану арқылы тілдік коммуникативтік құзіреттілікті дамыту қазақ және орыс тілдерін меңгертуде өте тиімді болып табылады.

Қорыта айтқанда, сабақта диалогтың бірнеше түрін белсенді түрде қолдану студент әрекетін белсендіру, оқу материалын, оқыту әдістері мен тәсілдерін жетілдіру сияқты негізгі педагогикалық мәселелерді іске асырады. Диалог ұжымдық іс-әрекет жүйесі арқылы жеке тұлға белсенділігін арттыруға негізделген, берліген материалды жылдам әрі сапалы меңгертуге бағытталған, ерекше үлгіде ұйымдастырылған тілдік қатынас.

Тіл үйренуде интерактивті әдісті қолдануда оқытушы мен тіл үйренушілер уақытты үнемдейді, тіл үйренушінің тіл үйренуге деген қызығушылығы артады, теориялық материалды тілдік қатынасым теорияс (жазылым, айтылым, тыңдалым, сөйлесім) арқылы практикалық тұрғыдан талдап, тұжырым жасап, оны өмірде қолдана білуге машықтанады, берілген тапсырманы сауатты, жоғары деңгейде, шығармашылықпен орындай білуге төселеді, кез келген шаршы топта өз көзқарасын дәлелдей отырып, ойын еркін, әрі шебер жеткізе алуға машықтанады.

Тіл үйренушінің логикалық ойлау жүйесі дамып, мазұнға сай түрлі сөзжұмбақтар, ұлттық ойындар ж.т.б түрлерін кеңінен қолдануға үйренеді. Сабақта ақпараттық технологиялармен жұмыс жасауды үйренеді. Тіл үйренуші өз бетімен жұмыс жасап, өздері қорытынды жасай алады.

Тіл үйренушілерге қазақ және орыс тілдерін меңгерту дұрыс сөйлеу (айтылым дағдысын қалыптастыру), сауатты жазу, мәнерлеп оқу, ауызекі сөйлесу және әңгімелесу дағдыларын қалыптастыру, дамыту бағытында жүреді.

Интерактивті технологияны қолдану арқылы тілдік коммуникативтік құзіреттілікті дамыту қазақ және орыс тілдерін меңгертуде өте тиімді болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Дьяченко М.И., Кандыбовыч Л.А. Психология, Словарь-справочник.-Минск, 1998.
2. Вежбицкая З.Н. Язык. Культура. Познание. –М., 1996.
3. Зимняя И.А. Психологические аспекты обучения говорению на иностранном языке. - М.,1978
4. Құдайбергенова Қ.С. Құзырлылық амалының негізгі ұғымдары. -Алматы, 2007. -500 б.
5. Программа дисциплин «Иностранный язык для неязыковых факультетов университетов и неязыковых вузов».-М.,1990.
6. Маслыко Е.А., Бабинская П.С. Настольная книга преподавателя иностранного языка.- Минск: Высшая школа.- 1997г.
7. Общая методика обучения иностранному языку.Хрестоматия.-М.,1991.

Салтанова Галия Айсиевна

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау гуманитарлық университетінің физика-математика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор м.а., E-mail: galiyasaltanova@yandex.kz

Берикова Альфия Бериковна

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау гуманитарлық университетінің информатика кафедрасының магистранты, E-mail: apatia_s@mail.ru

ИНФОРМАТИКА САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫ СЫНИ ТҰРҒЫДАН ОЙЛАУҒА ҮЙРЕТУДІҢ ТИІМДІЛІГІ

***Түйін:** Сын тұрғысынан ойлау – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Бұл модуль оқушылардың да, мұғалімдердің де сын тұрғысынан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді. Сын тұрғысынан ойлау «ойлау туралы ойлану» деп сипатталған. Ол маңызды мәселелерді талқылау және тәжірибені ой елегінен өткізуді қамтиды.*

***Кілтті сөздер:** ұтқырлық, сыңаржақтылық, пайым, өзіндік сана-сезім, декламация.*

***Резюме:** Критическое мышление – самое главное понятие в Казахстане, являющееся важной для развития педагогического образования. Этот модуль предполагает развитие критического мышления и сознательного восприятия, как учащихся, так и учителей. Критического мышления описывается как «мышления о мышлении». Он включает в себе проведение анализа опыта мысли и обсуждения важных вопросов.*

***Ключевые слова:** мобильность, sentimentalность, сознание, самоцензура, декламация.*

***Summary:** Critical thinking is the most important concept in Kazakhstan, which is important for the development of pedagogical education. This module involves the development of critical thinking and conscious perception of both students and teachers. Critical thinking is described as "thinking about thinking." It includes the thoughts of experience and the discussion of important questions.*

***Key words:** mobility, sentimentality, consciousness, self-censorship, declamation.*

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" заңында білім беру жүйесінің басты міндетіне жататын ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтары, білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беру жүйесін жаңарту, одан әрі дамыту көрсетілген. Дүниежүзілік білім беру кеңістігіне кіру мақсатында қазіргі кезде Қазақстанда білімнің жаңа жүйесі құрылуда. Бұндай жаңарулар педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үдерісіне нақты өзгерістер енгізумен қатар елімізде болып жатқан түрлі бағыттағы білім беру қызметіне жаңаша қарауды, қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауды, жастардың шығармашылық әлеуетін дамытуды, ойлау қабілеттерін арттыруды, мұғалім іс-әрекетін жаңаша тұрғыда ұйымдастыруды талап етеді.

Сындарлы оқыту теориясы оқушылардың ойлауын дамыту олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңа сыныптағы дерек көздерінен, мұғалімнен, оқулықтан және құрбыларынан алған білімдерімен өзара әрекеттесуі жағдайында жүзеге асады деген тұжырымға негізделген. Құзырлы оқытудың маңызды факторы-оқушының тақырып мәнін өз бетімен меңгеруін мұғалімнің түсінуі мен бағалай алуы. Сондықтан да Шульман "үш көмекші" деп атаған қасиеттер мұғалімде болған жағдайда ғана оқыту тиімді де сәтті болып саналады дейді.

Үш көмекші құрал: бас, қол, жүрек. Дәстүрлі негізде берілген білімнің емтихан кезінде тиімділігін баса айта отырып, оның жаттанды түрде қалып қоятынын атап өту керек. Бағдарламаның оқушыға қаншалықты тиімді боларын, оның білім мен тәрбие берудегі үлесінің зор екенін білдім. Бұл жерде "Шығыс Аристотелі" атанған Әл Фараби бабамызбен үндесері хақ. Оқыта отырып тәрбиелеуді қатар алып жүрудің қыр-сырын ағылшындар терең меңгеріпті. Зерттеуші-психолог Шульманның "Мұғалімнің үш көмекшісі" деп атаған қасиеттері айтылады. Бас – кәсіби түсінік, қол – оқытудың тәжірибелік дағдылары, жүрек – кәсіби-өнегелік тұтастық. Бұл жердегі үлкен құнды пікір – әрбір мұғалім теория мен тәжірибені ұштастыра отырып, шын ынта ықыласымен оқушыларға мейірімділік, жанашырлық көрсете білу. Кеңес заманындағы "2" алған баланы жазалаудан арылу, оқушыға ой еркіндігін, сөз бостандығын беру. Елбасымыздың бүгінгі таңдағы сындарлы саясатының бірі-заман ағысына қарсы жүзер, бәсекеге қабілетті жастарды тәрбиелеу.

Оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін әр түрлі әдістерді қолданып, өз шеберлігін таныту қажет. Сыни тұрғыдан ойлау - сынау емес, шындалған шығармашылық ой.

Қазіргі кезде де мектептерде жиі қолданылып отырған жаңа модулінің бірі – оқушылардың жазу мен оқуда сыни тұрғыдан ойлау қабілетін қалыптастыруға бағытталған әдіс-тәсілдер. Сыни тұрғыдан ойлау – Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Бұл модуль оқушылардың да, мұғалімдердің де сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді.

Біз өмір сүріп отырған ақпараттық қоғамда, көпмәдениетті ортада бәсекелестік заманда, жаһандануға қарыштап қадам басқан уақытта халқымыз үшін маңызы аса зор оқу-ағарту ісін халықаралық талапқа


сәйкестендіріп, әлемдік сапа деңгейіндегі білім мен білік дағдыларына негізделген білім беру жүйесін құру кезек күттірмейтін мәселе. Соның алғашқы баспалдағы ретінде еліміздің педагог кадрлары оқытудың «Кембридж тәсілін» меңгертетін үш деңгейлі курстардан өтіп жатыр. Бұл бағдарламада түрлі тәсілдер қарастырылғанына қарамастан сындарлы (конструктивті) теориялық оқыту тәсіліне басымдылық берілген.

Кембридждік тәсілдің теориялық негізін оқып, танысып, оқытудың жаңаша әдіс-тәсілдерін - жеті модульді сабақ жүргізу тәжірибемде қолдану арқылы оның білім беруде артықшылығы мен пайдасы көп екеніне көзіміз жетті.

Сыни тұрғыдан ойлау таңдағандағы мақсатымыз оқушыларды сыни тұрғыда ойлауға үйрете отырып, информатика пәніне деген қызығушылығын арттырудың жолдарын қарастыру және тәжірибе жүзінде тексеру, бақылау, тыңдау, айқындауды жөн көрдік. Сондықтан да, мен информатика пәні сабағында сыни тұрғыдан ойлау технологиясын пайдалану тиімді деп есептеймін.

Сыни тұрғыдан ойлау «ойлау туралы ойлану» деген түсінік береді. Бұл модуль арқылы маңызды мәселелерді талқылауға болады және білім беру үшін тиімді болып табылады. Бұл оқушылардың да мұғалімдердің де сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді. Сыни тұрғыдан ойлау – бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге бағытталған пәндік шешім. Сыни тұрғыдан ойлау көбіне қарсы пікір айтуға, баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс – әрекетімізге жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерді енгізуге дайын болуға, ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге және басқаларды сыни тұрғыдан ойлауға баулуды білдіреді. Бұл жолдағы ең оңай тәсіл балалардың жеке басының тәжірибесіндегі дәлелдерге мән беруге ынталандыру.

Сыни тұрғыдан ойлау - Қазақстандағы білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын қазіргі ең басты педагогикалық түсінік. Бұл модуль оқушылардың да, мұғалімдердің де сыни тұрғыдан ойлауды дамытуды саналы және оймен қабылдауын көздейді (1-сурет).




1-сурет

Сыни тұрғыдан ойлау туралы жалпы түсінік алу барысында негізгі деңгейде сыни тұрғыдан ойлау үдерісін дамыту қажет, оның ішінде:

- ақпаратты жинау;
- дәлелдерді сыни тұрғыдан талдау мен бағалау;
- нақты дәлелдер, шешімдер мен жинақталған қорытындылар;
- болжамдар мен ұсыныстар;

Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету, сыныптағы оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауына, яғни бақылау, талдау, қорытынды, интерпретация тәсілдері қарастырылса, диалог арқылы сыни тұрғыдан ойлауды дамыту, оқушыларды диалог пен дәйектеуге, талқылауға, олардың механикалық есте сақтау, декламация, мазмұндама, талқылау, диалог түрлері беріледі, сонымен қатар әңгеменің сапасы мен мазмұны оқушылардың оқуы үшін маңыздылығы мен мұғалімдердің сыни тұрғыдан ойлауы, рефлексивтік оқыту, оқушылардың не үйренгені туралы сыни тұрғыдан ойлау да қамтылады.

Сыни тұрғыдан ойлау мәнмәтінді есепке ала отырып, бақылау мен тыңдау арқылы дәлелдер жинастыру және шешім қабылдау үшін талапқа сай өлшемдерді қолдану сияқты дағдыларды дамытуды қарастырады (2-сурет).



2-сурет

Мысалы, информатика пәнін оқытуда төмендегі үдерістер мен дағдыларды қолдануға болады:

- ✓ суреттер, фотосуреттер сияқты дәлелдерді жинақтау және топтастыруды;
- ✓ негізгі дереккөздерді бағалауды және соларға сәйкес сұрақтар қоюды;
- ✓ негізгі дереккөздерді жағдаяттық қорытындылармен және уақытша жинақтаулармен салыстыру және талқылауды;
- ✓ анағұрлым кең тәжірибе негізінде болжамдар мен ұсыныстарды қайта қарауды қамтуы мүмкін.

Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерінен табуды қажет ететін негізгі ерекшеліктер: ұтқырлық, сыңаржақтылықтың болмауы, пайым, тәртіп, өзіндік сана-сезім.

- *Ұтқырлық:* ең жақсы түсініктемені табуға ұмтылу; үзілді-кесілді жауаптарды іздеудің орнына сұрақтар қою; дәлелдерді талап етіп, кез келген дәлелді есепке алып отыру; эмоцияға емес, себепке негізделу (бірақ төменде айтылатын өзін-өзі тануға қатысты эмоция да болуы ықтимал).
- *Сыңаржақтылықтың болмауы:* барлық қорытындыларды бағалау; болжамды көзқарастар мен мүмкіндіктердің барлығын қарастыру; баламалы интерпретацияларға ашық болуға ұмтылу.
- *Пайым:* дәлелдердің деңгейі мен маңызын мойындау; балама жорамалдар мен мүмкіндіктердің орынды екендігін немесе артықшылығын мойындау.
- *Тәртіп:* тиянақты, нақты және жан-жақты болу (барлық дәлелдерді есепке алып, көзқарастарға көңіл бөлу).
- *Өзіндік сана-сезім:* өзіміздің эмоциямыз бен көзқарасымыздың, сеніміміз бен болжамдарымыздың субъективті екенін сезіну.

Сыни тұрғыдан ойлау модулін сабақ барысында пайдалану

«Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету» модулінің білім сапасын арттыруда, оқушылардың көзқарасын өзгертуге, шығармашылық қабілеттерін дамытуда басты рөл атқаратынын түсіндім. Мен алғашында өзімнің сыныбымда оқушылардың қаншалықты сыни ойлауға бейім екендіктерін бақыладым. Сонда мен оқушылардың сыни ойлауға дағдыланбағандарын байқадым. Ал осы жаңа технологиямен сабақтарды өткізгенде мен кішкене де болса оқушылардың санасын серпілтіп, миға шабуыл жасап, ой дағдыларына қозғау салғанымды байқадым. Бұрын сұрақ қоюдың да тәсілін білмейтін оқушылар қазір көп өзгерді, мен байқамаған тұстарды байқап, сөздерін дәлелмен жеткізуге тырысатын болды. Мен үнемі «неге?», «қалай?», «неліктен?» деген сұрақтарды жиі қолданатын болдым. Оқушыларым сөздерін дәлелдеу үшін жанталаса сөйлеп, ойларын дәлелдеп жеткізуге тырысатын болды. Мен оқушыларыммен бірге ойланып, бірлесе жұмыс жасап, сыни көзқарасымды өзгерте бастадым.


Мысалы: 7 сыныпқа «Вирусқа қарсы қауіпсіздік» деген сабағымның ұйымдастыру бөлімінде оқушыларға «Жақсы тілек» ойыны ұйымдастырдым. Оқушылар бірі-бірімен сәлемдесу кезеңінде жақсы тілектерін айтты. Оқушылар сәлемдесіп болған соң стикерлер таңдау арқылы 3 топқа бөлінді.

Үй тапсырмасын тексеру барысында «Кім жылдам?» ойынын өткіздім. 3 топ оқушылары болып берілген тапсырманы орындауға кірісті. Үй тапсырмасын қорыту кезінде «Ыстық орындық» стратегиясын пайдаландым. Бұл жерден оқушының бірі-біріне оқуына мүмкіндік беру керек деген ой болды. Жаңа сабақты «Суреттер сөйлейді» ойынын ұйымдастыру арқылы бастадым. Бұл тапсырманы берудегі мақсатым оқуға деген қабілеттілігін, ойлау, негіздеу және шығармашылық, сөз сөйлеу қабілеттерін дамыту. Осы тапсырманы бере отырып, оқушылардың оқуға деген, ойлау, сөз сөйлеу, шығармашылық қабілеттерін аштым.

Қабілеттерін аша отырып, оқушылар берілген суреттер бойынша өтетін жаңа сабақтың тақырыбын анықтады. Жаңа сабақ бойынша «Тез қимылда» ойынын, «Сенесің бе, сенбейсің бе?» атты тренинг өткіздім. Тренингтің шарты берілген тапсырмаға «ия» немесе «жоқ» деп жауап беру. Топтағы оқушылар жауаптарының дұрыстығын білу үшін, бір-бірілеріне сұрақтар қойып, өзара пікірлесті. Осы жерде

модульдің қалай оқу керектігін үйрету идеясы көрініс тапты, демек оқушылар бір-бірін оқыта отырып, өздері саналы түрде білім алады деген ой келді. Бұл жер де «Александрдің (2004) оқудағы әңгімелесу – қарым-қатынас жасаудың бірсарынды үдерісі емес, керісінше, идеялар екі жақты бағытта жүреді және осының негізінде оқушының білім алу үдерісі алға жылжиды» деген тұжырымы жүзеге асты.

Қорыта келе, сыни тұрғыдан ойлау оқушылардың ойын, сыни көзқарасын дамыта отырып, күмәнмен қарауға, ойын дәлелдеуге, сұрақ қоя білуге баулиды. Сыни ойлау арқылы оқушыларым көп өзгеріске түсті деп ойлаймын. Бұл істе кездескен кедергілер, оларды шешу жолдары, жұмыстың нәтижесі 3-суретте көрсетілген:



3-сурет

Жаңа формация мұғалімі сыни көзқарасы дамыған, өзінің жұмыс тәжірибесін, жаңа тәсілдерді қолдану және бағалау әрекеттерін сыни тұрғыдан бағалай алатын болу керек. Ең бастысы оқытудың бұл түрінде оқушы өте маңызды рөл атқарады, олар өз құрбы-құрдастарымен әлеуметтік байланыс жасай отырып, белсенді түрде білім жинақтайды.

Келешекте мен күтілетін нәтижеге жету мақсатында тынбай еңбек етіп, теориялық білімімді жетілдіріп практикамен әрмен қарай ұштастырып, қоғамдастық желі бойынша өзге де әріптестермен үзбей пікір алмасып тұруым керек деп түйдім. Менің алға қойған мақсатым- оқушыларды сыни тұрғыда ойлауға үйрете отырып, информатика пәніне деген қызығушылығын арттырудың жолдарын қарастыру және тәжірибе жүзінде тексеру, бақылау, тыңдау, айқындау. Бұл мақсатқа жететініме мен сенемін.

Ойымды түйіндей келе, қазіргі таңдағы өзекті мәселелердің бірі болып отырған сыни тұрғыдан ойлауды пайдалана отырып, мемлекетіміздің ертеңі - бүгінгі ұрпақтың өз бетімен оқуға деген құштарлықтары артатын, сыни тұрғыдан ойлаулары қалыптасқан, өзін-өзі бағалай алатын, сөйлеу тілдері дамыған, өз ойын еркін жеткізуге дағдыланған, «оқушы мен оқушы» қарым-қатынасы жүзеге асыра алатын жеке тұлғаның қалыптасуына өз мүмкіндігім мен қабілетімді жұмсап келемін.

Қай салада болмасын ондағы жұмыстың нәтижесі сапамен өлшенеді, мектептің сан-салалы жұмысының арасында білім сапасы бірінші орында тұратыны даусыз.

Әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «НЗМ» ДББҰ, 2012, 306 бет
2. Тапсырмалар «НЗМ» ДББҰ, 2012 66 бет
3. «Информатика негіздері» республикалық ғылыми-әдістемелік педагогикалық журналы 2015 жыл №2
4. «МИФ» республикалық оқу-әдістемелік журналы 2016 жыл №3
5. «Тренингтік ойындар мен жаттығулар» әдістемелік құрал Алматы 2014ж
6. Интернет желісі.

Насыров С.А.

Магистрант 2-курса по специальности «6М012300 – Социальная педагогика и самопознание»
КазНУ им. аль-Фараби, Алматы.

Аймаш Б.С.

Магистрантка 1-курса по специальности «БМ010300 – Педагогика и психология» КазГосЖенПУ,
Алматы, mina_1@mail.ru

ПСИХОЛОГО-ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ ПРОФИЛАКТИКА СКЛОННОСТИ К ЗАВИСИМОМУ ПОВЕДЕНИЮ СТУДЕНТОВ ВУЗА

***Аннотация:** Статья посвящена роли и значению профилактики зависимых форм поведения, а также возможности реализации различных методик профилактики в контексте образовательной среды как фундаментальному условию формирования культуры здоровья и ценностей здорового образа жизни, направленному в конечном итоге на повышения качества человеческого потенциала.*

***Annotation:** The article is devoted to the role and importance of prevention of dependent forms of behavior, as well as the possibility of implementing various prevention methods in the context of the educational environment as a fundamental condition for the formation of a culture of health and values of a healthy lifestyle, ultimately aimed at improving the quality of human potential.*

***Түйін:** Мақалада жоғары оқу орны студенттерінің тәуелділік қабілетін психологиялық және педагогикалық тұрғыда алдын-алу жолдары бүгінгі тұлға тәрбиелеуде маңызды факторлардың бірі ретінде қарастырылады. Себебі, студент тұлғасының салауаттылығына қатысты мәдениеті мен құндылығын қалыптастыру адами әлеуеті сапасын арттыруда басты құрал болып табылады.*

Современная ситуация в мире характеризуется кризисными явлениями во многих сферах общественной жизни. Сложные социально-экономические условия, дестабилизация финансового положения порождают у значительной части населения чувство страха перед действительностью и стремление уйти от реальности. В большей степени это присуще молодым людям и людям с низкими адаптационными способностями, которые в поисках средств защиты от возникающей фрустрации прибегают к стратегиям аддиктивного поведения.

На сегодняшний день существует большое разнообразие форм и видов зависимостей человека от различных аддиктивных агентов. В большинстве случаев это требует применения методов медицинской и психологической реабилитации. Особо остро стоит вопрос раннего выявления склонности молодых людей к аддиктивному поведению. Отсюда актуальным является поиск механизмов, факторов, выявление причин склонности человека к употреблению различных психоактивных веществ и своевременное осуществление профилактики. Решение конкретных профилактических задач в отношении предупреждения склонности молодых людей к аддиктивному поведению требует методологического и методического обеспечения психолого-педагогической профилактики.

Несмотря на разработанность проблемы аддиктивного поведения и большого числа работ как зарубежных (Адлер А., Ассаджиоли Р., Берн Э., Блос П., Бэндлер Р., Вертхаймер М., Гартманн Г., Гриндер Дж., Келер В., Келли Дж., Коффка К., Левин К., Маслоу А., Олпорт Г., Роджерс К., Фестингер Л., Франкл В., Фрейд З., Фромм Э., Шибутани Т., Эриксон Э.), так и отечественных (Ананьев Б.Г., Гоголева А.В., Дмитриева Н.В., Донских Т.А., Змановская Е.В., Клейберг Ю.А., Короленко Ц.П., Леонтьев А.Н., Менделевич В.Д., Овчарова Р.В., Рубинштейн С.Л., Четвериков Д.В., Эльконин Д.Б.) авторов, существует множество вопросов, на которые еще не даны полные ответы. Исследователи в основном сосредоточивают внимание на выявлении причин аддиктивного поведения личности и специфике развития различных форм аддикций, а также на разработке программ коррекции аддиктивного поведения преимущественно подростков.

Таким образом, специфика зависимого поведения заключается в том, что оно не включает болезненное состояние индивида, а предполагает нарушения нормативного поведения. Для его корректирования используются психотерапевтические приемы в целях психопрофилактики, а используемое в крайних случаях лечение направлено на дезинтоксикацию, если в этом есть необходимость. Следовательно, главными в отношении аддиктивного поведения являются не медицинские, а воспитательные мероприятия.

Типологий видов зависимого поведения много, и они чрезвычайно широки: употребление алкоголя, никотина; употребление веществ, изменяющих психическое состояние, включая наркотики, лекарства, различные яды; участие в азартных играх, включая компьютерные; сексуальное аддиктивное поведение; переизбыток или голодание; работолизм; просмотр телепередач и длительные прослушивания музыки на низкочастотных ритмах; нездоровое увлечение литературой в стиле «фэнтези», женскими романами; сектантство и т. д. Совершенно очевидно, что виды зависимого поведения различаются по своему содержанию, развитию и последствиям для индивида и

социальных групп. Но они имеют общее аддиктивное основание – зависимость, хотя она может иметь различный характер, например, психический (как в случае с прослушиванием музыки) или физиологический (как в случае с наркозависимостью). Зависимость от принятия алкоголя, наркотиков и различных химических препаратов при аддиктивном поведении ограничивается желанием изменения психического состояния, тогда как алкоголизм, наркомания и токсикомания являются болезнью[1].

Интересно, что носители зависимого поведения внешне соглашаются со своей зависимостью и даже демонстрируют угрызения совести из-за своей приверженности ему, но продолжают вести прежний образ жизни. Они каждый раз предлагают новые причины, оправдывающие это поведение, например, что голодание полезно для здоровья. Это вызвано устойчивостью стиля жизни, способом формирования которого является естественное свойство психики автоматически закреплять стереотипы и формы поведения (привычки). Поэтому, чтобы понять, почему так сложно избавиться от аддиктивного поведения или как появляется зависимость от него, необходимо рассмотреть его психофизиологические основания.

Так, психолог-кризисолог С.Смагин, обращаясь к авторитету психологов и физиологов С.Л.Рубенштейна и П.П.Павлова, полагает, что в основе аддиктивного поведения лежит привычка, означающая «не столько появление нового умения, сколько нового мотива или тенденции к автоматически выполняемым действиям. Другими словами, привычка – это действие, выполнение которого становится потребностью». С физиологической точки зрения, приобретение привычки сопровождается образованием в мозговых структурах устойчивых нервных связей, отличающихся повышенной готовностью к функционированию. Система устойчивых нервных связей составляет основу динамических стереотипов, обеспечивающих привычный образ действия. Их основная функция – вызывать эмоционально положительные состояния в период реализации привычки или, наоборот, отрицательные переживания в условиях, мешающих ее осуществлению. Поэтому со временем привычки, наносящие вред здоровью, начинают восприниматься как необходимые и даже приятные. Именно подобные негативные привычки, по мнению ученых-психологов, формируют аддитивное поведение[2].

Таким образом, в современной науке зависимое поведение изучается как деструктивное, поскольку основной акцент делается на злоупотреблении различными веществами с целью изменения психического состояния. Вместе с тем, зависимое поведение исключает формирование устойчивой физической зависимости. Достигается это посредством естественного свойства психики автоматически закреплять динамические стереотипы и привычные формы поведения. Поэтому для преодоления зависимого поведения используются психотерапевтические приемы и воспитательные мероприятия, учитывающие личностные и социальные причины его появления. Эти технологии разрабатываются с учетом низкой степени переносимости индивидами психологически дискомфортных состояний и нарушений межличностной коммуникации в виде нарастания социальной изоляции.

Элементы аддиктивного поведения свойственны любому человеку, уходящему от реальности путем изменения своего психического состояния. Проблема аддикции начинается тогда, когда стремление ухода от реальности, связанное с изменением психического состояния, начинает доминировать в сознании, становясь центральной идеей, вторгающейся в жизнь, приводя к отрыву от реальности. Зависимому поведению свойственны следующие признаки:

- синдром измененной восприимчивости организма к действию данного раздражителя (защитные реакции, устойчивость к нему, форма потребления);
- синдром психической зависимости (навязчивое влечение, психический комфорт в период потребления, будь то наркотик, алкоголь или игровой аппарат);
- синдром физической зависимости (компульсивное влечение, потеря контроля над дозой, абстинентный синдром, физический комфорт в интоксикации)[3].

Последний из приведенных признаков более выражен у людей, страдающих зависимостью от каких-либо химических веществ, но в меньшей степени он также может иметь место и у людей с нехимическими зависимостями. В любом случае эти три синдрома отличают человека, страдающего болезнью зависимости, от здорового.

Этапы развития зависимого поведения:

1-й этап. Появляется «точка кристаллизации» в связи с переживанием интенсивной положительной эмоции (или устранением отрицательной) при определенном действии. Возникает понимание, что существует вещество или способ, вид активности, с помощью которого можно сравнительно легко изменить свое психическое состояние.

2-й этап. Устанавливается зависимый ритм, который выражается в определенной последовательности обращения к средствам зависимости.

3-й этап. Формируется зависимость как составляющая часть личности. В этот период к предмету зависимости прибегают лишь в связи с жизненными затруднениями. Существует внутренняя борьба между естественным и зависимым стилями жизни. Постепенно зависимый стиль вытесняет естественный и становится частью личности, методом выбора при встрече с реальными требованиями жизни; в этом периоде в ситуациях повышенного контроля, особой ответственности возможен контроль над своим пристрастием.

4-й этап. Период полного доминирования зависимого поведения, которое полностью определяет стиль жизни, отношения с окружающими; человек погружается в зависимость, отчуждается от общества.

Зависимое поведение признается многофакторным явлением. Современное состояние науки позволяет говорить о следующих условиях и причинах (факторах) аддиктивного поведения[4].

Как правило, ведущая роль в происхождении аддиктивного поведения приписывается семье. В ходе многочисленных исследований была выявлена связь между поведением родителей и последующим зависимым поведением детей. Работы А.Фрейд, Д.Винникота, М.Балинта, М.Кляйн, Б.Спока, М. Маллер, Р.Спица убедительно свидетельствуют о том, что развитию ребенка вредит неспособность матери понимать и удовлетворять его базовые потребности.

Семья играет существенную роль не только в происхождении, но и в поддержании зависимого поведения (проблема созависимости). Родственники сами могут иметь различные психологические проблемы, в силу чего они нередко провоцируют «срыв» аддикта, хотя и реально страдают от него. В случае же длительного сохранения аддиктивного поведения у кого-либо из членов семьи у родственников аддикта, в свою очередь, могут появляться серьезные проблемы и развивается состояние созависимости. Имеются в виду негативные изменения в личности и поведении родственников вследствие зависимого поведения кого-либо из членов семьи.

В рамках индивидуальных различий прежде всего следует отметить половую избирательность зависимого поведения. Например, пищевая аддикция более характерна для женщин, в то время как гемблинг чаще встречается у представителей мужского пола. В ряде случаев можно говорить также о действии возрастного фактора. Так, если наркоманией страдают преимущественно лица от 14 до 25 лет, то алкоголизм в целом характерен для старшего возраста.

Психофизиологические особенности человека определяют индивидуальное своеобразие аддиктивного поведения. Они могут существенно влиять на выбор объекта зависимости, на темпы ее формирования, степени выраженности и возможность преодоления.

Выделяются следующие психологические особенности лиц с аддиктивными формами поведения: сниженная переносимость трудностей повседневной жизни, наряду с хорошей переносимостью кризисных ситуаций; скрытый комплекс неполноценности, сочетающийся с внешне проявляемым превосходством; внешняя социабельность, сочетающаяся со страхом перед стойкими эмоциональными контактами; стремление говорить неправду; стремление обвинять других, зная, что они невиновны; стремление уходить от ответственности в принятии решений; стереотипность, повторяемость поведения; зависимость; тревожность[5].

Говоря о факторах зависимого поведения, следует еще раз подчеркнуть, что в его основе лежат естественные потребности человека. Склонность к зависимости в целом является универсальной особенностью человека. При определенных условиях, однако, некоторые нейтральные объекты превращаются в жизненно важные для личности, а потребность в них усиливается до неконтролируемой.

